ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Пайдалану

Техникалық қызмет көрсету

Техникалық сипаттамалар

Осы Пайдалану нұсқаулығындағы бүкіл ақпарат жарияланған кезінде жарамды. HYUNDAI компаниясы үнемі күші бар өнімді модернизациялау бағдарламасының шеңберінде кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзінде сақтап қалады.

Бұл нұсқаулық осы автокөліктің барлық модельдеріне қатысты және қосымша әрі стандартты жабдықтың сипаттамалары мен түсіндірмелерін қамтиды. Сондықтан бұл нұсқаулықта дәл сіздің автокөлігіңізге қатысты емес материалдарды табуға болады.

Кейбір модельдерде оң жақтағы рульмен басқару жүйесі (ОРЖ) бар екенін ескеріңіз. Кейбір операцияларға арналған осы нұсқаулықта келтірілген түсініктемелер мен иллюстрациялар қарама-қарсы бағыттағы ОРЖ модельдері үшін қарастырылуы керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! HYUNDAI АВТОКӨЛІГІҢІЗДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

HYUNDAI автокөлігін қандай да бір жолмен өзгертуге тыйым салынады. Мұндай өзгерістер HYUNDAI көлігінің қолданыс сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе сенімділігіне теріс әсер етуі мүмкін, сонымен қатар автокөліктің шектеулі кепілдік шарттарын бұзуы мүмкін. Кейбір өзгерістер сондай-ақ Көлік министрлігі және еліңіздегі өзге мемлекеттік мекемелер орнатқан ережелерге сәйкес келмеуі мүмкін.

ДУПЛЕКСТІ РАДИОБАЙЛАНЫС НЕМЕСЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ЖҮЙЕЛЕРІН ОРНАТУ

Автокөлігіңіз электрондық жанармай бүрку жүйесімен және басқа электрондық компоненттермен жабдықталған. Қабылдау-тарату радиостанциясын немесе ұялы телефонды дұрыс орнатпау/баптамау электрондық жүйелердің жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Осы себепті, егер сіз осы құрылғылардың бірін орнатуды шешсеңіз, радиостанция өндірушісінің нұсқауларын мұқият орындауды немесе сақтық шаралары немесе арнайы нұсқаулар туралы HYUNDAI ресми дилерімен кеңесуді ұсынамыз.

ЕСКЕРТУ! (БАР БОЛСА)

Автокөлік апаттық-құтқару қызметтерімен байланысатын ЭРА-ГЛОНАСС шұғыл шақыру жүйесінің құрылғысымен жабдықталған. Осы жүйенің, автокөлік жүйелерінің және оның құрамдас бөліктерінің жұмысына кез келген жеке немесе рұқсатсыз араласу, автокөлік өндірушісі ұсынбаған жабдықты орнату және/ немесе HYUNDAI рұқсат етілмеген дилерлік орталықтарында орнату ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің (құрылғының) дұрыс жұмыс істемеуіне, қате шақыруларды жүзеге асыруға, апат немесе жол-көлік оқиғасы орын алып, шұғыл көмек көрсету қажет болған кезде құрылғының (автокөлікте) ақауына әкелуі мүмкін.

Бұл қауіпті және сіздің өміріңізге қауіп төндіреді!

АВТОКӨЛІКТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТӨНЕТІН ҚАУІП ПЕН ЗАҚЫМДАНУ ҚАУПІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ АҚПАРАТЫ

Бұл нұсқаулықта ҚАУІПТІ, ЕСКЕРТУ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ және Ескертпе белгілері бар ақпарат бар.

Бұл белгілер мынаны білдіреді.

⚠ ҚАУІПТІ

ҚАУІПТІ — құтыла алмаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдай.

⚠ ЕСКЕРТУ

ЕСКЕРТУ — құтыла алмаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ — құтыла алмаған жағдайда жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

Ескертпе

Ескертпе — құтыла алмаған жағдайда көлік құралының зақымдалуына себеп бола алатын жағдай.

Мазмұны

Кіріспе	1
Автокөлік туралы ақпарат	2
Қауіпсіздік жүйесі	3
Аспаптар панелі	4
Жайлылықты қамтамасыз ету функциялары	5
Автокөлікті жүргізу	6
Жүргізушінің көмекші жүйесі	7
Төтенше жағдайлар	8
Техникалық қызмет көрсету	9
Пәндік көрсеткіш	I

1. Кіріспе

1

Кіріспе 1-2
HYUNDAI Motor Company 1-2
Бұл нұсқаулықты қалай пайдалануға болады 1-3
Қауіпсіздік шараларын сақтау туралы хабарламалар 1-4
Жанармайға қатысты талап 1-5
Бензиндік қозғалтқыш 1-5
Дизель қозғалтқыш 1-8
Автокөлікке өзгерістер енгізу 1-9
Автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулар 1-10
Автокөлікті сынап жүргізу 1-10
Қолданылған автокөліктерді қайтару (Еуропа үшін) 1-11
Автокөлік туралы деректерді жинау және оқиғалар туралы деректерді тіркегіш 1-11

Кіріспе

Көлігіңіз құтты блсын және HYUNDAI көлігін таңдағаныңызға алғыс білдіреміз. Саны күн сайын артып келе жатқан HYUNDAI автокөліктерін жүргізушілерінің қатарына қосылғаныңызға қуаныштымыз. Біз HYUNDAI автокөліктерінің жоғары техникалық деңгейі мен сапасын мақтан тұтамыз.

Пайдалану нұсқаулығы сізді жаңа HYUNDAI автокөлігінің ерекше құрылымымен және пайдалану ерекшеліктерімен таныстырады. Жаңа HYUNDAI автокөлігімен танысу және оның барлық артықшылығын пайдалану үшін рульге отырар алдында осы нұсқаулықты мұқият қарап шығыңыз.

Бұл нұсқаулықта автокөлікті басқару органдарымен және автокөлікті қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету функцияларымен танысуға мүмкіндік беретін қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат пен нұсқаулар бар.

Бұл нұсқаулықта автокөліктің қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік беретін техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат бар. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу үшін HYUNDAI ресми дилерінде жүгінуге кеңес береміз. HYUNDAI ресми дилерінің қызметкерлері жоғары сапалы қызмет көрсету, техникалық қызмет көрсету және қажет болуы мүмкін кез келген басқа көмек көрсету бойынша дайындықтан өтеді.

Бұл пайдалану нұсқаулығы сіздің автокөлігіңіздің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Кез келген уақытта пайдалану үшін оны автокөлікте сақтау керек. Автокөлікті сатқан жағдайда жаңа көлік иесі пайдалану, қауіпсіздік және техникалық қызмет көрсету туралы маңызды ақпаратпен танысуы үшін нұсқаулық сол көлікте қалуы керек.

HYUNDAI Motor Company

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сапасы нашар, HYUNDAI компаниясының талаптарына сәйкес келмейтін отын мен майлау материалдарын қолдану қозғалтқыш пен трансмиссияның ауыр зақымдануына әкелуі мүмкін. Сіз әрқашан Пайдалану нұсқаулығының « Ұсынылған майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат» бөлімінде көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін жоғары сапалы жанармай және майлау материалдарын пайдалануыңыз керек.

Copyright 2024 HYUNDAI Motor Company. Барлық құқық қорғалған. Осы құжаттың еш бөлігін кез келген түрде және кез келген әдіспен HYUNDAI Motor Company компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жаңғыртуға, қандай да бір ақпараттық-іздеу жүйесіне орналастыруға немесе байланыс каналдарымен табыстауға тыйым салынады.

Бұл нұсқаулықты қалай пайдалануға болады

Сізге көлікті жүргізу барынша көңіліңізден шығуы үшін сізге көмектескіміз келеді. Осыған байланысты нақты пайдалану нұсқаулығы сізге көп жағынан пайдалы болуы мүмкін. Нұсқаулықты толығымен оқып шығуға кеңес береміз. Өлім немесе жарақат алу мүмкіндігін азайту үшін «АБАЙЛАҢЫЗ» және «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» деген тақырыптардағы тармақтарын оқып шығу керек.

Иллюстрациялар берілген көлікті қалай тиімді пайдалану керек екенін жақсы түсіндіру үшін мәтіндік сипаттамаларды толықтырады. Осы нұсқаулықты оқығаннан кейін сіз автокөліктің сипаттамалық ерекшеліктерімен, қауіпсіздік туралы маңызды мәліметтермен және оны әртүрлі жол жағдайларында пайдалану бойынша кеңестермен танысасыз.

Нұсқаулықтың жалпы құрылымы мазмұнында берілген. Белгілі бір бөлімдерді іздеу үшін пәндік көрсеткішті пайдаланыңыз — онда нұсқаулықтағы барлық ақпарат әліпби ретімен берілген.

Тараулар: нұсқаулық тоғыз тараудан және әліпбилік көрсеткіштен тұрады. Әр тарау қысқаша мазмұннан басталады, оған сәйкес онда қажетті ақпараттың бар-жоғын бірден түсінуге болады.

Қауіпсіздік шараларын сақтау туралы хабарламалар

Сіздің және басқа адамдардың қауіпсіздігі өте маңызды. Бұл пайдалану нұсқаулығында көптеген сақтық шаралары мен жұмыс процедуралары бар. Бұл ақпарат сізге немесе басқаларға зиян келтіруі мүмкін ықтимал қауіптер туралы, сондай-ақ автокөлігіңіздің зақымдануы туралы ескертеді.

Көлік құралындағы және осы нұсқаулықтағы ескертпе хабарлар осы қауіптерді, және де тәуекелдерді азайту үшін сақтық шараларын түсіндіреді.

Осы нұсқаулықтағы ескертулер мен нұсқаулар сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуге арналған. Қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер мен нұсқауларды орындамау ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Осы нұсқаулықта «ҚАУІПТІ», «ЕСКЕРТУ», «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» және «ҚҰЛАҚ САЛЫҢЫЗ» белгілері, сондай-ақ ҚАУІП БЕЛГІСІ қолданылады.



Бұл жарақат алу қаупі туралы хабарлау үшін қолданылатын қауіп белгісі. Ықтимал жарақаттарды не өлімді болдырмау үшін осы белгімен бірге көрсетілетін барлық ескертуші хабарды орындаңыз. Қауіптілік белгісі «ҚАУІПТІ», «АБАЙЛАҢЫЗ» және «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» деген белгілердің алдына қойылады.

⚠ ҚАУІПТІ

ҚАУІПТІ — құтыла алмаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдай.

⚠ ЕСКЕРТУ

АБАЙЛАҢЫЗ — алдын алу мүмкін болмаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ — құтыла алмаған жағдайда жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

Ескертпе

ҚҰЛАҚ САЛЫҢЫЗ — алдын алу мүмкін болмаған жағдайда көлік құралының зақымдалуына себеп бола алатын жағдай.

Жанармайға қатысты талап

Бензиндік қозғалтқыш

Этилдендірілмеген бензин

Европа үшін

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамалары үшін RON октан саны (зерттеу әдісі бойынша октан саны) 95 немесе AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 91 немесе одан жоғары этилдендірілмеген бензинді қолданған жөн. Октан саны 91-94 немесе AKI көрсеткіші 87-90 RON этилдендірілмеген бензинді қолдануға болады, бірақ бұл автокөліктің жұмыс сипаттамаларының аздап төмендеуіне әкелуі мүмкін. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз.)

Европадан басқа

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамалары үшін RON октан саны (зерттеу әдісі бойынша) 91/ AKI антидетонациялық көрсеткіші 87 немесе одан жоғары этилдендірілмеген бензинді қолданған жөн. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз.)

Автокөлік ЭТИЛДЕНДІРІЛМЕГЕН БЕНЗИНДІ қолданған кезде максималды пайдалану сипаттамаларына қол жеткізуге болатындай жасалған, бұл сондай-ақ зиянды заттардың сыртқа шығуын және оталдыру білтелерінің ластануын азайтуға әкеледі.

Ескертпе

ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЭТИЛДЕНДІРІЛГЕН ЖАНАРМАЙДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

Этилдендірілген жанармайды пайдалану каталиттік бейтараптандырғыштың қызмет ету мерзімін қысқартады және қозғалтқышты басқару жүйесінің оттегі датчигіне зақым келтіреді, бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын бақылау жүйесінің жұмысына теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, қатты тозу, поршеньдік сақинада, клапанда және т.б. жарықтар пайда болып, қозғалтқыш тарсылдауы мүмкін.

Жанармай жүйесін тазалау үшін жанармайға автокөлік өндірушісі ұсынғаннан басқа қоспаларды еш уақытта қоспаңыз. (Қосымша ақпаратты рұқсаты бар HYUNDAI дилерінен алыңыз)

⚠ ЕСКЕРТУ

- Көлікке жанармай құйған кезде құю пистолеті автоматты түрде өшкеннен кейін, жанармайды бактың жанармай құю ауызының жоғарғы жиегіне дейін қосымша құймаңыз.
- Жанармай құйып болған соң апат жағдайында жанармайдың төгілуіне жол бермес үшін тығынның дұрыс орнатылғанын тексеру керек.

Этил және метил спирті бар бензин

Бензоспирт, бензин мен этил спиртінен тұратын (тағамдық спирт атауымен де танымал) қоспа және бензин не метил спирті бар бензоспирт (ағаш спирт атауымен де танымал) нарықта этилдендірілген және этилдендірілмеген бензинмен бірге немесе олардың орнына сатылады.

Құрамындағы этанол 10 %-дан асатын бензоспиртті және құрамында метанолдың қандай да бір үлесі бар безин мен бензоспиртті қолдануға болмайды. Осы типтегі жанармай автокөлікті жүргізу кезінде қиындықтар тудыруы мүмкін және жанармай жүйесіне, қозғалтқышты басқару жүйесіне және пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесіне зақым келтіруі мүмкін.

Автокөлікті жүргізу кезінде қиындықтар туындаған кезде бензоспирттің кез келген түрін қолдануды тоқтатыңыз.

Көрсетілген жанармай түрлерін қолданғандықтан автокөліктің зақымдануы немесе оны басқарған кездегі проблемаларға өндірушінің кепілдігі жарамауы мүмкін.

1. Құрамындағы этил спирті 10 %-дан асатын бензоспирт.
2. Құрамында метил спирті бар бензин немесе бензоспирт.
3. Этилдендірілген жанармай немесе этилдендірілген бензин.

Ескертпе

Ешқандай жағдайда құрамында метанол бар бензоспиртті қолданбаңыз. Басқаруды нашарлататын кез келген бензоспирт өнімін пайдалануды тоқтатыңыз.

Жанармай қоспаларын қолдану

Мыналар сияқты жанармай қоспаларын қолдану:

- Жанармайға арналған силикон қоспа.
- Құрамында марганец бар қоспа (ММТ, Mn).
- Құрамында ферроцен (темір негізінде) бар қоспа.
- Металл негізіндегі өзге қоспалар.

цилиндрде жалын өткізуге, жылдамдықтың нашар үдеуіне, қозғалтқыштың тоқтап қалуына, қозғалтқыштың бітелуіне, қатты тарсылға, каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдалуына, аса жемірілуге әкелуі, сондай-ақ қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін, бұл қуатты агрегаттың қызмет ету мерзімінің қысқаруына себеп болуы мүмкін. Ақау индикаторы қосылуы мүмкін.

Ескертпе

Жанармайның осы түрлерін пайдаланудан болған жанармай жүйесінің зақымдануы және жүріс сипаттамаларындағы проблемалар жаңа көлік құралына берілетін Шектеулі кепілдігіңізге қосылмауы мүмкін.

Метил-трет-бутил эфирін (МТБЭ) қолдану

Бұл автокөлікке құрамындағы метилтербутилэфирдің (MTBE) көлемдік үлесі 15,0 % (оттегінің салмақтық үлесі — 2,7 %) асатын жанармайды қолданбаған жөн.

Құрамындағы метил-трет-бутил эфирдің (МТБЭ) көлемдік үлесі 15,0 % (оттегінің салмақтық үлесі — 2,7 %) асатын жанармайды пайдалану автокөліктің пайдалану сипаттамаларының нашарлауына және булық кептелістің түзілуіне немесе оталдыру кезіндегі проблемаларға әкелуі мүмкін.

Ескертпе

Жаңа автокөлікке берілетін өндірушінің шектеулі кепілдігі құрамындағы метилтербутилэфирдің (MTBE) көлемдік үлесі 15,0 % (оттегінің салмақтық үлесі — 2,7 %) асатын жанармай түрлерін қолдану нәтижесінде орын алған жанармай жүйесінің зақымдануына және пайдалану сипаттамаларының нашарлауына қолданылмауы мүмкін.

Метанолды қолданбаңыз

Осы автокөлікке отын құю үшін құрамында метанол (ағаш спирті) бар отын түрлерін қолданбаған жөн. Жанармайдың мұндай түрлері автокөліктің жұмыс сипаттамаларын төмендетіп, жанармай жүйесі компоненттерінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесінің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Отанға арналған қоспалар

HYUNDAI компаниясы RON октан саны (зерттеу әдісі бойынша бензиннің октан саны) 95 / AKI (детонацияға қарсы көрсеткіш) 91 немесе одан жоғары (Еуропа үшін) немесе RON октан саны (зерттеу әдісі бойынша бензиннің октан саны) 91 / AKI (детонацияға қарсы көрсеткіш) 87 немесе одан жоғары (Еуропадан басқа) этилдендірілмеген бензинді қолдануға кеңес береді.

Жоғары сапалы емес бензинді пайдаланатын және қозғалтқышты іске қосқанда немесе қозғалтқыштың жұмысында проблемалармен кездесетін тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жанармай бағына бір бөтелке қоспаны қосқан жөн (9-тарау «Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропа үшін)» қараңыз).

Қоспаларды ресми HYUNDAI дилерінен сатып алуға болады. Сонымен қатар оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Қоспалардың басқа түрлерін қолданбаңыз.

Автокөлікті шетелде пайдалану

Өзге елге барғанда осы автокөлікке қатысты келесіні қамтамасыз ету қажет.

- Тіркеу мен сақтандыруға қатысты барлық талапты орындау.
- Қажетті сападағы жанармайдың сатылымда бар-жоғын анықтау.

Дизель қозғалтқыш

Дизель жанармайы

Дизель қозғалтқыштар тек EN 590 немесе соған ұқсас стандарттарға сәйкес келетін нарықтағы дизель жанармайымен жұмыс істеуі керек. (EN қысқаруы «Европалық норма» дегенді білдіреді). Кеме дизель жанармайын, коммуналдық-тұрмыстық жанармайды немесе ұсынылмаған жанармай қоспаларын пайдаланбау керек, себебі бұл ретте қозғалтқыш пен жанармай жүйесінің тозу қаупі артып, олар зақымдануы мүмкін.

Ұсынылмаған жанармай маркаларын және/немесе жанармай қоспаларын пайдалану кепілдік құқықтарының шектелуіне әкеледі.

Автокөлік цетан саны 51-ден жоғары дизель жанармаймен жұмыс істейді. Егер дизель жанармайының екі түрі болса, төмендегі температура жағдайларын ескере отырып, сәйкесінше жазғы немесе қысқы жанармайды пайдаланыңыз.

- –5 °C (23 °F) жоғары – жазғы дизель жанармайын.
- –5 °C (23 °F) төмен – қысқы дизель жанармайын.

Бактағы жанармай деңгейін мұқият қадағалаңыз: Егер қозғалтқыш жанармайының жетіспеушілігінен тоқтап қалса, қайта іске қосу үшін магистральді толық тазалау қажет болады.

Ескертпе

Бензиннің немесе судың бакқа түсуіне жол бермеңіз. Егер бензин немесе су түссе, инжекторлық сорғы кептеліп қалмауы үшін және қозғалтқышқа зақым келтірмеу үшін бакты босатыңыз, сондай-ақ жанармай желілерінен суды немесе бензинді төгіп тастаңыз.

Ескертпе

Дизель жанармайы (дизельдік күйе сүзгісі жүйесі болған кезде)

Дизельді күйе сүзгісі жүйесімен (DPF) жабдықталған дизель қозғалтқышы бар автокөліктер үшін стандарттарға сәйкес келетін автокөлік дизель жанармайын пайдалану ұсынылады. Егер құрамында күкірт мөлшері жоғары дизель жанармайы (50 бөл/млн астам) және техникалық шарттарға сәйкес келмейтін қоспалар қолданылса, дизельді күйе сүзгісі жүйесіне зақым келуі және ақ түтін шығуы мүмкін.

Биодизель

Автокөлікте құрамындағы биодизель жанармайы 7 %-дан аспайтын дизель қоспалары (B7 дизель жанармайы) пайдаланылуы мүмкін (егер ол EN 14214 еуропалық стандартына немесе баламалы спецификацияларға сәйкес келсе). (EN қысқаруы «Еуропалық норма» дегенді білдіреді). Рапс майының метил эфирінен (RME), май қышқылының метил эфирінен (FAME), өсімдік майының метил эфирінен (VME) және т.б. жасалған құрамындағы биодизель жанармайы 7%-дан асатын қоспаларды пайдалану немесе мұндай қоспаларды биодизельмен біріктіру қозғалтқыш пен жанармай жүйесінің тозуына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін. Бекітілмеген жанармай маркаларын пайдалану нәтижесінде тозған немесе бүлінген компоненттерді жөндеуге және ауыстыруға дайындаушының кепілдігі қолданылмайды.

Ескертпе

- жанармай өнеркәсібінде қолданылатын ең соңғы талаптарға сәйкес келмейтін жанармайды пайдалануға тыйым салынады.
- Ешқашан автокөлік өндірушісі ұсынбаған немесе мақұлдамаған жанармай қоспаларын немесе тазартқыш қоспаларды қолданбаңыз.

Автокөлікке өзгерістер енгізу

- • Бұл автокөлікті өзгертуге болмайды. Автокөлікке өзгерістер енгізу оның техникалық сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін, тіпті мемлекеттік қауіпсіздік пен атмосфералық шығарындыларды реттеу ережелерін бұзуы мүмкін.

  Оған қоса, құрылымның қандай да бір өзгерісіне байланысты сипаттамалардың бұзылуына немесе төмендеуіне кепілдікті міндеттемелер қолданбайды.
- Рұқсат етілмеген электронды құрылғыларды пайдалану автокөліктің дұрыс жұмыс істемеуіне, электр сымдарының зақымдалуына, аккумулятор қуатының таусылуына және өртке әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында қолдануға рұқсат етілмеген электрондық құрылғыларды пайдаланбаған жөн.

Ескертпе

Кейбір ескертуші дыбыс сигналдары (соның ішінде сәлемдесу/қоштасу сигналдары, жолдың әсерінен автокөліктің қозғалысы кезінде белсенді шуды бақылау және т.б.) сыртқы күшейткіштер арқылы жасалады. Ауыстыру қажет болса, сыртқы күшейткіштер үшін HYUNDAI қосалқы бөлшектерін сатып алған жөн. Ұсынылмаған бөлшектерді пайдалану сыртқы күшейткіштердің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

Автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулар

Бұл көлікті дұрыс жүргізбеген жағдайда оны басқара алмай, апат орын алып, көлік аударылуы мүмкін.

Автокөлік құрылымының ерекше сипаттамалары (жол саңылауының жоғарылауы, кең жолтабан және т.б.) басқа көлік түрлерімен салыстырғанда ауырлық орталығының жоғарылауын қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, ол кәдімгі бір осьті жетегі бар автокөліктер сияқты бірдей жылдамдықта бұрылыстар жасауға арналмаған. Шұғыл бұрылыс пен күрт маневр жасамаңыз. Бұл көлікті дұрыс жүргізбеген жағдайда оны басқара алмай, апат орын алып, көлік аударылуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың 6-тарауында берілген «Аударылу қаупін азайту» нұсқауларымен танысып шығыңыз.

Автокөлікті сынап жүргізу

Жүрістің алғашқы 1000 км (600 миль) ішінде бірнеше қарапайым сақтық шарасын ұстану пайдалану сипаттамаларына, автокөліктің үнемділігі мен қызмет ету мерзіміне оң әсер етуі мүмкін.

- Қозғалтқышты аса жоғары айналымдарда істетпеңіз.
- Қозғалыс кезінде жылдамдықты күрт үдетпеңіз.
- Бір жылдамдықпен (жоғары не төмен) ұзақ уақыт бойы қозғалуға болмайды. Иінді біліктің айналу жиілігінің өзгеруі дұрыс жүргізіп бейімдеуге қажет.
- Төтенше жағдайлардан басқа кездерде, тежегіш қалыбымен дұрыс байланысты қамтамасыз ету мақсатында кенет тежеуге болмайды.
- Жанармай шығыны мен қозғалтқыштың қозғалыс сипаттамалары автокөлікті сынап жүргізу процесіне байланысты және 6000 км (4000 миль) жол жүріп өткеннен кейін тұрақтандырылады. Сынап жүргізу кезеңінде жаңа қозғалтқыштағы май шығыны артуы мүмкін.
- Алғашқы 2000 км (1200 миль) жол жүрген кезде тіркемені сүйреуге тыйым салынады.

Қолданылған автокөліктерді қайтару (Еуропа үшін)

HYUNDAI ресурсы өңделген автокөліктерді экологиялық тұрғыда қауіпсіз кәдеге жаратуды қолдайды және тиісті HYUNDAI автокөлігін көлік құралын пайдаланудың ақырғы мерзімі туралы Еуропалық Одақ (ЕО) Директивасына сәйкес қайтаруды ұсынады.

Толық ақпаратты жергілікті HYUNDAI веб-сайтынан алуға болады.

Автокөлік туралы деректерді жинау және оқиғалар туралы деректерді тіркегіш

Бұл автокөлік оқиғалар туралы деректерді тіркегішпен жабдықталған. Бұл тіркегіштің негізгі мақсаты – соқтығысудың белгілі бір жағдайларында немесе қауіпсіздік жастығының іске қосылуы немесе жолдағы кедергіге соғылу сияқты ұқсас ақпаратты жазу. Бұл деректер автокөлік жүйелерінің қалай жұмыс істегенін түсінуге көмектеседі. Тіркегіш қысқа уақыт ішінде, әдетте 30 немесе одан аз секунд ішінде автокөліктің динамикасы мен қауіпсіздік жүйелерінің жұмысы туралы деректерді жазуға арналған.

Бұл тіркегіш келесі деректерді жазады:

- Көлігіңіздің әртүрлі жүйелерінің жұмысы
- Жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздік белбеулерін таққан-тақпағаны
- Жүргізушінің акселератор және/немесе тежегіш педалін қаншалықты қатты басқаны.
- Көліктің жылдамдығының қандай болғанын

Бұл деректер апаттар мен жарақаттар орын алатын жағдайларды жақсырақ түсінуге көмектеседі.

i Ақпарат


Тіркегіш деректері стандартты емес соқтығысу жағдайында ғана жазылады. Тіркегіш қалыпты қозғалыс жағдайында деректерді жазбайды және ешқандай жеке деректер (мысалы, аты, жынысы, жасы және апат орны) жазылмайды. Алайда, үшінші тараптар, мысалы, құқық қорғау органдары, апаттың мән-жайларын тергеу барысында тіркегіштің деректерін жеке сәйкестендіру деректерімен салыстыра алады.

Тіркегіш деректерін оқу үшін арнайы жабдық және көлікке немесе тіркегішке қол жеткізу мүмкіндігі болу керек. Автокөлік өндірушісінен басқа, арнайы жабдықтары бар құқық қорғау органдары сияқты үшінші тараптар көлікке немесе тіркегішке қол жеткізу мүмкіндігі болған кезде ақпаратты оқи алады.

2. Автокөлік туралы ақпарат

Экстерьерге шолу (алдынан көрінісі) 2-2
Экстерьерге шолу (артынан көрінісі) 2-3
Салонға шолу (рулі сол жақта орналасқан) 2-4
Салонға шолу (рулі оң жақта орналасқан) 2-5
Орталық консольге шолу (рулі сол жақта орналасқан) 2-6
Орталық консольге шолу (рулі оң жақта орналасқан) 2-10
Рульдегі басқару элементтеріне шолу 2-14
Мотор бөлімі 2-15
Габариттік өлшемдер 2-19
Қозғалтқыш 2-19
Шамның қуаты 2-20
Шиналар және дөңгелектер 2-21
Жүк көтергіштік индекстері және шиналар жылдамдығының индекстері (Еуропа үшін) 2-22
Кондиционер жүйесі 2-22
Автокөліктің толық массасы 2-23
Жүксалғыш көлемі 2-25
Рұқсат етілген майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат 2-26
Ұсынылған SAE тұтқырлық коэффициенті 2-29
Автокөліктің сериялық нөмірі (VIN) 2-31
Автокөліктің сертификациялық тақтасы 2-31
Шинаның сипаттамалары мен қысымы бар тақта 2-31
Қозғалтқыш нөмірі 2-32
Кондиционер компрессорының тақтасы 2-32
Суық агент тақтасы 2-33
Сәйкестік декларациясы 2-33
Жанармай туралы ақпарат бар заттаңба 2-34
Бензиндік қозғалтқыш 2-34
Дизель қозғалтқыш 2-36
Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал туралы хабарлама 2-37


Экстерьерге шолу (алдынан көрінісі)



Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Капот 5-53
(2) Алдыңғы фаралар 9-89
(3) Шиналар және дөңгелектер 9-60
(4) Сыртқы артқы көрініс айнасы 5-39
(5) Төбедегі панорамалық люк 5-48
(6) Алдыңғы әйнек тазартқышының щеткалары 9-53
(7) Терезелер 5-42
(8) Алдыңғы радар 7-19
(9) Төбедегі жүксалғыш 5-142


Экстерьерге шолу (артынан көрінісі)



Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Есік 5-19
(2) Жанармай багы аузының қақпағы 5-64
(3) Артқы құрама шам 9-95
(4) Жүксалғыш есігі 5-54, 5-61
(5) Қосымша үстіңгі стоп-сигнал 9-98
(6) Артқы әйнек тазартқышының щеткалары 9-53
(7) Антенна 5-143
(8) Кең бұрышты сыртқы артқы көрініс камерасы 7-102


Салонға шолу (рулі сол жақта орналасқан)



Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Есіктің ішкі тұтқасы 5-20
(2) Сыртқы артқы көрініс айналарының реттегіші 5-40
(3) Сыртқы артқы көрініс айнасын жинау ауыстырып қосқышы 5-40
(5) Орталық құлыпты бұғаттау ауыстырып қосқышы 5-20
(5) Әйнеккөтергіштер ауыстырып қосқыштары 5-42
(6) Әйнеккөтергішті бұғаттау түймесі 5-46
(7) Фаралардың еңкею бұрышын реттеу құрылғысы 5-77
(8) Электр тұрақ тежегіші (EPB) 6-64
(9) Электржетегі бар жүксалғыш есігінің түймесі 5-54
(10) ESC жүйесін өшіру түймесі 6-75
(11) Рульді шығындысы және еңкею бұрышы бойынша баптау тұтқасы 5-34
(12) Руль 5-33
(13) Орындық 3-4
(14) Сақтандырғыштар блогы 9-71
(15) Капотты ашу иінтірегі 5-53
(16) Саусақ ізі бойынша аутентификация жүйесі 5-16
(17) Кірістірілген жад жүйесі 5-30

Салонға шолу (рулі оң жақта орналасқан)




Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Есіктің ішкі тұтқасы 5-20
(2) Сыртқы артқы көрініс айналарының реттегіші 5-40
(3) Сыртқы артқы көрініс айнасын жинау ауыстырып қосқышы 5-40
(5) Орталық құлыпты бұғаттау ауыстырып қосқышы 5-20
(5) Әйнекөтергіштер ауыстырып қосқыштары 5-42
(6) Әйнекөтергішті бұғаттау түймесі 5-46
(7) Фаралардың еңкею бұрышын реттеу құрылғысы 5-77
(8) Электр тұрақ тежегіші (EPB) 6-64
(9) Электржетегі бар жүксалғыш есігінің түймесі 5-54
(10) ESC жүйесін өшіру түймесі 6-75
(11) Рульді шығындысы және еңкею бұрышы бойынша баптау тұтқасы 5-34
(12) Руль 5-33
(13) Орындық 3-4
(14) Сақтандырғыштар блогы 9-71
(15) Капотты ашу иінтірегі 5-53
(16) Саусақ ізі бойынша аутентификация жүйесі 5-16
(17) Кірістірілген жад жүйесі 5-30

Орталық консольге шолу (рулі сол жақта орналасқан)

А типі




Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Аспаптар панелі 4-2
(2) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(3) «Engine Start/Stop» түймесі 6-12
(4) Апаттық сигнал беру жүйесін ауыстырып қосқыш 8-3
(5) Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-145
(6) Орталық консольдегі сақтау бөлімі 5-130
(7) Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы 6-32, 6-49
(8) 4WD LOCK түймесі 6-87
(9) DRIVE MODE жүргізу режимінің түймесі 6-106, 6-109
(10) Auto Hold түймесі 6-69

(11) ISG өшіру түймесі (бос жүрістегі стоп-старт) 6-98
(12) DBC түймесі 6-84
(13) «Тұрақ/Шолу» түймесі 7-103, 7-109
(14) Қауіпсіз тұрақ түймесі 7-128
(15) Алдыңғы жолаушы орындығының қалтасы 5-131
(16) Сымсыз зарядтау жүйесінің панелі 5-136
(17) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(18) Қолғап жәшігі 5-130
(19) USB зарядтау құрылғысы (артқы консоль) 5-135
(20) USB жұмыс режимін ауыстырып қосқыш 5-145
(21) USB зарядтағыш құрылғысы 5-135
(22) Розетка 5-134

В типі



Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Аспаптар панелі 4-2
(2) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(3) «Engine Start/Stop» түймесі 6-12
(4) Апаттық сигнал беру жүйесін ауыстырып қосқыш 8-3
(5) Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-145
(6) Орталық консольдегі сақтау бөлімі 5-130
(7) Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы 6-32, 6-49
(8) 4WD LOCK түймесі 6-87
(9) DRIVE MODE жүргізу режимінің түймесі 6-106, 6-109
(10) Auto Hold түймесі 6-69

(11) ISG өшіру түймесі (бос жүрістегі стоп-старт) 6-98
(12) DBC түймесі 6-84
(13) «Тұрақ/Шолу» түймесі 7-103, 7-109
(14) Қауіпсіз тұрақ түймесі 7-128
(15) Алдыңғы жолаушы орындығының қалтасы 5-131
(16) Сымсыз зарядтау жүйесінің панелі 5-136
(17) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(18) Қолғап жәшігі 5-130
(19) USB зарядтау құрылғысы (артқы консоль) 5-135
(20) USB жұмыс режимін ауыстырып қосқыш 5-145
(21) USB зарядтағыш құрылғысы 5-135
(22) Розетка 5-134
(23) EPB түймесі (электронды тұрақ тежегішінің) 6-64

Орталық консольге шолу (рулі оң жақта орналасқан)

А типі




Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Аспаптар панелі 4-2
(2) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(3) «Engine Start/Stop» түймесі 6-12
(4) Апаттық сигнал беру жүйесін ауыстырып қосқыш 8-3
(5) Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-145
(6) Орталық консольдегі сақтау бөлімі 5-130
(7) Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы 6-32, 6-49
(8) 4WD LOCK түймесі 6-87
(9) DRIVE MODE жүргізу режимінің түймесі 6-106, 6-109
(10) Auto Hold түймесі 6-69

(11) ISG өшіру түймесі (бос жүрістегі стоп-старт) 6-98
(12) DBC түймесі 6-84
(13) «Тұрақ/Шолу» түймесі 7-103, 7-109
(14) Қауіпсіз тұрақ түймесі 7-128
(15) Алдыңғы жолаушы орындығының қалтасы 5-131
(16) Сымсыз зарядтау жүйесінің панелі 5-136
(17) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(18) Қолғап жәшігі 5-130
(19) USB зарядтау құрылғысы (артқы консоль) 5-135
(20) USB жұмыс режимін ауыстырып қосқыш 5-145
(21) USB зарядтағыш құрылғысы 5-135
(22) Розетка 5-134

B типі




Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Аспаптар панелі 4-2
(2) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(3) «Engine Start/Stop» түймесі 6-12
(4) Апаттық сигнал беру жүйесін ауыстырып қосқыш 8-3
(5) Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-145
(6) Орталық консольдегі сақтау бөлімі 5-130
(7) Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы 6-32, 6-49
(8) 4WD LOCK түймесі 6-87
(9) DRIVE MODE жүргізу режимінің түймесі 6-106, 6-109
(10) Auto Hold түймесі 6-69

(11) ISG өшіру түймесі (бос жүрістегі стоп-старт) 6-98
(12) DBC түймесі 6-84
(13) «Тұрақ/Шолу» түймесі 7-103, 7-109
(14) Қауіпсіз тұрақ түймесі 7-128
(15) Алдыңғы жолаушы орындығының қалтасы 5-131
(16) Сымсыз зарядтау жүйесінің панелі 5-136
(17) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы 3-52
(18) Қолғап жәшігі 5-130
(19) USB зарядтау құрылғысы (артқы консоль) 5-135
(20) USB жұмыс режимін ауыстырып қосқыш 5-145
(21) USB зарядтағыш құрылғысы 5-135
(22) Розетка 5-134
(23) EPB түймесі (электронды тұрақ тежегішінің) 6-64

Рульдегі басқару элементтеріне шолу




Нақты түрі суреттен өзгешеленуі мүмкін.


(1) Жүргізу көмекшісінің түймесі 7-75, 7-79
(2) Аспаптар панелі дисплейін басқару 4-38
(3) Автокөліктер арасындағы қашықтықты басқару түймесі 7-79
(4) Жолақпен жүру көмекшісінің түймесі 7-97, 7-38
(5) Bluetooth® динамигінің түймесі 5-146
(6) Дауысты тану түймесі 5-147
(7) Руль астындағы ауыстырып қосқыш 6-40
(8) Жарық аспаптарын басқару тұтқасы 5-73
(9) Әйнектазартқыш пен әйнекжуғышты басқару тұтқасы 5-92
(10) Аудиожүйені қашықтан басқару түймелері 5-144

Мотор бөлімі

Smartstream G1.6 T-GDi (Сол жақтағы руль)



Smartstream G1.6 T-GDi (Оң жақтағы руль)




Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.


(1) Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы бар бак..... 9-42
(2) Ілісін*/тежегіштер сұйықтығының бағы..... 9-45
(3) Ауа тазартқыш..... 9-49
(4) Қозғалтқыштың май сүңгісі..... 9-38
(5) Мотор майын құю ауызының қақпағы..... 9-39
(6) Алдыңғы әйнекжуғыш бағы..... 9-49
(7) Сақтандырғыштар блогы..... 9-47
(8) Аккумулятор..... 9-55

*: бар болса

Smartstream G2.0 (сол жақтағы руль)



Smartstream G2.0 (оң жақтағы руль)




Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.


(1) Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы бар бак 9-42
(2) Ілісін*/тежегіштер сұйықтығының бағы 9-45
(3) Ауа тазартқыш 9-49
(4) Қозғалтқыштың май сүңгісі 9-38
(5) Мотор майын құю ауызының қақпағы 9-39
(6) Алдыңғы әйнекжуғыш бағы 9-49
(7) Сақтандырғыштар блогы 9-47
(8) Аккумулятор 9-55

*: бар болса

Smartstream G2.5 GDi (сол жақтағы руль)



Smartstream G2.5 GDi (оң жақтағы руль)




Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.


(1) Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы бар бак..... 9-42
(2) Ілісін*/тежегіштер сұйықтығының бағы..... 9-45
(3) Ауа тазартқыш..... 9-49
(4) Қозғалтқыштың май сүңгісі..... 9-38
(5) Мотор майын құю ауызының қақпағы..... 9-39
(6) Алдыңғы әйнекжуғыш бағы..... 9-49
(7) Сақтандырғыштар блогы..... 9-47
(8) Аккумулятор..... 9-55

*: бар болса

Smartstream D2.0 (сол жақтағы руль)



Smartstream D2.0 (оң жақтағы руль)



Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

(1) Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы бар бак 9-42
(2) Ілісін*/тежегіштер сұйықтығының бағы 9-45
(3) Ауа тазартқыш 9-49
(4) Қозғалтқыштың май сүңгісі 9-38
(5) Мотор майын құю ауызының қақпағы 9-39
(6) Алдыңғы әйнекжуғыш бағы 9-49
(7) Сақтандырғыштар блогы 9-47
(8) Аккумулятор 9-55

*: бар болса

Габариттік өлшемдер

Параметр	мм (дюйм)	
Жалпы ұзындығы	4640 (182,7)	
Жалпы ұзындығы (N line үшін)	4650 (181,3)	
Жалпы ені	1865 (73,42)	
Габариттік ұзындық	1665 (65,55)	
Жолтабан ені	Алдынан	Артынан
	17": 1620 (63,78)	17": 1627 (64,06)
	18": 1615 (63,58)	18": 1622 (63,85)
	19": 1615 (63,58)	19": 1622 (63,85)
Жолтабан ені (N line үшін)	Алдынан	Артынан
	19": 1615 (63,58)	19": 1622 (63,85)
Дөңгелек базасы	2755 (108,46)	

Қозғалтқыш

Қозғалтқыш	Жұмыс көлемі $см^3$ (текше дюйм)	Цилиндр диаметрі × поршеннің қадамы мм (дюйм)	Цилиндрлер жұмысының тәртібі	Цилиндрлер саны
Smartstream G1.6 T-GDi	1598 (97,43)	75,6 × 89 (2,97 × 3,50)	1-3-4-2	4. Қатарынан
Smartstream G2.0	1999 (121,89)	81 × 97 (3,18 × 3,81)	1-3-4-2	4. В ряд
Smartstream G2,5 GDi	2497 (152,25)	88,5 × 101,5 (3,48 × 3,99)	1-3-4-2	4. Қатарынан
Smartstream D2.0	1998 (78,66)	83 × 92,3 (3,03 × 3,37)	1-3-4-2	4. Қатарынан

Шамның қуаты

Шам			Шам типтері	Қуаты, Вт
Алдынан	Фаралар	Таяу жарық	Жарықдиод	Жарықдиод
		Шалғай жарық	Жарықдиод	Жарықдиод
	Бұрылыс көрсеткішінің шамы		Жарықдиод	Жарықдиод
	Габарит шамы		Жарықдиод	Жарықдиод
	Күндізгі жүріс жарықтары (КЖЖ)		Жарықдиод	Жарықдиод
Артынан	Стоп-сигнал	А типі	P21/5W	21/5
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод
	Артқы шам	А типі	P21/5W	21/5
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод
	Бұрылыс көрсеткішінің шамы		PY21W	21 Вт
	Артқа жүру шамы	А типі	W16W	16
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод
	Нөмір белгісін жарықтандыру	А типі	W5W	5
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод
	Тұман шамы		P21/5W	21/5
	Қосымша үстіңгі стоп-сигнал		Жарықдиод	Жарықдиод
Интерьер	Бағытталған жарық шамы	А типі	W10W	10
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод
	Салон жарығы шамы (бар болса)	А типі	W10W	10
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод
	Жеке жарық шамы (бар болса)		Жарықдиод	Жарықдиод
	Қолғап салатын қораптың шамы		W5W	5
	Күңқағар шамы	А типі	W5W	5
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод
	Жүксалғышты жарықтандыру шамы	А типі	W10W	10
		В типі	Жарықдиод	Жарықдиод

Шиналар және дөңгелектер

Параметр	Шина өлшемі	Дөңгелек өлшемі	Шинадағы қысым, кПа (фунт/шаршы дюйм)				Дөңгелектің қыспа сомының қатайту сәті кгк м (фунт-күш-фут, Н м)
			Номинал жүктеме		Максималды жүктеме		
			Алды-нан	Арты-нан	Алды-нан	Арты-нан	
Толық өлшемді шина	235/65 R17	7.0J × 17	240 (35)		240 (35)		11–13 (79–94, 107–127)
	235/60 R18	7.5J × 18					
	235/55 R19	7,5J × 19					
Толық өлшемді шина (N Line үшін)	235/55 R19	7,5J × 19					
Шағын қосалқы шина *1	T135/90 D17	4,0B × 17	420 (60)				

*1 Егер көлігіңізде қосалқы дөңгелек болмаса, көлікпен бірге шиналарды жөндеу жинағы беріледі.

Ескертпе

- Егер көп ұзамай ауа райының салқындауы күтілсе, шанадағы стандартты қысымға 20 кПа (3 фунт/шаршы дюйм) қосуға рұқсат етіледі. Әдетте қысымның төмендеуі температураның әр 7 °C (12 °F) төмендеуі үшін 7 кПа (1 фунт/шаршы дюйм) құрайды. Температураның күрт өзгеруі күтілсе, шинадағы қысымды үнемі тексеріп отырыңыз, өйткені олар дұрыс үрленуі керек.
- Әдетте, қысым теңіз деңгейінен жоғары биіктікте қозғалған кезде азаяды. Осылайша, биік таулы жерлерге барған жағдайда, шиналардағы қысымды алдын ала тексеріңіз. Қажет болса, шиналарды қажетті деңгейге дейін үрлеңіз (теңіз деңгейінен жоғары шинадағы қысым: +10 кПа/1 км (+2,4 psi/1 миль)).
- Шинаның бүйірінде көрсетілген шинадағы максималды қысымды асыруға тыйым салынады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналарды ауыстырған кезде ӘРҚАШАН көлікпен бірге жеткізілген өлшемі, түрі, дизайны және протектор суреті бірдей шиналарды пайдаланыңыз. Әйтпесе, байланысты бөліктер зақымдалуы немесе жұмыста ақаулар орын алуы мүмкін.

Жүк көтергіштік индекстері және шиналар жылдамдығының индекстері (Еуропа үшін)

Параметр	Шина өлшемі	Дөңгелек өлшемі	Рұқсат етілген жүктеме		Рұқсат етілген жылдамдық	
			LI *1	кг	SS *2	км/сағ
Толық өлшемді шина	235/65 R17	7.0J × 17	104	900	H	210
	235/60 R18	7.5J × 18	103	875	H	210
	235/55 R19	7,5J × 19	101	825	H	210
Толық өлшемді шина (N Line үшін)	235/55 R19	7,5J × 19	101	825	H	210
Шағын қосалқы шина	T135/90 D17	4,0B × 17	104	900	M	130

*1 LI: РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖҮКТЕМЕ ИНДЕКСІ
*2 SS: ЖЫЛДАМДЫҚ БЕЛГІСІ

Кондиционер жүйесі

Параметр	Көлемдік салмақ	Жіктеме
Суық агент г	550 (19,40) ± 25 (0,88)	R-1234yf
	550 (19,40) ± 25 (0,88)	R-134a
Компрессорға арналған майлау майы г	120 (4,23) ± 10 (0,35)	Полиалкиленгликоль (ПАГ)

Қосымша ақпарат алу үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Автокөліктің толық массасы

Барлық елге арналған

Параметр				Автокөліктің толық массасы [кг (фунт.)]
Smartstream G2.0	2WD	МБҚ		2065 (4553)
		АБҚ		2105 (4641)
	4WD	МБҚ		2125 (4685)
		АБҚ		2175 (4795)
Smartstream D2.0	2WD	АБҚ	Euro 6d	2250 (4960)
			Euro 6/5/4/3/2	2230 (4916)
	4WD	АБҚ	Euro 6d	2315 (5104)
			Euro 6/5/4/3/2	2295 (5060)
Smartstream G1.6 T-GDi	2WD	DCT		2140 (4718)
	4WD	DCT		2200 (4850)

2WD: Бір оське жетек
4WD: толық жетек
МБҚ: Механикалық трансмиссия
АБҚ: Автоматтық трансмиссия
DCT: қос іліністі трансмиссия

Европа үшін

Параметр		Автокөліктің толық массасы [кг (фунт.)]	
Smartstream G2.0	2WD	МБҚ	2060 (4542)
		АБҚ	2105 (4641)
	4WD	МБҚ	2125 (4685)
		АБҚ	2170 (4784)
Smartstream D2.0	2WD	АБҚ	2230 (4916)
	4WD	АБҚ	2290 (5049)
Smartstream G1.6 T-GDi	2WD	DCT	2140 (4718)
	4WD	DCT	2205 (4861)

Ресейге арналған

Параметр			Автокөліктің толық массасы [кг (фунт.)]
Smartstream G2,5	2WD	АБҚ	2140 (4718)
	4WD	АБҚ	2190 (4828)
Smartstream G2.0	2WD	МБҚ	2070 (4564)
		АБҚ	2105 (4641)
	4WD	МБҚ	2130 (4696)
		АБҚ	2175 (4795)
Smartstream D2.0	4WD	АБҚ	2280 (5027)

Тіркемені сүйреген кездегі масса мен қашықтық көрсеткіші

Элемент		Smart-stream G1.6 T-GDi	Smartstream G2.0				Smart-stream G2,5 GDi	Smart-stream D2.0
		DCT	МБҚ			АБҚ	АБҚ	АБҚ
			2WD		4WD			
			Барлық елдер үшін	Европа үшін				
Тіркеменің максималды массасы кг (фунт)	Тежеу жүйесі жоқ	750 (1653)	740 (1631)	750 (1653)	750 (1653)	750 (1653)	750 (1653)	750 (1653)
	Тежеу жүйесі бар	1650 (3638)	1650 (3638)	1650 (3638)	1650 (3638)	1650 (3638)	1650 (3638)	1900 (4189)
Ілініс құрылғысына түсетін рұқсат етілген максималды статикалық тік салмақ кг (фунт)		100 (220)						
Артқы дөңгелектің ортасынан ілініс нүктесіне дейінгі ұсынылған арақашықтық мм (дюйм)		1080 (43)						

Жүксалғыш көлемі

Параметр		Шағын қосалқы шина		Толық өлшемді шина
		Бензин / Дизель — Euro 6D басқа	Дизель — Euro 6D үшін	
VDA л (текше фут)	МИН.	582 (20,55)	540 (19,07)	539 (19,03)
	МАКС	1903 (67,20)	1861 (65,72)	1860 (65,69)

МИН: 2-ші қатардағы орындықтар тік күйде
МАКС: 2-ші қатардағы артқы орындықтар бүктелген

Рұқсат етілген майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат

Қозғалтқыш пен трансмиссияның оңтайлы жұмыс істеу режиміне қол жеткізу, және олардың қызмет ету мерзімін ұлғайту үшін сапалы майлау материалдарын ғана қолданыңыз. Сапалы майлау материалдары қозғалтқыш жұмысының тиімділігіне әсер етеді және отын шығынын азайтады.

Сіздің автокөлігіңізде келесі майлау материалдары мен сұйықтықтарды қолдануға кеңес беріледі.

Майлағыш				Көлем	Жіктеме
Мотор майы *1 (төгу және құю)	Бензиндік қозғалтқыш	Smartstream G2,5 GDi		5,8 л (6,13 амер. кварта)	SAE 0W-20, API SN PLUS/SP немесе ILSAC GF-6*2
		Smartstream G2.0		4,3 л (4,54 амер. кварта)	SAE 0W-20, API SN PLUS/SP немесе ILSAC GF-6*2
		Smartstream G1.6 T-GDi		4,8 л (5,07 амер. кварта)	SAE 0W-20, API SN PLUS/SP немесе ILSAC GF-6*2
	Дизель қозғалтқыш	Smartstream D2.0	C DPF*3	5,6 л (5,92 амер. кварта)	ACEA C5 немесе C2 немесе C3
			DPF*3 жоқ		ACEA A3 немесе B4

*1 «Ұсынылған SAE тұтқырлық коэффициентін» қараңыз.
*2 API SN PLUS (немесе одан жоғары) мотор майы қажет (толық синтетикалық)>. Төменгі сортты мотор майын (минералды және жартылай синтетикалық қоспалар) пайдаланған жағдайда, мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру жұмыстары автокөлікті қатаң пайдалану жағдайларына арналған рәсімге сәйкес жүргізілуі керек.
*3 DPF: Дизель қозғалтқыштың күйе сүзгісі

<table>
<tr><th colspan="5">Майлағыш</th><th>Көлем</th><th>Жіктеме</th></tr>
<tr><td rowspan="6">АБҚ сұйықтығы</td><td rowspan="3">Бензиндік қозғалтқыш</td><td rowspan="2">Smart-stream G2.0</td><td>2WD</td><td rowspan="2">6,7 л
(7,08 амер. кварта)</td><td rowspan="6">SK ATF SP4M-1, MICHANG ATF SP4M-1, S-OIL ATF SP4M-1, HYUNDAI Genuine ATF SP4M-1</td></tr>
<tr><td>4WD</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Smart-stream G2,5 GDi</td><td>2WD</td><td rowspan="2">6,5 л
(6,87 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td>4WD
(N-line)</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Дизель қозғалтқыш</td><td rowspan="3">Smart-stream D2.0</td><td>2WD</td><td rowspan="3">7,0 л
(7,4 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td>4WD</td></tr>
<tr><td>4WD
(N-line)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Механикалық трансмиссия сұйықтығы</td><td colspan="3" rowspan="2">Smartstream G2.0</td><td>2WD</td><td>1,5–1,6 л
(1,58–1,69 амер. кварта)</td><td rowspan="2">API GL-4, SAE 70W
– SK: HK SYN MTF 70W
– H.K.SHELL: SPIRAX S6 GHME 70W MTF
– GS CALTEX: GS MTF HD 70W</td></tr>
<tr><td>4WD</td><td>1,4-1,5 л
(1,48-1,59 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Қос іліністі трансмиссия сұйықтығы</td><td colspan="3" rowspan="2">Smartstream G1.6 T-GDi</td><td>2WD</td><td rowspan="2">1,6-1,7 л
(1,69-1,80 амер. кварта)</td><td rowspan="2">API GL-4, SAE 70W
– SK: HK D DCTF TGO-10 PLUS
– H.K.SHELL: SPIRAX S6 GHDE 70W DCTF PLUS</td></tr>
<tr><td>4WD</td></tr>
<tr><td colspan="3" rowspan="2">Тежегіш сұйықтығы*1</td><td colspan="2">Сол жақ руль*5</td><td>0,82 ± 0,02 л
(0,87 ± 0,02 амер. кварта)</td><td rowspan="2">SAE J1704 DOT-4 LV, ISO4925 CLASS-6, FMVSS 116 DOT-4</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оң жақ руль*6</td><td>0,79 ± 0,02 л
(0,83 ± 0,02 амер. кварта)</td></tr>
</table>

<table>
<tr><th colspan="5">Майлағыш</th><th>Көлем</th><th>Жіктеме</th></tr>
<tr><td colspan="5">Артқы дифференциал майы (4WD)</td><td>0,53-0,63 л
(0,56-0,67 амер. кварта)</td><td rowspan="4">ГИПОИДТІ ТРАНСМИССИЯ МАЙЫ API GL-5, SAE 75W/85 (ТРАНСМИС-СИЯ МАЙЫ SK HCT-5 75W/85 немесе ҰҚСАС)</td></tr>
<tr><td colspan="2" rowspan="2">Үлестіруші қорап майы (4WD)</td><td colspan="2">DCT*2</td><td rowspan="2">0,48-0,52 л
(0,50-0,54 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td colspan="2">МБҚ*4</td></tr>
<tr><td colspan="2">АБҚ*3</td><td>0,62-0,68 л
(0,65-0,71 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td colspan="5">Отын</td><td>54 л
(14,26 амер. галлон)</td><td>1-тараудағы «Жанармайға қойылатын талаптар» бөлімін қараңыз.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Несепнәр ерітіндісі (дизель қозғалтқыш)</td><td>14 л
(14,79 амер. кварта)</td><td>ISO22241, DIN70070</td></tr>
<tr><td rowspan="8">Салқында-тқыш сұйықтық</td><td rowspan="2">Smart-stream G2.0</td><td rowspan="2">МБҚ*4</td><td>2WD</td><td rowspan="2">6,4 л
(6,76 амер. кварта)</td><td rowspan="8">Антифриз бен су ҚОСПАСЫ (алюминий радиаторына арналған этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтық)</td></tr>
<tr><td>4WD</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Smart-stream G1.6 T-GDi</td><td rowspan="2">DCT*2</td><td>2WD</td><td rowspan="2">7,2 л
(7,61 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td>4WD</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Smart-stream G2,5 GDi</td><td rowspan="2">АКПП*3</td><td>2WD</td><td rowspan="2">8,4 л
(8,88 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td>4WD</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Smart-stream D2.0</td><td rowspan="2">АБҚ*3</td><td>2WD</td><td rowspan="2">8,4 л
(8,88 амер. кварта)</td></tr>
<tr><td>4WD</td></tr>
</table>

*1 Сұйықтықтың қажетті мөлшері тежеу жүйесінен ауаны шығару әдісіне байланысты өзгеруі мүмкін.
*2 DCT: қос іліністі трансмиссия
*3 АБҚ: Автоматтық трансмиссия
*4 МБҚ: Механикалық трансмиссия
*5 СОЛ ЖАҚ РУЛЬ: Рулі сол жақта орналасқан
*6 ОҢ ЖАҚ РУЛЬ: Рулі оң жақта орналасқан

Ұсынылған SAE тұтқырлық коэффициенті

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Майлау материалының деңгейін тексеру немесе төгу алдында кез келген жанармай құю аузының, ағызу саңылауының және май өлшегіштің май сүңгісінің айналасын тазалауды ұмытпаңыз. Бұл әсіресе шаң мен ластың деңгейі жоғары болған жағдайда, сондай-ақ топырақты жолдарда автокөлікті пайдалану кезінде өте маңызды. Қақпақ пен сүңгішті тазалау шаң мен топырақтың қозғалтқыштың және зақымдауы ықтимал өзге механизмдердің ішіне түсуіне жол бермейді.
- Ешқашан қозғалтқыш майына қоспалар қоспаңыз. Қоспалар қозғалтқыш майының қасиеттерін өзгерте алады және оның жұмысында елеулі ақаулар тудыруы мүмкін.

Қозғалтқыш майының тұтқырлығы (тығыздығы) суық мезгілде жанармай шығыны мен автокөліктің жұмысына әсер етеді (қозғалтқышты оталдыру және қозғалтқыш майының аққыштығы). Тұтқырлығы төмен мотор майлары суық мезгілде аз жанармай шығынын және жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді, бірақ ыстық ауа-райында қозғалтқышты дұрыс майлау үшін тұтқырлығы жоғары мотор майлары қажет.

Егер қолданылатын майлардың тұтқырлығы ұсынылған мәндерден өзгеше болса, бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

Майдың түрін таңдағанда, майды келесі ауыстырғанға дейін автокөлігіңіз жұмыс істейтін температура диапазонын ескеріңіз.

Кестедегі ұсынылған тұтқырлық коэффициентінің мәндерін таңдаңыз.

SAE жіктемесі бойынша ұсынылған тұтқырлық коэффициентінің мәндері үшін температуралар ауқымы

Температура	°C	-30	-20	-10	0	10	20	30	40	50
	(°F)		-10	0	20	40	60	80	100	120
Smartstream G2.5 GDi *1		0W-20								
Smartstream G2.0*1		0W-20								
Smartstream G1.6 T-GDi*1		0W-20								
Smartstream D2.0		10W-30/40								
				5W-30/40						
			0W-30							
		0W-20								

*1 Минералды немесе жартылай синтетикалық майды қолданған жағдайда, мотор майын ауыстырған кезде техникалық қызмет көрсетудің маңызды режимі қажет болады.



API сертификатталған маркасы бар мотор майы халықаралық майларды стандарттау және сынау комитетінің (ILSAC) талаптарына сәйкес келеді. API сертификаттау белгісі бар майды ғана пайдалану ұсынылады.

Автокөліктің сериялық нөмірі (VIN)


Жақтау нөмірі



Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі — көлік құралыңызды тіркегенде қолданылатын нөмір және автокөлікке қатысты меншік құқықтары бойынша туындаған барлық құқықтық және т.б. жағдайларда пайдаланылады.

Бұл нөмір алдыңғы оң жақ бүйірлік орындықтың астында еденде ойып жазылған. Нөмірді тексеру үшін төсемді көтеріңіз.

Автокөліктің сәйкестендіру нөмірінің тақтайшасы (VIN) (бар болса)




VIN нөмірі аспаптар тақтасының жоғарғы жағына бекітілген тақтада да көрсетілген. Жазбаға салынған нөмір сырттан алдыңғы әйнек арқылы көрінеді.

Автокөліктің сертификациялық тақтасы



Автокөліктің сертификациялық тақтасында (жүргізуші не жолаушы жағындағы ортаңғы тіреуде орналасқан) автокөліктің идентификациялық нөмірі (VIN) бар.

Шинаның сипаттамалары мен қысымы бар тақта




Автокөлігіңізде орнатылған шиналар автокөліктің үздік басқарылу сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін таңдалған.


Шиналардың техникалық сипаттамаларының тақтасы жүргізуші жағындағы ортаңғы тіреудің сыртқы панелінде орналасқан және автокөлігіңіздің шиналарындағы ұсынылған қысым туралы ақпаратты қамтиды.

Қозғалтқыш нөмірі


Smartstream G1.6 T-GDi




Smartstream G2.0



Smartstream G2,5 GDi




Smartstream D2.0



Қозғалтқыш нөмірі суретте көрсетілгендей цилиндрлер блогында ойып жазылған.


Кондиционер компрессорының тақтасы



Компрессор заттаңбасында модель, жеткізушінің бөлшек нөмірі, сериялық нөмір, суық агент типі (1) және тоңазытқыш май типі (2) көрсетілген.

Суық агент тақтасы

Бар болса



Суық агент заттаңбасында суық агенттің түрі мен көлемі көрсетілген.

Сәйкестік декларациясы

Бар болса

Мысал

CE CE 0678

Көлік құралының радиожиіліктік компоненттері 1995/5/EC Директивасының талаптары мен басқа қолданылатын ережелеріне сәйкес келеді.

Қосымша ақпаратты, соның ішінде өндірушінің сәйкестік декларациясын төмендегі HYUNDAI веб-сайтынан қараңыз.

http://service.hyundai-motor.com


Жанармай туралы ақпарат бар заттаңба

Бар болса

Бензиндік қозғалтқыш

Жанармай туралы ақпарат бар заттаңба жанармай багы аузының қақпағына жабыстырылады.

Еуропадан басқа




Европа үшін



- Этилдендірілмеген бензиннің октан саны
  1. RON/ ROZ: зерттеу әдісі бойынша бензиннің октан саны
  2. (R+M)/2, AKI: детонацияға қарсы көрсеткіш
- Бензиндік жанармай идентификаторлары
  – Бұл таңба пайдалануға жарамды жанармайды көрсетеді. Басқа жанармайды қолданбаңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін 1-тараудың «Жанармайға қойылатын талаптар» бөлімін қараңыз.

Дизель қозғалтқыш

Отын туралы ақпарат бар заттаңба отын багы аузының қақпағына жабыстырылады.



A. Жанармай: Дизель

B. Күрделі эфирлік биожанармай қосылған дизель жанармайының идентификаторлары

* Бұл таңба пайдалануға жарамды жанармайды көрсетеді. Басқа отынды қолданбаңыз.

C. Қосымша ақпаратты осы тараудың «1-5» бөлімінен қараңыз.

Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал туралы хабарлама

Бұл автокөлікте ашық бастапқы кодты пайдалануға лицензиясы бар бағдарламалық құрал бар. Ашық бастапқы коды бар бастапқы бағдарламалық құрал туралы ақпаратты, соның ішінде бастапқы кодты, авторлық құқық туралы хабарламаларды және лицензия шарттарын, веб-сайттан табуға болады

https://www.hyundai.com/worldwide/opensource

HYUNDAI Motor компаниясы тауарды сатып алған сәттен бастап 3 жыл ішінде opensource@hyundai.com электрондық мекенжайы бойынша тиісті сұранысты алғаннан кейін қайта жіберу шығындарын жабатын минималды ақыға ашық бастапқы кодты тасымалдаушыда (мысалы, CD) ұсынады.

3. Қауіпсіздік жүйесі

Маңызды сақтық шаралары 3-2
Қауіпсіздік белдіктерін тағу 3-2
Баланы ұстап тұрушы жүйені пайдалану 3-2
Қауіпсіздік жастықтарының қауіптілігі 3-2
Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы 3-2
Автокөліктің жылдамдығын бақылау 3-3
Автокөлік күйінің қауіпсіз күйін сақтау 3-3
Орындықтар 3-4
Сақтық шаралары 3-6
Алдыңғы орындық 3-7
Артқы орындықтар 3-13
Бассүйегіш 3-16
Орындық жылытқыштары 3-20
Орындық желдеткіші 3-23
Қауіпсіздік белбеулері 3-24
Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі сақтық шаралары 3-24
Қауіпсіздік белдігінің ескерту шамы 3-25
Қауіпсіздік белбеулері жүйесі 3-28
Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары 3-32
Қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде күту 3-35
Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ) 3-35
Біздің кеңесіміз: Балалар ылғи артқы орындықтарда отыруы тиіс 3-35
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау 3-37
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату 3-39
Қауіпсіздік жастықтары жүйесі 3-49
Қауіпсіздік жастықтары қайда орналасқан? 3-52
Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қалай жұмыс істейді? 3-58
Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін не болады 3-62
Баланы ұстап тұрушы құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаған жөн 3-63
Соқтығыс кезінде неліктен қауіпсіздік жастығы ашылмады? 3-63
Пассивті қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау 3-69
Қосымша сақтық шаралары 3-70
Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін заттаңбалар 3-70

Маңызды сақтық шаралары

Бұл бөлімде және бүкіл нұсқаулықта көптеген қауіпсіздік шаралары мен нұсқаулары берілген. Бұл тарауда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ең маңызды шаралар берілген.

Қауіпсіздік белдіктерін тағу

Қауіпсіздік белдігі апаттардың барлық түрінде ең тиімді қорғауды қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды. Сондықтан көлік құралы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, жүргізуші мен жолаушылар ӘРҚАШАН қауіпсіздік белдіктерін тиісті түрде қолдануы тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйені пайдалану

Көлік құралы қозғалған кезде 13 жасқа дейінгі балалардың бәрі әрқашан артық орындықта болуы және қауіпсіздік белдігін тағуы тиіс. Сәбилер мен кішкентай балаларға тиісті баланы ұстап тұрушы жүйе қолданылуы тиіс. Жасөспірімдер қауіпсіздік белдігін дұрыс пайдалана алмайынша бел-иық белдігі бар қосымша жастықты пайдалануы керек.

Қауіпсіздік жастықтарының қауіптілігі

Апат жағдайында қауіпсіздік белдіктері өмірді сақтап қалуы мүмкін, бірақ оларға тым жақын отырған немесе қауіпсіздік белдіктерін дұрыс қолданбаған жағдайда, олар сондай-ақ ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге жетелеуі мүмкін. Сәбилер, кішкентай балалар мен бойы аласа адамдар қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде аса үлкен қауіп-қатерге ұшырайды. Осы нұсқаулықта берілген барлық нұсқаулар мен ескертулер міндетті түрде орындалуы тиіс.

Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы

Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы елеулі әрі ықтимал өлімге әкелетін қауіп болып табылады, бұл әсіресе тәжірибесіз жүргізушілерге қатысты. Жол жүргенде қауіпсіздікке аса көп назар аудару керек. Жүргізушілер басқа нәрсеге назар аударудың түрлі ықтимал факторлары туралы білуге міндетті, мысалы, ұйқышылдық, заттарды алу, тамақ ішу, жеке гигиена, басқа жолаушылар және мобильді телефондарды қолдану.

Басқа нәрсеге назар аудара отырып, жүргізушілер жолдағы жағдайды бақылай алмай қалуы немесе жүргізуден басқа әрекеттерге көңіл бөліп, рульден қолын алуы мүмкін. Алаңдау қаупін және апат ықтималдығын азайту үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

- ӘРҚАШАН мобильді құрылғыларды (мысалы, MP3 ойнатқыштары, телефондар, навигациялық блоктар және т.б.) автокөлік тоқтаған немесе тұрақта тұрған кезде ғана баптаңыз.
- Мобильді құрылғыларды заңмен рұқсат етілген болса және оны қауіпсіз пайдалану жағдайлары болған кезде ҒАНА қолдануға болады. Қозғалыс кезінде мәтіндік хабарларды немесе электрондық поштаны ЕШҚАШАН термеңіз немесе жібермеңіз. Көптеген елдерде жүргізушілерге заң деңгейінде мәтіндік хабарларды теруге немесе тексеруге тыйым салынады. Кейбір елдер мен қалаларда жүргізушілерге сондай-ақ қозғалыс кезінде ұялы телефондарды қолдануға тыйым салынады.
- Көлік жүргізуден алаңдататын мобильді құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады. Жүргізуші өз жолаушыларына және жол қозғалысының өзге қатысушыларына жауап береді, сондықтан өз көлік құралын қауіпсіз басқаруға тиісті. Бұл кезде рульді ұстап, жол жағдайын үнемі қадағалап отыруыңыз керек.

Автокөліктің жылдамдығын бақылау


Жылдамдықты арттыру апат кезінде зақым алудың, соның ішінде өлімге ұшыраудың негізгі себебі болып табылады. Осылайша, жылдамдық неғұрлым жоғары болса, соғұрлым қауіп-қатер артады. Бірақ қозғалыс жылдамдығы төмен болған кезде де ауыр жарақат алуға болады. Жылдамдық, тіпті егер ол рұқсат етілгеннен төмен болса да, ағымдағы жағдайда сәйкес таңдалуы тиіс.

Автокөлік күйінің қауіпсіз күйін сақтау


Шиналардың тесілуі немесе механикалық ақаулардың болуы төтенше қауіпті болуы мүмкін. Мұндай проблемалар ықтималдығын азайту үшін шиналардағы ауа қысымын және олардың жалпы күйін үнемі тексеріп тұру керек. Жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің барлық іс-шарасы уақтылы орындалуы тиіс.

Орындықтар

Сол жақтағы руль



Оң жақтағы руль



Жүргізуші орындығы

(1) Алға және артқа
(2) Орындық арқалығының еңкею бұрышы
(3) Орындық жастығының еңкею бұрышы (бар болса)
(4) Орындық көпшігінің биіктігі
(5) Белдік тіреу (бар болса)
(6) Бассүйегіш

Алдыңғы жолаушылар орындығы [B], [C]

(1) Алға және артқа
(2) Орындық арқалығының еңкею бұрышы
(3) Орындық көпшігінің биіктігі
(4) Бассүйегіш
(5) Артқы отырғызу ауыстырып-қосқышы (бар болса)

Артқы орындық [D]

(1) Бассүйегіш

Сақтық шаралары

Орындық қауіпсіз және жайлы отыруға болатындай реттелуі тиіс. Бұл апат жағдайында жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады (қауіпсіздік белдіктері мен қауіпсіздік жастықтары жүйесімен қатар).

⚠ ЕСКЕРТУ

Орындық пен жолаушы арасындағы үйкелісті азайтатын орындық жастығының қаптамаларын пайдаланбаңыз. Соқтығысу немесе күрт тежеу кезінде жолаушының жамбасы қауіпсіздік белдігінің астынан сырғып кетуі мүмкін.

Қауіпсіздік белдігінің дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты ауыр жарақаттар, атап айтқанда, өлімге әкелетін жарақаттар алуыңыз мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары

Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жарақаттану қаупін азайту үшін нақты сақтық шараларын қолдануға болады. Қауіпсіздік жастығына тым жақын отырған жағдайда, бұл жастық істеп кеткен жағдайда жарақаттану қаупін әлдеқайда ұлғайтады. Орындықты, көлік құралын басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда денеге ауыр зақым келтіру қаупін немесе өлім жағдайын азайту үшін келесі шараларды қабылдау керек:

- Көлікті басқару мүмкіндігін сақтай отырып, жүргізуші орындығын мүмкіндігінше артқа жылжытыңыз.
- Алдыңғы жолаушының орындығын мүмкіндігінше артқа жылжытыңыз
- Қолыңыз жарақаттанбауы үшін қолыңызды рульде 9 және 3 сағат күйінде ұстаңыз.
- Өзіңіз бен қауіпсіздік жастықшасының арасына ешбір зат немесе ешбір адамды орналастырмаңыз.
- Аяққа зақым келу қаупін азайту үшін алдыңғы орындықтағы жолаушыға алдыңғы панельге аяқ қоюға рұқсат бермеңіз.

Қауіпсіздік белбеулері

Жол жүрмей тұрып әрқашан қауіпсіздік белдіктерін тағу керек. Жолаушылар әрқашан түзу отырып, қауіпсіздік белбеулерін тағулары тиіс. Сәбилер мен кішкентай балаларға тиісті баланы ұстап тұрушы жүйелер қолданылуы тиіс. Бустер-орындықты одан әрі қажет етпейтін балалар мен ересектер қауіпсіздік белдігін тағулары керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік белдіктерін реттеген кезде келесі сақтық шараларды қолдану керек.

- Қауіпсіздік белдігін бірнеше адамға тағуға БОЛМАЙДЫ.
- Қауіпсіздік белдігінің белдік бөлігімен санды белдіктеп, орындық арқалығын әрқашан тігінен орнату керек.
- Қозғалыс кезінде балаларға немесе сәбилерге жолаушының тізесіне отыруға рұқсат бермеңіз.
- Қауіпсіздік белдігін мойын, өткір жиектер арқылы өткізуге немесе иық бауын денеден тыс өткізуге болмайды.
- Қауіпсіздік белдігінің қысылып қалуына жол бермеңіз.

Алдыңғы орындық

Алдыңғы орындық қосқыштармен реттеледі, олар орындық жастығының сыртында орналасқан. Жүріс алдында орындық күйін рульді, педальдарды және аспаптар панеліндегі басқару органдарын қолайлы басқара алатындай реттеп алу керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Орындықты реттеген кезде келесі сақтық шараларын қолдану керек.

- Автокөлік қозғалысы кезінде орындықты реттеуге БОЛМАЙДЫ. Орындық кенеттен жылжып кетуі мүмкін, бұның салдарынан автокөлікті басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.
- Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды орналастыруға болмайды Жүргізушінің аяқ жағындағы бекітілмеген заттар педальдарды басқаруға кедергі келтіріп, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Орындық арқалығын қалыпты күйіне орнатып бекітуге ештеңе кедергі келтірмеуі тиіс.
- Оттықтарды еденге немесе орындыққа қоймаңыз. Орындық жылжыған кезде оттық зақымдануы және ондағы газ тұтануы мүмкін.
- Орындықтың астында немесе орындық пен орталық консоль арасында тұрып қалған ұсақ заттарды алғанда абай болыңыз. Орындықты реттеу механизмінің өткір жиектеріне қолды кездейсоқ жарақаттауға болады.
- Алдыңғы орындықтардың күйін реттеген кезде, артқы орындықтарда адам отырған жағдайда сақтық таныту керек.
- Реттеуден кейін орындықтың орнында бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, орындық күтпеген жерден жылжып, апатқа әкелуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Жарақатты болдырмау үшін:

- Қауіпсіздік белдігі тағылып тұрғанда орындықты реттеуге болмайды. Орындық жастығының алға жылжуы ішке қатты қысым келтіру мүмкін.
- Орындық жылжыған кезде оның механизміне қол мен саусақтар кіріп кетпеуі үшін сақтық танытыңыз.

Қолмен реттеу

Бар болса


Алға және артқа жылжыту



Орынды алға немесе артқа жылжыту үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Орындық бағыттауышының реттеу иінтірегін жоғары тартып, ұстап тұрыңыз.
2. Орындықты қажетті күйге келтіріңіз.
3. Иінтіректі жіберіп, орындықтың қажет күйде бекітілгенін тексеріңіз. Иінтіректі қолданбай, орындықты алға және артқа жылжытып көріңіз. Егер орындық жылжып кетсе, онда ол орнында бекітілмеген.


Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу



Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Сәл алға еңкейіп, арқалықты реттейтін тұтқаны жоғары тартыңыз.
2. Артқа абайлап шалқайып, орындық арқалығын қажетті күйге келтіріңіз.
3. Иінтіректі жіберіп, орындық арқалығының жаңа күйде бекітілгенін тексеріңіз. (Арқалықты бекіту үшін иінтірек бастапқы күйге оралуы ТИІС.)

Орындық биіктігі




Орындық көпшігінің биіктігін өзгерту үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

- Орындық көпшігін түсіру үшін тұтқаны бірнеше рет басыңыз.
- Орындық көпшігін көтеру үшін тұтқаны жоғары қарай бірнеше рет тартыңыз.

Бел тіреуі

Бар болса



Бел тіреуін реттеу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Тіреуді арттыру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін (1), тіреуді азайту үшін реттегіштің артқы бөлігін (2) басыңыз.
2. Бел тіреуі қажетті күйге орнатылған сәтте ауыстырып-қосқышты жіберіңіз.

Орындық арқалығын қайыру

Орындық арқалығы қайрылған жағдайда көлік құралын басқару қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеуі мен қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Орындықтың арқалығы шалқайып тұрғанда автокөлікпен жол жүруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Орындық арқалығы қайрылып тұрғанда көлік құралын басқару соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.

Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда ӘРҚАШАН тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері жамбас пен кеудеге жанасып тұруы керек. Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белбеуі функциясын орындамайды, өйткені он кеудеге қысылып тұрған жоқ. Оның орнына ол сіздің алдыңызда болады. Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты шалқайып тұрса, жолаушы саны қауіпсіздік белбеуінің астында қозғалуы немесе жолаушының мойны иық бауына ұрынуы ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Электржетекпен реттеу

Бар болса

⚠ ЕСКЕРТУ

Балаларды автокөлікте қараусыз ҚАЛДЫРМАҢЫЗ. Автокөліктің қозғалтқышы өшірілген кезде электржетекті орындықтарды басқаруға болады.

Ескертпе

Орындықтар зақымданбауы үшін төмендегілерге назар аударыңыз.

- Орындық шекті алдыңғы не артқы күйге келтірілгенде, реттеуді тоқтату керек.
- Автокөлік қозғалтқышы өшірілген кезде орындықтарды қажетті уақыттан артық реттемеңіз. Бұл аккумулятор зарядының шамадан тыс тұтынылуына әкелуі мүмкін.
- Бір уақытта екі немесе одан да көп орындықты басқармаңыз. Бұл электр жабдықтарының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

Алға және артқа жылжыту



Орынды алға немесе артқа жылжыту үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Жылжыту реттегішін алға немесе артқа басыңыз.
2. Орындық қажетті күйге келгеннен кейін ауыстырып-қосқышты жіберіңіз.

Орындық көпшігінің еңкею бұрышын/биіктігін реттеу



- **Орындық көпшігін еңкейту**

  Орындық көпшігінің алдыңғы жағының еңкею бұрышын өзгерту үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

  Орындық көпшігінің алдыңғы жағын көтеру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.

  Орындық қажетті күйге келгеннен кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

- **Орындық көпшігінің биіктігі**

  Орындық көпшігінің биіктігін өзгерту үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

  Орындық көпшігін көтеру үшін реттегіштің артқы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.

  Орындық қажетті күйге келгеннен кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу



Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Жылжыту реттегішін алға немесе артқа басыңыз.
2. Орындық арқалығы қажетті күйге орнатылған сәтте реттегішті жіберіңіз.

Орындық арқалығын қайыру

Орындық арқалығы қайрылған жағдайда көлік құралын басқару қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеуі мен қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Орындықтың арқалығы шалқайып тұрғанда автокөлікпен жол жүруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Орындық арқалығы қайрылып тұрғанда көлік құралын басқару соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.


Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда ӘРҚАШАН тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері жамбас пен кеудеге жанасып тұруы керек. Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белбеуі функциясын орындамайды, өйткені он кеудеге қысылып тұрған жоқ. Оның орнына ол сіздің алдыңызда болады. Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты шалқайып тұрса, жолаушы саны қауіпсіздік белбеуінің астында қозғалуы немесе жолаушының мойны иық бауына ұрынуы ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Бел тіреуі

Бар болса




Бел тіреуін реттеу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Тіреуді арттыру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін (1), тіреуді азайту үшін реттегіштің артқы бөлігін (2) басыңыз.
2. Бел тіреуі қажетті күйге орнатылған сәтте ауыстырып-қосқышты жіберіңіз.

Артқы отырғызу ауыстырып-қосқышы

Бар болса



Артқы орындықтағы жолаушы ауыстырып қосқыштардың көмегімен алдыңғы жолаушылар орындығының күйін реттей алады.

- Алға не артқа жылжыту


  Жолаушылар орындығын алға немесе артқа жылжыту үшін (1) немесе (2) ауыстырып-қосқышын басыңыз.

- Арқалықтың еңкею бұрышы:

  Алдыңғы жолаушылар орындығын алға немесе артқа жылжыту үшін (3) немесе (4) ауыстырып-қосқышын басыңыз.

Орындық арқалығындағы қалта

Бар болса



Алдыңғы орындықтардың арқалықтарында қалталар бар.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындық арқалықтарындағы қалталарға ауыр не өткір заттарды салуға болмайды. Апат жағдайында олар жолаушылардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Артқы орындықтар

Артқы орындықты жию


Ұзын заттарды тасымалдау немесе көлік құралындағы жүксалғыштың көлемін ұлғайту үшін артқы орындықтардың арқалықтарын жиюға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Автокөлік қозғалып бара жатқан кезде жолаушылардың артқы орындықтың жиылған арқалығында отыруына жол бермеңіз: Бұл орындықтың қалыпты емес күйі; сонымен қатар, бұл жағдайда қауіпсіздік белдігін пайдалану мүмкін емес. Кенеттен тежеу немесе жол-көлік оқиғасы кезінде ауыр жарақат алу немесе өлім қаупі бар.
- Артқы орындықтың жиылған арқалығындағы заттар алдыңғы орындықтардың арқалықтарынан жоғары болмауы керек. Кенеттен тежеу кезінде мұндай жүк алға жылжып, адамдарға немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.

Артқы орындық арқалығын жинау процедурасы:

1. Алдыңғы орындықтың арқалығын тігінен орнатып, қажетінше, оны алға қарай жылжытыңыз.
2. Артқы бассүйегіштерді мүмкіндігінше төмен түсіріңіз. Ол үшін құлыпты ашу түймесін (1) басып тұрып, бассүйегішке (2) басыңыз.




3. Орындықтың арқалығын жимас бұрын, қауіпсіздік белдігін сыртқы күйге келтіріңіз. Әйтпесе, ол орындық арқалығының қозғалысына кедергі келтіреді.



4. Бағыттауыштан белдікті алыңыз (1), орындық арқалығын жию иінтірегін тартыңыз (2), содан кейін орындықты алға қарай бүктеңіз.





5. Артқы орындықты пайдалану үшін арқалығын көтеріп, бекітіңіз. Ол үшін оны атқа қарай итеріп, жию иінтірегінің алдыңғы жағын көтеріңіз.

   Орындықтың арқалығын басып, оны тиісті сырт еткен дыбыс естілгенше тиісті күйде бекітіңіз. Орындықтың арқалығы бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Артқы орындық арқалығын жиналған күйден тік күйіне қайта келтірген кезде оны ұстап тұрып, баяу көтеру керек. Орындық арқалығының жоғарғы бөлігін басып, оның тігінен бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер орындық арқалығы бекітілмеген болса, онда апат жағдайында не кенеттен тоқтаған кезде жүк едәуір күшпен алға қарай жылжып кетіп, ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығыс кезінде олар ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Артқы орындық арқалығын жиналған күйден тік күйіне қайта келтірген кезде оны ұстап тұрып, баяу көтеру керек. Орындық арқалығының жоғарғы бөлігін басып, оның тігінен бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер орындық арқалығы бекітілмеген болса, онда апат жағдайында не кенеттен тоқтаған кезде жүк едәуір күшпен алға қарай жылжып кетіп, ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығыс кезінде олар ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жүкті тиеу немесе түсіру кезінде қозғалтқыш өшіп тұруы керек, берілістерді ауыстыру тұтқасы автоматты беріліс қорабында / қос іліністі беріліс қорабында «N» (бейтарап) күйінде немесе механикалық беріліс қорабында «R» күйінде (артқа жүру) не болмаса бірінші берілісте тұруы керек, ал тұрақ тежегіші мықтап тартылуы керек. Егер бұл шарттар орындалмаса, беріліс кездейсоқ ауыстырылып қалса, автокөлік орнынан қозғалып кетуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Көлік құралының ішкі қаптамасын зақымдап алмау үшін, артқы жолаушы орындықтары арқылы жүк өткізген кезде сақ болу керек.
- Жүк артқы жолаушы орындықтары арқылы жүктелген кезде, оны қозғалыс барысында өздігінен жылжып кетпейтіндей бекіту керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жүк соқтығысу кезінде автокөлік салонында кенеттен жылжып кетпеуі және жолаушылар жарақаттанбауы үшін әрқашан мықтап бекітілуі керек. Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығысу жағдайында олар алдыңғы жолаушылардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Орындықтың арқалығын қашықтан жию/жазу

Бар болса



Жүксалғыштың екі жағында орналасқан артқы орындықтардың арқалығын жиюға арналған ауыстырып қосқыштардың бірін тартыңыз (1).


⚠ ЕСКЕРТУ

Артқы орындықты жию

Жолаушылар, үй жануарлары отырған немесе жүк орналасқан артқы орындықтарды бүктеуге болмайды.

Бұл жолаушылар мен жануарларды жарақаттауы немесе жүкті зақымдауы мүмкін.

Шынтақтаяныш



Шынтақтаяныш артқы орындықтың ортасында орналасқан. Оны пайдалану үшін шынтақтаянышты орындық арқалығынан төмен түсіріңіз.

Жолаушының артқы орындықта отыруы туралы ескерту жүйесі (артқы орындықтар)

Бар болса

Бұл функция жүргізушіге көліктен шыққан кезде артқы орындықтарда жолаушылардың қалғанын ескертеді. Егер сіз артқы орындықта жолаушы болған кезде есікті ашсаңыз, аспаптар тақтасында бірінші ескерту пайда болады. Егер сіз барлық есікті құлыптағаннан кейін артқы орындықта қозғалыс анықталса, екінші ескерту пайда болады.

Көліктен шықпас бұрын артқы орындықтарда жолаушылардың бар-жоғын тексеріңіз.

Толығырақ 5-тараудың «Артқы орындықта жолаушының болуы туралы жетілдірілген ескерту жүйесі (ROA)» бөлімін қараңыз.


Бассүйегіш

Автокөліктің алдыңғы және артқы орындықтары реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған. Бассүйегіштер жолаушыларды жайлылықпен қамтамасыз етеді, бірақ олар негізінде жолаушыларды апат жағдайында, әсіресе бағыттас соқтығыс (артынан соғу) кезінде, қамшылық жарақат пен өзге омыртқа не мойын жарақаттарынан қорғайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін азайту үшін (апат болған жағдайда) бассүйегіштерді реттеу кезінде келесі сақтық шараларын қолдану қажет.


- Көлік құралымен жолға шықпас бұрын барлық жолаушы орындықтарының бассүйегіштерін реттеп алу керек.
- Бассүйегішті алып тастап немесе қарама-қарсы бағытта орналастырып жол жүруге тыйым салынады.



- Бассүйегішті бассүйегіштің ортаңғы бөлігі көз биіктігінде орналасатындай баптау керек.
- Көлік құралы қозғалып бара жатқанда жүргізуші орындығының бассүйегішін реттеуге БОЛМАЙДЫ.

- Бассүйегіш жолаушының басына мүмкіндігінше жақын орналасуы тиіс. Адамның денесін орындықтың арқалығынан алшақтататын жастықшаларды қолданбаңыз.
- Реттеп болған соң, бассүйегіштің қажетті күйде бекітіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ



Артқы орындықта болған кезде бассүйегішті ең төменгі күйге орнатпаңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер артқы орындықта жолаушылар болмаса, бассүйегішті ең төменгі күйге орнатыңыз. Артқы орындықтың бассүйегіші артқы көріністі нашарлатуы мүмкін.


Ескертпе

Зақымдардың алдын алу үшін бассүйегішті соғып тартпаған дұрыс.

Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштері



Жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдыңғы орындықтар реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған.



Биіктік бойынша реттеу

Бассүйегішті көтеру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Бассүйегішті қажетті күйге (1) көтеріңіз.

Бассүйегішті түсіру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.


1. Бассүйегіш тіреуіндегі бекіткіш (2) түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Бассүйегішті қажетті күйге (3) төмен түсіріңіз.

Ескертпе



Орындық арқалығын алға еңкейткен кезде орындық көпшігі мен бассүйегіш көтеріңкі күйде болғанда, бассүйегіштің күнқағармен немесе көлік құралының өзге интерьер элементтерімен жанасып тұруы әбден мүмкін.

А типі



В типі



Шешіп алу/орнату


Бассүйегішті шешіп алу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Орындық арқалығын (2) иінтірекпен немесе арқалық еңкіштігін ауыстырып қосқышпен (1) еңкейтіңіз.
2. Бассүйегішті ең шеткі жоғарғы күйге көтеріңіз.
3. Бассүйегіштің бекіткіш түймесін (3) басып, бір уақытта бассүйегішті жоғары тартыңыз (4).

⚠ ЕСКЕРТУ

Бассүйегіші алынған орындыққа ешкімге отырып жүруге ЕШҚАШАН рұқсат етпеңіз.

A типі



B типі




Бассүйегішті орнату үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Орындық арқалығын еңкейтіңіз.
2. Бассүйегіш тіреулерін (2) саңылауларға орнатып, дәл сол уақытта бекіткіш (1) түймесін басыңыз.
3. Бассүйегішті қажетті биіктікке орнатыңыз.
4. Орындық арқалығын (4) иінтірекпен немесе арқалық еңкіштігін ауыстырып қосқышпен (3) еңкейтіңіз.


⚠ ЕСКЕРТУ

Бассүйегішті тиісті түрде қайта орнатып, баптап алған соң, оның өз орнына бекітілетініне көз жеткізіңіз.

Артқы орындықтардың бассүйегіштері



Жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін артқы орындықтар бассүйегіштермен жабдықталған.




Биіктік бойынша реттеу

Бассүйегішті көтеру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Бассүйегішті қажетті күйге (1) көтеріңіз.

Бассүйегішті түсіру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.


1. Бассүйегіш тіреуіндегі бекіткіш (2) түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Бассүйегішті қажетті күйге (3) төмен түсіріңіз.



Шешіп алу/орнату

Бассүйегішті шешіп алу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Бассүйегішті ең шеткі жоғарғы күйге көтеріңіз.
2. Бассүйегіштің бекіткіш түймесін (1) басып, бір уақытта бассүйегішті жоғары тартыңыз (2).



Бассүйегішті орнату үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Бекіткіш түймесін басыңыз (1) және оны ұстап тұрып, бассүйегіштің өзектерін тесіктерге салыңыз (2).
2. Бассүйегішті қажетті биіктікке орнатыңыз.

Орындық жылытқыштары

Бар болса

Орындықтардың жылытқыштары суық ауа райында орындықтарды жылытуға арналған.

Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы қажет етілмесе, орындық жылытқыштары өшіп тұруы керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Орындықтардың жылытқыштары тіпті төмен температурада, әсіресе ұзақ қолданған жағдайда, АУЫР КҮЙІКТЕРГЕ себеп болуы мүмкін.

Жолаушылар орындықтың тым ыстық болып кеткенін сезе алып, жылытқышты уақытылы өшіріп қоятын күйде болуы тиіс.

Температураның өзгерісін немесе терінің ауырсынуын анықтай алмайтын адамдар ерекше сақтық танытуы тиіс. Бұл әсіресе келесі жолаушыларға қатысты:

- Сәбилер, балалар, қарт адамдар немесе қабілетсіз тұлғалар, сондай-ақ жақында үйіне шығарылған науқастар.
- Терісі сезімтал адамдар.
- Қажыған адамдар.
- Уланған адамдар.
- Қалғу мен ұйқышылдықты туғызатын медициналық препараттар әсеріндегі адамдар.

⚠ ЕСКЕРТУ

Орындықтың жылытқышынан (мысалы, төсек жапқыш немесе жастық) жылу тасымалдауға кедергі келтіруі мүмкін заттарды орындыққа қоймаңыз. Бұл орындық жылытқышының қызып кетуіне әкеліп, күйіктің немесе орындықтың зақымдануының себебі болуы мүмкін.

Ескертпе

Орындықтар мен орындық жылытқыштарына зақым келтірмеу үшін келесі ақпаратты қараңыз.

- Орындықтарды тазалау үшін бояу сұйылтқыштарды, бензол, спирт және бензин сияқты еріткіштерді қолдануға тыйым салынады.
- Жылытқышы бар орындыққа ауыр не өткір заттарды қоймаған жөн.
- Орындықтардың қаптарын ауыстырмаған жөн. Бұл жағдайда орындықтарды жылыту жүйесінің қыздыру элементтері зақымдалуы мүмкін.

Алдыңғы орындық (A типті)



Алдыңғы орындық (B типті)



Артқы орындық




Қозғалтқыш істеп тұрғанда жүргізуші не жолаушы орындығының жылытқышын қосыңыз.

Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы қажет етілмесе, ажыратқыштарды «өшірулі» күйіне орнату керек.


- Температураны қолмен реттеу

  Ажыратқышты басқан сайын орындықтың температура режимі былайша өзгереді:

  – Алдыңғы орындық




  – Артқы орындық




- Температураны автоматты түрде реттеу

  ON (ҚОС) түймесін қолмен қосқан соң, орындық жылытқышы төмен температуралық күйіктердің алдын алуы үшін орындық температурасын автоматты түрде басқаруды бастайды.

  – Алдыңғы орындық



  - Артқы орындық



  «HIGH» (жоғары) температура мәнін қайтадан қолмен таңдасаңыз, температура автоматты түрде басқарылады.

- Егер жылытқыш істеп тұрғанда ауыстырып-қосқышты 1,5 секундтан астан уақыт басып тұрсаңыз, орындық жылытқышы өшеді.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосу) күйінде болғанда, орындықты жылыту жүйесі әдепкі бойынша «OFF» (Өшір.) күйіне ауысады.
- Жалпы жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығы үшін) (бар болса)

  – Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде орындықты жылыту функциясы қоршаған ортаның температурасына және климат-контрольдің белгіленген температурасына байланысты орындық температурасын автоматты түрде реттейді. Егер орындық жылытқышының ажыратқышы басылса, орындық жылытқышын қолмен басқару керек.

  Бұл функцияны пайдалану үшін оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы «Settings» (Баптаулар) мәзірінен қосу керек.

  – Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосулы) күйінде болғанда, орындықты жылыту жүйесі әдепкі бойынша «OFF» (Өшірулі) күйіне ауысады. Дегенмен, жалпы жайлылық деңгейін автоматты бақылау функциясы қосылған болса, жүргізушінің орындық жылытқышы қоршаған орта температурасына және берілген климат-контроль температурасына байланысты қосылады және өшіріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін автокөлікпен бірге жеткізілетін бөлек ақпараттық ойын-сауық нұсқаулығын қараңыз.


i Ақпарат

Егер жылыту жүйесінің ауыстырып-қосқышы «ON» (Қосулы) күйінде болса, орындықтарды жылыту жүйесі орындықтардың температурасына байланысты автоматты түрде өшеді немесе қосылады.


Орындық желдеткіші

Бар болса

A типі



B типі



Орындықтарды желдету жүйесі орындықтардың көпшіктері мен арқалықтарының бетіндегі шағын желдеткіш саңылаулары арқылы ауа жіберіп, алдыңғы орындықтарды салқындатады.

Егер орындықтарды желдету жүйесінің жұмысы қажет болмаса, онда ауыстырып қосқыштарды ажыратып қою керек.


Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының орындығын салқындату үшін ауыстырып-қосқышты басыңыз (бар болса).

Ескертпе

Орындықтардың желдету жүйесіне зақым келтірмеу үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

- Орындықтарды тазалау үшін бояу сұйылтқыштарды, бензол, спирт және бензин сияқты еріткіштерді қолдануға тыйым салынады.
- Сұйықтықтардың алдыңғы орындықтарға тиіп кетуіне жол бермеңіз, бұл ретте желдеткіш саңылаулар бұғатталып, жүйенің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Орындықтардың астына полиэтилен пакеттер немесе газеттер сияқты заттарды қоймаңыз. Олар ауаның кіруін бұғаттап, желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне жол бермейді.
- Орындықтардың қаптарын ауыстырмаған жөн. Бұл орындықтарды желдету жүйесін зақымдауы мүмкін.
- Егер желдету жүйесі жұмыс істемесе, қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер ештеңе өзгермесе, көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу керек.

- Түймені басқан сайын ауа ағыны күші былайша өзгереді:



- Егер орындықтарды желдету жүйесі істеп тұрғанда ауыстырып-қосқышты 1,5 с астам уақыт басып тұрса, жүйе өшеді.
- Әдепкі бойынша, оталдыру жүйесі қосылғаннан кейін орындықтарды желдету жүйесінің ауыстырып-қосқышы ашық күйде болады.

- Жалпы жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығы үшін) (бар болса)
  - Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде орындықтарды желдету функциясы қоршаған ортаның температурасына және климат-контрольдің белгіленген температурасына байланысты орындық температурасын автоматты түрде реттейді. Егер орындықтарды желдету ажыратқышы басылса, жүйені қолмен басқару қажет болады.

    Бұл функцияны пайдалану үшін оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы «Settings» (Баптаулар) мәзірінен қосу керек.
  - Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырған кезде орындықтарды желдету жүйесі «OFF» (Өшірулі) күйіне өтеді. Дегенмен, Auto Comfort Control (Жайлылықты автоматты басқару) қосулы болса, орындықтарды желдету жүйесі қоршаған орта температурасы мен белгіленген климат-контроль температурасына байланысты қосылады және өшіріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін автокөлікпен бірге жеткізілетін бөлек ақпараттық ойын-сауық нұсқаулығын қараңыз.

Қауіпсіздік белбеулері

Бұл тарауда қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану сипаттамасы берілген. Оған қоса, қауіпсіздік белбеулерін қолданған кезде рұқсат етілмеген кейбір әрекеттер де келтірілген.

Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі сақтық шаралары

Жол жүрмей тұрып қауіпсіздік белдігін тағып, барлық жолаушының қауіпсіздік белдіктерін тағып алғанына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белдіктеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды. Көптеген елдерде көлік құралындағы адамдардың барлығынан қауіпсіздік белбеулерін тағу талап етіледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлік қозғалып бара жатқанда БАРЛЫҚ жолаушының қауіпсіздік белдіктері тағылып тұруы тиіс. Қауіпсіздік белдіктерін реттеп, таққан кезде келесі шараларды орындау керек:

- 13 жасқа дейінгі балаларды қауіпсіздік белдігін дұрыс тағып, артқы орындықта тасымалдау керек.
- Егер қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, балаларды алдыңғы орындықта тасымалдауға тыйым салынады. Баланы алдыңғы орындыққа отырғызғанда, орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытыңыз. Бала әрқашан қауіпсіздік белдігін тағуы тиіс.
- Жолаушының тізесінде балаларды немесе сәбилерді тасымалдауға болмайды.

- Орындықтың арқалығы шалқайып тұрғанда автокөлікпен жол жүруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Балаларды бір орындыққа отырғызуға немесе бір белдікті тағуға тыйым салынады.
- Иық белдігін қол астынан не арқасынан өткізуге тыйым салынады.
- Қауіпсіздік белдігін сынғыш заттардың үстінен тағуға болмайды. Кенеттен тежеген не соқтығысқан жағдайда олар белбеумен зақымдануы мүмкін.
- Ширатылған қауіпсіздік белдігін қолдануға болмайды. Ширатылған қауіпсіздік белбеуі апат жағдайында тиісті қорғаныспен қамтамасыз етпейді.
- Зақымдалған қауіпсіздік белдігін қолдануға болмайды.
- Қауіпсіздік белдігінің тілін басқа орындықтың айылбасына тағуға болмайды.
- Қауіпсіздік белдігін жүріс барысында ағытуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Айылбаста қауіпсіздік белдігін бекіту механизміне кедергі келтіретін заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз, себебі айылбастағы кез келген заттар қауіпсіздік белдігінің нық тағылмауына әкелуі мүмкін.
- Автокөлік иесіне құрылымға, қауіпсіздік белдігінің салбырауын болдырмау бойынша белдікті тарту құрылғысының қалыпты жұмысына кедергі жасайтын, не болмаса белдіктің тартылып тұруын баптауға кедергі келтіретін өзгерістерді немесе толықтыруларды жасауға тыйым салынады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Зақымдалған қауіпсіздік белбеулері мен тарту механизмдері тиісті түрде жұмыс істемейді. Мыналарды ауыстыру керек:

- Тозған, ластанған не зақымданған бауларды.
- зақымданған бөлшектерді.
- Апаттан соң, тіпті көзге көрінетін зақымдар жоқ болса да, жинақтағы бүкіл қауіпсіздік белбеулері жүйесін ауыстыру керек.

Қауіпсіздік белдігінің ескерту шамы

Жолаушының қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескерту

Аспаптар панелі



Жүргізушіге ескерту ретінде, жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы белбеудің тағылған-тағылмағанына қарамастан оталдыру жүйесін «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырған сайын шамамен 6 секунд жанады.

Егер көлікті қауіпсіздік белбеуін тақпай айдай бастасаңыз, қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеуін шешсеңіз және сол сәтте электромобильдің жылдамдығы 20 км/сағ (12 миля/сағ) аз болса немесе электромобильді тоқтатсаңыз, ескерту шамы қосылады.

Егер көлікті қауіпсіздік белбеуін тақпай айдай бастасаңыз немесе 20 км/сағ (12 миля/сағ) және одан жоғары жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белбеуін шешсеңіз, онда шамамен 100 секундқа қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын білдіретін дыбыс сигналы қосылады және ескерту шамы жыпылықтайды.

Егер 20 км/сағ (12 миль) жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белдігін шешсеңіз, тиісті ескерту шамы қосылады.

Егер жылдамдық 20 км/сағ (12 миля/сағ) немесе одан да көп болса, ескерту шамы жыпылықтайды және дыбыс сигналы 100 секунд ішінде беріледі.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігін тақпағаны туралы сигнал

Алдыңғы жолаушыға ескерту ретінде, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігінің ескерту шамы белдіктің тағылған-тағылмағанына қарамастан оталдыру жүйесін «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырған сайын шамамен 6 секунд жанады.

Егер көлікті қауіпсіздік белбеуін тақпай айдай бастасаңыз, қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеуін шешсеңіз және сол сәтте электромобильдің жылдамдығы 20 км/сағ (12 миля/сағ) аз болса немесе электромобильді тоқтатсаңыз, ескерту шамы қосылады.

Егер көлікті қауіпсіздік белбеуін тақпай айдай бастасаңыз немесе 20 км/сағ (12 миля/сағ) және одан жоғары жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белбеуін шешсеңіз, онда шамамен 100 секундқа қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын білдіретін дыбыс сигналы қосылады және ескерту шамы жыпылықтайды.

Егер автокөлікті жүргізу кезінде қауіпсіздік белдігі тағылса, онда жылдамдық 20 км/сағ (12 миль/сағ) аз болған кезде тиісті ескерту шамы қосылады. Егер жылдамдық 20 км/сағ (12 миля/сағ) немесе одан да көп болса, ескерту шамы жыпылықтайды және дыбыс сигналы 100 секунд ішінде беріледі.


⚠ ЕСКЕРТУ

Егер қозғалыс кезінде алдыңғы жолаушылар орындығының қауіпсіздік белдігі дұрыс орналаспаса, қауіпсіздік белдіктерінің тағылмағаны туралы ескерту жүйесінің жұмысында қате болуы мүмкін. Жүргізуші жолаушыға осы нұсқаулықта көрсетілген автокөлікке отыру ережелерін айтуы маңызды.

i Ақпарат

- Алдыңғы жолаушы орындығы бос болғанына қарамастан, қауіпсіздік белдігінің ескерту шамы 6 секундтай жыпылықтайды немесе жанады.
- Алдыңғы қатардағы жолаушы орындығы үшін қауіпсіздік белдігін тағу қажеттілігі туралы ескерту сол орынға жүк қойған жағдайда да іске қосылады.

Артқы қатардағы қауіпсіздік белдігінің тағылмағаны туралы сигнал



Сол және оң жақ артқы бүйірлік орындықтар үшін

Артқы жолаушыға ескерту ретінде, артқы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы белбеудің тағылған-тағылмағанына қарамастан оталдыру жүйесін «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырған сайын шамамен 6 секунд жанады.

Егер белдікті тақпай жүре бастасаңыз немесе 20 км/сағ (12 миль/сағ) төмен жылдамдықпен жүру кезінде белдікті шешсеңіз, қауіпсіздік белдігі тағылмайынша тиісті ескерту шамы жанып тұрады.

Егер көлікті қауіпсіздік белбеуін тақпай айдай берсеңіз немесе 20 км/сағ (12 миля/сағ) кем емес жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белбеуін шешсеңіз, онда шамамен 35 секунд ішінде қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын білдіретін дыбыс сигналы беріледі және тиісті ескерту шамы жыпылықтайды.

Егер 20 км/сағ (12 миль) жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белдігін шешсеңіз, тиісті ескерту шамы қосылады.

Егер жылдамдық 20 км/сағ (12 миля/сағ) немесе одан да көп болса, ескерту шамы жыпылықтайды және дыбыс сигналы 35 секунд ішінде беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер артқы жолаушылар орындығының қауіпсіздік белдігі қозғалыс кезінде дұрыс орналаспаса, қауіпсіздік белдіктердің тағылмағаны туралы ескерту жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүргізуші жолаушыға осы нұсқаулықта көрсетілген автокөлікке отыру ережелерін айтуы маңызды.

i Ақпарат

- Артқы жолаушылар орындығы бос болмаса да, тағылмаған қауіпсіздік белдігінің шамы 6 секунд ішінде жыпылықтайды немесе жанады.
- Егер бұл жерде жүк, ноутбук немесе басқа электронды құрылғы болса, артқы жолаушының қауіпсіздік белдігін тағу қажеттілігі туралы ескерту , іске қосылуы мүмкін.

Орталық артқы орындық үшін

Артқы жолаушыға ескерту ретінде, артқы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы белбеудің тағылған-тағылмағанына қарамастан оталдыру жүйесін «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырған сайын шамамен 6 секунд жанады.

Оталдыру жүйесін ауыстыру қосу («ON») күйіне ауыстырған кезде қауіпсіздік белдігі тағылмаса, қауіпсіздік белдігінің ескерту шамы шамамен 70 секундқа қосылады.


Егер қозғалысты қауіпсіздік белдігін тақпай бастасаңыз немесе қозғалыс кезінде қауіпсіздік белдігін шешсеңіз және бұл кезде автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ (12 миль/сағ) аз болса, тиісті ескерту шамы шамамен 70 секунд бойы жанып тұрады.

Егер көлікті қауіпсіздік белбеуін тақпай айдай берсеңіз немесе 20 км/сағ (12 миля/сағ) кем емес жылдамдықпен жүру кезінде қауіпсіздік белбеуін шешсеңіз, онда шамамен 35 секунд ішінде қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын білдіретін дыбыс сигналы беріледі және тиісті ескерту шамы жыпылықтайды.

10 км/сағ (6 миль/сағ) төмен жылдамдықпен қозғалып келе жатқанда артқы есікті ашсаңыз немесе жапсаңыз, жылдамдық 20 км/сағ (12 миль/сағ) асса да ескерту шамы мен сигнал беру жүйесі жұмыс істемейді.

Қауіпсіздік белбеулері жүйесі


⚠ ЕСКЕРТУ



Қауіпсіздік белбеуін тиісті түрде реттемеу апат жағдайында ауыр жарақат алу қаупін арттырады. Қауіпсіздік белдіктерін реттеген кезде келесі сақтық шараларды қолдану керек.


- Қауіпсіздік белдігінің белдік бөлігін, белге емес, қолайлы болатындай саннан мүмкіндігінше төменірек орналастырыңыз. Бұл соқтығыс кезінде ішкі жарақаттар ықтималдығын азайтып, мықты жамбас сүйектерімен соққы күшін қатты сезбеуге мүмкіндік береді.
- Суретте көрсетілгендей бір қолыңызды иық белдігінің астына, екіншісін белдіктің үстіне қойыңыз.
- Иық бауының бекітпесі тиісті биіктікте бекітілуі тиіс.
- Иық бауын мойын не бет арқылы өткізуге болмайды.

Бел-иық қауіпсіздік белдігі



Қауіпсіздік белдігін тағу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

Белдікті тартқыш құрылғыдан тартып, металл тілді (1) айылбасқа (2) салу керек. Тіл айылбасқа бекітілгенде сырт еткен дыбыс естіледі.



Белдіктің бел бөлігі (1) жамбасқа, ал иық бөлігі (2) кеудеге жанасуы керек.

Қауіпсіздік белдігінің ұзындығы бел бөлігі жамбасқа тығыз жанасу үшін қолмен реттелгеннен кейін автоматты түрде реттеледі. Бірқалыпты, баяу алға қарай еңкейген кезде белбеу ұзындығы тиісінше ұлғаяды.

Кенеттен тежеген не соқтығысқан кезде белбеу ағымдағы күйде бұғатталады. Белбеу тым алға қарай кенеттен еңкейген кезде де бұғатталады.

Ескертпе

Егер тартқыш құрылғыдан белбеудің қажетті ұзындығы тартылмаса, белбеуді қатты тартып, жіберу керек. Жіберген соң, белбеуді қажетті ұзындыққа бірсарынды тартуға болады.

Биіктікті реттеу

Максималды жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін иық бауын бекіту биіктігін төрт күйдің біріне реттеуге болады.

Иық бау мойыннан емес, кеуде мен иық ортасынан есік жағынан өтуі керек.


Алдыңғы орындық



Қауіпсіздік белдігі бекітпесінің биіктігін реттеу үшін биіктік реттегішін қажетті күйге келтіру керек.

Биіктік реттегішін көтеру үшін оны жоғары қарай жылжытыңыз (1). Бекіткішті түсіру үшін (2) түймесін басып тұрып, оны төмен қарай жылжытыңыз (3).

Бекіткішті бекіту үшін түймені жіберіңіз. Оның орнында екеніне көз жеткізу үшін биіктік реттегішін жылжытып көріңіз.




Қауіпсіздік белдігін шешу үшін келесі қадамдарды орындау керек.

Қауіпсіздік белдігі айылбасындағы ағыту (1) түймесін басыңыз.

Шешілгеннен кейін белбеу кергішке автоматты түрде оралуы керек. Егер белбеу кергішке оралмаса, белдіктің ширатылмағанын тексеріп, әрекетті қайталаңыз.

Орталық артқы орындықтың қауіпсіздік белдігі (3 нүктелі орталық артқы орындықтың қауіпсіздік белдігі)




1. Орындық пен арқалық жастықтардың арасында орналасқан құлыпты [B] шығарыңыз.
2. Металл пластинаны [A] айылбасқа [B] сырт еткен дыбыс шыққанша салыңыз.

   Қауіпсіздік белдігінің бауын тарту арқылы белдіктің сенімділігін тексеруге болады. 3 нүктелі қауіпсіздік белдігі үшін CENTER (Центр) деп белгіленген айылбасты пайдалану керек.
3. Қауіпсіздік белдігін шешкеннен кейін құлыпты орындық пен арқалық жастықтарының арасына қойыңыз.

Алдын ала керу құрылғысы бар қауіпсіздік белдіктері

Бар болса



Автокөлік жүргізуші мен алдыңғы жолаушының алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған (тартқыш құрылғының алдын ала тартқышы). Алдын ала тартқыш белгілі бір маңдайлық немесе бүйірлік соқтығысулар кезінде жүргізушінің немесе жолаушының денесінің жоғарғы жағына қауіпсіздік белдігінің тығыз жанасуын қамтамасыз етуге арналған. Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары ауыр маңдайлық немесе бүйірлік соқтығысу кезінде қауіпсіздік жастықтарымен бір уақытта іске қосылуы мүмкін.

Кенеттен тежеген кезде, не болмаса кенет қозғалып алға еңкейген кезде, қауіпсіздік белдігінің тартқыш құрылғысы ағымдағы күйде бұғатталып қалады.

Нақты маңдайлық соқтығысу кезінде тартқыш іске қосылады және қауіпсіздік белдігін көлік құралындағы жүргізуші не жолаушы денесімен тығыз жанасқанға дейін тартады.

Егер алдын ала тартқыш іске қосылған кезде жүйе жүргізушінің немесе жолаушының қауіпсіздік белдігінің шамадан тыс керілуін анықтаса, онда тартқыш құрылғыдағы алдын ала тартқышта орналасқан жүктеме шектегіші тиісті белдіктің керілуін сәл босатады (жүктеме шектегіші болған кезде).

⚠ ЕСКЕРТУ


- Белдікті әрқашан тағып, орындықта тиісті түрде отыру керек.
- Ширатылған немесе денеде бос тұрған қауіпсіздік белдігін пайдалануға болмайды. Ширатылған немесе босап қалған қауіпсіздік белдігі апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.
- Қауіпсіздік белдігі тоғасының қасына ешнәрсе қоймаңыз. Ол жағдайда бұл тоға функциясын бұзуы мүмкін.
- Апат жағдайында не іске қосылған алдын ала тарту құрылғысын ауыстыру керек.
- Алдын ала тартқыштарды өз бетінше тексеруге, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге немесе ауыстыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Алдын ала тартқыштарды тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу немесе ауыстыру жұмыстарын ресми HYUNDAI дилерінде жүргізу ұсынылады.
- Жинақтағы қауіпсіздік белдігінің механизмін соққыға ұшыратпау керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарын қосылғаннан кейін бірнеше минуттай қолмен ұстамаңыз. Қауіпсіздік белдіктерін алдын ала тарту механизмдері іске қосылған кезде жоғары температураға дейін қызады және күйдіруі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Көлік құралының алдыңғы бөлігіндегі шанақ жұмыстары қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы жүйесінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл жүйені ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.



Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белдіктері жүйесі төменде көрсетілген компоненттерден тұрады. Олардың орналасқан орындары жоғарыдағы суретте көрсетілген.

(1) Қауіпсіздік жастықтарының сигнал шамы

(2) Тартушы алдын ала тартқыш

(3) SRS жүйесін басқару модулі

Ескертпе

SRS басқару модулін іске қосатын датчик қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарымен де байланысқан. Аспаптар панеліндегі SRS қауіпсіздік жастықтарының ескерту шамы «Engine Start/Stop» түймесін қосқан кезде шамамен 3–6 секундқа жанып, содан соң сөнеді.

Алдын ала тартқыш ақаулы болғанда шам қауіпсіздік жастығы ақаусыз күйде болғанның өзінде де жанып тұра береді. Жарық шамы қосылмаса, сөнбесе немесе автокөлік қозғалғанда жанып тұрса, қауіпсіздік белдіктерін алдын ала тарту құрылғысын және/немесе SRS басқару блогын HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

i Ақпарат

- Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары белгілі бір маңдайлық немесе бүйірлік соқтығысу кезінде немесе көлік құралы аударылған жағдайда (аударылу датчигі орнатылған болса) іске қосылуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белдіктерін алдын ала тарту құрылғысы іске қосылғанда қатты шу шығып, салонда ұсақ шаң мен түтін пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай болып саналады және қауіп төндірмейді.
- Бұл шаң улы болмаса да, теріге тиген жағдайда ол тітіркенуді туғызады және онымен ұзақ уақыт дем алмау керек. Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарының іске қосылуына әкелген апаттан кейін, шаң әсеріне шалдыққан тері бөліктерін сумен мұқият жуып-шаю керек.

Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін пайдалану

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін әрқашан пайдалану керек. Болашақ баланы қорғаудың үздік тәсілі өзіңді қауіпсіздік белбеуін тағып қорғау болып табылады.

Жүкті әйелдер әрқашан бел-иық қауіпсіздік белдіктерін пайдалануы керек. Ол үшін иық бауын мойыннан мүмкіндігінше алыстатып, омырау арқылы өткізу керек. Бел бауын, құрсақтың жұмырланған бөлігі астынан сан мен жамбас сүйегін қамтитындай, құрсақ астына орналастыру керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Көлікті кенет тоқтатқан кезде немесе апат нәтижесінде жүкті әйел немесе науқас адам ішін соғып алуы мүмкін. Егер жүктілік кезінде апатқа ұшырасаңыз, дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Апат жағдайында болашақ баланың ауыр жарақаттану немесе өліп кету қаупін азайту үшін жүкті әйелдер қауіпсіздік белдігінің белдік бөлігін болашақ бала жатқан құрсақтан жоғары не құрсақ үстінен орналастырмауы тиіс.

Қауіпсіздік белбеуін балаларға тағу

Сәби және кішкентай бала

Көптеген елде заң бойынша баланы ұстап тұрушы жүйелер мен балаларды тасымалдауға арналған қосымша жастықтар қолданылады. Түрлі елдерде баланы ұстап тұрушы жүйелердің орнына қауіпсіздік белдіктері қолданылатын жас әртүрлі болуы мүмкін, сол себепті белгілі бір елдің нақты талаптарын білу керек. Сәбилерге арналған баланы ұстап тұрушы жүйе артқы орындыққа тиісті түрде орнатылуы керек.

Осы тараудың «Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ)» бөлімін қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Нәрестелер мен кішкентай балалар үшін баланың бойы мен салмағына сәйкес келетін баланы ұстап тұрушы жүйелер ӘРҚАШАН қолданылуы керек.

Жол-көлік оқиғасы кезінде ауыр дене жарақаттарының қаупін азайту үшін баланы қолыңызда немесе тізеңізге отырғызып тасымалдауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Апат кезінде үлкен күш жұмсалады, сондықтан қолыңыздан ұшып кеткен бала автокөліктің ішкі бөліктеріне соғылуы мүмкін.

Кішкентай балаларды артқы орындықта қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін баланы ұстап тұрушы жүйені тиісті түрде тағып жарақаттан жақсы қорғауға болады. Баланы ұстап тұрушы жүйені сатып алмас бұрын, оның қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес сертификатталғанына көз жеткізіңіз.

Баланы ұстап тұрушы жүйе баланың бойы мен салмағына сәйкес болуы тиіс. Бұл туралы ақпаратты жапсырмадан оқуға болады. Осы тараудың «Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ)» бөлімін қараңыз.

Үлкен балалар

Қосымша жастықтарды енді қолдана алмайтын 13 жасқа дейінгі балалар әрқашан артқы орындыққа отыруы керек және штаттық бел-иық белдіктерін қолдануы керек. Қауіпсіздік белбеуі баланың денесін тиісті түрде ұстап тұруы үшін санның жоғарғы бөлігін, иық пен кеудені қамтуы керек. Белдіктің жарамдылығын үнемі тексеріп отыру керек. Бала қозғалған кезде белбеу жылжып кетуі мүмкін. Апат орын алған жағдайда артқы орындықта тиісті баланы ұстап тұрушы жүйе тағылған балалардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Егер 13 жастан үлкен жасөспірімге алдыңғы орындыққа отыруға тура келсе, ол қауіпсіздік белдігінің штаттық бел және иық бөліктерін тағып отыруы, ал орындық шеткі артқы күйге келтірілуі тиіс.

Егер белдіктің иық бөлігі баланың мойнына немесе бетіне сәл тиіп тұрса, оны автокөліктің ортасына қарай жылжытып көріңіз. Егер иық бау әлі де бетіне не мойнына тиіп тұрса, тиісті бустер-орындықты қолдану керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Әрқашан үлкен балалардың қауіпсіздік белдігінің тағылғанын және дұрыс реттелгенін тексеру керек.
- Иық бау баланың мойнына не бетіне тимей ТҰРУЫ КЕРЕК.
- Қауіпсіздік белдігін бірнеше балаға тағуға болмайды.

Қауіпсіздік белбеуін пайдалану және жарақаттанған адамдар

Жарақаттанған адамды тасымалдаған кезде қауіпсіздік белбеуін пайдалану керек. Нақты кеңестер алу үшін дәрігерге хабарласу керек.

Бір адамға бір белдік

Екі адамға (баланы қоса алғанда) бір белдікті тағуға тыйым салынады. Бұл жағдайда апат кезінде ауыр жарақат алу ықтималдығы артады.

Жатуға болмайды

Орындық арқалығы қайрылған жағдайда көлік құралын басқару қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеуі мен қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері жамбас пен кеудеге жанасып тұруы керек.

Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты шалқайып тұрса, жолаушы саны қауіпсіздік белбеуінің астында қозғалуы немесе жолаушының мойны иық бауына ұрынуы ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Орындықтың арқалығы шалқайып тұрғанда автокөлікпен жол жүруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Орындық арқалығы қайрылып тұрғанда көлік құралын басқару соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.
- Жүргізушілер мен жолаушылар орындықтарда ӘРҚАШАН тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белдіктерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде күту

Қауіпсіздік белдіктерінің жүйесін бөлшектеуге не модификациялауға тыйым салынады. Қауіпсіздік белбеулері мен олардың компоненттерін орындық ілмектерімен, есіктермен және т.б. зақымдап алмау үшін сақтық шараларын орындау қажет.

Мерзімді тексеріс

Барлық қауіпсіздік белбеулерін тозық пен зақымның бар-жоғына мерзімді түрде тексеріп тұру керек. Зақымдалған бөлшектерді мүмкіндік туа салысымен ауыстыру керек.

Белбеулер таза әрі құрғақ болуы тиіс.

Қауіпсіздік белдіктері таза және құрғақ болуы керек. Белдіктер ластанған кезде оларды әлсіз сабын ерітіндісімен және жылы сумен тазалауға болады. Ағартқышты, бояуды, қатты жуғыш заттарды немесе абразивтерді қолдануға болмайды, өйткені олар матаны зақымдауы және әлсіретуі мүмкін.

Қауіпсіздік белдіктерін ауыстыру

Апат жағдайында барлық қауіпсіздік белдіктерін толықтай ауыстыру керек. Бұны тіпті көзге көрінетін зақымдары жоқ болса да, орындау керек. Кеңесу алу үшін рұқсаты бар HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ)

Біздің кеңесіміз: Балалар ылғи артқы орындықтарда отыруы тиіс

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөліктегі балалар белдікті дұрыс тағулары керек. Барлық жастағы балаларды артқы орындықта тасымалдау қауіпсіз. Қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, ешбір жағдайда алдыңғы жолаушылар орындығына қозғалыс бағытына қарсы орнатылған бала автоорындығын орнатпаңыз.

Автокөліктегі 13 жасқа дейінгі балалар апат, кенет тоқтау немесе кенет маневр кезінде жарақат алу қаупін азайту үшін артқы орындыққа отырып, белдікті дұрыс тағулары керек.

Апаттар статистикасына сәйкес, алдыңғы орындықтарда отырғанға қарағанда, артқы орындықтардағы белбеу тағылған балаларға неғұрлым қауіпсіздік қамтамасыз етіледі. Егер баланы ұстап тұрушы жүйені пайдалану үшін бала тым үлкен болса, штаттық қауіпсіздік белбеулері қолданылуы тиіс.

Көптеген елдерде балаларды мақұлданған бала автоорындарында тасымалдауды талап ететін нормалар бар.

Түрлі елдерде баланы ұстап тұрушы жүйелердің орнына қауіпсіздік белдіктері қолданылатын жас немесе салмақ/бой әртүрлі болуы мүмкін, бұл жағдайда белгілі бір елдің нақты талаптарын білу керек.

Баланы ұстап тұрушы жүйелер орындықта тиісті түрде орналастырылуы және орнатылуы керек. Сіздің елде қабылданған талаптарға сәйкес келетін сатылымда бар бала автоорындықтарын пайдалану керек.

Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ)

Сәбилер мен кішкентай балалар автокөліктің орындығына қозғалыс бағыты бойынша немесе қозғалыс бағытына қарсы орнатылған тиісті баланы ұстап тұрушы жүйелерге бекітілуі керек. Баланы ұстап тұрушы жүйені орнату және пайдалану бойынша өндірушінің нұсқауларын оқып орындау керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Орнатып пайдаланған кезде әрқашан баланы ұстап тұрушы жүйені өндірушісінің нұсқауларын орындау керек.
- Балаға баланы ұстап тұрушы жүйені тиісті түрде тағып қою керек.
- Бесікті немесе орындық арқалығына орнатылатын балаға арналған қауіпсіздік орындығын қолдануға болмайды, себебі олар апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.
- Апаттан кейін баланы ұстап тұрушы жүйені, қауіпсіздік белдіктерін, анкерлік бекіткіштер мен жоғарғы сақтандырғыш ISOFIX анкерлік бекіткіштерін тексеру үшін HYUNDAI дилеріне жолығу керек.

Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау

Баланы ұстап тұрушы жүйені таңдағанда әрқашан төмендегілерге назар аударыңыз.


- Бала автоорындығында сіздің еліңіздің қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін растайтын таңбаның барына көз жеткізіңіз.

  Бала автоорындығы ECE-R44 немесе ECE-R129 талаптарына сәйкес сертификатталған жағдайда ғана автокөлікке орнатылуы мүмкін.
- Баланы ұстап тұрушы жүйені баланың бойы мен салмағына қарай таңдау керек. Бұл ақпарат әдетте заттаңбаларда және жүйені пайдалану нұсқаулығында беріледі.
- Таңдалған баланы ұстап тұрушы жүйе оны қолданатын көлік құралының орындықтарына сәйкес келуі керек.
- Орнатқан кезде баланы ұстап тұрушы жүйемен бірге берілген нұсқаулар мен ескертулер орындалуы тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйелердің түрлері

Бала автоорындығының үш негізгі түрі бар: қозғалыс бағытына қарсы бағдарланған бала автоорындығы, қозғалыс бағыты бойынша бағытталған бала автоорындығы және қосымша жастық.

Олар баланың жасы, бойы мен салмағына сәйкес жіктеледі.



Қозғалыс бағытына қарсы тұратын баланы ұстап тұрушы жүйе

Қозғалыс бағытына қарсы орналасатын баланы ұстап тұрушы жүйе баланың арқасы сүйенетін бет арқылы ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Белбеулер жүйесі баланы орнында ұстап тұрады, ал жол-көлік уақиғасы кезінде оны баланы ұстап тұрушы жүйеде ұстап тұрып, мойын мен омыртқаға түсетін салмақты азайтады.

Бір жасқа толмаған балалар қозғалыс бағытына қарсы тұрған баланы ұстап тұрушы жүйеде ғана орналасуы тиіс. Қозғалыс бағытына қарсы тұратын баланы ұстап тұрушы жүйелердің көптеген түрлері бар. Сәбилерге арналған баланы ұстап тұрушы жүйелер тек қозғалыс бағытына қарсы орналасуы тиіс. Артқа қарап тұрған баланы ұстап тұрушы жүйелер мен 3 функцияны қамтитын жүйелер үшін әдетте бой мен салмақ шегі көрсетіледі; бұл артқа қарап тұрған жүйелерде отырған балаларды ұзақ уақыт бойы тасымалдауға мүмкіндік береді.

Артқа қарап тұрған баланы ұстап тұрушы жүйелерді балалар өндіруші белгілеген бой мен масса шегіне сәйкес келгенше қолдана беріңіз.



Алға бағытталған баланы ұстап тұрушы құрылғылар

Қозғалыс бағыты бойынша бағытталған бала автоорындығы баланы белдіктердің көмегімен бекітеді. Баланы белдіктермен жабдықталған қозғалыс бағыты бойынша бағдарланған бала автоорындығында баланың бойы мен салмағы бала автоорындығының өндірушісі белгілеген шектеулерге жеткенше тасымалдау керек.

Баланың бойы өсіп, ол қозғалыс бағыты бойынша бағдарланған бала автоорындығына симағанда, оны қосымша жастықта тасымалдау керек.

Қосымша жастық

Қосымша жастық — бұл қауіпсіздік белдіктері жүйесін жақсырақ бекітуге арналған бала автоорындығы. Қосымша жастықты пайдаланған кезде қауіпсіздік белдіктері бала денесінің берік мүшелеріне жанаса отырып, дұрыс орналастырылады. Балаларды қауіпсіздік белдіктері дұрыс орналасуы үшін жеткілікті өскенше қосымша жастықта тасымалдау керек.

Қауіпсіздік белдігі дұрыс бекітілген кезде, бел белдігі іште емес, жамбастың жоғарғы жағында ыңғайлы орналасуы керек. Иық қауіпсіздік белдігі мойын не бет арқылы емес, иық пен кеуде қуысынан ыңғайлы өтуі тиіс. Автокөліктегі 13 жасқа дейінгі балалар апат, кенет тоқтау немесе кенет маневр кезінде жарақат алу қаупін азайту үшін балбеуді дұрыс тағулары керек.

Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату

⚠ ЕСКЕРТУ

Баланы ұстап тұрушы жүйені орнатпас бұрын: өндіруші ұсынған бала автоорындығын орнату және пайдалану нұсқауларын қарап шығыңыз және оларды орындаңыз.

Апат жағдайында нұсқаулар мен ескертулерді орындамау АУЫР ЖАРАҚАТТАРҒА немесе ӨЛІМГЕ себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер автокөліктің бассүйегіші бала орындығын дұрыс орнатуға кедергі жасаса, тиісті отыратын орынның бассүйегішін реттеу немесе толығымен алып тастау керек.

Балаңызға жарайтын бала автоорындығын таңдап, оны орындыққа орналастырғаннан кейін оны дұрыс орнату үшін үш қадамды орындау керек.

- **Баланы ұстап тұрушы жүйені көлік құралында тиісті түрде бекітіңіз.** Баланы ұстап тұрушы барлық жүйелер автокөліктің орындығына бел қауіпсіздік белдігімен немесе бел-иық қауіпсіздік белдігінің бел бөлігімен немесе жоғарғы белбеу және/немесе ISOFIX анкерлік бекіткішімен және/немесе тірек аяқпен бекітілгенін ескеріңіз.
- **Баланы ұстап тұрушы жүйенің дұрыс бекітілгенін тексеріңіз.** Баланы ұстап тұрушы жүйені орнатқаннан кейін оның мықтап бекітілгенін тексеру үшін оны алға қарай және жан-жаққа еңкейтуге әрекет жасау керек. Баланы ұстап тұрушы жүйе қауіпсіздік белбеуімен аса тығыз бекітілуі тиіс. Дегенмен ол жан-жаққа сәл жылжуы мүмкін.

  Бала автоорындығын орнатқан кезде автокөліктің орындығын және орындықтың арқалығын (көтерілуі және (немесе) алға-артқа жылжу қашықтығы) бала автоорындықта ыңғайлы отыратындай етіп реттеңіз.
- **Балаға баланы ұстап тұрушы жүйе белдігін тағыңыз.** Баланың өндірушінің нұсқауларына сәйкес баланы ұстап тұрушы жүйеде бекітіліп отырғанын тексеріңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жабық автокөліктегі баланы ұстап тұрушы жүйе қатты қызуы мүмкін. Күйік шалмауы үшін баланы ұстап тұрушы жүйеге баланы отырғызбай тұрып, орындық пен тоға бетін тексеріп шығу керек.

Қауіпсіздік белдіктерімен бекітілетін баланы ұстап тұрушы жүйелерді (БҰЖ) орналастыруға арналған әрбір отыратын орынның және ISOFIX бекіту жүйесі бар бала автоорындықтарының жарамдылығы БҰҰ нормаларына сәйкес анықталады

(Автокөлік иелері мен бала автоорындықтарының өндірушілеріне арналған ақпарат)

- Иә: көрсетілген санаттағы БҰЖ орнатуға жарамды
- Жоқ: көрсетілген санаттағы БҰЖ орнатуға жарамсыз
- «-» : Қолданылмайды
- Кесте рулі сол жақта орналасқан автокөліктер үшін жасалған. Алдыңғы жолаушы орындығын қоспағанда, кестедегі деректер рулі оң жақта орналасқан автокөліктер үшін жарамды. Рулі оң жақта орналасқан автокөліктердегі алдыңғы жолаушылар орындығы үшін № 3 отыратын орынға арналған ақпарат қолданылады.

БҰЖ санаты		Отыратын орындар						
		1	2	3		4	5 (3 нүктелі белбеу)	6
				Қауіпсіздік жастығы «ON» (Қосулы)	Қауіпсіздік жастығы «OFF» (Өшірулі)			
Бекіткіш белбеуі бар әмбебап БҰЖ	Барлық салмақ топтары	–	–	Жоқ	Иә[1] F, R	Иә F, R	Иә[2] F, R	Иә F, R
i-Size стандартты CRS	ISOFIX CRF: F2, F2X, R1, R2	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә F, R	–	Иә F, R
Тасымалды бесік (көлденең орнатылған ISOFIX бекітпесі бар бала автоорындығы)	ISOFIX CRF: L1, L2	–	–	Жоқ	Жоқ	Жоқ	–	Жоқ
Сәбилерге арналған ISOFIX бар БҰЖ* (*: Емшектегі балаға арналған ISOFIX бар БҰЖ)	ISOFIX CRF: R1	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә R	–	Иә R
Бүлдіршіндерге арналған ISOFIX автоорындықтары — кішкентай	ISOFIX CRF: F2,F2X, R2,R2X	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә F, R	–	Иә F, R
Бүлдіршіндерге арналған ISOFIX автоорындығы — үлкен* (* : қосымша жастық емес)	ISOFIX CRF: F3, R3	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә F, R	–	Иә F, R

БҰЖ санаты		Отыратын орындар						
		1	2	3		4	5 (3 нүктелі белбеу)	6
				Қауіпсіздік жастығы «ON» (Қосулы)	Қауіпсіздік жастығы «OFF» (Өшірулі)			
Қосымша жастық — жіңішке	ISO CRF: B2	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә
Қосымша жастық — толық өлшемді	ISO CRF: B3	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә

F: Қозғалыс бағытында, R: Қозғалыс бағытына қарсы

Ескертпе[1)]: Егер сіздің көлігіңізде орындық көпшігінің биіктігін реттеу функциясы болса, көпшікті барынша биік орнату керек. Әйтпесе (егер көпшіктің биіктігін реттеу функциясы қарастырылмаған болса), орындықтың арқалығын тік күйге келтіру керек.

Ескерту2). БҰЖ орнату үшін орындықтың арқалығын тік күйге орнату керек.

БҰЖ санаты		Отыратын орындар						
		1	2	3		4	5 (2 нүктелі белбеу)	6
				Қауіпсіздік жастығы «ON» (Қосулы)	Қауіпсіздік жастығы «OFF» (Өшірулі)			
Бекіткіш белбеуі бар әмбебап БҰЖ	Барлық салмақ топтары	–	–	Жоқ	Иә[1] F, R	Иә F, R	Жоқ	Иә F, R
i-Size стандартты CRS	ISOFIX CRF: F2, F2X, R1, R2	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә F, R	–	Иә F, R
Тасымалды бесік (көлденең орнатылған ISOFIX бекітпесі бар бала автоорындығы)	ISOFIX CRF: L1, L2	–	–	Жоқ	Жоқ	Жоқ	–	Жоқ
Сәбилерге арналған ISOFIX бар БҰЖ* (*: Емшектегі балаға арналған ISOFIX бар БҰЖ)	ISOFIX CRF: R1	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә R	–	Иә R
Бүлдіршіндерге арналған ISOFIX автоорындықтары — кішкентай	ISOFIX CRF: F2,F2X, R2,R2X	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә F, R	–	Иә F, R
Бүлдіршіндерге арналған ISOFIX автоорындығы — үлкен* (* : қосымша жастық емес)	ISOFIX CRF: F3, R3	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә F, R	–	Иә F, R
Қосымша жастық — жіңішке	ISO CRF: B2	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә
Қосымша жастық — толық өлшемді	ISO CRF: B3	–	–	Жоқ	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә

F: Қозғалыс бағытында, R: Қозғалыс бағытына қарсы

Ескертпе[1)]: Егер сіздің көлігіңізде орындық көпшігінің биіктігін реттеу функциясы болса, көпшікті барынша биік орнату керек. Әйтпесе (егер көпшіктің биіктігін реттеу функциясы қарастырылмаған болса), орындықтың арқалығын тік күйге келтіру керек.

Орындық нөмірі	Автокөліктегі күйі	Отыратын орындар
1	Алдыңғы сол жақ	
2	Алдыңғы ортаңғы	
3	Алдыңғы оң жақ	
4	2-қатардағы сол жақ	
5	2-қатардағы орталық	
6	2-қатардағы оң жақ	

* Егер орындықтың бассүйегіші бала автоорындығын дұрыс орнатуға кедергі келтірсе, сол орындықтың бассүйегішін реттеу немесе толығымен алып тастау қажет.

* Қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, ешбір жағдайда алдыңғы жолаушылар орындығына қозғалыс бағытына қарсы орнатылған бала автоорындығын орнатпаңыз.

БҰҰ нормаларына сәйкес автокөлікке ұсынылатын автоорындық (Орталық және Оңтүстік Америка елдері үшін)

– Автокөлік иелері мен бала автоорындықтарының өндірушілеріне арналған ақпарат

Салмақ тобы	Атауы	Өндіруші	Бекіту түрі	ECE-R44 бекіту №
0+/I/II/III тобы	JOIE SPIN 360	JOIE	ISOFIX және тіреу бағаны (қозғалыс бағытына қарсы/қозғалыс бағытымен)	E11 — 041621

Бала автоорындықтарын өндірушілер туралы ақпарат (Орталық және Оңтүстік Америка елдері үшін)

JOIE: https://www.joiebaby.com


Балаларға арналған ISOFIX бекіткіші және зәкірлі белбеу бекіткіші (ISOFIX бекіту жүйесі)

ISOFIX бекіткіштері сапар кезінде және апат болған жағдайда баланы ұстап тұрушы жүйенің бекітілуін қамтамасыз етеді. Жүйе орнату процесін мүмкіндігінше жеңілдетуге және оны дұрыс орындамау мүмкіндігін азайтуға арналған. ISOFIX жүйесі автокөлікте қарастырылған баланы ұстап тұрушы жүйенің бекіткіштері мен тетіктерін пайдаланады. ISOFIX жүйесі баланы ұстап тұрушы жүйені артқы орындықтарға бекіту үшін қауіпсіздік белдіктерін қолдану қажеттілігін жояды.

ISOFIX анкерлік бекіткіштері автокөлік шанағына кірістірілген металл ілмектер болып табылады. ISOFIX жүйесін орнатудың әрбір орны үшін екі төменгі бекіткіш қарастырылған, олар баланы ұстап тұрушы жүйе бекіткішінің төменгі бөлшектеріне арналған.

Автокөліктің ISOFIX жүйесін пайдалану үшін ISOFIX бекіткіштері бар баланы ұстап тұрушы жүйені сатып алу қажет.


Баланы ұстап тұрушы жүйенің өндірушісі баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне бекіту бойынша нұсқаулар беруге міндетті.



ISOFIX анкерлік бекіткіштері шеткі сол және оң жақ артқы отыратын орындарға кірістірілген. Олардың орналасқан орындары суретте көрсетілген.

⚠ ЕСКЕРТУ

Баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштерімен артқы орталық орындыққа орнатуға әрекеттенбеңіз. Ол ISOFIX анкерлік бекіткіштерімен жабдықталмаған. Орталық орындыққа баланы ұстап тұрушы жүйені орнату үшін шеткі артқы орындықтардың анкерлік бекіткіштерін пайдалану анкерлік бекіткіштердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.



(1) ISOFIX анкерлік бекіткішінің орналасу көрсеткіші (A типі, B типі)

(2) ISOFIX бекіткіші

ISOFIX анкерлік бекіткіштері жастық пен артқы орындықтардың арқалығы арасында орналасқан (сол және оң жақтағы шеткі орындықтар) және тиісті таңбалармен белгіленген.

Сонымен қатар, ISOFIX анкерлік бекіткіштері шеткі алдыңғы жолаушылар орындығының арқалығы мен жастығы арасында орналасқан (бар болса).

ISOFIX бекіту жүйесі арқылы баланы ұстап тұрушы жүйені бекіту

I-Size немесе ISOFIX стандартына сәйкес келетін бала автоорындығын артқы бүйірлік орындықтардың кез келгеніне немесе шеткі алдыңғы жолаушылар орындығына (бар болса) орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.


1. Қауіпсіздік белдігінің ілмегін ISOFIX анкерлік бекіткішінен шетке қарай жылжытыңыз.
2. Баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне жалғауға кедергі келтіретін барлық заттарды алып тастаңыз.
3. Баланы ұстап тұрушы жүйені көлік құралының орындығына орнатып, баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес орындықты ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне жалғаңыз.
4. Баланы ұстап тұрушы жүйедегі ISOFIX бекіткіштерін ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне дұрыс орнатуға және жалғауға қатысты баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

ISOFIX жүйесін пайдаланған кезде келесі сақтық шараларын орындау керек.

- Баланы ұстап тұрушы жүйемен бірге берілген орнату нұсқауларын оқып шығыңыз.
- Бала тартылмаған қауіпсіздік белдіктеріне қол жеткізуі және ұстауы мүмкін, сондықтан барлық қолданылмайтын қауіпсіздік белдіктерін тағып, баланың артындағы қауіпсіздік белдігінің бауларын тартып қою керек. Иық бауы баланың мойнына оралып, қауіпсіздік белбеуі керілген жағдайда бала тұншығып қалуы мүмкін.
- Бірнеше баланы ұстап тұрушы жүйені бір анкерлік бекіткішке жалғауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл анкердің не бекіткіштің босауына не сынуына себеп болуы мүмкін.
- Апат болған жағдайда HYUNDAI ресми дилерінде ISOFIX баланы ұстап тұрушы жүйесін тексеру ұсынылады. Апат нәтижесінде ISOFIX жүйесі зақымданған болып, баланы ұстап тұрушы жүйені тиісті түрде бекітпеуі мүмкін.

Баланы ұстап тұрушы жүйені жоғарғы анкерлік белбеу арқылы бекіту



Баланы ұстап тұрушы жүйелердің жоғарғы белдігіне арналған бекіткіштер орындық арқалығының артқы жағында орналасқан.



1. Бала автоорындығының анкерлік белдігін орындықтың арқалығы арқылы лақтырыңыз. Жоғарғы белдікті орналастырған кезде бала автоорындығын өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.
2. Анкерлік белдікті анкерлік бекіткішке жалғаңыз, содан кейін оны автокөліктің орындығына мықтап бекіту үшін баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес тартып бекітіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жоғарғы белдікті пайдаланып бекіткен кезде төменде келтірілген сақтық шараларын орындау керек.

- Баланы ұстап тұрушы жүйемен бірге берілген орнату нұсқауларын оқып шығыңыз.
- Бірнеше баланы ұстап тұрушы жүйені жоғарғы белбеуге арналған бір ISOFIX анкерлік бекіткішіне жалғауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл анкерлік бекіткіштің не белбеу ілгегінің босауына не сынуына себеп болуы мүмкін.
- Жоғарғы белдікті арнайы арналғаннан басқа анкерлік бекіткіштеріне бекітуге тыйым салынады. Дұрыс бекітілмесе, белбеу мықтап бекітілмеуі мүмкін.
- Бала автоорындығының бекіткіштері тек автоорындықты дұрыс орнатқан кезде пайда болатын жүктемелерге арналған.

  Ешбір жағдайда оларды штаттық қауіпсіздік белдіктерін бекіту үшін немесе автокөліктегі басқа заттарды немесе жабдықтарды бекіту үшін пайдалануға жол берілмейді.

Баланы ұстап тұрушы жүйені белдік белбеумен немесе үш нүктеге бекітілетін белбеумен бекіту

Егер ISOFIX жүйесі қолданылмаса, кез келген баланы ұстап тұрушы жүйе көлік құралының артқы орындығына белбеудің үш нүктеге бекітілетін белдік бауымен бекітілуі тиіс.



Баланы ұстап тұрушы жүйені үш нүктеге бекітілетін белбеумен орнату

Артқы орындықтарға баланы ұстап тұрушы жүйені орнату үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

1. Артқы орындыққа бала автоорындығын орнатыңыз және бала автоорындығы өндірушісінің нұсқауларын сақтай отырып, автоорындықтың айналасына немесе ол арқылы бел/иық белдігін тартыңыз. белдіктің ширатылмағанына көз жеткізіңіз.



2. белдіктің айылбасын бекітіңіз. Сырт еткен дыбыс анық естілетін болады.

i Ақпарат

Белбеу тоғасының түймесі төтенше жағдайда оған оңай қол жеткізуге болатындай орналасуы тиіс.

3. Баланы ұстап тұрушы жүйені басып, иық бауын тартқыш құрылғыға итере отырып, белдіктің босауын мүмкіндігінше кетіріңіз.





4. Баланы ұстап тұрушы жүйені оның қауіпсіздік белдігімен нық бекітілгеніне көз жеткізу үшін жан-жаққа жылжытуға әрекет жасаңыз.




Егер бала автоорындығын өндіруші жоғарғы белдікті бел-иық қауіпсіздік белдігімен пайдалануды ұсынса, 46-бетті қараңыз.

Бала автоорындығын шешіп алу үшін айылбастағы түймені басыңыз, содан кейін қауіпсіздік белдігін бала автоорындығынан шығарып, оны толығымен тартып алыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі

Сол жақтағы руль




Автокөліктегі нақты қауіпсіздік жастықтары суреттегіден өзгеше болуы мүмкін.

1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы
3. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы*
4. Қауіпсіздік пердесі*
5. Алдыңғы жолаушыға арналған қауіпсіздік жастығының қосқышы*

*: бар болса

Оң жақтағы руль



Автокөліктегі нақты қауіпсіздік жастықтары суреттегіден өзгеше болуы мүмкін.

1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы
3. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы*
4. Қауіпсіздік пердесі*
5. Алдыңғы жолаушыға арналған қауіпсіздік жастығының қосқышы*

*: бар болса

Бұл көлік құралы жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары жүйесімен жабдықталған.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары үш нүктелі қауіпсіздік белдіктеріне қосымша ретінде жасалған. Қауіпсіздік жастықтарын пайдалану кезінде жоғары қорғанысты қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белдіктері әрқашан тағылуы керек.

Егер қауіпсіздік белдіктері тағылмаса, онда апат кезінде көліктегі адамдар ауыр жарақат алып, тіпті өліп кетуі мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белдіктеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды. Оған қоса, қауіпсіздік жастықтары кез келген соқтығыс кезінде іске қосылатындай жасалмаған. Кейбір апаттарда қауіпсіздік белбеулері ғана қорғаныс жүйесі болып табылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әр сапарда, кез келген уақытта, әр бала үшін ӘРҚАШАН қауіпсіздік белдіктері мен баланы ұстап тұрушы жүйелерді қолданыңыз! Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған сәтте қауіпсіздік белдіктері тиісті түрде қолданылмаған болса, соқтығыс кезінде тіпті қауіпсіздік жастықтарымен ауыр не өлімге әкелетін жарақаттар алуға болады.

Қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, ешбір жағдайда алдыңғы жолаушылар орындығына баланы ұстап тұрушы жүйені немесе қосымша жастықты орнатпаңыз.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылғанда баланы қатты соғып, ауыр не өлімге әкелетін жарақат алудың себебі болуы мүмкін.

Артқы орындықта 13 жасқа дейінгі балаларға әрқашан белбеу тағу керек. Бұл кез келген жастағы балаларға неғұрлым қауіпсіз орын болып табылады. Егер 13 жастағы не осы жастан асқан баланы алдыңғы орындықта отырғызу керек болса, оған қауіпсіздік белдігін тағу керек, ал орындық мүмкіндігінше алыстау артқа жылжытылуы тиіс.

Көлік құралы тұраққа қойылып, қозғалтқыш өшкенше, қауіпсіздік белдіктері тағылған барлық жолаушылар мен жүргізуші орындық арқалығы тік күйде орындық көпшігінде тігінен, аяқтары ыңғайлы созылған, аяқ табандары еденге тірелген күйде отыруы тиіс.

Егер апат жағдайында кез келген біреу өзге күйде отырса, қауіпсіздік жастықтары ашылғанда ол ауыр не өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін.


Жүргізуші мен жолаушылар ешқашан қауіпсіздік жастықтарына тым жақын отырмауы не еңкеймеуі немесе есіктерге не орталық консольге сүйенбеуі керек.


Орындықты, көлік құралын басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.

Қауіпсіздік жастықтары қайда орналасқан?


Жүргізуші мен жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары


Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы





Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы





Бұл көлік құралы пассивті қауіпсіздік жүйесімен (SRS) және жүргізуші мен жолаушы орындықтарына арналған белдіктермен жабдықталған.

SRS жүйесі рульдің ортасында және жолаушы жақтағы алдыңғы панельде (ұсақ-түйек тартпасының үстінде) орнатылған қауіпсіздік жастықтарынан тұрады.

Қауіпсіздік жастықтары қақпақтардағы AIRBAG жазуымен таңбаланған.

SRS жүйесі қауіпсіздік белдіктері жүйесінен басқа, аса ауыр маңдайлық соқтығысу жағдайында көлік құралының жүргізушісі мен алдыңғы жолаушыны қосымша қорғаныспен қамтамасыз ету үшін арналған.

⚠ ЕСКЕРТУ

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде денеге ауыр зақым келтіру қаупін немесе өлім жағдайын азайту үшін келесі шараларды қабылдау керек:

- Қауіпсіздік белбеулері адамдарды тиісті күйде ұстап тұруы үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Орындықты, көлік құралын басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.
- Есікке немесе орталық консольге сүйенбеген жөн.
- Алдыңғы жолаушыға аяқтарын аспаптар панеліне қоюға рұқсат бермеу керек.
- Еш нәрсе (мысалы, алдыңғы панельдің қақпағы, мобильді телефонды ұстағыш, сусын ұстағыш, ауа тазартқыштары немесе жапсырмалар) рульдегі қауіпсіздік жастығы модульдерінің жанында, аспаптар панелінде, алдыңғы әйнектің қасында және алдыңғы жолаушы панелінде ұсақ-түйек тартпасынан жоғары жерде болмауы тиіс. Қауіпсіздік жастықтары қосылған кезде мұндай заттар жарақат алудың себебі болуы мүмкін.
- Алдыңғы әйнек пен ішкі айнаға ешқандай заттарды бекітпеңіз.

Алдыңғы жолаушыға арналған қауіпсіздік жастығының ауыстырып-қосқышы

Бар болса

Бұл ауыстырып-қосқыш жасына, бойына немесе медициналық көрсеткіштеріне байланысты қауіпсіздік жастығынан жарақат алу қаупі жоғары адамдарды тасымалдау мақсатында алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажыратуға арналған.

Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын ажырату үшін келесі қадамдарды орындаңыз.





Алдыңғы қауіпсіздік жастығының ауыстырып-қосқышына кілтті немесе ұқсас қатты затты салыңыз да, оны «OFF» (Өшір.) күйіне бұраңыз. Жолаушының қауіпсіздік жастығын өшіру шамы (🚹) қосылып, жолаушының қауіпсіздік жастығын қосқанға дейін жана береді.

Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.



Алдыңғы қауіпсіздік жастығының ауыстырып-қосқышына кілтті немесе ұқсас қатты затты салыңыз да, оны «ON» (Қос.) күйіне бұраңыз. Жолаушының қауіпсіздік жастығын қосу шамы (🚫) жанады.

i Ақпарат

Әдетте, жолаушыға арналған алдыңғы қауіпсіздік жастығының ON/OFF шамы оталдыру жүйесін қосқаннан кейін шамамен 4 секунд жанады. Бірақ егер сіз оталдыру жүйесінің ауыстырып-қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қос.) күйіне ауыстырсаңыз, оталдыру жүйесі өшірілгеннен кейін 3 минут ішінде индикатор жанбайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік жастығын өшіру шамы (OFF) жанып тұрса, ересек адамға сапар барысында алдыңғы орындықта отыруға рұқсат БЕРМЕҢІЗ. Егер бұл индикатор жанып тұрса, соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік жастығы жұмыс істемейді. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын қосыңыз немесе жолаушыдан артқы орындыққа отыруын сұраңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының ажыратқышы істен шыққан жағдайда, төменде көрсетілген ықтимал жағдайларды тексеру маңызды.

- Аспаптар панелінде қауіпсіздік жастығының ескерту шамы жанады (🚹).
- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының өшу шамы (🚹) жанбайды және қосу индикаторы (🚫) қосылады. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын қосу/өшіру ауыстырып-қосқышы «OFF» (Өшір.) күйінде тұрса да, жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы маңдайлық соқтығысу кезінде қосылады.
- HYUNDAI ресми дилерінде алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышын және қауіпсіздік жастықтары жүйесін мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

Бар болса





Бұл автокөліктің әр алдыңғы орындығында бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар. Қауіпсіздік белдіктерінен басқа, қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғаныс үшін арналған.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары тек белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады (олардың ауырлығына байланысты).

Аударылу немесе ықтимал аударылу анықталған кезде аударылу датчигімен жабдықталған автокөліктерде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және/немесе қауіпсіздік перделері және екі жақтағы алдын ала тартқыштар қосылуы мүмкін.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соқтығыс не аударылу жағдайларының бәрінде ашыла бермейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда денеге ауыр зақым келтіру қаупін немесе өлім жағдайын азайту үшін келесі шараларды қабылдау керек:


- Қауіпсіздік белбеулері адамдарды тиісті күйде ұстап тұруы үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтар арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Қолыңыз жарақаттанбауы үшін қолыңызды рульде 3 және 9 сағат күйінде ұстаңыз.
- Қосымша орындық қаптарын пайдаланбаңыз. Бұл жүйенің тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.
- Ілгектерді тек киімді ілу үшін пайдаланыңыз. Апат болған жағдайда қауіпсіздік жастығы қосылған кезде бөгде заттар автокөлікті зақымдауы немесе жарақаттану себебіне айналуы мүмкін.
- Қауіпсіздік жастығына немесе өзіңіз бен қауіпсіздік жастығының арасына ешбір затты қоймау керек. Сонымен бірге қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің жанына, есіктердің терезелерінің, сондай-ақ алдыңғы және артқы тіреудің айналасына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.

- Есік пен орындық арасына ешқандай заттар қойылмауы тиіс. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылған кезде ауыр жарақаттануыңыз мүмкін.
- Қандай да бір қосымша жабдықты қауіпсіздік жастығының бүйір жағына не қасына қоюға болмайды.
- «Engine Start/Stop» түймесі қосулы (ON) немесе START (Старт) күйінде болса, есіктерді ұрмаңыз, себебі бұл бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуына себеп болуы мүмкін.
- Орындық не орындықтың қақпағы зақымданған жағдайда, қызмет көрсету жұмыстарын ресми HYUNDAI дилері жүргізгені дұрыс.

Қауіпсіздік қалқалары

Бар болса





Қауіпсіздік қалқалары алдыңғы және артқы есіктердің үстіндегі төбенің екі арқалығының бойында екі жағынан орналасқан.

Олар белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде алдыңғы және артқы бүйірлік орындықтардағы адамдардың бастарын қорғауға арналған.

Қауіпсіздік қалқалары тек белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады (олардың ауырлығына байланысты).

Аударылу немесе ықтимал аударылу анықталған кезде аударылу датчигімен жабдықталған автокөліктерде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және/немесе қауіпсіздік перделері және екі жақтағы алдын ала тартқыштар қосылуы мүмкін.

Қауіпсіздік қалқалары бүйірлік соқтығыс не аударылу жағдайларының бәрінде ашыла бермейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік қалқалары ашылған жағдайда денеге ауыр зақым келтіру қаупін немесе өлім жағдайын азайту үшін келесі шараларды қабылдау керек:

- Тиісті күйде ұсталып тұруы үшін адамдардың бәрі қауіпсіздік белдіктерін әрқашан тағып отыруы керек.
- Баланы ұстап тұрушы жүйе есіктен мүмкіндігінше алыстау тиісті түрде бекітіліп тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік жастығының үстіне заттарды қоймаңыз. Сонымен бірге қауіпсіздік жастықтары


ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің жанына, есіктердің терезелерінің, алдыңғы және артқы тіреудің, төбенің арқалықтарының айналасына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.

- Ілмектерге киімнен басқа ештеңе ілмеңіз, әсіресе ауыр және нәзік заттарды.

Апат жағдайында олар жолаушылардың жарақаттануына немесе автокөліктің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтар арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Қауіпсіздік қалқаларын өз бетінше ашуға немесе жөндеуге тыйым салынады. Қажетінше жүйені тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне жолыққан жөн.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қалай жұмыс істейді?



(1) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
(2) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы
(3) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары*
(4) Қауіпсіздік қалқалары*
(5) Алдыңғы тартқыш құрылғының алдын ала тартқышы.
(6) Қауіпсіздік жастықтарының ескерту шамы
(7) Пассивті қауіпсіздік жүйесін басқару модулі (SRSCM)/аударылу датчигі*
(8) Маңдайлық соққы датчигі.
(9) Бүйірлік соққы датчиктері (жылдамдықты үдету)*
(10) Бүйірлік соққы датчиктері (қысым)*
(11) Алдыңғы жолаушыға арналған қауіпсіздік жастығының ауыстырып-қосқышы*
(12) Бүйірлік соққы датчиктері (жылдамдықты үдету)*
*: бар болса

Пассивті қауіпсіздікті басқару блогы (SRSCM) соқтығысу кезіндегі соққының қауіпсіздік жастықтарын немесе қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарын іске қосуды қажет ететіндей күшті екенін анықтау үшін оталдыру жүйесі қосулы кезде барлық SRS компоненттерін үнемі бақылайды.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы



Қауіпсіздік жастықтарының ескерту шамы аспаптар панелінде суретте көрсетілген таңба түрінде көрсетіледі. Жүйе өзінің электр компоненттерінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексереді.

Шамның қосылуы қауіпсіздік жастықтары жүйесінің, соның ішінде автокөлік аударылған кезде қорғау үшін пайдаланылатын бүйірлік жастықтардың/қауіпсіздік қалқаларының (аударылу датчигі болған кезде) ықтимал ақауын көрсетеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер қауіпсіздік жүйесі ақаулы болса, қауіпсіздік жастықтары апат жағдайында дұрыс ашылмай, ауыр жарақат алу не өлім қаупін арттырады.

Төменде көрсетілген шарттардың кез келгені пассивті қауіпсіздік жүйесінің ақаулығын көрсетеді.

- «Engine Start/Stop» түймесін қосу (ON) күйіне ауыстырған кезде шам шамамен 3–6 секундқа жанбайды.
- Шам қосылғаннан кейін 3–6 секундтан артық жанады.
- Автокөлік қозғалған кезде шам жанады.
- Қозғалтқыш істеп тұрғанда шам жыпылықтайды.

Жоғарыда берілген шарттардың кез келгені бар болса, SRS-ті тез арада ресми HYUNDAI дилеріне тексерткен жөн.

Орташа және қатты бетпе-бет соғысу жағдайында датчиктер көлік құралының жылдам баяулауын тіркейді. Егер баяулау дәрежесі аса жоғары болса, онда басқару блогы алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын қажетті күшпен іске қосады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары жеткілікті қорғанысты тек жалғыз қауіпсіздік белдіктерімен қамтамасыз ете алмаған бетпе-бет соғысу жағдайында жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғау үшін арналған. Қажет болса, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соқтығысу немесе аударылу жағдайында дененің жоғарғы жағын қосымша қорғайды.

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда немесе оталдыру жүйесі өшірілгеннен кейін үш минут ішінде қосылады (және жастықтар қажет болған жағдайда іске қосылуға дайын).
- Қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен жолаушыларды ауыр жарақаттардан қорғау мақсатында нақты маңдайлық не бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады.

- Қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын белгілі бір жылдамдық жоқ. Жастықтар әдетте соққының күші мен бағыты негізінде ашылады. Екі фактордың негізінде датчик қауіпсіздік құралдарын қолдануға электрондық сигнал шығарады.
- Қауіпсіздік жастығының ашылу-ашылмауы факторлардың жиынтығына, атап айтқанда, автокөліктің жылдамдығына, соққы бұрышына, сондай-ақ көлік құралдарының немесе көлік соқтығысқан кезде автокөлік соғылған басқа заттардың тығыздығы мен қаттылығына байланысты. Анықтаушы факторлар жоғарыда аталғандармен шектелмейді.
- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары дереу толығымен үрленіп, артынан ішіндегі ауасы шығады. Қауіпсіздік жастықтарының апат кезінде үрленуін із жүзінде көру мүмкін емес. Соқтығыстан кейін ашылған қауіпсіздік жастықтары өздерінің модульдерінен ілініп тұрғанын көру әбден мүмкін.
- Ауыр бүйірлік соқтығыстар жағдайында егер жүйе аударылуды анықтаса аударылу датчиктері бар автокөліктерде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және/немесе қауіпсіздік қалқалары ашылады.

  Аударылудан қорғауды қамтамасыз ету үшін аударылу анықталған кезде қауіпсіздік қалқалары ұзақ уақыт бойы толып тұрады, әсіресе қауіпсіздік белдіктерімен бірге пайдаланылған кезде (егер автокөлік аударылу датчигімен жабдықталған болса).
- Тиісті қорғаныста қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік жатықтары лезде үрленуі тиіс. Соқтығыс кезінде адам көлік құралының құрылымына соғылмауы үшін қауіпсіздік жастығы аса қысқа уақытта ашылады. Мұндай ашылу жылдамдығы ауыр немесе өмірге қауіп төндіретін жарақат алу қаупін азайтады және қауіпсіздік жастығы жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

  Алайда қауіпсіздік жастығының жылдам ашылуы бет жарақаттары, соғылған жерлер мен сынған сүйектер сияқты жарақаттар келтіруі мүмкін, себебі мұндай ашылу жылдамдығында қауіпсіздік жастығынан келетін соққы күші қатты болуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда қауіпсіздік жастығымен жанасу өлімге әкелетін жарақатқа әкелуі мүмкін, әсіресе қауіпсіздік жастығына тыс жақын отырған жағдайда.

Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жарақаттану қаупін азайту үшін нақты сақтық шараларын қолдануға болады. Қауіпсіздік жастығына тым жақын отыру ең қауіпті. Қауіпсіздік жастығының ашылуына белгілі бір кеңістік қажет. Жүргізушіге автокөлікті басқа отырып, рульдің ортасынан мүмкіндігінше алыстау отыруға кеңес береміз.

Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (1)



Қауіпсіздік жастықтарын басқару блогы көлік құралының алдыңғы бөлігіне келген соққының ауырлығын анықтаған кезде, ол автоматты түрде алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын үрлейді.


Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (2)




Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастықтары кеңейген кезде қысымнан дараланатын жұмсақ қақпақ тігістері жыртылады. Қақпақтардың кейінгі ашылуы қауіпсіздік жастықтарының толық ашылуына мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік жастығының толық ашылуы тиісті түрде тағылған қауіпсіздік белдіктерімен бірге, жүргізушінің не алдыңғы жолаушының алға қарай жылжуын баяулатады және бас және кеуде қуысының жарақаттану қаупін азайтады.

Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (3)



Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы



Толық ашылған соң жастықтың ішіндегі жел бірден шығып, жүргізушіге көру және қажет болғанда көлік құралын басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жолаушының қауіпсіздік жасты ашылған кезде заттар жарақаттамауы үшін төменде көрсетілген сақтық шараларын қолдану қажет.

- Жолаушының қауіпсіздік жастығы орналасқан ұсақ-түйек тартпасының үстіндегі алдыңғы жолаушы панеліне қандай да бір заттарды (стақанқойғыш, ықшам-дискілер ұстағышы, заттаңбалар және т.б.) қоймаған жөн.
- Ауа тазартқышы бар құтыны аспаптар панелінің қасына не аспаптар панелінің бетіне орнатуға болмайды.

Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін не болады

Ашылған алдыңғы не бүйірлік қауіпсіздік жастығының ішіндегі ауа тез арада шығады. Қауіпсіздік жастығының ашылуы жүргізушіге алдыңғы әйнек арқылы көруге немесе көлік құралын басқаруға кедергі келтірмейді. Ашылған қауіпсіздік қалқалары біраз уақыт жартылай үрленіп тұруы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік белдіктері іске қосылғаннан кейін келесі сақтық шараларды қолдану керек.

- Соқтығыстан кейін тез арада қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін туындаған түтін мен ұнтақ әсерінің ұзақтығын азайту мақсатында терезелер мен есіктерді дереу ашып қою керек.
- Қауіпсіздік жастығы модулінің ішкі компоненттерін жастық іске қосылғаннан кейін бірден қолмен ұстамаған жөн. Қауіпсіздік жастығы ашылған соң бұл бөлшектер тым ыстық болуы мүмкін.
- Терінің ашық жерлерін әрдайым салқын сумен және жұмсақ сабынмен жуыңыз.
- Ашылған қауіпсіздік жастықтарын мүмкіндік туа салысымен уәкілетті HYUNDAI дилерінде ауыстырып алған жөн. Қауіпсіздік жастықтары тек бір рет қолдануға арналған.

Қауіпсіздік жастығы ашылған кездегі шу мен түтін

Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы қатты дыбыспен бірге жүреді, автокөлік салонында түтін мен ауада сезілетін ұнтақ қалуы мүмкін. Бұл үрмелі қауіпсіздік жастығы модулінің газ генераторы іске қосылған кездегі қалыпты жағдай болып табылады.

Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін кеуде қуысының қауіпсіздік белдігімен және қауіпсіздік жастығымен жанасуынан дем алғанда, дәл түтінмен және ұнтақпен дем алғандағыдай елеулі жайсыздық сезілуі мүмкін. Кейбір адамдарда ұнтақ демікпе ұстамасын тудыруы мүмкін. Егер қауіпсіздік жастығы ашылған соң тыныс алу қиынға соқса, дереу дәрігерге қаралу керек.


Түтін мен ұнтақ улы болмаса да, олар теріні, көзді, мұрынды, көмейді және т.б. тітіркендіруі мүмкін. Бұл жағдайда дереу суық жуынып шайыну керек. Егер белгілер әлі кетпесе, медициналық қызметкерлердің көмегіне жүгіну керек.

Баланы ұстап тұрушы құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаған жөн

A типі



B типі



Қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, ешбір жағдайда алдыңғы жолаушы орындығына баланы ұстап тұрушы құрылғыны орнатпаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Баланы ұстап тұрушы жүйені алдында БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ орналасқан орындыққа қозғалыс бағытына қарсы қаратып орнатуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл БАЛАНЫҢ АУЫР ЖАРАҚАТТАНУЫНА немесе ӨЛІМІНЕ әкелуі мүмкін.

Соқтығыс кезінде неліктен қауіпсіздік жастығы ашылмады?

Қауіпсіздік жастықшаларының ашылуынан қосымша қорғаныс қажет болмайтын апаттардың кейбір түрлері бар. Оларға арттан келген соққылар, бірнеше көлік құралдары қатысатын апаттар кезіндегі қайталама соқтығысулар, сондай-ақ төмен жылдамдықтағы соқтығысулар жатады. Автокөліктің зақымдануы соқтығыс кезіндегі қуаттың сіңірілуін көрсетеді және қауіпсіздік жастығының істеп кетуі тиіс болғанының белгісі болып табылмайды.


Қауіпсіздік жастықтарының соққы датчиктері

⚠ ЕСКЕРТУ

Нәтижесінде ауыр жарақат немесе өлім орын мүмкін қауіпсіздік жастықтарының өздігінен іске қосылу қаупін азайту үшін төменде көрсетілген сақтық шараларын қолдану қажет.


- Қауіпсіздік жастықтары не датчиктер орнатылған орындарды соққыға ұшыратпау керек.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің датчиктерінде немесе оларға жақын жерде техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауға тырыспаңыз. Датчиктерді орнату орындары немесе бұрыштары өзгерген жағдайда қауіпсіздік жастықтары қажет болмайтын кезде ашылуы немесе қажетті уақытта ашылмауы мүмкін.
- Бамперге тек түпнұсқа HYUNDAI төсеніштерін немесе ұсынылған аналогтарды орнатыңыз. Әйтпесе, бамперлердің тиімділігін төмендетуге және соқтығысу кезінде қауіпсіздік жастықтарының жұмысын нашарлатуға болады.

  Қауіпсіздік жастықтары жүйесі дұрыс жұмыс істеуі үшін бамперді түпнұсқа Hyundai бөлігімен немесе көлігіңізге арналған аналогпен (түпнұсқа бөлік) ауыстыру ұсынылады.
- Автокөлікті сүйреу кезінде қауіпсіздік жастықтары байқаусызда іске қосылмауы үшін қозғалтқыштың «Engine Start/Stop» түймесін өшіру күйіне («OFF») немесе ACC» күйіне қойып, 3 минут күтіңіз.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне жүргізілетін барлық жөндеу жұмыстарын ресми HYUNDAI дилері жасағаны жөн.




[A] SRS басқару модулі / Аударылу датчигі (бар болса)
[B] Бетпе-бет соғысу датчигі
[C] Бүйірлік соққы датчигі (қысым): Алдыңғы есік (бар болса)
[D] Бүйірлік соққы датчигі (үдеу): B бағаны (бар болса)
[E] Бүйірлік соққы датчигі (үдеу): C бағаны (бар болса)


Қауіпсіздік жастықтарын ашу шарттары



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары маңдайлық соқтығысу кезінде оның қарқындылығына қарай іске қосылады.





Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік перделері

Бүйірлік жастықтар мен қауіпсіздік қалқалары соқтығысты тіркеу кезінде бүйірлік соққы датчиктері арқылы соққы қарқындылығына қарай іске қосылады.

Жолаушы мен жүргізушіге арналған алдыңғы қауіпсіздік жастықтары маңдайлық соқтығысу кезінде ғана ашылатындай жасалса да, олар сондай-ақ, алдыңғы датчиктер жеткілікті күшпен соқтығысты тіркеген жағдайда өзге соқтығыстар кезінде ашылуы мүмкін.

Бүйірлік жастықтар мен қауіпсіздік қалқалары бүйірлік соқтығысулар кезінде ашуға арналған, бірақ бүйірлік датчиктерге қатты әсер еткенде, олар басқа соқтығысулар кезінде де ашылуы мүмкін.


Сонымен қатар, бүйірлік жастықтар мен қауіпсіздік қалқалары аударылу датчигі автокөліктің аударылғанын анықтаған кезде іске қосылады (егер автокөлік аударылу датчигімен жабдықталған болса).

Егер автокөліктің шассиіне жол жабынының тегіс болмауына байланысты соққылар әсер етсе, бұл қауіпсіздік жастықтарының істеп кетуіне жағдай жасайды. Қауіпсіздік жастықтарының қажетсіз ашылуының алдын алу үшін нашар жолдармен немесе жолсыз жолдармен мүмкіндігінше абайлап жүруге тырысыңыз.


Қауіпсіздік жастықтары ашылмайтын жағдайлар



Төмен жылдамдықтағы белгілі бір соқтығысулар кезінде қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары мұндай жағдайларда ашылмайтындай жасалған, себебі қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары арттан келетін соққы кезінде ашылмайтындай жасалған, өйткені жүргізуші мен жолаушылар соқтығыс күшінің әсерінен артқа жылжиды. Бұл жағдайда қауіпсіздік жастықтарының ашылуы қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соқтығысулар кезінде ашылмауы мүмкін, өйткені көлік құралындағы адамдар соқтығысу бағытында жылжиды және осылайша бүйірлік соқтығысулар кезінде алдыңғы қауіпсіздік жастықшаларының ашылуы қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.


Алайда, соқтығысудың қарқындылығына байланысты бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қауіпсіздік қалқалары іске қосылуы мүмкін.



Бұрыштық соқтығыс кезінде соқтығыс күшінен адамдар қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейтін бағытпен жылжуы мүмкін, осылайша датчиктер қауіпсіздік жастықтарын ашу пәрменін бермеуі мүмкін.



Дәл соқтығыс алдында жүргізушілер тежегіш педалін жиі қатты басады. Бұлай тежеген кезде автокөліктің алдыңғы бөлігі төмен түсіп, жол ойығы аса үлкен көлік құралының артына «кіріп кетуі» мүмкін. Мұндай жағдайда қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін, себебі датчиктер тіркеген баяулау қарқындылығы аса төмендеуі мүмкін.




Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөлік аударылған жағдайда үрленбейді, өйткені олар мұндай апаттар кезінде жолаушыларды қорғаныспен қамтамасыз етпейді.

i Ақпарат

- Аударылу датчигімен жабдықталған автокөліктер. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік перделері автокөлік аударылған кезде, аударылу датчигі тиісті күшті тіркеген жағдайда ашылуы мүмкін.
- Аударылу датчигімен жабдықталмаған автокөліктер

  Бүйірлік жастықтар және (немесе) қауіпсіздік перделері, көлік құралы бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және (немесе) қауіпсіздік перделерімен жабдықталған жағдайда, бүйірлік соқтығыстан кейін көлік құралы аударылған кезде ашылуы мүмкін.



Қауіпсіздік жастықтары көлік құралы бағанаға не ағашқа соғылған жағдайда, соққы бір орынға шоғырланып соқтығыс қуаты көлік құралының құрылымымен сіңірілген кезде ашылмауы мүмкін.

Пассивті қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау

Пассивті қауіпсіздік жүйесі іс жүзінде техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді және онда пайдаланушы өздігінен қызмет көрсете алатын бөлшектер жоқ. Егер «Engine Start/Stop» түймесін қосу күйіне («ON») ауыстырған кезде қауіпсіздік жастықшасының ескерту шамы қосылмаса немесе үздіксіз жанып тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

SRS жүйесіне қатысты кез келген жұмысты, соның ішінде рульге, аспаптар тақтасына, алдыңғы орындықтарға және төбедегі рейлингтерге қатысты жұмыстарды HYUNDAI уәкілетті дилері орындағаны жөн. Пассивті қауіпсіздік жүйесін дұрыс пайдаланбау ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІМ қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын қолдану қажет.

- Пассивті қауіпсіздік жүйесінің компоненттерін не электр сымдар жүйесін модификациялауға немесе ажыратуға, соның ішінде кез келген белгішелерді жұмсақ қақпақтарға жабыстыруға немесе шанақ құрылымын модификациялауға болмайды.
- Рульдегі қауіпсіздік жастықтары модульдерінің жанында, аспаптар панелінде және ұсақ-түйек тартпасының үстінде алдыңғы жолаушы панелінде еш нәрсе болмауы тиіс.
- Қауіпсіздік жастықтары модульдерінің қақпақтарын тазалау үшін тек таза суға малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Еріткіштерді немесе тазартқыштарды қолдану қауіпсіздік жастықтары модульдерінің қақпақтарының күйіне теріс әсер етіп, жүйенің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Ашылған қауіпсіздік жастықтарын ресми HYUNDAI дилерінде ауыстырған жөн.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін немесе бүкіл автокөлікті кәдеге жарату кезінде нақты сақтық шараларын орындау керек. Қосымша ақпарат алу үшін HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Аталған сақтық шараларын сақтамау жарақат алу қаупін арттырады.

Қосымша сақтық шаралары

Көлік құралы қозғалғанда жолаушылар бір орындықтан басқасына отырмауы керек. Қауіпсіздік белбеуі тағылмаған жолаушы соқтығыс не апаттық тоқтау кезінде көлік құралының ішкі бөліктеріне, салондағы басқа адамдарға соғылуы немесе көлік құралынан лақтырылып кетуі мүмкін.

Қауіпсіздік белдіктеріне арналған қосымша құралдарды қолданбаған жөн.

Жолаушының жайлылығын арттыруға немесе қауіпсіздік белдігінің орнын өзгертуге арналған құрылғылар белдіктің жұмысының нашарлауына және апат кезінде ауыр жарақат алу қаупін арттыруы мүмкін.

Алдыңғы орындықтарды модификациялауға болмайды. Алдыңғы орындықтарды модификациялау қосымша қауіпсіздік жүйесі датчиктерінің немесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды орналастыруға болмайды. Алдыңғы орындықтардың астына заттар қою қосымша қауіпсіздік жүйесі датчиктерінің қалыпты жұмысына кедергі келтіріп, сымдар жүйесі ширағының зақымдалуына себеп болуы мүмкін.


Есіктерді соққыға ұшыратуға болмайды. Егер «Engine Start/Stop» түймесі «ON» немесе «START» күйінде болса, есіктерді соғу қауіпсіздік жастықтарын іске қосуы мүмкін.

Жабдықты қосу немесе қауіпсіздік жастықтары бар автокөліктің құрылымын өзгерту

Автокөлікті өзгерту, жақтауды, бамперді, алдыңғы немесе бүйір шанақ элементтерін ауыстыру не болмаса жол саңылауын өзгерту қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін заттаңбалар

Оң жақтағы/Сол жақтағы руль



Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін заттаңбалар жолаушыларға қауіпсіздік жастықтары жүйесі іске қосылған кездегі ықтимал қауіп туралы ескерту үшін арналған.

Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы автокөлігіңізде орнатылған қауіпсіздік жастықтары туралы бүкіл ақпаратты міндетті мүрде оқып шығыңыз.

4. Аспаптар панелі

Аспаптар панелі 4-2
- Аспаптар панелін басқару 4-3
- Датчиктер және өлшеу аспаптары 4-3
- Берілісті ауыстыру индикаторы 4-8
- Сигнал шамдары және индикаторлар 4-9
- Аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарламалар 4-32

Аспаптар панелінің дисплейі 4-38
- Аспаптар панелінің дисплейін басқару 4-38
- Қарау режимдері 4-38

Автокөлік баптаулары (ақпараттық ойын-сауық жүйесі) 4-42
- Автокөлігіңізді баптау 4-42

Аспаптар панелі

A түрі



B ТҮРІ



Көлік құралына орнатылған аспаптар панелі суреттегіден өзгеше болуы мүмкін. Толық ақпаратты осы тараудың «Датчиктер және өлшеу аспаптары» бөлімінен қараңыз.

(1) Тахометр
(2) Спидометр
(3) Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының датчигі
(4) Отын деңгейінің көрсеткіші
(5) Сигнал шамдары және индикаторлар
(6) Аспаптар панелінің дисплейі

Аспаптар панелін басқару

Аспаптар панелінің көмескі жарығы

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі

Аспаптар тақтасының жарықтығын ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы баптаулар мәзірінде де реттеуге болады. Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Аспаптар тақтасы** > **Көмескі жарық** > **Жарықтық**

i Ақпарат

Жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің БЖ өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалыс кезінде аспаптар панелін баптамаңыз. Бұл көлікті басқара алмауға және өлімге әкелетін төтенше жағдайға, ауыр жарақаттарға және автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.


Датчиктер және өлшеу аспаптары

Спидометр

A типі



B түрі



Спидометр автокөліктің жылдамдығын көрсетеді және километр сағатпен (км/сағ) және миль сағатпен (миль/сағ) калибрленген.

Тахометр

A типі



B түрі



Тахометрде қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі айналым минутпен (айн/мин) көрсетіледі.


Тахометр берілісті ауыстырудың оңтайлы режимін таңдау үшін және иінді біліктің айналу жиілігі жұлқымауы және/немесе күрт берілмеуі үшін пайдаланылады.

Ескертпе


Қозғалтқыштың тахометрдің қызыл аймағында жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының датчигі

A түрі



B түрі



Бұл датчик қозғалтқышты оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ON (Қосулы) күйде тұрғанда қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсетеді.

Ескертпе

Егер датчик көрсеткіші қалыпты мәндер диапазонынан тыс «H» (Ыстық) немесе «130» күйіне қарай жылжытылса, бұл қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін қызып кетуді білдіреді.

Қызып кеткен қозғалтқышпен жүруді жалғастырмаңыз. Қозғалтқыш қызып кетсе, 8-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыш қызып тұрғанда қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы багының қақпағын шешпеңіз. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығында қысым бар әрі ауыр күйік шалуыңыз мүмкін. Салқындатқыш сұйықтықты бакқа қоспас бұрын, қозғалтқышты суытып алыңыз.

Отын деңгейінің көрсеткіші

A типі



B түрі



Бұл көрсеткіш отын багындағы отынның шамалас мөлшерін көрсетеді.

i Ақпарат

- Отын багының көлемі бойынша деректер 2-тарауда берілген.
- Отын деңгейінің көрсеткіші бак босағанға дейін біраз уақыт бұрын жанатын төмен отын деңгейінің индикаторымен толықтырылады.
- Еңістер мен бұрылыстарда бактағы отын қозғалатындықтан, отын деңгейі көрсеткішінің көрсеткісі ауытқуы мүмкін немесе төмен отын деңгейінің индикаторы әдеттегіден ерте жануы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


Отын деңгейінің төмен екенін ескертетін индикаторды қосқанда немесе отын деңгейінің көрсеткішіндегі көрсеткі «E» (Бос) нүктесіне жақындағанда, автокөлікке мүмкіндігінше тезірек отын толтырып құю керек.

Ескертпе


Отын деңгейі өте төмен автокөлікті пайдаланбаңыз. Отынды толық тауысу оталдыру жүйесінің ақауына және каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Сыртқы температура көрсеткіші

A түрі



B түрі



Сыртқы температура аспаптар панелінің төменгі жағында көрсетіледі. Температура ақпараттық ойын-сауық жүйесіндегі баптаулар мәзіріндегі таңдауларға байланысты Цельсий немесе Фаренгейт бойынша көрсетіледі.

Аспаптар панелінде көрсетілген температура сыртқы температура сияқты тез өзгермеуі мүмкін екенін ескеріңіз. Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Жалпы** > **Өлшеу бірл.** > **Температураны өлшеу бірлігі** > **°C/°F**

Аспаптар панелінің дисплейінде және климат-контроль экранында температураны өлшеу бірліктері өзгереді.

i Ақпарат


Жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің БЖ өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Одометр

A типі



B түрі




Одометрде көлік құралының толық жүріп өткен жолы көрсетіледі, ол келесі техникалық қызмет көрсету мерзімін анықтау үшін пайдаланылады.

Отынның жүріс қоры

A түрі



B түрі



Отынның жүріс қоры — көлік құралы қалдық отынмен жүріп өте алатын қашықтық.

Егер есептелген қалған қашықтық 1 км-ден (1 миль) аз болса, маршруттық компьютер отынның жүріс қоры ретінде «---» көрсете бастайды. Бұл жағдайда автокөлікке дереу отыр толтырып құйыңыз.

- Отынның жүріс қоры нақты жүріп өтетін жолдан өзгешеленуі мүмкін, өйткені бұл қолжетімді жүріп өтетін жол қашықтығын бағалау болып табылады.
- Жүріс қоры жол жағдайына, жүргізу мәнеріне және автокөліктің жағдайына байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін.
- Егер автокөлік көлденең бетте болмаса және аккумулятордан қуат алуды тоқтатса, отынның жүріс қоры функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер автокөліктің багына 6 литрден аз отын құйылса, отынның жүріс қоры индикаторы сенімді түрде өзгермеуі мүмкін.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер отын құю кезінде «P» (Тұрақ) немесе «N» (Бейтарап) берілісі орнатылмаған болса, отын құю фактісі танылмауы мүмкін, сондықтан отын мөлшері мен сапардың қолжетімді қашықтығы дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

Берілісті ауыстыру индикаторы

Автоматты трансмиссияның ауысу индикаторы

А типі




В типі



Бұл индикатор ағымдағы берілісті көрсетеді.

Екі ілінісі бар трансмиссияның берілістерін ауыстыру индикаторы

А типі




В типі



Бұл индикатор ағымдағы берілісті көрсетеді.

Екі ілінісі бар трансмиссияның берілістерін ауыстыру индикаторы (Еуропа елдері үшін)

A типі



B типі



Қол режимінде бұл индикатор қозғалыс кезінде отынды үнемдеу үшін қандай беріліс ұсынылатындығы туралы хабарлайды.

- Берілісті арттыру: ▲2, ▲3, ▲4, ▲5, ▲6,▲7

Мысалы:

3 немесе 3▸4 :

4-ші беріліске ауысу ұсынылады (қазіргі уақытта 3-ші беріліс таңдалды).

Жүйе дұрыс жұмыс істемесе, бұл индикатор көрсетілмейді.

Сигнал шамдары және индикаторлар

i Ақпарат

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін барлық индикаторлардың сөнгенін тексеріңіз. Егер қандай да бір индикатор әлі де жанып тұрса, бұл тиісті жүйеге назар аудару қажеттілігін көрсетеді.

Қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы



Бұл индикатор жүргізушіге қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескертеді.

Толығырақ ақпарат 3-тараудың «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімінде берілген.

Қауіпсіздік жастықтарының ескерту индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырғаннан кейін.
  - Индикатор 3-6 секунд жанады да, артынша сөніп қалады.
- SRS жүйесі істен шыққан кезде.

  Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу керек.

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің ескерту индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің ескерту индикаторы шамамен 3 секунд жанады, содан кейін тұрақ тежегішін жібергеннен кейін сөнеді.
- Тұрақ тежегішін қолданған кезде.
- Бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болған кезде.
  - Тұрақ тежегіші жіберілген кезде бақылау шамы жанып тұрса, резервуардағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болғаны.

Егер бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, бірнеше қадамдарды орындау керек.

1. Автокөлікті ең жақын жердегі қауіпсіз жерге абайлап апарып, тоқтаңыз.
2. Автокөлікті тоқтатыңыз, тежегіш сұйықтығының деңгейін дереу тексеріңіз, қажет болған жағдайда оны толтырып құйыңыз (толығырақ ақпарат 9-тараудың «Тежеу жүйесінің/іліністің гидравликалық жетегі сұйықтығы» бөлімінде берілген). Тежегіш сұйықтығын қосымша құйғаннан кейін тежеу жүйесінің барлық тораптарының жылыстатып тұрмағанын тексеріп шығыңыз. Егер тежегіш сұйықтығының ағуы анықталса немесе индикатор жанып тұрса немесе тежегіш дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті жүргізуге тыйым салынады. Көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Екі контурлы диагональді тежеу жүйесі

Автокөлік контурлары диагональ түрінде бөлінген екі контурлы тежеу жүйесімен жабдықталған. Бұл жүйе контурларының бірі істен шыққан жағдайда да тежеу күші екі дөңгелекке бөлінетінін білдіреді.

Егер қосарланған жүйелердің біреуі ғана жұмыс істесе, автокөлікті тоқтату үшін педаль соққысының жоғарылауы және педальды күштірек басу қажет.

Сонымен қатар, егер тежеу жүйесінің бір бөлігі ғана жұмыс істесе, тежеу қашықтығы артады.

Қозғалыс кезінде тежегіштер істен шыққан кезде, қозғалтқышпен қосымша тежеу үшін төменгі беріліске ауысып, қауіпсіз болған кезде көлік құралын тоқтату керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығы деңгейінің ескерту индикаторы

Индикаторы жанып тұрған автокөлікті пайдалану қауіпті. Егер қосулы тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының төмен деңгейінің индикаторы тұрақ тежегіші өшірілген кезде жанса, бұл бактағы тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін көрсетеді.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Тежегішті блоктау жүйесінің индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - ABS ескерту индикаторы шамамен 3 секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- ABS жүйесінде ақау болған кезде.

  Гидравликалық тежеу жүйесі әлі де жұмыс істеп тұрғанын ескеріңіз (тіпті ABS ақаулы болса да).

  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе индикаторы





Тежегішті блоктау жүйесі мен тұрақ тежегіші индикаторларының бір уақытта қосылуы тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйенің (EBD) ақаулығын көрсетуі мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе индикаторы

Тежегішті блоктау жүйесінің, тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен екенін көрсететін индикаторлар жанып тұрғанда тежеу жүйесі әдеттегідей жұмыс істемейді, ал күрт тежеу салдарынан күтпеген және қауіпті жағдай орын алуы мүмкін.

Жоғары жылдамдықпен жүруге және күрт тежеуге болмайды.

Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Ескертпе

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе индикаторы

Тежегішті блоктау жүйесінің индикаторы жанса немесе тежегішті блоктау жүйесінің индикаторы мен тұрақ тежегіші мен тежегіш сұйықтығының индикаторы бір уақытта жанса, бұл спидометр, одометр немесе жол есептегішінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл жағдайда EPS индикаторы жанып, рульдік күш жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Рульдің электр күшейткішінің ескерту индикаторы (MDPS)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- «Engine Start/Stop» түймесі қосу күйінде («ON») болғанда. 3 секунд жанады да, артынша сөніп қалады
- Рульдің электр күшейткішінің ақаулығы болған жағдайда.

  Егер рульдің электр күшейткішінің ескерту индикаторы автокөлік қозғалып бара жатқанда өшпесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеруді ұсынамыз.

Зарядтау жүйесінің индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

Генератор немесе зарядтау жүйесі ақаулы болған жағдайда.

Егер генератор немесе зарядтау жүйесі ақаулы болса, бірнеше әрекеттерді орындау керек.

1. Автокөлікті ең жақын жердегі қауіпсіз жерге абайлап апарып, тоқтаңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, генератордың жетек белбеуінің босап және үзіліп кетпегенін тексеріңіз.

   Егер белбеу тиісінше реттелген болса, онда зарядтау жүйесі ақаулы болуы мүмкін.

   Егер зарядтау жүйесінің ескерту индикаторы автокөлік қозғалып бара жатқанда өшпесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеруді ұсынамыз.

Майдың төмен қысымы индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

Мотор майының қысымы төмен болғанда.

Егер қозғалтқыш майының қысымы төмен болса, бірнеше қадамдарды орындау керек.

1. Автокөлікті ең жақын жердегі қауіпсіз жерге абайлап апарып, тоқтаңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, майдың деңгейін тексеріңіз (толық ақпарат 9-тараудың «Мотор майы» бөлімінде берілген). Деңгей төмен болған жағдайда май қосу керек.

   Егер индикатор май құйғаннан кейін жанып тұрса немесе май құю мүмкіндігі болмаса, HYUNDAI компаниясының ресми дилерінде автокөлікті мүмкіндігінше қысқа мерзімде тексеру ұсынылады.

   (Сигнал шамын қосып жүру қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.)

i Ақпарат

Қозғалтқыштағы майдың қысымы оның жетіспеушілігінен төмендегенде, май қысымының сигнал индикаторы (🛢) жанады. Бұл күйде ұзақ жүргенде қозғалтқыштың күшейтілген қорғаныс жүйесі іске қосылады, ол оның қуатын шектейді және ақау индикаторы жанады (🔧). Май қысымы қалпына келтірілгеннен кейін, қозғалтқыш қайта іске қосылған кезде индикатор мен қозғалтқыштың күшейтілген қорғаныс жүйесі өшеді.

Ескертпе

Мотор майының қысымы туралы ескерту индикаторын қосқаннан кейін қозғалтқышты бірден өшірмесеңіз, қозғалтқышқа ауыр зақым келуі мүмкін.

Қозғалтқыштағы май деңгейі туралы ескерту индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін
  - Ол жүргізуші қозғалтқышты оталдырғанға дейін жанып тұрады.
- Егер мотор майының деңгейін тексеру қажет болса.

Мотор майының деңгейі төмен болған кезде бірнеше әрекеттерді орындау керек

1. Автокөлікті ең жақын жердегі қауіпсіз жерге абайлап апарып, тоқтаңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, майдың деңгейін тексеріңіз (толық ақпарат 9-тараудың «Мотор майы» бөлімінде берілген). Деңгей төмен болған жағдайда май қосу керек. Егер индикатор май құйғаннан кейін жанып тұрса немесе май құю мүмкіндігі болмаса, HYUNDAI компаниясының ресми дилерінде автокөлікті мүмкіндігінше қысқа мерзімде тексеру ұсынылады.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының бақылау шамы

Бар болса



Ескерту индикаторы келесі жағдайларда қосылады:

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы өте жоғары болған кезде.

Қызып кеткен қозғалтқышпен жүруді жалғастырмаңыз. Қозғалтқыш қызып кетсе, 8-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.

Ескертпе

Егер қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының индикаторы жанып тұрса, бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін қызып кетуді білдіреді.

Төмен отын деңгейінің индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:


Егер отын багында отын таусылса.

Отынды мүмкіндігінше тезірек құйыңыз.

Ескертпе

Төмен отын деңгейінің ескерту индикаторы қосылып тұрғанда немесе отын деңгейі «E» (Бос) шамасынан төмен болғанда көлікті жүргізу қозғалтқыш цилиндрлеріндегі жалын өткізуге және каталитикалық бейтараптандырғыштың (бар болса) зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Ақау индикаторы



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - Ақау индикаторы 3 секунд жанады да, сөніп қалады.
- Уыттылықты төмендету жүйесі, қозғалтқыш немесе автокөлік трансмиссиясы ақаулы болған жағдайда.
  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Ескертпе

- Ақау индикаторы жанып тұрған кезде қозғалысты жалғастыру шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесіне зақым келтіруі мүмкін, бұл көлікті жүргізуге және/немесе отын шығынына әсер етеді.
- Егер отын майының жетіспеушілігінен қозғалтқыштың күшейтілген қорғаныс жүйесі қосылса, қозғалтқыштың қуаты шектеулі болады. Егер мұндай жағдай бірнеше рет пайда болса, ақау индикаторы жанады.

Ескертпе

- Бензиндік қозғалтқыш
  Егер ақау индикаторы жанып тұрса, каталиттік бейтараптандырғыш зақымдалуы мүмкін, бұл қозғалтқыш қуатының төмендеуіне әкелуі мүмкін.
  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.
- Дизельді қозғалтқыш
  Егер ақау индикаторы жыпылықтаса, бұл қозғалтқышты басқару жүйесіндегі қатені көрсетуі мүмкін, бұл қозғалтқыш қуатының төмендеуіне, шудың жоғарылауына және атмосфераға зиянды шығарындылардың бөлінуіне әкелуі мүмкін.
  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.
- Қозғалтқыштағы майдың қысымы оның жетіспеушілігінен және т.б. төмендеген кезде май қысымы туралы ескерту индикаторы жанады және қозғалтқыштың қуатын шектейтін күшейтілген қорғаныс жүйесі қосылады. Содан кейін, егер жүргізу режимі дүркін-дүркін және үздіксіз болса, қозғалтқыштың сигнал шамы жанады.

Ескертпе

Күйе сүзгісі бар дизельді қозғалтқыш (DPF)

Ақау индикаторының жыпылықтауы төменде көрсетілген жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.

- 60 км/сағ (37 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен жүру немесе
- Белгілі бір уақыт ішінде 1500-2000 айн./ мин. 3-ші және одан жоғары берілістегі қозғалыс (шамамен 25 минут).

Егер көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін ақау индикаторы жанып тұрса, дизельді қозғалтқыштың күйе сүзгі жүйесін HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Ұзақ уақыт бойы ақау индикаторы қосылған автокөлікте жүру қозғалтқыштың басқа компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін және бұған өндірушінің кепілдігі қолданылмайды.

Егер ақау индикаторы жанып тұрғанда 100 км-ден (62 миль) астам жол жүрсеңіз, бұл күйе сүзгісі жүйесіне зақым келтіруі және отын шығынын арттыруы мүмкін.

Отын сүзгісінің ескерту индикаторы (дизельді қозғалтқыш үшін)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

Егер отын сүзгісінде су жиналса.

Бұл жағдайда HYUNDAI ресми дилерінде отын сүзгісінен суды алып тастау ұсынылады.


Толығырақ ақпарат 9-тараудың «Отын сүзгі (дизельді қозғалтқыш)» бөлімінде берілген.

Ескертпе

- Егер отын сүзгісінің шамы жанса, қозғалтқыштың қуаты (көлік құралының жылдамдығы және бос жүрістегі айналыс жиілігі) төмендеуі мүмкін.
- Автокөлікті индикатор жанып тұрғанда жүргізу қозғалтқыш компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін (инжектор, тікелей отын бүрку жүйесі, жоғары қысымды отын сорғысы). Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Газ шығаратын жүйенің (бензиндік күйе сүзгісі) ескерту индикаторы (бензиндік қозғалтқыш үшін)

Бар болса




- Бұл индикатор жинақталған күйе белгілі бір көлемге жеткенде іске қосылады.
- Бұл индикатор автокөлік 80 км/сағ (50 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен шамамен 30 минут жүргеннен кейін сөнуі мүмкін (қозғалтқыш 2500-4000 айн/мин айналғанда 3-ші берілісте).
  Егер сіздің автокөлігіңізде автоматты беріліс қорабы немесе қос ілінісі бар беріліс қорабы болса, SPORT режиміне ауысып, берілісті қолмен ауыстырыңыз. Шамамен 4000 айн/мин кезінде акселератор педалін жіберіңіз, 5 секунд күтіңіз және GPF сигнал шамы сөнгенше процесті үздіксіз қайталаңыз.
  Егер орындалған әрекеттерге қарамастан бұл ескерту индикаторы жыпылықтауды жалғастыра берсе (бұл ретте ескерту хабарламасы аспаптар панелінің экранында көрсетілсе), бензиндік күйе сүзгісі жүйесін тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Ескертпе

Автокөлікті ұзақ уақыт бойы бензиндік күйе сүзгісінің индикаторы жыпылықтап тұрғанда жүргізе берсеңіз, күйе сүзгісі жүйесіне зақым келуі және отын шығыны ұлғаюы мүмкін.

Газ шығаратын жүйенің күйе сүзгісінің ескерту индикаторы (DPF) (дизельдік қозғалтқыш үшін)

Бар болса



- Бұл индикатор дизельдік қозғалтқыштың күйе сүзгісі жүйесі (DPF) ақаулы болғанда жанады.
- Бұл индикатор автокөлік 60 км/сағ (37 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен шамамен 30 минут жүргеннен кейін сөнуі мүмкін (қозғалтқыш 1250-2500 айн/мин айналғанда 3-ші және одан жоғары берілісте). Егер орындалған әрекеттерге қарамастан бұл ескерту индикаторы жыпылықтауды жалғастыра берсе (бұл ретте ескерту хабарламасы аспаптар панелінің экранында көрсетілсе), дизельдік күйе сүзгісі жүйесін тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Ескертпе

Дизельдік күйе сүзгісінің индикаторы жанып тұрғанда ұзақ уақыт жүре берсеңіз, бұл күйе сүзгісі жүйесіне зақым келтіруі және отын шығынын арттыруы мүмкін.

Селективті каталиттік бейтараптандырғыш жүйесінің ескерту индикаторы (дизельдік қозғалтқыш үшін)

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

Несепнәр ерітіндісі бар бак бос болған кезде.

Егер несепнәр ерітіндісінің бағы босауға жақын болса, оны мүмкіндігінше тезірек толтырыңыз.

Толығырақ ақпарат 9-тараудың «Селективті каталиттік бейтараптандырғыш жүйесі (дизельдік қозғалтқыш)» бөлімінде берілген.

Электронды тұрақ тежегішінің индикаторы

Бар болса

EPB

Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - EPB ескерту индикаторы шамамен 3 секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- Егер электронды тұрақ тежегіші (EPB) ақаулы болса.

  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

i Ақпарат

Электронды тұрақ тежегішінің индикаторы (EPB) электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) индикаторы жанған кезде жануы мүмкін, бұл ESC жүйесіндегі ақауды көрсетеді. Бұл EPB ақаулығы емес.

AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы

Бар болса

AUTO HOLD

Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- [Ақ] Автоматты түрде ұстап тұру функциясын AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) ауыстырып қосқышын басып қосқан кезде.
- [Жасыл] Автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосылған кезде автокөлікті тежегіш педалімен тоқтатқан кезде.
- [Сары] Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы ақаулы болса.

  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «Автоматты түрде ұстап тұру» бөлімінде берілген.

Шинадағы төмен қысым туралы ескерту индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - Шинадағы төмен қысым туралы ескерту индикаторы шамамен 3 секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- Шиналардың бірінде ауа қысымы жеткіліксіз болған кезде. (Ауа қысымы жеткіліксіз шинаның орналасуы аспаптар панелінің дисплейінде көрсетілген.)

Толығырақ ақпарат 8-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінде берілген.

Индикатор шамамен 60 секунд жыпылықтаған соң жанып тұрады немесе шамамен 3 секундтық аралықпен тұрақты түрде жанып және сөніп тұрады.

TPMS жүйесі істен шыққан кезде.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Толығырақ ақпарат 8-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінде берілген.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіз тоқтау

- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі сыртқы факторлардың әсерінен шинаның күтпеген ауыр зақымдануы туралы ескерту жасай алмайды.
- Егер автокөлік тұрақсыз болып көрінсе, аяқты акселератор педалінен дереу алып тастап, тежегіш педалін ақырын басып, жолдың қауіпсіз жеріне баяу шығу керек.

Бетпе-бет соғысу туралы ескерту индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- «Engine Start/Stop» түймесі қосу күйінде («ON») болғанда. 3 секунд жанады да, артынша сөніп қалады
  - Сары: Егер қосалқы бетпе-бет соғысудың алдын алу жүйесінің алдынан соқтығысудың алдын алу функциясы өшірілген/белсенді емес/ақаулы болса.

  Егер алдынан соқтығысу туралы ескерту жүйесі орнатылған кезде датчикті тазалағаннан немесе бұғаттан шығарғаннан кейін сары индикатор жанып тұра берсе, автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексерген жөн.

Ескерту индикаторы жыпылықтайды:

- Қызыл: Алдынан соқтығысу туралы ескерту функциясы жұмыс істеген кезде.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Толық ақпарат 7-тараудың «Қосалқы бетпе-бет соғысудың алдын алу жүйесінің (FCA) (тек алдыңғы камера)» бөлімінде берілген.

Жолақ бойынша қауіпсіз қозғалысты бақылау жүйесінің индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- «Engine Start/Stop» түймесі қосу күйінде («ON») болғанда. 3 секунд жанады да, артынша сөніп қалады
- Сұр: Егер жолақта қалу жүйесінің жұмыс шарттары орындалмаса.
- Жасыл: Егер жолақта қалу жүйесінің жұмыс шарттары орындалса.

  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.
- Сары: Егер жолақта қалу жүйесі өшірілген/белсенді емес/ақаулы болса.

Индикатордың жыпылықтауы:

- Жасыл: Жолақта қалу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде.

Толығырақ ақпарат 7-тараудың «Жолақта қалу жүйесі (LKA)» бөлімінде берілген.

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту индикаторы

Бар болса



Ескерту индикаторы жыпылықтайды:

Жылдамдық 120 км/сағ асқан жағдайда.

- Бұл функция жылдамдықты шектен асырмауға арналған.
- Сонымен қатар, шамамен 5 секунд ішінде жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту сигналы беріледі.

Қозғалыс жолағын бақылау жүйесінің индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- «Engine Start/Stop» түймесі қосу күйінде («ON») болғанда. 3 секунд жанады да, артынша сөніп қалады
- Жасыл: Қозғалыс жолағын бақылау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда.
- Сұр: Егер қозғалыс жолағын бақылау жүйесінің жұмыс шарттары орындалмаса.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды:

- Ақ: Руль көмекшісінің жұмысы тоқтатылған кезде.

Толығырақ 7-тараудың «Қозғалыс жолағын бақылау жүйесі (LFA)» бөлімін қараңыз.

Зейінсіз жүргізу туралы ескерту индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- «Engine Start/Stop» түймесі қосу күйінде («ON») болғанда. 3 секунд жанады да, артынша сөніп қалады
- Сары: Жүргізушінің зейінін басқару жүйесі өшірілген немесе ақаулы болған кезде.

  Егер алдыңғы шолу камерасын тазалағаннан немесе құлпын ашқаннан кейін сары индикатор жанып тұрса, автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексерген жөн.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды:

- Сары: Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі демалуға кеңес береді.

Толығырақ 7-тараудың «Зейінсіз жүргізу туралы ескерту (DAW)» бөлімін қараңыз.

Толық жетек туралы ескерту индикаторы (4WD)



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Егер толық жетек жүйесі ақаулы болса.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Толығырақ 6-тараудың «Толық жетек (4WD)» бөлімін қараңыз.

Толық жетекті бұғаттау индикаторы (4WD)



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесі қосылғаннан кейін немесе Engine Start/Stop» түймесін қосу («ON») күйіне ауыстырғаннан кейін.
  - Индикатор шамамен 3 секунд жанады да, артынша сөніп қалады.
- 4WD құлыптау режимін таңдағанда, «4WD LOCK» түймесін басу арқылы (4WD құлыптау).
  - Толық жетекті құлыптау режимі су басқан жолдарда, қарлы жолдарда немесе жолдан тыс жерлерде жүру кезінде жетек қуатын арттыруға арналған.

Ескертпе

Жабыны құрғақ жолдарда немесе магистральдарда толық жетекті құлыптау режимін қолдануға болмайды: бұл шу, діріл және толық жетекті жүйемен байланысты бөлшектерге зақым келтіруі мүмкін.

Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесінің ескерту индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- «Engine Start/Stop» түймесі қосу күйінде («ON») болғанда. 3 секунд жанады да, артынша сөніп қалады
- Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесінде ақау болған жағдайда.

  Бұл жағдайда қауіпсіз жерге барып, қозғалтқышты өшіріп, қайта қосу керек. Егер ескерту индикаторы жанып тұрса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Жарықдиодты фаралардың ескерту индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - Жарықдиодты фаралардың индикаторы шамамен 3 секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- Жарықдиодты фараның ақаулығы болған жағдайда.

  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Ескерту индикаторы жыпылықтайды:

Егер жарықдиодты фарамен байланысты бөлік ақаулы болса.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Ескертпе

Жарықдиодты фаралардың ескерту индикаторы жанып тұрғанда немесе жыпылықтап тұрғанда ұзақ жүру жарықдиодты фаралардың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

Динамикалық тұрақтандырудың электрондық жүйесінің индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің индикаторы 3 секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- ESC жүйесінде ақау болған кезде.

  Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды:

ESC жүйесі жұмыс істеген кезде.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «Электрондық тұрақтылықты бақылау (ESC)» бөлімінде берілген.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесін (ESC) өшіру индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - ESC жүйесін өшіру индикаторы шамамен 3 секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- ESC жүйесін «ESC OFF» (ESC өшіру) түймесін басу арқылы өшірген кезде.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «Электрондық тұрақтылықты бақылау (ESC)» бөлімінде берілген.

Иммобилайзер индикаторы (электрондық кілті жоқ)

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Автокөлік оталдыру жүйесін «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырған кезде кілттегі иммобилизаторды танығанкезде.
  - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болады.
  - Қозғалтқыш оталған соң индикатор өшеді.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды:

- Иммобилайзер жүйесі істен шыққан кезде.

  Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу керек.

Иммобилайзер индикаторы (электрондық кілті бар)

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда 30 секундқа дейін жанады.

- Егер автокөлік «Engine Start/Stop» түймесі «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «ON» (Қосулы) күйінде болғанда көлік ішіндегі электрондық кілтті тіркесе.
  - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болады.
  - Қозғалтқыш оталған соң индикатор өшеді.

Индикатор келесі жағдайларда бірнеше секунд жыпылықтайды.

- Егер салонда электрондық кілт болмаса.
  - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыру мүмкін емес.

Бұл индикатор 2 секундқа жанады және келесі шарттар орындалғанда сөнеді.

- Егер электрондық кілт автокөлікте болса және «Engine Start/Stop» түймесі қосулы күйде («ON») болса, бірақ автокөлік электрондық кілтті анықтамаса.


  Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу керек.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды:

- Иммобилайзер жүйесі істен шыққан кезде.

  Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу керек.

Қыздыру білтесінің индикаторы (дизельді қозғалтқыш үшін)



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Қозғалтқышты алдын ала қыздыру кезінде оталдыру жүйесінің құлпы немесе «Engine Start/Stop» түймесі «ON» (Қосулы) күйінде болғанда.

- Қозғалтқышты қыздыру білтелерінің жарық индикаторы өшірілгеннен кейін оталдыруға болады.
- Қосу уақыты салқындатқыш сұйықтықтың температурасына, ауа температурасына және аккумулятор батареясының күйіне байланысты.

Егер қозғалтқыш қызғаннан кейін немесе қозғалыс кезінде индикатор жанып тұрса немесе жыпылықтаса, қозғалтқыштың алдын ала қыздыру жүйесінде ақау болуы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Еңістен түскен кездегі көмек көрсету жүйесінің индикаторы (DBC)

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қосулы) күйіне орнатқаннан кейін.
  - Еңісте жүрген кезде тежеуді басқару жүйесінің индикаторы 3 секундқа жанып, артынан сөнеді.
- Еңісте жүрген кезде тежеуді басқару жүйесінің (DBC) түймесін басу арқылы DBC-ті іске қосқан кезде.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды:

Еңісте тежегіштерді басқару жүйесі жұмыс істеген кезде.

Бұл сигнал шамы келесі жағдайларда сары түспен жанады:

Еңісте тежегіштерді басқару жүйесінде ақау болған кезде.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «Еңістен түскен кездегі көмек көрсету жүйесі (DBC)» бөлімінде берілген.

AUTO STOP индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

ISG жүйесі (стоп-старт жүйесі) қозғалтқышты бос жүріс кезінде өшіргенде.

Егер қозғалтқыш автоматты түрде оталса, аспаптар панеліндегі автоматты тоқтау индикаторы ақ түспен жанады.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «ISG жүйесі (старт-стоп)» бөлімінде берілген.

i Ақпарат

Қозғалтқышты ISG жүйесі автоматты түрде оталдырғанда кейбір ескерту индикаторлары (ABS, ESC, ESC OFF, MDPS немесе тұрақ тежегішінің ескерту индикаторы) бірнеше секундқа жануы мүмкін. Бұл аккумулятор батареясының заряды төмен болғанда орын алады. Бұл жүйенің ақауы емес.

Бұрылыс сигналдарының индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды:

Бұрылыс көрсеткішінің тұтқасын ауыстырған жағдайда.

Келесі жағдайлардың кез келгені орын алғанда бұрылыс көрсеткіштері жүйесінде ақау пайда болуы мүмкін.

- Бұрылыс сигналдарының индикаторы жанады, бірақ жыпылықтамайды.
- Бұрылыс сигналдарының индикаторы тез жыпылықтайды.
- Бұрылыс сигналдарының индикаторы жанбайды.

Төмендегі жағдайларда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Шалғай жарық индикаторы



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Шалғай жарық қосулы кезде.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің тұтқасы фаралар шамының жыпылықтау күйіне ауысты.

Таяу жарық индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Фаралар қосылған кезде.

Жарық аспаптарын қосу индикаторы



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Габарит жарығы немесе бас жарық фаралары қосылып тұрғанда.

Артқы тұман шамдарының индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Артқы тұман шамдары қосылып тұрғанда.

Мұз басқан жол туралы ескерту индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Жүргізушіге жолды мұз басқан болуы мүмкін туралы ескерту үшін.

Сырттағы температура көрсеткіші шамамен 4 °C (40 °F) төмен түскенде, бір дыбыс сигналы беріледі, сыртқы температура индикаторы және «Назар аударыңыз! Көктайғақ!» ескерту индикаторы бірнеше рет жыпылықтап, содан кейін жанып тұрады.

Ақпараттық ойын-сауық экранындағы Баптаулар мәзірінде мұз басқан жол туралы ескерту функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Аспаптар панелі** > **Назар аударыңыз! Көктайғақ!**

i Ақпарат

- Егер «Назар аударыңыз! Көктайғақ!» индикаторы қозғалыс кезінде жанса, жылдамдықты күрт үдетпей және күрт тежемей, бұрылыстардан жоғары жылдамдықпен өтпей және т. б., мұқият және қауіпсіз қозғалу керек.
- Жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің БЖ өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Шалғай жарықты автоматты түрде ауыстыру функциясының индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Егер жарық ажыратқышы AUTO (Автоматты) күйіне орнатылса, фаралардың шалғай жарығын қосқанда.

- Ақ: шалғай жарықты автоматты түрде ауыстыру жүйесі жұмысқа дайын болған кезде.
- Жасыл: Шалғай жарықты автоматты түрде ауыстыру жүйесі дайын болған кезде.

Егер автокөлік қарсы келе жатқан немесе жол-жөнекей келе жатқан көлікті анықтаса, онда фараларды автоматты түрде ауыстыру жүйесі шалғай жарықты таяуға ауыстырады.

Толық ақпарат 5-тараудағы «HBA (шалғай жарықты автоматты түрде ауыстыру)» бөлімінде берілген.

Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесінің индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Егер шалғай жарық қосулы болса және жарықты ауыстырып қосқыш «AUTO» күйіне орнатылса.

- Ақ: Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі жұмысқа дайын болған кезде.
- Жасыл: Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі жұмыс істеген кезде.

Егер автокөлік қарсы келе жатқан немесе жол-жөнекей келе жатқан көлікті анықтаса, онда алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі жарықдиодты фараларды ішінара өшіреді.

Толығырақ 5-тараудың «Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі (IFS)» бөлімін қараңыз.

Круиз-контрольдің индикаторлы шамы

Бар болса



Бұл индикатор төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

Круиз-контроль жүйесі қосылған кезде.

Қосымша ақпарат 7-тараудың «Круиз-контроль (CC)» бөлімінде берілген.

«SPORT» режимінің индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады

«SPORT» (Спорттық) режимін таңдағанда.

Қосымша ақпарат 6-тараудың «Интеграцияланған жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD)», «интеграцияланған жүргізу режимін басқару жүйесі (4WD)» бөлімінде берілген.

«ECO» режимінің индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады

«ECO» (Үнемді) режимін таңдағанда.

Қосымша ақпарат 6-тараудың «Интеграцияланған жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD)», «интеграцияланған жүргізу режимін басқару жүйесі (4WD)» бөлімінде берілген.

Негізгі ескерту индикаторы

Бар болса



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

Келесі жүйелердің кез келгенінде ақау болған жағдайда.

- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу жүйесінің ақаулығы (бар болса)
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу жүйесінің радары (бар болса) бұғатталған
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесінің ақаулығы (бар болса)
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесінің радары бұғатталған (бар болса)
- Жарықдиодты алдыңғы фаралардың дұрыс жұмыс істемеуі (бар болса)
- Жалғай жарық фараларын автоматты ауыстыру жүйесінің ақаулығы (бар болса)
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің (SCC) ақаулығы (бар болса)
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің радары бұғатталған (бар болса)
- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) ақаулығы

Бұл ескертудің егжей-тегжейлері аспаптар панелінің дисплейінде көрсетіледі.

Аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарламалар

P күйіне ауыстырыңыз (электрондық кілт жүйесі үшін)

Бұл хабарлама қозғалтқышты «P» (Тұрақ) берілісін таңдамай өшіруге тырысқанда пайда болады.

Бұл жағдайда «Engine Start/Stop» түймесі ACC (қосымша құрылғыдағы қуат) күйіне ауыстырылады.

Кілттегі аккумулятор қуатының таусылуы (электрондық кілт жүйесі үшін)

Бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшірулі) күйіне ауыстырған кезде электрондық кілт батареясы таусылған жағдайда пайда болады.

Рульді бұрап, START түймесін басыңыз (электрондық кілт жүйесі үшін)

Бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде рульдің құлпы әдеттегідей ашылмаған кезде пайда болады.

«Engine Start/Stop» түймесін рульді оңға және солға бұру арқылы басу керек.

Рульді құлыптау жүйесін тексеріңіз (электрондық кілт жүйесі үшін)

Егер «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшірулі) күйіне ауыстырған кезде руль қалыпты түрде құлыпталмаса, бұл хабарлама қосылады.

Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз (электрондық кілт жүйесі және автоматты беріліс қорабы/қос ілінісі бар беріліс қорабы үшін)

Бұл хабарлама тежегіш педалін баспай " «Engine Start/Stop» түймесін екі рет басқаннан кейін пайда болады («ACC» режимі қосылған (қосымша құрылғыдағы қуат)).

Қозғалтқышты тежегіш педалін басып, содан кейін «Engine Start/Stop» түймесін басып, қосуға болады.

Қозғалтқышты оталдыру үшін ілініс педалін аяғына дейін басыңыз (электрондық кілт жүйесі мен қолмен беріліс қорабы үшін)

Бұл ескерту хабарламасы ілініс педалін баспай «Engine Start/Stop» түймесін екі рет басқаннан кейін пайда болады (ACC режимі қосылған).

Қозғалтқышты оталдыру үшін ілініс педалін аяғына дейін басу керек.

Кілт көлікте емес (электрондық кілт жүйесі үшін)

Егер сіз электрондық кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарып, қозғалтқышты өшірмей көліктен шықсаңыз, яғни «Engine Start/Stop» түймесін қосулы (ON) немесе «START» (Start) күйінде қалдырсаңыз, бұл хабарлама көрсетіледі.

Автокөліктен шықпас бұрын қозғалтқышты өшіріңіз.

Кілт көлікте табылмады (электрондық кілт жүйесі үшін)

Бұл хабарлама электрондық кілт табылмаса, «Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде пайда болады.

«START» түймесін тағы басыңыз (электрондық кілт жүйесі үшін)

Бұл хабарлама қозғалтқышты «Engine Start/Stop» түймесінің көмегімен оталдыру мүмкін болмаған кезде көрсетіледі.

Егер дисплейде осы хабарлама пайда болса, қозғалтқышты «Engine Start/Stop» түймесін басу арқылы қайта оталдырып көріңіз.

Егер бұл хабарлама «Engine Start/Stop» түймесін басқан сайын пайда болса, жүйені ресми HYUNDAI дилерінде тексерген жөн.

«START» түймесін кілтпен басыңыз (электрондық кілт жүйесі үшін)

Бұл хабарлама дисплейде «Кілт табылмады» хабары пайда болған кезде «Engine Start/Stop» түймесі басылса қосылады.

Бұл жағдайда иммобилайзер шамы жыпылықтайды.

Тежегіш релесінің сақтандырғышын тексеріңіз (төтенше жағдай кілті жүйесі және автоматты трансмиссия/қос ілінісі бар трансмиссия үшін)

Бұл хабарлама тежегіш релесінің сақтандырғышы ағытылған жағдайда пайда болады.

Қозғалтқышты оталдырмас бұрын жаңа сақтандырғышты орнату керек.

Егер бұл мүмкін болмаса, қозғалтқышты ACC (қосымша құрылғы) күйінде болған кезде «Engine Start/Stop» түймесін 10 секунд басып тұрып бастауға болады.

Тұтқаны«P» немесе «N» күйіне қойыңыз (электрондық кілт жүйесі және автоматты трансмиссия/қос ілінісі бар трансмиссия үшін)

Бұл хабарлама қозғалтқышты «P» (Тұрақ) немесе «N» (Бейтарап) басқа кез келген күйден оталдырып көрсеңіз пайда болады.

i Ақпарат

Қозғалтқышты «N» (Бейтарап) берілісі таңдалып тұрғанда оталдыруға болады. Бірақ сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қозғалтқышты «P» (Тұрақ) берілісі таңдалып тұрғанда оталдыруды ұсынамыз.

Ашық есіктер, капот немесе жүксалғыш индикаторы



Бұл хабарлама есік, капот немесе жүксалғыш ашық болса көрсетіледі. Дисплейдегі хабарлама қай есіктің ашық екенін көрсетеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жол жүрмей тұрып есіктер, капот, жүксалғыш толығымен жабық тұрғанын тексеріп алыңыз.

Төбедегі ашық люк индикаторы

Бар болса



Бұл ескерту қозғалтқыш төбедегі люк ашық тұрғанда сөнген кезде қосылады.

Көлікті қараусыз қалдырған кезде люкті мықтап жабыңыз.

Шиналардағы төмен қысым




Бұл хабарлама шиналардағы қысым төмен болғанда пайда болады. Автокөліктің тиісті шинасы көрсетіледі.


Толығырақ ақпарат 8-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінде берілген.

Жарықтандыру

А типі



В түрі



Бұл индикатор жарықты басқару режимінде таңдалған сыртқы жарық шамын көрсетеді.

Ақпараттық ойын-сауық экранындағы Баптаулар мәзірінде әйнектазартқыштарды/жарықтандыру аспаптарын көрсету функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Аспаптар панелі** > **Әйнексүрткіш/фаралар режимі**

Әйнектазартқыш

А типі



В типі



Бұл индикатор әйнектазалағыштарды басқару режимінде әйнектазалағыштың таңдалған жылдамдығын көрсетеді.

Ақпараттық ойын-сауық экранындағы Баптаулар мәзірінде әйнектазартқыштарды/жарықтандыру аспаптарын көрсету функциясын қосуға немесе өшіруге болады.

Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Аспаптар панелі** > **Әйнексүрткіш/фаралар режимі**

Руль жылытқышы өшірулі

Бар болса

Бұл хабарлама руль жылытқышын өшірген кезде пайда болады.

Қосымша ақпарат 5-тараудың «Руль жылытқышы» бөлімінде берілген.

Сақтандырғышы бар ауыстырып қосқышты қосыңыз

Бар болса

Бұл хабарлама рульдің астындағы сақтандырғыштар блогының ауыстырып қосқышы өшіп тұрғанда көрсетіледі. Сақтандырғышы бар ауыстырып қосқышты қосу керек.

Қосымша ақпарат 9-тараудың «Сақтандырғыштар» бөлімінде берілген.

Әйнекжуғыш сұйықтығының деңгейі төмен

Бар болса

Бұл ескерту хабарламасы әйнекжуғыш багындағы сұйықтық деңгейі төмен болған кезде пайда болады.

Сұйықтықты жуғыш багына құйыңыз.

Отын деңгейі төмен

Бұл хабарлама отын бағы босауға жақын қалғанда жанады.

Бұл хабарламамен бірге аспаптар панелінде төмен отын деңгейінің индикаторы да жанады.

Жақын маңдағы жанармай құю станциясын тауып алып, отын құю керек.

Қозғалтқыштың қызып кетуі / қозғалтқыш қызып кетті

Бар болса

Бұл хабарлама қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы 120 °C (248 °F) градустан асып кеткенде көрсетіледі. Бұл қозғалтқыштың қызып кеткенін және зақымдалғанын білдіреді.

Автокөлік қызып кетсе, 8-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.

Фараларды тексеріңіз

Бар болса

Бұл хабарлама фаралар дұрыс істемеген жағдайда пайда болады. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Жанған шамды ауыстырған кезде номинал қуаты бірдей жаңа шамды орнатыңыз.

Айналу сигналын тексеріңіз

Бар болса

Бұл хабарлама бұрылыс көрсеткіштері шамдары дұрыс істемеген жағдайда пайда болады. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Жанған шамды ауыстырған кезде номинал қуаты бірдей жаңа шамды орнатыңыз.

Алдыңғы жарықдиодты фараларды тексеріңіз

Бар болса

Егер жарықдиодты фарада ақау болса, бұл хабарлама көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Мотор майының деңгейі төмен

Бар болса

Бұл ескерту қозғалтқыштағы май деңгейін тексеру қажет болғанда көрсетіледі.

Егер бұл ескерту пайда болса, мотор майының деңгейін мүмкіндігінше тезірек тексеріп, қажет болған жағдайда оны толтырып құю керек.

Майды құйғышты пайдаланып баяу құйған жөн. (Отын құю көлемі: шамамен 0,6-1,0 л)

Тек көрсетілген мотор майын қолданыңыз. (2-тараудағы «Ұсынылған майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат» бөлімін қараңыз).

Қозғалтқышқа тым көп май құймаңыз. Май деңгейі сүңгіштегі F (толық) белгісінен аспайтынына көз жеткізіңіз.

Ескертпе

Егер хабарлама қозғалтқышқа май қосқаннан кейін, автокөлік шамамен 50-100 км (31-62 миль) жүргеннен кейін және қозғалтқышты қыздырғаннан кейін пайда болса, жүйені тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Қозғалтқыш оталғаннан кейін бұл ескерту көрсетілмесе де, мотор майын үнемі тексеріп, қосып отыру керек.

Ақпарат

Мотор майын құйғаннан кейін қозғалтқыш қызуы үшін автокөлікпен шамамен 50-100 км (31-62 миль) жүру керек, содан кейін ескерту хабары жоғалады.

Газ шығаратын жүйені тексеріңіз

Бар болса

Бұл ескерту дизель немесе бензинді күйесі сүзгісі істен шыққан жағдайда пайда болады. Осы уақытта дизель немесе бензин күйесі сүзгісінің ескерту шамы да жыпылықтайды.

Бұл жағдайда дизель және бензин күйесі сүзгісі жүйесін тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне жолыққан жөн.

DPF: Дизель қозғалтқыштың күйе сүзгісі

GPF: бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісі

Төмен несепнәр деңгейі (дизельді қозғалтқыш)

Бар болса

Бұл ескерту несепнәр ерітіндісінің бағы бос болған жағдайда жанады.

- Селективті каталиттік бейтараптандырғыш жүйесінің (SRC) сигнал шамы жанған кезде.

Несепнәр ерітіндісін мүмкіндігінше тезірек құйыңыз.

Қосымша ақпарат 9-тараудың «Селективті каталиттік бейтараптандырғыш жүйесі (SCR) (дизельдік қозғалтқыш)» бөлімінде берілген.

Несепнәр беру жүйесін тексеріңіз (дизельді қозғалтқыш)

Бар болса


Бұл ескерту несепнәр беру жүйесінде ақау болған жағдайда жанады.

Бұл жағдайда несепнәр беру жүйесін тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне жолыққан жөн.

Қосымша ақпарат 9-тараудың «Селективті каталиттік бейтараптандырғыш жүйесі (SCR) (дизельдік қозғалтқыш)» бөлімінде берілген.

Аспаптар панелінің дисплейі

Аспаптар панелінің дисплейін басқару



Аспаптар панелі дисплейінің режимдерін басқару түймелерінің көмегімен өзгертуге болады.

Ауыстырып қосқыш	Функция
	Режимді ауыстыру түймесі
^, v	Элементтерді ауыстыру түймесі
OK	Таңдалған элементті баптау немесе қалпына келтіруге арналған таңдау/қалпына келтіру түймесі

i Ақпарат

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі болған жағдайда, құралдар тақтасында емес, ақпараттық ойын-сауық жүйесіндегі (бірақ аспаптар панеліндегі емес) Баптаулар мәзіріне қолдау көрсетіледі).

Қарау режимдері

Қарау режимдері	Сипаттамасы
Сервистік ақпарат	Сервистік ақпаратты қарау мәзірі жол жүру қашықтығы, электр қуатын үнемдеу көрсеткіштері және т. б. сияқты сапар туралы бірқатар мәліметтерді көрсетеді.

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қандай мүмкіндіктер қарастырылғанына байланысты өзгеруі мүмкін.

Сервистік ақпаратты қарау мәзірі

Ағымдағы сапар



Маршруттық компьютер режимінде отын шығыны, одометр көрсеткіші және автокөлік жылдамдығы сияқты автокөліктің қозғалыс параметрлеріне қатысты ақпарат көрсетіледі.

Отын құю сәтінен бастап



Жол жүру қашықтығы, сапардың жалпы уақыты және отын құюдан кейінгі орташа отын шығыны көрсетіледі.

Қолмен қалпына келтіру үшін рульдегі **OK** түймесін басып, оны «**Отын құю сәтінен бастап**» мәтіні көрсетілгенше 1 секундтан астам ұстап тұрыңыз.

Қалпына келтіру сәтінен бастап




Жалпы жол жүру қашықтығы, сапардың жалпы уақыты және отын құюдан кейінгі орташа отын шығыны көрсетіледі.

Ақпарат деректерді соңғы нөлдеген сәттен бастап жиналады.

Қолмен қалпына келтіру үшін рульдегі **OK** түймесін басып, оны «**Отын құю сәтінен бастап**» мәтіні пайда болғанша 1 секундтан астам ұстап тұрыңыз.


Автостоп



AUTO STOP дисплейі (автоматты тоқтату) қозғалтқышты «стоп-старт» жүйесімен тоқтатқаннан кейінгі өткен уақытты көрсетеді.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «ISG жүйесі (старт-стоп)» бөлімінде берілген.

Шиналардағы қысым (Еуропа елдерінен басқа)



Әр шинадағы қысым көрсетіледі.


Толығырақ 8-тараудағы «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» тармағынан қараңыз.

Несепнәр деңгейі (дизельді қозғалтқыш)

Еуропадан басқа



Еуропа үшін



Бұл режим бакта қалған несепнәр ерітіндісінің шамамен алғандағы мөлшерін көрсетеді.

Деңгей индикаторы [E] мәніне жеткенше күтпей, бакқа несепнәр толтырып құйыңыз.

Қосымша ақпарат 9-тараудың «Селективті каталиттік бейтараптандырғыш жүйесі (SCR) (дизельдік қозғалтқыш)» бөлімінде берілген.

Энергия беру (дизельді MHEV 48 В үшін (жұмсақ гибрид))

Бар болса


Жұмсақ гибридті жүйе жүргізушіге әртүрлі жұмыс режимдерінде энергия шығыны туралы хабарлайды. Қозғалыс кезінде энергияны берудің 3 режимі бар.



Автокөлікті тоқтату

Автокөлік тоқтады.

(Энергия берілмейді)



Қозғалтқыш арқылы генерация / регенерация

Қозғалтқыш пен рекуперативтік тежеу жүйесі жоғары вольтты батареяны зарядтайды.

(**Қозғалтқыш және дөңгелектер** > **Аккумулятор**)

Қосымша ақпарат дисплейі

Жүргізушіге көмек



Қол режимінде жылдамдықты шектеуге көмектесетін жүйелердің, круиз-контрольдің, интеллектуалды круиз-контрольдің, қозғалыс жолағын бақылау жүйелерінің, магистральда көлік жүргізуге көмектесетін жүйенің және т. б. ағымдағы күйі көрсетіледі.

Жалпы ескерту режимі

Негізгі ескерту индикаторы көрсетілген бір немесе бірнеше жағдайлар туындаған кезде жанады.

- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу жүйесінің ақаулығы (бар болса)
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу жүйесінің радары (бар болса) бұғатталған
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесінің ақаулығы (бар болса)
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесінің радары бұғатталған (бар болса)
- Жарықдиодты алдыңғы фаралардың дұрыс жұмыс істемеуі (бар болса)
- Жалғай жарық фараларын автоматты ауыстыру жүйесінің ақаулығы (бар болса)
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің (SCC) ақаулығы (бар болса)
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің радары бұғатталған (бар болса)
- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) ақаулығы

Автокөлік баптаулары (ақпараттық ойын-сауық жүйесі)

Бар болса

Ақпараттық ойын-сауық жүйесіндегі автокөлік баптаулары пайдаланушыға көптеген баптау нұсқауларын ұсынады, соның ішінде есікті құлыптау/құлпын ашу функциялары, жайлылық функциялары, жүргізуші көмекшісінің баптаулары және т. б.

Автокөлік баптауларының мәзірі


- Жүргізушіге көмек
- Жүргізу режимі
- Климат
- Жарықтандыру
- Есік
- Жайлылық

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қандай мүмкіндіктер қарастырылғанына байланысты өзгеруі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлік жүргізу кезінде көлік баптауларын өзгертпеңіз. Назарыңыз автокөлікті жүргізуден ауып, апатқа ұшырауыңыз мүмкін.

Автокөлігіңізді баптау



1. Негізгі пернетақтадағы SETUP түймесін басыңыз.
2. Автокөлік баптауларын өзгерту үшін **Автокөлік** таңдаңыз.

i Ақпарат

Жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің БЖ өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

5. Жайлылықты қамтамасыз ету функциялары

Көлік құралына кіру 5-6

Қашықтан басқару кілті 5-6
Электронды кілт 5-10
Иммобилайзер 5-15

Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесі 5-16

Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесінің баптаулары 5-16
Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесінің жұмысы 5-17
Жүйе шектеулері 5-18
Ұсталған автокөлік сатып алған жағдайда 5-18

Есік құлыптары 5-19

Есік құлыптарын автокөлік сыртынан басқару 5-19
Есіктердің құлыптарының ашылуын автокөлік ішінен басқару 5-20
Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциясы 5-22
Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бекіту құрылғысы 5-23
Артқы орындықта жолаушының отырғанын ескерту жүйесі (ROA) 5-23

Артқы орындықта жолаушының отырғаны туралы хабарлайтын жетілдірілген жүйе (ROA) 5-24

Жүйені баптау 5-24
Жүйе жұмысы 5-25
Жүйені пайдалану кезіндегі сақтық шаралары 5-26
Сәйкестік декларациясы 5-28

Айдап әкетуге қарсы жүйе 5-29

Кіріктірілген жад жүйесі 5-30

Күйлерді жадқа сақтау 5-30
Күйлерді жадтан қалпына келтіру 5-31
Жүйе көрсеткіштерін ысыру 5-31
Ыңғайлы кіру функциясы 5-32

Руль 5-33

Руль электркүшейткіші (MDPS) 5-33
Руль дөңгелегін еңкейту/Жылжытып шығару 5-34
Руль дөңгелегін жылыту 5-35
Дыбыс сигналы 5-37

Айналар 5-37

Ішкі артқы көрініс айнасы 5-37
Сыртқы артқы көрініс айналары 5-39

Терезелер 5-42

Әйнеккөтергіштер 5-44
Төбедегі панорамалық люк 5-48
Электрлі күнқағар қалқа 5-49
Көлбеу күйге ашу және жабу 5-49
Ысырып ашу және жабу 5-50
Бағытты автоматты түрде өзгерту 5-50
Төбедегі люктің параметрлерін бастапқы күйге келтіру 5-51
Төбедегі жабылмаған люк туралы ескерту 5-52
Капот 5-53
Капотты ашу 5-53
Капотты жабу 5-53
Жүксалғыштың электржетекті есігі 5-54
Жүксалғыштың электржетекті есігінің жұмыс істеу шарттары 5-54
Жүксалғыштың электржетекті есігін пайдалану 5-57
Жүксалғыштың электржетекті есігін баптау 5-59
Жүксалғыштың электржетекті есігінің баптауларын бастапқы күйге келтіру 5-60
Жүксалғыш есігінің құлпын апаттық жағдайда ашу құрылғысы 5-60
Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы 5-61
Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуын пайдалану 5-61
Жүксалғышты автоматты түрде ашу жүйесін өшіру 5-62
Анықтау аймағы 5-63
Отын багы аузының қақпағы 5-64
Отын багы аузының қақпағын ашу 5-64
Отын багы аузының қақпағын жабу 5-65
Проекциялық дисплей (HUD) 5-67
Проекциялық дисплейдің баптаулары 5-67
Проекциялық дисплейдегі ақпарат 5-68
Проекциялық дисплейді қолданған кездегі сақтық шаралары 5-68
Автокөлік жүйесін сымсыз жаңарту 5-69
Бағдарламалық құралды жүктеу 5-69
Бағдарламалық құралды жаңартуды растау 5-70
Бағдарламалық құралдың жаңартуын дайындау 5-70
Бағдарламалық құралды жаңарту 5-71
Сыртқы жарықтандыру аспаптары 5-73
Жарық аспаптарын басқару 5-73
Алыс жарық фараларын басқару 5-75

5. Жайлылықты қамтамасыз ету функциялары

Бұрылыс және қозғалыс қатарын ауыстыру көрсеткіштері 5-75
Артқы тұман шамы 5-76
Аккумулятор батареясының зарядын үнемдеу функциясы 5-76
Фараның еңкіштік бұрышын реттеу құрылғысы 5-77
Фараларды сөндіру кідірісі 5-78
Күндізгі жүріс жарықтары (КЖШ) 5-79
Қарсы алу жүйесі 5-79

HBA (алыс жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы) 5-81

HBA жүйесін баптау (алыс жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы)] 5-82
Фаралардың алыс жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің жұмысы 5-82
Фаралардың алыс жарығын автоматты ауыстырып қосу жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 5-83

Интеллектуалды алдыңғы жарықтандыру жүйесі (IFS) 5-85

Жүйені реттеу 5-85
Жүйе жұмысы 5-86
Жүйенің ақауы мен шектеулері 5-86

Ішкі жарық 5-88

Салон жарығының шамы 5-88
Ішкі жарықтың автоматты түрде өшуі 5-89
Бағытталған жарық шамы 5-89
Артқы жеке жарықтандыру шамдары 5-90
Күнқағардағы айнаны жарықтандыру шамы 5-90
Ұсақ-түйек тартпасының шамы 5-90
Сәндік жарық 5-91
Жүксалғышты жарықтандыру шамы 5-91

Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштар 5-92

Алдыңғы әйнектазалағыштар 5-93
Алдыңғы әйнекжуғыштар 5-95
Артқы әйнектің тазалағыштары мен әйнекжуғыштары 5-96

Қолмен басқарылатын климат-бақылау жүйесі 5-97

Ауаны жылыту және кондициялау 5-98
Жүйе жұмысы 5-103
Жүйеге техникалық қызмет көрсету 5-105

Автоматты басқарылатын климат-бақылау жүйесі 5-108

Ауаны жылыту және баптаудың автоматты жүйесі 5-109
Ауаны жылыту және баптаудың қол жүйесі 5-111

Жүйеге техникалық қызмет көрсету 5-118
Алдыңғы әйнектегі қырауды және буды кетіру 5-120
Қолмен басқарылатын климат-бақылау жүйесі 5-121
Автоматты басқарылатын климат-бақылау жүйесі 5-122
Буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі 5-123
Артқы әйнек жылытқышы 5-123
Климат-бақылау жүйесінің қосымша функциялары 5-124
Салқындатқышты автоматты кептіру 5-124
Алдыңғы әйнектің буланuының автоматты алдын алу жүйесі 5-125
Ылғалды автоматты түрде жою 5-127
Люктің жағдайына байланысты ауа айналымы 5-127
Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде ауаның рециркуляциясы 5-127
Туннельге кіргендегі ауаның рециркуляциясы 5-128
Климат-бақылау параметрлерін пайдаланатын автоматты басқару органдары (жүргізуші орындығы үшін) 5-129
Сақтауға арналған бөлік 5-130
Орталық консольдегі сақтауға арналған бөлік 5-130
Ұсақ-түйек тартпасы 5-130
Алдыңғы жолаушы орындығының қалтасы 5-131
Жүк салу бөлігіне арналған науа 5-131
Салонның керек-жарақтары 5-131
Стақан қойғыш 5-131
Күлсауыт 5-132
Күнқағар 5-133
Розетка 5-134
USB зарядтағыш құрылғы 5-135
Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі 5-136
Сағат 5-139
Киімге арналған ілмек 5-139
Кілемше бекітпелері 5-139
Бүйір перде 5-140
Жүк торын ұстағыш 5-140
Жүксалғыш бөлімінің пердесі 5-141
Сыртқы элементтер 5-142
Төбедегі жүксалғыш 5-142
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-143
Антенна 5-143

5. Жайлылықты қамтамасыз ету функциялары

Рульдегі қашықтан басқару элементтері 5-144
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-145
USB порты 5-145
Bluetooth® сымсыз технологиясы 5-146
Дауысты тану 5-147

Көлік құралына кіру

Қашықтан басқару кілті

Бар болса



Сіздің HYUNDAI автокөлігіңізде қашықтан басқару кілті қолданылады, оның көмегімен жүргізуші есігін, жолаушылар есіктерін немесе жүксалғыш есігін құлыптауға және құлпын ашуға болады.

1. Есіктерді құлыптау
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу

Құлыптау

Құлыптау әрекеті:

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғышты жабу керек.
2. Қашықтан басқару кілтіндегі есікті құлыптау түймесін басу керек (1).
3. Есіктер құлыпталады. Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтай бастайды. Сонымен бірге егер аспаптар тақтасының дисплейіндегі пайдаланушы баптаулары режимінде «**Функция: жайлылық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Есіктердің құлпын ашқанда**» тармағын таңдасаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жиналады. Қосымша ақпарат 4-тараудың «Аспаптар тақтасының дисплейі» бөлімінде берілген.
4. Көлік құралының ішіндегі есік құлпын өшіру түймелерінің күйіне қарап есіктердің құлыптанғанын тексеру.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ішінде балалар қараусыз қалатын болса, кілтті автокөлік ішінде қалдыруға болмайды. Қараусыз қалған балалар кілтті оталдыру жүйесінің құлпына сұғып, әйнеккөтергіштерді немесе басқа реттеу элементтерін басқаруы, немесе тіпті автокөлікті қозғалысқа келтіруі мүмкін, бұл күрделі жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Құлыпты ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Қашықтан басқару кілтіндегі есіктің құлпын ашу түймесін басу керек (2).
2. Есіктердің құлпы ашылады. Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды. Сонымен бірге егер аспаптар тақтасының дисплейіндегі пайдаланушы баптаулары режимінде «**Функция: жайлылық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Есіктердің құлпын ашқанда**» тармағын таңдасаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жазылады. Қосымша ақпарат 4-тараудың «Аспаптар тақтасының дисплейі» бөлімінде берілген.

i Ақпарат

30 секунд ішінде есіктердің біреуі ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Қашықтан басқару кілтіндегі жүксалғыш құлпын ашу түймесін (3) бір секундтан астам басып тұру керек.
2. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды. Егер жүксалғыш есігін ашып, қайтадан жапсаңыз, ол автоматты түрде құлыпталады.

i Ақпарат

- Құлыпты ашқаннан кейін жүксалғыш қақпағы автоматты түрде құлыпталады.
- Түймеде "HOLD" (ұстап тұру) сөзі жазылған, бұл осы түймені бір секундтан ұзақ басып ұстап тұру қажеттігін көрсетеді.

Оталдыру

Қосымша ақпарат 6-тараудың «Оталдыру жүйесінің құлпы» бөлімінде берілген.

Ескертпе

Қашықтан басқару кілтінің зақымдалуының алдын алу үшін келесі ережелерді ұстаныңыз:

- Қашықтан басқару кілтін судың, басқа да сұйықтықтардың және оттың әсерінен сақтау қажет. Егер таратқыштың ішкі құрамдас бөліктері су болса (төгілген сусындардан және ылғалдан) немесе шектен тыс қыздырылса, бұл ішкі тізбектердің ақаулықтарына алып келуі мүмкін, бұл көлік құралының кепілдігінің күшін жояды.
- Қашықтан басқару кілтін құлатып алмау керек.
- Қашықтан басқару кілтін жоғары температуралардың әсерінен қорғаңыз.

Механикалық кілт



Егер қашықтан басқару кілті тиісінше жұмыс істемесе, есіктердің құлыптарын механикалық кілтпен жабуға және ашуға болады.

Кілтті жазу үшін бекіткіш түймесін басыңыз. Кілт автоматты түрде жазылады.

Кілтті жинау бір мезгілде бекіткіш түймесін баса отырып, қолмен орындалады.

Ескертпе

Кілтті бекіткіш түймесін баспастан жинауға тырыспаңыз. Бұл кілттің зақымдалуына алып келеді.

Қашықтан басқару кілтін қолданған кездегі сақтық шаралары.

Қашықтан басқару кілті төмендегі кез келген жағдайда жұмыс істемейді:

- Кілт оталдыру жүйесінің құлпына салынған.
- Жұмыс істейтін қашықтықтан (шамамен 10 м (30 фут) асырылған.
- Қашықтан басқару кілтінің батареясының қуаты таусылған.
- Сигнал басқа көлік құралдарымен немесе объектілермен бөгелген.
- Ауа температурасы шектен тыс төмен.
- Қашықтан басқару кілті радиотаратқыштың жанында, радиостанцияның немесе әуежайдың жанында тұр, мұндай жерде қашықтан басқару кілтінің қалыпты жұмысына кедергілер келтірілуі мүмкін.

Егер қашықтан басқару кілті дұрыс жұмыс істемесе, есікті кәдімгі кілтпен ашыңыз және жабыңыз. Егер қашықтан басқару кілтінің жұмысында проблемалар байқалса, HYUNDAI компаниясының ресми дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

Егер қашықтан басқару кілті мобильді телефонның жанында тұрса, кілттің сигналын мобильді телефонның жұмыстық сигналы бөгеуі мүмкін.

Әсіресе бұл телефонның белсенді жұмысы кезінде — қоңырау шалу, кіріс қоңырауына жауап беру, мәтіндік хабарламалар немесе электронды пошта хабарламаларын алу немесе жіберу кезінде болуы мүмкін.

Қашықтан басқару кілтін мобильді телефонмен бір қалтаға салмаңыз, бұл құрылғылардың арасында біршама қашықтық болуы тиіс.

i Ақпарат

Талаптарға сәйкестіктің сақталуына жауапты ұйымның расталған рұқсатынсыз өзгеріс енгізу немесе өңдеу пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығының күшінің жойылуына алып келуі мүмкін. Егер кілтсіз кіру жүйесі талаптарға сәйкестіктің сақталуына жауапты ұйымның расталған рұқсатынсыз өзгеріс енгізудің немесе өңдеудің салдарынан істен шыққан болса, онда мұндай ақаулыққа автокөлік өндірушісінің кепілдігі таралмайды.

Ескертпе

Қашықтан басқару кілтін кілтке электрмагниттік толқындардың берілуіне кедергі келтіруі мүмкін материалдардан алшақ ұстаңыз.

Аккумуляторды ауыстыру



Батарея түрі: CR2032

1. Жұқа аспапты ойыққа салып, қақпақты абайлап ашу керек.
2. Ескі батареяны шығарып алыңыз да, жаңасын салыңыз. Батареяның орнатылуының дұрыстығын тексеріңіз. Дұрыс орнатылмаған батарея батареяның разрядталуына және электронды кілттің жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.
3. Қашықтан басқару кілтінің артқы қақпағын орнына орнату керек.

Қашықтан басқару кілті зақымдалса немесе ол дұрыс істемесе, ресми HYUNDAI дилеріне жолығу керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

БҰЛ ӨНІМГЕ ТҮЙМЕ ТӘРІЗДІ БАТАРЕЯ ОРНАТЫЛҒАН.

Жұтып қойған жағдайда литийлі түйме тәрізді батарея 2 сағаттың ішінде ауыр немесе өмірге қауіпті жарақаттар келтіруі мүмкін. Аккумуляторлар балардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.

Егер батареялардың жұтылып қойғанынан немесе дененің қандай да бір бөлігіне енгізілгенінен күмәндансаңыз, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.


i Ақпарат



Дұрыс кәдеге жаратылмаған батарея қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Аккумуляторды жергілікті заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес кәдеге жарату қажет.

Электронды кілт

Бар болса




Сіздің HYUNDAI автокөлігіңізде электронды кілт қолданылады, оның көмегімен есіктерді (соның ішінде жүксалғыш есігін) құлыптауға және құлпын ашуға болады. Сонымен қатар осы кілтті жай ғана жаныңызда ұстап, автокөліктің қозғалтқышын оталдыруға болады.

1. Есіктерді құлыптау
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғыш қақпағын (жүксалғыш қақпағы) құлыптау және құлпын ашу

   Жүксалғыш қақпағын ашу және жабу (электржетекті жүксалғыш қақпағы)
4. Қашықтан оталдыру (бар болса)

Автокөлікті құлыптау (1)

Берілістерді ауыстырып қосу түймесі бар жинақтама



Құлыптау әрекеті:

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғышты жабу керек.
2. Электронды кілтті жаныңызда ұстаңыз.
3. Есік тұтқасындағы түймені немесе электронды кілттегі есіктерді құлыптау түймесін басыңыз.
4. Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтай бастайды. Сонымен бірге егер аспаптар тақтасының дисплейіндегі пайдаланушы баптаулары режимінде «**Функция: жайлылық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Есіктердің құлпын ашқанда немесе Жүргізуші жақындағанда**» тармағын таңдасаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жиналады. Қосымша ақпарат 4-тараудың «Аспаптар тақтасының дисплейі» бөлімінде берілген.
5. Есіктің сыртқы тұтқасынан тартып көріп, есіктердің құлыпталғанын тексеріңіз.


⚠ ЕСКЕРТУ

Ішінде балалар қараусыз қалатын болса, электронды кілттерді автокөлік ішінде қалдыруға болмайды.

Қараусыз қалдырылған балалар абайсызда «Engine Start/Stop» қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесін басып қоюы, әйнекөтергіштерді немесе өзге басқару элементтерін басқаруы немесе тіпті автокөлікті орнынан қозғап жіберуі мүмкін. Бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Автокөлік құлыптарын ашу (2)

Берілістерді ауыстырып қосу түймесі бар жинақтама



1. Электронды кілтті жаныңызда ұстаңыз.
2. Есік тұтқасындағы түймені немесе электронды кілттегі есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басыңыз.
3. Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтайды. Сонымен бірге егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінен **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жарық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Есіктердің құлпын ашқанда** немесе **Жүргізуші жақындағанда** тармағын таңдасаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жазылады.

Жүксалғыш есігін ашу (3)

Құлыпты ашу үшін:

1. Электронды кілтті жаныңызда ұстаңыз.
2. Жүксалғыш қақпағының тұтқасындағы түймені немесе электронды кілттегі жүксалғыш құлпын ашу түймесін (3) басыңыз және бір секундтан ұзақ ұстап тұрыңыз.
3. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

i Ақпарат

- Жүксалғыш есігінің құлпын ашу түймесі (3) тек жүксалғыш құлпын ғана ашады. Ол ілгішті босатпайды және жүксалғышты автоматты түрде ашпайды. Егер жүксалғыш есігінің құлпын ашу түймесі қолданылса, онда жүксалғышты ашу үшін бәрібір жүксалғыш есігінің тұтқасындағы түймені басу қажет болады.
- Егер құлпы ашылғаннан кейін жүксалғыш қақпағы 30 сек ішінде ашылмайтын болса, ол автоматты түрде құлыпталып қалады.

Автокөлікті қашықтан оталдыру (4)

Бар болса

Қозғалтқышты қашықтан оталдыру үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

1. Автокөліктен шамамен 10 м (32 фут) дейінгі радиуста тұрып электронды кілттегі есіктерді құлыптау түймесін (1) басыңыз.
2. Есіктерді құлыптау түймесін басқан сәттен бастап 2 секундтың ішінде электронды кілттегі қашықтан оталдыру түймесін (4) басыңыз). Қозғалтқыш оталады.
3. Қозғалтқышты өшіру үшін қашықтан оталдыру түймесін (4) бір рет басыңыз.

i Ақпарат

- Қашықтан оталдыру функциясын қосу үшін «P» (Тұрақ) берілісі таңдалған болуы тиіс.
- Тіркелген электронды кілтсіз автокөлікке отырған кезде «**Автокөліктің жұмысы үшін эл. кілт қажет**» хабарламасы көрсетіледі.
- Егер қашықтан оталдырған сәттен бастап 10 минуттың ішінде автокөлікке отырмасаңыз, ол өшеді.
- Егер электронды кілт автокөліктен 10 м (32 фут) артық қашықтықта орналасса, қашықтан оталдыру түймесі (4) жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер капот немесе жүксалғыш есігі ашық тұрса, автокөлікті қашықтан оталдыру мүмкін болмайды.
- Қозғалтқыш бос айналымдарды ұзақ жұмыс істемеуі тиіс.

Автокөлікті қосу

Кейбір модельдерде оталдыру жүйесінің құлпының орнына «Engine Start/Stop» қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі орнатылған. Автокөлікті оталдырған кезде электронды кілт қалтаңызда немесе сөмкеңізде жатуы мүмкін. Толығырақ 6-тараудың «Оталдыру жүйесінің құлпы» бөлімінен қараңыз.

i Ақпарат

Егер белгілі бір уақыт ішінде электронды кілт орнына қозғалмаса, онда электронды кілтті анықтап тану функциясы өшіріледі. Анықтап тану функциясын қайтадан белсендіру үшін электронды кілтті көтеріңіз.

Ескертпе

Электронды кілт зақымдалмауы үшін:

- Зақымдалуына немесе істен шығуына жол бермеу үшін электронды кілтті салқын, құрғақ жерде ұстаңыз. Ылғалдың немесе жоғары температураның әсерінен электронды кілттің ішкі платасы істен шығуы мүмкін. Бұл кепілдік тарапынан өтелмейді.
- Электронды кілтті құлатып алмау керек.
- Электронды кілтті экстремалды температуралардың әсерінен қорғау керек.

Электронды кілтті қолданған кездегі сақтық шаралар.

Электронды кілт төмендегі жағдайлардың кез келгенінде жұмыс істемеуі мүмкін:

- Электронды кілт оның қалыпты жұмысына кедергілер тудыруы мүмкін радиотаратқыштардың, мысалы радиостанцияның немесе әуежайдың жанында тұр.
- Электронды кілт екі жақты байланыстың мобильді станциясының немесе мобильді телефонның қасында тұр.
- Көлік құралының жанында басқа автокөліктің электронды кілті пайдаланылуда.
- Электронды кілт кәдімгі электронды құрылғылардың немесе несие карталарының жанында орналасқан.
- Автокөліктің аккумуляторы разрядталған.
- Сыртқы құрылғы электр розеткасына сұғылған, ал электронды кілт осы сыртқы құрылғының жанында орналасқан.
- Терезелерде күңгірттегіш үлдір, әсіресе, металдандырылған үлдір болған жағдайда электронды кілттің әрекет ету радиусын қысқартатын кедергілер туындауы мүмкін.

Егер электронды кілт дұрыс жұмыс істемей тұрса, есікті механикалық кілтпен ашу және жабу қажет. Қозғалтқышты оталдыру үшін электронды кілтпен «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз. Егер электронды кілтпен проблема туындаса, HYUNDAI компаниясының ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Егер электронды кілт мобильді телефонның жанында тұрса, кілттің сигналын мобильді телефонның жұмыстық сигналы бөгеуі мүмкін. Бұл әсіресе телефонның белсенді жұмысы кезінде — қоңырау шалғанда, кіріс қоңырауына жауап бергенде, мәтіндік хабарламалар алғанда және/немесе электронды пошта арқылы хабарламалар жіберген/алған кезде орын алуы мүмкін. Құрылғылар бір-біріне кедергі келтірмеуі үшін мүмкіндігінше электронды кілт пен мобильді телефонды, мысалы, шалбарыңыздың не күртеңіздің қалтасында бірге қалдырмаңыз.


Ескертпе

- Электронды кілт электрмагнитті материалдардан қашық тұруы керек, ол материалдар кілт бетіне электрмагнитті толқындарының жетуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Автокөліктен тыс жерде электронды кілтті әрдайым өзіңізбен бірге алып жүріңіз. Егер электронды кілтті автокөліктің жанында қалдырсаңыз, бұл автокөліктің аккумулятор батареясының разрядталуына алып келуі мүмкін.


Батареяны ауыстыру

Батарея түрі: CR2450 Батареяны ауыстыру:

1. Жіңішке құралды ойығына (1) сұғып, артқы қақпағын абайлап ашыңыз.



2. Ескі батареяны шығарып алыңыз да, жаңасын салыңыз. Батареяның орнатылуының дұрыстығын тексеріңіз. Дұрыс орнатылмаған батарея батареяның разрядталуына және электронды кілттің жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.



3. Электронды кілттің артқы қақпағын орнына орнатыңыз.

Электронды кілт зақымдалған немесе дұрыс жұмыс істемеген жағдайда HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл өнімге түйме тәрізді батарея орнатылған.

Жұтып қойған жағдайда литийлі түйме тәрізді батарея 2 сағаттың ішінде ауыр немесе өмірге қауіпті жарақаттар келтіруі мүмкін. Аккумуляторлар балардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.

Егер батареялардың жұтылып қойғанынан немесе дененің қандай да бір бөлігіне енгізілгенінен күмәндансаңыз, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

i Ақпарат



Дұрыс кәдеге жаратылмаған аккумулятор қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Батареяларды әрдайым жергілікті заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Иммобилайзер

Иммобилайзер автокөлікті айдап әкетуден қорғайды. Коды дұрыс емес кілт (немесе өзге құрылғы) қолданылған жағдайда қозғалтқыштың отын жүйесі өшіріледі.

«Engine Start/Stop» түймесін қосылу күйіне («ON») басқан кезде иммобилайзер индикаторы аз уақытқа жанып, қайта сөнуі тиіс. Индикатордың жыпылықтауы жүйенің кодты анықтап тани алмағанын білдіреді.

«Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшір.) күйіне басыңыз, содан кейін оны қайтадан «ON» (Қос.) күйіне басыңыз.

Егер жанында басқа иммобилайзер кілті немесе басқа металл зат (мысалы, кілттерге арналған шынжыр) тұрған болса, жүйе кілтіңізді анықтап тани алмауы мүмкін. Қозғалтқыш оталмауы мүмкін, себебі металл заттар транспондер сигналының қалыпты берілуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Егер жүйе қайта-қайта кілтті анықтап тани алмай жатса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Бұл жүйеге өзгеріс енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға тыйым салынады. Бұл автокөліктің қолданылу мүмкіндігінен айыратын электр жүйесі проблемаларының туындауына алып келуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөліктің ұрлануының алдын алу үшін оның ішінде қосалқы кілттерді қалдырмаңыз. Сіздің иммобилайзеріңіздің құпиясөзі тапсырыс берушінің бірегей құпиясөзі болып табылады және құпия сақталуы тиіс.

Ескертпе

Кілтті ылғалдың, статикалық электр зарядының немесе соққылардың әсеріне ұшыратпаңыз. Иммобилайзер жүйесі ақаулармен істеуі мүмкін.

Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесі

Бар болса

Бұл жүйе тіркелген саусақ ізі бойынша жүргізушінің жеке деректерге қолжетімділігін, профильді бұғаттан шығаруды және есіктерді қашықтан құлыптау/құлпын ашу режимінен шығуды қамтамасыз етеді.

Жүйені пайдалану үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында пайдаланушы профилінің баптауларында саусақ ізін тіркеп алу қажет.

Жүргізуші 1 және Жүргізуші 2 үшін бір-бірден тек екі саусақ ізін ғана тіркеуге болады.

i Ақпарат


Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінде тіркелген саусақ іздері жоқ болса, саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесі жұмыс істемейді.

Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесінің баптаулары

Саусақ ізін тіркеу және өшіру ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында жүзеге асырылады.

Төменде келтірілген процедураны орындаңыз.

Саусақ ізін тіркеу



(1) Саусақ іздерінің сканері

1. Электронды кілттердің екеуі де автокөлік салонында орналасуы тиіс.
2. Қозғалтқышты қосыңыз және ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Пайдаланушы профилі** > **Жүргізуші 1** > **Саусақ ізін анықтап тану** тармағын таңдаңыз.
3. Пайдаланушы профиліне құпиясөзді енгізіңіз және **Саусақ ізін тіркеу/өшіру** > **Тіркеу** тармағын таңдаңыз.
4. Нұсқауларды орындай отырып, ізі тіркелуі тиіс саусағыңызды саусақ іздерінің сканеріне қойыңыз.
5. Сканерлеу процессі аяқталғанға дейін саусақ жастықшасының әртүрлі бөліктерін сканердің бетіне қойыңыз.

   Сканерлеу процессі аяқталғаннан кейін экранда «Саусақ ізін сақтау...» хабарламасы пайда болады және тіркелу процессі жалғасады.

i Ақпарат

- Саусақ ізін тіркемей тұрып саусақ іздерінің сканерінен қорғаныш үлдірді қоса барлық бөтен затты алып тастау қажет.
- Келесі жағдайларда саусақ ізін тіркеу процессінің күші жойылады:
  - Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экраны өзгерген кезде.
  - «Engine Start/Stop» түймесін қосқан немесе өшірген кезде.
  - беріліс қорабын ауыстырып қосқан және автокөлік қозғала бастаған кезде.

Саусақ ізін өшіру

1. Екі электронды кілттің біреуі автокөлік салонында орналасуы тиіс.
2. Қозғалтқышты қосыңыз және ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Пайдаланушы профилі** > **Жүргізуші 1** > **Саусақ ізін анықтап тану** тармағын таңдаңыз.
3. Пайдаланушы профиліне құпиясөзді енгізіңіз және **Саусақ ізін тіркеу/өшіру** > **Өшіру** тармағын таңдаңыз.
4. «Жүргізуші 1-дің барлық саусақ ізін өшіру керек пе?» хабарламасы пайда болған кезде тіркелген саусақ ізін өшіріңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Саусақ ізінің көшірілуіне жол бермеңіз.

Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесінің жұмысы

Сенсорлық басқаруы бар функцияны пайдалану

Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесі бірқатар ыңғайлы функцияларға, мысалы, жеке деректерді пайдалануға, профильді бұғаттан шығаруға және есіктерді қашықтан құлыптау/құлпын ашу режиміне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында саусақ ізінің кескіні пайда болған кезде экрандағы нұсқауларды орындай отырып, саусағыңызды саусақ іздерінің сканеріне басыңыз. Саусақ ізі анықталып танылғаннан кейін қолжетімді функцияларды құпиясөзді енгізбестен пайдалануға болады.

Егер саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесі іске қосылмаса, саусағыңызды сканерден алыңыз да, қайтадан басыңыз.

Саусақ ізі бойынша қолжетімді функцияларды баптаулар мәзірінен қосып не өшіріп қоюға болады.

Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Пайдаланушы профилі** > **Жүргізуші 1 (немесе Жүргізуші 2)** > **Саусақ ізін анықтап тану**.

Саусақ ізі бойынша қолжетімді функциялар	Сипаттамалар
Жеке деректерге қолжетімділік	Құпиясөзді енгізусіз саусақ ізі бойынша пайдалану
Профильді бұғаттан шығару	
Тұраққа қоюшы режимінен шығу	

Толық ақпарат алу үшін бөлек қысқаша нұсқаулықтағы QR-кодты сканерлеңіз.

i Ақпарат

Егер Жүргізуші 1 мен Жүргізуші 2 үшін бір саусақ ізі тіркелген болса, анықтап тану нәтижесін Жүргізуші 1-ге бекітіледі (сәтті анықталып танылған жағдайда).

Жүйе шектеулері

- Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
  - Тіркелмеген саусақ ізін анықтауға әрекет жасағанда.
  - Саусақ іздер сканерінің ортасына қойылмаған.
  - Саусақ іздері сканерінің беті немесе саусақ ылғал не лас.
  - Саусақ іздерінің сканерінде қорғаныш үлдір болған жағдайда.
  - Саусақтың жастықшасы зақымдалған немесе іскен.
  - Қол терісі тым құрғақ.
  - саусақты саусақ іздерінің сканеріне аз уақыт тигізгенде.
- Егер саусақ ізі бірнеше мәрте анықталмаса, саусақ ізін анықтау жүйесіне қолжетімділік уақытша шектеледі. Бұл жағдайда әрекетті кейінірек қайталауға немесе анықтап танудың басқа тәсілдерін қолдануға (мысалы, құпиясөзді енгізу) тура келеді.
- Барлық тіркелген саусақ ізі саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесінің немесе онымен байланысты компоненттердің ақаулығынан туындаған жөндеу жұмыстары кезінде өшірілуі мүмкін. HYUNDAI ресми дилеріне барған кезде өзіңізбен электронды кілтті ала келуіңіз қажет.
- Егер автокөліктің аккумуляторы разрядталған болса, саусақ іздерінің сканері жұмыс істемейді.
- Саусағыңызды байыппен саусақ іздерінің сканеріне қойыңыз. Сканерге шектен тыс басу анықтап тану процессінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Баланың саусағының ізін тіркеуге қатаң түрде тыйым салынады.

Егер баланың саусақ ізін тіркесеңіз және баланы автокөлік ішінде қараусыз қалдырсаңыз, болжанбаған жағдай туындауы немесе жазатайым жағдай орын алуы мүмкін.


Ұсталған автокөлік сатып алған жағдайда

Ұсталған автокөлік сатып алған жағдайда Жүргізуші 1 және Жүргізуші 2 профильдерін тексеру және тіркелген саусақ іздерін өшіру қажет.

Есік құлыптары

Есік құлыптарын автокөлік сыртынан басқару

Механикалық кілт



[A] Жабу

[B] Ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Есік тұтқасынан тартыңыз.
2. Қақпақтың ішіндегі құлыпты ашу түймесін (1) механикалық кілтпен басыңыз.
3. Қақпақты шешіп алу және құлып өзегін ашу үшін құлыпты ашу түймесін басуды жалғастырып, қақпақты (2) абайлап шешіп алыңыз.
4. Механикалық кілтті құлып өзегіне сұғыңыз және автокөліктің құлпын ашу үшін сағат тілінің бағыты бойынша, немесе оны құлыптау үшін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз (3).

   Құлыптары ашылған есіктерді тұтқадан ұстап ашуға болады.

i Ақпарат

Механикалық кілттің көмегімен тек жүргізушінің есігін ғана құлыптауға/құлпын ашуға болады.

Ескертпе

- Құлып өзегінің қақпағын шешіп алған кезде пластик бөлшектерді сызып және сындырып алмау үшін абай болыңыз.
- Егер құлып өзегінің қақпағы кептеліп қалған болса және күш салусыз шешілмейтін болса, қақпақты жеңіл соққылаңыз немесе оны жылытып көріңіз. Ол үшін алақандарыңызды қақпақтың айналасына ұстап, оған жылы ауа үрлеңіз.
- Есікке және есік тұтқасына шектен тыс күш түсірмеңіз.

Қашықтан басқару кілті

Толық ақпаратты осы тараудың «Қашықтан басқару кілті» бөлімінен қараңыз.


Электронды кілт

Толық ақпаратты осы тараудың «Электронды кілт» бөлімінен қараңыз.

i Ақпарат

- Салқын әрі ылғал ауа райында есік құлыптары мен механизмдері мұздап қалатындықтан нашар жұмыс істеуі мүмкін.
- Аз уақыт ішінде кілттің көмегімен және құлыптағыш көмегімен бірнеше рет құлыптаған/құлыпты ашқан кезде электр тізбегін қорғау мақсатында және жүйе элементтерінің зақымдалуына жол бермеу үшін жүйе өз жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін.

Төтенше жағдайдағы әрекеттер



Болжанбаған жағдайда, мысалы, егер аккумулятор батареясы разрядталған болса, есікті(терді) құлыптаудың жалғыз тәсілі сыртқы жақтан механикалық кілтті пайдалану болып табылады.

Құлып саңылауы жоқ есікті сыртынан құлыптау үшін келесі әрекетті орындаңыз:

1. Есікті ашыңыз.
2. Шағын жалпақ құралды (мысалы, бұрауышты) апаттық жағдайда есіктердің құлпын ашу саңылауына салыңыз және оны сол жақ есік үшін сағат тілінің бағытымен, немесе оң жақ есік үшін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
3. Жапқаннан кейін есік құлыпталады.

i Ақпарат

Егер электржетекті есік құлпы жұмыс істемей тұрса (мысалы, аккумулятор батареясының толық разрядталуына байланысты), ал жүксалғыш есігі жабық болса, онда қоректендіру қалпына келтірілмейінше жүксалғыш есігін аша алмайсыз.

Есіктердің құлыптарының ашылуын автокөлік ішінен басқару

Есіктің ішкі тұтқасының көмегімен



Жүргізушінің және жолаушының есігі

Егер есік құлыптаулы тұрғанда есіктің ішкі тұтқасынан тартсаңыз, есіктің құлпы ашылып, есік ашылады.

Артқы есік

Егер есік құлыптаулы тұрғанда есіктің ішкі тұтқасынан бір рет тартсаңыз, есіктің құлпы ашылады. Егер есіктің ішкі тұтқасын және бір рет тартсаңыз, есік ашылады.


Егер есіктердің кез келгені ашық тұрса, онда тіпті есіктердің құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышын басқан жағдайда да есіктерді құлыптау мүмкін болмайды.

i Ақпарат

Электржетекті есік құлпы істен шыққанда автокөлік ішінде отырған адам келесі сыртқа шығу тәсілдерінің бірін немесе бірнешеуін пайдалануы мүмкін:

- Есік құлпын бірнеше рет ашып көруге тырысып (электржетектің көмегімен де, қолмен де), есік тұтқасын тартып қалу керек.
- Басқа есіктердегі құлыптар мен тұтқалардың жұмысын тексеріңіз.
- Алдыңғы есік терезесін түсіріп, есікті сырттан ашу үшін кілтті пайдалану керек. Есік құлыптарын автокөлік ішінен басқару

Есік құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының көмегімен



- Ауыстырып қосқыштың (🔒) (1) бөлігін басқан кезде автокөліктің барлық есігі құлыпталады.
  - Егер есіктердің кез келгені ашық тұрса, онда тіпті есіктердің құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының түймесін (1) басқан жағдайда да есіктерді құлыптау мүмкін болмайды.
- Ауыстырып қосқыштың (🔒) (2) бөлігін басқан кезде автокөліктің барлық есігінің құлпы ашылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде оның барлық есігі толық жабылған және құлыпталған болуы тиіс. Есіктер құлыпталмаған жағдайда ЖКО жағдайында автокөліктен құлап түсу қаупі артады.
- Автокөлік қозғалып келе жатқанда жүргізуші немесе жолаушы жағындағы есіктің ішкі тұтқасынан тартпаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлік салонында егде жастағы адамдарды, балаларды немесе жануарларды қараусыз қалдырмаңыз. Құлыптаулы тұрған автокөліктің іші қатты қызуы мүмкін, мұның салдарынан салон ішінде қараусыз қалдырылған егде жастағы адамдар, балалар немесе жануарлар одан шығып кете алмай, мерт болуы немесе күрделі жарақаттар алуы мүмкін. Сонымен қатар балалар автокөліктің басқару органдарына қол жеткізуі және жарақат алуы, немесе бөтен тұлғалардың автокөлікке кіруге әрекет жасауының салдарынан оларға басқаша зиян келтірілуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көлік құралын тұраққа әрдайым дұрыс қою керек.

Егер көлік құралы бұғатталмаса, ол орнынан еріксіз қозғалуы мүмкін.

Автокөліктің қауіпсіз күйін қамтамасыз ету үшін тежегішті басыңыз, «P» (Тұрақ) берілісін (автоматтық трансмиссияда/қосарлы ілінісуі бар трансмиссияда) немесе бірінші берілісті немесе «R» (Артқы жүріс) (механикалық трансмиссияда) қосыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз, оталдыру жүйесін «LOCK/OFF» күйіне өшіріңіз, барлық терезені жабыңыз, барлық есікті құлыптаңыз және әрдайым кілтті өзіңізбен алып жүріңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікке басқа объект жақындап келе жатқан кезде есікті ашқан жағдайда автокөлік зақымдалуы немесе денсаулыққа зиян келтірілуі мүмкін. Есіктерді ашқан кезде абай болыңыз, ашылған есіктің басқа автокөліктердің, мотоциклдердің немесе жаяу жүргіншілердің жолында тұрып қалмауын қадағалаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ыстық немесе суық ауа райында автокөлік ішінде ұзақ болған жағдайда сіз өз денсаулығыңызға немесе тіпті өміріңізге қауіп төндіресіз. Ішінде адамдары бар болса, автокөлікті сыртынан құлыптамаңыз.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциясы

Соқтығысу кезінде есіктердің құлпын ашу жүйесі

Нәтижесінде қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын соқтығысу жағдайында барлық есіктің құлыптары ашылады.


Жылдамдықты ұлғайтқан кезде есіктерді құлыптау жүйесі

Бар болса

Көлік құралының жылдамдығы 15 км/сағ (9 миля/сағ) артқан кезде барлық есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясын аспаптар тақтасының дисплейіндегі пайдаланушылық баптаулар режимінен белсендіруге немесе сөндіруге болады. Қосымша ақпарат 4-тараудың «Аспаптар тақтасының дисплейі» бөлімінде берілген. Егер автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметтерді ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша бөлек жеткізілетін нұсқаулықтан қараңыз.

Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бекіту құрылғысы



Балаларды қорғауға арналған құлып артқы жақта отырған балалардың артқы есіктерді абайсызда ашып жіберуінің алдын алуға арналған. Оларды автокөлікте балалар отырған әрбір жолы пайдалану қажет.

Балаларды қорғауға арналған құлып артқы есіктердің қыр жағында орналасқан. Балаларды қорғауға арналған құлыпты іске қосқаннан кейін есікті автокөлік ішінен ішкі тұтқаның көмегімен ашу мүмкін емес.

Балаларды қорғауға арналған құлыпты бекіту үшін жалпақ қыры бар шағын құралды (мысалы, бұрауышты немесе осыған ұқсас құралды) ойыққа сұғыңыз және оны суретте көрсетілгендей құлыптау күйіне бұраңыз.

Артқы есіктерді ішінен ашу үшін құрылғының бекітпесі ағытылған болуы керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалыс кезінде баланың артқы есікті абайсызда ашып жіберуі оның автокөліктен түсіп қалуына алып келуі мүмкін. Артқы есіктердегі балаларды қорғауға арналған құлыптарды автокөлікте балалар отырған әрбір жолы пайдалану қажет.

Артқы орындықта жолаушының отырғанын ескерту жүйесі (ROA)

Бар болса

Жүйе жүргізушінің артқы орындықта отырған жолаушыны қалдырып автокөліктен шығып кетуінің алдын алуға арналған.

Жүйені баптау

Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту функциясын пайдалану үшін оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы баптаулар мәзірінен қосу қажет. Таңдаңыз:

Баптаулар > **Автокөлік** > **Функция: жайлылық** > **Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту**

i Ақпарат


БҚ жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Жүйе жұмысы

Егер артқы есікті ашып жапқаннан кейін сіз қозғалтқышты өшірсеңіз және жүргізуші есігін ашсаңыз, аспаптар тақтасында «Артқы орындықтарды тексеріңіз» ескертуі пайда болады.

i Ақпарат

Ескерту хабарламасын өшіру үшін **OK** түймесін басыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөліктен шығар кезде әрдайым артқы орындықтарды тексеріңіз.

Артқы орындықта жолаушының отыруы туралы ескерту жүйесі іс жүзінде артқы орындықта заттардың немесе жолаушылардың бар-жоғын анықтамайды. Ол жай ғана сізге артқы есіктің ашылып-жабылу тарихының негізінде артқы орындықты тексеру қажеттігін еске салады.

i Ақпарат

Артқы есіктің ашылып-жабылған тарихы автокөлікті өшіргеннен және жүргізушінің есігін құлыптағаннан кейін ғана нөлденеді. Тіпті артқы есік қайта ашылмаған болса да, егер тарих нөлденбеген болса, еске салу беріле беруі мүмкін. Мысалы, егер жүргізуші артқы орындықта жолаушының отырғанын ескертудің іске қосылуынан кейін қайтадан есікті ашса және есікті құлыптамастан автокөліктен түсетін болса, хабарлау қайтадан берілуі мүмкін.

Артқы орындықта жолаушының отырғаны туралы хабарлайтын жетілдірілген жүйе (ROA)

Бар болса

Бұл жүйе жүргізушіге артқы орындығында жолаушы қалған автокөліктен түсуге мүмкіндік бермейді.

Жүйені баптау

Артқы орындықта жолаушының отырғаны туралы хабарлайтын жетілдірілген жүйені пайдалану үшін оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы баптаулар мәзірінен қосу қажет. Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Функция: жайлылық** > **Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту**

Жүйе жұмысы

- Бірінші ескерту.

  Алдын ала артқы есікті ашып-жауып және қозғалтқышты өшіріп алып, алдыңғы есікті ашқан кезіңізде аспаптар тақтасында «Артқы орындықтарда жолаушылардың және заттардың бар-жоғын тексеріңіз» ескертуі пайда болады.
- Екінші ескерту.

  Жүргізуші есігі жабылғаннан және барлық есік құлыпталғаннан кейін бірінші ескертуден кейін автокөлік ішінде қандай да бір қозғалыс анықталған кезде екіншісі іске қосылады. Сигнал шамамен 25 секунд беріліп тұрады. Сондай-ақ <Connected Services> жазылушыларына мәтіндік хабарлама жіберіледі (мұндай қызмет бар болған жағдайда).

  Егер жүйе қозғалысты анықтауды жалғастырса, ескерту 8 ретке дейін іске қосылады.

  Ескерту сигналын өшіру үшін электронды кілтпен есіктердің құлпын ашыңыз.
- Жүйе автокөліктегі қозғалысты есіктер құлыпталғаннан кейін 10 минуттың ішінде анықтайды.

i Ақпарат

- Екінші ескерту артқы орындықтағы жолаушы туралы хабарлау датчигімен жабдықталған автокөліктерде қарастырылған.
- Екінші ескерту алдымен бірінші ескерту белсендірілгеннен кейін ғана іске қосылады.
- Егер артқы орындықта жолаушының отырғаны туралы хабарлау жүйесін пайдаланғыңыз келмесе, аспаптар тақтасында бірінші ескерту пайда болған кезде руль дөңгелегіндегі OK түймесін басыңыз. Бұл екінші дабыл сигналын бір рет сөндіреді.
- Егер автокөлік қашықтан оталдырылса (егер ол қашықтан оталдыру функциясымен жабдықталған болса), іштегі қозғалысты анықтау тыйылады.
- <Connected Services> жазылушылары хабардың берілуіне қолданбадан тоқтата алады.


Жүйені пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

- Барлық терезенің жабық екеніне көз жеткізіңіз. Егер терезе ашық болса, ескерту әдейі жасалмаған қозғалысты (мысалы, жел немесе ұсақ жәндіктер) анықтаған датчиктен іске қосылуы мүмкін.

Аспаптар панелі



Руль




Егер артқы орындықта жолаушының отырғаны туралы хабарлайтын жетілдірілген жүйені пайдаланғыңыз келмесе, аспаптар тақтасында бірінші ескерту пайда болған кезде руль дөңгелегіндегі **OK** түймесін басыңыз. Бұл екінші дабыл сигналын бір рет сөндіреді.

- Ескерту жүргізушінің немесе жолаушының орындығында қозғалыс анықталған жағдайда іске қосылуы мүмкін.
- Автокөлік салонында қалған жолаушымен барлық есік құлыпталған жағдайда хабарлау іске қосылуы мүмкін.
- Хабарлау автокөлікке соққы тиген жағдайда іске қосылуы мүмкін.
- Егер автокөлік салонына қораптар немесе басқа заттар үйіліп қойылған болса, жүйе жолаушыларды анықтамауы мүмкін. Немесе хабарлау қораптар немесе заттар құлап немесе жылжып кеткен жағдайда іске қосылуы мүмкін.
- Егер автокөлікті әлдебіреу итеріп немесе сілкіп жатса, немесе ол жуылып жатса, немесе жеткілікті сыртқы діріл немесе шуыл болған жағдайда ескерту есіктер құлыптаулы тұрғанда іске қосылуы мүмкін.
- Ескерту автокөлік ішінде металл заттар немесе сұйықтықтар болған жағдайда іске қосылуы мүмкін.

i Ақпарат

Екінші ескерту ROA (артқы орындықтағы жолаушы туралы хабарлау) датчигімен жабдықталған автокөліктерде қарастырылған

⚠ ЕСКЕРТУ



Тіпті егер сіздің автокөлігіңіз артқы орындықта жолаушының отырғаны туралы жетілдірілген хабарлау жүйесімен жабдықталған болса да, автокөліктен түспен бұрын әрдайым артқы орындықты тексеріп жүріңіз.

Жүйе келесі жағдайларда іске қосылмауы мүмкін:

- Қозғалыс белгілі уақыт бойы орын алмайды немесе ол мардымсыз.
- Бала орындығында отырған бала жоқ.
- егер жолында орындық немесе бала орындығы тұрса (мысалы, егер алдыға қаратылған бала орындығында бала отырса), анықтау сигналы әлсірейді;
- Қозғалыс автокөліктің басқа бөліктерінде (артқы орындықта емес) анықталды.
- Артқы орындықта отырған жолаушы металл жіптер қосылған матамен (мысалы, жамылғымен) жабылған.
- Датчиктің беті автокөлік ішіндегі қандай да бір объектімен жабылған.
- Датчик ластанған.
- Автокөліктің төбесі модификацияланған, оған заттар бекітілген, ол деформацияланған немесе зақымдалған.
- Автокөлік радиокедергілер аймағында орналасқан.
- Жүйенің жұмысына басқа сыртқы себептер әсер етуде.
- Артқы орындықтағы жолаушының үсті қандай да бір затпен, мысалы, жамылғымен жабылған.
- Артқы орындықта 6 жастан асқан орындық отыр.

Сәйкестік декларациясы

Радиожиілікті компоненттер (ROA радарының датчигі) төменде тізіп келтірілген талаптарға сәйкес келеді:

- Еуропа және CE сертификаты бар елдер үшін

CE

Trade mark or Trade name : Hyundai Mobis
203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141,
Republic of Korea

M/Name : ICR010

Frequency : 60-64 GHz
Maximum Output Power : 5 dBm

The antenna(s) must be installed such that a minimum separation distance of at least 20 cm is maintained between the radiator (antenna) and all persons at all times. This device must not be co-located or operating in conjunction with any other antenna or transmitter.

Hereby, Hyundai Mobis Co.,Ltd declares that the radio equipment type ICR010 is in compliance with Directive 2014/53/EU.
The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address:
http://www.mobis-as.com/product_certificate.do

- Ұлыбритания үшін

UK CA

MOBIS Parts Europe N.V.
Ansley Hall Drive, Birch Coppice Business Park
Dordon, Tamworth. B78 1SQ, UK

M/Name : ICR010

Frequency : 60-64 GHz
Maximum Output Power : 5 dBm

Simplified UK Declaration of Conformity

Hereby, Hyundai Mobis Co.,Ltd declares that the radio equipment type ICR010 is in compliance with the Radio Equipment Regulations 2017. The full text of the UK declaration of conformity is available at the following internet address:
http://www.mobis-as.com/product_certificate.do

Айдап әкетуге қарсы жүйе

Бұл жүйе көлік құралын және құнды заттарды қорғауға арналған. Келесі жағдайларда дыбыс сигналы үздіксіз беріліп, апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайтын болады:

- Есік электронды кілт қолданылмастан ашылған.
- Жүксалғыш есігі электронды кілтсіз ашылады.
- Капот ашық.

Сигнал беру жүйесі 30 секунд бойы ескерту сигналдарын береді, содан кейін нөлденеді. Сигнал беру жүйесін өшіру үшін электронды кілттің көмегімен есіктердің құлпын ашыңыз.

Айдап әкетуге қарсы жүйе есіктерді және жүксалғыш есігін құлыптағаннан кейін 30 секунд өткенде автоматты түрде қосылады. Жүйені белсендіру үшін есіктерді және жүксалғышты автокөлік сыртынан электронды кілттің көмегімен құлыптау қажет.

Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды және тондық дыбыс сигналы беріледі, бұл күзету жүйесінің қосылғанын көрсетеді.

Егер күзетке қойылғаннан кейін кез келген есік, жүксалғыш немесе капот ашылатын болса (электронды кілт қолданылмастан), дабыл сигналы беріледі.

Егер капот, жүксалғыш немесе кез келген есік толық жабылмаған болса, айдап әкетуге қарсы жүйе қосылмайды. Егер жүйе қосылмаса, капоттың, жүксалғыштың және есіктердің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

Бұл жүйеге өзгеріс енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға тыйым салынады.

i Ақпарат

- Автокөліктен барлық жолаушы түспейінше есіктерді құлыптамаңыз. Егер автокөлік ішінде қалған жолаушы оны сигнал беру жүйесіне қойғаннан кейін түсетін болса, онда жүйе іске қосылады.
- Егер автокөлік электронды кілттің көмегімен сигнал беру жүйесінен шығарылмаған болса, есіктерді механикалық кілтпен ашыңыз, электронды кілтті қолдану арқылы «Engine Start/Stop» түймесін басып, қозғалтқышты оталдырыңыз.
- Егер жүйе автокөліктің құлпын ашу кезінде өшірілсе, алайда 30 секунд ішінде есіктер де, жүксалғыш та ашылмаса, онда есіктер қайтадан құлыпталады және сигнал беру жүйесі автоматты түрде қосылады.

i Ақпарат



Ұрлап әкетуден қорғау сигналымен жабдықталған автокөліктің мынадай жазулары бар затбелгілері болады:

(1) АБАЙЛАҢЫЗ

(2) SECURITY SYSTEM (Қауіпсіздік жүйесі)

Кіріктірілген жад жүйесі

Бар болса



Жүргізуші орындығына арналған кіріктірілген жад жүйесі түймені жай ғана басу арқылы келесі жад баптауларын сақтауға және таңдауға арналған.

- Жүргізуші орындығының күйі

⚠ ЕСКЕРТУ

Ешбір жағдайда автокөліктің қозғалысы кезінде кіріктірілген жад жүйесін реттеуге әрекет жасамаңыз.

Өйткені көлікті басқара алмай, жол-көлік апатына ұшырауыңыз мүмкін, соның салдарынан адамдар қазаға ұшырап, ауыр дене жарақатын алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін.

i Ақпарат

- Аккумулятор батареясын ажыратқан кезе бұрын сақталған барлық күй жадтан өшіп қалады.
- Егер кіріктірілген жад жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, оны HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Күйлерді жадқа сақтау

1. Жүйе автокөлігіңіздің жылдамдығы 3 км/сағ (2 миль/сағ) төмен болған жағдайда жұмыс істейді.
2. Жүргізуші орындығын қажетті күйге орнатыңыз.
3. Жадқа сақтау түймелерінің бірін (1 не 2) 4 секунд бойы басыңыз. Орындық күйі жадқа сақталған кезде жүйе қос дыбыс сигналын шығарады.
4. Аспаптар тақтасының дисплейінде «Жүргізуші 1 (не 2) баптаулары сақталды» хабарламасы көрсетіледі. Хабарлама жүргізуші орындығы күйінің баптауларын жадқа енгізген кезде ғана пайда болады.

Күйлерді жадтан қалпына келтіру

1. Жүйе автокөлігіңіздің жылдамдығы 3 км/сағ (2 миль/сағ) төмен болған жағдайда жұмыс істейді.
2. Қажетті жад түймесін (1 не 2) басыңыз. Жүйе бір мәрте дыбыс сигналын береді, және осыдан кейін жүргізуші орындығының күйі автоматты түрде сақталған баптауларға сәйкес орнатылады.
3. Аспаптар тақтасының дисплейінде «Жүргізуші 1 (не 2) баптаулары қолданылды» хабарламасы көрсетіледі.

i Ақпарат

- Егер SET (Орнату) түймесін немесе баптауды таңдайтын сәйкес түймені бассаңыз, онда бұл баптау уақытша сөндіріледі. Егер басқа түймелерді бассаңыз, басылған түйменің баптауы белсендіріледі.

  Мысалы, егер SET (Орнату) түймесін немесе қолданыстағы нөмірі 1-баптауы бар нөмірі 1-түймені бассаңыз, онды осы баптау уақытша сөндіріледі. Егер нөмірі 2-түймені бассаңыз, нөмірі 2-баптау белсендіріледі.
- Егер орындықты баптау үшін сақталған күйлерді таңдасаңыз, онда алдын ала орнатылған баптаулар жарамсыз болып қалады.

Жүйе көрсеткіштерін ысыру

Тиісінше жұмыс істемеген жағдайда кіріктірілген жад жүйесін бастапқы күйге келтіру үшін келесі рәсімдерді орындаңыз.

Кіріктірілген жад жүйесін бастапқы күйге келтіру

1. Автокөлікті тоқтатыңыз және «Engine Start/Stop» түймесі қосулы («ON») күйде тұрғанда және «P» (Тұрақ) берілісі қосылып тұрғанда жүргізуші есігін ашыңыз.
2. Жүргізуші орындығын және оның арқалығын ең алдыңғы күйге орнатыңыз.
3. Бір мезгілде SET түймесін басыңыз және жүргізуші орындығын жылжыту ауыстырып қосқышын кемінде 2 секунд бойы ұстап тұру арқылы алдыға жылжытыңыз.

Кіріктірілген жад жүйесін бастапқы күйге келтіру

1. Бастапқы күйге келтіру ескертуші дыбыс сигналынан басталады.
2. Жүргізуші орындығы мен оны арқалығы ең артқы күйге ауыстырылады және ескертуші дыбыс сигналы беріледі.
3. Жүргізуші орындығы мен оның арқалығы әдепкі қалып бойынша күйге (ортаңғы күй) ауыстырылады және ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Төменде көрсетілген жағдайларда бастапқы күйге келтіру рәсімі мен дыбыс сигналын тоқтатуға болады.

- Жадқа сақтау түймесі басылған.
- Орындықты реттеу ауыстырып қосқышы іске қосылған.
- Беріліс «P» (Тұрақ) күйінде тұр.

- Қозғалыс жылдамдығы 3 км/сағ (2 миль/сағ) асады.
- Жүргізуші есігі жабылады.

Ескертпе

- Егер кіріктірілген жад жүйесін бастапқы күйге келтіру процессі кезінде бастапқы күйге келтіру мен ескертуші дыбыс сигналы рәсім аяқталғанға дейін доғарылған болса, оны қайтадан бастау қажет.
- Кіріктірілген жад жүйесін бастапқы күйге келтіруды бастамас бұрын жүргізуші орындығының жанында ешқандай заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Ыңғайлы кіру функциясы

Жүйе жүргізуші орындығын келесідей жолмен автоматты түрде жылжытады:

- Қашықтан басқару кілтінің көмегімен
  - Кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарған кезде жүргізуші орындығы артқа жылжиды.
  - Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салған кезде жүргізуші орындығы алдыға жылжиды.
- Электронды кілтпен
  - «Engine Start/Stop» түймесін өшіру күйіне («OFF») ауыстырған кезде жүргізуші орындығы артқа жылжытылады.
  - «Engine Start/Stop» түймесін «ACC» не «START» күйіне ауыстырған кезде жүргізуші орындығы алдыға жылжытылады.

Ыңғайлы кіру функциясын қосу және өшіру ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында «Баптаулар» мәзірінде жүзеге асырылады. **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Орындық** > **Орындықтың жайлы күйі** > **Жүргізуші орындығы** > **Қалып./Кеңейтілген/Өшір.**

Қосымша ақпарат 4-тараудың «Аспаптар тақтасының дисплейі» бөлімінде берілген.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бұл функцияны пайдаланған кезде артқы орындықтағы жолаушыны немесе баланы жарақаттап алмау үшін жүргізушіге сақ болу қажет. Төтенше жағдайда жүргізуші «SET» түймесін немесе орындықты басқаратын кез келген ауыстырып қосқышты басу арқылы алдыңғы орындықты жылжытуды тоқтата алады (ыңғайлы кіру функциясы қосулы тұрғанда).

Руль

Руль электркүшейткіші (MDPS)

Жүйе автокөлікті жолда басқаруға көмектеседі. Қозғалтқыш өшірілген немесе руль күшейткіші істен шыққан жағдайда автокөлікті басқару әлі де мүмкін болады, алайда бұл үшін көбірек күш салуға тура келеді.

Рульдің жұмысында нормадан қандай да бір ауытқу байқалса, жүйені тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу керек.

Ескертпе

Егер аспаптар тақтасында руль электркүшейткішінің ескерту индикаторы (⚠) қосылса және «**Руль электркүшейткішін тексеріңіз**» хабарламасы пайда болса, автокөлікті басқаруды жалғастыра аласыз, алайда бұл күшін көбірек күш салу қажет болады. Жүйені мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

i Ақпарат

Автокөліктің қалыпты жұмысы кезінде:

- «Engine Start/Stop» түймесін қосулы («ON») күйіне ауыстырғаннан кейін бірден рульді бұру үшін көбірек күш қажет болуы мүмкін.

  Бұл жүйенің MDPS диагностикасын орындауымен байланысты. Диагностика аяқталғаннан кейін руль дөңгелегін бұру күші әдеттегі деңгейге қайтып оралады.
- Аккумулятор батареясының кернеуі төмендегенде рульді бұру үшін көбірек күш салу қажет болуы мүмкін. Бұл аккумулятор батареясын зарядтағаннан кейін тыйылатын уақытша күй.
- «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қос.) және «OFF» (Өшір.) күйлерінің арасында ауыстырып қосқан кезде MDPS релесінің іске қосылған сыртылы естіледі.
- Автокөлік тоқтағанда немесе төмен жылдамдықпен жүргенде электркозғалтқыштың жұмыс істеген дауысы естілуі мүмкін.
- Руль дөңгелегін төмен температураларда бұру кезінде шуыл пайда болуы мүмкін. Температура жоғарылағанда шуыл жоғалады.
- Егер MDPS жұмысында қате анықталса рульді бұру күшін азайту функциясы қосылмайды. Аспаптар тақтасында ескерту индикаторлары жануы мүмкін, немесе рульді бұруға көбірек күш салу қажет болуы мүмкін. Мұндай белгілер пайда болған жағдайда мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз аймаққа шығу қажет. Автокөлікті мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Руль дөңгелегін еңкейту/Жылжытып шығару

Руль дөңгелегін бетіңізге емес, кеудеңізге қарай бағытталатындай етіп жылжытыңыз. Аспаптар тақтасының ескерту индикаторларының және көрсеткіштерінің сізге көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз. Реттеп болғаннан кейін руль дөңгелегінің сенімді бекітілгенін тексеру үшін оны жоғары-төмен жылжытып көріңіз.


⚠ ЕСКЕРТУ

Руль дөңгелегінің күйін қозғалыс кезінде реттеуге тыйым салынады. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Ескертпе

Руль дөңгелегінің күйін қозғалыс кезінде реттеуге тыйым салынады. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Қолмен реттеу



Реттеу үшін:

1. Бекіткіштің қайырмалы иінтірегін түсіріңіз (1).
2. Руль дөңгелегіне дейінгі қашықтықты (2) және қашықтықты (3) реттеңіз.
3. Руль дөңгелегін бекіту үшін бекіткіштің қайырмалы иінтірегін көтеріңіз.


ℹ Ақпарат

Кейбір жағдайларда бекіткіштің қайырмалы иінтірегі толық іске қосылмауы мүмкін. Бекіткіш иінтірегін түсіру, руль дөңгелегін қайтадан реттеу, содан кейін руль дөңгелегін бекіту үшін қайырмалы иінтіректі көтеру қажет.

Руль дөңгелегін жылыту

Бар болса

A типі



B типі



Руль дөңгелегінің жылытқышы «Engine Start/Stop» түймесінің «ON» (Қос.) күйінде немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда түймені басу арқылы қосылады. Түймедегі индикатор жанады.

Руль дөңгелегінің жылытқышын өшіру үшін түймені және бір рет басыңыз. Түймедегі индикатор сөнеді.

Температураны қолмен реттеу

Жылытқышы бар руль дөңгелегінің пиктограммасын әрбір басқан сайын температура келесідей жолмен өзгереді.

- **ӨШІР.** > **ЖОҒАРЫ** > **ТӨМЕН**
- Жылыту температура жоғары кезде пиктограмманы басу руль дөңгелегінің жылытқышын өшіруге алып келеді.

Температураның автоматты түрде реттелуі

- «HIGH» (Жоғары) режимін қолмен таңдаған жағдайда 30 минуттан кейін руль дөңгелегін жылыту автоматты түрде «LOW» (Төмен) күйіне ауысады. Пиктограмманы «OFF» (Өшір.) күйіне ауыстыру арқылы руль дөңгелегінің жылытқышын өшіруге болады.
- «ТӨМЕН» режимін қолмен таңдаған кезде руль дөңгелегінің температурасы автоматты түрде реттеледі.

Климат-контроль баптауларын пайдаланатын автоматты басқару органдары

Жылытқышы бар руль дөңгелегінің температурасы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда сыртқы температураға байланысты автоматты түрде реттеледі.

Бұл функцияны пайдалану үшін оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында баптаулар мәзірінде қосу қажет.

Таңдаңыз:


- **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жылыту/желдету** > **Климат-контроль баптауларын пайдаланатын автоматты басқару органдары** > **Рульді жылыту**

  Толық ақпарат алу үшін бөлек қысқаша нұсқаулықтағы QR-кодты сканерлеріңіз.
- Егер рульді жылыту белгішесін бассаңыз, онда руль жылытқышын басқару қолмен орындалуы тиіс.
- «Engine Start/Stop» түймесін қосулы (ON) күйіне ауыстырған кезде руль дөңгелегінің жылытқышы әдепкі қалып бойынша өшірулі. Алайда егер «Климат-контроль баптауларына байланыстырылған автоматты басқару» функциясы қосылған болса, руль дөңгелегінің жылытқышы сырттағы температураға байланысты қосылады және өшіріледі.

Ескертпе

- Руль дөңгелегін жылыту жүйесін зақымдап алмау үшін руль дөңгелегіне тысқаптар салмаңыз немесе қандай да бір аксессуарлар қыстырмаңыз.
- Руль дөңгелегінің бетін өткір заттармен қырнамаңыз. Бұл руль дөңгелегінің жылытқыш элементін зақымдауы мүмкін.
- Руль дөңгелегінің бетін тазалауға келесі бұйымдарды пайдаланбаңыз. Бұл руль дөңгелегінің жылытқышы мен бетінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
  - Органикалық еріткіштер, мысалы, бояуға арналған еріткіш, спирт және бензин
  - Химиялық бұйымдар, мысалы, былғарыға арналған тазартқыш құрал, жабын жағуға арналған құрал және балауыз.

Дыбыс сигналы



Дыбыс сигналын беру үшін руль дөңгелегінің гудок таңбасымен белгіленген (суретті қараңыз) жерін басыңыз. Дыбыс сигналы тек осы аймақты басқан кезде іске қосылады.

Ескертпе

Сигналды күшпен соқпаңыз және оны жұдырықпен ұрмаңыз. Дыбыс сигналын өткір заттармен баспаңыз.

Айналар

Ішкі артқы көрініс айнасы

Автокөлікпен жол жүрер алдында ішкі артқы көрініс айнасының күйін тексеріңіз. Артқы көрініс айнасының күйін артқы әйнек сізге тұтастай көрініп тұратындай етіп реттеңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Түзу көріну сызығының бойында кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Артқы орындықтарға, жүксалғышқа немесе артқы орындықтардың бассүйегіштеріне артқы терезеден көруге кедергі келтіретін заттарды орналастырмаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жол-көлік апаты кезінде немесе қауіпсіздік жастығы жайылғанда ауыр жарақаттар алмас үшін артқы көрініс айнасын түрлендіруге немесе панорамалық айна орнатуға болмайды.

⚠ ЕСКЕРТУ


Айнаның күйін қозғалыс кезінде реттеуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Ескертпе

Айнаны тазалағанда әйнектерге арналған тазартқыш құралға малынған қағаз сүлгі немесе осыған ұқсас материал қолданыңыз. Сұйық тазартқыш айнаның корпусына кірмеуі үшін әйнектерге арналған тазартқышты тікелей айнаға бүрікпеңіз.

Артқы көрініс айнасының күндізгі/түнгі режимі

Бар болса



Артқы көрініс айнасының күйін қозғалысты бастамай тұрып және күндізгі/түнгі жұмыс режимін ауыстырып қосу иінтірегі күндізгі режим күйінде тұрғанда реттеу керек.

Бұл иінтіректі автокөлікпен түнде жүргенде арттағы автокөліктердің фараларының көз қарықтыратын әсерін бәсеңдету үшін өзіңізге қарай тартыңыз.

Түнгі күйде артқы көрініс айнасындағы көрініс айқындығының төмендейтінін есте ұстаңыз.

Электрхромды айна (ECM)

Бар болса




[A] Датчик

Электрлі артқы көрініс айнасы түнгі уақытта немесе нашар жарықтандыру жағдайларында артқы жақта келе жатқан көлік құралдарының көзді қарықтыратын фараларының жарығын автоматты түрде басады.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда көзді қарықтыратын жарық артқы көрініс айнасына кіріктірілген датчиктің көмегімен автоматты түрде жойылады. Датчик автокөліктің айналасындағы жарықтандыру деңгейін анықтайды және сіздің артыңыздан келе жатқан автокөліктердің фараларының шағылысқан жарғын автоматты түрде реттейді.

«R» (Артқы жүріс) берілісін таңдаған кезде айна автоматты түрде ең жарық баптауға өтіп, жүргізушіге артқы жақтан оңтайлы көріністі қамтамасыз етеді.

Сыртқы артқы көрініс айналары



Көлік құралында екі жағынан сыртқы артқы көрініс айналары орнатылған. Айналардың күйін арнайы ауыстырып қосқыштың көмегімен қашықтан реттеу болады. Қозғалысты бастамас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарын қажетті күйге қойып реттеп алыңыз. Автоматты жуу алаңында немесе тар көшелермен жүргенде зақымдалуының алдын алу үшін сыртқы артқы көрініс айналарын жинап қоюға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Сол жақ және оң жақ сыртқы артқы көрініс айналары дөңес пішінді.

Айнадан көрініп тұрған объектілер көзге көрініп тұрғаннан жақынырақ орналасқан.

Қозғалыс жолағын ауыстырар алдында сыртқы артқы көрініс айнасына қараңыз немесе басқа автокөліктерге дейінгі нақты қашықтықты анықтау үшін артқа бұрылып қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Сыртқы артқы көрініс айналарын автокөліктің қозғалысы кезінде реттеуге немесе жинауға тыйым салынады. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Ескертпе

- Айнадағы мұзды қырмау керек, себебі әйнегінің беті зақымдануы мүмкін.
- Егер айна мұздың қатуына байланысты қозғалмай қалса, оны күш салып реттеуге тырыспаңыз. Мұзды жібіту үшін мұз қатуға қарсы құралды (салқындату жүйесінің антифризі емес) немесе ыстық суға малынған жұмсақ матаны не ысқышты пайдаланған жөн. Сондай-ақ автокөлікті жылы жерге кіргізіп, мұзы күткенше күте тұруға болады.
- Айналарды тазалаған кезде абразивті материалдарды, жанармайды және мұнайдан алынатын басқа да тазартқыш құралдарды қолдануға тыйым салынады.

Артқы көрініс айнасын реттеу



1. Бапталуы тиіс артқы көрініс айнасын таңдау үшін иінтіректі (1) «L» (Сол жақ) немесе «R» (Оң жақ) күйіне ауыстырыңыз.
2. Айна реттегішінің (2) көмегімен таңдалған айнаны жоғары, төмен, солға немесе оңға қозғаңыз.
3. Баптағаннан кейін абайсызда баптауларды өзгертіп алмау үшін иінтіректі (2) ортаңғы күйге ауыстырыңыз.

Ескертпе

- Максималды реттеу бұрыштарына жеткен кезде айнаның қозғалысы тоқтайды, алайда ауыстырып қосқыш басылып тұрған кезде электрқозғалтқыш жұмыс істеуін жалғастырады. Электрқозғалтқышты зақымдап алмау үшін ауыстырып қосқышты қажетінен ұзақ баспаңыз.
- Электрқозғалтқышты зақымдап алмау үшін артқы көрініс айналарын қолмен реттеуге тырыспаңыз.

Сыртқы артқы көрініс айнасын жинау

Бар болса

Жинау түймесі



Сыртқы артқы көрініс айнасы түймеге басқан кезде жиналады және жазылады.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау

- **Есіктің құлпы ашылған кезде қосылуы**

  Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінің баптау мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жарық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Есіктердің құлпын ашқанда** тармағы таңдалған болса:

  - Айналар есікті электронды кілтпен құлыптағанда немесе құлпын ашқанда жиналады немесе жазылады.

- **Жүргізуші жақындаған кезде қосылуы**

  Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінің баптау мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жарық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Жүргізуші жақындағанда** тармағы таңдалған болса, онда электронды кілтімен жүргізуші жақындаған жағдайда айналар жазылады.

i Ақпарат

- БҚ жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында сыртқы артқы көрініс айналары 15 км/сағ (9 миль/сағ) не одан жоғары жылдамдықпен қозғалғанда автоматты түрде жиналмайды.

Ескертпе


Аккумулятордың қажетсіз разрядталуын болдырмау үшін қозғалтқыш жұмыс істемей тұрса, айналардың күйін қажетінен ұзақ реттемеңіз.

Ескертпе

Электржетекті артқы көрініс айнасын қолмен жинауға рұқсат етілмейді. Бұл электрқозғалтқыштың істен шығуына алып келуі мүмкін.

Терезелер


Сол жақтағы руль



(1) Жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы.
(2) Жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы
(3) Артқы сол жақ есіктің әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы
(4) Артқы оң жақ есіктің әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы
(5) Терезелерді ашу және жабу
(6) Автоматтық электр әйнеккөтергіштер*
(7) Электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы

*: бар болса

Оң жақтағы руль




(1) Жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы.
(2) Жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы
(3) Артқы сол жақ есіктің әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы
(4) Артқы оң жақ есіктің әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы
(5) Терезелерді ашу және жабу
(6) Автоматтық электр әйнеккөтергіштер*
(7) Электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы

*: бар болса

Әйнеккөтергіштер

Терезелерді көтеру немесе түсіру үшін кілт оталдыру жүйесінің құлпында «ON» (Қос.) күйінде тұруы тиіс. Әр есікте әйнектерді басқаруға арналған электр әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы бар. Жүргізушіде артқы жолаушылардың терезелерінің әйнеккөтергіштерін бұғаттау ажыратқышы бар. Оталдыру жүйесінің кілтін «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «LOCK» (Бұғаттау) күйіне бұрағаннан кейін шамамен тағы 3 минут бойы электр әйнеккөтергіштерді басқаруға болады. Алайда егер автокөліктің алдыңғы есіктері ашық тұрса, электр әйнеккөтергіштерді тіпті осы үш минуттық кезеңнің ішінде де басқару мүмкін болмайды.

Терезелерді ашу және жабу



Ашу:

Терезе ауыстырып қосқышын бірінші бекітілген күйге дейін (5) басыңыз. Ауыстырып қосқышты терезе қажетті күйіне жеткенде жіберіңіз.

Жабу:

Терезенің ауыстырып қосқышын бірінші бекітілген күйге (5) дейін жоғары тартыңыз. Терезенің ауыстырып қосқышын терезе қажетті күйіне жеткенде жіберіңіз.

Автоматты әйнеккөтергіш

Бар болса

Әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышын екінші бекітілген күйге (6) дейін аз уақыт басқан жағдайда тіпті ауыстырып қосқыш жіберілсе де терезе толықтай түседі немесе көтеріледі. Терезені әйнеккөтергіштің жұмысы кезінде қажетті күйде тоқтату үшін, ауыстырып қосқышты тартыңыз немесе басыңыз, содан кейін жіберіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ішінде балалар қараусыз отырған болса, қосулы тұрған автокөлікте электронды кілтті қалдырмаңыз. Қараусыз қалған балалар терезені ашып жіберуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Күрделі жарақаттардан сақтану үшін қозғалыс кезінде терезеден басыңызды, қолдарыңызды және денеңіздің басқа бөліктерін немесе заттарды шығаруға тыйым салынады.

Әйнеккөтергіштердің баптауларын бастапқы күйге келтіру

Егер электр әйнеккөтергіштер дұрыс істемесе, автоматты түрде басқару жүйесі қайта жүктелуі тиіс. Ол үшін төменде көрсетілген әрекеттерді жасау керек.

1. Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын қосулы («ON») күйіне ауыстырыңыз.
2. Терезені жауып, электр әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын кемінде 1 секунд тартып тұру керек.


Егер баптауларды арылтқаннан кейін электр әйнеккөтергіштер әлі де тиісінше жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Әйнектерді жаппай тұрып, оның жүретін жолында денеңіздің бөлігі немесе заттар кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріп алу керек. Әйнеккөтергіш жүйесінің параметрлерін бастапқы күйге келтіру кезінде қозғалыс бағытын автоматты түрде өзгерту функциясы жұмыс істемейді.

Бағытты автоматты түрде өзгерту

Бар болса



Егер терезенің автоматты түрде жабылуы кезінде оның жүріс жолында кедергілер болса, терезе тоқтап, нысанды алып тастауға мүмкіндік беру үшін шамамен 30 см (12 дюйм) түседі.

Әйнеккөтергіш пернесін жоғары қарай ұзақ басып тұрғанда кедергі анықталатын болса, әйнектің жоғары қарай қозғалысы тоқтайды және содан кейін шамамен 2,5 см-ге (1 дюйм) түседі.

Егер автоматты түрде кері жүрудің нәтижесіндегі әйнектің түсірілуінен кейін 5 секунд ішінде әйнеккөтергішті басқару ауыстырып қосқышын қайтадан үнемі жоғары тартып тұрсаңыз, автоматты кері жүру функциясы орындалмайды.

i Ақпарат

Автоматтық реверс функциясы автоматты түрде көтерілу функциясын қолдану кезінде ғана белсенді болады, ол ауыстырып қосқыш екінші күйге көтерілгенде іске қосылады.

Ескертпе


Терезеге ешқандай аксессуарлар орнатпаңыз. Қысып қалудан қорғау функциясы істемей қалуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жарақаттардан немесе автокөлікті зақымдаудан сақтану үшін әйнектерді жаппас бұрын бұған дененің қандай да бір бөліктерінің немесе заттардың кедергі келтірмейтініне көз жеткізіп алу қажет.

Әйнек пен үстіңгі тығыздауыш арасында тұрған диаметрі 4 мм-ден (0,16 дюймнен) кем объектілерді қысып қалудан қорғайтын жүйе анықтамай қалу мүмкін, және әйнек тоқтамайды және түсе бастамайды.

Әйнеккөтергішті бұғаттау түймесі



Жүргізуші электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау пернесінің көмегімен артқы есіктердегі электр әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштарын бұғаттай алады.

Егер электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау түймесі басылған болса:

- Жүргізуші жағындағы бас басқару құралы барлық электр әйнеккөтергішті басқаруға мүмкіндік береді.
- Алдыңғы жолаушы алдыңғы жолаушының электр әйнеккөтергішін басқара алады.
- Арттағы жолаушылар артқы электр әйнеккөтергіштерді басқара алмайды.
- Егер электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау түймесі басылған болса, артқы жолаушы артқы есікті аша алмайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Балаларға электр әйнеккөтергіштермен ойнауға жол бермеңіз. Жүргізуші есігіндегі электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау түймесі бұғатталған күйде тұруы тиіс. Баланың әйнеккөтергішті абайсызда қосып қалуы жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Ескертпе

- Әйнеккөтергіштер жүйесінің ықтимал зақымдалуының алдын алу үшін екі не одан көп терезені бірге ашпаған немесе жаппаған жөн. Осының арқасында сақтандырғыштың қызмет ету мерзімі ұзарады.
- Әйнеккөтергішті жүргізуші есігіндегі негізгі пульттен және нақты есіктегі пульттен ауыстырып қосқыштарды бір мезгілде басып және әйнектің қарама-қарсы қозғалу бағытын бере отырып белсендіруге тыйым салынады. Бұл жағдайда әйнек тоқтайды және оны жабуға да, ашуға да болмайды.

Терезелерді қашықтан ашу/жабу функциясы

Бар болса



- Есікті құлыптау түймесін (1)
  3 секундтан ұзақ басып тұрыңыз, сонда есіктерді құлыптағаннан кейін алдыңғы әйнектер көтеріледі. Есікті құлыптау түймесін жіберген кезде терезенің қозғалысы тыйылады.
- Есіктің құлпын ашу түймесін (2)
  3 секундтан ұзақ басып тұрыңыз, сонда есіктердің құлпын ашқан кезде алдыңғы терезелер түсіріледі. Есіктердің құлпын ашу түймесін жіберген кезіңізде терезелердің қозғалысы тыйылады.

i Ақпарат

- Терезелерді қашықтан ашу және жабу функциясы тек қауіпсіз әйнеккөтергіштер функциясы бар терезелерде ғана қолжетімді.
- Егер терезелерді қашықтан ашу/жабу функциясы жұмыс істеп тұрған кезде сіз автокөліктен алыстайтын болсаңыз, оның орындалуы кенеттен үзілуі мүмкін. Автокөліктің жанында тұрыңыз және әйнектің қозғалысын қадағалаңыз.
- Егер қозғалысқа қандай да бір күш кедергі болса, әйнектердің кез келгенінің қозғалысы тоқтауы мүмкін. Басқа әйнектердің қозғалысы жалғаса береді. Барлық терезенің жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- Терезелерді қашықтан ашу/жабу функциясын пайдаланған кезде, егер терезелер ашық болса, есіктердің құлыптары ашылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Терезелерді қашықтан жабу функциясын пайдаланбас бұрын қолды, басты және басқа объектіні қысып қалу қаупінің жоқ екеніне әрдайым көз жеткізіп алыңыз.


Ескертпе

Ұрлық-қарлық қаупіне немесе автокөлікке судың кіруіне жол бермеу үшін автокөліктен шыққан кезде терезелерді түсірілген күйде қалдырмаңыз.

Төбедегі панорамалық люк

Бар болса

Егер автокөлігіңіз люкпен жабдықталған болса, оны төбе консолінде орналасқан люкті басқару ауыстырып қосқышының көмегімен жылжытуға немесе сәл ашып қоюға болады.



Люкті «Engine Start/Stop» түймесі қосулы (ON) немесе START (Оталдыру) күйінде тұрған кезде ғана басқаруға болады.

Люк «Engine Start/Stop» түймесін ACC (Қосымша құрылғылар) немесе ON (Қос.) күйіне ауыстырғаннан кейін әлі шамамен 3 минут бойы жұмыс істей алады. Егер автокөліктің алдыңғы есігі ашық болса, люкті тіпті осы үш минуттық кезеңнің ішінде де басқару мүмкін болмайды.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Люкті және күнқағар қалқаны автокөлік тоқтаған кезде реттеңіз. Қозғалыс кезінде реттеу басқаруды жоғалтып алуға және күрделі жарақаттар мен мүлікке зақым келтірілетін апаттарға алып келуі мүмкін.
- Ішінде балалар қараусыз қалатын болса, қозғалтқышы жұмыс істеп тұрғанда автокөлік ішінде электронды кілтті қалдырмау қажет. Қараусыз қалған балалар төбедегі люкті қосып жіберуі, ал бұл ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Автокөліктің үстіне шығып отыруға тыйым салынады. Бұл жарақаттарға немесе автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Ескертпе

Егер автокөлік төбесіне рейлингтер орнатылған немесе жүк бекітілген болса, люкті пайдаланбаңыз.

Электрлі күнқағар қалқа



Люк әйнегінен түсіп тұрған тікелей күн сәулесін көлегейлеу үшін күнқағар қалқаны пайдаланыңыз.

- Люкті басқару тұтқасын артқа бірінші бекітілетін күйге жылжытыңыз — қалқа автоматты түрде ашылады.
- Люкті басқару тұтқасын алдыға бірінші бекітілетін күйге жылжытыңыз — қалқа автоматты түрде жабылады. Осы кезде егер төбедегі люк ашық болса, ол жабылады.

Күнқағар қалқаның қозғалысын кез келген сәтте люкті басқару ауыстырып қосқышын кез келген бағытта басып қалу арқылы тоқтатуға болады.


Ескертпе

Электрлі күнқағар қалқаны қолмен тартуға немесе итеруге тырыспаңыз, себебі мұндай әрекеттер оған зақым келтіруі немесе оның жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.

***i* Ақпарат**

Электрлі күнқағар қалқада қатпарлардың пайда болуы — бұл оның жасалуына қолданылған материал үшін қалыпты құбылыс.

Көлбеу күйге ашу және жабу



- Төбедегі люк көлбеу күйге ашылуы үшін люкті басқару ауыстырып қосқышын жоғары жылжытыңыз. Бұл ретте егер электрлі күнқағар қалқа жабық болса, ол ашылады.
- Төбедегі люк автоматты түрде жабылуы үшін люкті басқару ауыстырып қосқышын жоғары немесе алдыға қарай жылжытыңыз.

Люктің қозғалысын кез келген сәтте люкті басқару ауыстырып қосқышын кез келген бағытта басып қалу арқылы тоқтатуға болады.

Ысырып ашу және жабу




- Люкті басқару ауыстырып қосқышын артқа бірінші бекітілетін күйге жылжытыңыз. Люк әйнегі ашылады. Осы кезде егер электрлі күнқағар қалқа жабық болса, ол ашылады.

  Люкті басқару ауыстырып қосқышын алдыға бірінші бекітілетін күйге жылжытыңыз. Люк әйнегі жабылады. Бұл жағдайда электрлі күнқағар қалқа да жабылады.
- Люкті басқару ауыстырып қосқышын алдыға немесе артқа екінші бекітілетін күйге жылжытыңыз. Электрлі күнқағар қалқаны және люк әйнегін басқару автоматты түрде (автоматты ысыру функциясы) жүзеге асырылады.

  Люктің қозғалысын кез келген сәтте люкті басқару ауыстырып қосқышын кез келген бағытта басып қалу арқылы тоқтатуға болады.

Бағытты автоматты түрде өзгерту



Егер люктің немесе күнқағар қалқаның автоматты жабылуы кезінде кедергі анықталса, онда люк немесе қалқа кері бағытта қозғала бастайды және белгілі бір күйде тоқтайды.

Егер люк немесе күнқағар қалқа мен люк рамасының арасына жұқа немесе жұмсақ зат кептеліп қалса, кері бағытқа қарай автоматты түрде қозғалу функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Үстіңгі люкті пайдаланбас бұрын оның басқа, қолдарға және дененің басқа да бөліктеріне немесе заттарға тимейтінін тексеріп алу қажет. Дене бөліктерін немесе заттарды қысып қалу жарақаттарға немесе автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.
- Ешқашан бағытты автоматты түрде өзгерту функциясының жұмысын денеңіздің қандай да бір бөлігін люкке әдейі қысып қалу арқылы тексеруші болмаңыз. Электрлі күнқағар қалқа немесе люк әйнегі қозғалу бағытын өзгерте алады, алайда бұл ретте жарақат алу қаупі бар.


Ескертпе

- Люк толық ашылғаннан, жабылғаннан немесе көлбеу күйге келгеннен кейін люкті басқару ауыстырып қосқышын жіберіңіз. Төбедегі люктің моторы істен шығуы мүмкін.
- Үнемі пайдалану, атап айтқанда ысырып ашу/жабу, көлбеу күйге ашу/жабу және т.б. мотордың немесе люк жүйесінің ақаулығына алып келуі мүмкін.
- Люктің бағыттауышынан жиналып қалған шаңды жүйелі түрде тазалап алып отырыңыз.
- Люк пен төбе панелінің арасына жиналып қалған шаң шуылдың пайда болуына алып келуі мүмкін. Жүйелі түрде төбедегі люкті ашып, таза шүберекті пайдаланып шаңын сүртіп отырыңыз.
- Люкті нөлден төмен температурада немесе төбенің үстін қар не мұз жауып тұрғанда люкті ашпаған жөн. Егер күшпен ашатын болсаңыз, төбедегі люк дұрыс жұмыс істемеуі және бұзылуы мүмкін.
- Жаңбырдан немесе автокөлікті жуғаннан кейін бірден люкті ашпаңыз және ашық люкпен қозғалысты бастамаңыз. Судан автокөлік салон ылғалдануы мүмкін.
- Қозғалыс кезінде люк ойығынан қандай да бір заттарды шығарып ұстамаңыз. Күрт тоқтау кезінде автокөлікке зақым келуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалыс кезінде люктен басты, қолдарды және дененің басқа да бөліктерін немесе заттарды шығаруға тыйым салынады. Автокөліктің күрт тоқтап қалуынан жарақат келуі мүмкін.

Төбедегі люктің параметрлерін бастапқы күйге келтіру



Белгілі мән-жайларда люк баптауларын бастапқы күйге келтіру әрекетін орындау қажет болуы мүмкін. Баптауларды бастапқы күйге келтіру қажет болуы мүмкін жағдайлардың кейбір мысалдары:

- 12 В аккумулятор батареясы ажыратылған немесе разрядталған.
- Люк сақтандырғышын ауыстыру.
- Люкті бір түймемен автоматты түрде ашу-жабу функциясының жұмысындағы ақаулықтар.

Люк баптауларын бастапқы күйге келтіруді орындау тәртібі:

1. Баптауларды бастапқы күйге келтіруді қозғалтқыш қосулы тұрғанда орындауға кеңес беріледі. «P» (Тұрақ) күйінде қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Электрлі күнқағар қалқа мен люктің толық жабық екеніне көз жеткізіңіз. Егер күнқағар қалқа мен люк ашық болса, басқару ауыстырып қосқышын олар толық жабылғанша алдыға жылжытыңыз.
3. Күнқағар қалқа мен люк толық жабылған кезде басқару ауыстырып қосқышын жіберіңіз.

4. Люк әйнегі мен қалқа сәл қозғалуы үшін ауыстырып қосқышты алдыға қарай басыңыз. Осыдан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз.
5. Люк ауыстырып қосқышын және бір рет алдыға қарай басыңыз да, күнқағар қалқа мен люк әйнегі көлбеу күйде ашылып, артынан жабылғанша ұстап тұрыңыз. Операция аяқталмайынша ауыстырып қосқышты жібермеңіз.

   Егер басқару ауыстырып қосқышын операция кезінде жіберіп қойсаңыз, рәсімді қайтадан 2-пункттен бастаңыз.

i Ақпарат

Егер аккумулятор батареясын ажыратудан немесе оның разрядталуынан немесе сақтандырғышты ауыстырғаннан кейін люк баптауларын арылтпасаңыз, люк қалыпты жұмыс істемеуі мүмкін.

Төбедегі жабылмаған люк туралы ескерту



Егер төбедегі люк толық жабылмаған күйде қозғалтқышты өшірсеңіз, бірнеше секундтан кейін ескертуші сигнал естіле бастайды, ал аспаптар тақтасының дисплейінде ашық тұрған төбедегі люк туралы ескерту пайда болады.

Автокөлікті қараусыз қалдырған кезде үстіңгі люкті сенімді етіп жабыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктен шығар кезде люктің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.


Егер люкті ашық қалдырсаңыз, автокөлік салонына жаңбыр тамшылары немесе қар кіруі мүмкін. Сондай-ақ қараусыз қалдырылған автокөліктегі ашық тұрған люк ұрлық-қарлықтың орын алуына ықпал етеді.

Капот


Капотты ашу

1.Автокөлікті тоқтатыңыз және тұрақ тежегішін қосыңыз.

2. Капотты ашу үшін иінтіректі тартыңыз. Капот сәл көтерілуі тиіс.



3. Автокөліктің алдыңғы жағына келіңіз, капотты сәл көтеріңіз, ішкі жағында капоттың ортасында орналасқан капотты ашатын екінші иінтіректі (1) жоғары қарай тартыңыз және капотты көтеріңіз (2).



4. Тіреуіш сырықты шығарып алыңыз.

5. Капотты ашық күйінде тіреуіш сырықтың көмегімен ұстатып қойыңыз (3).



Капотты жабу

1. Капотты жабар алдында мотор бөлімін тексеру және келесілерге көз жеткізіп алу қажет:
   - Барлық құрал мен басқа да бөтен зат жиналып алынған.
   - Барлық қолғап, шүберек пен басқа да тұтанғыш материал жиналып алынған.
   - Барлық құятын ауыздың қақпақтары тығыз және дұрыс орнатылған.
2. Бос күйде сартылдамауы үшін тіреуіш сырықты қысқышына қайта кигізіңіз.
3. Капотты жабық күйінен шамамен 30 см (12 дюйм) биіктік деңгейіне дейін түсіріңіз де, жіберіп қалыңыз.
4. Капоттың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер капот сәл көтеріліп тұрса, оны қайтадан ашыңыз да, сәл көбірек биіктіктен жіберіп қалыңыз. Осыдан кейін оның сенімді жабылғанын қайта тексеріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Капотты жабар алдында оның қозғалысына еш нәрсенің кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын әрдайым капоттың сенімді жабылғанын тексеріңіз. Аспаптар тақтасында ашық тұрған капот туралы ескерту хабарламасының немесе жанып тұрған индикатордың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Көлікті капоты ашық күйінде жүргізу алдыңғы беттегі көріністен толықтай айырылуға және апаттық жағдайдың туындауына алып келуі мүмкін.
- Автокөлік капоты көтерулі тұрған күйде жылжытушы болмаңыз. Ол көріністі бөгеуі және апаттық жағдайдың туындауына алып келуі мүмкін.


Жүксалғыштың электржетекті есігі

Жүксалғыштың электржетекті есігінің жұмыс істеу шарттары

Жүксалғыштың электржетекті есігі тек «P» (Тұрақ) берілісі таңдалған, ал «Engine Start/Stop» түймесі қосулы («ON») күйде тұрған жағдайда ғана жұмыс істейді. Алайда егер қозғалтқыш өшірулі болса, онда жүксалғыш есігі таңдалған беріліске тәуелсіз жұмыс істейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ешбір жағдайда балаларды немесе жануарларды автокөлік салонында қараусыз қалдырмаңыз. Егер балалар жүксалғыштың электржетекті есігін басқаратын болса, бұл ауыр жарақаттар немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Жүксалғыш есігінің автоматты түрде ашылуы кезінде есіктің қозғалу жолында бөтен заттардың және адамдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Жүксалғыш есігінің тиюі күрделі жарақаттарға, автокөліктің немесе айналадағы заттардың (мысалы, қабырғалардың, төбелердің, автокөліктердің және т.б.) зақымдалуына алып келуім мүмкін.



Ескертпе

- Жүксалғыштың электржетекті есігін қолмен ашпаңыз және жаппаңыз. Бұл оның бұзылуына алып келуі мүмкін. Егер аккумулятор разрядталған немесе ажыратылған жағдайда жүксалғыштың электржетекті есігін қолмен жабу немесе ашу қажет болса, шамадан тыс күш түсірмеңіз.
- Қозғалтқыш өшірулі тұрғанда жүксалғыштың электржетекті есігін қатарынан 10 реттен артық пайдалануға тыйым салынады. Аккумулятордың разрядталуына жол бермеу үшін жүксалғыштың электржетекті есігін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда пайдаланыңыз.
- Жүксалғыштың электржетекті есігін ұзақ уақыт ашық күйінде қалдыруға тыйым салынады. Бұл аккумулятор батареясының разрядталуына алып келуі мүмкін.
- Егер ұзақ уақыт ашық күйінде қалдырсаңыз, жүксалғыштың электржетекті есігі жұмыс істемеуі мүмкін. Егер жетек жұмыс істемей тұрса, оны жайымен қолмен жабыңыз.
- Жүксалғыштың электржетекті есігінің жұмысы кезінде шектен тыс күш салуға тыйым салынады. Бұл автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Жол жүрер алдында әрдайым жүксалғыш есігін жауып қойыңыз. Жүксалғыш есігінің тіреуіш бағандарынан ұстауға немесе оларға сүйенуге тыйым салынады, себебі бұл оларды зақымдауы мүмкін. Жүксалғыш есігінің тіреуіш бағандарының деформациялануы автокөлікті зақымдауы және жарақаттар келтіруі мүмкін.



- Жүксалғыштың электржетекті есігінің кез келген бөлігін өз бетіңізше модификациялауға немесе жөндеуге тыйым салынады. HYUNDAI ресми дилеріне жүгініңіз.
- Келесі жағдайларда жүксалғыштың электржетекті есігін пайдалануға тыйым салынады. Жүксалғыштың электржетекті есігі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
  - Шинаны ауыстыру немесе автокөлікті қарап тексеру үшін автокөліктің бір жағы көтерілген.
  - Көлік тегіс емес бетте, мысалы, көлбеу жерге және т.с.с. тұраққа қойылған.

- Автоматты жуу алаңын пайдаланбас бұрын барлық есік пен жүксалғыш есігін толық жабыңыз және орталық есіктерді құлыптау түймесінің көмегімен құлыптаңыз.
- Жоғары қысымды суды жүксалғыш есігінің ашу/жабу түймесіне тікелей бүркуге тыйым салынады. Бұл жүксалғыш есігінің кездейсоқ ашылып кетуіне алып келуі мүмкін.
- Жүксалғыш есігінің автоматты ашылуы бөтен заттармен, мысалы, қармен бөгелуі мүмкін. Кедергіні алып тастаңыз және қақпақты қайтадан ашуға әрекет жасаңыз.
- Көлбеу жерлерде мұқият болыңыз, себебі жүксалғыш есігінің қозғалысын ол толық жабылғанға дейін тоқтатсаңыз, жүксалғыш есігі сәл төмен түсуі мүмкін.


i Ақпарат

- Суық және ылғал климат жағдайларында жүксалғыштың электржетекті есігін ашатын сыртқы түйме қатып қалуына байланысты тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жүксалғыштың электржетекті есігін ашу/жабу сыртқы түймесін пайдаланбас бұрын мұзын кетіріп алыңыз немесе электронды кілттегі немесе аспаптар тақтасындағы жүксалғыштың электржетекті есігін ашу/жабу түймесін пайдаланыңыз.
- Егер электронды кілтті жүксалғышта қалдырсаңыз және жүксалғыш есігін жапсаңыз, бірнеше секунд бойы дыбыс сигналы беріліп тұрады. Бұл жағдайда жүксалғыштың электржетекті есігін ашатын сыртқы түймені басу арқылы жүксалғышты ашыңыз.

Жүксалғыштың электржетекті есігін пайдалану

Жүксалғыштың электржетекті есігін ашу/жабу түймесі (электронды кілт)





Егер жүксалғыш қақпағы жабық болса, оны ашу/жабу түймесін басып, 1 секунд ұстап тұрыңыз. Жүксалғыш есігі ескертуші дыбыс сигналымен ашылады.

Операцияны үзу үшін есіктің ашылуы кезінде түймені басыңыз.

Егер жүксалғыштың электржетекті есігі ашық болса, оны жабу үшін ашу/жабу түймесін басып тұрыңыз.

Егер жүксалғыштың электржетекті есігінің жабылуы кезінде түймені жіберсеңіз, операция 5 секунд бойы берілетін ескертуші дыбыс сигналымен доғарылады.

Егер электронды кілт автокөліктен жұмыс істейтін радиус (шамамен 10 м) шегінен тыс жерде орналасса, жүксалғыш есігінің жұмысы тыйылады және 5 секунд бойы ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Жүксалғыштың электржетекті есігін ашу және жабу түймесі (жүксалғыштың электржетекті есігінің шегінен тыс)




Егер жүксалғыш есігі жабық болса, оны шу үшін ашу түймесін басыңыз.

Егер автокөлік құлыпталған болса, электронды кілтті жаныңызда ұстап, жүксалғыштың электржетекті есігін ашу түймесін басыңыз.

Операцияны үзу үшін есіктің ашылуы кезінде түймені басыңыз.

Жүксалғыштың электржетекті есігін жабу түймесі (есіктің ішінде)



Жүксалғыш есігін жабу үшін түймені басыңыз. Есікті қажетті күйде тоқтату үшін оның жабылуы кезінде тездетіп түймені басыңыз.

Бағытты автоматты түрде өзгерту

Егер жүксалғыштың электржетекті есігінің қозғалысы кезінде қандай да бір кедергі анықталса, ол тоқтайды немесе толық ашылады. Бағытты автоматты түрде өзгерту функциясы келесі мән-жайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей жұмыс істеуі мүмкін:

- Егер кедергі белгілі бір деңгейден төмен немесе жүксалғыш есігі тоқтатылған күйдің жанында толықтай дерлік жабылуға жақын болса, бағытты автоматты түрде өзгерту функциясы кедергіні анықтамауы мүмкін.
- Бағытты автоматты түрде өзгерту функциясы күшті соққы жағдайында кедергілер болмаса да іске қосылуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ешбір жағдайда бағытты автоматты түрде өзгерту функциясының жұмысын денеңіздің қандай да бір бөлігін немесе затты әдейі қысып қалу арқылы тексеруші болмаңыз.

i Ақпарат

Егер жүксалғыш есігін ашу немесе жабу әрекеті кезінде бағытты автоматты түрде өзгерту функциясы екі реттен артық іске қосылса, жүксалғыштың электржетекті есігі жұмыс істемей қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда жүксалғыш есігін абайлап қолмен ашу немесе жабу, содан кейін 30 секунд өткеннен соң оны қайтадан автоматты режимде іске қосуға әрекет жасап көру қажет.

Жүксалғыштың электржетекті есігін баптау

Әрбір функцияны пайдалану үшін баптаулар мәзірінен ашылу жылдамдығын немесе ашылу биіктігін таңдау қажет. Егер қандай да бір функцияны пайдаланғыңыз келмесе, баптауларда оны таңдаудың күшін жойыңыз.

Жүксалғыштың электржетекті есігінің ашылу жылдамдығы

Жүксалғыштың электржетекті есігінің ашылу жылдамдығын реттеу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранынан **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Есік** > **Артқы есіктің ашылу жылдамдығы** тармағын таңдаңыз.

Жүксалғыштың электржетекті есігінің ашылу биіктігі

Жүксалғыштың электржетекті есігінің ашылу биіктігін реттеу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранынан **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Есік** > **Жүксалғыштың ашылу биіктігі** тармағын таңдаңыз.

i Ақпарат

БҚ жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Биіктіктің пайдаланушылық баптауы

1. Жүксалғыш есігін қажетті биіктікке орнатыңыз.
2. Есіктің ішкі жағындағы жүксалғыш есігін ашу/жабу түймесін басып, кемінде 3 секунд ұстап тұрыңыз.

Егер жүксалғыш есігінің ашылу биіктігі үшін **Биіктіктің пайдаланушылық баптауы** таңдалған болса, есік автоматты түрде өзіңіз берген биіктікке ашылады.

i Ақпарат

- Егер қолмен ашу биіктігінің баптауы берілмеген болса, онда ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында **Биіктіктің пайдаланушылық баптауын** таңдаған жағдайда жүксалғыштың электржетекті есігі толық ашылатын болады.
- Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде мәндердің (**Толық ашық/3-деңгей/2-деңгей/1-деңгей**) бірі таңдалған болса, содан кейін **Биіктіктің пайдаланушылық баптауы** таңдалған болса, жүксалғыш есігі сіздің қолмен берген биіктігіңізге дейін ашылатын болады.
- Жүксалғыштың электржетекті есігінің ашылу жылдамдығы мен биіктігінің баптаулары байланыстырылған пайдаланушы профиліне сәйкес өзгереді. Пайдаланушы профилі өзгерген жағдайда жүксалғыштың электржетекті есігінің ашылу жылдамдығы мен биіктігінің баптаулары сәйкесінше өзгереді.

Жүксалғыштың электржетекті есігінің баптауларын бастапқы күйге келтіру

Жүксалғыштың электржетекті есігін бастапқы белгіленген мәндерге қайтару:


1. Қозғалтқыш өшірулі немесе қосулы тұрғанда «P» (Тұрақ) берілісін таңдаңыз.
2. Бір мезгілде жүксалғыш есігінің ішкі және сыртқы ашу/жабу түймесін дыбыс сигналы берілгенше басыңыз.
3. Жүксалғыш есігі қолмен жайымен жабыңыз.
4. Жүксалғыштың электржетекті есігінің сыртқы ашу/жабу түймесін басыңыз. Қысқаша дыбыс сигналы естіледі және жүксалғыш есігі ашылады.

   Баптауларды бастапқы күйге келтіруді аяқтау үшін жүксалғыштың электржетекті есігінің толық ашылғанын күтіңіз. Егер жүксалғыш есігі толық ашылғанға дейін тоқтайтын болса, бастапқы күйге келтіру орындалмайды.

i Ақпарат

- Егер аккумулятор батареясын ажыратқаннан немесе ол разрядталғаннан, немесе есіктің балқығыш сақтандырғышы күйіп кеткеннен кейін жүксалғыштың электржетекті есігінің баптауларына бастапқы күйге келтіру жүргізбесе, есік дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер жоғарыда келтірілген рәсімнен кейін жүксалғыштың электржетекті есігі тиісінше жұмыс істемейтін болса, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Жүксалғыш есігінің құлпын апаттық жағдайда ашу құрылғысы




Жүксалғыш есігінің құлпын және есікті ішкі жағынан ашу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Жүксалғыш есігінің астыңғы бөлігіндегі саңылауға ұзын жалпақ затты, мысалы, кілтті сұғыңыз.
2. Жүксалғыш есігінің құлпын ашу үшін ілгекті көрсеткі бағытына қарай ысырыңыз.
3. Жүксалғыш есігін итеріңіз де, ашыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ешкімнің жүксалғышта орналасуына жол бермеңіз. Автокөліктің майысу аймағының бөлігі болғандықтан, апат жағдайында жүксалғыш ең қауіпті жерлердің бірі болып табылады.
- Жүксалғыш есігін апаттық жағдайда ашу иінтірегін тек төтенше жағдайларда ғана пайдаланыңыз.

Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы



Электронды кілтпен жабдықталған автокөліктерде жүксалғыш есігі жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы көмегімен жанасусыз ашуға болады.

Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуын пайдалану

Жүксалғыш есігін қолсыз автоматты түрде ашу жүйесі келесі жағдайларда қолданыла алады:

- Жүксалғыш есігін автоматты түрде ашу жүйесінің функциясы ақпараттық ойын-сауық жүйесінің баптаулар мәзірінде қосылған.
- Жүксалғыш есігін қолсыз автоматты түрде ашу жүйесі барлық есікті жауып, құлыптағаннан кейін 15 секунд өткенде белсендіріледі.
- Егер 3 секунд ішінде электронды кілт автокөліктің артындағы аймақта анықталатын болса, жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

i Ақпарат

Жүксалғышты автоматты түрде ашу жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:

- Есік құлыпталмаған және жабылмаған.
- Есіктердің жабылуынан және құлыпталуынан кейін 15 секундтан аспайтын уақытта электронды кілттің анықталуы.
- Есіктер жабылған және құлыпталған сәттен бастап 15 секундтан аспайтын уақыт ішінде алдыңғы есіктердің тұтқаларынан 1,5 м (60 дюйм) аспайтын қашықтықта электронды кілттің анықталуы (ақылды айналармен жабдықталған автокөліктер үшін).
- Электронды кілт автокөлік ішінде орналасса.

1. **Баптаулар**

   Жүксалғыш есігін автоматты түрде ашу жүйесін пайдалану үшін оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында баптаулар мәзірінде қосу қажет. Таңдаңыз:

- **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Есік** > **Жүксалғыштың ақылды есігі**

i Ақпарат

БҚ жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

2. **Анықтау және ескерту**

   Жүксалғышты автоматты түрде ашу жүйесінің анықтау аймағы автокөліктің артында шамамен 50-100 см-ді (20-40 дюйм) құрайды. Егер жаныңызда электронды кілтіңіз болып, анықтау аймағында тұрсаңыз, жүксалғыштың автоматты ашылуының белсендірілуі туралы хабар беріп апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтайды және дыбыс сигналы естіледі.


i Ақпарат

Егер анықтау аймағына әдейі кірмеген болсаңыз және нәтижесінде апаттық сигнал беру жүйесі мен дыбыс сигналы іске қосылған болса, электронды кілтіңізбен бірге автокөліктің артындағы аймақтан шығып кетіңіз. Жүксалғыш есігі жабық күйінде қалады.

3. **Автоматты түрде ашылу**

   Апаттық жарық сигналын беру жүйесі іске қосылғаннан және дыбыс сигналы 6 рет естілгеннен кейін жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

Жүксалғышты автоматты түрде ашу жүйесін өшіру



Анықтау және ескерту кезеңінде электронды кілттегі кез келген түймені бассаңыз, жүксалғыш есігін автоматты түрде ашу жүйесі өшеді.

(1) Есіктерді құлыптау
(2) Есіктердің құлпын ашу
(3) Жүксалғыш есігінің ашылуы және жабылуы


- Есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басқан кезде жүксалғыш есігінің автоматты түрде ашылуы уақытша өшіріледі. Егер жүксалғыштың автоматты түрде ашылуын өшіргеннен кейін 30 секундтың ішінде қандай да бір есік ашылмаса, ол қайтадан қосылады.
- Егер жүксалғыш есігін ашу түймесін (3) басып, 1 секундтан ұзақ ұстап тұрсаңыз, жүксалғыш ашылады.
- Егер электронды кілттегі есікті құлыптау түймесін (1) немесе жүксалғыш есігін ашу/жабу түймесін (3) бассаңыз, жүксалғышты автоматты түрде ашу функциясы анықтау және ескерту кезеңіне өтпейінше жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы қосулы күйінде қалады.

- Жүксалғыштың автоматты ашылуын электронды кілттің түймесімен өшіргеннен және есікті ашқаннан кейін оны барлық есікті жабу және құлыптау жолымен қайтадан қосуға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Төтенше жағдайлар үшін жүксалғыштың автоматты түрде ашылуын өшіру бойынша әрекеттер тәртібін есте ұстаңыз.

Анықтау аймағы



- Жүксалғышты автоматты түрде ашу жүйесінің анықтау аймағы автокөліктің артында шамамен 50-100 см-ді (20-40 дюйм) құрайды. Егер электронды кілтпен анықтау аймағына кірсеңіз, жүксалғыш есігінің ашылғалы жатқаны туралы хабарлап, апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтайды және шамамен 3 секунд бойы дыбыс сигналы естіліп тұрады.
- Егер 3 секундтың ішінде электронды кілт анықтау аймағынан шығып кетсе, сигнал беру жүйесі өшеді.


i Ақпарат

- Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы келесі жағдайларды тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін:
  - Электронды кілт радиотаратқыш қасында, радиостанция немесе әуежай қасында тұр, мұндай жерде сигнал таратқыштың қалыпты жұмысына кедергілер келуі мүмкін.
  - Электронды кілт екі жақты байланыстың мобильді станциясының немесе мобильді телефонның қасында тұр.
  - Көлік құралының жанында басқа автокөліктің электронды кілті пайдаланылуда.
  - Температура нөлден төмен түсіп кетсе.
- Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуының анықтау аймағы келесі жағдайларда өзгеруі мүмкін:
  - Автокөлік көлбеу жерге немесе беткейге тұраққа қойылған.
  - Автокөліктің бір жағы екіншісіне қатысты көтеріліп тұр.


Отын багы аузының қақпағы

Отын багы аузының қақпағын ашу

1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Барлық есіктің құлыптарының ашылғанына көз жеткізіңіз.
3. Отын багы аузының қақпағының артқы ортағы жиегін (1) басыңыз.



4. Отын багының қақпағына қол жеткізу үшін отын багы аузының қақпағын (1) сыртқа қарай тартыңыз.
5. Отын багының қақпағын (2) шешіп алу үшін оны сағат тіліне қарсы бұраңыз. Бак ішіндегі қысымның теңесуіне байланысты пышылдаған дыбыс естуіңіз мүмкін.



6. Тығынды отын багы аузының қақпағына қыстырыңыз.

i Ақпарат

Барлық есіктің құлыптары ашық тұрғанда отын багы аузының қақпағының да құлпы ашық болады.

Отын багы аузының қақпағының құлпын ашу үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Электронды кілттегі құлыпты ашу түймесін басыңыз.
- Жүргізуші есігінің шынтақтаянышындағы орталық құлыптың құлыпты ашу түймесін басыңыз.

  Барлық есік құлыпталып тұрғанда отын багы аузының қақпағы да құлыпталып тұрады.

Отын багы аузының қақпағын құлыптау үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Электронды кілттегі құлыптау түймесін басыңыз.
- Жүргізуші есігінің шынтақтаянышындағы орталық құлыптың құлыптау түймесін басыңыз.

* Автокөлік 15 км/сағ (9 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен қозғалғанда барлық есік автоматты түрде құлыпталады.

Автокөлік 15 км/сағ (9 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен қозғалғанда отын багы аузының қақпағы да құлыпталады.

Отын багы аузының қақпағын жабу

1. Қақпақты (2) орнату үшін оны сырт еткен дыбыс естілгенше сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
2. Отын багы аузының қақпағын бекітілгенше жабыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлік отыны — бұл жеңіл тұтанатын және аса жарылыс қаупі бар заттек. Бұл нұсқауларды сақтамау КҮРДЕЛІ ЖАРАҚАТТАРҒА немесе КІСІ ӨЛІМІНЕ алып келуі мүмкін.

- Жанармай құю станциясындағы барлық ескертуді оқып шығу және оларды бұлжытпай орындау қажет.
- Отын құймас бұрын отын жіберу бағанындағы апаттық тоқтату түймесінің орналасқан жерін тауып алу керек (бар болса).
- Статикалық электр тогының әсерінің алдын алу үшін отын үлестіру кранын ұстамас бұрын жалаң қолыңызбен отын багының құю аузынан немесе отын буларының өзге көздерінен қауіпсіз қашықтықта көлік құралының металл бөлігінен ұстауыңыз қажет.
- Отын құю кезінде мобильді телефон пайдаланбау қажет. Мобильді телефоннан туындайтын электр тогы және/немесе кедергілер отын буларының тұтануына және өртке алып келуі мүмкін.
- Отын құю кезінде автокөлікке отырмаңыз. Статикалық зарядтар түзуі мүмкін заттарға немесе маталарға жанасудың, үйкелудің немесе бетімен сырғанаудың салдарынан статикалық зарядтың жинақталуына себепші болуыңыз мүмкін. Статикалық электр тогының разряды отын буларын тұтандыруы және өртке алып келуі мүмкін. Егер сізге автокөлікке отыру қажет болса, отын бағының аузынан, отын құю пистолетінен немесе бензин буларының басқа бөліну көзінен қауіпсіз қашықтықта автокөліктің металл бөлігіне жалаң қолыңызды тигізу арқылы қайтадан статикалық электр тогының зарядын босатып алу қажет.
- Егер қолдануға рұқсат етілген тасымалы отын канистрасы қолданылатын болса, оған отын құймас бұрын оны жерге қою қажет. Канистраға жиналған статикалық электр тогының заряды отын буларын тұтандыруы және өртке алып келуі мүмкін.

  Жүргізушінің жалаң қолдары мен автокөліктің арасындағы жанасу отын құю басталғаннан аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.
- Отынды сақтауға тек осыған арналған тасымалы пластик канистралар қолданылуы тиіс.
- Отын құю кезінде әрдайым «P» (Тұрақ) берілісін (қосарлы ілінісуі бар трансмиссия және автоматтық трансмиссия үшін) таңдаңыз, тұрақ тежегішіне қойыңыз және «Engine Start/Stop» түймесін өшірулі күйге ауыстырыңыз. Қозғалтқышпен байланысты электр компоненттердің жұмысы кезінде туындайтын ұшқындар отын буларын тұтандыруы және өртке алып келуі мүмкін.


- Жанармай құю станциясында, әсіресе отын құйылып жатқанда шылым шегуге, ашық отты пайдалануға немесе автокөлік ішінде тұтатылған темекіні қалдыруға болмайды.
- Отын багін лық толтыруға болмайды, себебі отын төгілуі мүмкін.
- Егер отын құю кезінде тұтану орын алса, автокөліктен алысқа кетіңіз, дереу автокөлікке жанармай құю станциясының менеджеріне хабарлаңыз, содан кейін жергілікті өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалыңыз. Оның берген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларын орындаңыз.
- Қысыммен берілетін отын төгілген жағдайда ол киімге немесе теріге тиюі мүмкін, бұл тұтану және күйік шалу қаупін төндіреді. Отын багының аузындағы қақпақты абайлап және баяу шешіп алу қажет. Егер қақпақтың астынан отын шығып немесе ысылдаған дыбыс естіліп тұрса, қақпақты толық шешіп алмас бұрын бұл құбылыстар тыйылғанша күте тұрыңыз.
- Отын құйып болған соң апат жағдайында отынның төгілуіне жол бермеу үшін тығынның дұрыс орнатылғанын тексеру керек.

Ескертпе

- Отынды автокөліктің сыртқы беттеріне төгіп алмауға тырысу қажет. Төгілген жағдайда лак-бояу жабынын зақымдап алуыңыз мүмкін.
- Егер отын бағының құю аузының қақпағын ауыстыру қажет болса, тек HYUNDAI түпнұсқа қақпағын немесе оның баламасын пайдалануға кеңес беріледі, әйтпесе отын жүйесі немесе пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі ақаулармен жұмыс істеуі мүмкін.
- Егер отын багы аузының қақпағы белгілі бір жағдайларда, мысалы, электр жүйесі бұзылғанда ашылмай тұрса, өндірушінің сервис орталығынан немесе сервистік серіктестерден қызмет көрсетуді сұратыңыз.


Проекциялық дисплей (HUD)

Бар болса



Проекциялық дисплей — бұл жүргізушіге мөлдір экранға проекцияланатын экранды көруге мүмкіндік беретін қосымша функция. Бұл ретте жүргізуші көңілін жолдан басқаға бұрмайды.


Проекциялық дисплейдің баптаулары



- Проекциялық дисплейді ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы Баптаулар мәзірінен қосуға болады. Таңдаңыз:
  - **Баптаулар** > **Аспаптар тақтасы/Проекц. дисплей** > **Проекц. дисплей** > **Дисплейдің проекциялауын қосу**
- Проекциялық дисплей қосылғаннан кейін «Дисплейді баптау» және «Деректерді көрсету» баптауларын өзгертуге болады.

  БҚ жаңартқаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Проекциялық дисплейдегі ақпарат



1. Бұрылыстар көрсетілетін навигация (ТВТ)
2. Жол белгілері немесе жылдамдық шектеуі
3. Спидометр
4. Круиз-контроль жүйесінде берілген жылдамдық
5. Круиз-контроль жүйесіндегі автокөліктер арасындағы қашықтық
6. Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі
7. Қозғалыс жолағын ұстап отыру
8. Көзден таса аймақтарды бақылау
9. Автомагистральда жылдамдықты автоматты түрде өзгерту (бар болса)
10. HDA (Автомагистральмен жүру көмекшісі) (бар болса)

Проекциялық дисплейді қолданған кездегі сақтық шаралары

- Төменде көрсетілген жағдайларда проекциялық дисплейдегі ақпаратты оқу қиындауы мүмкін.
  - Жүргізуші жүргізуші орындығында дұрыс отырған жоқ.
  - Жүргізуші поляризациялау сүзгісі бар күннен қорғайтын көзілдірік тағып алған.
  - Проекциялық дисплейдің қақпағында қандай да бір зат орналасқан
  - Автокөлік ылғал жолмен жүріп келеді.
  - Автокөлік салонында сәйкес келмейтін жарықтандыру аспабы орнатылған немесе жарық автокөліктің сыртындағы бөтен жарық көзінен түсіп тұр.
  - Жүргізуші көзілдірік тағып отыр.
  - Жүргізушінің контактілік линзалары бар.

  Егер алдыңғы әйнекке проекцияланатын ақпарат нашар оқылатын болса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің «Баптаулар» мәзірінен кескіннің биіктігін немесе жарықтық деңгейін реттеңіз.
- Өз қауіпсіздігіңіз үшін баптауларды өзгертер алдында міндетті түрде автокөлікті тоқтатып қою қажет.
- Алдыңғы әйнекті күңгірттеуге және оған басқа металл жабындарын жабыстыруға тыйым салынады. Әйтпесе алдыңғы әйнектегі кескін көрінбейтін болады.

- Алдыңғы панельге қандай да бір заттар қоймаңыз және алдыңғы әйнекке заттарды қыстырмаңыз.
- Алдыңғы әйнекті ауыстырған жағдайда жаңа әйнек проекциялық дисплейдің қолданылуына арналған болуы тиіс. Әйтпесе алдыңғы әйнекте қайталанған кескіндер көрінуі мүмкін.

Ескертпе

Егер автокөліктің борттық диагностика терминалына (OBD) диагностикалық аспаптың кез келген типі жалғанған болса, жаңартуды орындау мүмкін болмайды. Жаңартуды орындау үшін OBD терминалына жалғанған диагностикалық аспапты ажыратыңыз да, автокөлікті өшіріп қайта оталдырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көзден таса аймақты бақылау жүйесінің проекциялық дисплейге шығарылатын ескертулері қосымша болып табылады. Басқа жолаққа ауысу кезінде тек соларға ғана сеніп қалуға болмайды. Қозғалыс жолағын ауыстырмас бұрын міндетті түрде жан-жағыңызға қарап алыңыз.

Автокөлік жүйесін сымсыз жаңарту


Бар болса

Бағдарламалық құралды жаңарту функциясы (сымсыз жолмен) сымсыз желі арқылы бағдарламалық құралды соңғы нұсқасына дейін жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл функцияны пайдалану арқылы ең жаңа бағдарламалық құралдың көмегімен автокөлігіңіздің жүйесін актуалды күйінде ұстап отыра аласыз.

Бағдарламалық құралды жүктеу

Бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасын жүктеу қозғалыс кезінде автоматты түрде орындалуы мүмкін. Бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасы сәтті жүктелгеннен кейін сізге телефоныңызға немесе автокөлік экранына бағдарламалық құралдың жаңартуы қолжетімді екені туралы хабарлама келеді.

Бағдарламалық құралды жаңартуды растау



Оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін автокөлік жүйесі жаңартуды бастауға рұқсат береді.

- Жаңартуды орнатуды бастау үшін **Қазір жаңарту** (1) пернесін басыңыз.
- Жаңартуды кейінге қалдыру үшін **Кейінірек** (2) пернесін басыңыз.


Бағдарламалық құралдың жаңартуын дайындау

Егер экраннан **Қазір жаңарту** пернесін бассаңыз, автокөлік жаңартуды орнатуды автоматты түрде бастайды. Келесі шарттар орындалған болуы тиіс:

- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұр.
- Беріліс «P» (Тұрақ) күйінде тұр.
- Электронды тұрақ тежегіші (EPB) қолданылған.
- Сыртқы жарық аспаптары өшірулі.
- Капот жабық.
- Аккумулятор батареясы зарядталған.
- БҚ жаңартылуы тиіс жүйелер жұмыс істеп тұрған жоқ.


i Ақпарат

Аккумулятордың және жүйелердің күйі автоматты түрде тексеріледі.



- Жаңартуды бастау үшін **Қазір жаңарту** пернесін басыңыз.
- Жаңартудың басталуын болдырмау үшін **Жаңартуды болдырмау** пернесін басыңыз.

Бағдарламалық құралды жаңарту



Жаңартудың жүру барысын экраннан көре аласыз.

Бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасы сәтті жүктелгеннен кейін сізге телефоныңызға немесе автокөлік экранына бағдарламалық құралдың жаңартуы қолжетімді екені туралы хабарлама келеді.

i Ақпарат

Батарея зарядын үнемдеу үшін экран 3 минуттан кейін автоматты түрде сөнеді. Егер экран автоматты түрде сөнсе, жаңарту процессін «Engine Start/Stop» түймесін басу арқылы тексеруіңізге болады.

i Ақпарат

- Жаңартуды бастағаннан кейін автокөліктен түсуіңізге болады.
- Бағдарламалық құралды сымсыз жолмен жаңарту функциясы тек HYUNDAI Connected Services пайдаланушыларына ғана қолжетімді.
- Жаңарту туралы мәліметтер орнатылған бағдарламалық құралдың нұсқасына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- HYUNDAI веб-сайтында бағдарламалық құралды сымсыз жолмен жаңарту туралы хабарламаның бар-жоғын тексеріңіз.
- Жаңарту процессі бұзылған жағдайда автоматты түрде қалпына келтіру процессі іске қосылады. Егер жүйені қалпына келтіру сәтті орындалғаннан кейін де бағдарламалық құралдың жаңартуын қайтадан бастағыңыз келсе, HYUNDAI колл-орталығына хабарласыңыз.
- Жаңарту немесе қалпына келтіру процессі бұзылған жағдайда HYUNDAI колл-орталығына хабарласыңыз. Қауіпсіздікпен байланысты проблемалар туындаған жағдайда апаттық диспетчерлік қызмет секілді қызметтерді көрсету үшін HYUNDAI колл-орталығынан хабарлама алуыңыз мүмкін.
- Жаңарту аяқталғаннан кейін сізге жаңа функциялар немесе жақсартулар қолжетімді болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін HYUNDAI веб-сайтынан «Бағдарламалық құралды сымсыз жаңарту» бетін қараңыз немесе экраннан QR-кодты сканерлеңіз.

Ескертпе


- Жаңарту кезінде төменде келтірілген шектеулерді сақтаңыз.
  - Жаңарту процессі кезінде автокөлікті пайдаланбаңыз. Бағдарламалық құралды жаңартуға уақыттың жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз және процесті бастамас бұрын автокөлікті қауіпсіз түрде тұраққа қойыңыз.
  - Қашықтан оталдыруды қоса алғанда, қашықтан басқару функциялары қолжетімсіз.
  - Егер жаңарту цифрлық кілттің функциясын қозғайтын болса, есіктерді цифрлық кілтпен құлыптау/құлпын ашу жұмыс істемеуі мүмкін. Егер жаңарту цифрлық кілттің функциясын қозғайтын болса, есіктерді электронды кілтпен құлыптаңыз және құлпын ашыңыз.
  - Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. Артқы орындықта жолаушылардың бар-жоғын тексеріңіз. (Осындай функциясы бар автокөліктер)
- Егер қандай да міндетті шарттар жаңартуды бастауға дейін өзгертілетін болса, автоматты түрде жаңартудың күші жойылады.
- Жаңартуды бастағаннан кейін оның күшін жою мүмкін емес.
- Автокөліктің қандай да бір бағдарламалық құралын өзгерту немесе ауыстыру үшін бағдарламалық құралды сымсыз жолмен жаңарту функциясын пайдалануға болмайды.
- Жаңарту кезінде автокөліктің капотын ашуға және аккумулятор батареясын ауыстыруға болмайды. Бұл жаңарту процессінің бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Егер автокөліктің борттық диагностика терминалына (OBD) диагностикалық аспаптың кез келген типі жалғанған болса, жаңартуды орындау мүмкін болмайды. Жаңартуды орындау үшін OBD терминалына жалғанған диагностикалық аспапты ажыратыңыз да, автокөлікті өшіріп қайта оталдырыңыз.
- Жаңарту процессі бұзылған жағдайда HYUNDAI колл-орталығына хабарласыңыз.

Сыртқы жарықтандыру аспаптары


Жарық аспаптарын басқару

Фараларды басқару үшін иінтірек шетіндегі түймені келесі күйлердің біріне бұраңыз:


A типі



B типі




C түрі



(1) ӨШІРУ
(2) Жарық аспаптарын автоматты түрде (AUTO) ауыстыру (бар болса)
(3) Габариттік шамдар
(4) Фаралар

Жарық аспаптарын автоматты түрде (AUTO) ауыстыру



Габаритті шамдар мен фаралар аспаптар тақтасының алдыңғы бөлігіндегі сыртқы жарықтандыру датчигімен өлшенетін көшедегі жарыққа байланысты автоматты түрде қосылады немесе ажыратылады.

Фараларды автоматты қосу жүйесін пайдаланған кезде оларды түнгі уақытта, тұманда, жаңбыр кезінде жүргізгенде, туннельдер немесе жабық тұрақ ғимараттары сияқты жарығы жеткіліксіз аймаққа кірген кезде қолмен қосқан жөн.

Ескертпе

- Аспаптар тақтасының алдында орналасқан датчикті (1) әлдебір нәрсемен жабуға немесе оған сұйықтық төгуге болмайды.
- Датчикті әйнек тазалағышпен тазалауға болмайды, бұл кезде датчикте үлдір түзіліп, оның дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіреді.
- Егер автомобильде қараңғыланған әйнек орнатылса немесе алдыңғы әйнектің металдандырылған жабынының өзге түрі пайдаланылса, жарық аспаптарын автоматты ауыстыру жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін.

Габариттік шамдар



Габариттік шамдар, нөмір белгісінің жарығы және аспаптар тақтасының көмескі жарығы қосылып тұр.

Фаралар




Фаралар, габарит жарықтары, нөмір белгісінің жарығы және аспаптар тақтасының көмескі жарығы қосылып тұр.

i Ақпарат

Фараларды қосу үшін «Engine Start/Stop» түймесі қосу күйінде (ON) болуы тиіс.

Алыс жарық фараларын басқару




Алыс жарық фараларын қосу үшін иінтіректі итеріңіз. Иінтірек бастапқы күйге қайтады.

Алыс жарықты қосқан кезде аспаптар тақтасында алыс жарықтың индикаторы жанады.

Алыс жарық фараларын қосу үшін иінтіректі тартыңыз. Таяу жарық қосылады.


⚠ ЕСКЕРТУ

Егер қарсы беттен басқа көлік құралдары келе жатса, алыс жарық фараларын қоспаңыз. Бұл басқа автомобильдердің жүргізушілерінің шолуын шектеуі мүмкін.



Алыс жарық фараларын жыпылықтату үшін иінтіректі тартып, содан кейін босатыңыз. Иінтіректі босатпайынша алыс жарық жана береді.

Бұрылыс және қозғалыс қатарын ауыстыру көрсеткіштері



Солға бұру бағытын көрсету үшін иінтіректі төмен (A), ал оң бағытты көрсету үшін жоғары жылжытыңыз.

Егер индикатор тұрақты жанып, жыпылықтамаса немесе әдеттегіден тыс жыпылықтаса, бұрылыс көрсеткіштерінің электр шамдарының біреуі күйіп кеткен және оны ауыстыру қажет болуы мүмкін. Ресми HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз.

Бұрылыс сигналын бір түртіп қосу функциясы.


Бір рет түрту арқылы бұрылыс сигналын қосу функциясын пайдалану үшін бұрылыс көрсеткішінің иінтірегін жоғары немесе төмен (B) қалыпқа жылжытыңыз, содан кейін оны босатыңыз.

Жолақты ауыстыру туралы сигналдар 3, 5 немесе 7 рет жыпылықтайды.

Сіз бұрылыс сигналын қосу функциясын бір түртіп белсендіре аласыз немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінен **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Бұрылу көрсеткішін баптау** > **7 жыпылықтау/5 жыпылықтау/ 3 жыпылықтау/Өшіру мәзірін таңдап, жыпылықтау санын таңдай аласыз.**

Артқы тұман шамы

Бар болса



Артқы тұман шамдарын қосу:

Фараларды ауыстырып-қосқышын (1) алдымен фара күйіне, одан кейін артқы тұман шамдары күйіне орнатыңыз.

Артқы тұман шамдарын өшіру үшін төмендегі әрекеттердің бірін жасаңыз:

- Фара ауыстырып-қосқышын өшіріңіз.
- Фара ауыстырып-қосқышын (1) артқы тұман шамдары күйіне тағы бір рет орнатыңыз.

Аккумулятор батареясының зарядын үнемдеу функциясы

Аккумулятордың қуаты отырып қалмауы үшін жүйе жүргізуші көлікті өшіріп, жүргізушінің есігін ашқанда габариттік шамдарды автоматты түрде өшіреді.

Осы функцияның арқасында қараңғы уақытта жол жиегінде тоқтаған кезде габариттік шамдар автоматты түрде өшіріледі.

Габаритті шамдар сөніп тұрған автомобильде өшірілмеуі үшін:

1. Жүргізуші есігін ашыңыз.
2. Фараларды ауыстырып-қосқышпен габариттік шамдарды өшіріп қосыңыз.

Фараның еңкіштік бұрышын реттеу құрылғысы

Қолмен басқару түрі

Бар болса



Фараның еңкіштік бұрышын жолаушылар санына және жүк салмағына сәйкес реттеу үшін фараның еңкіштік бұрышын реттейтін тұтқаны бұрау керек.

Ауыстырып-қосқыштың орналасу нөмірі неғұрлым жоғары болса, фаралардың сәулесінің деңгейі соғұрлым төмен болады. Фаралардың дұрыс орнатылуын үнемі қадағалап тұрыңыз, әйтпесе фаралар жол қозғалысының басқа қатысушыларының көзіне шағылысуы мүмкін.

Төменде әртүрлі жүктемелер үшін ауыстырып-қосқыш жағдайының мысалдары келтірілген. Келтірілгендерден өзгеше жүктеме жағдайлары үшін ауыстырып-қосқыштың жағдайын барынша ұқсас жағдайға сәйкес реттеңіз.

Жүктеме шарттары	Реттегіш күйі
Driver Only (Тек жүргізуші үшін)	0
Жүргізуші+алдыңғы жолаушы	0
Барлық жолаушы (жүргізушіні қоса алғанда)	1
Барлық жолаушы (жүргізушіні қоса алғанда)+Максималды рұқсат етілген салмақ	2
Жүргізуші+Максималды рұқсат етілген салмақ	3

⚠ ЕСКЕРТУ

Функция дұрыс жұмыс істемесе жүйені тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне жолығу ұсынылады. Сымдарды өзіңіз тексеруге немесе ауыстыруға тырыспаңыз.

Автомат түрі

Бар болса

Бұл құрылғы түнгі уақытта жүргізушіге көрінуді және жолаушылардың шаршауын төмендетуді қамтамасыз ету үшін автомобиль салмағының өзгеруіне сәйкес автомобиль көлбеуі өзгерген кезде фаралардың жарық бұрышын автоматты түрде түзетеді. Сондай-ақ ол әртүрлі жағдайларда тұрақты бұрышта жарықтандыруды қамтамасыз ете алады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер жарық бұрышын автоматты реттеу құрылғысы жолаушылардың немесе жүктің салмағының өзгеруі салдарынан автомобиль артқа еңкейген кезде де жұмыс істемесе, не егер фаралардың бұрышы белгілі бір еңіс бұрышында жоғары немесе төмен жұмыс істемесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады. Сымдарды өзіңіз тексеруге немесе ауыстыруға тырыспаңыз.

Фараларды сөндіру кідірісі

Алдыңғы фаралар қосулы кезде «Engine Start/Stop» түймесін «ACC» немесе «OFF» күйіне ауыстырғанда алдыңғы фаралар (және/немесе габариттік шамдар) шамамен 5 минут бойы жанып тұрады.

Егер жүргізушінің есігі ашылып, жабылса, фаралар 15 секундтан кейін өшіріледі. Сондай-ақ, автомобиль өшірулі кезде, жүргізушінің есігі ашылып жабылса, фаралар (және/немесе габариттік шамдар) 15 секундтан кейін өшіріледі.

Фараларды және/немесе габаритті шамдарды қашықтан немесе электрондық кілттегі есіктерді жабу түймесін екі рет басу арқылы немесе жарықтандыру ауыстырып-қосқышын «OFF» (OFF) немесе «AUTO» күйіне ауыстыру арқылы өшіруге болады.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Фараларды сөндіруді кідірту пунктін таңдап, фараларды сөндіруді кідірту функциясын қосуға болады**

i Ақпарат

Жүргізуші басқа есіктерден шыққан кезде (жүргізушінің есігінен басқа) аккумулятор зарядын үнемдеу функциясы іске қосылмайды және фараларды сөндіруді кідірту функциясы автоматты өшіруді орындамайды.

Автомобильден шығар алдында аккумулятордың қуаты отырып қалмауы үшін фараларды ауыстырып-қосқыштың көмегімен қолмен сөндіріңіз.

i Ақпарат

Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.


Күндізгі жүріс жарықтары (КЖШ)

Күндізгі жарықты (КЖШ) пайдалану басқа жол қозғалысы қатысушыларына әсіресе күн батқан соң немесе күн шығар алдында автокөліктің алдыңғы бөлігін жақсы көруіне мүмкіндік береді. Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Күндізгі жарықтандыруды баптау** > **Күндізгі жүріс шамдарын қосу және салондағы басқару элементтерін жарықтандыру** таңдасаңыз, габариттік шамдар КЖШ-мен бірге қосылады.

Күндізгі жүріс шамдар жүйесі мынадай жағдайларда өшіріледі:

- Фараларды қосқанда.
- Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда.
- Қозғалтқышты өшірген кезде.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылып тұрғанда.
- Бұрылыс көрсеткіші қосылған жағдайда.
  - КЖШ бұрылыс көрсеткіші қосылған жағынан ғана өшіріледі.

Қарсы алу жүйесі



Сәлемдесу жүйесі жүргізушіге автомобильге жақындаған кезде автомобильдің фараларын қоса отырып, көрініп тұруға көмектеседі.

Динамикалық сәлемдесу жарығы

Динамикалық сәлемдесу жарығы шамамен 7 секунд жұмыс істейді, содан кейін артқы шамдар қосылады. Динамикалық сәлемдесу жарығының жұмысы электрондық кілттегі бұғаттау немесе бұғаттан шешу түймесін басқанда бірден тоқтатылады.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Фараларды сөндіруді кідірту пунктін таңдап, динамикалық сәлемдесу жарығының функциясын қосуға болады**

Есік тұтқасын жарықтандыру

Барлық есік (және жүксалғыш қақпағы) жабық әрі құлыптаулы тұрса, есік тұтқасындағы шам келесі жағдайлардың кез келгенінен кейін шамамен 15 секунд жанады:

- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Есіктерді ашқанда** таңдалғанда.
  - Қашықтан басқару немесе электрондық кілтте есікті бұғаттау түймесі басулы кезде.
  - Есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме басылғанда, сізде электрондық кілт болса.
  - Өзіңізбен бірге электрондық кілтті алып, қолыңызды есіктің сыртқы тұтқасына қойғанда.
- Электрондық кілт келесі таңдалған параметрлер кезінде анықталады **Жарық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **Есік ашылғанда** және **Жарық** > **Сәлемдесу жарығы/ақылды айна** > **жүргізуші жақындаған кезде**.

Сәлемдесу жарығы функциясын қосу және ажырату ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы «Параметрлер» мәзірінде жүзеге асырылады.

i Ақпарат

Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Фаралар мен габариттік шамдар

Егер алдыңғы фаралар қосылған болса (жарықты ауыстырып-қосқыш фараларды қосу жағдайында немесе «AUTO» күйінде болса) және барлық есік (және жүксалғыш) жабық және бұғатталған болса, онда қашықтан басқару немесе электрондық кілтте есіктерді бұғаттау түймесін басқанда фаралар мен габариттік шамдар 15 секундқа қосылады.

Егер осы сәтте есіктерді бұғаттау немесе бұғаттаудан босату түймесін бассаңыз, фаралар мен габариттік шамдар дереу сөнеді.

Бұл функцияны қосу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Фараларды сөндіруді кідірту** пунктін таңдаңыз.

Салон жарығы


Салонның жарықтандыру ауыстырып-қосқышы (⏻) күйінде болғанда және барлық есік (және жүк бөлімшесінің есігі) жабық және бұғаттаулы болғанда, салонның жарықтандыру шамдары мынадай жағдайларда 30 секундқа қосылады:

- Қашықтан басқару немесе электрондық кілтте есікті ашу түймесі басулы кезде.
- Есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басқанда, сізде электрондық кілт болса.
- Өзіңізбен бірге электрондық кілтті алып, қолыңызды есіктің сыртқы тұтқасына қойғанда.

  Егер осы кезеңде қашықтан басқару немесе электронды кілтте есікті бұғаттау немесе бұғаттаудан босату түймесін бассаңыз, онда салонның жарықтандыру шамдары дереу сөнеді.

HBA (алыс жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы)

Бар болса



Алыс жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі басқа автомобильдерге және жол жағдайларына байланысты жарық фараларының қашықтығын автоматты түрде реттейді (жақын және алыс жарық режимдері арасында ауыстырып қосуды орындайды).

Анықтау датчигі



(1) Алдыңғы шолу камерасы


Алдыңғы көрініс камерасы автомобильді басқару кезінде қоршаған жарықтың деңгейін және жарықты анықтау үшін анықтау датчигі ретінде пайдаланылады.

Анықтау датчигінің дәл орналасуын жоғарыдағы суреттен қараңыз.

Ескертпе

- Алыс жарықты автоматты ауыстырып қосу жүйесінің оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әрқашан алдыңғы көрініс камерасын жарамды жұмыс жағдайында ұстаңыз.
- Алдыңғы шолу камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толығырақ 7-тараудағы «Бетпе-бет соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі (FCA) (тек алдыңғы шолу камерасы)» бөлімінен қараңыз.

HBA жүйесін баптау (алыс жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы)]



«Engine Start/Stop» түймесі қосылу күйінде («ON») тұрған кезде, шамдарды автоматты түрде ауыстырып қосу немесе ажырату үшін, параметрлер мәзіріндегі **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **HBA** түймесін таңдаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлікті қауіпсіз жерге қойғаннан кейін ғана баптауларды өзгертіңіз.

Фаралардың алыс жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің жұмысы

- Баптау мәзірінде **HBA (алыс жарықты автоматты түрде ажырату)** жүйесін таңдағаннан кейін, осы жүйені пайдалану үшін мыналарды орындаңыз:
  - Фара ауыстырып-қосқышын «AUTO» күйіне орнатыңыз және фара иінтірегін аспаптар тақтасы бағытына басыңыз. Алыс жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің индикаторы (AUTO) қосылады.
  - Алыс жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі қосылған кезде алыс жарық автомобильдің 30 км/сағ (20 миль/сағ) жылдамдығында қосылады және алыс жарық индикаторы (🔵) жанады. Автомобильдің жылдамдығы сағатына 20 км (сағатына 12 миль) кем болса, алыс жарық қосылмайды және индикатор ақ түспен жанады.
- Алыс жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі мына жағдайларда жұмыс істейді:
  - Алыс жарық өшірулі кезінде бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін өзіңізге тартсаңыз, алыс жарық қосылады. Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін босату кезінде алыс жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі қайта қосылады.

- Алыс жарық шамдары автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының көмегімен қосылған күйде бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін тартсаңыз, жақын жарық қосылады, ал алыс жарық шамдарын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы өшеді.
- Егер бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін итерсеңіз, алыс жарық қосылады, ал алыс жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі өшіріледі.
- Жарық ауыстырып-қосқышын «AUTO» жағдайынан басқа жағдайға (шамдар/габариттер/өшіру) ауыстырып-қосу кезінде тиісті жарық қосылады, ал алыс жарық фараларын автоматты ауыстырып-қосу жүйесі өшіріледі.


• Алыс жарық фараларын автоматты ауыстырып қосу функциясы жұмыс істеген кезде төменде көрсетілген жағдайларда фаралар алыс жарықтан жақын жарыққа ауыстырылады:
  - Қарама-қарсы көлік құралының фаралары табылған кезде.
  - Алда кетіп бара жатқан автокөліктің артқы шамдарын анықтағанда.
  - Мотоциклдің/велосипедтің фарасы немесе артқы шамы байқалған кезде.
  - Сыртқы жарықтандыру жеткілікті және алыс жарықтың қажеті болмаса.
  - Көше жарықтандыруы немесе басқа жарықтандыру байқалған кезде.

i Ақпарат

Аспаптар тақтасында көрсетілетін бейнелер немесе түстер аспаптар тақтасының түріне немесе таңдалған тақырыпқа байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Фаралардың алыс жарығын автоматты ауыстырып қосу жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері

Фаралардың алыс жарығын автоматты ауыстырып қосу жүйесінің ақаулықтары



Егер алыс жарық фараларын автоматты ауыстырып қосу жүйесі тиісті түрде жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында «**Жүргізуші ассистентінің жүйесін тексеріңіз**» деген ескерту хабарламасы шығарылуы мүмкін және ескерту индикаторы (⚠) жануы мүмкін. Жүйені тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Фаралардың алыс жарығын автоматты ауыстырып қосу жүйесінің шектеулері

Фаралардың алыс жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Қарама-қарсы автомобильдің немесе алда келе жатқан автомобильдің фаралары зақымдалса не анықтау диапазонынан тыс орналасса.
- Қарсы келе жатқан немесе алда келе жатқан автомобильдің фаралары шаңмен, қармен немесе сумен жабылса.
- Қарсы немесе алда келе жатқан автомобильдің фаралары өшірулі, бірақ тұманға қарсы шамдар қосылған болса.
- Көлік құралының алдынан жарық беретін құралдармен бірдей пішіндегі шамы бар болса.
- Фаралар жөнделмесе немесе тиісінше ауыстырылмаса.
- Фаралар тиісті түрде реттелмесе.
- Тар иілген немесе тегіс емес жолмен, еңісті жолмен жүру кезінде.
- Алда келе жатқан көлік құралы ішінара көрінетін аймақта қиылыста немесе қисық жолда болса.
- Алда уақытша шағылыстырғыш немесе жыпылықтайтын белгі болған кезде (жол жұмыстары учаскесі).
- Алда бағдаршам, жарықты шағылыстыратын белгі, жыпылықтайтын белгі немесе шағылыстыратын бет болған кезде.
- Жол ылғалды немесе қармен, мұзбен жабылса.
- Көлік құралы бұрылыстан шыға келгенде.
- Автомобиль босаған шинаның немесе сүйретудің салдарынан еңкейсе.
- Қарсы немесе алдынан қозғалып келе жатқан автомобильдің фаралары пайдаланылған газдар, түтін, тұман, қар, боран, жолдағы судың шашырауы, алдыңғы әйнектегі конденсация және т.б. салдарынан табылмаса.

i Ақпарат

Алдыңғы шолу камерасының шектеулері туралы толық ақпаратты 7-тараудың «Алдыңғы соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі (FCA) (тек алдыңғы шолу камерасы)» бөлімінен қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Әрдайым жолдағы жағдайды қадағалап, қауіпсіздік ережелерін ұстаныңыз. Автомобильді жүргізу кезінде әрқашан сақтық шараларын сақтаңыз.
- Егер алыс жарық фараларын автоматты ауыстырып қосу жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, алыс және жақын жарық арасын бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегінің көмегімен қолмен ауыстырып қосыңыз.
- Алыс жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу автомобильді іске қосқаннан кейін немесе алдыңғы шолу камерасын бастамалау процесінде алғашқы 15 секунд жұмыс істемейді.

Интеллектуалды алдыңғы жарықтандыру жүйесі (IFS)

Бар болса

Интеллектуалды алдыңғы жарықтандыру жүйесі түнде қозғалыс кезінде алыс жарық қосулы кезде жүргізушіге анық көрініс қамтамасыз етеді.

Жүйені реттеу



Интеллектуалды алдыңғы жарық жүйесін қосу немесе өшіру үшін «Engine Start/Stop» түймесі қосулы күйінде («ON») параметрлер мәзіріндегі **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Ақылды алыс жарық** (немесе **Алыс смарт-жарық**) таңдаңыз.

i Ақпарат

Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


Автокөлікті қауіпсіз жерге қойғаннан кейін ғана баптауларды өзгертіңіз.

i Ақпарат

Еуропа үшін

Оң жақты қозғалысы бар елден сол жақты қозғалысы бар елге және керісінше орын ауыстырған кезде жүргізуші тарапынан алдыңғы фараның өшуі үшін саяхат режимін қосу қажет. Саяхат режимін қосу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Саяхат режимі** пунктін таңдаңыз.

Жүйе жұмысы




Параметрлер мәзіріндегі **Ақылды алыс жарық (**немесе **Алыс смарт-жарық)** таңдағаннан кейін жүйенің жұмысы үшін мыналарды орындаңыз:

- Фара ауыстырып-қосқышын **AUTO** күйіне орнатыңыз және фара иінтірегін аспаптар тақтасы бағытына басыңыз. Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі қосылған кезде аспаптар тақтасында (AUTO) индикаторы жанады.
- Жүйе іске қосылған кезде алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі ақпараттық ойын-сауық жүйесінде белгіленген жылдамдыққа сәйкес жұмыс істейтін болады. Бастапқыда жүйе көлік құралының жылдамдығы 40 км/сағ (25 миль/сағ) асқанда қосылады.
- Егер алдыңғы шолу камерасы қарсы келе жатқан автомобильді немесе алда келе жатқан автомобильді байқаса, алыс жарықтың жарықдиодты шамдары ішінара өшіріледі.
- Егер алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі жоғары жылдамдықта (шамамен 100 км/сағ (60 миль/сағ)) қарсы келе жатқан немесе алда келе жатқан автомобильді байқаса, онда жүргізуші жақтағы фара сөнеді және тек жолаушы жақтағы фара ғана жүйемен басқарылады.


Жүйенің ақауы мен шектеулері

Жүйенің ақауы



Егер алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында бірнеше секундқа «**Жүргізуші Ассистентінің жүйесін тексеріңіз**» ескерту хабарламасы көрінуі мүмкін. Хабар жоғалған кезде құралдар тақтасында **AFS** және ⚠ ескерту индикаторлары қосылады. Жүйені тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Жүйе өшірулі



Алдыңғы шолу камерасы бір нәрсемен жабылған немесе бұғатталған кезде, алдыңғы жарықтың зияткерлік жүйесі уақытша тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін. Аспаптар панелінде «**Жүргізуші ассистентінің жұмысы шектеулі. Камера бұғатталған.**» хабарлама пайда болуы мүмкін.

Жүйе бөгде материалдарды алып тастағаннан кейін өз жұмысын қайта бастайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі аспаптар тақтасында ескерту хабарламасынсыз немесе индикаторсыз да тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі ешқандай объектілер табылмайтын ашық учаскелерде (мысалы, бос тұрақ) немесе анықтау датчиктері автомобиль қосылғаннан кейін бірден бұғатталған кезде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүйе шектеулері

Алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі мынадай жағдайларда тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін:

- Қарама-қарсы автомобильдің немесе алда келе жатқан автомобильдің фаралары зақымдалса не анықтау диапазонынан тыс орналасса.
- Қарсы келе жатқан немесе алда келе жатқан автомобильдің фаралары шаңмен, қармен немесе сумен жабылса.
- Қарсы немесе алда келе жатқан автомобильдің фаралары өшірулі, бірақ тұманға қарсы шамдар қосылған болса.
- Көлік құралының алдынан жарық беретін құралдармен бірдей пішіндегі шамы бар болса.
- Фаралар жөнделмесе немесе тиісінше ауыстырылмаса.
- Фаралар тиісті түрде реттелмесе.
- Тар иілген немесе тегіс емес жолмен, еңісті жолмен жүру кезінде.
- Алда келе жатқан көлік құралы ішінара көрінетін аймақта қиылыста немесе қисық жолда болса.
- Алда бағдаршам, жарықты шағылыстыратын белгі, жыпылықтайтын белгі немесе шағылыстыратын бет болған кезде.
- Алда уақытша шағылыстырғыш немесе жыпылықтайтын белгі болған кезде (жол жұмыстары учаскесі).
- Жол ылғалды немесе қармен, мұзбен жабылса.
- Көлік құралы бұрылыстан шыға келгенде.
- Автомобиль босаған шинаның немесе сүйретудің салдарынан еңкейсе.
- көше шамдарының көптігі немесе жарық сыртқы жарықтандыру;

- Пайдаланылған газдар, түтін, тұман, қар және т.б. салдарынан басқа автомобильдің жарығы байқалмайды.
- Алдыңғы әйнек бөгде материалмен жабылған.

Ескертпе

Зақымдалу ықтималдығын болдырмау үшін:

- Камера датчиктерін немесе олардың тораптарын ешқашан бөлшектемеңіз.
- Анықтау датчиктерін ауыстыру немесе жөндеу үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.
- Алдыңғы әйнекке ешқашан қандай да бір қосалқы керек-жарақты орналастырмаңыз және алдыңғы әйнекті қараңғыламаңыз.
- Камера объективінде ылғалдың болмауын үнемі қадағалаңыз.
- Аспап тақтасына жарық шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз немесе айна) орналастырмаңыз.
- Камера объективтерін тазалау үшін құрамында қышқылдар немесе сілтілер бар жуу құралдарын пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ сабынды немесе бейтарап жуғыш затты пайдаланыңыз және оны сумен мұқият шайыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Әрдайым жолдағы жағдайды қадағалап, қауіпсіздік ережелерін ұстаныңыз. Автомобильді жүргізу кезінде әрқашан сақтық шараларын сақтаңыз.
- Егер алдыңғы жарықтандырудың интеллектуалды жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, алыс және жақын жарық арасын бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегінің көмегімен қолмен ауыстырып қосыңыз.

Ішкі жарық

⚠ ЕСКЕРТУ

Қараңғыда қозғалғанда салонның жарығын пайдаланбаңыз. Ішкі жарықтандыру шолуға кедергі келтіруі және апатқа себеп болуы мүмкін.

Ескертпе

Аккумулятор батареясын қуаты отырып қалмауы үшін автомобильді өшіргеннен кейін ішкі жарықты ұзақ қалдыруға болмайды.


Салон жарығының шамы.

Ішкі жарықтандыру автомобиль сөндіріліп, есіктер жабылғаннан кейін шамамен 20 минуттан кейін автоматты түрде сөндіріледі. Егер есіктердің бірі ашық болса, онда шам автомобиль өшірілгеннен кейін 25 минуттан кейін сөнеді. Егер есіктер электрондық кілтпен жабылса және автомобиль айдап әкетуге қарсы дабыл режиміне ауыстырылса, шамдар бес секундтан кейін сөнеді.

Ішкі жарықтың автоматты түрде өшуі

Ішкі жарықтандыру автомобиль сөндіріліп, есіктер жабылғаннан кейін шамамен 20 минуттан кейін автоматты түрде сөндіріледі. Егер есіктердің бірі ашық болса, онда шам автомобиль өшірілгеннен кейін 25 минуттан кейін сөнеді. Егер есіктер қашықтан басқару немесе электронды кілттің көмегімен жабылса, ал автомобиль айдап әкетуге қарсы дабыл режиміне ауыстырылса, онда шамдар 5 секундтан кейін сөнеді.

Бағытталған жарық шамы




- Бағытталған жарықтандыру шамын қосу немесе сөндіру үшін плафонды басыңыз. Шам жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы үшін түнде ыңғайлы оқу үшін немесе жеке жарықтандыру үшін жарық сәулесін жасайды.
- : Алдыңғы және артқы орындықтарды жарықтандыру үшін салон шамын қосу түймесін басыңыз.
- : Алдыңғы және артқы орындықтарды жарықтандыру үшін салон шамын қосу түймесін басыңыз.
- : Салонның алдыңғы немесе артқы бөлігіндегі шамдар алдыңғы немесе артқы есіктер ашылғанда қосылады. Есіктер қашықтан басқару немесе электронды кілттің көмегімен ашылғанда, салонның алдыңғы және артқы шамдары есіктердің қайсыбірі ашылғанға дейін шамамен 30 секундқа жанады. Салонның алдыңғы және артқы бөліктеріндегі шамдар есік жабылғаннан кейін шамамен 30 секундтан кейін біртіндеп сөнеді. Алайда, егер «Engine Start/Stop» түймесі қосылу күйінде («ON») болса немесе барлық есік бұғатталса, салонның алдыңғы және артқы шамдары өшіріледі. Егер «Engine Start/Stop» түймесі «ACC» (Қосымша. құрылғылар) немесе «OFF» (Жабық) күйінде тұрған уақытта есіктердің бірі ашық болса, салонның алдыңғы және артқы шамдары шамамен 5 минут бойы қосулы күйінде қалады.


Артқы жеке жарықтандыру шамдары

Бар болса

A түрі



B типі



: Артқы шамды қосу немесе ажырату түймесін басыңыз.

Күнқағардағы айнаны жарықтандыру шамы

Бар болса




Шамды қосу немесе сөндіру үшін, ауыстырып-қосқышты басыңыз.

- : Осы түймені басқанда шам жанады.
- : осы түймені басқанда шам өшеді.

Ұсақ-түйек тартпасының шамы

Бар болса



Ұсақ-түйек тартпасының шамы оны ашқан кезде қосылады.


Егер ұсақ-түйек тартпасы жабық болмаса, шам 20 минуттан кейін сөнеді.

Ескертпе

Аккумулятордың қуаты отырып қалмауы үшін ұсақ-түйек тартпасын пайдаланғаннан кейін жабыңыз.

Сәндік жарық

Бар болса



[A] Панель

[B] Аспаптар тақтасының астында

[C] Жүргізуші есігі, алдыңғы жолаушы есігі, артқы есік есіктері

Сәндік жарықтандыруды баптау үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Жарық** > **Фондық жарықтандыру** пунктін таңдаңыз.

- Егер оны жүргізу режиміне байланыстырса, онда жарықтандыру түсі таңдалған жүргізу режиміне сәйкес өзгереді.
- Егер сәндік жарықтандыруды пайдаланғыңыз келмесе, ақпараттық ойын-сауық жүйесінде фондық жарықтандырудың мәнін 0-ге орнатыңыз.


i Ақпарат

«P» (Тұрақ)-тан басқа кез келген беріліс таңдалған кезде артқы көрініс айналарындағы көрінудің төмендеуін болдырмау үшін панельдің екі жағынан сәндік жарық сөндіріледі.

i Ақпарат

- Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.
- Сәндік жарықтандыру түсі интерьер түсіне және берілген жарықтандыру түсіне байланысты визуалды түрде ерекшеленуі мүмкін.

Жүксалғышты жарықтандыру шамы




Жүксалғыш бөлігінің шамы жүксалғыш есігін ашқан кезде жанады.


Жүксалғыш бөлігінің шамы жүксалғыш есігін жапқан кезде сөнеді.

Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштар


Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы/жуғышы, A түрі




Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы/жуғышы, B түрі




Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы/жуғышы, C түрі




Артқы әйнектің әйнектазартқышы/жуғышы, A түрі



Артқы әйнектің әйнектазартқышы/жуғышы, B түрі



Артқы әйнектің әйнектазартқышы/жуғышы, C түрі



A. әйнектазартқыш (алдыңғы) жылдамдығын реттегіш

- **HI/2**: әйнектазартқыштың жоғары жылдамдығы.
- **LO/1**: әйнектазартқыштың төменгі жылдамдығы.
- **INT/---**: әйнек тазартқыштың үзік-үзік жұмысы.
- **AUTO** (бар болса): тазартуды автоматты басқару.
- **OFF/O**: Өшіру
- **MIST/1x**: жекелеп сүрту

B. Әйнектазартқыштың үзік немесе автоматты жұмыс уақытын реттеу

C. Қысқа қозғалыстармен тазалау (алдыңғы)

D. Артқы әйнектазалағышты басқару

- **HI/2**: әйнектазартқыштың жоғары жылдамдығы.
- **LO/1**: әйнектазартқыштың төменгі жылдамдығы.
- **OFF/O**: Өшіру

E. Қысқа қозғалыстармен тазалау (артқы)

Алдыңғы әйнектазалағыштар

Қозғалтқыш іске қосылған кезде келесі түрде жұмыс істейді.


- **HI/2**: әйнектазалағыш жоғарғы (екінші) жылдамдықта тұр.
- **LO/1**: әйнектазалағыш төменгі (бірінші) жылдамдықта тұр.
- **INT/---**: әйнектазалағыш үзік режимде тұрақты жиілікпен жұмыс істейді. Әйнек тазартқыштар жұмысының жиілігін өзгерту үшін жылдамдықты басқару тұтқасын бұрыңыз.
- **OFF/O**: әйнектазалағыштар жұмыс істемейді.
- **MIST/1x**: бір сүрту циклі үшін иінтіректі төмен басып, босатыңыз. Егер иінтіректі осы жағдайда ұстап тұрса, әйнектазалағыштар тұрақты режимде жұмыс істейтін болады.

i Ақпарат

Алдыңғы әйнекте қалың қар немесе мұз болған кезде әйнек тазалағыштарды және жуғышты пайдаланар алдында жылытқышты шамамен 10 минутқа немесе қар және/немесе мұз кеткенге дейін қосыңыз.

AUTO (Автоматты түрде басқару)

Бар болса



Алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігінде орналасқан жаңбыр датчигі жауын мөлшерін анықтайды және әйнекті тазалау циклінің аралығын реттейді.

Сезімталдық параметрін өзгерту үшін сезімталдық басқару тұтқасын бұрыңыз.

«Engine Start/Stop» түймесі қосылу күйінде («ON») болғанда әйнектазалағыштың ауыстырып-қосқышы «AUTO» (Автоматты) режимінде орнатылса, әйнектазалағыш жүйенің өзін-өзі тексеруін орындау үшін бір рет іске қосылады. Әйнектазалағыш пайдаланылмаса, оны «OFF (O)» ажыратылған күйге көшіріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жарақатты болдырмау үшін:

- Алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігіндегі жауын-шашын датчигі орнатылған жерге қолыңызды апармаңыз.
- Алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігін ылғал немесе су матамен сүртпеңіз.
- Алдыңғы әйнектің үстінен баспаңыз.

Ескертпе

- Автомобильді жуу кезінде әйнектазалағыштың автоматты жұмысын тоқтату үшін оның ауыстырып-қосқышын (O) күйге ауыстырып қойыңыз.
- Жолаушы жақтағы алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан датчиктің қақпағын шешпеңіз.

Алдыңғы әйнекжуғыштар



Ажыратылған күйде (O) алдыңғы әйнекті әйнекжуғыш сұйықтықпен бүрку және әйнектазалағыштардың 1-3 циклін іске қосу үшін иінтіректі өзіңізге аздап тартыңыз. Бүрку мен әйнектазалағыштың жұмысы иінтіректі босатқанға дейін жалғасады. Әйнекжуғыш пен әйнектазалағыштың жұмысы иінтіректі жібермейінше жалғаса береді. Егер әйнекжуғыш жұмыс істемесе, әйнекжуғыштың бағындағы жуу сұйықтығының мөлшерін толықтыру қажет болуы мүмкін.

Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде ауаның рециркуляциясы

Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде салонға сұйықтықтың иісінің түсу ықтималдығын төмендету үшін сыртқы ауаның температурасына байланысты ауаны рециркуляциялау және баптау режимі автоматты түрде қосылады. Осы функцияны орындау кезінде таза ауа беру режімін таңдасаңыз, ол белгілі бір уақыттан кейін жаңартылады. Ол кейбір жағдайларда, мысалы, суық ауа райында немесе автомобиль сөндірілген кезде жұмыс істемеуі мүмкін.

Толығырақ осы тараудың «Климат-бақылау жүйесінің қосымша функциялары» бөлімінен қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Төмен температурада әрдайым алдыңғы әйнекті жылытқышпен жылытып алу керек, сол кезде жуғыш сұйықтық әйнекке мұз боп қатып қалмайды. Егер қатып қалса, көру мүмкіндігін нашарлатып, ауыр жарақатқа немесе өлімге алып келуі ықтимал жол-көлік апатына ұшыратуы мүмкін.


Қыс мезгілінде немесе суық ауа райында міндетті түрде жуғыштың тиісті сұйықтығын пайдаланыңыз

Ескертпе

Зақымдалу ықтималдығын болдырмау үшін:

- Бөшкеде сұйықтық болмаған кезде немесе алдыңғы әйнек құрғақ болған кезде жуғышты пайдаланбаңыз.
- Алдыңғы әйнек құрғақ болған кезде әйнектазалағыштарды пайдаланбаңыз.
- Әйнектазалағыштарды қолмен жылжытуға тырыспаңыз.
- Қыс мезгілінде немесе суық ауа райында қатпайтын жуғыш сұйықтықты қолданыңыз.

Артқы әйнектің тазалағыштары мен әйнекжуғыштары



Артқы әйнектазалағыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып-қосқышы әйнектазалағыш пен әйнек жуғыштың ауыстырып-қосқышы бар иінтіректің ұшында орналасқан. Ауыстырып-қосқышты артқы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың жұмысы үшін талап етілетін жағдайға бұраңыз.

- **HI/2**: әйнектазартқыштың жоғары жылдамдығы
- **LO/1**: әйнектазартқыштың төменгі жылдамдығы.
- **OFF**: Өшіру

Автоматты артқы әйнектазалағыш



Артқы әйнекті әйнекжуғыш сұйықтықпен бүрку және артқы әйнектазалағыштың 1-3 циклін іске қосу үшін иінтіректі итеріңіз. Бүрку мен әйнектазалағыштың жұмысы иінтіректі босатқанға дейін жалғасады.

Артқы әйнектазалағыш «R» (Артқы жүріс) берілісі таңдалғанда және алдыңғы әйнектазалағыштар қосылғанда жұмыс істейді. Бұл функцияны ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен таңдай аласыз. Таңдаңыз:


- **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Функция: жайлылық** > **Автом. артқы тазартқыш (артқы жүріс)**

  Толығырақ 5-тараудың «Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде ауаның рециркуляциясы» бөлімінен қараңыз.


Қолмен басқарылатын климат-бақылау жүйесі

Бар болса

Сол жақ руль



Оң жақ руль



(1) Желдеткіш жылдамдығын реттеу түймесі
(2) Алдыңғы әйнекті жылыту түймесі
(3) Режимді таңдау түймесі
(4) Температураны реттеу түймесі
(5) Артқы әйнекті жылыту түймесі
(6) A/C түймесі (Ауаны баптау)
(7) Таза ауаның кіруін басқару түймесі

Ауаны жылыту және кондициялау

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Режимді басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
   Жылыту және салқындату тиімділігін арттыру үшін мыналарды таңдаңыз:
   - Жылыту:
   - Салқындату:
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Таза (сыртқы) ауаның кіруін таңдаңыз
5. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті жылдамдыққа орнатыңыз.


Қажет болған жағдайда ауаны баптау жүйесін қосыңыз.

Режимді таңдау


Режимді таңдау тұтқасы желдету жүйесі арқылы ауа ағынының бағытын басқарады.

Ауа ағынының бағыты

Сол жақ руль



Оң жақ руль



Таңба	Әрекет	Бағыт
	Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және бетке бағытталады. Бұдан басқа, ауаның берілу бағытын әрбір желдету саңылауының жағдайын баптау арқылы өзгертуге болады.	B, D, F
	Ауа ағыны адамның бетіне және салонның төменгі жағына бағытталады.	B, C, D, E, F

Таңба	Әрекет	Бағыт
	Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі бөлігіне және алдыңғы әйнекке бағытталса, оның аздаған мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйір соплоларға беріледі.	A, C, D, E
	Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі бөлігіне және алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның шамалы мөлшері бүйір әйнектердің жылытқыштарына беріледі.	A, C, D, E
	Ауаның негізгі бөлігі алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның шамалы мөлшері бүйір әйнектердің жылытқыштарына беріледі.	A, D

Режимді таңдау түймесі желдету жүйесі арқылы ауа ағынының бағытын басқарады.

MAX A/C [B], [D], [F]



«MAX A/C» режимі автокөлік салонын тез салқындату үшін пайдаланылады. Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және бетке бағытталады.


Бұл режимде A/C түймесі және қайта айналдыру режімі түймесі автоматты түрде таңдалады. Реттеу үшін желдеткіштің жылдамдығын басқару режимін қосыңыз.

Салонның ішіндегі температура төмендегеннен кейін, температура тұтқасын «MAX A/C» баптауынан қажетті жағдайға жылжытыңыз.

Егер сіз кондиционерді пайдалануды жалғастырғыңыз келсе, A/C түймесінің индикаторы жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Аспаптар панеліндегі дефлекторлар

Алдынан



Артынан



Желдету иінтірегінің көмегімен аспаптар панелінің желдету саңылауларындағы ауа ағыны жоғары/төмен немесе солға/оңға бағытталуы мүмкін.

Дефлекторларды жеке-жеке дефлекторды басқару иінтірегімен ашуға немесе жабуға болады. Егер дефлекторды басқару иінтірегін жолаушы жақтан жылжытса, дефлекторлар жабылуы мүмкін.

Температураны реттеу



Температураны жоғарылату үшін тұтқаны оңға бұрыңыз. Температураны төмендету үшін тұтқаны солға бұрыңыз.

Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышы

Рециркуляция режимі



Егер рециркуляция режимі таңдалса, климат-бақылау жүйесі жолаушылар салонының ауасын пайдаланады.

Сыртқы (таза) ауа режимі



Егер сыртқы (таза) ауа режимі таңдалса, климат-бақылау жүйесі автомобильдің сыртынан келетін ауаны пайдаланады.

i Ақпарат

Жүйені «Таза ауа» күйінде пайдалану ұсынылады.

Жылытқышты ауаны рециркуляциялау жағдайында ұзақ уақыт пайдаланған кезде (кондиционерді пайдаланбай) алдыңғы әйнек пен бүйірлік терезелер буланып кетуі, ал салон ішіндегі ауа ескіріп қалуы мүмкін.

Рециркуляция режимінде кондиционерді ұзақ уақыт пайдалану салондағы ауаның құрғауына әкеледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақаттар немесе өлім ықтималдығын жоққа шығару үшін:

- Климат-бақылау жүйесінің ауа рециркуляциясы жағдайында ұзақ жұмыс істеуі автомобиль ішіндегі ылғалдылықтың артуына, алдыңғы және бүйірлік әйнектердің буланауына және көрінудің нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Ауа баптау немесе жылыту жүйесі қосылған автомобильде ұйықтауға тыйым салынады.
- Климат-бақылау жүйесінің ауа рециркуляциясы жағдайында ұзақ жұмыс істеуі іс-қимылдың тежелуге, ұйқышылдыққа және автомобильді басқаруды жоғалтуға әкелуі мүмкін. Қозғалыс кезінде таза (сыртқы) ауа кіруін таңдаңыз.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау



Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру және ауа ағынын күшейту үшін тұтқаны оңға бұрыңыз. Желдеткіштің айналу жылдамдығын азайту және ауа ағынын төмендету үшін тұтқаны солға бұрыңыз.


Желдеткіш жылдамдығының реттегішін «0» күйіне қойғанда желдеткіш сөнеді.

i Ақпарат

Желдеткішті «Engine Start/Stop» батырмасы «ON» күйінде пайдалану аккумулятордың отыруына әкелуі мүмкін.

A/C түймесі (ауаны баптау)

Бар болса



Баптау жүйесін қосу үшін «A/C» түймесін басыңыз (индикатор жанады). Ауа баптау жүйесін өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз.

Жүйе жұмысы

Желдету

1. (↗) күйін орнатыңыз.
2. Таза (сыртқы) ауаның кіруін таңдаңыз
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті жылдамдыққа орнатыңыз.

Жылыту

1. (↘) күйін орнатыңыз.
2. Таза (сыртқы) ауаның кіруін таңдаңыз
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті жылдамдыққа орнатыңыз.
5. Қаласаңыз салонға түспес бұрын ауаны кептіру үшін кондиционерді жылытуға бапталған температура реттегіштің көмегімен қосыңыз.

Егер алдыңғы әйнек булана бастаса, (↘) немесе (⊞) режимін таңдаңыз.

Пайдалану жөніндегі кеңестер

- Желдету жүйесі арқылы салонға шаң немесе жағымсыз иістердің түсуін болдырмау үшін ауа беру режимін уақытша рециркуляция режиміне ауыстырып қосыңыз. Салондағы ауаның тазалығын сақтау үшін түтінделген немесе шаңданған жол учаскесінен өткеннен кейін ауыстырып-қосқышты таза ауа беру жағдайына міндетті түрде қайтарыңыз. Бұл салондағы жайлылық пен жүргізушінің сергектігін сақтауға мүмкіндік береді.
- Алдыңғы әйнектің буланuын болдырмау үшін ауаны баптау жүйесін қосыңыз, ауыстырып-қосқышты таза ауа беру режиміне орнатыңыз және желдеткіштің қажетті айналу жылдамдығын және ауа температурасын таңдаңыз.

Ауаны баптау

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз. Ауаны баптау түймесін басыңыз.
2. (↗) күйін орнатыңыз.
3. Ауа беру режимдерін ауыстырып-қосқышты сыртқы немесе рециркуляциялық ауа беру жағдайына орнатыңыз.
4. Желдеткіштің ең қолайлы жылдамдығы мен температурасын орнатыңыз.

Ескертпе

- Ауаны салқындату жүйесін пайдалану барысында тауға шыққанда немесе тығыз көлік ағынында сыртқы ауаның температурасы жоғары болған кезде температура датчигінің көрсеткіштерін мұқият қадағалаңыз. Желдеткішті қосулы қалдыруға болады, бірақ температура индикаторы қозғалтқыштың қызып кеткенін көрсетсе, ауа баптау жүйесін өшіру керек.
- Кондиционерді пайдаланғанда терезелерді әрдайым жауып жүріңіз. Дымқыл ауа райында терезелер ашық және кондиционер қосулы болса автомобильдің ішінде электр жабдығына зақым келтіретін су тамшылары пайда болуы мүмкін.

Кондиционер жүйесін пайдалану бойынша кеңестер

- Егер автокөлік ыстық ауа райында күн астында тұрақта тұрса, аз уақыт терезені ашып, салондағы ыстық ауаны шығарып жіберіңіз.
- Автокөлік салонын жеткілікті салқындатқаннан кейін салқындату жүйесін рециркуляция режимінен таза ауа режиміне ауыстырыңыз.
- Жаңбырлы немесе ылғалды ауа-райында әйнектің ішкі бетінің булануын азайтуға көмектесу үшін терезелер мен жоғарғы люк жабық күйде ауа баптау жүйесін қосу арқылы кабинаның ылғалдылығын төмендетіңіз.
- Кондиционер жүйесінің ең жоғарғы жұмыс тиімділігін сақтау үшін оны, тым болмағанда, айына бір рет бірнеше уақытқа қосып тұрыңыз.
- Кондиционерді шамадан тыс пайдаланған кезде сыртқы ауаның температурасы мен алдыңғы әйнектің температурасы арасындағы айырмашылық алдыңғы әйнектің сыртқы бетінің терлеуіне және шолу жоғалуына әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда режимді таңдау ауыстырып-қосқышын (↝) қалыпқа, ал желдеткіштің жылдамдығын басқару тұтқасын ең аз мәнге орнатыңыз.

Жүйеге техникалық қызмет көрсету

Салонның ауа сүзгісі

Салонның ауа сүзгісі ұсақ-түйек тартпасының артында орнатылған Ол автомобильге жылыту және ауа баптау жүйесі арқылы түсетін шаңды немесе басқа да ластаушы заттарды сүзеді.

Салонның ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилерінде ауыстыру керек. Көлік шаңды жолдарда немесе жолдан тыс жерлерде және/немесе жануарларды немесе темекі шегетін жолаушыларды артқы орындықтарда тасымалдау сияқты ауыр жағдайларда жұмыс істегенде, салонның ауа сүзгісін жиі тексеріп, ауыстыру қажет.

i Ақпарат

Ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз. Автомобильді шаңды топырақты жолдар сияқты ауыр жағдайларда пайдалану кезінде климатты бақылау жүйесінің сүзгісін жиі тексеру және ауыстыру қажет.

Кондиционердегі салқындату агент мөлшерін тексеру

Салқындату агентінің деңгейі тым төмен немесе артық болса ауаны баптау жүйесінің өнімділігі төмендейді. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Ескертпе

Салқындату жүйесіне дұрыс және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін жеткілікті желдеткіші бар жерде оқытылған және сертификатталған техникалық персонал ғана қызмет көрсетуі тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ

R-1234yf салқындату агенті бар автокөліктер



Күрделі жарақаттарды болдырмау үшін ауа баптау жүйесіне тек қана оқытылған және сертификатталған техникалық мамандар қызмет көрсетуі тиіс. R-1234yf салқындату агенті жанғыш болады және жоғары қысымда қолданылады. Салқындату агентті тиісті жабдықтың көмегімен айдаңыз. Салқындату агенттердің атмосферамен тікелей байланысы адам үшін де, қоршаған орта үшін де қауіпті болып табылады.


R-134a суық агенті бар автокөліктер



Күрделі жарақаттарды болдырмау үшін ауа баптау жүйесіне тек қана оқытылған және сертификатталған техникалық мамандар қызмет көрсетуі тиіс. R-134a салқындату агенті жоғары қысымда қолданылады.


Салқындату агентті тиісті жабдықтың көмегімен айдаңыз. Салқындату агенттердің атмосферамен тікелей байланысы адам үшін де, қоршаған орта үшін де қауіпті болып табылады.

Кондиционердің салқындату агентінің тақтайшасы



Ауаны баптау жүйесінің салқындату агенті туралы ақпарат автомобиль капотының астындағы жапсырмада көрсетілген.





Төменде салқындату агенті көрсетілген тақтайшада пайдаланылатын символдар мен техникалық сипаттамалар келтірілген.

(1) Салқындату агентінің классы
(2) Салқындату агентінің мөлшері
(3) Компрессордың майлау материалының классы
(4) Назар аударыңыз
(5) Өрт қауіпті салқындату агенті
(6) Ауаны баптау жүйесіне тіркелген техникалық маман қызмет көрсетуі тиіс
(7) Техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

Автоматты басқарылатын климат-бақылау жүйесі

Бар болса

Сол жақ руль



Оң жақ руль



Климатты бақылау түймелері автомобильдің сипаттамаларына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

(1) Жүргізуші жақтағы температура реттегіші
(2) Жолаушы жақтағы температура реттегіші
(3) Жүргізуші орындығының температурасын көрсету
(4) Жолаушы орындығының температурасын көрсету
(5) Алдыңғы әйнек жылытқышы
(6) A/C (Ауаны баптау)
(7) ӨШІРУ
(8) Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау
(9) Режимді таңдау
(10) Ауа беру режимдерінің ауыстырып-қосқышы
(11) Артқы әйнек жылытқышы

Ауаны жылыту және баптаудың автоматты жүйесі

Қозғалтқыш қосылып тұрған кезде келесі әрекеттерді орындаңыз.


1. AUTO түймесін басыңыз (автоматты түрде басқару) Индикатор қосылады және температура автоматты түрде берілген деңгейге орнатылады.



Автоматты режимде 1-3 желдеткіш жылдамдығын таңдау үшін «AUTO» түймесін басыңыз.

Режимді таңдау	AUDIO түймесі	Желдеткіштің айналу жылдамдығының диапазоны
МАКСИМАЛДЫ		2-8
ОРТАША		1-6
ТӨМЕН		1-5


2. Температураны реттегіш тұтқасын қалаған мәнге орнатыңыз.



3. Біз жылдың кез келген уақытында салондағы ауаның ыңғайлы сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін «AUTO» түймешігін пайдалануды ұсынамыз. Әдетте температура 22 ?-ге орнатылады. Келесі функцияларды таңдағанда «AUTO» түймешігі жанбайды. Келесі параметрлердің таңдалған функциясы «AUTO» жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде қосылады.
   - Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау
   - Ауаны баптау
   - Ауа ағынының бағыты
   - Алдыңғы әйнекті жылыту түймесі

   (Функцияны таңдаудан бас тарту түймесін басқанда «AUTO» белгішесі қайтадан қосылады)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ



Автомобиль аспаптар панелінің жоғарғы бөлігіндегі күн сәулесі датчигімен жабдықталған. Кондиционер «AUTO» режимінде жұмыс істегенде, датчик күн сәулесін анықтайды және салондағы температураны автоматты түрде реттейді. Бұл датчикке ешқандай зат қоймаңыз.


Ауаны жылыту және баптаудың қол жүйесі

Ауаны жылыту және салқындату жүйесін басқару сондай-ақ батырмалар көмегімен (AUTO батырмасынан басқа) қол режимінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе түймелерді басу тәртібіне сәйкес дәйекті жұмыс істейді. Автоматты режимде жұмыс істеу кезінде AUTO (Автоматты) түймесінен басқа кез келген түймені басқанда (немесе кез келген реттегішті бұрғанда) таңдалмаған функцияларды басқару автоматты түрде жүзеге асырылатын болады.


1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Режимді басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз. Жылыту және салқындату тиімділігін арттыру үшін келесіні таңдаңыз;
   - Жылыту: 
   - Салқындату: 
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Ауа беру режимін ауыстырып-қосқышты таза ауа режиміне орнатыңыз.
5. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті жылдамдыққа орнатыңыз.
6. Қажет болған жағдайда ауаны баптау жүйесін қосыңыз.
7. Автоматты басқару режиміне қайту үшін AUTO (Автоматтық) түймесін басу керек.

Режимді таңдау

Сол жақтан басқару




Оң жақтан басқару



Ауа кондиционерінің нақты түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Таңба	Әрекет	Бағыт
	Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және бетке бағытталады. Бұдан басқа, ауаның берілу бағытын әрбір желдету саңылауының жағдайын баптау арқылы өзгертуге болады.	B, D, F
	Ауа ағыны адамның бетіне және салонның төменгі жағына бағытталады.	B, C, D, E, F
	Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі бөлігіне және алдыңғы әйнекке бағытталса, оның аздаған мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйір соплоларға беріледі.	A, C, D, E
	Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі бөлігіне және алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның шамалы мөлшері бүйір әйнектердің жылытқыштарына беріледі.	A, C, D, E

Алдыңғы әйнекті жылыту [A], [D]




Жүйені қосу (индикатор қосылады) немесе өшіру үшін «A/C» (Кондиционер) түймесін басыңыз.

Жылытуды қосу үшін алдыңғы әйнекті жылыту түймесін басыңыз (индикатор қосылады). Алдыңғы әйнекті жылыту қосулы кезде автоматты түрде сыртқы ауа қабылдау таңдалады, ал кондиционер қоршаған температураға сәйкес қосылады.

Жылытуды өшіру үшін алдыңғы әйнекті жылыту түймесін тағы бір рет басыңыз (индикатор өшіріледі). Климат-бақылаудың барлық баптауы алдыңғы әйнекті жылытуды қосқанға дейін қалпына келтіріледі.

Аспаптар панеліндегі дефлекторлар

Алдынан




Артынан



Желдету иінтірегінің көмегімен аспаптар панелінің желдету саңылауларындағы ауа ағыны жоғары/төмен немесе солға/оңға бағытталуы мүмкін.

Дефлекторларды жеке-жеке дефлекторды басқару иінтірегімен ашуға немесе жабуға болады. Егер ауа өткізгіштің дефлекторын басқару иінтірегін шеткі сол жаққа жылжытса, дефлекторлар жабылуы мүмкін.

Температураны реттеу



Температураны көтеру үшін тұтқаны оңға бұрыңыз. Температураны азайту үшін тұтқаны солға бұрыңыз.

Өлшем бірліктерін ауыстырып-қосу (°C↔°F)

Температураның өлшем бірліктерін өзгерту (°C-ден °F-ке немесе °F-тен °C-ге):

- A/C түймесін 3 секунд бойы басқаннан кейін, 5 секундтан кешіктірмей «MODE» түймесін басыңыз және оны 3 секундтан артық басып тұрыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінен **Параметрлер** > **Жалпы** > **Өлшем бірлігі** > **Температура бірлігі** > **°C/°F** таңдаңыз.

SYNC (Жүргізуші және жолаушы жақтағы температураны параллель реттеу)



Ауа ағынының температурасы мен бағытын жалпы реттеу

Жүргізуші мен жолаушы жағында бірдей температураны орнату және ауа ағынының бағыты үшін «SYNC» түймесін басыңыз (индикатор қосылады).

Температураны жеке реттеу

Жүргізуші мен жолаушы жағына температураны жеке орнату үшін «SYNC» түймесін қайта басыңыз (индикатор өшіріледі).

Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышы

Рециркуляция режимі



Егер рециркуляция режимі таңдалса, климат-бақылау жүйесі жолаушылар салонының ауасын пайдаланады.

Сыртқы (таза) ауа режимі



Егер сыртқы (таза) ауа режимі таңдалса, климат-бақылау жүйесі автомобильдің сыртынан келетін ауаны пайдаланады.

i Ақпарат

Жүйені «Таза ауа» күйінде пайдалану ұсынылады.

Жылытқышты ауаны рециркуляциялау жағдайында ұзақ уақыт пайдаланған кезде (кондиционерді пайдаланбай) алдыңғы әйнек пен бүйірлік терезелер буланып кетуі, ал салон ішіндегі ауа ескіріп қалуы мүмкін.


Рециркуляция режимінде кондиционерді ұзақ уақыт пайдалану салондағы ауаның құрғауына әкеледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақаттар немесе өлім ықтималдығын жоққа шығару үшін:

- Климат-бақылау жүйесінің ауа рециркуляциясы жағдайында ұзақ жұмыс істеуі автомобиль ішіндегі ылғалдылықтың артуына, алдыңғы және бүйірлік әйнектердің буланауына және көрінудің нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Ауа баптау немесе жылыту жүйесі қосылған автомобильде ұйықтауға тыйым салынады.
- Климат-бақылау жүйесінің ауа рециркуляциясы жағдайында ұзақ жұмыс істеуі іс-қимылдың тежелуге, ұйқышылдыққа және автомобильді басқаруды жоғалтуға әкелуі мүмкін. Қозғалыс кезінде таза (сыртқы) ауа кіруін таңдаңыз.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау




Желдеткіштің айналу жылдамдығын реттеу түймесі арқылы орнатуға болады. Желдеткіштің жоғары жылдамдығында көбірек ауа беріледі.

«OFF» (Өшіру) түймесін басқанда желдеткіш өшеді.

i Ақпарат


Желдеткішті «Engine Start/Stop» батырмасы «ON» күйінде пайдалану аккумулятордың отыруына әкелуі мүмкін.

Ауаны баптау



Жүйені қосу (индикатор қосылады) немесе өшіру үшін «A/C» (Кондиционер) түймесін басыңыз.

Өшіру режимі



Климат бақылау жүйесін өшіру үшін «OFF» (Выкл.) түймесін басыңыз. Ауа беру және режим түймелерін «Engine Start/Stop» түймесі қосулы күйде (ON) болған кезде басқаруға болады.

Жүйеге техникалық қызмет көрсету

Салонның ауа сүзгісі

Салонның ауа сүзгісі ұсақ-түйек тартпасының артында орнатылған Ол автомобильге жылыту және ауа баптау жүйесі арқылы түсетін шаңды немесе басқа да ластаушы заттарды сүзеді.

Салонның ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилерінде ауыстыру керек. Көлік шаңды жолдарда немесе жолдан тыс жерлерде және/немесе жануарларды немесе темекі шегетін жолаушыларды артқы орындықтарда тасымалдау сияқты ауыр жағдайларда жұмыс істегенде, салонның ауа сүзгісін жиі тексеріп, ауыстыру қажет

i Ақпарат

- Ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз. Автомобильдің шаңды топырақты жолдар сияқты ауыр жағдайларда жұмыс істеу кезінде климатты бақылау жүйесінің сүзгісін жиі тексеру және ауыстыру қажет.
- Ауа ағынының жылдамдығы кенеттен төмендеген жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.

Кондиционердегі салқындату агент мөлшерін тексеру

Салқындату агентінің деңгейі тым төмен немесе артық болса ауаны баптау жүйесінің өнімділігі төмендейді. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Ескертпе

Салқындату жүйесіне дұрыс және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін жеткілікті желдеткіші бар жерде оқытылған және сертификатталған техникалық персонал ғана қызмет көрсетуі тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ

R-1234yf салқындату агенті бар автокөліктер



Күрделі жарақаттарды болдырмау үшін ауа баптау жүйесіне тек қана оқытылған және сертификатталған техникалық мамандар қызмет көрсетуі тиіс. R-1234yf салқындату агенті жанғыш болады және жоғары қысымда қолданылады. Салқындату агентті тиісті жабдықтың көмегімен айдаңыз. Салқындату агенттердің атмосферамен тікелей байланысы адам үшін де, қоршаған орта үшін де қауіпті болып табылады.


R-134a суық агенті бар автокөліктер



Күрделі жарақаттарды болдырмау үшін ауа баптау жүйесіне тек қана оқытылған және сертификатталған техникалық мамандар қызмет көрсетуі тиіс. R-134a салқындату агенті жоғары қысымда қолданылады.


Салқындату агентті тиісті жабдықтың көмегімен айдаңыз. Салқындату агенттердің атмосферамен тікелей байланысы адам үшін де, қоршаған орта үшін де қауіпті болып табылады.

Кондиционердің салқындату агентінің тақтайшасы




Ауаны баптау жүйесінің салқындату агенті туралы ақпарат автомобиль капотының астындағы жапсырмада көрсетілген.

A типі



B типі



Төменде салқындату агенті көрсетілген тақтайшада пайдаланылатын символдар мен техникалық сипаттамалар келтірілген.

(1) Салқындату агентінің классы
(2) Салқындату агентінің мөлшері
(3) Компрессордың майлау материалының классы
(4) Назар аударыңыз
(5) Өрт қауіпті салқындату агенті
(6) Ауаны баптау жүйесіне тіркелген техникалық маман қызмет көрсетуі тиіс
(7) Техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

Алдыңғы әйнектегі қырауды және буды кетіру

⚠ ЕСКЕРТУ


Қоршаған ауаның ылғалдылығы жоғары болғанда салқындату режимінде жылыту күйін (❄) пайдаланбаңыз. Алдыңғы әйнектің сыртқы беті буланып, көрінуді төмендетуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттармен немесе өліммен апатқа әкелуі мүмкін.

Режімді таңдау түймесін бет деңгейіне (↗) орнатыңыз және желдеткіштің жылдамдығын азайтыңыз.

- Алдыңғы әйнекті барынша жылыту үшін температураны реттегішті ең жоғары температураға, ал желдеткіштің жылдамдығын ең жоғары жағдайға орнатыңыз.
- Әйнектегі қырауды немесе буды кетіру үшін ауаны салонның төменгі бөлігіне беру қажет болса, ауа беру режимін салонның төменгі бөлігіне және алдыңғы әйнекке беру күйіне орнатыңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын алдыңғы әйнектен, артқы әйнектен, сыртқы артқы көріністе айналарынан және барлық бүйір әйнектен қар мен мұзды толығымен алып тастаңыз.
- Салон жылытқышының және әйнек жылытқыштың жұмыс тиімділігін арттыру үшін, сондай-ақ алдыңғы әйнектің ішкі бетінің булану ықтималдығын азайту үшін капоттағы және ауа тартқыштағы қар мен мұзды толығымен алып тастаңыз.

Қолмен басқарылатын климат-бақылау жүйесі

Алдыңғы әйнектің ішкі жағынан бууды жою



(1) «0» күйінен басқа, желдеткіштің айналу жылдамдығын кез келген күйге орнатыңыз.


(2) Қажетті температура мәнін таңдаңыз.

(3) Жылытқыш түймесін басыңыз ().

(4) Автоматты түрде сыртқы (таза) ауа таңдалады. Бұдан басқа, егер () жағдайы таңдалса, автоматты түрде кондиционер де (бар болса) таңдалады.

Егер ауа баптау және таза (сыртқы) ауаны кіргізу режимі автоматты түрде таңдалмаса, тиісті түймені қолмен басыңыз.

Алдыңғы әйнектің сыртқы жағын еріту



(1) Желдеткіштің ең жоғары айналу жылдамдығын орнатыңыз (басқару тұтқасының шеткі оң жағы).


(2) Ең жоғары температураны орнатыңыз.

(3) Жылытқыш түймесін басыңыз ().

(4) Автоматты түрде сыртқы (таза) ауа және ауа баптағыш режимі (бар болса) таңдалады.

Автоматты басқарылатын климат-бақылау жүйесі

Алдыңғы әйнектің ішкі жағынан буланууды жою



(1) Желдеткіштің айналу жылдамдығының қажетті мәнін таңдаңыз.

(2) Қажетті температура мәнін таңдаңыз.


(3) Жылытқыш түймесін басыңыз ( ).

(4) Ауа баптағыш қоршаған температураға байланысты қосылады, сыртқы (таза) ауаны жинау режимі және желдеткіштің неғұрлым жоғары жылдамдығы автоматты түрде таңдалады.

Егер ауа баптау, сыртқы (таза) ауаны алу режимі және желдеткіштің неғұрлым жоғары жылдамдығы автоматты түрде таңдалмаса, оларды тиісті түйменің көмегімен қолмен баптаңыз.

Егер алдыңғы әйнекті жылыту таңдалса, желдеткіштің жылдамдығы автоматты түрде ұлғаяды.

Алдыңғы әйнектің сыртқы жағын еріту



(1) Желдеткішті ең жоғарғы айналу жылдамдығына орнатыңыз.

(2) Ең жоғары температураны (HI) таңдаңыз.

(3) Жылытқыш түймесін басыңыз ( ).

(4) Ауа баптағыш қоршаған температураға байланысты қосылады, сыртқы (таза) ауаны жинау режимі автоматты түрде таңдалады.

Алдыңғы әйнекті жылытуды қосқан кезде желдеткіштің жылдамдығы ұлғаяды.

Буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі

Алдыңғы әйнектің ішкі жағынан булану мүмкіндігін азайту үшін ауа қабылдағышты немесе кондиционерді басқару белгілі бір жағдайларға байланысты автоматты түрде жүзеге асырылады. Алдыңғы әйнектің булануын жою жүйесінің жұмыс алгоритмін жою немесе қалпына келтіру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. «Engine Start/Stop» түймесін қосу күйіне (ON) ауыстырыңыз.
2. Жылытқыш түймесін (🌡) немесе (→) басыңыз.
3. Жылыту түймесін басыңыз (🌡), содан кейін 3 секунд ішінде кемінде 5 рет рециркуляция режимін басыңыз.

Ауа кіргізу режимдерін ауыстырып-қосу кнопкасының индикаторы 3 рет жыпылықтайды, бұл буланудыжою жүйесінің жұмыс алгоритмі өшірілгенін көрсетеді. Жүйенің жұмыс алгоритмін қайта қосу үшін осы қадамдарды қайталаңыз.

Аккумулятор батареясының заряды таусылғанда немесе оны ажыратқанда буланудыжою жүйесінің жұмыс алгоритмі бастапқы күйге қайтады.

Артқы әйнек жылытқышы


Ескертпе

Артқы әйнекті жылытқышқа зақым келтірмеу үшін артқы әйнекті тазалау үшін өткір заттарды немесе абразивті әйнек тазалағыштарды пайдаланбаңыз.


Қозғалтқыш қосулы тұрғанда жылытқыш артқы әйнекті ішінен де, сыртынан да қыздырып, қырауды, буланудыжәне мұз қабатын жояды.

- Артқы әйнектің жылытқышын іске қосу үшін орталық құрал панелінде орналасқан артқы әйнектің жылытқыш түймесін басыңыз. Жылыту қосылғанда бұл батырмада индикатор жанады.

A типі



B типі



- Жылытқышты өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

i Ақпарат

- Егер артқы әйнекті қалың қар жауып тұрса, жылытқышты қоспай тұрып, қарды щеткамен сыпырып тастаңыз.
- Артқы әйнектің жылытқышы от алдыруды қосқаннан кейін шамамен 20 минуттан кейін автоматты түрде өшіріледі.

Сыртқы артқы көрініс айнасының жылытқышы

Артқы көріністің сыртқы айналарының жылытқыштары артқы әйнектің жылытқышымен бір мезгілде қосылады.

Климат-бақылау жүйесінің қосымша функциялары

i Ақпарат

Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Салқындатқышты автоматты кептіру

Бар болса

Кондиционерді автоматты кептіру функциясы кондиционердегі ылғалды жояды және иіс деңгейін төмендетеді. Желдеткіш қозғалтқышы қозғалтқыш өшірілгеннен кейін автоматты түрде 30 минут жұмыс істейді.

Кондиционерді автоматты кептіруді қосу/сөндіру

Кондиционерді автоматты кептіру функциясын **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Климат** > **Кондиционерді автоматты кептіру** бөлімінде қосуға және өшіруге болады.

Егер осы функцияны іске қосқаннан кейін оның жұмыс шарттары орындалса, жұмыс ақпараттық ойын-сауық жүйесінде бейнеленеді және желдеткіш қозғалтқышы автоматты түрде қосылады.

Кондиционерді автоматты кептіру функциясы іске қосылғанда желдеткіш жылдамдығының үшінші деңгейі, сыртқы (таза) ауа орнатылады, ал ауа ағыны бетке (↗) бағытталады.

Жұмыс шарттары

Кондиционерді автоматты кептіру келесі жағдайларда жұмыс істейді.

- Көлік кондиционер біраз уақыт жұмыс істегеннен кейін өшірілсе.
- Аккумулятор қуатының деңгейі жеткілікті, ал сыртқы температура белгілі бір деңгейден жоғары болса.

Жүйе жұмыс істемейтін жағдайлар

Кондиционерді автоматты кептіру келесі жағдайларда жұмысын тоқтатады.


- Кондиционерді автоматты кептіру функциясы 10 минут жұмыс істесе.
- «Engine Start/Stop» түймесі басулы немесе қозғалтқыш қосулы болса.
- Климат-бақылау жүйесі қашықтықтан басқарылса.

i Ақпарат

Кондиционерді автоматты кептіру функциясы иіс деңгейін төмендетеді, бірақ иісті толық жоя алмайды.

Алдыңғы әйнектің буланuының автоматты алдын алу жүйесі

Бар болса



Буланудың автоматты алдын алу жүйесі алдыңғы әйнектің ішкі бетіндегі ылғалды автоматты түрде анықтай отырып, алдыңғы әйнектің ішкі бетінің терлеу ықтималдығын азайтады.

Буланған әйнекті автоматты түрде тазалау жүйесі жылытқыш немесе кондиционер қосылып тұрғанда жұмыс істейді.

i Ақпарат

Сыртқы ауаның температурасы -10 °C (-14 °F) төмен болғанда, буланудың автоматты алдын алу жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Буланудың автоматты алдын алу жүйесі жұмыс істеген кезде индикатор (AUTO) жанады.

Егер автомобильде көп мөлшерде ылғал байқалса, алдыңғы әйнектің буланудың автоматты алдын алу жүйесі қосылады.

Келесі қадамдар автоматты түрде орындалады:

1-қадам. Кондиционер сыртқы (таза) ауа режиміне ауыстырылады.

2-қадам. Жылыту деңгейі таңдалады.

3-қадам. Желдеткіш жұмысының ең жоғары қарқындылығы белгіленеді.

Егер кондиционер сөндірілсе немесе қолмен ауа рециркуляциясы режимі таңдалса, сонымен бірге буланудың автоматты түрде алдын алу жүйесі іске қосылса, осы жүйенің индикаторы (AUTO) қолмен жұмыс істеуді тоқтатуды көрсете отырып, жыпылықтайды.

Алдыңғы әйнекті автоматты түрде жылыту жүйесін қосу немесе өшіру

Климат-бақылау жүйесі

«Engine Start/Stop» түймесі қосу «ON» күйінде алдыңғы әйнекті жылытқыштың түймесін 3 секунд бойы басыңыз. Буланудың автоматты түрде алдын алу жүйесі ажыратылған кезде оның индикаторы (AUTO) 3 рет жыпылықтайды және климат-бақылау жүйесі ақпаратының экранында көрінеді.

Буланудың автоматты алдын алу жүйесін қосқан кезде индикатор (AUTO) сигналсыз 6 рет жыпылықтайды.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі

Буланудың автоматты түрде алдын алу жүйесін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Климат** > **Үрлеу/еріту опциялары** > **Автоүрлеу** мәзірінде қосуға және өшіруге болады.

i Ақпарат

- Буланудың автоматты түрде алдын алу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде ауа рециркуляциясы режимін таңдамаңыз.
- Буланудың автоматты түрде алдын алу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде желдеткіштің жылдамдығын реттеу, температураны реттеу және ауа беру режимінің ауыстырып-қосқышы өшіріледі.

Ескертпе

Алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан датчиктің қақпағын шешпеңіз. Зақымданулар сіздің автокөлігіңізге кепілдікпен жабылмауы мүмкін.

Ылғалды автоматты түрде жою

Бар болса

Салондағы ауаның сапасын арттыру және алдыңғы әйнектің булануын азайту үшін рециркуляция режимі сыртқы ауаның температурасына байланысты шамамен 5-30 минуттан кейін автоматты түрде өшіріледі және ауа қабылдағыш таза ауа беру режиміне көшеді.

Ауаны автоматты кептіруді қосу және сөндіру

Климат-бақылау жүйесі

Ылғалды автоматты түрде жою функциясын қосу немесе сөндіру үшін бет деңгейінде үрлеу режимін басқаннан кейін 3 секунд ішінде кемінде 5 рет рециркуляция режимін басыңыз (). Осы жүйе қосылғанда ауа беру режимдерін ауыстырып-қосу батырмасының индикаторы 6 рет жыпылықтайды. Өшірілгенде индикатор 3 рет жыпылықтайды.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі

Ауаны автоматты кептіру жүйесін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Климат** > **Автоматты желдету** > **Ылғалды автоматты жою мәзірінде қосуға және өшіруге болады**.

Люктің жағдайына байланысты ауа айналымы

Бар болса

Төбедегі люк ашық болғанда автоматты түрде таза ауа режимі таңдалады. Ауа айналымы режимін ауыстырып қосу түймесін бассаңыз, рециркуляция режимі таңдалады, бірақ 3 минуттан кейін ол қайтадан таза ауа режиміне ауысады. Төбедегі люкті жапқанда ауа беру режимі алдыңғы режимге қайтады.

Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде ауаның рециркуляциясы

Бар болса

Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде салонға сұйықтық иісінің түсу ықтималдығын төмендету үшін ауаны рециркуляциялау режимі автоматты түрде қосылады.

Егер рециркуляция режимі іске қосылса, автокөлік салонына жағымсыз иіс енуі мүмкін.

Алайда суық ауа райында алдыңғы әйнектің булануын болдырмау үшін рециркуляция режимі таңдалмауы мүмкін.

Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде белсендіру функциясын қосу/сөндіру

Климат-бақылау жүйесі

«Жуғыш сұйықтықты пайдаланғанда қосу» функциясын қосу немесе өшіру үшін еден деңгейінің режимін (🌬) таңдаңыз, содан кейін «A/C» түймешігін басып, 3 секунд ішінде 5 рет қайта айналдыру түймесін басыңыз.

«Жуғыш сұйықтықты пайдалану кезінде қосу» функциясын қосқан кезде ауа айналымын басқару түймесінің индикаторы 6 рет жыпылықтайды. Өшірілгенде индикатор 3 рет жыпылықтайды.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі

Жуғыш сұйықтықты пайдалану кезінде қосуды ақпараттық ойын-сауық жүйесінің **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Климат** > **Ауаның ішкі айналымы** > **Жуғыш сұйықтықты пайдалану кезінде қосу** мәзірінде қосуға және өшіруге болады.

Туннельге кіргендегі ауаның рециркуляциясы

Бар болса

Туннельмен қозғалыс кезінде автомобильге ластанған ауаның түсуін болдырмау үшін климат-бақылау жүйесі навигация жүйесінің деректері мен автомобиль қозғалысының жылдамдығын ескере отырып мынадай түрде жұмыс істейді:

Бұл функцияны пайдалану үшін оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы параметрлер мәзіріне қосу қажет. Таңдаңыз:

Автомобиль > **Климат** > **Ішкі ауа айналымы**

- **Туннель бөлігі**: Автокөліктің терезелері автоматты түрде жабылады және климат-бақылау жүйесі туннельге кіруден шамамен 7 секунд бұрын рециркуляция режиміне ауысады.

Туннельден өткеннен кейін терезелер бастапқы қалыпқа дейін ашылады. Егер электр әйнекөтергіштерді ауыстырып-қосқыш терезе ашылғанға дейін пайдаланылса, бұл болмайды.

Жұмыс шарттары

- Климат-бақылаудың таза ауа режимі таңдалса.
- Терезелер ашық болса.

Автомобильдің барлық орындығының әйнектері автоматты түрде көтеру/түсіру функциясымен жабдықталған болса ғана терезелер автоматты түрде жабылады.

i Ақпарат

- Бұл функцияның іске қосылу уақыты автомобиль жылдамдығына қатысты GPS ақпаратының кешігуіне байланысты өзгеруі мүмкін.
- Функция барлық туннельден өткенге дейін белсенді.
- Өйткені ауаны рециркуляция режимінде туннельге кірген кезде алдыңғы әйнек бууы мүмкін. Алдыңғы әйнекті жылыту түймесін пайдаланыңыз.
- Бұл функция қысқа туннельдерде жұмыс істемейді.
- Функция GPS жүйесіндегі ақаулар кезінде қосылмауы мүмкін.
- Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірі өзгеруі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі бойынша нұсқаулықты және қысқаша анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Терезелерді жабу кезінде дене мүшелерінің қысылуын болдырмаңыз.

Климат-бақылау параметрлерін пайдаланатын автоматты басқару органдары (жүргізуші орындығы үшін)

Бар болса

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жүргізуші орындығының, ауа желдеткіші бар орындықтың және жылытылатын рульдің жылытқышының температурасы автомобильдің ішкі және сыртқы температурасына байланысты автоматты түрде реттеледі.

Бұл функцияларды пайдалану үшін оларды ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы Параметрлер мәзіріне қосу қажет. Таңдаңыз: **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Климат** > **Жылыту/желдету** > **Климат-бақылау параметрлерін пайдаланатын автоматты басқару органдары**

Жайлылықтың жалпы деңгейіндегі автобақылау туралы қосымша ақпаратты 5-тараудағы «Орындықтарды жылытқыштар» және «Рульді жылыту» бөлімдерінен қараңыз.

Сақтауға арналған бөлік

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлікте оталдырғыштарды, пропан баллондарын немесе басқа тез тұтанатын немесе жарылыс қаупі бар заттарды ешқашан сақтамаңыз. Егер автомобиль ұзақ уақыт бойы жоғары температураның әсеріне ұшыраса, бұл заттар жануы және/немесе жарылуы мүмкін.


⚠ ЕСКЕРТУ

Жүру кезінде сақтауға арналған бөліктің қақпағы ӘРҚАШАН жабық болуы тиіс. Автомобиль ішіндегі заттар автомобильдің өзі сияқты жылдам қозғалады. Егер сіз тез тоқтауыңыз немесе бұрылуыңыз қажет болса немесе соқтығыс орын алса, заттар бөлімшеден ұшып шығып, жүргізушіні немесе жолаушыны жарақаттауы мүмкін.

Ескертпе

Ұрлық жасау ықтималдығына жол бермеу үшін бағалы заттарды ұсақ-түйек бөлімдерінде қалдырмаңыз.


Орталық консольдегі сақтауға арналған бөлік



Ашу:

Түймені басыңыз.

Ұсақ-түйек тартпасы



Ашу:


(1) тұтқасынан тартыңыз.

Қолданғаннан кейін әрқашан есікті жабыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жол-көлік апаты орын алғанда ұсақ-түйек бөлімінің ашық есігі жолаушыға, қауіпсіздік белбеуін тағып отырса да, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

Алдыңғы жолаушы орындығының қалтасы




Бұл қалта ұсақ заттарды сақтауға арналған

⚠ ЕСКЕРТУ

Науаға өткір заттарды салмаңыз. Апат болған жағдайда олар ұшып шығып, жолаушыларды жарақаттауы мүмкін.

Жүк салу бөлігіне арналған науа



Мұнда дәрі қобдишасын, авариялық тоқтау белгісін (алдыңғы науа), құрал-саймандарды және т.б. сақтауға болады.

- Қақпақтың үстіндегі тұтқаны ұстаңыз да, көтеріңіз.


Салонның керек-жарақтары

Стақан қойғыш

Алдыңғы орындық



Артқы орындық



Тостағанды немесе кішкене банкаларды бөтелке тұтқышқа орнатуға болады.

Түймені басыңыз. Сусын ұстағыш алдыңғы консольден шығады.

Сусындарға арналған ұстағышты пайдаланғаннан кейін бастапқы орнына кіргізу керек.

Стақан қойғыштарды пайдалану үшін шынтақ таянғышты төмен тартыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Сусынды шашыратпау үшін сусын ұстағышын пайдаланған кезде күрт қозғалудан және тежеуден аулақ болыңыз. Егер ыстық сұйықтық төгілсе, сіз күйіп қалуыңыз мүмкін. Мұндай күйік жүргізушінің көлік құралын басқаруын жоғалтуына және соның салдарынан апатқа әкеп соғуы мүмкін.
- Сусындарға арналған ұстағыштарда тек жұмсақ материалдардан жасалған ыдыстарды пайдаланыңыз.

Ескертпе

- Сусындар шашырамауы үшін оларды қозғалыс кезінде ашпаңыз. Төгілген сұйықтық автомобильдің электрлі/электрондық жабдығы жүйесіне түсіп, оның компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін.
- Төгілген сұйықтық автомобильдің электрлі/электрондық жабдығы жүйесіне түсіп, оның компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін. Бұл оның ішкі бөлігіне зақым келтіруі мүмкін.
- Банкалар мен бөтелкелерді тікелей күн сәулесінің әсерінен алшақ ұстаңыз және салон температурасы жоғарылауы мүмкін автокөлік ішінде оларды қалдырмаңыз. Әйтпесе, олар жарылуы мүмкін.

Күлсауыт

Бар болса



Күлсауытты пайдалану үшін, оның қақпағын ашыңыз.

Күлсауытты тазалау:


Пластмасса күл жинағышты жоғары көтеріп шығарыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Күлсауытты пайдалану.

Басқа жанғыш материалдары бар күл салғыштағы тұтанған темекі немесе сіріңке өрт туғызуы мүмкін.

Күнқағар



Ол үшін оны төмен түсіріңіз.

Бүйірлік әйнектен түсетін жарықтан қорғау үшін оны артқа тартыңыз, ұстағыштан (1) босатыңыз және терезеге қарай (2) бұрыңыз.

Күнқағарлардағы айнаны пайдалану үшін күнқағарды түсіріп, айна қақпағын (3) ысыру керек.

Күннен қорғайтын қалқандағы кішкентай пластикалық пластинаны қажеттілігіне қарай алға немесе артқа (4) жылжытып, реттеңіз. Оларды сақтау үшін түбіртек ұстауышты (5) пайдаланыңыз.

Пайдаланғаннан кейін жапқыштың айнасын толық жауып, күннен қорғайтын қалқаншаны бастапқы қалпына келтіріңіз.

⚠ЕСКЕРТУ


Күнқағарды пайдаланғанда көру мүмкіндігін жаппау керек.

Ескертпе


Күннен қорғайтын күнқағардағы аксессуарлық айнаға жапсарлас тақтайшаны (5) ақылы жолмен жүру түбіртектері немесе автомобиль қоятын орын үшін пайдалануға болады. Зақымдануды болдырмау үшін түбіртектерді ұстағышқа қою кезінде абайлаңыз. Ұстағышқа бірнеше түбіртек енгізбеңіз, өйткені бұл да ұстағыш тақтайшаға зақым келтіруі мүмкін.

Розетка

A түрі



B типі



Розетка автомобильдік электр жүйесінен қоректенуге есептелген ұялы телефондар мен басқа да электр аспаптарын қосуға арналған.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде электр аспаптары 12 В, 180 Вт кем тұтынуы тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ

Электр тогының ұруынан сақтаныңыз. Розеткаларға саусақтарды немесе басқа да заттарды (мысалы, шпилькалар) салуға немесе розеткаларды су қолмен ұстауға болмайды.

Ескертпе

Қуаттау розеткалары зақымдалмауы үшін:


- Электр құралдарын тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана қосу және пайдаланғаннан кейін бірден ажырату қажет. Қозғалтқыш өшіп тұрғанда ұзақ уақыт бойы розетканы пайдаланғанда аккумулятордың заряды таусылуы мүмкін.
- Электр қуаты 180 Вт аспайтын 12 вольтты электр аспаптарын пайдалануға жол беріледі.
- Электр розеткасын пайдаланғанда кондиционер және жылыту жүйесінің ең төменгі жұмыс режимін орнату керек.
- Розетка пайдаланылмаған кезде оның қақпағын жабыңыз.
- Автомобильдің розеткасына қосылғанда кейбір электр аспаптары электр кедергілерін тудыруы мүмкін.
- Ашаны толық салыңыз. Егер жақсы байланыс болмаса, аша қызып кетуі мүмкін және сақтандырғыш іске қосылуы мүмкін.
- Тек кері токтан қорғалған құрылғыларды қосыңыз, әйтпесе құрылғының аккумуляторынан ток автомобильдің электрлі/электрондық жүйесінің жұмысында ақаулықтар тудыруы мүмкін.

USB зарядтағыш құрылғы

Алдынан



Артынан



USB зарядтау құрылғысы USB-кабельдің көмегімен шағын көлемді электрондық құрылғылардың аккумуляторларын зарядтауға арналған.

Зарядтау құрылғысын қозғалтқыш қосылғанда пайдаланыңыз.

i Ақпарат

- Аккумулятордың зарядталу жағдайын электрондық құрылғының көмегімен бақылауға болады.
- Пайдаланғаннан кейін USB кабелін USB портынан ажыратыңыз.
- Зарядтау кезінде смартфон немесе планшет қызуы мүмкін. Бұл зарядтау жүйесінде қандай да бір ақаулықтарды білдірмейді.
- USB кабелімен зарядтау көзделмеген смартфондар немесе планшеттер үшін оларға арналған зарядтау құрылғысын пайдалану қажет.
- Зарядтау ағытпасын дыбысты қосу үшін де, ақпараттық ойын-сауық жүйесінде мультимедианы ойнату үшін де пайдаланбаңыз.
- Егер ұялы телефон өндірушісінен немесе бөлшек сауда нүктелерінде қол жетімді Type-C-ден A-ға адаптер қолданылса, зарядтау қол жетімді болмауы мүмкін.


Ескертпе

- USB зарядтау құрылғысын қозғалтқыш қосылғанда пайдаланыңыз. Егер қозғалтқыш ажыратылған, ал «Engine Start/Stop» түймесі қосу режимінде («ON») болса, онда USB зарядтау құрылғысын ұзақ уақыт бойы пайдалану аккумуляторлық батареяның ажыратылуына әкелуі мүмкін.
- USB зарядтау құрылғысының зақымдануын болдырмау үшін төмендегі талаптарды сақтаңыз.
  - Ағыптаға бөгде заттар мен сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз. Бұл USB-дің клеммалық блогының бұзылуына әкелуі мүмкін.
  - Жұмысшы тоғы 3000 мА (3,0 А) асатын құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- Электрондық құрылғыны USB («C» түрінен «A» түріне) адаптермен зарядтағанда, сіздің автокөлігіңізге ұсынылған түпнұсқа адаптерді пайдаланыңыз. Кәдімгі адаптерлерде токтың секіруінен қорғайтын құралдар болмайды. Ұсынымдарға сәйкес келмейтін кабельді пайдалану автомобильдің USB портына немесе қосылған құрылғыларға зақым келтіруі мүмкін. Аксессуарлар туралы қосымша ақпарат алу үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.
- Түпнұсқалық емес бөлшектерді пайдалану USB портына және ақпараттық ойын-сауық жүйесіне зақым келтіруі мүмкін. Зақымданулар сіздің автокөлігіңізге кепілдікпен жабылмауы мүмкін.


Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі

Бар болса

A түрі



B ТҮРІ



(1) Индикатор

(2) зарядтау панелі

Кейбір модельдерде автомобиль смартфондарға арналған сымсыз зарядтау құрылғысымен жабдықталған.

Жүйе барлық есік жабық, ал «Engine Start/Stop» (қозғалтқышты іске қосу/тоқтату) түймесі «ON» (Қосылған) немесе «START» (Іске қосу) күйінде болғанда қолжетімді болады.

Смартфонды зарядтау

Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі Qi (Qi) қолдайтын смартфондарды ғана зарядтайды. Смартфонның Qi технологиясын қолдайтынын тексеру үшін смартфон өндірушінің веб-сайтына кіріңіз.

Сымсыз зарядтау процесі Qi қолдайтын смартфонды сымсыз зарядтау блогына экранын жоғары қаратып орналастырғанда басталады.

1. Сымсыз зарядтау жүйесі барлық есік жабық, ал «Engine Start/Stop» түймесі «ON» (Қосылған) немесе «START» (Іске қосу) күйінде болғанда қолжетімді болады.
2. Ақпараттық ойын-сауық экранындағы Параметрлер мәзірінде сымсыз зарядтау функциясын қосыңыз.
   - Таңдаңыз: **Параметрлер** > **Автомобиль** > **Функция: жайлылық** > **Мобильді құрылғыларды сымсыз зарядтау жүйесі**
3. Смартфонды сымсыз зарядтау тақтасының ортасына орналастырыңыз. Смартфон зарядталып жатқанда индикатор қызғылт сары түспен жанады. Зарядтау аяқталғаннан кейін индикатор көк түспен жанады.

i Ақпарат

- Сымсыз зарядтау панелінің бетіндегі электрондық кілт сияқты басқа заттарды алып тастаңыз.
- Жиналмалы смартфондарды сымсыз зарядтау процесінде бүктелген смартфонды төменгі жағымен сымсыз зарядтау құрылғысының ортасына қойыңыз.

Егер смартфоныңыз зарядталмаса:

- Смартфонды зарядтау тақтасында ығыстырыңыз.
- Индикатордың қызғылт сары түспен жанып тұрғанын тексеріңіз.

Сымсыз зарядтау жүйесі ақаулы болған жағдайда индикатор 10 секунд бойы қызғылт сары түспен жыпылықтайды.

Егер смартфон көлікті өшіріп, алдыңғы есікті ашқаннан кейін де сымсыз зарядтау тақтасында болса, жүйе сізге аспаптар тақтасының дисплейіндегі хабарлама арқылы ескертеді.

Ескертпе

- Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі белгілі бір Qi (Qi) спецификациясын қолдамайтын смартфондарды қолдамауы мүмкін.
- Смартфонды зарядтау тақтасына орналастырғанда, оңтайлы зарядтау оны тақтаның ортасына орналастырыңыз. Егер смартфоныңыз бір жаққа жылжыған болса, зарядтау жылдамдығы аз болуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда оның жылу өткізгіштігі артуы мүмкін.
- Сымсыз зарядтау электрондық кілтті пайдалану кезінде уақытша тоқтатылуы мүмкін: не автомобильді іске қосу кезінде, не есіктерді бұғаттау/бұғаттаудан босату және т.б. кезінде.
- Кейбір смартфондарды зарядтау кезінде аккумуляторды зарядтау индикаторы құрылғы толық зарядталғанда көк түске өзгермеуі мүмкін.

- Сымсыз зарядтау жүйесінің ішіндегі температура ерекше жоғарылап кетсе, сымсыз зарядтау процесі уақытша тоқтап қалуы мүмкін. Сымсыз зарядтау процесі температура төмендегенге дейін қайта іске қосылмайды.
- Смартфон мен сымсыз зарядтау жүйесінің арасында тиын сияқты металл зат тұрып қалса, сымсыз зарядтау процесі уақытша тоқтап қалуы мүмкін.
- Кейбір өндірушілердің смартфондары смартфонды сымсыз зарядтау тақтасында қалып қойса да, жүйе сізге ескертпеуі мүмкін. Бұл нақты смартфонның сипаттамасына байланысты және сымсыз зарядтау функциясының ақаулығын білдірмейді.
- Кейбір өзін-өзі қорғау функциясы бар смартфондарды зарядтағанда сымсыз зарядтаудың жылдамдығы төмендеуі мүмкін және сымсыз зарядтау тоқтатылуы мүмкін.
- Егер смартфонның қақпағы қалың болса, сымсыз зарядталмауы мүмкін.
- Кредиттік карталар, телефон карталары немесе жол жүру билеттері сияқты кейбір магниттік заттар зарядтау кезінде смартфонның жанында қалдырылса, зақымдануы мүмкін.
- Егер смартфон зарядтау панелімен толық жанаспаса, сымсыз зарядтау дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер «Engine Start/Stop» түймесі OFF күйінде болса, зарядтау да тоқтайды.
- Сымсыз зарядтау функциясы жоқ смартфонды немесе кез-келген металл затты зарядтау тақтасына орналастырған кезде тыныш дыбыс шығуы мүмкін. Дыбыс автомобиль жүйесі зарядтау панеліне орналастырылған заттың үйлесімділігін тануы себебінен пайда болады. Бұл автомобильге де, смартфонға да әсер етпейді.
- Кейбір смартфондар ішкі құрылысының ерекшеліктеріне байланысты зарядталмауы мүмкін. Бұл жағдайда сымсыз зарядтау жүйесінің панелінде смартфонды солға немесе оңға сырғытып көріңіз. Ішінде магниттері бар кейбір жиналмалы смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі панелінің сол жағына жақын орналастыру арқылы зарядтауға болады.

Ескертпе

Кредиттік карталар, телефон карталары немесе темір жол билеттері сияқты кейбір магниттік заттар зарядтау кезінде смартфонның жанында қалдырылса, зақымдануы мүмкін.

Сағат

Сағаты ақпараттық ойын-сауық жүйесінен баптауға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Сағатты қозғалыс кезінде реттеуге тырыспаңыз.

Киімге арналған ілмек



Бұл ілмек габариті үлкен және ауыр заттарға арналмаған.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ілгекке жұмсақ киім ғана іліңіз. Сондай-ақ киімнің қалтасына ауыр, өткір немесе сынатын заттарды салмаңыз. Қауіпсіздік перделері соқтығысқан немесе іске қосылған жағдайда мұндай заттар ұшып шығып кетуі және елеулі жарақаттар келтіруі мүмкін.



Кілемше бекітпелері

Орындықтардың бірінші және екінші қатарындағы еден төсеніштерін автомобильге бекіту үшін ӘРҚАШАН кілемшелер бекіткіштерін пайдаланыңыз. Орындықтардың бірінші және екінші қатарына арналған бекіткіштер кілемшелерді алға сырғанаудан сақтайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Кілемшенің жылжып кетуінен тежегіш немесе акселератор басқыштарын пайдалану мүмкін болмауы салдарынан ауыр жарақаттарды немесе өлімді болдырмау үшін:


- Орнатар алдында кілемшенің барлық қорғаныш пленкасын алып тастаңыз.
- Жолға шықпай тұрып, еден кілемшелері автокөліктегі еден кілемшелеріне арналған бекітпелерге сенімді бекітіліп тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Осы бекітпелерге сенімді бекітілмейтін КЕЗ КЕЛГЕН еден кілемін пайдалануға болмайды.
- Кілемшелерді бір-бірінің үстіне қоймаңыз (мысалы, резеңкені кілемшені тоқымаға). Әрбір орында бір ғана кілемше болуы тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ

Педальдарды басқару кезінде ештеңе кедергі келтірмеу үшін, сіздің автокөлігіңізге арналған HYUNDAI кілемдерін пайдалану ұсынылады.

Бүйір перде

Бар болса




Бүйір пердені пайдалану:


- Пердені ілмегінен (1) тартып көтеріңіз.
- Пердені ілмектің екі жағына іліңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Әрқашан ілмекке пердені екі жағынан іліңіз. Егер ілмекке тек бір жағы бекітілсе, бүйірлік перде зақымдалуы мүмкін.
- Автомобиль корпусы мен бүйірлік перденің арасындағы кеңістікке бөгде заттардың түспеуін қадағалаңыз. Бүйірлік пердені көтеруге болмайды.

Жүк торын ұстағыш





Заттар автомобильдің жүк бөлігінде қозғалмауы үшін бүйір қаптамасындағы 4 ұстағышқа жүк торын бекітуге болады.


Жүк торының ұстағыштарға сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда жүк торын сатып алу үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.

ЕСКЕРТУ

- Көзіңізді сақтаңыз. Жүк торын тым қатты кермеңіз. Бетті және денені әрқашан жүк торының қайта тебу траекториясынан алыс ұстаңыз. Белдікте тозу немесе зақымданудың айқын белгілері болған кезде жүк торын пайдалануға тыйым салынады.
- Жүк торын жүксалғышта тек жеңіл заттар ғана қозғалмауы үшін пайдаланыңыз.

Жүксалғыш бөлімінің пердесі

Бар болса



Жүк салу бөлімшесіндегі заттарды жабу үшін жүк бөлімшесінің пердесін пайдаланыңыз.

Жүксалғыш бөлімінің пердесін пайдалану



1. Пердені тұтқасынан автомобильдің артқы жағына қарай тартыңыз (1).
2. Бағыттаушы сырықты (2) бауға (3) салыңыз.

i Ақпарат

Бағыттаушы сырық баудан түсіп кетпеуі үшін пердені тұтқаның ортасынан тартыңыз.

Жүк салғыш бөлімшесінің пердесі мынадай жағдайда пайдаланылмайды:

1. Жүк бөлімшесінің пердесін бағыттауыштардан босату үшін оны артқа және жоғары тартыңыз.
2. Жүк бөлімшесінің пердесі автоматты түрде артқа тартылады.

i Ақпарат

Егер перде соңына дейін шығарылмаса, ол автоматты түрде қайта кірмеуі мүмкін. Қорғаныш пердені соңына дейін тартыңыз, содан кейін оны баяу қайта кіруге мүмкіндік беріңіз.


Ескертпе

Егер пайдаланылса, жүкті жүк бөлімінің пердесіне қоймаңыз, өйткені ол сынып кетуі немесе деформациялануы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жүк бөлімінің пердесіне зат қоймаңыз. Заттар салонның ішіне түсіп, апат немесе тежеу кезінде жүргізуші мен жолаушыларды жарақаттауы мүмкін.
- Ешқашан ешкімнің жүк бөлімінде жүруіне жол бермеңіз. Ол тек жүк тасымалдауға арналған.
- Автомобиль ішіндегі массаның таралуын қадағалап, оны мүмкіндігінше автомобильдің алдыңғы жағына жақындатуға тырысыңыз.

Жүк салу бөлімшесінің пердесін шешу




1. Серіппені қысып, пердені автомобильден ажырату үшін жүк бөлімшесінің пердесінің бір жағын жауып қойыңыз.
2. Серіппе қысылып тұрғанда, жүк бөлігінің пердесін шығарып алыңыз.
3. Жүк салғыш науасын ашып, үстіне жүк бөлімінің қорғаныш экранын қойыңыз.

Сыртқы элементтер

Төбедегі жүксалғыш

Бар болса



Сіздің автокөлігіңіз рейлингтермен жабдықталуы мүмкін. Егер автокөлігіңізде рейлингтер орнатылған болса, сіз көлденең арқалықтар орната аласыз (көрсетілмеген).

i Ақпарат

- Егер автомобильдің төбесінде люк болса, онда рейлингтердегі жүктің оның жұмысына кедергі келтірмеуін қадағалаңыз.
- Жүк автомобильдің төбесін бүлдірмес үшін қажетті сақтық шараларын сақтаңыз.
- Рейлингтерде үлкен көлемді заттарды тасымалдау кезінде олардың габариттері автомобиль төбесінің ұзындығынан немесе енінен аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Жүкті төбеде тасымалдау кезінде жүк автомобильдің шатырын бүлдірмес үшін қажетті сақтық шараларын сақтаңыз.

  Рейлингтерде үлкен көлемді заттарды тасымалдау кезінде олардың габариттері автомобиль төбесінің ұзындығынан немесе енінен аспайтынына көз жеткізіңіз.

⚠ЕСКЕРТУ

- Жүкті немесе багажды рейлингке салмағы бойынша көрсетілген шектен асыра тиеу сіздің автомобиліңізге зақым келтіруі мүмкін.

РЕЙЛИНГТЕР	100 кг (220 фунт) БІРКЕЛКІ ТАРАТУ КЕЗІНДЕ


- Қатты қозғалудан және тежеуден, қатты бұрылыстардан және маневрлерден, сондай-ақ жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болыңыз, себебі бұл көлік құралын басқаруды жоғалтуы немесе аударылып кетуі мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін. Төбедегі рейлингтер жүктелген кезінде автомобильдің ауырлық орталығы жоғары болады.
- Жүкті төбедегі рейлингтерде тасымалдау кезінде баяу қозғалыңыз және бұрылыстарға бірқалыпты кіріңіз. Өтіп бара жатқан көліктерден немесе табиғи себептерден туындаған қатты желдің екпіні рейлингтерде орналасқан заттарға күрт әсер ететін көтергіш күш тудыруы мүмкін. Бұл әсіресе матрац немесе ағаш плиталар сияқты ірі габаритті жазық заттарды тасымалдау кезінде өзекті. Нәтижесінде мұндай заттар рейлингтерден құлап, автомобиліңізге немесе басқа көлік құралдарына зақым келтіруі мүмкін.
- Автомобиль қозғалысы кезінде зақымдануды немесе жүктің жоғалуын болдырмау үшін қозғалыс басталар алдында және оның уақытында заттардың рейлингтерде бекітілуінің сенімділігін тұрақты тексеріп отыру керек.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі

Ескертпе


- Конструкцияда көзделмеген газ разрядты фараларды орнатпаңыз. Олар автомобильдің дыбыс жүйесі мен электрондық аспаптарының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Салон элементіне иіссу, косметикалық май, күннен қорғайтын жақпамай, қол тазалайтын зат пен ауа тазартқыш сияқты химиялық заттардың түсуіне жол бермеңіз, өйткені олар салон бетін зақымдауы немесе түссіздендіруі мүмкін.

Антенна



«Акула қанаты» түріндегі антенна берілетін деректерді қабылдайды (мысалы, AM/FM, SXM).

Рульдегі қашықтан басқару элементтері



(1) ІЗДЕУ/АЛДЫН АЛА ОРНАТУ
(2) ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ
(3) ДЫБЫССЫЗ
(4) Режим

Ескертпе

Қашықтан басқару пультінің бірнеше түймесін бір уақытта басуға болмайды.

ІЗДЕУ/АЛДЫН АЛА ОРНАТУ (∧ / ∨)

«ІЗДЕУ/АЛДЫН АЛА ОРНАТУ» түймесін жоғары немесе төмен басқанда және 0,8 секунд және одан көп ұстап тұрғанда, ол былайша әрекет етеді:

- Радио режимі:
  Ол автоматты іздеу түймесі ретінде жұмыс істейді. Іздеу функциясы түймені жібергенге дейін орындалады.
- Мультимедиа режимі
  Ол алға/артқа жылдам орау түймесі ретінде жұмыс істейтін болады.

«ІЗДЕУ/АЛДЫН АЛА ОРНАТУ» түймесін басқан кезде ол былайша әрекет етеді:

- Радио режимі:
  Ол алдын ала орнатылған радиостанцияларды таңдау түймесі ретінде жұмыс істейтін болады.
- Мультимедиа режимі
  Ол жолдарды ауыстыру түймесі ретінде жұмыс істейтін болады.

ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ (VOL + / VOL -)

Дыбыс деңгейін реттеу үшін жоғары не төмен басыңыз.

ДЫБЫССЫЗ (🔇)


Дыбысты өшіру немесе қосу үшін дыбысты өшіру түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

Жылдамдық шектеулерін сақтау үшін ақылды көмек жүйесін өшіру үшін дыбысты өшіру түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

Режим


Радио режимдері арасында ауысу үшін «MODE» (Режим) түймесін басыңыз.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі



Толық ақпаратты ақпараттық ойын-сауық жүйесінің жеке нұсқаулығынан қараңыз.

USB порты



Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде USB портын таңдау түймесін басыңыз. Электрондық құрылғыны зарядтау үшін түйменің жоғарғы жағын (1) басыңыз. Мультимедиялық файлдар жинағышын зарядтау және музыканы тыңдау үшін түйменің төменгі (2) бөлігін басыңыз. USB портын кез келген индикатор қосылғаннан кейін пайдалануға болады.

- Автомобильдің USB портына аудио құрылғыларды қосу үшін USB-кабельді пайдалануға болады.
- MP3 немесе USB сияқты мультимедиялық файлдарды USB портына қосқаннан кейін, сіз музыканы автомобиль динамигі арқылы тыңдай аласыз немесе оны ақпараттық ойын-сауық жүйесінде ойната аласыз.
- Қуаты аз электронды құрылғыларды зарядтауға болады.

i Ақпарат

- Кейбір құрылғылар USB порты арқылы зарядтауды қолдамайды.
- Қоректендіру ағытпасына қосылған портативті дыбыс құрылғысын пайдалану кезінде шу естілуі мүмкін. Бұл жағдайда USB кабелін ажыратып, тасымалданатын аудиоқұрылғының қуат көзін пайдаланыңыз.


Ескертпе


- Автомобильге USB Type-A құрылғысын қосқан кезде, сіздің автомобиліңізге ұсынылған түпнұсқа адаптерді («C» түрінен «A» түріне) пайдаланыңыз. Кәдімгі адаптерлерде шуды төмендететін немесе токтың секіруінен қорғайтын құралдар болмайды. Ұсынымдарға сәйкес келмейтін кабельді пайдалану автомобильдің USB портына немесе қосылған құрылғыларға зақым келтіруі мүмкін. Аксессуарлар туралы қосымша ақпарат алу үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.



- Түпнұсқалық емес бөлшектерді пайдалану USB портына және ақпараттық ойын-сауық жүйесіне зақым келтіруі мүмкін. Зақымданулар сіздің автокөлігіңізге кепілдікпен жабылмауы мүмкін.

Bluetooth® сымсыз технологиясы





(1) Шақыру/шақыруға жауап беру/шақыруды аяқтау түймесі


(2) Микрофон

Толық ақпаратты ақпараттық ойын-сауық жүйесінің жеке нұсқаулығынан қараңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүргізушіні алаңдатпау үшін жүргізу кезінде осы функцияларды барынша аз пайдалануға тырысыңыз. Алаңдау ауыр жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Дауысты тану



Қосымша ақпаратты қоса берілген ақпараттық ойын-сауық жүйесі жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

6. Автокөлікті жүргізу

Жол жүру алдында 6-5
Автокөлікке отырмас бұрын 6-5
Қозғалтқышты оталдыру алдында 6-5
Оталдыру жүйесінің құлпы 6-6
Оталдыру жүйесінің құлпы 6-7
«Engine Start/Stop» қозғалтқышты оталдыру/тоқтату түймесі 6-12
Механикалық трансмиссия 6-21
Механикалық трансмиссия жұмысы 6-22
Қауіпсіз жүргізу амалдары 6-24
Автоматтық трансмиссия 6-26
Автоматты трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыру тұтқасымен жабдықталған) 6-26
Автоматты трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа) 6-32
Аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарламалар 6-37
Руль астындағы ауыстырып қосқыш (қолмен басқарылатын ауыстырып қосу режимінде) 6-40
Тұраққа қою 6-41
Қауіпсіз жүргізу амалдары 6-41
Қос ілінісі бар трансмиссия 6-43
Қос ілінісі бар трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыру тұтқасымен жабдықталған) 6-45
Қос ілінісі бар трансмиссия (берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқасы бар) 6-49
Қос ілінісі бар трансмиссия ескертулері 6-54
Руль астындағы ауыстырып қосқыш (қолмен басқарылатын ауыстырып қосу режимінде) 6-57
Тұраққа қою 6-58
Қауіпсіз жүргізу амалдары 6-58
Тежеу жүйесі 6-60
Күшейткіштері бар тежегіштер 6-60
Дискілік тежегіштер тозуының индикаторы 6-61
Тұрақ тежегіші 6-62
Электронды тұрақ тежегіші (EPB) 6-64
Автоматты түрде ұстап тұру 6-69
Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) 6-73
Электрондық тұрақтылықты бақылау (ESC) 6-75

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі (VSM) 6-78
Тіркемені тұрақтандыру жүйесі (TSA) 6-80
Өрде қозғала бастағандағы көмек жүйесі (HAC) 6-80
Төтенше тежеу туралы ескерту жүйесі (ESS) 6-81
Шұғыл тежеу жүйесі (BAS) 6-81
Бүйірлік жел кезіндегі тұрақтылық жүйесі (CSC) 6-82
Қайталама соқтығысулардың алдын алатын шұғыл тежеу жүйесі (MCB) 6-83
Еңіске түскен кездегі көмек жүйесі (DBC) 6-84
Тежеудің рұқсат етілген әдістері 6-86
Толық жетек (4WD) 6-87
Толық жетек жүйесінің жұмысы 6-89
Толық жетек бетін таңдау режимі 4WD) 6-93
Апаттық жағдайлардың алдын алу шаралары 6-95
Аударылу қаупін азайту 6-96
6 Электронды түрде басқарылатын аспа 6-98
Жүйенің ақауы 6-98
ISG (стоп-старт) жүйесі 6-98
ISG жүйесінің жұмысы 6-99
ISG жүйесінің өшуі 6-102
Қозғалтқышты қайта оталдыру шарттары 6-102
ISG ақаулары 6-103
АБҚ датчигін калибрлеу 6-103
ISG интеллектуалды жүйесі 6-104
Автокөлік алдыңғы жақтан шыққан кезде автоматты түрде қайта оталу 6-104
ISG интеллектуалды жүйесінің шектеулері 6-105
Біріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD) 6-106
Біріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (4WD) 6-109
Жүргізу режимі 6-109
Бетті таңдау режимі 6-112
Жүргізудің ерекше шарттары 6-113
Қауіпті жүргізу шарттары 6-113
Автокөлікті тербелту 6-113
Бірқалыпты бұрылыстар 6-114
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу 6-114
Автокөлікті жауын шартында жүргізу 6-115
Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу 6-115
Автомагистральдарда қозғалу 6-116

6. Автокөлікті жүргізу

Аударылу қаупін азайту 6-116
Көлікті қыста жүргізу 6-117
Қар мен мұзда жүру 6-117
Қыс мезгіліндегі сақтық шаралары 6-120
Тіркемені сүйреу 6-123
Тіркемені сүйреген кезде 6-124
Тіркемені сүйреуге арналған жабдық 6-126
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу 6-128
Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету 6-131
Автокөлік массасы 6-132
Шамадан артық жүк тиеу 6-133

⚠ ЕСКЕРТУ

Иіс газы (CO) улы. Иіс газымен дем алу тұншығудан естен тануға және өлімге әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған газдардың құрамында түссіз және иіссіз тұншықтырғыш газ бар.

Пайдаланылған газдармен дем алмаңыз.

Егер автомобиль салонында пайдаланылған газдың иісі болса, терезелерді дереу ашыңыз. Иіс газы тұншығудан естен тануға және өлімге әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған газды шығару жүйесінен газдың шығып жатпағанына көз жеткізіңіз.

Газ шығару жүйесін автокөлік майды ауыстыру үшін немесе басқа мақсаттар үшін көтергішке кірген сайын тексеру керек. Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің дыбысы өзгерген кезде немесе автокөліктің түбіне бірдеңе тиген жағдайда, HYUNDAI ресми дилерінде пайдаланылған газдарды шығару жүйесін мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Жабық үй-жайларда қозғалтқыш істеп тұрған күйінде қалдырмаңыз.

Қозғалтқыштың бос жүрісте істеуі, тіпті гараж есігі ашық болса да, қауіпсіз емес. Қозғалтқышты оталдыру және автокөлікті гараждан шығару үшін қажет болғаннан ұзақ жұмыс істетпеңіз.

Автокөлік салонында адамдар отырғанда, қозғалтқышты бос жүрісте ұзақ істетпеңіз.

Автокөлік салонында адамдар отырғанда бос жүрістегі қозғалтқышты тек ашық үй-жайларда ғана мәжбүрлі түрде ұзақ істетуге болады. Бұл жағдайда ауа кірісін реттегішті таза ауаны беру күйіне, ал желдеткіш реттегішінің қуатын салонға таза ауа кіруі үшін ең жоғары күйге келтіру керек.

Ауа тартқыш саңылауларды бітелуіне жол бермеңіз.

Желдету жүйесі қалыпты істеуі үшін алдыңғы әйнек алдында орналасқан ауа тартқыш саңылауларды қармен, мұзбен және т.б. бітелмеуін қадағалаңыз.

Егер жүксалғыш есігін ашып жүру қажет болса, келесі қадамдарды орындаңыз.

Терезелердің бәрін жабыңыз.

Аспаптар панелінің ауа жапқыштарын ашыңыз.

Ауа кірісін реттегішті таза ауа беру күйіне, ауа ағынын басқару реттегішін «Еден» немесе «Бет» күйіне, ал желдеткіш реттегішінің қуатын ең жоғары күйге келтіріңіз.

Жол жүру алдында

Автокөлікке отырмас бұрын

- Терезелердің бәрі, сыртқы айналар мен сыртқы жарық аспаптары таза, ластанбаған болуы тиіс.
- Қыраудан, қардан не мұздан тазалаңыз.
- Шиналардың тозбағанын және зақымдалмағанын тексеріңіз.
- Автокөлік астында ешнәрсенің ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Артқа жүрмей тұрып автокөліктің артында ешқандай бөгеттің жоқ екенін тексеріңіз.

Қозғалтқышты оталдыру алдында

- Капоттың, жүксалғыш есігінің және есіктердің мықтап жабылғанына және құлыпталғанына көз жеткізіңіз.
- Орындық пен рульдің күйін реттеп алыңыз.
- Ішкі және сыртқы артқы көрініс айналарының күйін реттеп алыңыз.
- Сыртқы жарық аспаптарының жұмысын тексеріңіз.
- Қауіпсіздік белдігін тағыңыз. Барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін тақтанына көз жеткізіңіз.
- Оталдыру кілтін «ON» (Қосулы) күйіне бұрып, аспаптар панелінің көрсеткіштері мен индикаторларын және аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарларды тексеріңіз.
- Бүкіл жүктің нық орналасып бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Қауіпсіздік белдігін ЫЛҒИ тағу қажет. Автокөлік қозғала бастағанға дейін барлық жолаушылар қауіпсіздік белдіктерін дұрыс тағулары керек. Толығырақ 3-тараудың «Қауіпсіздік белдіктері» бөлімін қараңыз.
- Қозғалыс барысында әрқашан сақ болыңыз. Қозғалыстың басқа қатысушыларының немесе жаяу жүрушілерінің зейіні аздау және қателіктер жіберуі мүмкін деп есептеңіз.
- Автокөлікті жүргізгенде үнемі мұқият болыңыз. Жүргізушінің көңілін алаңдату апаттарға әкелуі мүмкін.
- Алда қозғалып бара жатқан көлік құралдарымен қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көлікті алкогольдік не есірткілік масаю күйінде жүргізуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Көлікті мұндай күйде жүргізу АУЫР ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ себебіне айналуы мүмкін.

Көлік құралын мас күйде басқару жыл сайын жолдарда адам өлімінің басты себебі болады. Алкогольдің аз мөлшері де рефлекстерге, қабылдауға және бағалаудың дәлдігіне әсер етеді. Алкогольдің бір ғана порциясы сіздің өзгеретін жағдайлар мен төтенше жағдайларға жауап беру қабілетіңізді шектеуі мүмкін, ал әрбір келесі порция сайын реакция жылдамдығы төмендейді.

Есірткілік масаю күйінде көлік жүргізу мас күйде жүргізу сияқты, немесе тіпті мас күйде жүргізуге қарағанда неғұрлым қауіпті.

Егер арақ-шарап ішіп, дәрі-дәрмек немесе есірткі қабылдап рульге отырсаңыз, жол-көлік оқиғасының ықтималдығы айтарлықтай артады. Егер сіз арақ-шарап ішіп, не болмаса есірткі немесе әсері күшті дәрі-дәрмектерді қабылдасаңыз, рульге отырмаңыз. Алкоголь немесе есірткі не болмаса әсері күшті дәрі-дәрмектерді қабылдаған жүргізушімен бірге жүрмеңіз. Ішімдік ішпеген жүргізушіні таңдаңыз немесе такси шақырыңыз.

Оталдыру жүйесінің құлпы

⚠ ЕСКЕРТУ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Бұл автокөліктің жұмыс принциптерімен таныс емес балалар мен адамдарға оталдыру жүйесінің құлпына немесе тиісті бөліктерге тиюіне жол бермеңіз. Автокөлік кенеттен орнынан қозғалуы мүмкін.
- Автокөлікті жүргізу кезінде оталдыру жүйесінің құлпына немесе руль арқылы кез келген басқа басқару элементтеріне ешқашан қол тигізбеңіз. Қолыңыз осы аймақта болса автокөлікті басқара алмай, нәтижесінде апат орын алуы мүмкін.

Оталдыру жүйесінің құлпы

Бар болса



[A] «LOCK» (Бұғаттау)
[B] ACC (ҚОСЫМША ҚҰРЫЛҒЫЛАР)
[C] Қосулы.
[D] «START» (Іске қосу)

Егер құлыптағы кілт «ON» (Қосулы) күйінде болмаса, алдыңғы есікті ашқан сайын оталдыру жүйесінің құлпы жанады. Көмескі жарық есікті жапқаннан кейін 30 секундтан соң оталдыру жүйесі қосылғаннан немесе өшірілгеннен кейін бірден сөнеді. (бар болса)

⚠ ЕСКЕРТУ

- Төтенше жағдайларды қоспағанда, автокөлік жүріп бара жатқан кезде оталдыру жүйесінің кілтін ЕШҚАШАН «LOCK» (Бұғаттау) немесе «ACC» (қосымша құрылғыдағы қуат) күйіне бұрмаңыз.

  Бұл қозғалтқыштың тоқтап қалуына және руль мен тежегіш жүйелері күшейткіштерінің өшуіне әкеледі. Бұл қозғалыс бағыты мен тежеу функциясын бақыла алмауға, нәтижесінде апатқа әкелуі мүмкін.
- Жүргізуші орнынан шықпас бұрын, 1-ші беріліс (механикалық трансмиссияда) немесе «P» (Тұрақ) берілісі (автоматты трансмиссияда/қос ілінісі бар трансмиссияда) таңдалғанына көз жеткізіңіз, тұрақ тежегішін қосыңыз және оталдыру жүйесін «LOCK» күйіне келтіріңіз. Егер бұл сақтық шаралары қолданылмаса, көлік күтпеген жерден қозғалып кетуі мүмкін.

Ескертпе

Оталдыру жүйесінің құлпы үшін ешқашан қосымша қаптамаларды пайдаланбаңыз. Бұл байланыс ақауына байланысты қозғалтқышты оталдырған кезде ақауларға әкелуі мүмкін.

Кілті бар оталдыру жүйесі құлпының күйлері

Реттегіш күйі	Әрекет	Ескертпелер
«LOCK» (БЛОКТАУ)	Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» (Бұғаттау) күйіне ауыстыру үшін кілт «ACC» (Қосымша құрылғы) күйінде болғанда басып, оны «LOCK» (Бұғаттау) бағытында бұраңыз. Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйінде ғана шығаруға болады. Руль автокөлікті айдап әкетуден қорғау мақсатында блокталады. (бар болса)	
ACC (ҚОСЫМША ҚҰРЫЛҒЫЛАР)	Кейбір электр жабдықтарын пайдалана беруге болады. Руль блоктан шығарылады.	Егер оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «ACC» (Қосымша құрылғы) күйіне ауыстыру қиын болса, рульді оңға-солға бұру арқылы кілтті бұраңыз, бұл механизмнің жүрісін жеңілдетеді.
ҚОСУЛЫ.	Бұл кілттің қозғалтқыш іске қосылатын қалыпты жұмыс күйі болып табылады. Бұл күйде автокөліктің барлық негізгі және қосалқы жүйелері істейді. Оталдыру жүйесінің кілтін ACC күйінен ON күйіне ауыстырған кезде барлық бақылау шамдарын тексеруге болады.	Қозғалтқыш өшіп тұрғанда, АКБ заряды таусылмас үшін оталдыру жүйесінің кілтін ON күйінде қалдырмаңыз.
«START» (ІСКЕ ҚОСУ)	Қозғалтқышты іске қосу үшін оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «START» (Іске қосу) күйіне бұраңыз. Кілтті жіберсеңіз, құлыптағы кілт «ON» (Қосулы) күйіне қайтарылады.	Қозғалтқыш сіз кілтті жібергенше айналып тұрады.

Қозғалтқышты оталдыру

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті басқару үшін әрқашан тиісті аяқ киім киіңіз. Автокөлікті биік өкшелі туфли, шаңғы аяқ киімін, сандал немесе жағажайлық шәрке және т.с.с. киіп жүргізуге болмайды. Мұндай аяқ киіммен тежегіш, акселератор және ілініс педальдарын басу ыңғайсыз.
- Акселератор педалін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыруға болмайды. Автокөлік қозғала бастауы мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігі қалыпқа келгенше күту керек. Егер қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болғанда тежегіш педалін жіберсеңіз, автокөлік күтпеген жерден жүріп кетуі мүмкін.

Бензиндік қозғалтқышты оталдыру

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік:

1. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Берілістерді ауыстыру тұтқасы «N» (Бейтарап) күйінде болуы керек.
3. Ілініс және тежегіш педальдарын басыңыз.
4. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «START» (Іске қосу) күйіне бұраңыз. Кілтті (көп дегенде 10 секунд) қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз, содан соң жіберіңіз.

Автоматты беріліс қорабымен/қос ілінісі бар беріліс қорабымен жабдықталған автокөлік:

1. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Беріліс тұтқасы «P» (Тұрақ) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Тежегіш педалін басыңыз.
4. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «START» (Іске қосу) күйіне бұраңыз. Кілтті (көп дегенде 10 секунд) қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз, содан соң жіберіңіз.

i Ақпарат

- Автокөлік қозғалмай тұрғанда қозғалтқыштың қызуын күтпеңіз.

  Қозғалтқыштың айналымы төмен болғанда қозғала бастаңыз (жылдамдықты күрт үдетіп, баяулауға болмайды.)
- Автокөлікті оталдырған кезде аяғыңыз тежегіш педалінде болуы керек. Автокөлікті оталдырған кезде акселератор педалін баспаңыз. Қыздыру кезінде қозғалтқыштың өте жоғары жылдамдықта жұмыс істеуіне жол бермеңіз.

Ескертпе

Автокөлік жүйелеріне зақым келтірмеу үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

- Оталдыру жүйесінің кілтін «START» (Іске қосу) күйінде 10 секундтан артық уақыт қалдырмаңыз. Қозғалтқышты оталдыру әрекетін қайталағанға дейін 5-10 секунд күте тұрыңыз.
- Қозғалтқыш істеп тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпын «START» (Іске қосу) күйіне бұруға болмайды. Бұл стартердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Егер жолдағы жағдай мүмкіндік берсе, беріліс тұтқасын автокөлік қозғалысы кезінде «N» (Бейтарап) күйіне ауыстыруға және қозғалтқышты қайта оталдыруға әрекет жасай отырып, оталдыру жүйесінің құлпын «START» (Іске қосу) күйіне ауыстыруға болады.
- Автокөлікті сүйреу не итеру арқылы қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасамаңыз.

Дизель қозғалтқышын оталдыру

Суық дизель қозғалтқышты оталдыру үшін оны оталдырмас бұрын алдын ала қыздырып, қозғалысты бастамас бұрын қайта қыздыру керек.

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік:

1. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Беріліс тұтқасы «P» (Тұрақ) күйінде тұр.
3. Тежегіш педалін басыңыз.
4. Қозғалтқышты алдын ала қыздыру үшін оталдыру жүйесінің құлпын «ON» (Қосулы) күйіне бұраңыз. Қыздыру білтелерінің индикаторы қосылады (ᔓᔓ).
5. Қыздыру білтелерінің индикаторы (ᔓᔓ) сөнген кезде оталдыру жүйесін «START» күйіне ауыстырыңыз. Кілтті (көп дегенде 10 секунд) қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз, содан соң жіберіңіз.

Автоматты трансмиссия/қос ілінісі бар трансмиссиямен жабдықталған автокөлік:

1. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Беріліс тұтқасы «P» (Тұрақ) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Тежегіш педалін басыңыз.
4. Қозғалтқышты алдын ала қыздыру үшін оталдыру жүйесінің құлпын «ON» (Қосулы) күйіне бұраңыз. Қыздыру білтелерінің индикаторы қосылады (ᔓᔓ).
5. Қыздыру білтелерінің индикаторы (ᔓᔓ) сөнген кезде оталдыру жүйесін «START» күйіне ауыстырыңыз. Кілтті (көп дегенде 10 секунд) қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз, содан соң жіберіңіз.

Ескертпе

Егер қозғалтқыш алдын ала қыздыру аяқталғаннан кейін 10 секунд ішінде оталмаса, оталдыру жүйесінің құлпын қайтадан «LOCK» (Бұғаттау) күйіне ауыстырып, 10 секунд күтіңіз. Содан кейін оталдыру жүйесінің құлпын «ON» (Қосулы) күйіне ауыстырып, қозғалтқышты қайтадан алдын ала қыздырыңыз.

Турбоайдағыштың аралық салқындатқышымен жабдықталған модельдердегі қозғалтқышты оталдыру және тоқтату

1. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден үдетпеңіз.

   Егер қозғалтқыш суық болса, турбокомпрессор дұрыс майлануы үшін оны бірнеше секунд бос жүрісте істетіп қойыңыз.
2. Жоғары жылдамдықпен немесе ұзақ уақыт бойы қозғалтқышқа жоғары жүктеме салып жүргеннен кейін қозғалтқышты өшірмес бұрын, оны шамамен 1 минут бос жүрісте істетіп қою керек.

   Бұл турбокомпрессорды қозғалтқыш өшірілгенге дейін салқындату үшін қажет.

Ескертпе

Қозғалтқышты ауыр жүктемемен жұмыс істегеннен кейін бірден тоқтатуға болмайды. Бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалуына және турбоайдағыштың бұғатталуына әкелуі мүмкін.


Ескертпе

Автокөлік жүйелеріне зақым келтірмеу үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

- Оталдыру жүйесінің кілтін «START» (Іске қосу) күйінде 10 секундтан артық уақыт қалдырмаңыз. Қозғалтқышты оталдыру әрекетін қайталағанға дейін 5-10 секунд күте тұрыңыз.
- Қозғалтқыш істеп тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпын «START» (Іске қосу) күйіне бұруға болмайды. Бұл стартердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Егер жолдағы жағдай мүмкіндік берсе, беріліс тұтқасын автокөлік қозғалысы кезінде «N» (Бейтарап) күйіне ауыстыруға және қозғалтқышты қайта оталдыруға әрекет жасай отырып, оталдыру жүйесінің құлпын «START» (Іске қосу) күйіне ауыстыруға болады.
- Автокөлікті сүйреу не итеру арқылы қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасамаңыз.

«Engine Start/Stop» қозғалтқышты оталдыру/тоқтату түймесі

Бар болса



Алдыңғы есікті ашқан кезде «Engine Start/Stop» түймесі жанады. Есік жабылған соң, ол әлі 30 секундтай жанып тұрады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Төтенше жағдайда автокөлікті өшіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

«Engine Start/Stop» түймесін екі секундтан астам уақыт басып тұрыңыз, не болмаса сол түймені үш рет басып жіберіңіз (үш секунд ішінде).

Егер автокөлік тоқтамаса, оны тежегіш педалін баспай қайта оталдыруға болады. Ол үшін беріліс қорабын «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырып, «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Төтенше жағдайларды қоспағанда, автокөлікті жүргізу кезінде ешқашан «Engine Start/Stop» түймесін баспаңыз. Бұл автокөліктің өшуіне және руль мен тежегіш жүйелері күшейткіштерінің өшуіне әкеледі. Бұл қозғалыс бағыты мен тежеу функциясын бақыла алмауға, нәтижесінде апатқа әкелуі мүмкін.
- Жүргізуші орнын босатпас бұрын, «P» (Тұрақ) берілісін қосуды, тұрақ тежегішін қосуды, «Engine Start/Stop» түймесін өшіру күйіне («OFF») ауыстыруды ұмытпаңыз және кетіп бара жатқанда электронды кілтті өзіңізбен бірге алып жүріңіз. Егер бұл сақтық шаралары қолданылмаса, көлік күтпеген жерден қозғалып кетуі мүмкін.
- Автокөлікті жүргізу кезінде ешқашан руль арқылы «Engine Start/Stop» түймесіне немесе басқа басқару элементтеріне қарай тартылмаңыз. Қолыңыз осы аймақта болса автокөлікті басқара алмай, нәтижесінде апат орын алуы мүмкін.

«Engine Start/Stop» түймесінің күйлері — Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

Түйме күйі	Әрекет	Назар аударыңыз
ӨШІРУ	• Қозғалтқышты өшіру үшін автокөлікті тоқтатып, «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз. • Руль автокөлікті айдап әкетуден қорғау мақсатында блокталады. (бар болса)	Егер руль тиісті түрде блокталмаған болса, жүргізушінің есігін ашқанда ескертуші сигнал беріледі.
ACC (ҚОСЫМША ҚҰРЫЛҒЫЛАР)	• Ілініс педалін баспай-ақ, түйме OFF күйінде болғанда қозғалтқышты оталдыру-тоқтату түймесін басыңыз. • Электр жабдықтарын қосу. • Руль блоктан шығарылады.	• Егер «Engine Start/Stop»түймесін «ACC» (Қосымша құрылғылар) күйінде қалдырсаңыз, бір сағаттан кейін аккумулятордың қуаты таусылып қалмас үшін қуат автоматты түрде ажыратылады. • Егер руль дұрыс бұғаттан шығарылмаса, «Engine Start/Stop» түймесі жұмыс істемейді. Қажетті күшті азайту үшін рульді оңға-солға бұру кезінде «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз.
ҚОСУЛЫ.	• Ілініс педалін баспай-ақ, түйме ACC күйінде болғанда қозғалтқышты оталдыру-тоқтату түймесін басыңыз. • Қозғалтқышты оталдырмай тұрып индикаторларды тексеруге болады.	Аккумулятор қуаты таусылмауы үшін қозғалтқыш жұмыс істемесе, «Engine Start/Stop» түймесін қосу күйінде қалдырмаңыз.
«START» (ІСКЕ ҚОСУ)	Қозғалтқышты оталдыру үшін ілініс педалін және тежегіш педалін басыңыз, содан кейін қозғалтқышты оталдыру және тоқтату түймесін басыңыз. Берілістерді ауыстыру тұтқасы «N» (Бейтарап) күйінде болуы керек.	Тежегіш педалін баспай «Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде қозғалтқыш қосылмайды. Бұл жағдайда «Engine Start/Stop» түймесі келесідей ауысады: **OFF (Өшірулі)** > **ACC** > **ON (Қосулы)** > **OFF (Өшірулі)**

«Engine Start/Stop» түймесінің күйлері — Автоматты трансмиссия/қос ілінісі бар трансмиссиямен жабдықталған автокөлік

Түйме күйі	Әрекет	Ескертпелер
ӨШІРУ	Қозғалтқышты өшіру үшін автокөлікті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз. Автокөлік «D» (Алға жылжу) немесе «R» (Артқа жүру) режимінде болғанда «Engine Start/Stop» түймесін бассаңыз, беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылатынына назар аударыңыз. Егер беріліс қорабы «N» (Бейтарап) режимінде болғанда «Engine Start/Stop» түймесі басылып тұрса, ол ACC күйіне (қосымша құрылғыдағы қуат) ауысады. Руль автокөлікті айдап әкетуден қорғау мақсатында блокталады.	Егер руль тиісті түрде блокталмаған болса, жүргізушінің есігін ашқанда ескертуші сигнал беріледі.
ACC (ҚОСЫМША ҚҰРЫЛҒЫЛАР)	Тежегіш педалін баспай-ақ «OFF» (Өшірулі) күйіндегі «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз. Кейбір электр жабдықтары қосылады. Руль блоктан шығарылады.	• Егер «Engine Start/Stop»түймесін «ACC» (Қосымша құрылғылар) күйінде қалдырсаңыз, бір сағаттан кейін аккумулятордың қуаты таусылып қалмас үшін қуат автоматты түрде ажыратылады. • Егер руль дұрыс бұғаттан шығарылмаса, «Engine Start/Stop» түймесі жұмыс істемейді. Рульді оңға-солға бұру кезінде «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз, сонда ол бұғаттан шығарылады.
ҚОСУЛЫ.	Тежегіш педалін баспай-ақ «ACC» күйіндегі «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз. Қозғалтқышты оталдырмай тұрып индикаторларды тексеруге болады.	Аккумулятор қуаты таусылмауы үшін қозғалтқыш жұмыс істемесе, «Engine Start/Stop» түймесін қосу күйінде қалдырмаңыз.

Түйме күйі	Әрекет	Ескертпелер
«START» (ІСКЕ ҚОСУ)	Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін атолық басып, беріліс қорабы «P» (Тұрақ) немесе «N» (Бейтарап) күйінде болған кезде «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қозғалтқышты беріліс қорабы «P» (Тұрақ) күйінде болған кезде оталдырыңыз.	Тежегіш педалін баспай «Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде қозғалтқыш қосылмайды. Бұл жағдайда «Engine Start/Stop» түймесі келесідей жұмыс істейді: **OFF** > **ACC** > **ON** > **OFF немесе ACC**

Қозғалтқышты оталдыру

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті басқару үшін әрқашан тиісті аяқ киім киіңіз. Автокөлікті биік өкшелі туфли, шаңғы аяқ киімін, сандал немесе жағажайлық шәрке және т.с.с. киіп жүргізуге болмайды. Мұндай аяқ киіммен тежегіш пен газ педальдарын басқан ыңғайсыз.
- Акселератор педалін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыруға болмайды.

  Автокөлік қозғала бастауы мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігі қалыпқа келгенше күту керек. Егер қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болғанда тежегіш педалін жіберсеңіз, автокөлік күтпеген жерден жүріп кетуі мүмкін.

i Ақпарат

- «Engine Start/Stop» түймесін басқанда автокөлік электрондық кілт көліктің ішінде болған жағдайда ғана іске қосылады.
- Тіпті егер электрондық кілт автокөлік ішінде, бірақ жүргізушіден алыс болса, қозғалтқыш оталмауы мүмкін.
- Егер «Engine Start/Stop» түймесі «ACC» немесе ON (Қосулы) күйінде болса, кез келген есікті ашқан кезде жүйе электрондық кілттің бар-жоғын тексереді. Салонда электрондық кілт болмаған кезде «🚗» индикаторы жыпылықтайды және «Кілт автокөлікте жоқ» ескертуі жанады. Егер барлық есік жабық болса, дыбыс сигналы шамамен 5 секундқа беріледі. Электрондық кілтті салонда сақтаңыз.


Бензиндік қозғалтқышты оталдыру
Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік:

1. Электрондық кілті әрқашан өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Берілістерді ауыстыру тұтқасы «N» (Бейтарап) күйінде болуы керек.
4. Ілініс және тежегіш педальдарын басыңыз.
5. «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз.

Егер «Engine Start/Stop» түймесін тежегіш педалін баспай-ақ «START» оталдыру күйіне ауыстырсаңыз, қозғалтқыш оталмайды және аспаптар панелінде тиісті көрсеткіш пайда болады (келесі терезеде көрсетілгендей).



Егер берілістерді ауыстыру тұтқасы «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырылмаса, аспаптар панелінде келесі қалқымалы хабарлама пайда болады.



Автоматты беріліс қорабымен/қос ілінісі бар беріліс қорабымен жабдықталған автокөлік:

1. Электрондық кілті әрқашан өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Беріліс тұтқасы «P» (Тұрақ) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
4. Тежегіш педалін басыңыз.
5. «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз.

i Ақпарат

- Автокөлік қозғалмай тұрғанда қозғалтқыштың қызуын күтпеңіз.
  Қозғалтқыштың айналымы төмен болғанда қозғала бастаңыз. Жылдамдықты күрт үдетіп, баяулауға болмайды.
- Автокөлікті оталдырған кезде аяғыңыз тежегіш педалінде болуы керек. Автокөлікті оталдырған кезде акселератор педалін баспаңыз. Қыздыру кезінде қозғалтқыштың өте жоғары жылдамдықта жұмыс істеуіне жол бермеңіз.

Дизель қозғалтқышын оталдыру

Суық дизель қозғалтқышты оталдыру үшін жүрісті бастамас бұрын оны алдын ала қыздыру керек.

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік:


1. Электрондық кілті әрқашан өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Берілістерді ауыстыру тұтқасы бейтарап күйде болуы керек.
4. Ілініс және тежегіш педальдарын басыңыз.
5. «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз.

6. Қозғалтқышты қыздыру индикаторы сөнгенше тежегіш педалін баса беріңіз (ᔓᔓ).
7. Қозғалтқыш қозғалтқышты қыздыру индикаторы сөнгеннен кейін оталады (ᔓᔓ).

Егер «Engine Start/Stop» түймесін тежегіш педалін баспай-ақ «START» оталдыру күйіне ауыстырсаңыз, қозғалтқыш оталмайды және аспаптар панелінде тиісті көрсеткіш пайда болады (келесі терезеде көрсетілгендей).



Егер берілістерді ауыстыру тұтқасы «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырылмаса, аспаптар панелінде келесі қалқымалы хабарлама пайда болады.



Автоматты трансмиссия/қос ілінісі бар трансмиссиямен жабдықталған автокөлік:

1. Электрондық кілті әрқашан өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Беріліс тұтқасы «P» (Тұрақ) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
4. Тежегіш педалін басыңыз.
5. «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз.
6. Қозғалтқышты қыздыру индикаторы сөнгенше тежегіш педалін баса беріңіз (ᔓᔓ).
7. Қозғалтқыш қозғалтқышты қыздыру индикаторы сөнгеннен кейін оталады (ᔓᔓ).

i Ақпарат

Қозғалтқышты алдын ала қыздыру кезінде «Engine Start/Stop» түймесін тағы бір рет бассаңыз, ол оталуы мүмкін.

Аралық салқындатылатын турбокомпрессоры бар қозғалтқышты іске қосу және тоқтату

1. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден үдетпеңіз. Егер қозғалтқыш суық болса, турбокомпрессор дұрыс майлануы үшін оны бірнеше секунд бос жүрісте істетіп қойыңыз.
2. Жоғары жылдамдықпен немесе ұзақ уақыт бойы қозғалтқышқа жоғары жүктеме салып жүргеннен кейін қозғалтқышты өшірмес бұрын, оны шамамен 1 минут бос жүрісте істетіп қою керек. Бұл турбокомпрессорды қозғалтқыш өшірілгенге дейін салқындату үшін қажет.

Ескертпе

Қозғалтқышты ауыр жүктememен жұмыс істегеннен кейін бірден тоқтатуға болмайды. Бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалуына және турбоайдағыштың бұғатталуына әкелуі мүмкін.

Ескертпе

Автокөлік жүйелеріне зақым келтірмеу үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

- Егер қозғалтқыш жүріс барысында сөніп қалса, трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйіне ауыстыруға әрекеттенбеңіз.

  Егер көлік легі мен жол жағдайлары рұқсат етсе, автокөлік жүріп бара жатқанда беріліс қорабын «N» (Бейтарап) режиміне ауыстырыңыз және қозғалтқышты қайта оталдыру үшін «Engine Start/Stop» түймесін басыңыз.
- Автокөлікті сүйреу не итеру арқылы оталдыруға әрекет жасамаңыз.

Ескертпе


Автокөлік жүйелеріне зақым келтірмеу үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

Стоп-сигналдың сақтандырғышы жанып кеткен жағдайды қоспағанда, «Engine Start/Stop» түймесін 10 секундтан артық басып тұрмаңыз.

Егер стоп-сигналдың сақтандырғышы жанып кетсе, сіз қозғалтқышты қалыпты режимде оталдыра алмайсыз. Сақтандырғышты жаңасына ауыстырыңыз. Егер сақтандырғышты ауыстыру мүмкін болмаса, қозғалтқышты «Engine Start/Stop» түймесін 10 секунд басып тұрып оталдыруға болады, бұл кезде ол ACC күйінде болуы керек (қосымша құрылғыдағы қуат).

Қауіпсіздік мақсатында автокөлікті оталдырған кезде әрқашан тежегіш педалін басу керек.

Апаттық оталдыру



Егер электрондық кілттің аккумулятор батареясының заряды таусылса немесе электрондық кілт қалыпты жұмыс істемесе, «Engine Start/Stop» түймесін басып және электрондық кілтті жоғарыда берілген суретте көрсетілген бағытта бұра отырып қозғалтқышты оталдыруға болады.

Қозғалтқышты тоқтату

1.Автокөлікті тоқтатып, тежегіш педалін тірелгенше басыңыз.

2. Беріліс тұтқасы «P» (Тұрақ) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшірулі) күйіне ауыстырып, тұрақ тежегішін қосыңыз.

Қашықтан оталдыру

Бар болса



Автокөлікті электрондық кілттегі Remote Start (қозғалтқышты қашықтан оталдыру) түймесі арқылы оталдыруға болады.

Қозғалтқышты қашықтан оталдыру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Автокөліктен 10 м (32 фут) аспайтын қашықтықта есікті құлыптау түймесін басыңыз.
2. Есіктерді құлыптағаннан кейін 4 секунд ішінде қозғалтқышты қашықтан оталдыру түймесін (REMOTE START)


2 секундтан артық басып тұрыңыз.

3. Қозғалтқыштың қашықтан оталдыру функциясын өшіру үшін қашықтан оталдыру түймесін (REMOTE START) бір рет басыңыз.

- Электрондық кілт автокөліктен 10 м (32 фут) қашықтықта болса, қозғалтқышты қашықтан оталдыру түймесі (REMOTE START) жұмыс істемеуі мүмкін.
- Капот немесе жүксалғыш қақпағы ашық болса, автокөлік қашықтан оталмайды.
- Қашықтан оталдыру функциясын қосу үшін «P» (Тұрақ) берілісі таңдалуы керек.
- Егер тіркелген электрондық кілтсіз автокөлікке отырсаңыз, қозғалтқыш өшеді.
- Егер сіз қашықтан оталдырғаннан кейін 10 минут ішінде автокөлікке отырмасаңыз, қозғалтқыш өшеді.
- Қозғалтқыш ұзақ уақыт бос жүрісте жұмыс істемеуі керек.

Механикалық трансмиссия

Бар болса



Механикалық трансмиссия жұмысы

Механикалық беріліс қорабының 6 алдыңғы берілісі бар. Қораптағы барлық алдыңғы беріліс толығымен синхрондалған, сондықтан жоғары немесе төмен берілістерге ауысу оңай.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жүргізуші орнынан шықпас бұрын, егер автокөлік өрде тұраққа қойылса, берілістерді ауыстыру тұтқасын міндетті түрде 1-ші беріліске немесе егер автокөлік еңістe тұраққа қойылса, «R» артқа жүру берілісіне орнатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз және оталдыру жүйесін «LOCK/OFF» күйіне ауыстырыңыз. Егер бұл сақтық шаралары қолданылмаса, көлік күтпеген жерден қозғалып кетуі мүмкін.
- Көлбеу жерде тұраққа қойған кезде автокөлік теңселмеуі үшін оның дөңгелектерін құлыптаңыз.

«R» артқа жүру берілісін қосу үшін автокөлік толық тоқтауы қажет. Осыдан кейін берілістерді ауыстыру тұтқасын алдымен бейтарап күйге, содан кейін ғана «R» күйіне (артқа жүру) аударыңыз. Егер автокөлік толығымен тоқтап қалса, бірақ тұтқаны 1-ші беріліске немесе «R» артқа жүру берілісіне ауыстыру қиын болса, мына қадамдарды орындаңыз.

1. Берілістерді ауыстыру тұтқасын бейтарап күйге келтіріп, ілініс педалін басыңыз.
2. Ілініс педалін тірелгенше басыңыз, содан кейін бірінші берілісті немесе артқа жүру берілісін (R) қосыңыз.

i Ақпарат

Суық мезгілде беріліс қорабындағы май қызғанша берілістерді ауыстыру қиынға соғуы мүмкін.

Іліністі қолдану

Бар болса

Ілініс педалін еденге дейін толығымен басу керек:

- Қозғалтқышты оталдыру

  Ілініс педалі басылмаса, қозғалтқыш оталмайды.
- Берілістерді ауыстыру

  Қозғалтқышты оталдыру үшін газ педалін басып, ілініс педалін баяу жіберіңіз.

Ілініс педалін баяу жіберу керек. Қозғалыс кезінде ілініс педалі әрқашан жіберу керек.

Ескертпе

Іліністің шамадан тыс тозбай, зақымданбауы үшін:

- Қозғалыс барысында аяқты ілінісу педальдарында ұстамаңыз.
- Бағдаршамның рұқсат беру сигналын және т. б. күту кезінде іліністің көмегімен автокөлікті еңісте ұстап тұруға әрекеттенбеңіз.
- Шу шықпай, ілініс зақымдалмауы үшін әрқашан ілініс педалін соңына дейін басыңыз.
- Тайғақ жолда жол жүре бастаған жағдайларды қоспағанда, автокөлікті 2-ші (екінші) жылдамдықта оталдырмаңыз.
- Еңісте көтерілгенде, ілініс педалін басып тұрыңыз және оны жібергеннен кейін педальді қайта баспаңыз. Педальді бастапқы қалпына келтірмес бұрын оны бірнеше рет басу ілініс жүйесінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Автокөліктің максималды сыйымдылығынан асатын жүк тиелген автокөліктің руліне отырмаңыз.
- Ілініс педалін қозғалтқыш толығымен оталғанша тірелгенше басыңыз. Ілініс педалін ертерек босатсаңыз, қозғалтқыш тоқтап қалуы мүмкін.

Берілісті төмендету

Қозғалтқышқа ауыр жүктеме салмау үшін баяу лекпен жүргенде немесе тік еңіспен жоғары қозғалған кезде төменірек беріліске ауысыңыз.

Төменірек берілісте қозғалған кезде қозғалтқыштың тоқтап қалу ықтималдығы аз болады. Сонымен қатар, қажет болған кезде жылдамдықты арттыру оңайырақ болады.

Еңіспен төмен қарай жүрген кезде төменірек берілісті қосу қозғалтқышпен тежеу арқылы қауіпсіз жылдамдықты сақтауға мүмкіндік береді, нәтижесінде тежегіштер аз тозады.

Ескертпе

Қозғалтқышқа, ілініске және беріліс қорабына зақым келтірмеу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

- Бесінші берілістен төртіншіге ауысқан кезде, берілістерді ауыстыру тұтқасын кездейсоқ бүйір жаққа жылжытпағаныңызға және екінші берілісті қоспағаныңызға көз жеткізіңіз. Берілістің күрт төмендеуімен қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі тахометрдің қызыл аймағына дейін көтерілуі мүмкін.
- Берілісті бірден екі сатыдан артық төмендетуге болмайды және оны қозғалтқыштың жоғары жылдамдығында (5000 айн/мин және одан жоғары) жасауға болмайды. Берілістің төмендеуі қозғалтқышты, іліністі және беріліс қорабын зақымдауы мүмкін.

Қауіпсіз жүргізу амалдары

- Төмен түспес бұрын автокөлікте берілісті өшірмеңіз: автокөлік инерциямен төмен түспеуі керек. Бұл өте қауіпті.
- Қозғалыс кезінде аяғыңызды тежегіш педалінде ұстамаңыз. Бұл тежегіштер мен онымен байланысты жүйелердің қызып кетуіне және істен шығуына әкелуі мүмкін.

Төмен қарай ұзақ жүргенде баяулаңыз және төменірек беріліске ауысыңыз. Автокөлік қозғалтқышпен тежеу арқылы баяулайды.

- Берілісті төмендетпес бұрын баяулау керек. Бұл зақым келтіруі мүмкін иінді біліктің айналу жиілігінің күрт ырғымауына көмектеседі.
- Қозғалыс кезінде бүйірлік жел соққанда, жылдамдықты баяулатыңыз. Бұл автокөлікті жақсырақ басқаруға мүмкіндік береді.
- Трансмиссияға зақым келтірмеу үшін артқа жүру берілісін («R» күйі) қоспас бұрын автокөлікті толығымен тоқтатыңыз.
- Тайғақ жермен жүрген кезде өте сақ болыңыз. Тежеу, үдеу немесе берілістерді ауыстыру кезінде де ерекше сақ болу керек. Автокөлік тайғақ жолмен жүрген кезде жылдамдықты күрт өзгерту жетекші дөңгелектердің жолмен ілінісін жоғалтып, автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін, бұл апаттың себебіне айналуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тайғақ жолда қозғалтқышпен күрт тежемеңіз (жоғары берілістен төмен беріліске ауысу). Автокөлік тайғанап, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- Қауіпсіздік белдігін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ тағыңыз. Соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белдігін тақпаған адам жарақат алу немесе өліп кету қаупіне көбірек ұшырайды.
- Жоғары жылдамдықпен бұрылыстар жасамаған жөн.
- Қозғалыс жолағын өзгерткен кезде немесе шұғыл, қауіпті айналымдарда рульді күрт айналдырмаңыз.
- Автомагистральдарда көлікті басқара алмай қалғанда аударылу қаупі тым жоғары болады.
- Екі не одан да көп дөңгелек жолдан шығып кеткен кезде, жүргізуші жолға оралу үшін рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда көлікті басқара алмай қаласыз.
- Егер автокөлік жол төсемінен шығып кетсе, рульді тым қатты бұрмаған жөн. Оның орнына жылдамдықты төмендетіп, содан кейін қозғалыс жолағына оралуыңыз керек.
- HYUNDAI жылдамдық шектеуін көрсететін жол белгілерін ұстануға кеңес береді.

i Ақпарат

Берілісті төмендету механизмі (бар болса)

Төмен берілісті қосу механизмімен жабдықталған акселератор педалін басқан кезде қозғалтқыштың қуаты артады. Сіз төмен беріліс механизмінің іске қосылғанын сезіп, дыбысты ести аласыз. Бұл қалыпты жағдай.

Автоматтық трансмиссия


Бар болса

Автоматты трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыру тұтқасымен жабдықталған)


Автоматты трансмиссияда алты (немесе сегіз) алға жүру және бір артқа жүру берілісі бар.

Жеке жылдамдықтар автоматты түрде «D» күйінде (алға жылжу) таңдалады.

Берілістерді ауыстыру тұтқасы бар — сол жақ руль



Берілістерді ауыстыру тұтқасы бар — оң жақ руль



[A] Берілістерді ауыстыру тұтқасы
[B] Берілістерді ауыстырудың құлпын ашу түймесі
[C] Берілістерді қолмен ауыстыру режимі

: Тежегіш педалін тірелгенше басыңыз, берілістерді ауыстырудың құлпын ашуды өшіру түймесін басып, тұтқаны жылжытыңыз.

: Берілістерді ауыстырудың құлпын ашуды өшіру түймесін басып, тұтқаны жылжытыңыз.

: Берілістерді ауыстыру тұтқасын қосымша қадамдарсыз жылжытуға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- «D» (алға жүру) немесе «R» (артқа жүру) берілісін қоспас бұрын автокөліктің алдында немесе артында адамдар, әсіресе балалар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жүргізуші орнынан шықпас бұрын, берілістерді ауыстыру тұтқасының «P» (Тұрақ) күйінде екенін тексеріңіз; содан кейін тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/Өшіру) күйіне ауыстырыңыз. Егер бұл сақтық шаралары қолданылмаса, автокөлік кенеттен қозғалып кетуі мүмкін.
- Кенеттен немесе тайғақ жолда қозғалтқышпен күрт тежемеңіз (жоғары берілістен төмен беріліске ауысу). Автокөлік тайғанап, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Берілістерді ауыстыру диапазондары

Аспаптар панеліндегі индикаторлар оталдыру жүйесі қосулы кезде («ON») берілістерді ауыстыру тұтқасының күйін көрсетеді.

«P» (Тұрақ)

«P» (Тұрақ) режиміне әрқашан автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана ауысу керек.

Берілістерді ауыстыру тұтқасы қозғалтқышты өшірмес бұрын «P» (Тұрақ) күйінде болуы керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс барысында «P» (Тұрақ) күйіне ауысу автокөлікті басқару мүмкіндігінен айыруы мүмкін.
- Автокөлікті тоқтатқаннан кейін берілістерді ауыстыру тұтқасын «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, тұрақ тежегішін іске қосып, қозғалтқышты өшіріңіз.
- Тұрақ тежегішінің орнына трансмиссияның «P» (Тұрақ) күйін қолдануға болмайды.

«R» (артқа жүру)

Берілістерді ауыстыру тұтқасының бұл күйі автокөлікті артқа жүргізу үшін қолданылады.

Ескертпе

Берілісті «R» (артқа жүру) күйіне ауыстырар алдында немесе одан шықпас бұрын автокөлікті толығымен тоқтатыңыз. Автокөлік қозғалып бара жатқанда «R» (артқа жүру) күйіне ауысқанда трансмиссия зақымдалуы мүмкін.

«N» (Бейтарап)

Дөңгелектер мен трансмиссия ажыратылған.

Өшіп қалған қозғалтқышты қайта оталдыру қажет болғанда немесе қозғалтқыш қосулы тұрғанда тоқтау қажет болғанда «N» (Бейтарап) күйін пайдаланыңыз. Кез келген себептермен автокөліктен шығу үшін «P» (Тұрақ) берілісін таңдаңыз.

«N» (Бейтарап) күйінен кез келген басқа күйге ауысқан кезде міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тежегіш педалін аяқпен басқанда ғана берілістерді ауыстырыңыз. Қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болғанда берілістерді ауыстырған кезде автокөлік жылдамдықты күрт арттыруы мүмкін. Автокөлікті басқа алмай, адамдарға немесе заттарға соғылуыңыз мүмкін.

«D» (Алға жүру)

Бұл алға қарай қалыпты қозғалу күйі. Трансмиссия автоматты түрде оңтайлы беріліске ауысады, бұл отын үнемдеуге және тегіс қозғалысқа мүмкіндік береді.

Басқа көлікті басып озу кезінде немесе өрге көтерілу кезінде қуатты арттыру үшін трансмиссия төмен беріліске ауысуы үшін акселератор педалін қаттырақ басыңыз.

Берілістерді ауыстыру тұтқасы бар консольдегі «DRIVE MODE» берілістерді ауыстыру тұтқасының көмегімен жүргізуші NORMAL» (Стандартты), «ECO» (Үнемді) и «SPORT» (Спорттық) режимдері арасында ауыса алады.

Қосымша ақпарат алу үшін осы тараудың «Интеграцияланған жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD) Интеграцияланған жүру режимін басқару жүйесі (4WD)» бөлімін қараңыз.

Берілістерді қолмен ауыстыру режимі



[A] Берілісті бір сатыға көтеру үшін тұтқаны бір рет алға қарай итеріңіз.

[B] Берілісті бір сатыға төмендету үшін тұтқаны бір рет артқа қарай итеріңіз.

Автокөлік тұрса да, жүріп келе жатса да, қолмен басқарылатын режимді беріліс тұтқасын «D» (Алға жылжу) күйінен қолмен басқарылатын ұяға жылжыту арқылы таңдауға болады. Беріліс тұтқасын «D» (Алға жылжу) күйіне қайтару үшін оны қайтадан негізгі ұяға жылжытыңыз.

Қолмен басқарылатын режимде берілістерді ауыстыру тұтқасын артқа және алға жылжыту берілген жағдайларда қажетті беріліс ауқымын таңдауға мүмкіндік береді.

i Ақпарат

- Берілістерді қолмен ауыстыру режимінде алға жылжу үшін тек алты (немесе сегіз) жылдамдық қолжетімді. Артқа жүру немесе автокөлікті тұраққа қою үшін берілістерді ауыстыру тұтқасын сәйкесінше «R» (Артқа жүру) немесе «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
- Беріліс автокөлік жылдамдығы баяулаған кезде автоматты түрде төмендейді. Автокөлік тоқтаған кезде бірінші беріліс автоматты түрде таңдалады.
- Қозғалтқыштың айналу мәні қызыл аймаққа жеткенде, трансмиссия автоматты түрде жоғары берілісқе ауысады.

Автокөлік сөніп тұрған кезде «N» (Бейтарап) режимінде қалай қалуға болады

Қозғалтқыш өшірілгеннен кейін «N» (Бейтарап) режимінде қалу қажет болса («ACC» режимінде (қосымша құрылғыдағы қуат)) төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

1. Оталдыру жүйесі қосулы кезде («ON») берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
2. Тежегіш педалін басып, тұрақ тежегішін жіберіп, қозғалтқышты өшіріңіз.
   - Егер «Auto Hold» автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы қолданылса, қозғалтқышты өшірмес бұрын «Auto Hold» функциясын өшіріңіз.
3. Тежегіш педалін басып тұрып, «N» (Бейтарап) берілісін орнатыңыз.
   - Беріліс «N» (Бейтарап) күйіне ауысады.
   - Берілісті қозғалтқыш өшірілгеннен кейін 3 минут ішінде «N» (Бейтарап) және «P» (Тұрақ) күйлері арасында ауыстыруға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті тұраққа қою кезінде қауіпсіздік үшін әрқашан «P» (Тұрақ) берілісін қосыңыз және тұрақ тежегішін орнатыңыз.
- Автокөлікті «N» (Бейтарап) берілісінде тек тегіс жерге тұраққа қойыңыз. Автокөліктің еңісте ерікті түрде жылжуы ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.

Берілісті ауыстыруды блоктау жүйесі

Қауіпсіздік мақсатында автоматты трансмиссия тежегіш педалі басылмаса «P» (Тұрақ) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауысуға жол бермейтін берілісті ауыстыруды блоктау жүйесімен жабдықталған.

Берілістерді ауыстыру тұтқасын «P» (Тұрақ) күйінен күйінен «R» (Артқа жүру) күйіне ауыстыру үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Қозғалтқышты қосыңыз немесе оталдыру жүйесінің кілтін «ON» күйіне келтіріңіз.
3. Беріліс тұтқасын ауыстырыңыз.


Аккумулятор қуатының таусылса

- Қуаты таусылған аккумуляторды сыртқы көзден іске қосқаннан кейін «N» (Бейтарап) күйін қосыңыз.

  Аккумулятордың қуаты таусылса, берілістерді ауыстыра алмайсыз. Төтенше жағдайда «N» (Бейтарап) берілісін тегіс бетте қосу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

  1. Басқа автокөліктің аккумулятор батареясының немесе басқа аккумулятор батареясының сымдарын көлігіңіздің мотор бөлігінің ішінде орналасқан сыртқы қуат көзінен оталдыру шығыстарына қосыңыз. Толығырақ 8-бөлімінің «Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру» тарауында берілген.
  2. Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда тұрақ тежегішін орнатыңыз.
  3. «N» (Бейтарап) берілісін қосыңыз.

- Сыртқы көздің қуаты таусылған аккумуляторын оталдыруда қиындықтар туындаған кезде «N» (Бейтарап) күйін қосыңыз.



2C_ShiftButton Overview_3

1. Консольден шығару үшін берілістерді ауыстыру тұтқасындағы қаптаманы көтеріңіз.
2. Тұтқаның артқы жағындағы (1) түймесін басып тұрып, «N» (Бейтарап) күйіне ауысыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Берілістерді ауыстыру тұтқасының қақпағын көтерген кезде қақпақты зақымдап алмаңыз.

Егер төменде сипатталған белгілер болса, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеруге кеңес береміз.

- Егер берілістерді ауыстыру құлпы жұмыс істемесе
- Егер тежегіш педалі басылып қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде де «P» (Тұрақ) күйінен «R» (Артқа жүру) күйіне ауыспаса.


Автоматты трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа)

Автоматты трансмиссияда алты (немесе сегіз) алға жүру және бір артқа жүру берілісі бар.

Жеке жылдамдықтар автоматты түрде «D» күйінде (алға жылжу) таңдалады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер автокөлік сыртта тұрса және ауа температурасы жоғары болса, берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа немесе салон элементтері жоғары температураға дейін қызуы мүмкін. Егер ауа температурасы жоғары болса, автокөлікті пайдаланған кезде сақтық шараларын қолданыңыз.



[A] Берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа
[B] «P» (Тұрақ) түймесі

Берілістерді ауыстыру тұтқасын айналдырғанда немесе «P» (Тұрақ) берілісін қосқанда, тежегіш педалін басыңыз.

«Engine Start/Stop» түймесі қосылу («ON») күйінде болғанда, таңдалған беріліс аспаптар панелінде индикатор ретінде көрсетіледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- «D» (алға жүру) немесе «R» (артқа жүру) берілісін қоспас бұрын автокөліктің алдында немесе артында адамдар, әсіресе балалар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жүргізуші орнын босатпас бұрын, «P» (Тұрақ) берілісін қосуды, тұрақ тежегішін қосуды, «Engine Start/Stop» түймесін өшіру күйіне («OFF») ауыстыруды ұмытпаңыз. Егер бұл сақтық шаралары қолданылмаса, автокөлік кенеттен қозғалып кетуі мүмкін.
- Тайғақ жолдарда руль астындағы ауыстырып қосқышты (қолмен ауыстыру режимінде) пайдаланған кезде қозғалтқышпен жылдам тежеуге болмайды (жоғары берілістен төменге ауысу). Автокөлік тайғанап, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Берілістерді ауыстыру диапазондары

«P» (Тұрақ)

«P» (Тұрақ) режиміне әрқашан автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана ауысу керек.





«P» (Тұрақ) күйіне ауысу үшін тежегіш педалі басылған кезде «P» түймесін басыңыз.

Егер сіз қозғалтқышты «R» (Артқа жүру), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Артқа жүру) күйінде өшірсеңіз, беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс барысында «P» (Тұрақ) күйіне ауысу автокөлікті басқару мүмкіндігінен айыруы мүмкін.
- Автокөлікті тоқтатқаннан кейін оны міндетті түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, тұрақ тежегішін іске қосып, қозғалтқышты өшіріңіз.
- Еңіс жерде тұраққа қойған кезде трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, автокөлік төмен қарай сырғып кетпеуі үшін тұрақ тежегішін қолданыңыз.

Берілістерді «P» (Тұрақ) күйіне автоматты түрде ауыстыру


Қауіпсіздік мақсатында беріліс төменде көрсетілген жағдайларда автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.

- Егер қозғалтқыш «R» (Артқа жүру), «D» (Алға жүру) немесе «N» (Бейтарап) режимінде өшірілсе.
- Егер қозғалтқыш қосулы болса, жүргізуші есігі ашық, «R» (Артқа жүру), «D» (Алға жүру) немесе «N» (Бейтарап) берілісі қосулы және автокөлік орнында тұрса.
- Егер жүргізуші есігі ашық болса, «N» (Бейтарап) берілісі қосулы және автокөлік өшірулі болса.

Егер беріліс «P» (Тұрақ) күйінде болуы керек болса, әрқашан берілістің «P» (Тұрақ) күйіне ауысқанына көз жеткізіңіз, оны аспаптар панелінде тексеріңіз.

«R» (артқа жүру)

Бұл күйді автокөлік артқа жүрген кезде пайдаланыңыз.



«R» (Артқа жүру) берілісін қосу үшін тежегіш педалін басып, берілістерді ауыстыру тұтқасын «R» (Артқа жүру) күйіне бұраңыз.

Егер сіз автокөлікті «R» (Артқа жүру) берілісінде тоқтатсаңыз және жүргізуші есігін ашсаңыз, «P» (Тұрақ) берілісі автоматты түрде қосылады.


Алайда, егер автокөлік қозғалып бара жатса, автоматты трансмиссия зақымдалмауы үшін берілісті автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстыру мүмкін емес.

Ескертпе

Берілісті «R» (Артқа жүру) күйіне немесе осы күйден ауыстырмас бұрын, автокөлікті толығымен тоқтату керек, өйткені автокөлік қозғалып бара жатқанда «R» (Артқа жүру) күйіне ауысқанда, трансмиссия зақымдалуы мүмкін.

«N» (Бейтарап)

Дөңгелектер мен трансмиссия ажыратылған.



«N» (Бейтарап) берілісін қосу үшін тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз және берілістерді ауыстыру тұтқасын «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйінен «N» (Бейтарап) күйіне бұраңыз.

«N» (Бейтарап) күйінен кез келген басқа күйге ауысқан кезде міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз.

Егер сіз қозғалтқышты «N» (Бейтарап) режимінде өшірсеңіз, беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.

Алайда, егер қозғалтқышы өшірілген автокөлікті «N» (Бейтарап) режимінде қалдыру қажет болса, «Автокөлік сөніп тұрған кезде «N» (Бейтарап) режимінде қалай қалуға болады» бөлімін қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


Егер беріліс «N» (Бейтарап) күйіне ауысса, қозғалтқышты іске қосуға болады. Дегенмен, қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылған беріліспен оталдыру керек.

«D» (Алға жүру)

Бұл алға қарай қалыпты қозғалу күйі.

Трансмиссия оңтайлы отын шығыны мен қуатын қамтамасыз етіп, 6 (немесе 8) берілістің бірін автоматты түрде таңдайды.

Басқа көлікті басып озу кезінде немесе өрге көтерілу кезінде қуатты арттыру үшін трансмиссия төмен беріліске ауысуы үшін акселератор педалін қаттырақ басыңыз.



«D» (Алға жүру) берілісін қосу үшін тежегіш педалін басып тұрып, берілістерді ауыстыру тұтқасын «D» (Алға жүру) күйіне бұраңыз.

Автокөлік «D» (Алға жүру) берілісінде тоқтағанда жүргізушінің есігі ашылған кезде (қауіпсіздік белдігі тағылмаған) беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.

Алайда, егер автокөлік қозғалып бара жатса, автоматты трансмиссия зақымдалмауы үшін берілісті автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстыру мүмкін емес.

Ескертпе


«D» (Алға жүру) күйіне ауыспас бұрын әрқашан автокөлікті толығымен тоқтатыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіпті «D» (Алға жүру) берілісімен тоқтатқаннан кейін тік өрде жүре бастағанда егер акселератор немесе тежегіш педалін баспасаңыз, автокөлік артқа қарай сырғып кетуі мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін.

Автокөлік сөніп тұрған кезде «N» (Бейтарап) режимінде қалай қалуға болады





Қозғалтқыш өшірілгеннен кейін «N» (Бейтарап) режимінде қалу қажет болса («ACC» режимінде (қосымша құрылғыдағы қуат)) төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

1. «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) және қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде электронды тұрақ тежегішін жіберіңіз.

2. Тежегіш педалін басқан кезде берілістерді ауыстыру тұтқасын «N» (Бейтарап) күйіне бұраңыз.
3. Егер аяғыңызды тежегіш педалінен алып тастасаңыз, аспаптар панелінің дисплейінде «Бейтарап берілісте қалу үшін рульдегі OK түймесін басып, ұстап тұрыңыз» деген хабарлама пайда болады.
4. Рульдегі «OK» түймесін басып, 1 секундтан артық ұстап тұрыңыз.
5. Аспаптар панелінің дисплейінде «Автрокөлік «N» (Бейтарап) күйінде қалады. Бас тарту үшін берілісті ауыстырыңыз» хабарламасы пайда болғанда, тежегіш педалін басып тұрып, автокөлікті өшіріңіз.

   Бас тарту үшін «P» (Тұрақ), «D» (Алға жүру) немесе «R» (Артқа жүру) берілістерін қосыңыз. Әйтпесе, автокөлікті өшіргеннен кейін «N» (Бейтарап) берілісі қосулы қалады.

   Сонымен қатар, егер сіз жүргізуші есігін ашсаңыз, беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауысады, ал «Engine Start/Stop» түймесі «OFF» (Өшірулі) күйіне ауысады.

Ескертпе

Беріліс «N» (Бейтарап) күйінде болғанда «Engine Start/Stop» түймесі «ACC» (қосымша құрылғыдағы қуат) күйінде болады. «ACC» (қосымша құрылғыдағы қуат) күйінде есіктерді құлыптау мүмкін емес. Аккумулятор ұзақ уақыт бойы «ACC» (қосымша құрылғыдағы қуат) күйінде қалса, заряды таусылуы мүмкін.

Аккумулятор қуатының таусылса

Аккумулятордың қуаты таусылса, берілістерді ауыстыра алмайсыз.

Төтенше жағдайда трансмиссияны тегіс бетте «N» (Бейтарап) режиміне ауыстыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Басқа автокөліктің аккумулятор батареясының немесе басқа аккумулятор батареясының сымдарын көліктің мотор бөлігінің ішінде орналасқан сыртқы қуат көзінен оталдыру шығыстарына қосыңыз. Толығырақ 8-бөлімінің «Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру» тарауында берілген.
2. «Engine Start/Stop» түймесі «ON» күйіне қосылып тұрғанда электронды тұрақ тежегішін жіберіңіз.
3. «N» (Бейтарап) берілісін қосыңыз. Осы тараудағы «Автокөлік сөніп тұрған кезде «N» (Бейтарап) режимінде қалай қалуға болады» бөлімін қараңыз.

i Ақпарат

Автокөлік өшіп тұрғанда берілісті «P» (Тұрақ) күйінен «N» (Бейтарап) күйіне ауыстыру қажет болған жағдайда әрекет ету тәртібі осы тараудың «Автокөлік сөніп тұрған кезде «N» (Бейтарап) режимінде қалай қалуға болады» бөлімін қараңыз.

Берілісті ауыстыруды блоктау жүйесі


Қауіпсіздік мақсатында автоматты трансмиссия тежегіш педалі басылмаса «P» (Тұрақ) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауысуға жол бермейтін берілісті ауыстыруды блоктау жүйесімен жабдықталған.

«P» (Тұрақ) немесе «N» (Бейтарап) күйінен «R» (Артқа жүру) күйіне ауысу үшін:

1. Тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Тежегіш педалі басылған кезде режимді ауыстырыңыз.

Аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарламалар

Берілісті ауыстыру үшін тежегішті басыңыз.



Бұл хабарлама берілістерді ауыстыру кезінде тежегіш педалі басылмаса пайда болады.

Тежегіш педалін басыңыз, содан кейін берілісті ауыстырыңыз.

Тоқтағаннан кейін «P» (Тұрақ) күйіне ауысыңыз



Бұл хабарлама автокөліктің қозғалысы кезінде беріліс «P» (Тұрақ) күйіне ауысқан кезде пайда болады.

«P» (Тұрақ) күйіне ауыспас бұрын автокөлікті тоқтату керек.


Берілістерді ауыстыру жүйесінің қатесі



Бұл хабарлама трансмиссия немесе берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа «P» (Тұрақ) күйінде дұрыс жұмыс істемесе пайда болады.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Берілістерді басқаруды тексеру



Бұл хабарлама егер берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа ақаулы болса көрсетіледі.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.


«P» (Тұрақ) түймесін тексеріңіз



Бұл хабарлама «P» (Тұрақ) режимінің түймесімен байланысты проблема туындаса пайда болады.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.


Берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа кептеліп қалды



Бұл хабарлама берілістерді ауыстыру тұтқасы бұрылғаннан кейін қалыпты күйге оралмаған кезде көрсетіледі.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Автокөлік «N» (Бейтарап) күйінде қалады. Бас тарту үшін басқа берілісті таңдаңыз



Бұл хабарлама аспаптар панелінің дисплейінде «Бейтарап берілісте қалу үшін рульдегі OK түймесін басып, ұстап тұрыңыз» хабары пайда болғаннан кейін рульдегі «OK» түймесін бассаңыз көрсетіледі. Қозғалтқыш өшірілгеннен кейін автокөлік «N» (Бейтарап) режимінде қалады.

Трансмитссияның қызып кетуі туралы ескерту


Трансмиссия қызып кетті Қозғалтқыш істеп тұрған кезде көлікті тұраққа қойыңыз



Жылдамдықты бірнеше рет күрт үдету және орнынан жұлқынып қозғалу трансмиссияның қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Трансмиссия қызып кеткен жағдайда, өзін-өзі қорғау режимі жүргізушіге дыбыстық ескерту жасайды.

Қауіпсіз жерде берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты өшірмей автокөлікті тоқтатыңыз. Трансмиссия жеткілікті салқындағанша күтіңіз.


Трансмиссияның жоғары температурасына байланысты автокөліктің қуаты шектеулі



Егер сіз қызып кеткен трансмиссиямен жүре берсеңіз және өзін-өзі қорғау режимі автокөліктің қуатын шектесе, бұл хабарлама көрсетіледі.

- Қауіпсіз жерде берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты өшірмей автокөлікті тоқтатыңыз. Трансмиссия жеткілікті салқындағанша күтіңіз.
- Егер көрсетілген хабарлама жойылмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.


Трансмиссия салқындады, қозғалысты жалғастыра аласыз



Бұл хабарлама автокөлікті қауіпсіз жүргізуге болатындығы туралы хабарлайды.

Руль астындағы ауыстырып қосқыш (қолмен басқарылатын ауыстырып қосу режимінде)

Бар болса



«D» (Алға жүру) берілісі немесе берілістерді қолмен ауыстыру режимі таңдалса, руль астындағы жылдамдықтарды ауыстырып қосқыштарды пайдалануға болады.

Руль астындағы жылдамдықтарды ауыстырып қосқыштар автокөліктің жылдамдығы төмен болғанда жұмыс істемейді.

Руль астындағы берілістерді ауыстырып қосқышты бір беріліске жоғары немесе төмен ауысу үшін [+] немесе [-] бір рет тартыңыз, сонда жүйе автоматты ауыстыру режимінен қолмен ауыстыру режиміне автоматты түрде ауысады.

Берілістерді қолмен ауыстыру режимінен автоматты ауыстыру режиміне оралу үшін төмендегі қадамдардың бірін орындаңыз.

- Руль астындағы ауыстырып қосқышты [+] бір секундтан артық тартыңыз.
- Берілістерді ауыстыру тұтқасын «D» (Алға жүру) күйінен қол режимінің ұясына ауыстырыңыз, содан кейін қайтадан «D» күйіне оралыңыз. Берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқасы бар автокөліктерде тұтқаны «D» күйіне бұраңыз.

Сонымен қатар, автокөлік төмендегі жағдайлардың кез келгенінде берілістерді қолмен ауыстыру режимінен берілістерді автоматты ауыстыру режиміне ауысады.

- Егер қозғалыс кезінде акселератор педалін 6 секундтан артық ақырын бассаңыз. («SPORT» режимін таңдағанда, қол режимі жүргізу режимі ретінде сақталады.)
- Автокөлік тоқтаған кезде.

Берілістерді ауыстыру тұтқасы қол режимінде болғанда

Бір беріліске жоғары немесе төмен ауысу үшін «+» немесе «-» ауыстырып қосқышын бір рет жылжытыңыз.

i Ақпарат

[+] және [-] руль астындағы берілістерді ауыстырып қосқыштарды бір уақытта тартқанда ауысу орындалмайды.

Тұраққа қою

Автокөліктің толық тоқтауын күтіңіз және тежегіш педалін жібермеңіз.

«P» (Тұрақ) берілісін қосып, тұрақ тежегішін орнатып, «Engine Start/Stop» түймесін өшіру күйіне («OFF») ауыстырыңыз. Автокөліктен шыққан кезде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқышы қосулы автокөлікте болған кезде акселератор педалін тым ұзақ баспаңыз. Қозғалтқыш немесе пайдаланылған газдарды шығару жүйесі қызып кетіп, тұтануы мүмкін.
- Пайдаланылған газдар мен пайдаланылған газдарды шығару жүйесі өте ыстық. Бұл жүйенің элементтеріне қол тигізбеңіз.
- Автокөлікті тұтанып кетуі мүмкін, мысалы құрғақ шөп, қағаз не жапырақ сияқты заттар жатқан жерде тоқтатуға және тұраққа қоюға тыйым салынады. Бұның салдарынан өрт шығуы мүмкін.

Қауіпсіз жүргізу амалдары

- Акселератор педалін баса отырып трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйіне немесе «N» (Бейтарап) кез келген басқа режимге ауыстырмаңыз.
- Қозғалыс кезінде трансмиссияны «P» (Тұрақ) режиміне ауыстырмаңыз.

  «R»(Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) берілісін қоспас бұрын, автокөліктің толығымен тоқтағанын күтіңіз.
- Қозғалыс кезінде берілісті «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырмаңыз. Егер қозғалыс кезінде берілісті «N» (Бейтарап) режиміне ауыстырсаңыз, автокөлік қозғалтқышпен тежеу қабілетін жоғалтады. Бұл жол-көлік оқиғасы қаупін арттыруы мүмкін.

  Сонымен қатар, қозғалыс кезінде берілісті қайта «D» (Алға жүру) режиміне ауыстыру трансмиссияны қатты зақымдауы мүмкін.
- Көлбеу жолмен алға қарай жүргенде трансмиссияны әрқашан «D» (Алға жүру) күйіне, ал артқа жүрген кезде «R» (Артқа жүру) күйіне ауыстырыңыз. Берілісті «D» (Алға жүру) немесе «R» (Артқа жүру) күйіне ауыстырғаннан кейін, аспаптар панеліндегі индикатор бойынша берілістердің күйін тексеріңіз. Берілістерді ауыстыру тұтқасында таңдалғанға қарама-қарсы бағытта қозғалған жағдайда, қозғалтқыш сөніп қалуы мүмкін және тежеу тиімділігінің төмендеуіне байланысты ауыр апат орын алуы мүмкін.

- Қозғалыс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Тіпті педальді аздап, бірақ үнемі басу қызып кетуге, тежегіштердің тозуына немесе тіпті істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Акселератор мен тежегіш педальдарын бір уақытта басу логикалық тізбектің автокөліктің баяулауын қамтамасыз ету үшін қозғалтқыш қуатын төмендетуіне әкелуі мүмкін. Тежегіш педалін жібергеннен кейін автокөлік жылдамдығын үдету мүмкін болады.
- Спорттық режимде жүргенде, төмен беріліске ауыспас бұрын жылдамдықты төмендету керек. Әйтпесе, қозғалтқыштың айналу жиілігі рұқсат етілген шектен тыс болса, төмен беріліске ауыса алмауыңыз мүмкін.
- Автокөліктен шыққан кезде әрқашан тұрақ тежегішін орнатыңыз. Егер автокөлікті қозғалыс күйіне келтірмеу қажет болса, трансмиссияның «P» (Тұрақ) күйіне ауысуына сенбеңіз.
- Тайғақ жермен жүрген кезде өте сақ болыңыз. Тежеу, үдеу немесе берілістерді ауыстыру кезінде де ерекше сақ болу керек. Автокөлік тайғақ жолмен жүрген кезде жылдамдықты күрт өзгерту жетекші дөңгелектердің жолмен ілінісін жоғалтып, автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін, бұл апаттың себебіне айналуы мүмкін.
- Автокөліктің оңтайлы сипаттамалары мен үнемділігіне қол жеткізу үшін акселератор педалін бірқалыпты пайдалану керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- Қауіпсіздік белдігін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ тағыңыз. Соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белдігін тақпаған адам жарақат алу немесе өліп кету қаупіне көбірек ұшырайды.
- Жоғары жылдамдықпен бұрылыстар жасамаған жөн.
- Қозғалыс жолағын өзгерткен кезде немесе шұғыл, қауіпті айналымдарда рульді күрт айналдырмаңыз.
- Автомагистральдарда көлікті басқара алмай қалғанда аударылу қаупі тым жоғары болады.
- Екі не одан да көп дөңгелек жолдан шығып кеткен кезде, жүргізуші жолға оралу үшін рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда көлікті басқара алмай қаласыз.
- Егер автокөлік жол төсемінен шығып кетсе, рульді тым қатты бұрмаған жөн. Оның орнына жылдамдықты төмендетіп, содан кейін қозғалыс жолағына оралуыңыз керек.

Қос ілінісі бар трансмиссия

Бар болса

Қос ілінісі бар трансмиссияның жеті алға жүру берілісі мен бір артқа жүру берілісі бар. «D» (Алға жүру) берілісі таңдалған кезде жылдамдықтар автоматты түрде ауысады.

- Қос ілінісі бар трансмиссияны автоматты түрде ауысатын механикалық трансмиссия ретінде сипаттауға болады. Ол толық автоматты беріліс қорабын пайдаланудың қарапайымдылығын қамтамасыз ете отырып, механикалық беріліс қорабымен қозғалу сезімін тудырады.
- «D» (Алға жүру) берілісін таңдағанда берілістер әдеттегі автоматты беріліс қорабындағыдай автоматты түрде ауысады. Дәстүрлі автоматты беріліс қорабынан айырмашылығы, берілістер ауысқанда кейде ілініс пен берілістерді ауыстыруға ұқсас сезімдер мен дыбыстар болуы мүмкін.
- Қос ілінісі бар трансмиссияда үдеу тиімділігін арттыратын және қозғалыс кезінде отын шығынын азайтатын ылғалды типті қос ілініс механизмі кіреді. Бірақ бұл әдеттегі автоматты трансмиссиядан ерекшеленеді, өйткені оның гидротрансформаторы жоқ. Оның орнына бір берілістен келесі беріліске ауысуды басқару үшін ілініс сырғытпасы қолданылады (әсіресе төмен жылдамдықта). Нәтижесінде трансмиссияның жылдамдығы қозғалтқыштың айналу жылдамдығымен синхрондалған кезде берілістер кейде айқынырақ ауысып, аздап діріл сезілуі мүмкін. Бұл қос ілінісі бар трансмиссия үшін қалыпты жағдай.
- Ылғалды типті ілініс айналу сәтін тікелей өткізеді және әдеттегі автоматты трансмиссияны пайдаланған кездегі сезімдерден ерекшеленетін автокөлікті басқарудың тікелей сезімін қамтамасыз етеді. Бұл сезімдер автокөлік орнынан қозғалғанда және төмен жылдамдықпен және жиі тоқтаған кезде айқынырақ болуы мүмкін.
- Төмен жылдамдықпен жылдам үдеу жағдайында іліністің сырғып кетуіне байланысты қозғалтқыштың айналу жылдамдығы айтарлықтай артуы мүмкін, өйткені қос ілінісі бар трансмиссия осы кезде дұрыс берілісті таңдайды. Бұл қалыпты жағдай.
- Көлбеу жолда тоқтағаннан кейін жылдамдықты арттырған кезде автокөліктің дірілдеп, серпілуіне жол бермеу үшін акселератор педалін бірсарынды және біртіндеп басыңыз.

- Егер төмен жылдамдықпен жүргенде акселератор педалін тез жіберсеңіз, трансмиссия басқа беріліске ауыспас бұрын қозғалтқыштың тежелуін сезінуіңіз мүмкін. Қозғалтқыштың бұл тежелу сезімі механикалық трансмиссияның төмен жылдамдықтағы жұмысы кезіндегі сезімге ұқсас.
- Төмен қарай жылжу кезінде берілістерді ауыстыру тұтқасын берілістерді қолмен ауыстыру режиміне ауыстыруға болады, осылайша тежегіш педалін шамадан тыс пайдаланбай берілістерді төмендетуге және жылдамдықты басқаруға болады.
- Қозғалтқышты қосу және өшіру кезінде сырт еткен дыбыстарды естуге болады, өйткені жүйе өзін-өзі диагностикалайды. Бұл қос ілінісі бар трансмиссия үшін қалыпты дыбыс.
- Алғашқы 1500 км-де (1000 миль) сіз автокөліктің төмен жылдамдықпен біркелкі жылдамдығын үдетпейтінін сезінуіңіз мүмкін. Сынап жүргізудің бұл кезеңінде сіздің жаңа автокөлігіңіздің сапасы мен өнімділігі үнемі оңтайландырылады.


⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.


- «D» (Алға жүру) немесе «R» (Артқа жүру) берілісін қоспас бұрын автокөліктің алдында немесе артында адамдар, әсіресе балалар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жүргізуші орнынан шықпас бұрын «P» (Тұрақ) берілісін таңдаңыз, содан кейін тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесін өшіру («OFF») күйіне ауыстырыңыз. Егер бұл сақтық шаралары қолданылмаса, автокөлік кенеттен қозғалып кетуі мүмкін.
- Тайғақ жолда қозғалтқышпен күрт тежемеңіз (жоғары берілістен төмен беріліске ауысу). Автокөлік жолмен ілінісін жоғалтып, бұл апатқа әкелуі мүмкін.

Қос ілінісі бар трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыру тұтқасымен жабдықталған)

Берілістерді ауыстыру тұтқасы бар — сол жақ руль



Берілістерді ауыстыру тұтқасы бар — оң жақ руль



[A] Берілістерді ауыстыру тұтқасы
[B] Берілістерді ауыстырудың құлпын ашу түймесі
[C] Берілістерді қолмен ауыстыру режимі

: Тежегіш педалін тірелгенше басыңыз, берілістерді ауыстырудың құлпын ашуды өшіру түймесін басып, тұтқаны жылжытыңыз.

: Берілістерді ауыстырудың құлпын ашуды өшіру түймесін басып, тұтқаны жылжытыңыз.

: Берілістерді ауыстыру тұтқасын қосымша қадамдарсыз жылжытуға болады.

Қос ілінісі бар трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыру тұтқасымен жабдықталған)

Аспаптар панеліндегі индикаторлар оталдыру жүйесі қосулы кезде («ON») берілістерді ауыстыру тұтқасының күйін көрсетеді.

«P» (Тұрақ)

«P» (Тұрақ) режиміне әрқашан автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана ауысу керек. Берілістерді ауыстыру тұтқасы қозғалтқышты өшірмес бұрын «P» (Тұрақ) күйінде болуы керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс барысында «P» (Тұрақ) күйіне ауысу автокөлікті басқару мүмкіндігінен айыруы мүмкін.
- Автокөлікті тоқтатқаннан кейін берілістерді ауыстыру тұтқасын «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, тұрақ тежегішін іске қосып, қозғалтқышты өшіріңіз.
- Тұрақ тежегішінің орнына трансмиссияның «P» (Тұрақ) күйін қолдануға болмайды.

«R» (артқа жүру)

Берілістерді ауыстыру тұтқасының бұл күйі автокөлікті артқа жүргізу үшін қолданылады.

Ескертпе

Берілісті «R» (артқа жүру) күйіне ауыстырар алдында немесе одан шықпас бұрын автокөлікті толығымен тоқтатыңыз. Автокөлік қозғалып бара жатқанда «R» (артқа жүру) күйіне ауысқанда трансмиссия зақымдалуы мүмкін.

«N» (Бейтарап)

Дөңгелектер мен трансмиссия ажыратылған. Өшіп қалған қозғалтқышты қайта оталдыру қажет болғанда немесе қозғалтқыш қосулы тұрғанда тоқтау қажет болғанда «N» (Бейтарап) күйін пайдаланыңыз. Кез келген себептермен автокөліктен шығу үшін «P» (Тұрақ) берілісін таңдаңыз.

«N» (Бейтарап) күйінен кез келген басқа күйге ауысқан кезде міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тежегіш педалін аяқпен басқанда ғана берілістерді ауыстырыңыз. Қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болғанда берілістерді ауыстырған кезде автокөлік жылдамдықты күрт арттыруы мүмкін. Автокөлікті басқа алмай, адамдарға немесе заттарға соғылуыңыз мүмкін.

«D» (Алға жүру)

Бұл алға қарай қалыпты қозғалу күйі. Трансмиссия автоматты түрде оңтайлы беріліске ауысады, бұл отын үнемдеуге және тегіс қозғалысқа мүмкіндік береді.

Басқа көлікті басып озу кезінде немесе өрге көтерілу кезінде қуатты арттыру үшін трансмиссия төмен беріліске ауысуы үшін акселератор педалін қаттырақ басыңыз.

Берілістерді ауыстыру тұтқасы бар консольдегі «DRIVE MODE» берілістерді ауыстыру тұтқасының көмегімен жүргізуші NORMAL» (Стандартты), «ECO» (Үнемді) и «SPORT» (Спорттық) режимдері арасында ауыса алады.

Қосымша ақпарат алу үшін осы тараудың «Интеграцияланған жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD) Интеграцияланған жүру режимін басқару жүйесі (4WD)» бөлімін қараңыз.

Берілістерді қолмен ауыстыру режимі



[A] Берілісті бір сатыға көтеру үшін тұтқаны бір рет алға қарай итеріңіз.

[B] Берілісті бір сатыға төмендету үшін тұтқаны бір рет артқа қарай итеріңіз.

Автокөлік тұрса да, жүріп келе жатса да, қолмен басқарылатын режимді беріліс тұтқасын «D» (Алға жылжу) күйінен қолмен басқарылатын ұяға жылжыту арқылы таңдауға болады. Беріліс тұтқасын «D» (Алға жылжу) күйіне қайтару үшін оны қайтадан негізгі ұяға жылжытыңыз.

Қолмен басқарылатын режимде берілістерді ауыстыру тұтқасын артқа және алға жылжыту берілген жағдайларда қажетті беріліс ауқымын таңдауға мүмкіндік береді.

i Ақпарат

- Берілістерді қолмен ауыстыру режимінде алға жылжу үшін тек жеті жылдамдық қолжетімді. Артқа жүру немесе автокөлікті тұраққа қою үшін берілістерді ауыстыру тұтқасын сәйкесінше «R» (Артқа жүру) немесе «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
- Беріліс автокөлік жылдамдығы баяулаған кезде автоматты түрде төмендейді. Автокөлік тоқтаған кезде бірінші беріліс автоматты түрде таңдалады.

- Қозғалтқыштың айналу мәні қызыл аймаққа жеткенде, трансмиссия автоматты түрде жоғары беріліске ауысады.


Берілісті ауыстыруды блоктау жүйесі

Қауіпсіздік мақсатында қос ілінісі бар трансмиссия тежегіш педалі басылмаса «P» (Тұрақ) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауысуға жол бермейтін берілістерді ауыстыруды блоктау жүйесімен жабдықталған.

Берілістерді ауыстыру тұтқасын «P» (Тұрақ) күйінен күйінен «R» (Артқа жүру) күйіне ауыстыру үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Қозғалтқышты қосыңыз немесе оталдыру жүйесінің кілтін «ON» күйіне келтіріңіз.
3. Беріліс тұтқасын ауыстырыңыз.

Қос ілінісі бар трансмиссия (берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқасы бар)



[A] Берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа
[B] «P» (Тұрақ) түймесі

Берілістерді ауыстыру тұтқасын айналдырғанда немесе «P» (Тұрақ) берілісін қосқанда, тежегіш педалін басыңыз.

Қос ілінісі бар трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқасы бар)

Аспаптар панеліндегі индикаторлар оталдыру жүйесі қосулы кезде («ON») таңдалған берілісті көрсетеді.

«P» (Тұрақ)



«P» (Тұрақ) режиміне әрқашан автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана ауысу керек. «P» (Тұрақ) күйіне ауысу үшін тежегіш педалі басылған кезде «P» түймесін басыңыз.

Егер сіз қозғалтқышты «R» (Артқа жүру), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Артқа жүру) күйінде өшірсеңіз, беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс барысында «P» (Тұрақ) күйіне ауысу автокөлікті басқару мүмкіндігінен айыруы мүмкін.
- Автокөлікті тоқтатқаннан кейін оны міндетті түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, тұрақ тежегішін іске қосып, қозғалтқышты өшіріңіз.
- Еңіс жерде тұраққа қойған кезде трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, автокөлік төмен қарай сырғып кетпеуі үшін тұрақ тежегішін қолданыңыз.


Берілістерді «P» (Тұрақ) күйіне автоматты түрде ауыстыру

Қауіпсіздік мақсатында беріліс төменде көрсетілген жағдайларда автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.

- Егер қозғалтқыш «R» (Артқа жүру), «D» (Алға жүру) немесе «N» (Бейтарап) режимінде өшірілсе.
- Егер қозғалтқыш қосулы болса, жүргізуші есігі ашық, «R» (Артқа жүру), «D» (Алға жүру) немесе «N» (Бейтарап) берілісі қосулы және автокөлік орнында тұрса.
- Егер жүргізуші есігі ашық болса, «N» (Бейтарап) берілісі қосулы және автокөлік өшірулі болса.

Егер беріліс «P» (Тұрақ) күйінде болуы керек болса, әрқашан берілістің «P» (Тұрақ) күйіне ауысқанына көз жеткізіңіз, оны аспаптар панелінде тексеріңіз.

«R» (артқа жүру)



Берілістерді ауыстыру тұтқасының бұл күйі автокөлікті артқа жүргізу үшін қолданылады.


«R» (Артқа жүру) берілісін қосу үшін тежегіш педалін басып және ұстап тұрып, берілістерді ауыстыру тұтқасын «R» (Артқа жүру) күйіне бұраңыз.

Егер сіз автокөлікті «R» (Артқа жүру) берілісінде тоқтатсаңыз және жүргізуші есігін ашсаңыз, «P» (Тұрақ) берілісі автоматты түрде қосылады.

Ескертпе

Берілісті «R» (артқа жүру) күйіне ауыстырар алдында немесе одан шықпас бұрын автокөлікті толығымен тоқтатыңыз. Автокөлік қозғалып бара жатқанда «R» (артқа жүру) күйіне ауысқанда трансмиссия зақымдалуы мүмкін.

«N» (Бейтарап)



Дөңгелектер мен трансмиссия ажыратылған.

«N» (Бейтарап) берілісін қосу үшін тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз және берілістерді ауыстыру тұтқасын «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйінен «N» (Бейтарап) күйіне бұраңыз.

«N» (Бейтарап) күйінен кез келген басқа күйге ауысқан кезде міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз.


Егер сіз қозғалтқышты «N» (Бейтарап) берілісі қосулы тұрғанда өшірсеңіз, беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.


Алайда, егер қозғалтқышы өшірілген атокөлікті «N» (Бейтарап) режимінде қалдыру қажет болса, «Автокөлік сөніп тұрған кезде «N» (Бейтарап) режимінде қалай қалуға болады» бөлімін қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер беріліс «N» (Бейтарап) күйіне ауысса, қозғалтқышты іске қосуға болады. Дегенмен, қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылған беріліспен оталдыру керек.

Автокөлік сөніп тұрған кезде «N» (Бейтарап) режимінде қалай қалуға болады





Қозғалтқыш өшірілгеннен кейін «N» (Бейтарап) режимінде қалу қажет болса («ACC» режимінде (қосымша құрылғыдағы қуат)) төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.


1. «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) өшіріп, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде тұрақ тежегішін жіберіңіз.
2. Тежегіш педалін басқан кезде берілістерді ауыстыру тұтқасын «N» (Бейтарап) күйіне бұраңыз.
3. Егер аяғыңызды тежегіш педалінен алып тастасаңыз, аспаптар панелінің дисплейінде «**Бейтарап берілісте қалу үшін рульдегі OK түймесін басып, ұстап тұрыңыз**» деген хабарлама пайда болады.
4. Рульдегі **OK** түймесін басып, 1 секундтан артық ұстап тұрыңыз.
5. Аспаптар панелінің дисплейінде «**Автокөлікті өшіргеннен кейін «N» (Бейтарап) берілісі қосулы қалады**» хабарламасы пайда болғанда, тежегіш педалін басып тұрып, автокөлікті өшіріңіз.

   Қозғалтқышты өшіру үшін оталдыру жүйесі қосулы («ON») кезде «P» түймесін басыңыз.

Ескертпе

«N» (Бейтарап) беріліс таңдалып тұрғанда оталдыру жүйесі «ACC» күйінде болады. «ACC» (қосымша құрылғыдағы қуат) күйінде есіктерді құлыптау мүмкін емес. Аккумулятор ұзақ уақыт бойы «ACC» (қосымша құрылғыдағы қуат) күйінде қалса, заряды таусылуы мүмкін.

«D» (Алға жүру)



Бұл алға қарай қалыпты қозғалу күйі. Трансмиссия автоматты түрде оңтайлы беріліске ауысады, бұл отын үнемдеуге және тегіс қозғалысқа мүмкіндік береді.

«D» (Алға жүру) берілісін қосу үшін тежегіш педалін басып және ұстап тұрып, берілістерді ауыстыру тұтқасын «D» (Алға жүру) күйіне бұраңыз. Басқа көлікті басып озу кезінде немесе өрге көтерілу кезінде қуатты арттыру үшін трансмиссия төмен беріліске ауысуы үшін акселератор педалін қаттырақ басыңыз.

Автокөлік «D» (Алға жүру) берілісінде тоқтағанда жүргізушінің есігі ашылған кезде (қауіпсіздік белдігі тағылмаған) беріліс автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылады.

Егер автокөлік «D» (Алға жүру) берілісі қосылып тұрғанда қозғалып бара жатса, қос ілінісі бар трансмиссия зақымдалмауы үшін берілісті автоматты түрде «P» (Тұрақ) күйіне ауыстыру мүмкін емес.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіпті «D» (Алға жүру) берілісімен тоқтатқаннан кейін тік өрде жүре бастағанда егер акселератор немесе тежегіш педалін баспасаңыз, автокөлік артқа қарай сырғып кетуі мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін.

Берілісті ауыстыруды блоктау жүйесі

Қауіпсіздік мақсатында қос ілінісі бар трансмиссия тежегіш педалі басылмаса «P» (Тұрақ) немесе «N» (Бейтарап) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауысуға жол бермейтін берілісті ауыстыруды блоктау жүйесімен жабдықталған.

Трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауыстыру үшін:


1. Тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Қозғалтқышты қосыңыз немесе оталдыру жүйесінің кілтін «ON» күйіне келтіріңіз.
3. Тежегіш педалін басып, «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) берілісін таңдаңыз.

Қос ілінісі бар трансмиссия ескертулері

Трансмитссияның қызып кетуі туралы ескерту

Егер аспаптар панеліндегі ескерту хабарлары жыпылықтай берсе, ресми HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз.

Тік көлбеу жер! Тежегіш педалін басыңыз.




Бұл хабарлама автокөлік тауға немесе тік беткейлерде қозғалған кезде пайда болады.

Егер автокөлікті ұстап тұруға тырыссаңыз немесе акселератор педалін басып тұрып өрде баяу алға жылжып кетсеңіз, ілініс пен трансмиссия қызып кетіп, зақымдалуы мүмкін.

Ескерту хабары аспаптар панелінің дисплейінде көрсетілсе, тежегіш педалін басыңыз.

Трансмиссияның қызып кетуі. Тоқтаңыз.



Тік көлбеу жерлерде қайта-қайта тоқтау және орыннан қозғалу сияқты белгілі бір жағдайларда орыннан кенеттен қозғалу немесе жылдамдықты үдету не болмаса басқа да қолайсыз жүргізу жағдайлары, ілініс және трансмиссия температурасы көтерілуі мүмкін.

Ілініс пен трансмиссияның температурасы жоғары болған кезде өзін-өзі қорғау режимі бұл туралы дыбыс сигналымен және хабарламамен ескертеді, ал аспаптар панелінің дисплейінде беріліс шамы жыпылықтайды.

- Автокөлікті қауіпсіз жерге жылжытып, берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты өшірмеңіз. Трансмиссия жеткілікті салқындағанша күтіңіз.
- Егер сіз бұл ескертуді елемейтін болсаңыз, беріліс кенеттен немесе жиі ауысуы немесе қозғалыс кезінде серпіліс болуы мүмкін.


Трансмиссия қызып кетті Қозғалтқыш істеп тұрған кезде көлікті тұраққа қойыңыз



Егер сіз қызып кеткен трансмиссиямен жүре берсеңіз және өзін-өзі қорғау режимі іліністі өшірсе бұл хабарлама көрсетіледі.

- Автокөлікті қауіпсіз жерге жылжытып, берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты өшірмеңіз. Трансмиссия жеткілікті салқындағанша күтіңіз.
- Егер көрсетілген хабарлама жойылмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.


Салқындату... Автотұрақ күйінде 00 минут тұрыңыз.



Автокөлікті қауіпсіз жерге жылжытып, қозғалтқышты өшірмей, берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырғанда жоғарыда көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

- Ілініс жеткілікті түрде салқындағанша күтіңіз.

Трансмиссия салқындады. Жүре беріңіз



Бұл хабарлама автокөлікте жүруді жалғастыра алатын кезде көрсетіледі.

Мүмкіндігінше баяу жүріңіз.

Берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқасы бар трансмиссияның ескерту хабарлары

Бар болса

Берілісті ауыстыру үшін тежегішті басыңыз.



Бұл хабарлама берілістерді ауыстыру кезінде тежегіш педалі басылмаса пайда болады.

Тежегіш педалін басыңыз, содан кейін берілісті ауыстырыңыз.

Тоқтағаннан кейін «P» (Тұрақ) күйіне ауысыңыз



Бұл хабарлама автокөліктің қозғалысы кезінде беріліс «P» (Тұрақ) күйіне ауысқан кезде пайда болады.

«P» (Тұрақ) күйіне ауыспас бұрын автокөлікті тоқтату керек.

«P» (Тұрақ) түймесін тексеріңіз



Бұл хабарлама «P» (Тұрақ) режимінің түймесімен байланысты проблема туындаса пайда болады.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.


Берілістерді ауыстыру жүйесінің қатесі



Бұл хабарлама трансмиссия немесе берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа «P» (Тұрақ) күйінде дұрыс жұмыс істемесе пайда болады.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқаны тексеріңіз



Бұл хабарлама егер берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқа ақаулы болса көрсетіледі.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

«ТҰРАҚ» түймесінің қатесі! Автокөлікті тұраққа қойған кезде тұрақ тежегішін қосыңыз.




Бұл хабарлама «P» (Тұрақ) режимінің түймесімен байланысты проблема туындаса пайда болады.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Руль астындағы ауыстырып қосқыш (қолмен басқарылатын ауыстырып қосу режимінде)

Бар болса



«D» (Алға жүру) берілісі немесе берілістерді қолмен ауыстыру режимі таңдалса, руль астындағы жылдамдықтарды ауыстырып қосқыштарды пайдалануға болады.

Руль астындағы жылдамдықтарды ауыстырып қосқыштар автокөліктің жылдамдығы төмен болғанда жұмыс істемейді.

Руль астындағы берілістерді ауыстырып қосқышты бір беріліске жоғары немесе төмен ауысу үшін [+] немесе [-] бір рет тартыңыз, сонда жүйе автоматты ауыстыру режимінен қолмен ауыстыру режиміне автоматты түрде ауысады.

Берілістерді қолмен ауыстыру режимінен автоматты ауыстыру режиміне оралу үшін төмендегі қадамдардың бірін орындаңыз.

- Руль астындағы ауыстырып қосқышты [+] бір секундтан артық тартыңыз.
- Берілістерді ауыстыру тұтқасын «D» (Алға жүру) күйінен қол режимінің ұясына ауыстырыңыз, содан кейін қайтадан «D» күйіне оралыңыз. Берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқасы бар автокөліктерде тұтқаны «D» күйіне бұраңыз.

Сонымен қатар, автокөлік төмендегі жағдайлардың кез келгенінде берілістерді қолмен ауыстыру режимінен берілістерді автоматты ауыстыру режиміне ауысады.

- Егер қозғалыс кезінде акселератор педалін 6 секундтан артық ақырын бассаңыз («SPORT» режимін жүргізу режимі ретінде таңдасаңыз, қол режимі сақталады.)
- Автокөлік тоқтаған кезде.

Берілістерді ауыстыру тұтқасы қол режимінде болғанда

Бір беріліске жоғары немесе төмен ауысу үшін «+» немесе «-» ауыстырып қосқышын бір рет жылжытыңыз.

Егер аяғыңызды акселератор педалінен алып тастасаңыз және руль астындағы ауыстырып қосқышты [-] 0,5 секундтан артық тартсаңыз, трансмиссия рұқсат етілген төменгі беріліске ауысады. Егер тежегіш педалі басылып тұрғанда руль астындағы ауыстырып қосқышты [-] белгілі бір уақыттан ұзағырақ тартсаңыз, төменгі беріліске қосымша ауысу орындалады.

i Ақпарат

[+] және [-] руль астындағы берілістерді ауыстырып қосқыштарды бір уақытта тартқанда ауысу орындалмайды.

Тұраққа қою

Автокөліктің толық тоқтауын күтіңіз және тежегіш педалін жібермеңіз. «P» (Тұрақ) берілісін қосыңыз, тұрақ тежегішін орнатып, оталдыру жүйесін өшіріңіз («OFF»). Автокөліктен шыққан кезде кілтті өзіңізбен бірге ала шығыңыз.

Қауіпсіз жүргізу амалдары

- Акселератор педалін баса отырып трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйіне немесе «N» (Бейтарап) кез келген басқа режимге ауыстырмаңыз.
- Қозғалыс кезінде трансмиссияны «P» (Тұрақ) режиміне ауыстырмаңыз.

  «R»(Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) берілісін қоспас бұрын, автокөліктің толығымен тоқтағанын күтіңіз.
- Қозғалыс кезінде берілісті «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырмаңыз. Бұл қозғалтқышпен тежеу мүмкіндігінің жоғалуына байланысты апатқа әкелуі мүмкін және трансмиссия зақымдалуы мүмкін.
- Көлбеу жолмен алға қарай жүргенде трансмиссияны әрқашан «D» (Алға жүру) күйіне, ал артқа жүрген кезде «R» (Артқа жүру) күйіне ауыстырыңыз. Сонымен қатар қозғалыс алдында таңдалған берілісті аспаптар панеліндегі индикатор бойынша тексеріңіз. Таңдалған беріліске қарама-қарсы бағытта қозғалған жағдайда, қозғалтқыш сөніп, тежеу тиімділігінің төмендеуіне байланысты ауыр апат орын алуы мүмкін.
- Қозғалыс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Тіпті педальді аздап, бірақ дәйекті түрде басу қызып кетуге, тежегіштердің тозуына немесе тіпті істен шығуына әкелуі мүмкін.

- Акселератор мен тежегіш педальдарын бір уақытта басу логикалық тізбектің автокөліктің баяулауын қамтамасыз ету үшін қозғалтқыш қуатын төмендетуіне әкелуі мүмкін. Тежегіш педалін жібергеннен кейін автокөлік жылдамдығын үдету мүмкін болады.
- Берілістерді қолмен ауыстыру режимінде жүргенде, төмен беріліске ауыспас бұрын жылдамдықты төмендету керек. Әйтпесе, қозғалтқыштың айналу жиілігі рұқсат етілген шектен тыс болса, төмен беріліске ауыса алмауыңыз мүмкін.
- Руль астындағы ауыстырып қосқыштарды пайдаланған кезде, берілісті төмендетпес бұрын баяулау керек. Әйтпесе, қозғалтқыштың айналу жиілігі рұқсат етілген шектен тыс болса, төмен беріліске ауыса алмауыңыз мүмкін.
- Автокөліктен шыққан кезде әрқашан тұрақ тежегішін пайдаланыңыз. Егер автокөлікті қозғалыс күйіне келтірмеу қажет болса, трансмиссияның «P» (Тұрақ) күйіне ауысуына сенбеңіз.
- Тайғақ жермен жүрген кезде өте сақ болыңыз. Тежеу, үдеу немесе берілістерді ауыстыру кезінде де ерекше сақ болу керек. Автокөлік тайғақ жолмен жүрген кезде жылдамдықты күрт өзгерту жетекші дөңгелектердің жолмен ілінісін жоғалтып, автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін, салдарынан апат орын алуы мүмкін.
- Автокөліктің оңтайлы сипаттамалары мен үнемділігіне қол жеткізу үшін акселератор педалін бірқалыпты пайдалану керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- Қауіпсіздік белдігін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ тағыңыз. Соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белдігін тақпаған адам жарақат алу немесе өліп кету қаупіне көбірек ұшырайды.
- Жоғары жылдамдықпен бұрылыстар жасамаған жөн.

- Қозғалыс жолағын өзгерткен кезде немесе шұғыл, қауіпті айналымдарда рульді күрт айналдырмаңыз.
- Автомагистральдарда көлікті басқара алмай қалғанда аударылу қаупі тым жоғары болады.
- Екі не одан да көп дөңгелек жолдан шығып кеткен кезде, жүргізуші жолға оралу үшін рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда көлікті басқара алмай қаласыз.
- Егер автокөлік жол төсемінен шығып кетсе, рульді тым қатты бұрмаған жөн. Оның орнына жылдамдықты төмендетіп, содан кейін қозғалыс жолағына оралуыңыз керек.
- HYUNDAI жылдамдық шектеуін көрсететін жол белгілерін ұстануға кеңес береді.

i Ақпарат

Берілісті төмендету механизмі

Бұл механизмді жылдамдықты барынша үдету үшін пайдаланыңыз. Акселератор педалін қысым нүктесіне дейін тірелгенше басыңыз. Қос ілінісі бар трансмиссия қозғалтқыштың айналу жылдамдығына байланысты төменгі беріліске ауысады.

Тежеу жүйесі

Күшейткіштері бар тежегіштер

Автокөлігіңіз қалыпты пайдалану барысында автоматты реттелетін күшейткіштері бар тежегіштермен жабдықталған.

Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде оталмаса немесе өшірілсе, тежегіш күшейткіші жұмыс істемейді. Тежегіш педалін әдеттегіден қаттырақ басып, автокөлікті әлі де тоқтатуға болады. Дегенмен, тежеу жолы тежегіш күшейткішін пайдаланған кездегіге қарағанда үлкенірек болады.

Егер қозғалтқыш жұмыс істемесе, тежегіш педалін басқан сайын жүйеде сақталған тежеу күші біртіндеп азаяды. Егер күшейткіш жұмыс істемесе, тежегіш педалін жиі басуға болмайды.

Ескертпе

- Тежегіш педалі белгілі бір жүргізу жағдайында немесе ауа-райында басылғанда сіз біраз уақыт шу естисіз. Бұл қалыпты жағдай және тежегішке қатысты мәселені білдірмейді.
- Көктайғаққа қарсы химиялық заттар бар жолмен жүрген кезде тежеу кезінде шу пайда болуы немесе көктайғаққа қарсы химиялық заттардың әсерінен шиналар шамадан тыс тозуы мүмкін. Қауіпсіз жол қозғалысы жағдайында тежегіш дискілері мен қыспақтардан көктайғаққа қарсы химиялық заттарды кетіру үшін тежегіш педалін қосымша басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Қозғалыс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Бұл тежегіштердің қызуына, тежегіш қаптамалары мен тежегіш қыспақтарының қатты тозуына, тежеу жолының ұлғаюына әкеледі.
- Ұзын және тік дөңнен түскен кезде тежегіш педалін шамадан тыс пайдаланбай жылдамдықты басқару үшін руль астындағы ауыстырып қосқышты қолданыңыз және берілісті қолмен төмендетіңіз. Тұрақты тежеу тежегіштің қызып кетуіне әкеледі және тежеу тиімділігінің уақытша төмендеуіне, тежегіш дискілерінің деформациясына және рульдің діріліне әкелуі мүмкін. Бұл көріністердің кейбіреулері жоғары жылдамдықта күрт тежеу кезінде орын алуы мүмкін.
- Егер тежегіштер суланған болса, онда автокөліктің қауіпсіз баяулау сипаттамалары нашарлайды; сондай-ақ, тежегішті басқан кезде автокөлік бүйірге лақтырылуы мүмкін. Тежегішті баяу және жеңіл басу тежеу жүйесінің осы күйін анықтауға мүмкіндік береді. Терең судан өткеннен кейін әрқашан тежегіштердің жұмысын осылай тексеріңіз. Тежегіштерді кептіру үшін тежегішті қыздыру үшін қауіпсіз жылдамдықпен жүріп, тежегіш педалін аздап басып, жіберіңіз; бұл әрекетті тежегіш қалыпты жұмыс істегенше қайталаңыз. Тежегіштер қалыпты жұмыс істегенше жоғары жылдамдықпен жүрмеген жөн.

Дискілік тежегіштер тозуының индикаторы

Тежегіш қыспақтары тозған кезде және жаңа қыспақтар қажет болған кезде алдыңғы немесе артқы тежегіштерден жоғары дыбыстық ескерту сигналы шығады. Бұл дыбыс пайда болуы және жоғалуы мүмкін немесе тежегіш педалі басылған кезде пайда болуы мүмкін.

Ескертпе

Тежегіштерді қымбатқа жөндетудің алдын алу үшін автокөлікті тежегіштері тозғанша пайдаланбаңыз.


i Ақпарат

Тежегіш қыспақтары алдыңғы және артқы көпір жинақтарымен ғана ауыстырылады.

Тұрақ тежегіші

Қолмен басқарылатын

Тұрақ тежегішін іске қосу




Автокөліктен шықпас бұрын тұрақ тежегішін қосуды ұмытпаңыз. Тұрақ тежегішін іске қосу үшін:

Тежегіш педалін қатты басыңыз. Тұрақ тежегішінің тұтқасын мүмкіндігінше жоғары тартыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

ДЕНЕҢІЗДІ ЖАРАҚАТТАУ немесе ӨЛІМ қаупін азайту үшін тұрақ тежегішін тек төтенше жағдайда қолданыңыз және оны автокөліктің қалыпты қозғалысы кезінде қолданбаңыз. Бұл тежеу жүйесін зақымдауы және ауыр апатқа әкелуі мүмкін.


Тұрақ тежегішін өшіру



Тежегіш педалін қатты басыңыз. Құлыпты ашу түймесін басыңыз (1) және оны ұстап тұрып, алдымен тұрақ тежегішінің тұтқасын сәл жоғары тартыңыз, содан кейін оны төмен түсіріңіз (2).

Педаль

Тұрақ тежегішін іске қосу




Тұрақ тежегішін қосу үшін алдымен аяқ тежегішін іске қосыңыз, содан кейін тұрақ тежегішінің педалін мүмкіндігінше аяғына дейін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

ДЕНЕҢІЗДІ ЖАРАҚАТТАУ немесе ӨЛІМ қаупін азайту үшін тұрақ тежегішін тек төтенше жағдайда қолданыңыз және оны автокөліктің қалыпты қозғалысы кезінде қолданбаңыз. Бұл тежеу жүйесін зақымдауы және ауыр апатқа әкелуі мүмкін.

Тұрақ тежегішін өшіру



Өшіру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

Тежегіш педалін қатты басыңыз. Тежегіш педалін төмен басыңыз, ол автоматты түрде бастапқы орнына оралады.

Егер тұрақ тежегіші өшпесе немесе жартылай өшсе, жүйені тексеру үшін ресми HYUNDAI дилерлік орталығына жолығыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктен шықпас бұрын немесе оны тұраққа қойғанда автокөліктің толығымен тоқтағанын күтіп, тежегіш педалін жібермеу керек. Берілістерді ауыстыру тұтқасын 1-ші беріліске (МБҚ бар автокөлік үшін) немесе «P» (Автоматты беріліс қорабы/қос ілінісі бар автокөлік үшін) күйіне орнатыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру жүйесінің құлпын немесе «Engine Start/Stop» түймесін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/ өшіру) күйіне ауыстырыңыз.
- Тұрақ тежегіші толық тартылмаған автокөліктер кездейсоқ қозғала бастап, сізге және басқаларға зақым келтіруі мүмкін.
- Автокөлікпен таныс емес бөгде адамдардың тұрақ тежегішіне тиіп кетуіне жол бермеңіз. Тұрақ тежегішін кездейсоқ жіберу ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Тұрақ тежегішін өшірген кезде тежегіш педалін аяқпен қатты басып тұру керек.

Ескертпе

- Егер тұрақ тежегіші қосылып тұрса, акселератор педалін қыспаңыз. Акселератор педалін басқан кезде тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда дыбыс сигналы қосылады. Тұрақ тежегіші зақымдалуы мүмкін.
- Тұрақ тежегішін қосып қойып жүру тежеу жүйесінің қызып кетуіне және тежегіш бөліктерінің мерзімінен бұрын тозуына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін. Көлік жүргізер алдында тұрақ тежегішінің толығымен жіберілгеніне және тежегіштің сигнал шамы жанбайтынына көз жеткізіңіз.
- Оталдыру жүйесін немесе «Engine Start/Stop» түймесін қосу («ON») күйіне ауыстыру арқылы тұрақ тежегішінің ескерту шамын (⓿) тексеріңіз (қозғалтқышты оталдырмаңыз).

Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда, бұл шам оталдыру жүйесінің құлпы немесе «Engine Stop/Start» түймесі «START» (Старт) немесе «ON» (Қосу) күйінде болғанда жанады.

Қозғалмай тұрып, тұрақ тежегішінің жіберілгеніне және тұрақ тежегішінің бақылау шамы сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер қозғалтқыш оталып тұрған кезде тұрақ тежегіші жіберілгеннен кейін тежегіш шамы жанып тұрса, тежегіш жүйесінде ақау болуы мүмкін. Бұл жағдай шұғыл назар аударуды қажет етеді.

Мүмкіндігінше автокөлікті дереу тоқтатыңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөлікті жүргізу кезінде өте сақ болыңыз және қауіпсіз жерге жеткенше ғана жүре беріңіз.

Электронды тұрақ тежегіші (EPB)


Тұрақ тежегішін іске қосу

Электронды тұрақ тежегішін (EPB) қосу қадамдары төменде сипатталған.

A түрі



B типі



1. Тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Электронды тұрақ тежегішінің ажыратқышын жоғары қарай тартыңыз.

Тұрақ тежегіші шамының жанғанына көз жеткізіңіз.

Электронды тұрақ тежегішін автоматты түрде қолдану жағдайлары төменде сипатталған.

- Басқа жүйелердің сұраулары
- «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы жұмыс істеп тұрған кезде жүргізуші көлікті өшіреді.

Апаттық тежеу

Қозғалыс кезінде тежегіш педалімен мәселелер туындаса, электронды тұрақ тежегішінің (EPB) ажыратқышын жоғары тартып, ұстап тұру арқылы шұғыл тежеуді орындауға болады. Тежеу электронды тұрақ тежегішінің (EPB) ажыратқышын ұстап тұрған кезде ғана мүмкін болады. Дегенмен, тежеу жолы әдеттегіден үлкенірек болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ қаупін азайту үшін, төтенше жағдайлардан басқа кезде, автокөлік қозғалып бара жатқанда EPB қолдануға тыйым салынады. Бұл тежеу жүйесін зақымдауы және ауыр апатқа әкелуі мүмкін.

i Ақпарат

Апаттық тежеу кезінде жүйе жұмысын көрсететін тұрақ тежегішінің шамы жанады.


Ескертпе

Апаттық тежеу үшін электронды тұрақ тежегішін пайдаланған кезде үнемі шу мен күйіктің иісі сезілсе, көлікті тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз.


Тұрақ тежегішін өшіру

EPB түсіру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

A типі



B типі



1. «Engine Start/Stop» түймесін қосу («ON») немесе іске қосу («START») күйіне ауыстырыңыз.
2. Тежегіш педалі басылған кезде EPB ауыстырып қосқышын басыңыз.

Тұрақ тежегішінің шамы сөнгеніне көз жеткізіңіз.

EPB автоматты түрде түсіру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

- «P» (Тұрақ) режиміндегі трансмиссия

  Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш педалін басып, берілісті «P» (Тұрақ) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауыстырыңыз.
- «N» (Бейтарап) режиміндегі трансмиссия

  Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш педалін басып, берілісті «N» (Бейтарап) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауыстырыңыз.
- Төменде көрсетілген шарттардың орындалуын қамтамасыз етіңіз.

1. Қауіпсіздік белдіктері тағылып, есіктер, капот және жүксалғыш жабық екеніне көз жеткізіңіз.
2. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш педалін басып, трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйінен «R» (Артқа жүру) немесе «D» (Алға жүру) күйіне ауыстырыңыз не болмаса қол режиміне ауыстырыңыз.
3. Акселератор педалін басыңыз. Тұрақ тежегішінің шамы сөнгеніне көз жеткізіңіз.

i Ақпарат


- Қауіпсіздік мақсатында электронды тұрақ тежегішін «Engine Stop/Start» түймесі өшіру күйінде («OFF») күйінде болса да орнатуға болады (тек аккумулятор заряды болған жағдайда), бірақ оны өшіру мүмкін болмайды.
- Еңісте немесе артқа жүрген кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тежегіш педалін басып, тұрақ тежегішін электронды тұрақ тежегішінің ажыратқышымен қолмен жіберіңіз.

Ескертпе

- Егер электронды тұрақ тежегішінің жіберілгеніне қарамастан тұрақ тежегішінің ескерту шамы жанып тұрса, көлікті тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз.
- EPB тежегіші қосылған көлікті жүргізуге әрекеттенбеңіз. Бұл тежегіш қыспақтары мен дискілердің шамадан тыс тозуына әкеледі.

Ескерту хабарлары

Тұрақ тежегішін өшіру үшін белдіктерді тағып, есіктерді, капот пен жүксалғышты жабыңыз



- Қосылып тұрған EPB-мен қозғалғанда ескертуші дыбыс сигналы беріледі және тиісті хабарлама көрсетіледі.
- Егер жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылмаса және капот немесе жүксалғыш қақпағы ашық болса, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және тиісті хабарлама шығады.
- Егер көлікте ақаулық анықталса, онда дыбыс сигналы беріледі, ал дисплейде тиісті хабарлама көрсетіледі.

Жоғарыда аталған жағдай орын алса, тежегіш педалін басып, EPB ажыратқышын басу арқылы электронды тұрақ тежегішін жіберіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктен шықпас бұрын немесе оны тұраққа қойғанда автокөліктің толығымен тоқтағанын күтіп, тежегіш педалін жібермеу керек.

  «P» (Тұрақ) берілісін қосыңыз, EPB ажыратқышын жоғары қарай тартыңыз және көлікті өшіріңіз. Автокөліктен шыққан кезде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз.

  Тұрақ тежегішін қолданбай тұраққа қойылған көлік құралдары күтпеген жерден қозғала бастап, сізге немесе айналаңыздағыларға зақым келтіруі мүмкін.
- Автокөлікпен таныс емес бөгде адамдардың EPB ауыстырып қосқышына тиіп кетуіне ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ. Электронды тұрақ тежегішін кездейсоқ жіберу ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- EPB өшірген кезде тежегіш педалін аяқпен қатты басып тұру керек.


Ескертпе

- Егер тұрақ тежегіші қосылып тұрса, акселератор педалін қыспаңыз. Электронды тұрақ тежегіші қосылған акселератор педалін басқан кезде ескертуші дыбыс сигналы беріледі және тиісті хабарлама шығады. Тұрақ тежегіші зақымдалуы мүмкін.
- Тұрақ тежегішін қосып қойып жүру тежеу жүйесінің қызып кетуіне және тежегіш бөліктерінің мерзімінен бұрын тозуына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін. Көлік жүргізбес бұрын электронды тұрақ тежегішінің жіберілгеніне және тежегіш шамының жанбағанына көз жеткізіңіз.

i Ақпарат


- EPB жұмыс істегенде немесе оны жібергенде сырт еткен дыбысты естуге болады. Бұл EPB-нің дұрыс жұмыс істейтіндігін көрсететін қалыпты құбылыс.
- Тұраққа қоюшыға не көмекшіге кілтті қалдырған кезде, оған EPB-ді пайдалануды міндетті түрде ескертіңіз.

Өшір. AUTO HOLD! Тежегіш педалін басыңыз.



Егер автоматты түрде ұстап тұру режимінен электронды тұрақ тежегішін қолдануға ауысу тиісті түрде орындалмаса, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және хабарлама көрсетіледі.

Тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады



Егер EPB жүйесі автоматты түрде ұстап тұру функциясы істеп тұрғанда қосылса, дыбыс сигналы беріліп, дисплейде тиісті хабар пайда болады.

EPB ақаулары

Электронды тұрақ тежегішінің ескерту шамы (EPB) «Engine Start/Stop» түймесін қосу күйіне («ON») ауыстырған кезде қосылады және жүйе жақсы жұмыс істеп тұрса, шамамен 3 секундтан кейін сөнеді.

Егер электронды тұрақ тежегішінің (EPB) индикаторы жана берсе, қозғалыс кезінде қосылса немесе Engine Start/Stop» түймесін қосу күйіне («ON») ауыстырған кезде қосылмаса, бұл EPB жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуінің белгісі болуы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Егер ESC жүйесінің индикаторы қосылса, электронды тұрақ тежегішінің индикаторы ESC ақаулығын көрсету үшін жануы мүмкін, бірақ бұл электронды тұрақ тежегішінің ақаулығын көрсетпейді.

Тұрақ тежегішінің ескерту индикаторы



«Engine Stop/Start» түймесін қосу күйіне («ON») ауыстыру арқылы тұрақ тежегішінің ескерту индикаторын тексеріңіз.

Қозғалмай тұрып, тұрақ тежегішінің жіберілгеніне және тұрақ индикаторы сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Егер қозғалтқыш оталып тұрған кезде тұрақ тежегіші жіберілгеннен кейін тежегіш шамы жанып тұрса, тежегіш жүйесінде ақау болуы мүмкін. Бұл жағдай шұғыл назар аударуды қажет етеді.

Мүмкіндігінше автокөлікті дереу тоқтатыңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөлікті жүргізу кезінде өте сақ болыңыз және қауіпсіз жерге жеткенше ғана жүре беріңіз.

Егер электронды тұрақ тежегіші жіберілмесе

Егер электронды тұрақ тежегіші (EPB) қалыпты режимде жіберілмесе, жүйені тексеру үшін автокөлікті эвакуаторға тиеп, ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Автоматты түрде ұстап тұру

Бар болса


«Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) жүргізуші тежегіш педалімен автокөлікті толығымен тоқтатқаннан кейін тежегіш педалі басылмаса да, автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұрады.

i Ақпарат


Қозғалтқыш өшірілген кезде автоматты түрде ұстап тұру функциясының «On» (Қосулы) немесе «Off» (Өшірулі) баптауы сақталады. Қозғалтқышты қайта іске қосқан кезде автоматты ұстап тұру функциясының соңғы баптауы қолданылады.

Іске қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

A түрі



B түрі



[A] Ақ

1. Жүргізуші есігі мен капотты жабыңыз, тежегіш педалін басыңыз, содан кейін «AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) түймесін басыңыз. Ақ түсті «AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы жанады, жүйе күту режиміне өтеді.
2. Автокөлікті тежегіш педалімен толық тоқтатқаннан кейін «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстау үшін тежегіш жүйесіндегі қысымды қолдайды. Индикатордың түсі ақтан жасылға өзгереді.
3. Тежегіш педалін жіберген кезде де автокөлік қозғалыссыз күйде қалады.
4. Электронды тұрақ тежегіші қосылған кезде автоматты түрде ұстап тұру жүйесі өшіп, индикатордың түсі ақ түске өзгереді.

Өшіру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

Акселератор педалін басқан кезде беріліс тұтқасы «D» (Алға жүру), «R» (Артқа жүру) немесе «қол режимі» күйіне орнатылған кезде, автоматты түрде ұстап тұру жүйесі автоматты түрде өшеді және автокөлік орнынан қозғалады. «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді.


⚠ ЕСКЕРТУ

Егер Auto Hold (Автоматты түрде ұстап) функциясы акселератор педалі басылғанда автоматты түрде өшсе, міндетті түрде автокөлік айналасындағы аймақты тексеріп шығыңыз.


Орнынан ақырындап қозғалу үшін акселератор педалін баяу басыңыз.

Бас тарту үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

A түрі



B түрі



[A] Индикаторды өшіру

1. Тежегіш педалін басып, ұстап тұрыңыз.
2. «AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) ауыстырып қосқышын басыңыз.

«AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы жанады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлік күтпеген жерден кенет қозғалып кетпеуі үшін келесі жағдайларда автоматты түрде ұстап тұру функциясын тоқтату үшін ӘРДАЙЫМ аяғыңызды тежегіш педалінде ұстаңыз.

- Еңісте жүру.
- Артқа қарай жүргенде.
- Автокөлікті тұраққа қою.

i Ақпарат

Автоматты түрде ұстап тұру жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді.

- «P» (Тұрақ) берілісі таңдалды (берілістерді ауыстыратын бұралмалы тұтқасы бар)
- «P» (Тұрақ) немесе «R» (Артқа жүру) берілісі таңдалды (берілістерді ауыстыру тұтқасы бар)
- EPB жүйесі қосылды.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автоматты түрде ұстап тұру функциясы келесі жағдайларда EPB-ні автоматты түрде қосады.
  - Автокөлік 10 минуттан астам уақыт бойы қозғалмайды.
  - Автокөлік тік еңісте тұр.
  - Автокөлік бірнеше рет жылжыды.

Бұл жағдайларда тұрақ тежегішінің индикаторы жанады, «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді, дыбыс сигналы беріледі және дисплейде жүргізушіге электронды тұрақ тежегішінің автоматты түрде қосылуы туралы хабарлама көрсетіледі. Орыннан қайта қозғалмас бұрын тежегіш педалін басып, қоршаған ортаны тексеріп, EPB ауыстырып қосқышының көмегімен тұрақ тежегішін қолмен ажыратыңыз.

- Автоматты түрде ұстап тұру функциясы жұмыс істеп тұрған кезде механикалық шуды естуге болады. Бұл қалыпты жұмыс шуы.

Ескертпе

Егер «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторының түсі сарыға өзгерсе, автоматты түрде ұстап тұру функциясы дұрыс жұмыс істемейді. Ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлік қозғала басталғанда акселератор педалін ақырын басыңыз.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін еңісте жүрген кезде, артқа жүрген кезде немесе көлікті тұраққа қойған кезде «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) жүйесін тоқтатыңыз.


Ескертпе

Жүргізуші есігі мен капот қақпағының ашылғанын анықтайтын жүйеде ақаулық болса, автоматты түрде ұстап тұру функциясының жұмысы бұзылуы мүмкін.

Ресми HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз.


Ескерту хабарлары

Тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады



Егер EPB жүйесі автоматты түрде ұстап тұру функциясы істеп тұрғанда қосылса, дыбыс сигналы беріліп, дисплейде тиісті хабар пайда болады.

Өшір. AUTO HOLD! Тежегіш педалін басыңыз.



Егер автоматты түрде ұстап тұру режимінен электронды тұрақ тежегішін қолдануға ауысу тиісті түрде орындалмаса, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және хабарлама көрсетіледі.

Осы хабар пайда болғанда «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы мен электронды тұрақ тежегіші жұмыс істемеуі мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында тежегіш педалін басыңыз.

AUTO HOLD өшіру үшін тежегішті басыңыз



Егер «AUTO HOLD» түймесін басу арқылы автоматты түрде ұстап тұру функциясын өшірген кезде тежегіш педалін баспасаңыз, дисплейде хабарлама пайда болады және ескерту сигналы шығады.

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)

⚠ ЕСКЕРТУ

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) де, тұрақтылықты электронды бақылау жүйесі де (ESC) дұрыс емес немесе қауіпті маневрлерге байланысты апаттардың алдын алмайды. Апаттық тежеу кезінде автокөлікті басқару жақсаратынына қарамастан, әрқашан алда тұрған объектілерге дейін қауіпсіз қашықтықты сақтау қажет. Төтенше жол жағдайларында автокөліктің жылдамдығын міндетті түрде төмендету керек. ABS немесе ESC жүйесімен жабдықталған автокөліктердің тежеу жолы келесі жол жағдайларында осы жүйелермен жабдықталмаған автокөліктерге қарағанда үлкенірек болуы мүмкін.

Төменде көрсетілген жағдайларда жылдамдықты төмендетіңіз.

- Ойлы-қырлы, қиыршық тасты немесе қар басқан жолдармен жүргенде.
- Ойымдары не шұңқырлары бар, не болмаса жол жабынының биіктігі әртүрлі болатын жолдармен жүргенде.
- Егер автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған болса.

Жоғары жылдамдықпен қозғалу немесе бұрылыс кезінде ABS немесе ESC жүйесімен жабдықталған автокөліктің қауіпсіздік функцияларының жұмысын тексермеген жөн. Осылайша сіз өзіңізге және басқа адамдарға қауіп төндіруіңіз мүмкін.

ABS — бұл тежеу кезінде сырғанаудың алдын алуға көмектесетін электронды тежеу жүйесі. ABS жүргізушіге бір уақытта көлікті жүргізуге және тежеуге мүмкіндік береді.

ABS жүйесін пайдалану

Төтенше жағдайда ABS жүйесі барынша тиімді жұмыс істеуі үшін тежегіш жүйесіндегі қысымды реттеуге тырыспаңыз және тежегіш педалін бірнеше рет баспаңыз. Тежегіш педалін мүмкіндігінше қатты басыңыз.

Тежегіштерді дөңгелектер құлыпталуы мүмкін жағдайларда пайдаланған кезде тежегіштердің дыбысын естуіңіз немесе тежегіш педалінде тиісті дірілді сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ABS жүйесінің жұмыс істейтінін білдіреді.

ABS жүйесі тоқтап тұру уақыты мен тежеу жолын қысқартпайды.

Әрқашан алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтап жүріңіз.

ABS жүйесі қозғалыс бағыты кенеттен өзгерген кездегі сырғудың алдын алмайды, мысалы, тым тез айналымдар немесе қозғалыс жолақтарының кенет ауысуы кезінде. Жол және ауа райы шарттарын ескере отырып, әрқашан қауіпсіз жылдамдықты таңдаңыз.

ABS тұрақтылықтың жоғалуының алдын ала алмайды. Қатты тежеу кезінде рульді қатты бұрамаңыз. Рульді қатты немесе күрт бұрау автокөліктің қарсы жолаққа шығуына немесе жолдан шығып кетуіне әкелуі мүмкін.

Тығыз не тегіс емес жолдарда тежегішті блоктау жүйесі, осы жүйемен жабдықталмаған автокөліктермен салыстырғанда, тежеу жолының ұлғаюына әкелуі мүмкін. ABS (ABS) жүйесінің ескерту индикаторы «Engine Start/Stop» түймесін қосу күйіне («ON») ауыстырғаннан кейін бірнеше секунд ішінде жанады.

Осы уақыт ішінде ABS жүйесі өзін-өзі диагностикалайды: бәрі жақсы болса, индикатор сөнеді. Егер индикатор жана берсе, ABS жүйесінің жұмысында проблемалар туындауы мүмкін. Ресми HYUNDAI дилеріне дереу хабарласқан жөн.

⚠ЕСКЕРТУ

Егер ABS (ABS) жүйесінің индикаторы жанып, сөнбесе, онда ABS жүйесінің жұмысында проблемалар туындаған болуы мүмкін. Бұл жағдайда тежегіш күшейткіші қалыпты жұмыс істейді. Ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін азайту үшін мүмкіндігінше тезірек ең жақын ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Ескертпе

Егер сіз ілінісі нашар жолмен жүрсеңіз (мысалы, көктайғақта) және тежегішті үнемі қолдансаңыз, ABS (ABS) жүйесі үнемі жұмыс істейді және ABS жүйесінің ескерту индикаторы жануы мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатып, оны өшіріңіз.

Автокөлікті қайта оталдырыңыз. Егер ABS жүйесінің индикаторы жанбаса, онда ABS жүйесі жақсы жұмыс істейді.

Әйтпесе, ABS жүйесінде ақаулар болуы мүмкін. Ресми HYUNDAI дилеріне дереу хабарласқан жөн.

i Ақпарат

Егер автокөлік аккумулятор зарядты төмен болғандықтан сыртқы көзден оталса, ABS (ABS) жүйесінің ескерту индикаторы жануы мүмкін. Бұл аккумулятор зарядының төмендігіне байланысты. Бұл жағдай ABS жүйесінің ақаулығын білдірмейді. Автокөлікпен жүрмес бұрын аккумуляторды зарядтаңыз.

Электрондық тұрақтылықты бақылау (ESC)



Динамикалық тұрақтандырудың электрондық жүйесі бұрылыс кезінде автокөліктің тұрақтылығын сақтап отырады.

ESC жүйесі руль айналатын бағытты және автокөлік іс жүзінде қозғалатын бағытты тексереді. ESC жүйесі автокөліктің бір немесе бірнеше тежегіштеріне тежегіш қысымын қолданады және жүргізушіге автокөлікті белгіленген траекторияда ұстауға көмектесу үшін қозғалтқышты басқару жүйесіне араласады. Бұл қауіпсіз жүргізу дағдылары мен әдістерін алмастырмайды. Жылдамдық пен басқару мәнерін таңдағанда әрқашан жол жағдайларын ескеріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ағымдағы жол жағдайлары үшін немесе бұрылыстар кезінде тым жылдам жүрмеңіз. ESC апаттардың алдын алмайды.

Бұрылыстарда жылдамдықты арттыру, кенет маневрлер мен сулы жолдағы аквақалқу ауыр жол-көлік оқиғасының себебіне айналуы мүмкін.

ESC жүйесінің жұмысы

ESC жүйесі қосулы

«Engine Start/Stop» түймесі қосулы күйде («ON») болғанда, «ESC» және «ESC OFF» индикаторлары шамамен үш секунд жанады. Екі индикатор да сөнгеннен кейін ESC жүйесі қосылады.

Жұмыс кезінде



ESC жүйесі істеп тұрғанда «ESC» индикаторы жыпылықтайды.

- Тежегіштерді дөңгелектер құлыпталуы мүмкін жағдайларда пайдаланған кезде тежегіштердің дыбысын естуіңіз немесе тежегіш педалінде тиісті дірілді сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ESC жүйесінің іске қосылғанын білдіреді.
- ESC жүйесі қосылған кезде қозғалтқыш акселератор педалін басуға қалыпты жағдайдағыдай жауап бермеуі мүмкін.
- Егер ESC жүйесін іске қосу кезінде круиз-контроль немесе интеллектуалды круиз-контроль қолданылса, ол автоматты түрде өшеді. Круиз-контрольді немесе интеллектуалды круиз-контрольді жол жағдайлары жақсы болғанда қайта қосуға болады. **7-тараудағы «Круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль жүйесі» бөлімін қараңыз (бар болса).**
- Жолдың балшық басқан бөлігінен шыққан кезде немесе тайғақ жолмен қозғалғанда, акселератор педалін қатты басқанда да қозғалтқыштың айналу жиілігі артпауы мүмкін. Бұл автокөліктің қажетті тұрақтылығы мен жолмен ілінісін қамтамасыз етіп, ақаулықты білдірмейді.

ESC жүйесі өшірулі



ESC жұмысын тоқтату

- 1-күй

  «ESC OFF» (ESC өшір.) түймесін басып қалыңыз. «ESC OFF» индикаторы (ESC өшір.) және/немесе «Traction Control disabled» хабары (сүйреуге қарсы жүйе өшірілген) жанады. Бұл күйде ESC сүйреуге қарсы жүйесі (қозғалтқышты басқару) өшірілген, бірақ ESC жүйесінің тежегіштерді басқару функциясы (тежеуді басқару) жұмыс істейді.
- 2-күй

  «ESC OFF» (ESC өшір.) түймесін басып, 3 секундтан артық үздіксіз басып тұрыңыз. «ESC OFF» (ESC өшір.) индикаторы және/немесе «Traction & Stability Control disabled» (Сүйреуге қарсы жүйе және тұрақтылықты электронды бақылау жүйесі өшірулі) хабары жанып, ескертуші дыбыс сигналы беріледі. Бұл күйде ESC сүйреуге қарсы жүйесі де (қозғалтқышты басқару), ESC жүйесінің тежегіштерді басқару функциясы да (тежеуді басқару) өшіріледі.

Егер «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшір.) күйіне ауыстырсаңыз, ESC жүйесі өшірілген кезде ESC өшірілген күйінде қалады. Автокөлікті оталдырған кезде ESC жүйесі автоматты түрде қосылады.

Индикаторлар

ESC индикаторы (жыпылықтайды)



ESC OFF индикаторы (қосылады)



«Engine Start/Stop» түймесін басқан кезде («ON» (Қос.) күйі) ESC жүйесі қалыпты жұмыс істесе, ESC жүйесінің индикаторы алдымен жанады, содан кейін сөнеді. ESC жүйесінің индикаторы іске қосылған сайын жыпылықтайды.

Егер ESC жүйесінің индикаторы сөнбесе, бұл ESC жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Егер бұл сигнал шамы жанып тұрса, автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне қысқа мерзімде хабарласу ұсынылады.

«ESC OFF» (ESC өшір.) индикаторы ESC жүйесі өшірілгенде жанады.

⚠ ЕСКЕРТУ

ESC жүйесінің индикаторының жыпылықтауы оның белсенді жұмысын білдірмейді.

Қозғалысты баяулатыңыз және жылдамдықты үдетуге әрекет ЖАСАМАҢЫЗ. «ESC» индикаторы жыпылықтағанда «ESC OFF» (ESC өшір.) түймесін БАСПАҢЫЗ. Бұдан автокөлікті басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Өлшемдері әр түрлі дөңгелектері мен шиналары бар автокөлікті басқару ESC жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Шиналарды ауыстырмас бұрын, барлық төрт дөңгелек пен шиналардың өлшемдері бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Өлшемдері әр түрлі дөңгелектер мен шиналар орнатылған автокөлікті жүргізбеңіз.

ESC жүйесін өшіру мақсаты

Қозғалыс барысында

ESC жүйесін қарға не балшыққа батып қалған жағдайда, дөңгелектерінің айналу сәтін сақтай отырып, автокөліктің шығуын жеңілдету мақсатында ғана аз уақытқа өшіру керек.

Жүріс кезінде ESC жүйесін өшіру үшін түзу жолмен қозғала отырып, «ESC OFF» (ESC өшір.) түймесін басыңыз.

Ескертпе

Трансмиссияны зақымдамау үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

- ESC, ABS және тұрақ тежегішінің индикаторлары жанып тұрған кезде дөңгелектің (дөңгелектердің) бір осьте шамадан тыс айналуына жол бермеңіз. Мұндай жағдайларда жөндеуге автокөлікке кепілдік қолданылмайды. Қозғалтқыштың қуатын азайтыңыз және бұл индикаторлар жанып тұрғанда дөңгелекті (дөңгелектерді) шамадан тыс айналдырмаңыз.
- Автокөлікті динамометрде тексерген кезде ESC жүйесін өшіру керек («ESC OFF» индикаторы (ESC өшір.) жанып тұруы тиіс).

i Ақпарат

ESC жүйесін өшіру ABS пен тежеу жүйесінің жұмысына әсер етпейді.

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі (VSM)

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару (VSM) динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) функциясы болып табылады. Ол сулы, тайғанақ және кедір-бұдыр жолдарда кенеттен жылдамдықты үдеткен немесе тежеген кезде дөңгелектердің жолмен ілінісі кенеттен бірқалыпсыз бола алатын жағдайда автокөліктің тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесін пайдаланғанда келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- ӘРҚАШАН алда жүріп бара жатқан автокөліктің жылдамдығы мен қашықтығын қадағалаңыз. VSM қауіпсіз жүргізу дағдылары мен әдістерін алмастырмайды.
- Ағымдағы жол жағдайлары үшін тым жылдам жүрмеңіз. VSM апаттардың алдын алмайды. Қолайсыз ауа-райында, тайғақ және кедір-бұдыр жолдарда тым жоғары жылдамдық ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.

VSM жүйесінің жұмысы

VSM жұмыс шарттары

VSM жүйесі келесі шарттарда жұмыс істейді.

Динамикалық тұрақтандырудың электрондық жүйесі (ESC) қосулы болғанда.

Жұмыс кезінде

ESC жүйесі қосылуы мүмкін жағдайларда тежегіштерді пайдаланған кезде тежегіштердің сыртылдаған дыбысын естуіңіз немесе тежегіш педалінде тиісті дірілді сезуіңіз мүмкін. Бұл VSM жүйесінің жұмыс істейтіндігін көрсететін қалыпты құбылыс.

i Ақпарат

VSM жүйесі жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді.

- Өрге көтеріліп немесе еңіспен түсіп келе жатқанда.
- Артқа қарай жүргенде.
- «ESC OFF» индикаторы жанып тұрғанда.
- MDPS жүйесінің ескерту индикаторы (рульдің электркүшейткіші) (!) жанады немесе жыпылықтайды.

VSM жүйесі өшірулі

VSM жүйесінің жұмысын тоқтату үшін «ESC OFF» (ESC өшір.) түймесін басыңыз. «ESC OFF» (ESC өшір.) () индикаторы жанады.

VSM жүйесін қосу үшін «ESC OFF» (ESC өшір.) түймесін тағы бір рет басыңыз. «ESC OFF» (ESC өшір.) индикаторы сөнеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер ESC жүйесінің () индикаторы немесе MDPS жүйесінің (!) индикаторы сөнбесе не жыпылықтап тұрса, бұл VSM жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Егер бұл сигнал шамы жанып тұрса, автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне қысқа мерзімде хабарласу ұсынылады.

Ескертпе

Өлшемдері әр түрлі дөңгелектері мен шиналары бар автокөлікті басқару VSM жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Шиналарды ауыстырмас бұрын, барлық төрт дөңгелек пен шиналардың өлшемдері бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Өлшемдері әр түрлі шиналар мен дөңгелектер орнатылған автокөлікті жүргізбеңіз.

Тіркемені тұрақтандыру жүйесі (TSA)

Тіркемені тұрақтандыру жүйесі автокөлікті тұрақтандыру жүйесі ретінде жұмыс істейді. Егер қозғалыс кезінде тіркеме тербеле бастаса, тіркемені тұрақтандыру жүйесі оның тұрақтылығын қалпына келтіреді. Тіркеменің тербелу себептері әр түрлі болуы мүмкін. Бұл көбінесе жоғары жылдамдықпен қозғалғанда, тіркемеге бүйірлік жел әсер еткенде, желдің әсерінен болатын діріл немесе тіркеме шамадан тыс жүктелген кезде пайда болады.

Тербеліске ықпал ететін факторлар:

- Жоғары жылдамдық
- Қатты бүйірлік жел
- Тіркеменің шамадан тыс жүктелуі
- Рульдің күрт бұрылысы
- Кедір-бұдыр жол.

Тіркемені тұрақтандыру жүйесі автокөлік пен тіркеменің тұрақтылығын үнемі талдайды. Тіркеменің тербелісі анықталған кезде жүйе бір немесе бірнеше дөңгелектерді автоматты түрде баяулатып, тіркеменің тұрақтылығын қалпына келтіреді. Егер бұл жеткіліксіз болса, жүйе барлық дөңгелектердің тежегіштерін қосады және қозғалтқыштың қуатын азайтады. Тіркеме тұрақтылығын қалпына келтіргеннен кейін тіркемені тұрақтандыру жүйесі өшеді.

Өрде қозғала бастағандағы көмек жүйесі (HAC)

Өрде қозғала бастағандағы көмек жүйесі өрде тоқтатқаннан кейін қозғала бастау кезінде автокөліктің кері бағытта қозғалмауына көмектеседі. Жүйе тежегіштерді шамамен 2 секундқа автоматты түрде қосады (егер өрде қозғала бастағандағы көмек режимінде акселератор педалін аздап бассаңыз, максимум 5 секунд) және оларды 2 секундтан кейін немесе акселератор педалін басқанда жібереді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Еңіспен жоғары қарай жылжу кезінде акселератор педалін кез келген уақытта басуға дайын болыңыз. Өрде қозғала бастағандағы көмек жүйесі шамамен 2 секундқа іске қосылады (егер өрде қозғала бастағандағы көмек режимінде акселератор педалін аздап бассаңыз, максимум 5 секунд).

i Ақпарат

- Егер беріліс «P» (Тұрақ) немесе «N» (Бейтарап) күйіне ауысса, өрде қозғала бастағандағы көмек жүйесі жұмыс істемейді.
- Өрде қозғала бастағандағы көмек жүйесі ESC (электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі) жүйесі өшірілген кезде де қосылады. Алайда, ESC дұрыс жұмыс істемесе, ол қосылмайды.

Төтенше тежеу туралы ескерту жүйесі (ESS)

Төтенше тежеу туралы ескерту жүйесі кенеттен тежеу кезінде жыпылықтайтын стоп-сигналдардың көмегімен жүргізушіге хабарлайды.

Жүйе келесі жағдайларда іске қосылады.

- Автокөлік кенеттен тоқтады. (Баяулау мәні 7 м/с^2-ден асады, ал қозғалыс жылдамдығы 55 км/сағ (34 миль/сағ) асады).
- ABS жүйесі іске қосылды және қозғалыс жылдамдығы 55 км/сағ (34 миль) асады.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі («ON» (Қос.)) стоп-сигнал жыпылықтағаннан кейін автоматты түрде қосылады:

- Егер қозғалыс жылдамдығы 40 км/сағ (25 миль/сағ) аспаса.
- Егер ABS өшірулі болса.
- Күрт тежеу аяқталғаннан кейін.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі келесі жағдайларда өшеді.

- Егер автокөлік белгілі бір уақыт аралығында баяу қозғалса.

  Жүргізуші түймені басу арқылы апаттық жарық сигналын беру жүйесін қолмен өшіре алады.

i Ақпарат

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосулы болса, апаттық тоқтату туралы ескерту жұмыс істемейді.

Шұғыл тежеу жүйесі (BAS)

Шұғыл тежеу жүйесі апат қаупін азайту немесе алдын алу үшін қарастырылған. Ол датчиктердің (мысалы, радар және камера) көмегімен алда келе жатқан автокөлікке немесе жаяу жүргіншіге дейінгі қашықтықты анықтайды және қажет болған жағдайда жүргізушіге ескерту хабарламасы немесе ескерту дабылы арқылы апат қаупі туралы ескертеді.

Жүйе шектеулері

Төтенше тежеу жүйесі қосымша функцияны орындайды және автокөлікті қауіпсіз басқару дағдыларын алмастыра алмайды. Жүргізуші үнемі жылдамдықты және алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты қадағалап отыруға және автономды шұғыл тежеу жүйесін қолдануға дайын болуға міндетті.

Шұғыл тежеудің қосалқы жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтау қажет.

Бұл жүйе тек қосалқы болып табылады. Оны қолданған кезде жүргізуші әлі де мұқият және өте сақ болуы керек. Іске қосылу қашықтығы және датчиктер анықтайтын заттарға қатысты шектеулер бар. Жол жағдайларын үнемі қадағалаңыз.

Түзу жүрген кездегі және бұрылыстардағы жылдамдықты ӘРҚАШАН жол жағдайларына және нақты жол бөлігіне қатысты жылдамдық шектеріне қарай таңдау керек. Күтпеген және кенет болған жағдайлардың алдын алу үшін әрқашан жолға мұқият қараңыз. Шұғыл тежеу жүйесі көлік құралын толығымен тоқтатуға және соқтығысудың алдын алуға мүмкіндік бермейді.

Бүйірлік жел кезіндегі тұрақтылық жүйесі (CSC)

Бүйірлік жел кезіндегі тұрақтылық жүйесі (CSC) электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесімен (ESC) және рульдің электркүшейткішімен (MDPS) бірге қатты бүйірлік желдің әсерінен болған діріл немесе бүйірге қарай жылжу кезінде автокөлікті тұрақтандыру үшін жұмыс істейді.

CSC жүйесінің жұмысы



- Көпірлерден немесе ірі жүк көліктерінің немесе автобустардың жанынан өткенде, қатты бүйірлік жел көліктің дірілдеуіне немесе оның бүйірге қарай жылжуына әкелуі мүмкін. CSC автокөліктің тұрақтылығын қалпына келтіру үшін көлік мен рульдің күйін автоматты түрде реттейді.
- Бұл жүйе іске қосылған кезде ESC (a) индикаторы қосылады және аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болады және дыбыстық сигнал беріледі.
- Қосылған кезде жүргізуші тежеу және рульдің электркүшейткішінің жұмысы нәтижесінде көліктің жеңіл дірілін және рульдің оғаш әрекетін сезінуі мүмкін.

CSC жүйесін өшіру

Бүйірлік жел кезіндегі тұрақтылық жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі немесе келесі жағдайларда өшірілуі мүмкін.

- Егер қозғалыс жылдамдығы 70 км/сағ (45 миль/сағ) аспаса.
- Күрт бұрылыс жасағанда.
- Егер тежегіш педалі белгілі бір деңгейде басылса.
- Көктайғақ, қар немесе жаңбыр салдарынан кедір-бұдыр жолмен, қармен, мұзбен немесе тайғақ беткеймен жүру кезінде.
- ESC өшіру кезінде ESC (🚗) өшіру индикаторын қосқанда (2 күйде ESC өшіру).
- ESC жүйесі қосулы.
- Жүргізуші көмекшісінің жүйелері (FCA, BCA, LKA, LFA және т.б.) қосылған.

CSC ақаулары

- ESC жұмысында ақаулар болған кезде CSC жүйесі жұмыс істемейді.
- Егер руль күшейткішімен проблемалар болса (MDPS), CSC ішінара жұмыс істеуі мүмкін.
- Егер ESC (🚗) немесе MDPS (🚗!) ескерту индикаторы жанып тұрса немесе жыпылықтаса, көлікті тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

Бүйірлік жел кезіндегі тұрақтылық жүйесі (CSC) жүргізушінің көмекші жүйесі болып табылады. Жүргізуші көлікті басқаруға жауапты.

Көлік жүргізу кезінде әрқашан қолыңызды рульде ұстаңыз және қажет болған жағдайда жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін басыңыз.

Қайталама соқтығысулардың алдын алатын шұғыл тежеу жүйесі (MCB)

Апат болған жағдайда, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде, қайталама соқтығысулардың алдын алатын шұғыл тежеу жүйесі қайталама соқтығысулардың қаупін азайту мақсатында тежегіштерді автоматты түрде бақылауды жүзеге асырады.

Жүйе жұмысы

- Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін, қысқа уақыт ішінде қайталама соқтығысулардың алдын алу үшін шұғыл тежеу жүйесі тежегіш педалі мен акселератор педалін басу күшін бақылайды. Жүйе төменде көрсетілген жағдайларда іске қосылады.
  - Соқтығысу кезіндегі автокөліктің жылдамдығы 180 км/сағ (112 м/сағ) аспайды.
  - Тежегіш педалі мен акселератор педалін әлсіз басу.
- Егер жүргізуші екінші соқтығысудың алдын алу үшін шұғыл тежеу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш педалін белгілі бір деңгейден күштірек басса, тежеу күші шұғыл тежеу жүйесінің жұмысынан басым болады. Алайда, егер жүргізуші аяғын тежегіш педалінен алып тастаса, екінші соқтығысудың алдын алу үшін шұғыл тежеу жүйесі автоматты тежеуді қайтадан бастайды.

Жүйе өшірулі


- Соқтығысу кезінде төменде көрсетілген жағдайларда тежеу жүйесі іске қосылмайды.
  - Акселератор педалін басу күші белгілі бір деңгейден асады.
  - Автокөлік тоқтады.
  - Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) немесе электрондық құрылғылардың ақаулығы.
  - Бұл жағдайда жүйенің қалыпты жұмысы мүмкін емес.
  - Екінші соқтығысулардың алдын алуға арналған шұғыл тежеу жүйесі тежегішті автоматты басқаруды қосқаннан бері он секунд өтті.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Екінші соқтығысулардың алдын алуға арналған шұғыл тежеу жүйесі соқтығысудан кейін автокөліктің жылдамдығын төмендетеді және екінші соқтығысу қаупін азайтады, бірақ ол екінші соқтығысудың алдын ала алмайды. Акселератор педалін басу арқылы басқа қауіпті жағдайдың алдын алу үшін соқтығысу аймағынан шығуға болады.
- Автокөлікті екінші соқтығысулардың алдын алуға арналған шұғыл тежеу жүйесі тоқтатқаннан кейін ол өшіп, тежеуді басқармайды. Жағдайға байланысты жүргізуші одан әрі соқтығысуды болдырмау үшін тежегіш педалін немесе акселератор педалін басуы керек.

Еңіске түскен кездегі көмек жүйесі (DBC)

A типі



B типі



Еңісте жүрген кездегі тежеуді басқару жүйесі жүргізушіге тежегіш педалін баспай-ақ тік еңістен түсуге көмектеседі.


Жүйе автокөлік жылдамдығының мәнін белгілі бір деңгейден төмен ұстау үшін тежегішті автоматты түрде іске қосады және жүргізушіге еңістен түсу кезінде автокөлікті басқаруға назар аударуға мүмкіндік береді.

Қозғалтқыш өшіп тұрғанда жүйе жұмыс істемейді.

Жүйені қосу үшін түймені басыңыз және жүйені өшіру үшін түймені қайтадан басыңыз.

Жүйе жұмысы

Режим	Индикатор	Сипаттамасы
Дайындық режимі	 Индикатор жасыл болып жанады	Егер автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ (37 миль) аспаса, еңісте жүру кезінде тежеуді басқару жүйесі (DBC) түймесін басыңыз. Еңісте жүру кезінде тежеуді басқару жүйесі қосылады және күту режиміне өтеді. 60 км/сағ (37 миль/сағ) жоғары жылдамдықта жүйе қосылмайды.
Қосулы	 Индикатор жасыл болып жыпылықтайды	Күту режимінде еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда қосылады. • Еңіс жеткілікті дәрежеде тік. • Тежегіш немесе акселератор педалі басылмаған. Жүйе қосылатын 4-40 км/сағ (2-25 миль/сағ) жылдамдық диапазонында жүргізуші тежегіш педалін немесе акселератор педалін басу арқылы автокөліктің жылдамдығын басқара алады.
Өшірулі	 Жасыл индикатор өшірулі	Еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда өшіріледі. • Еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесінің түймесі тағы бір рет басылды. • Автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ (37 миль/сағ) асады.
	 Индикатор жасыл болып жанады	Еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі төменде өшіріледі, бірақ күту режимі төменде көрсетілген жағдайларда жұмыс істейді. • Еңіс жеткілікті дәрежеде тік емес. • Автокөліктің жылдамдығы 40-60 км/сағ (25-37 миль/сағ) аралығында.
Жүйенің ақауы	 Индикатор сары болып жанады	Жүйе ақаулы немесе іске қосу кезінде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін болған жағдайда индикатор сары түспен жанады. Бұл жағдайда еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі өшеді. Жүйені HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.



Еңісте жүру кезінде тежеуді басқару жүйесі жұмыс істемейді. Автокөліктің жылдамдығын бақылау (қолмен)

Егер еңісте жүру кезінде тежеуді басқару жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінің дисплейінде ескерту хабары көрсетіледі, сонымен қатар ескертуші дыбыс сигналы естіледі. Бұл жағдайда тежегіш педалін басу арқылы автокөліктің жылдамдығын бақылау қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қалыпты жолдармен жүру кезінде еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесін өшірген жөн. Дайындық режимінде болған кезде, DBC жүйесі жасанды кедір-бұдыр жерден өткенде немесе күрт бұрылыстар жасағанда өздігінен қосыла алады.

i Ақпарат

- Тік еңісте, тіпті тежегіш немесе акселератор педалін басқанда да, еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі өшпеуі мүмкін.
- Еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі автокөлік жылдамдығының белгілі бір мәнін үнемі сақтай алмайды.
- Еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда істемейді.
  - Беріліс қорабы «P» (Тұрақ) күйінде тұр.
  - ESC жүйесі қосулы.
- Еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі қосылған кезде шу мен діріл пайда болуы мүмкін.
- Еңісте жүру кезіндегі тежеуді басқару жүйесі іске қосылған кезде артқы стоп-сигнал жанады.

Тежеудің рұқсат етілген әдістері

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөліктен шықпас бұрын немесе оны тұраққа қойғанда автокөліктің толығымен тоқтағанын күтіп, тежегіш педалін жібермеу керек. Берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, тұрақ тежегішін қосып, «Engine Start/Stop» түймесін өшіру күйіне («OFF») ауыстырыңыз.

Егер тұрақ тежегіші қосылмаса немесе толық қосылмаса, автокөлік өздігінен домалап, жүргізуші мен басқа адамдарды жарақаттауы мүмкін. Автокөліктен түспес бұрын ӘРҚАШАН тұрақ тежегішін қосыңыз.

Суланған тежегіштер қауіп төндіреді! Тежегіштер тоспа судан өткенде немесе жуу кезінде сулануы мүмкін. Тежегіштері суланған автокөлік тез тоқтау қабілетін жоғалтады. Тежеу кезінде тежегіштері суланған автокөлік шетке лақтырылуы мүмкін.

Тежегіштерді кептіру үшін тежегіш педалін қалыпты жұмыс істей бастағанша аздап басу керек. Егер тежеу күші қалыпты жағдайға оралмаса, бірінші мүмкіндікте тоқтап, көмек алу үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз.


Қозғалыс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Тежегіш педалін сәл, бірақ үнемі басқанның өзі тежегіштердің қызуына, тозуына және істен шығу ықтималдығына әкелуі мүмкін. Егер қозғалыс кезінде дөңгелек жарылып кетсе, тежегішті ақырын басыңыз: баяулау кезінде автокөлікті алға қарай жүру бағытында ұстап тұру керек. Жылдамдық қолайлы болғанда автокөлікті жол жиегіне апарып, қауіпсіз жерде тоқтаңыз.

Автокөлік тоқтағанда, ол алға қарай тербеліп кетпеуі үшін аяғыңызды тежегіш педалінде мықтап ұстап отырыңыз.


Толық жетек (4WD)

Бар болса

А типі



В түрі



Толық жетек жүйесі (4WD) барынша ілініcті қамтамасыз ету үшін қозғалтқыштың қуатын алдыңғы және артқы дөңгелектерге жібереді. Толық жетек тайғақ, лас, дымқыл немесе қарлы жолдарда жүру сияқты қосымша тарту күші қажет болған кезде пайдалы.

Автокөлікті осындай жағдайларда, мысалы, қара жол мен жолдан тыс жерлерде тұрақты емес пайдалануға рұқсат етіледі. Қозғалыс кезінде жүргізуші жылдамдықты осындай жағдайлар үшін қауіпсіз жұмыс жылдамдығынан аспайтын деңгейге дейін абайлап төмендетуі керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- Автокөлікпен оның мақсатына сай келмейтін жағдайларда, мысалы, қиын ойлы-қырлы жерлерде жүруге тырыспаңыз.
- Жоғары жылдамдықпен бұрылыстар жасамаған жөн.
- Қозғалыс жолағын өзгерткен кезде немесе шұғыл, қауіпті айналымдарда рульді күрт айналдырмаңыз.
- Автомагистральдарда көлікті басқара алмай қалғанда аударылу қаупі тым жоғары болады.
- Екі не одан да көп дөңгелек жолдан шығып кеткен кезде, жүргізуші жолға оралу үшін рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда көлікті басқара алмай қаласыз.
- Егер автокөлік жол төсемінен шығып кетсе, рульді тым қатты бұрмаған жөн. Оның орнына жылдамдықты төмендетіп, содан кейін қозғалыс жолағына оралуыңыз керек.

Ескертпе

- Егер судың деңгейі автокөліктің түбіне жетсе, сумен жүрмеңіз.
- Балшықтан немесе судан шыққаннан кейін тежегіштердің күйін тексеріңіз. Тежегіш педалін бірнеше рет басып, тежегіштердің жұмысы қалыпқа келгенше баяу қозғалыңыз.
- Құм, балшық немесе су сияқты жол талғамайтын жағдайларда жүру кезінде жоспарлы техникалық қызмет көрсету аралығын қысқартыңыз (9-тараудың «Ауыр пайдалану жағдайларында қызмет көрсету» бөлімін қараңыз).
- Жолсыз жермен жүргеннен кейін автокөлікті, әсіресе оның түбін мұқият жууды ұмытпаңыз.
- Барлық төрт дөңгелектің түрі және өлшемі бірдей болуы керек.
- Толық жетекті автокөліктерді тасымалдау үшін тек платформасы бар эвакуаторларды пайдалану керек.

Толық жетек жүйесінің жұмысы

Толық жетек режимін таңдау

Тасымалдау режимі	Таңдау түймесі	Индикатор	Сипаттамасы
4WD AUTO (толық жетекті құлыптау өшірілген)			• Автоматты толық жетек режимі қалыпты жағдайдағы жолдарда, қала аймақтарында және автомагистральдарда жүру кезінде қолданылады. • Егер автокөлік қалыпты жылдамдықпен жүрсе, жетек барлық дөңгелектерге беріледі. Алдыңғы және артқы дөңгелектер арасындағы тарту күшінің арақатынасы компьютерлік жүйе автоматты түрде басқаратын жол төсемінің күйіне және жүргізу жағдайларына байланысты өзгереді. • Автоматты толық жетек режимін таңдағанда, тарту күшінің төрт дөңгелекке таралуы аспаптар панелінде көрсетіледі.
4WD LOCK			• Толық жетекті құлыптау режимі (4WD LOCK) жабыны жоқ жолдар, құм немесе кір сияқты экстремалды жүргізу жағдайында автокөліктің тарту күшін барынша арттыруға мүмкіндік береді. • Толық жетекті құлыптау режимі тек 60 км/сағ немесе одан төмен жылдамдықта жұмыс істейді. 60 км/сағ асқан кезде автоматты толық жетек режимі қосылады. • 4WD LOCK индикаторы жанған кезде, тарту күшінің таралуы аспаптар панелінде көрсетілмейді. • Автоматты толық жетек режимін қосу үшін «4WD LOCK» түймесін тағы бір рет басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер аспаптар панелінде толық жетектің ескерту индикаторы () жанып тұрса, толық жетек жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Егер толық жетек индикаторы () жанып тұрса, автокөлікті тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Ескертпе

- Қалыпты жағдайда жолдарда жүру кезінде автоматты толық жетек режимін сақтаңыз.
- Толық жетекті құлыптау режимі бар қалыпты жол жағдайында (әсіресе бұрылыстарда) жүрген кезде жүргізуші шамалы механикалық дірілді немесе шуды сезінуі мүмкін. Олар автокөліктің дұрыс жұмыс істемеуінің белгілері емес. Толық жетекті құлыптау режимі өшірілгеннен кейін мұндай шу немесе діріл бірден жоғалады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Кәдімгі жолдармен жүргенде «4WD LOCK» түймесімен толық жетекті құлыптау режимін өшіріңіз (бұл түйменің индикаторы өшеді). Толық жетекті құлыптау режимі қосылып тұрғанда кәдімгі жолдармен жүрген кезде механикалық шу мен діріл пайда болуы мүмкін, әсіресе бұрылыстарда. Егер толық жетекті құлыптауды өшірсеңіз, шу мен діріл жоғалады. Шу мен дірілмен бірге жүретін ұзақ қозғалыс қуат блогының кейбір бөліктеріне зақым келтіруі мүмкін.

Ескертпе

Толық жетекті құлыптау режимін өшіру сезілуі мүмкін, өйткені жетек қуаты толығымен алдыңғы дөңгелектерге беріледі.

Толық жетекті автокөлікті басқару кезіндегі сақтық шаралары

Жол жүру алдында

- Барлық жолаушылар қауіпсіздік белдіктерін тағуы керек.
- Тік, рульге әдеттегіден сәл жақынырақ отырыңыз. Рульді автокөлікті басқаруға ыңғайлы болатындай етіп реттеңіз.

Қарлы және тайғақ жолдарда автокөлік жүргізу.

- Акселератор педалін ақырын басып, қозғалысты баяу бастаңыз.
- Автокөлікті қысқы шиналармен немесе сырғытпайтын шынжырлармен жабдықтаңыз.
- Алда қозғалып бара жатқан көлік құралдарына дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Жылдамдықты төмендету үшін қозғалтқышпен тежеуді пайдаланыңыз.
- Жолда сырғып кетпеу үшін рұқсат етілген жылдамдықтан аспаңыз, жылдамдықты жылдам үдетпеңіз, қатты тежемеңіз және күрт бұрылыстардан аулақ болыңыз.


Құм мен балшықпен жүру

- Баяу және тұрақты жылдамдықпен жүріңіз.
- Қажет болса, балшықпен жүру үшін сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз.
- Алда қозғалып бара жатқан көлік құралдарына дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Автокөліктің жылдамдығын төмендетіңіз және жолдағы жағдайды үнемі қадағалаңыз.
- Балшықта кептеліп қалмау үшін жылдамдықты үдетпеңіз, жылдамдықты жылдам үдетпеңіз, күрт тежемеңіз және күрт бұрылыстардан аулақ болыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер автокөлік қарда, құмда немесе балшықта бос айналса, ілініс пайда болуы үшін жетекші дөңгелектердің астына сырғып кетпейтін нәрсе салыңыз НЕМЕСЕ автокөлікті тербетіп, баяу алға және артқа жүріңіз. Бұл автокөлікті босатуға көмектеседі. Дегенмен, қозғалтқышты жоғары жылдамдықта ұзақ уақыт жұмыс істетуге болмайды. Бұл толық жетек жүйесін зақымдауы мүмкін.





Трансмиссияның қызып кетуі.

Бар болса

- Ауыр жағдайларда лас немесе құмды жолдармен жүргенде трансмиссия қызып кетуі мүмкін.
- Трансмиссия қызып кеткен кезде қорғаныс режимі қосылады және аспаптар панелінде «Трансмиссия қызып кетті! Автокөлікті жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен тұраққа қойыңыз» хабарламасы көрсетіліп, сонымен қатар дыбыс сигналы беріледі.
- Бұл жағдайда қауіпсіз жерге барып, қозғалтқышты өшірмей автокөлікті тоқтатып, тежегішті іске қосып, берілістерді ауыстыру тұтқасын «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырып, трансмиссияны суытыңыз.
- Бұл ескертуді елемегенде, қозғалыс жағдайлары нашарлауы мүмкін. Беріліс кенеттен немесе жиі ауысуы немесе қозғалыс кезінде серпіліс болуы мүмкін. Қалыпты қозғалыс жағдайына оралу үшін автокөлікті тоқтатып, тежегішті басыңыз немесе «P» (Тұрақ) күйіне ауысыңыз. Содан кейін трансмиссияны қозғалтқыш қосулы тұрғанда бірнеше минут суытыңыз, содан кейін қозғалыса бастаңыз.

- «Трансмиссия суыды. Resume driving» (Трансмиссия суыды. Жүре беріңіз.) хабарламасы пайда болған кезде, сіз жүрісті жалғастыра аласыз.
- Егер аспаптар панелінің дисплейінде қандай да бір ескерту хабары жыпылықтай берсе, қауіпсіздік мақсатында жүйені ресми HYUNDAI дилерінде тексеру ұсынылады.

Еңісте жоғары және төмен қозғалу.

- Еңісте жоғары қозғалу
  - Бастамас бұрын, бұл мүмкін екеніне көз жеткізіңіз.
  - Мүмкіндігінше түзу жүріңіз.
- Еңіспен жүру
  - Еңісті жермен жүрген кезде берілістерді ауыстырмаңыз. Еңіспен төмен жүруді бастамас бұрын қажетті берілісті орнатыңыз.
  - Еңіспен жүрген кезде қозғалтқышпен тежеуді пайдаланып, баяу жүріңіз.
  - Мүмкіндігінше түзу жүріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тік беткейлерде жоғары және төмен қозғалу кезінде өте сақ болыңыз. Автокөлік аударылуы мүмкін: көлбеудің тіктігін, рельефтің ерекшеліктерін және судың немесе кірдің бар-жоғын ескеріңіз.
- Автокөлікті тік беткейлерде жүргізбеңіз. Автокөліктің тұрақтылығы дөңгелектердің бұрышының аздап өзгеруі нәтижесінде бұзылуы мүмкін. Автокөліктің тұрақтылығы алға жылжуды тоқтату нәтижесінде бұзылуы мүмкін. Автокөлік аударылып кетуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Сумен жүру

- Терең, ақпа сумен жүрмеуге тырысыңыз. Бұл қозғалтқыштың тоқтап қалуына және газ шығатын құбырлардың бітелуіне әкелуі мүмкін.
- Сумен жүрген кезде берілістерді ауыстырмаңыз.

Қосымша жүргізу талаптары


- Жолсыз жермен жүргенде қозғалыс бағыты бойынша жолдың жай-күйін алдын ала зерттеңіз.
- Жолсыз жермен жүргенде әрқашан өте мұқият болыңыз және қауіпті жерлерден аулақ болыңыз.
- Қатты жел соққанда баяу жүріңіз.
- Бұрылыстарда жылдамдықты төмендетіңіз. Толық жетекті автокөліктердің ауырлық орталығы бір жетекші осьті автокөліктердің ауырлық орталығынан жоғары. Сондықтан күрт бұрылыстарда олар аударылып кетуге бейім.
- Жолдан тыс жерде жүргенде рульден әрқашан мықтап ұстаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


Жолсыз жермен жүргенде рульдің ішкі бөлігін ұстамаңыз. Рульдің күрт бұрылуы немесе жердегі заттарға соғылған кезде рульге тию нәтижесінде қолыңызды зақымдап алуыңыз мүмкін. Сіз рульді басқара алмай, бұл ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Толық жетек бетін таңдау режимі 4WD)

A типі



B типі



Қалыпты қозғалыс режимінен жол талғамайтын режимге ауысу үшін «DRIVE/TERRAIN» (Қозғалыс/жолсыз жер) түймесін басыңыз. Сіз SNOW (Қар), MUD (Балшық) и SAND (Құм) режимін «MODE» түймесімен 4 секунд ішінде таңдай аласыз. «DRIVE/TERRAIN» түймесін қайта басқанда жүргізу режимі қосылады.

Таңдалған режим		Сипаттамасы
«SNOW» (Қар)		• Бұл режимді тайғақ жолдармен жүру кезінде қолданыңыз. • Автокөліктің тайғақ жолдардағы тұрақтылығын қамтамасыз ету немесе шиналардың сырғып кетуіне жол бермеу үшін жетек қуаты дөңгелектерге дұрыс бөлінеді.
«MUD» (Балшық)		• Бұл режимді балшық басқан, асфальтталмаған немесе тегіс емес жолдармен жүру кезінде қолданыңыз • Автокөліктің қозғалысы үшін жеткілікті қозғаушы күшті қамтамасыз ету үшін жетек қуаты дөңгелектерге дұрыс бөлінеді.
«SAND» (Құм)		• Бұл режимді тегіс, құрғақ құмды немесе қиыршық тас жолдармен, сондай-ақ асфальтталмаған жолдармен жүру кезінде пайдаланыңыз. • Жетектің қуаты тегіс және құрғақ құмды немесе қиыршық тасты жолдарда, сондай-ақ асфальтталмаған жолдарда қауіпсіз жүруді қамтамасыз ету мақсатында дөңгелектерге тиісінше бөлінеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қалыпты жағдайда жолдарда жүру кезінде қалыпты «DRIVE» режимін сақтаңыз. Кәдімгі жолдарда жол талғамайтын режимде («TERRAIN») жүру 4WD жүйесіне зақым келтіруі және механикалық діріл немесе шу тудыруы мүмкін.

«TERRAIN» режимінде қалыпты жол жағдайында (әсіресе бұрылыстарда) жүрген кезде жүргізуші шамалы механикалық дірілді немесе шуды сезінуі мүмкін. Олар автокөліктің дұрыс жұмыс істемеуінің белгілері емес. «TERRAIN» жол талғамайтын режимі өшірілгеннен кейін мұндай шу немесе діріл бірден жоғалады. «TERRAIN» жол талғамайтын режимін өшіргеннен кейін шамалы соққылар болуы мүмкін. Бұл алдыңғы және артқы дөңгелектердегі тарту күштерін теңестіру сәтіне дейін созылатын қалыпты жағдай.

Апаттық жағдайлардың алдын алу шаралары

Шиналар

Өлшемдері мен түрі автокөлікте бастапқыда орнатылғаннан өзгеше шиналар мен дөңгелектерді пайдаланбаңыз. Бұл автокөліктің қауіпсіздігі мен өнімділігіне әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде рульдің істен шығуына немесе ауыр жарақаттар тудыратын аударылуға әкелуі мүмкін.

Төрт дөңгелектің кез келгенін ауыстырған кезде барлық шиналар мен дискілердің мөлшері, түрі, протектор суреті, маркасы және жүк көтергіштігі бірдей болуы керек. Егер сіз HYUNDAI компаниясы жол талғамайтын жерде жүруге ұсынбаған шиналар мен дискілердің тіркесімін орнатқан болсаңыз, автомагистральдарда мұндай дөңгелектері бар автокөлікті жүргізбеуіңіз керек.

⚠ ЕСКЕРТУ


Домкратпен көтерілген тұрақты, толық жетекті автокөліктің қозғалтқышы әрқашан өшіріліп тұруы керек. Домкратпен көтерген кезде көлік құралы тайып кетуі немесе аударылуы мүмкін, бұл ауыр жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Сүйреу

Толық жетекті автокөлікті дөңгелекті көтергішпен және барлық дөңгелектер жерден жоғары көтерілуі үшін бортсыз платформамен сүйреу керек. Қосымша ақпарат 8-тараудың «Сүйреу» бөлімінде берілген.

Динамометриялық сынақтар

Тұрақты толық жетекті автокөлікті арнайы динамометрлерде тексеру қажет.



[A] Роликті стенд (Спидометр)
[B] Уақытша бос ролик

Бір осьті жетегі бар автокөліктерге арналған роликті тежегіш стендінде тұрақты толық жетекті автокөлікті тексермеңіз. Бір осьті жетегі бар автокөліктер үшін роликті тежегіш стендті пайдалану қажет болған жағдайда, келесі әрекеттерді орындау қажет.

1. Тексерілетін автокөлікке ұсынылған шинадағы қысымды тексеріңіз.
2. Суретте көрсетілгендей спидометрді сынау үшін алдыңғы дөңгелектерді роликті стендке қойыңыз.
3. Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
4. Артқы дөңгелектерді суретте көрсетілгендей роликті стендке қойыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Мұндай тексеру кезінде тұрақ тежегіші ажыратылған болуы керек.
- Көтергішке орнатылған автокөлікте алдыңғы және артқы дөңгелектерді жеке-жеке істетуге болмайды. Барлық төрт дөңгелек істеуі керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Динамометрде беріліс қорабы қосылған автокөліктің алдыңғы жағына жақындамаңыз. Автокөлік алға қарай домалап, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Аударылу қаупін азайту

Бұл әмбебап жолаушылар автокөлігі толық жетекті жол талғамайтын көлік (SUV) класына жатады. SUV класындағы көліктердің жол саңылауы ұлғайған және жолтабаны тарылған, бұл оларды жолсыз жағдайда пайдалануға мүмкіндік береді. Құрылымының ерекшеліктеріне байланысты олардың ауырлық орталығы қарапайым көліктерге қарағанда жоғары орналасқан. Жоғары орналасқан ауырлық орталығының артықшылығы — кедергілер мен проблемалық жағдайларды алдын ала байқауға мүмкіндік беретін жолдың жақсы көрінісі. Мысалы, жолсыз жағдайларда тиімді қозғала алмайтын шанағы төмен спорттық көліктер сияқты, SUV класындағы жол талғамайтын көліктер кәдімгі автомобильдер сияқты жылдамдықты төмендетпестен бұрылыстар жасауға арналмаған. Осы қауіпке байланысты жүргізуші мен жолаушыларға қауіпсіздік белдіктерін тағу ұсынылады. Егер аударылған жағдайда жолаушы немесе жүргізуші қауіпсіздік белдігін тақпаса, олар өлімге жетелейтін жарақат алулары мүмкін. Аударылу қаупін азайту үшін жүргізуші кейбір шараларды қолдана алады. Мүмкіндігінше күрт бұрылыстар мен кенет маневрлерден аулақ болу керек, сондай-ақ төбеге орнатылған жүксалғышқа ауыр жүк тиемеу керек. Сонымен қатар, автокөліктің құрылымына өзгертулер енгізуге тыйым салынады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Аударылу

Бұл көлікті (басқа кроссоверлерді де) дұрыс жүргізбеген жағдайда оны басқара алмай, апат орын алып, көлік аударылуы мүмкін.

- Жол талғамайтын көліктердің басқа көлік түрлерімен салыстырғанда аударылу ықтималдығы жоғары.
- Автокөлік құрылымының ерекше сипаттамалары (жол саңылауының жоғарылауы, тар жолтабан және т.б.) кәдімгі автокөліктермен салыстырғанда ауырлық орталығының жоғарылауын қамтамасыз етеді.
- Кроссовер кәдімгі автокөліктер сияқты бірдей жылдамдықта бұрылыстар жасауға арналмаған.
- Шұғыл бұрылыс пен күрт маневр жасамаңыз.
- Егер аударылған жағдайда жолаушы немесе жүргізуші қауіпсіздік белдігін тақпаса, олар өлімге жетелейтін жарақат алулары әбден мүмкін. Салондағы барлық адамдардың қауіпсіздік белдіктерін мықтап таққандарына көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Сіздің автокөлігіңізде қауіпсіз қозғалыс пен көлікті жақсы жүргізуді қамтамасыз етуге арналған шиналар орнатылған. Өлшемдері мен түрі автокөлікте бастапқыда орнатылғаннан өзгеше шиналар мен дөңгелектерді пайдаланбаңыз. Бұл автокөліктің қауіпсіздігі мен өнімділігіне әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде рульдің істен шығуына немесе ауыр жарақаттар тудыратын аударылуға әкелуі мүмкін. Төрт дөңгелектің кез келгенін ауыстырған кезде барлық шиналар мен дискілердің мөлшері, түрі, протектор суреті, маркасы және жүк көтергіштігі бірдей болуы керек. Егер сіз HYUNDAI компаниясы жол талғамайтын жерде жүруге ұсынбаған шиналар мен дискілердің тіркесімін автокөлігіңізге орнатуды шешсеңіз, автомагистральдарда мұндай дөңгелектері бар автокөлікті жүргізбеуіңіз керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Домкраттағы көлік

Домкратпен көтерілген тұрақты, толық жетекті автокөліктің қозғалтқышы әрқашан өшіріліп тұруы, ал дөңгелектері айналмауы керек.


Жерде тұрған дөңгелектерді айналдырған кезде, автокөлік домкраттан шығып, кенеттен алға немесе артқа жылжуы мүмкін.

Электронды түрде басқарылатын аспа

Бар болса

Электронды түрде басқарылатын аспа жылдамдық, жол төсемінің беті, бұрылыстарды орындау, тоқтату немесе жеделдету қажеттілігі сияқты қозғалыс жағдайларын ескере отырып, жайлылықты арттыру үшін автокөліктің аспасын автокөліктің датчиктері арқылы автоматты түрде басқарады.

Жүйенің ақауы



Электрондық аспаны тексеріңіз

Егер электронды түрде басқарылатын аспа (ECS) дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінің дисплейі ол туралы ескерту хабарламасын көрсетеді. Бұл жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Ескертпе

Аккумулятордың заряды жоғары немесе төмен болған кезде, электронды түрде басқарылатын аспа жүйені қорғау үшін уақытша жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда «Электрондық аспаны тексеріңіз» деген ескерту хабары шығады.

ISG (стоп-старт) жүйесі

Бар болса

ISG (стоп-старт) жүйесі автокөлік қозғалмай тұрғанда (яғни бағдаршамда, тоқтау белгісінде және кептеліс кезінде) қозғалтқыштың автоматты түрде өшуінің арқасында отын шығынын азайтуға көмектеседі. ISG жүйесі қозғалтқыш қосулы кезде әрқашан белсенді болады.

***i* Ақпарат**

Қозғалтқыш ISG жүйесімен (старт) автоматты түрде оталғанда, аккумулятор зарядының төмендігіне байланысты кейбір индикаторлар (мысалы, ABS, ESC, ESC OFF, MDPS және тұрақ тежегіш индикаторы) бірнеше секундқа жануы мүмкін. Бұл ISG жүйесінің ақаулығы емес .

ISG жүйесінің жұмысы

Іске қосуға қойылатын алдын ала талаптар

- Жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылған.
- Жүргізушінің есігі мен капот жабық.
- Тежеу жүйесіндегі вакуумның деңгейі жеткілікті.
- АБҚ датчигі іске қосылды, аккумулятор зарядының деңгейі жеткілікті.
- Сыртқы температура өте төмен немесе өте жоғары емес.
- Автокөлік тұрақты жылдамдықпен және аялдамалармен қозғалады.
- Климат-контроль жүйесі шарттарға сәйкес келеді.
- Автокөлік жеткілікті түрде жылытылды.
- ISG жүйесінің тиісті бөліктері дұрыс жұмыс істейді.
- Тік емес еңіс.
- Руль автокөлік тоқтағанға дейін 180 градустан аз бұрылды.

i Ақпарат

Егер аспаптар панеліндегі автоматты тоқтату жүйесінің (Ⓐ) индикаторы ақ түспен жанса, ISG жүйесі жоғарыдағы шарттарға сәйкес келмейді және белсенді емес. Егер автоматты тоқтату жүйесінің индикаторы (Ⓐ) сары түспен жанса, автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеру ұсынылады.

Автостоп

Егер ISG (стоп-старт) жүйесі қосулы болса, қозғалтқыш келесі екі шартты орындаған кезде автоматты түрде өшеді:

1. Автокөліктің жылдамдығы 0 км/сағ (0 миль/сағ) дейін төмендейді (толық тоқтау күйі).
2. Тежегіш педалі басылып, беріліс «D» (Алға жүру) немесе «N» (Бейтарап) режиміне ауысады.

Қозғалтқыш тоқтаған кезде аспаптар панеліндегі автоматты тоқтату индикаторы (Ⓐ) жасыл түспен жанады.

i Ақпарат

Автокөліктің жылдамдығы 5 км/сағ (3 миль/сағ) жеткенше және ол қайтадан толық тоқтағанша қайта стоп-старт мүмкін емес.

Егер капот автостоп режимінде ашылса, ISG жүйесі өшеді.

Егер жүйе өшірулі болса, «ISG OFF» (Ⓐ OFF) түймесінің индикаторы жанады және аспаптар панелінің дисплейінде «**Автостоп өшірілген. Қозғалтқышты қолмен оталдыру үшін «P» немесе «N» берілісін қосыңыз**» хабары көрсетіліп, дыбыс сигналы беріледі.

Олай болса, тежегіш педалін басып, қозғалтқышты қолмен қайта оталдырыңыз.

Автоматты түрде оталдыру


Егер ISG жүйесі қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатса, ол келесі жағдайларда қайта іске қосылады:

- Тежегіш педалі жіберілді.
- Сіз тежегіш педалінен аяғыңызды алып тастайсыз және автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (Auto Hold) қосылған кезде акселератор педалін басасыз.
- Сіз тежегіш педалін ұстап тұрып, берілісті «N» (Бейтарап) немесе «D» (Артқа жүру) режимінен «R» (Артқа жүру) немесе «P» (Тұрақ) режиміне ауыстырасыз.
- Сіз тежегіш педалін ұстап тұрып, берілісті «N» (Бейтарап) режимінен «D» (Артқа жүру) режиміне ауыстырасыз.

Қозғалтқыш қайта оталдырған кезде аспаптар панеліндегі автоматты түрде тоқтату индикаторының (Ⓐ) түсі ақ түске өзгереді.

Ескерту хабарлары

Автостоп өшірілген. Қозғалтқышты қолмен оталдыру үшін «P» (Тұрақ) немесе «N» (Бейтарап) берілісін таңдаңыз




Жүйе өшірілген кезде келесі жағдайларда ISG жүйесін (Ⓐ OFF) өшіру түймесінің индикаторы жанады, ал аспаптар панелінің дисплейінде хабарлама пайда болады және дыбыс сигналы беріледі.

- Капот ашылады.
- ISG жүйесі жақсы жұмыс істемейді.

Олай болса, тежегіш педалін басып, қозғалтқышты қолмен қайта оталдырыңыз. Қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті «P» (Тұрақ) режимінде қайта оталдырыңыз.

«AUTO STOP» режимінің жұмыс уақытын қалпына келтіру



«AUTO STOP» (Автостоп) режимінің өткен жұмыс уақытын аспаптар панелінің сервистік ақпаратты қарау мәзірінен тексеруге болады. Соңғы қалпына келтірілгеннен бастап **AUTO STOP** жүйесінің жұмыс уақытын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінен **Баптаулар** > **Аспаптар панелі/Проекц. дисплей** > **Аспаптар панелі** > **AUTO STOP таймерін қалпына келтіру** таңдаңыз.


«AUTO STOP» режимінің жұмыс уақытын қалпына келтіру сервистік ақпаратты қарау режимінің байланысына байланысты.

- Егер сапар туралы ақпарат таңдалса, «AUTO STOP» режимінің жұмыс уақыты автокөлікті жүргізу туралы ақпаратты қалпына келтірген кезде қалпына келтіріледі.
- Егер «Отын құю сәтінен бастап» таңдалса, «AUTO STOP» режимінің жұмыс уақыты отын құю сәтінен бастап ақпаратты қалпына келтірген кезде қалпына келтіріледі.
- Егер «Жинақталған деректер» таңдалса, «AUTO STOP» режимінің жұмыс уақыты жинақталған деректерді қалпына келтіру кезінде қалпына келтіріледі.
- Егер байланыс таңдалмаса, AUTO STOP режимінің жұмыс уақыты басқа ақпаратпен байланысты емес. Режимнің жұмыс уақытын қалпына келтіру үшін рульдегі **OK** түймесін басып, ұстап тұрыңыз.


Толығырақ 4-тараудың «Аспаптар панелінің дисплейі» бөлімін қараңыз.

ISG жүйесінің өшуі

A түрі



B типі



ISG жүйесін өшіру үшін «ISG OFF» (OFF) түймесін басыңыз. «ISG OFF» (OFF) түймесінің жанады. Жүйені пайдалану үшін «ISG OFF» (OFF) түймесін тағы бір рет басыңыз.

Қозғалтқышты қайта оталдыру шарттары

Қозғалтқыш келесі жағдайларда автоматты түрде қайта іске қосылады.

- Тежеу жүйесіндегі вакуум қысымы төмен болғанда.
- Қозғалтқыш шамамен 5 минутқа тоқтады.
- Кондиционер қосулы және желдеткіштің жылдамдығы белгілі бір жоғары мәнге орнатылған.
- Алдыңғы әйнек жылытқышы қосылды.
- Аккумулятор батареясының заряды таусылған кезде.
- Климат-контроль жүйесі қажетті салқындатуды немесе жылытуды тудырмайды.
- Автокөлік «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы жұмыс істеп тұрған кезде «P» (Тұрақ) немесе «R» (Артқа жүру) берілісіне ауыстырылды
- «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы жұмыс істеп тұрғанда есік ашылды немесе қауіпсіздік белдігі шешілді.
- «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы жұмыс істеп тұрғанда электронды тұрақ тежегішінің ауыстырып қосқышы басылды.

Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде аспаптар панеліндегі автоматты тоқтату индикаторы (A) жасыл түспен 5 секунд жыпылықтайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер қозғалтқыш «стоп-старт» режимінде болса, ол жүргізуші тарапынан ешқандай әрекет жасамай-ақ қайта оталуы мүмкін. Автокөліктен шықпас бұрын немесе мотор бөлімінде жұмыстар жүргізбес бұрын, қозғалтқышты «Engine Start/Stop» түймесін өшіру күйіне («OFF») басу арқылы өшіріңіз, «P» (Тұрақ) берілісін қосыңыз, тұрақ тежегішін орнатыңыз және автокөліктен шыққан кезде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз.


ISG ақаулары

ISG жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін.

- Автоматты тоқтату индикаторы (Ⓐ) аспаптар панелінде сары түспен жанады.
- «ISG OFF» (OFF) түймесінің индикаторы жанады.

Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

АБҚ датчигін калибрлеу



[A] Аккумулятор датчигі

AGM аккумуляторын қосқан немесе ауыстырған кезде ISG жүйесі бірден жұмыс істемейді. Жүйені пайдаланғыңыз келсе, АБҚ датчигін калибрлеу үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Автокөлікті жеткізгеннен кейін қосымша орнатылған барлық электрондық құрылғыларды ажыратыңыз (навигациялық құрылғы, DVR және т.б.).
3. Қозғалтқышты өшіріп, 4 сағаттан кейін оны 3-4 рет қайта қосыңыз және өшіріңіз.

i Ақпарат

ISG жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін.

- ISG жүйесінде (стоп-старт) ақаулар болған жағдайда.
- Аккумулятор батареясының заряды таусылған кезде.
- Тежеу жүйесіндегі вакуум қысымы төмен болғанда.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Ескертпе


- Ауыстыру үшін тек HYUNDAI шығарған түпнұсқа AGM аккумуляторын пайдаланыңыз. Әйтпесе, ISG (стоп-старт) жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік берілмейді.
- Кәдімгі аккумуляторды зарядтау құрылғысымен AGM аккумуляторын зарядтамаңыз. Бұл AGM аккумуляторының зақымдануына немесе жарылысына әкелуі мүмкін.
- Аккумулятордың қақпағын шешпеңіз. Бұл адамдарға қауіп төндіретін аккумуляторлық электролиттің ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

ISG интеллектуалды жүйесі

Бар болса

Автокөлік алдыңғы жақтан шыққан кезде автоматты түрде қайта оталу

Егер автокөлік орнында тұрған кезде қозғалтқыш ISG жүйесімен тоқтатылса. Алдыңғы көрініс камерасы автокөліктің алдыңғы жағындағы қозғалысын анықтаған кезде қозғалтқыш автоматты түрде оталады.



Қозғалтқышты ISG интеллектуалды жүйесі автоматты түрде қайта оталдырғанда аспаптар панеліндегі сервистік ақпаратты қарау режимінде «AUTO STOP» көрсетіледі.

i Ақпарат

- Алдағы автокөлік кетіп қалса да, ISG интеллектуалды жүйесі алдыңғы шолу камерасының шектеулеріне байланысты қозғалтқышты қайта оталдырмауы мүмкін. Осы тараудың «ISG интеллектуалды жүйесінің шектеулері» бөлімін қараңыз.
- Егер қозғалтқыш ISG жүйесімен тоқтатылса, оны кез келген уақытта ISG интеллектуалды жүйесінің жұмысына қарамастан тежегіш педалін жіберу арқылы оталдыруға болады.

ISG интеллектуалды жүйесінің шектеулері


ISG интеллектуалды жүйесі келесі жағдайларда қалыпты жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін:

- Алдыңғы шолу камерасы бұғатталған, жабық немесе қар, су немесе кірден зақымдалған.
- Алдыңғы шолу камерасы орнатылған орындағы температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Камера объективі алдыңғы әйнек тонировкасымен жабылған немесе бұғатталған, алдыңғы әйнек зақымдалған немесе әйнекте жабысқақ материал (жапсырма, қоңыз және т.б.) бар.
- Алдыңғы әйнекте ылғал немесе мұз қалдықтарының болуы.
- Әйнекжуғыш сұйықтық үнемі шашыратылады немесе әйнектазартқыш қосылып тұр.
- Нөсер жаңбырда немесе қар түскенде не болмаса тұманда қозғалу.
- Алдыңғы шолу камерасының алдындағы көріністі күн сәулесінің әсерінен көру қиын.
- Күн, көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде шағылысқанда, мысалы, шалшықтан.
- Аспаптар панелінде қандай да бір зат бар.
- Автокөлігіңіз сүйреледі.
- Өте қатты немесе төмен жарық (түнде, туннельде және т.б.).
- Жарықтың кенеттен өзгеруі, мысалы, туннельге кіргенде не одан шыққанда.
- Сыртта жарық төмен, ал алдыңғы автокөліктің фаралары қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Алдағы көлік құралы ішінара көріну аймағында орналасқан.
- Алдағы көлік құралы — автобус, ауыр жүк көлігі, стандартты емес жүк көлігі, тіркеме және т. б.
- Алда келе жатқан көлік құралының артқы шамдары жоқ, артқы шамдар стандартты емес күйде орнатылған.
- Сыртта жарық төмен, ал алдыңғы автокөліктің артқы шамдары қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Алдағы автокөліктің артқы жағы кішкентай немесе автокөлік әдеттен тыс көрінеді, мысалы, автокөлік қисайған, төңкерілген немесе көлік бүйіріне бұрылған және т. б.

- Алда келе жатқан көлік құралының жол саңылауы тым кішкентай немесе үлкен.
- Көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші кенеттен сіздің алдыңызда тұрып қалады (пайда болады).
- Алда келе жатқан көлік құралы кеш анықталды.
- Алда келе жатқан көлік құралы кенеттен тосқауылмен жабылды.
- Алда келе жатқан көлік құралы кенеттен қозғалыс жолағын немесе жылдамдықты өзгертеді.
- Алдағы автокөліктің шанағы зақымдалған
- Алдағы автокөліктің жылдамдығы тым жоғары немесе төмен.
- Алдағы көлік құралы соқтығысудың алдын алу үшін қозғалыс жолағына қарама қарсы бағытта бұрылады.
- Жолақты төмен жылдамдықпен өзгерткеннен кейін алдыңғы жақта автокөлік тұр.
- Автокөліктің алдыңғы жағын қар басқан.
- Автокөлігіңіз тұрақсыз қозғалады.
- Сіз жолдың бұрылысындасыз немесе айналмалы жол қиылысындасыз, ал алда басқа көлік құралы анықталмады.
- Сіз үнемі айналып жүресіз.
- Алдағы көлік құралының пішіні ерекше.
- Алдағы көлік құралы өрде немесе еңістe жүреді.

Біріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD)


Бар болса



Жүргізу режимі жүргізушінің қалауына немесе жол жағдайына байланысты таңдалады. Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін жүйе қалыпты режимге оралады.

i Ақпарат

Аспаптар панелінде ақаулар болған жағдайда «NORMAL» (Стандартты) жүргізу режимі қосылады және «SPORT» (Спорттық) режиміне ауыса алмауыңыз мүмкін.



DRIVE MODE түймесін басқан кезде режим келесідей өзгереді.

- **ECO** > **NORMAL** > **SPORT** > **МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ**

Жүргізу режимінің сипаттамалары

«ECO» (Үнемді) режимі

ECO (Үнемді) режимі зиянсыз жүргізуді қамтамасыз ету үшін отын шығынының тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Отын шығынының тиімділігі автокөлікті басқару мәнері мен жол жағдайларына байланысты өзгереді.

- «ECO» режимі қосулы кезде аспаптар панелінде индикатор жанады.
- «ECO» режимін іске қосқанда:
  - Акселератор педалін басқару реакциясы акселератор педалін орташа басқан кезде аздап төмендеуі мүмкін.
  - Ауаны баптау жүйесінің жұмыс параметрлері шектеулі болуы мүмкін.
  - Трансмиссия берілістерінің ауысу схемасы өзгеруі мүмкін.
  - Трансмиссияның берілістері кейбір ауысқанда қозғалтқыштың шуы айқынырақ естілуі мүмкін, өйткені берілістің төмендеуі акселератор педалін қаттырақ басуды қажет етеді.

Жоғарыда берілген жағдайлар отын шығынының тиімділігін арттыру үшін«ECO» (Үнемді) режимі қосылған кезде қалыпты жағдай болып табылады.

«NORMAL» (Стандартты) режимі

«NORMAL» (Стандартты) режимі тегіс басқаруды және ыңғайлы жүргізу стилін қамтамасыз етеді.

«NORMAL» режимін таңдау аспаптар тақтасында ешқалай көрсетілмейді.

«SPORT» (Спорттық) режимі

«SPORT» (Спорттық) режим автокөліктің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, спорттық жүргізу стилін сақтауға мүмкіндік береді.

«SPORT» режимінде отын шығыны артуы мүмкін.

- «SPORT» режимі орнатылған кезде аспаптар панелінде «SPORT» индикаторы жанады.
- Қозғалтқышты қайта қосқан кезде автокөліктің қозғалыс режимі «NORMAL» (Стандартты) болып өзгереді.
- «SPORT» режимі қосулы болса:
  - Қозғалтқыштың айналу жылдамдығы белгілі бір уақыт аралығында, тіпті акселератор педалі жіберілгеннен кейін де жоғары болып қалады.
  - Жоғарырақ беріліске ауыстыру жылдамдықты үдеткен кезде шамалы кідіріспен орындалады.

«МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМНІҢ» сипаттамалары

Бар болса

«SMART» (Интеллектуалды) режимі

«SMART» (Интеллектуалды) режимі тежегіш педалін басып немесе рульді пайдаланып жүргізушінің жүргізу мәнерін бағалау арқылы «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді), «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) және «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) арасында тиісті жүргізу режимін таңдауға мүмкіндік береді.

Сіз «SMART» (Интеллектуалды) режимінде тап бола алатын әртүрлі жол жағдайлары

- Жүру режимі сіз акселератор педалін ақырын басқан кезде (сіздің жүргізу тәсіліңіз байсалды деп анықталады) белгілі бір уақыт өткеннен кейін автоматты түрде «ECO» (Үнемді) режиміне ауысады.
- Жүру режимі сіз акселератор педалін қатты немесе бірнеше рет басқан кезде белгілі бір уақыт өткеннен кейін автоматты түрде «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді) режимінен «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) режиміне ауысады.
- Жүру режимі көлік құралы белгілі бір бұрышпен еңіске көтеріле бастаған кезде сол бір жүргізу тәсілімен автоматты түрде «SMART NORMAL»-ға (Интеллектуалды стандартты) ауысады. Автокөлік тегіс жолға кірген кезде жүру режимі автоматты түрде «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді) күйіне ауысады.
- Жүру режимі тек қиын қозғалыс жағдайында автоматты түрде «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) күйіне ауысады . Қалыпты жол жағдайларының көпшілігінде «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді) немесе «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) жүру режимі қолданылады.
- Жүру режимі жылдамдықты күрт үдеткен кезде немесе рульді бірнеше рет басқанда автоматты түрде «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) күйіне ауысады (сіздің жүргізу мәнеріңіз спорттық деп анықталады). Бұл режимде жылдамдықты күрт үдету немесе тежеу үшін автокөлік төменірек берілісте қозғалады және қозғалтқышпен тежеу тиімділігі артады.

«SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді), «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) және «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) режимдерінің жалпы сипаттамасын «ECO, NORMAL, SPORT режимдерінің сипаттамалары» бөлімінен қараңыз.

«SMART» режимінің шектеулері

«SMART» режимі төменде көрсетілген жағдайларда шектелуі мүмкін. ECO, NORMAL, SPORT режимдерінің сипаттамалары

- Жүргізуші берілістерді қолмен ауыстыру үшін руль астындағы ауыстырып қосқышты пайдаланады. (Жүйе жүрзігушінің берілістерді қолмен ауыстыруына басымдық береді)
- Интеллектуалды круиз-контроль қосулы.
- Трансмиссия майының температурасы тым жоғары немесе тым төмен.

МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ


МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ жүру режимінде жүргізуші трансмиссияның, рульдің, аспаның және толық жетектің баптауларын жекелендіре алады.

- МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМДІ баптау үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде мына бөлімге өтіңіз: **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізу режимі** > **МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕМ**.

МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ	
Қуат блогы	ECO/NORMAL/SPORT/ SMART
Рульмен басқару	NORMAL/SPORT

Біріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (4WD)

Жүргізу режимі




Жүргізу режимі жүргізушінің қалауына немесе жол жағдайына байланысты таңдалады.

Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін жүйе қалыпты режимге оралады.

i Ақпарат

Аспаптар панелінде ақаулар болған жағдайда «NORMAL» (Стандартты) жүргізу режимі қосылады және «SPORT» (Спорттық) режиміне ауыса алмауыңыз мүмкін.



DRIVE MODE (немесе DRIVE/TERRAIN) ауыстырып қосқышын бұру немесе ауыстыру кезінде режим келесідей өзгереді.

- **ECO** > **NORMAL** > **SPORT** > **МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ**

Жүргізу режимінің сипаттамалары

«ECO» (Үнемді) режимі

ECO (Үнемді) режимі зиянсыз жүргізуді қамтамасыз ету үшін отын шығынының тиімділігін арттыруға көмектеседі. Отын шығынының тиімділігі автокөлікті басқару мәнері мен жол жағдайларына байланысты өзгереді.

- «ECO» режимі қосулы кезде аспаптар панелінде индикатор жанады.
- «ECO» режимін іске қосқанда:
  - Акселератор педалін басқару реакциясы акселератор педалін орташа басқан кезде аздап төмендеуі мүмкін.
  - Ауаны баптау жүйесінің жұмыс параметрлері шектеулі болуы мүмкін.
  - Трансмиссия берілістерінің ауысу схемасы өзгеруі мүмкін.
  - Трансмиссияның берілістері кейбір ауысқанда қозғалтқыштың шуы айқынырақ естілуі мүмкін, өйткені берілістің төмендеуі акселератор педалін қаттырақ басуды қажет етеді.

Жоғарыда берілген жағдайлар отын шығынының тиімділігін арттыру үшін«ECO» (Үнемді) режимі қосылған кезде қалыпты жағдай болып табылады.

«NORMAL» (Стандартты) режимі

«NORMAL» (Стандартты) режимі тегіс басқаруды және ыңғайлы жүргізу стилін қамтамасыз етеді.

«NORMAL» режимін таңдау аспаптар тақтасында ешқалай көрсетілмейді.

«SPORT» (Спорттық) режимі

«SPORT» (Спорттық) режим автокөліктің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, спорттық жүргізу стилін сақтауға мүмкіндік береді.

«SPORT» режимінде отын шығыны артуы мүмкін.

- «SPORT» режимі орнатылған кезде аспаптар панелінде «SPORT» индикаторы жанады.
- Қозғалтқышты қайта қосқан кезде автокөліктің қозғалыс режимі «NORMAL» (Стандартты) болып өзгереді.
- «SPORT» режимі қосулы болса:
  - Қозғалтқыштың айналу жылдамдығы белгілі бір уақыт аралығында, тіпті акселератор педалі жіберілгеннен кейін де жоғары болып қалады.
  - Жоғарырақ беріліске ауыстыру жылдамдықты үдеткен кезде шамалы кідіріспен орындалады.

«МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМНІҢ» сипаттамалары

Бар болса

«SMART» (Интеллектуалды) режимі

«SMART» (Интеллектуалды) режимі тежегіш педалін басып немесе рульді пайдаланып жүргізушінің жүргізу мәнерін бағалау арқылы «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді), «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) және «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) арасында тиісті жүргізу режимін таңдауға мүмкіндік береді.

Сіз «SMART» (Интеллектуалды) режимінде тап бола алатын әртүрлі жол жағдайлары

- Жүру режимі сіз акселератор педалін ақырын басқан кезде (сіздің жүргізу тәсіліңіз байсалды деп анықталады) белгілі бір уақыт өткеннен кейін автоматты түрде «ECO» (Үнемді) режиміне ауысады.
- Жүру режимі сіз акселератор педалін қатты немесе бірнеше рет басқан кезде белгілі бір уақыт өткеннен кейін автоматты түрде «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді) режимінен «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) режиміне ауысады.
- Жүру режимі көлік құралы белгілі бір бұрышпен еңіске көтеріле бастаған кезде сол бір жүргізу тәсілімен автоматты түрде «SMART NORMAL»-ға (Интеллектуалды стандартты) ауысады. Автокөлік тегіс жолға кірген кезде жүру режимі автоматты түрде «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді) күйіне ауысады.
- Жүру режимі тек қиын қозғалыс жағдайында автоматты түрде «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) күйіне ауысады . Қалыпты жол жағдайларының көпшілігінде «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді) немесе «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) жүру режимі қолданылады.

- Жүру режимі жылдамдықты күрт үдеткен кезде немесе рульді бірнеше рет басқанда автоматты түрде «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) күйіне ауысады (сіздің жүргізу мәнеріңіз спорттық деп анықталады). Бұл режимде жылдамдықты күрт үдету немесе тежеу үшін автокөлік төменірек берілісте қозғалады және қозғалтқышпен тежеу тиімділігі артады.

«SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді), «SMART NORMAL» (Интеллектуалды стандартты) және «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) режимдерінің жалпы сипаттамасын «ECO, NORMAL, SPORT режимдерінің сипаттамалары» бөлімінен қараңыз.

«SMART» режимінің шектеулері

«SMART» режимі төменде көрсетілген жағдайларда шектелуі мүмкін. ECO, NORMAL, SPORT режимдерінің сипаттамалары

- Жүргізуші берілістерді қолмен ауыстыру үшін руль астындағы ауыстырып қосқышты пайдаланады. (Жүйе жүрзігушінің берілістерді қолмен ауыстыруына басымдық береді)
- Интеллектуалды круиз-контроль қосулы.
- Трансмиссия майының температурасы тым жоғары немесе тым төмен.

МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ (бар болса)

МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ жүру режимінде жүргізуші трансмиссияның, рульдің, аспаның және толық жетектің баптауларын жекелендіре алады.

- МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМДІ баптау үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде мына бөлімге өтіңіз: **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізу режимі** > **БАПТАЛАТЫН** > **МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕМ.**

МЕНІҢ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІМ	
Қуат блогы	ECO/NORMAL/SPORT/ SMART
Рульмен басқару	NORMAL/SPORT

Бетті таңдау режимі

Бетті таңдау режимі жол жағдайына сәйкес қозғалтқыш пен тежегішті басқару арқылы оңтайлы жүргізу өнімділігіне қол жеткізуге көмектеседі. Қалыпты жүру режимінен бетті таңдау режиміне ауысу үшін «DRIVE/TERRAIN» түймесін басыңыз.

Толығырақ осы тараудың «Біріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (4WD)» бөлімінен қараңыз.

Жүргізудің ерекше шарттары

Қауіпті жүргізу шарттары

Қауіпті жағдайларда, мысалы, суда, қарда, мұзда, балшықта, құмда және т.б. жүру қажет болғанда, келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Абайлап қозғалыңыз, тежеу жолының артатынын есте сақтаңыз.
- Кенет тежемеңіз не рульді қатты айналдырмаңыз.
- Егер автокөлік қарда, балшықтау не құмда тұрып қалса, екінші беріліске ауысыңыз. Дөңгелектердің қажетсіз сырғып кетуіне жол бермеу үшін жылдамдықты баяу үдетіңіз.
- Автокөлік мұзда, қарда немесе балшықта тұрып қалған жағдайда, бетпен қосымша ілініст қамтамасыз ету үшін дөңгелектің астына құмды, тас тұзды, дөңгелек шынжырын немесе басқа сырғытпайтын құралдарды салыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тайғақ бетпен қозғалу кезінде автоматты беріліс қорабымен төмен беріліске ауысу апатқа әкелуі мүмкін. Жылдамдықтың кенеттен өзгеруі сырғанауға әкелуі мүмкін. Тайғақ бетте берілісті төмендету кезінде абай болыңыз.

Автокөлікті тербелту

Автокөлікті қардан, құмнан не балшықтан босату үшін оны тербелту қажет болғанда, алдыңғы дөңгелек айналасын тазарту үшін алдымен рульді оңға және солға қарай бұрыңыз. Содан кейін «R» (Артқа жүру) режимдері мен алға жүру режимдері арасында ауысыңыз. Дөңгелектерді айналдырмауға тырысыңыз және қозғалтқышты шамадан тыс жүктемеңіз.

Трансмиссия тозбауы үшін берілістерді ауыстырмас бұрын дөңгелектер айналып болғанша күтіңіз. Берілістерді ауыстыру кезінде акселератор педалін жіберіңіз және беріліс қосулы кезде акселератор педалін аздап басыңыз. Дөңгелектердің алға және артқа баяу айналуы автокөлікті босата алатын тербелмелі қозғалысты тудырады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер автокөлік кептеліп қалса және дөңгелектер тым жылдам айналса, шиналардағы температура өте тез көтерілуі мүмкін. Шина зақымдалған кезде шина жыртылуы немесе жарылуы мүмкін. Бұл қауіпті: сіз және басқа адамдар жарақат алуыңыз мүмкін. Автокөліктің жанында адамдар немесе кез келген заттар болса, бұл маневрді қолданбаңыз.

Егер сіз автокөлікті босатуға тырыссаңыз, ол тез қызып кетуі мүмкін, бұл мотор бөлімінің өртенуіне немесе басқа зақымдарға әкелуі мүмкін. Шиналардың немесе қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеу үшін дөңгелектерді мүмкіндігінше айналдырмауға тырысыңыз. Дөңгелектердің 56 км/сағ (35 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен айналуына жол бермеңіз.

i Ақпарат

Автокөлікті тербелтпей тұрып ESC жүйесін өшіріп қою керек.

Ескертпе

Егер автокөлікті бірнеше әрекеттен кейін босатып ала алмасаңыз, қозғалтқыш қызып кетпеуі, трансмиссия мен шиналар зақымдалмауы үшін сүйреуішті қолданған жөн. 8-бөлімдегі «Сүйреу» тарауын қараңыз.

Бірқалыпты бұрылыстар

Бұрылыстарда тежемеңіз немесе берілістерді ауыстырмаңыз, әсіресе жол дымқыл болғанда. Бұрылыстардан жылдамдықты біртіндеп үдетіп өткен жөн.

Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу

Түнде көлік жүргізу күндіз жүргізуден гөрі қауіпті. Мұнда есте сақтау керек бірнеше маңызды кеңестер берілген.

- Жылдамдықты төмендетіп, өзіңіздің және басқа автокөліктің арасындағы қашықтықты сақтап отырыңыз, себебі түнде көру қабілеті төмендейді, әсіресе көше жарығы жоқ жерлерде.
- Айналарды басқа автокөлік фараларының жарқылын азайтатындай етіп реттеңіз.
- Көлігіңіздің фаралары таза және дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз. Лас немесе дұрыс реттелмеген фаралар түнде көру мүмкіндігін айтарлықтай нашарлатады.
- Қарсы келе жатқан автокөліктердің фараларына тікелей қарауға әрекет жасамаңыз. Уақытша көрмей қалып, көзге қайтадан қараңғылыққа үйрену үшін бірнеше секунд қажет болады.

Автокөлікті жауын шартында жүргізу

Жаңбырда және дымқыл жолда көлік жүргізу қауіпті болуы мүмкін. Көлікті жаңбырлы ауа райында немесе тайғанақ жол жабынында жүргізген кезде кейбір жағдайларды ескерген жөн

- Жылдамдықты төмендетіп, қашықтықты арттырыңыз. Нөсер жаңбыр көру мүмкіндігін айтарлықтай нашарлатады және аялдау жолының ұлғаюына әкеледі, сондықтан автокөліктің жылдамдығын төмендетіңіз.
- Круиз-контрольді немесе интеллектуалды круиз-контрольді өшіріңіз (бар болса).
- Алдыңғы әйнекте сызықтар қалдыратын немесе бос орын қалдыратын алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларын ауыстырыңыз.
- Шиналардың тозуын қадағалаңыз. Егер шиналар қатты тозған болса, атокөліктің дымқыл жол жабынында кенеттен тоқтауы олардың сырғып кетуіне және жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін. 9-бөлімдегі «Шиналарды ауыстыру» тарауын қараңыз.
- Автокөлік басқа қозғалыс қатысушыларына жақсы көрінуі үшін алдыңғы фараларды қосып қойыңыз.
- Үлкен шалшықтарда жоғары жылдамдықпен жүру тежеу жүйесіне теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан автокөлігіңіздің жылдамдығын төмендетуге тырысыңыз.
- Егер тежегіштер су боп қалса, тежегіштердің қалыпты жұмысы қалпына келгенше қозғалғанда сәл тежеп жүріңіз.

Аквақалқу

Егер жол аса сулы, ал жылдамдық үлкен болса, автокөлік жол бетімен жанасуын ішінара не толығымен жоғалтып, су бетінде тайғанауы мүмкін. Су жолмен жүргенде ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АЗАЙТҚАН жөн.

Протектор биіктігі азайған кезде аквақалқу қаупі артады, 9-тараудағы «Шиналарды ауыстыру» бөлімін қараңыз.

Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу

Егер сіз судың дөңгелек күпшегінің төменгі жағынан жоғары емес екеніне сенімді болмасаңыз, су басқан жерлерде жүруден аулақ болыңыз. Су кедергілерін төмен жылдамдықпен басып өтіңіз.

Жеткілікті тежеу жолын қамтамасыз ету қажеттілігін қарастырыңыз, өйткені су тежеу жүйесінің тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Сумен жүргеннен кейін бірнеше рет төмен жылдамдықпен баяу тежеу арқылы тежегіштерді құрғатыңыз.

Автомагистральдарда қозғалу

Шиналар

Нұсқаулықта көрсетілгендей шиналардағы қысымды реттеңіз. Шиналардағы жеткіліксіз қысым шиналардың қызып кетуіне немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Тозған не зақымдалған шиналарды орнатпаңыз. Бұл тарту күшін төмендетуі не тежеуді нашарлатуы мүмкін.

i Ақпарат

Шиналардағы көрсетілген максималды қысымынан асырмаңыз.

Отын, қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы және мотор майы.

Автомагистральдарда жоғары жылдамдықпен жүру орташа жылдамдықпен жүргенмен салыстырғанда, отын шығынының артуына әкеледі. Отынды үнемдеу мақсатында автомагистральдарда орташа жылдамдықпен жүрген жөн.

Жол жүрмей тұрып қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының деңгейі мен мотор майының деңгейін тексеру керек.

Жетекті белдік

Әлсіз не зақымдалған жетекті белдік қозғалтқыштың қызуына әкелуі мүмкін.

Аударылу қаупін азайту

Сіздің әмбебап жолаушылар көлігіңіз өткіштігі жоғары автокөлік (SUV) болып саналады. SUV класындағы көліктердің жол саңылауы ұлғайған және жолтабаны тарылған, бұл оларды жолсыз жағдайда пайдалануға мүмкіндік береді. Құрылымының ерекшеліктеріне байланысты олардың ауырлық орталығы кәдімгі көліктерге қарағанда жоғары орналасқан, сондықтан күрт бұрылыстарда олар аударылуға бейім. Жол талғамайтын көліктердің басқа көлік түрлерімен салыстырғанда аударылу ықтималдығы жоғары. Осы қауіпке байланысты жүргізуші мен жолаушыларға қауіпсіздік белдіктерін тағу ұсынылады. Аударылған жағдайда жолаушы немесе жүргізуші қауіпсіздік белдігін тақпаса, олар өлімге жетелейтін жарақат алулары әбден мүмкін.

Аударылу қаупін азайту үшін жүргізуші кейбір шараларды қолдана алады. Мүмкін болса, күрт бұрылыстар мен кенет маневрлер жасамаңыз, көліктің төбесіне ауыр жүкті қоймаңыз, сонымен қатар көліктің құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жол талғамайтын көліктердің басқа көлік түрлерімен салыстырғанда аударылу ықтималдығы жоғары. Аударылмау немесе көлікті басқару мүмкіндігінен айырылып қалмау үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

- Жолаушылар көлігіндегіге қарағанда төмен жылдамдықпен бұрылу.
- Шұғыл бұрылыс пен күрт маневр жасамау.
- Ауырлық орталығының жоғарылауына әкелуі мүмкін автокөлік құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеу.
- Шиналардағы қысымды бақылау.
- Төбеге ауыр жүкті қоймау.

⚠ ЕСКЕРТУ

Аударылған жағдайда жолаушы немесе жүргізуші қауіпсіздік белдігін тақпаса, олар өлімге жетелейтін жарақат алулары әбден мүмкін. Барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін таққанына көз жеткізіңіз.

Көлікті қыста жүргізу

Қыста ауа-райының қолайсыздығына байланысты шиналар тез тозады және басқа да мәселелер туындайды. Қыс мезгілінде көлік жүргізу кезінде қиындықтарды азайту үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз.

Қар мен мұзда жүру

Алдағы және жаныңыздағы автокөліктерге дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

Тежегішті ақырын басыңыз. Жоғары жылдамдықпен жүру, күрт үдеу және тежеу, сондай-ақ күрт бұрылыстар өте қауіпті. Жылдамдықты төмендету үшін қозғалтқышпен тежеуді пайдаланыңыз. Қарлы не тайғақ жолдарда кенет тежеу көліктің сырғуына әкелуі мүмкін.

Терең қарда жүру үшін қысқы шиналарды немесе сырғытпайтын шынжырларды орнату қажет болуы мүмкін.

Автокөлікте апаттық жинақты әрдайым алып жүріңіз. Басқа нәрселермен қатар, сапар кезінде дөңгелек шынжырлары, сүйреу сымарқандары немесе шынжырлары, шам, сигналдық зымырандар, құм, күрек, байланыстырушы кабельдер, терезе қырғыш, қолғап, брезент, комбинезон, көрпе және т. б. қажет болуы мүмкін.

Қысқы шиналар

⚠ ЕСКЕРТУ

Қысқы шиналардың өлшемі мен типі автокөліктің стандартты шиналарындағылармен бірдей болуы тиіс. Бұл ережені сақтамау сіздің көлігіңіздің басқарылуы мен қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Жол жабынының температурасы 7 °C (45 °F) төмен болған кезде қысқы шиналарды пайдалануды ұсынамыз.

Қысқы шиналарды орнатқан кезде олардың қысымы түпнұсқа шиналардағы қысымға сәйкес келетіндігін тексеріңіз. Көлікті кез келген ауа-райында еш уайымсыз жүргізу үшін барлық төрт дөңгелекке қысқы шиналарды орнатыңыз. Қысқы шиналардың құрғақ жолмен ілінісу күші түпнұсқа шиналармен салыстырғанда азырақ болуы мүмкін. Қысқы шиналармен жүруге ұсынылатын максималды жылдамдықты шина сатушысынан анықтауға болады.

Дөңгелек шынжырлары

Сым түріндегі шынжыр



Сым түріндегі шынжыр



Радиалды шиналардың бүйірлері өзге типтегі шиналарға қарағанда жіңішкелеу болғандықтан, сырғытпайтын шынжырдың кейбір түрлерін орнатқан кезде оларды зақымдап алуға болады. Сол себепті сырғытпайтын шынжырлардың орнына қысқы шиналарды қолданған жөн. Сырғытпайтын шынжырларды пайдалану кезінде HYUNDAI түпнұсқа бөлшектерін немесе олардың көлігіңізге арналған аналогтарын пайдаланыңыз. Шынжырларды орнатпас бұрын тиісті нұсқаулармен танысуды ұсынамыз. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері дұрыс емес сырғытпайтын шынжырларды орнатудан туындаған автокөліктердің зақымдалуына қолданылмайды.

Дөңгелек шынжырларын пайдаланған кезде оларды жетекші дөңгелектерге келесідей бекітіңіз.

Бір осьті жетек: алдыңғы дөңгелектер

Толық жетек: барлық төрт дөңгелек.

Егер толық жетекті автокөлік шынжырларының толық жиынтығы болмаса, шынжырларды тек алдыңғы дөңгелектерге орнатуға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Шынжырларды орнату автокөліктің басқарылу мүмкіндігіне теріс әсер етуі мүмкін:

- 30 км/сағ (20 миль/сағ) аспайтын жылдамдықпен немесе сырғытпайтын шынжырларды өндіруші ұсынған, яғни қай жылдамдықтың төмен екеніне байланысты жүріңіз.
- Автокөлікті абайлап жүргізіңіз, кедір-бұдыр және шұңқыр жолмен жүрмеңіз, шұғыл бұрылыс жасамаңыз және тұрақтылықтың жоғалуына әкелуі ықтимал қауіптерден аулақ болыңыз.
- Шұғыл бұрылыс жасамай, сырғып тежемеңіз.

i Ақпарат

- Шынжырларды тек жұппен және тек алдыңғы дөңгелектерге орнатыңыз. Есіңізде болсын, сырғытпайтын шынжырларды орнату қозғаушы күшті арттырады, бірақ сырғанауға қарсы тұра алмайды.
- Тікенекті шиналарды, оларды қолданудағы ықтимал шектеулерге қатысты жергілікті және мемлекеттік ережелермен алдын ала танысып алғанша, орнатпаңыз.

Шынжырларды орнату

Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан кезде өндірушінің нұсқауларын орындап, оларды барынша тығыз орнату керек. Егер шынжырлар орнатылған болса, баяу жүріңіз (30 км/сағ (20 миль)). Егер шынжырлардың көліктің шанағына немесе жақтауына ілініп жатқанын естісеңіз, оларды мықтап тартыңыз. Егер шынжырлар іліне берсе, дыбыс жоғалып кеткенше жылдамдықты төмендетіңіз. Тазартылған жолға шыққан кезде сырғытпайтын шынжырларды алып тастау керек.

Сырғытпайтын шынжырларды орнату үшін автокөлікті өтіп бара жатқан көлік құралдарынан алшақтау, тегіс алаңға қойыңыз. Автокөлікте апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және көліктің артында үшбұрышты апаттық аялдау белгісін орнатыңыз (бар болса). Сырғытпайтын шынжырларды орнатпас бұрын берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз және қозғалтқышты өшіріңіз.

Ескертпе

Сырғытпайтын шынжырларды пайдаланған кезде төменде көрсетілген ақпаратты ескеріңіз.

Егер сырғытпайтын шынжырларды пайдалану қажет болса, төмендегі кестені қараңыз.

Шина өлшемі	Шынжыр түрі
235/65R17	Сым шынжырлар (қалыңдығы 12 мм-ге дейін (0,47 дюйм)) немесе мата шынжырлар
235/60R18	Мата шынжырлар
235/55R19	

- Шиналардың өлшемін қате таңдау немесе шынжырлардың қате орнатылуы тежеу сызықтарының, шанақ пен дөңгелектердің зақымдануына әкелуі мүмкін.
- SAE «S» класына жататын шиналарды не сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз.
- Егер сіз шанаққа шынжырлардың ілінуінен туындаған шуды естісеңіз, шынжырды көліктің шанағына тимеуі үшін мықтап тартыңыз.
- Шанақ зақымданбауы үшін шынжырларды 0,5-1,0 км (0,3-0,6 миль) кейін тартыңыз.
- Алюминий дискілері бар автокөліктерге шынжырды орнатпаңыз. Егер мұны жасауға тура келсе, мата түріндегі шынжырларды қолданыңыз.
- Шынжыр қосылымына зақым келтірмеу үшін сырғытпайтын шынжырлардағы түйіндердің қалыңдығы 12 мм (0,47 дюйм) аспауы керек.

Қыс мезгіліндегі сақтық шаралары

Салқындатқыш сұйықтығы ретінде жоғары сапалы этиленгликольді қолданыңыз

Автокөлігіңіз салқындату жүйесіндегі жоғары сапалы этиленгликоль салқындатқыш сұйықтығымен бірге келеді. Бұл пайдалануға болатын салқындатқыш сұйықтықтың жалғыз түрі, себебі ол салқындату жүйесінде коррозияның алдын алуға, су сорғысын майлауға және қатып қалуға жол бермейді. 9-бөлімдегі техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру немесе толтыру қажет. Қыс басталмас бұрын салқындатқыш сұйықтықты суық мезгілде күтілгеннен төмен температурада қатып қалатынына көз жеткізу үшін тексеріңіз.

Аккумулятор мен электржетекті тексеру

Төмен температура аккумулятордың қызмет ету мерзіміне теріс әсер етеді. **Аккумулятор мен кабельдерді 9-бөлімде көрсетілгендей тексеріңіз.** АКБ зарядының деңгейін ресми HYUNDAI дилерінде немесе техқызмет көрсету бекетінде тексеру ұсынылады.

Қажет болғанда қысқы майды құйыңыз

Кейбір аймақтарда қыс мезгілінде тұтқырлығы аздау «қысқы» майды қолдануға кеңес беріледі. Сонымен қатар, егер келесі техникалық қызмет көрсету аралығы жақындаса, мотор майы мен сүзгіні ауыстыру керек. Жаңа мотор майы қыста қозғалтқыштың оңтайлы жұмысын қамтамасыз етеді. Толық ақпарат алу үшін 2-бөлімді қараңыз. Егер сіз қыста қандай майды қолдану керектігін білмесеңіз, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Оталдыру білтелері мен оталдыру жүйесін тексеріңіз.

Оталдыру білтелерін 9-бөлімде көрсетілгендей тексеріңіз. Қажет болғанда білтелерді ауыстырыңыз. Оған қоса сымдар жүйесі мен оталдыру жүйесі шынжырының басқа компоненттерінде жарықтардың, тозудың және зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз.

Есік құлыптарының қатып қалуын болдырмау

Құлыптардың қатып қалуын болдырмау үшін мақұлданған мұзға қарсы сұйықтықты немесе глицеринді құлыптың оймасына себіңіз. Егер құлыптың оймасы мұзбен жабылған болса, оны кетіру үшін мұзға мақұлданған мұзға қарсы сұйықтықты себіңіз. Егер құлыптың ішкі жағы қатып қалса, оны қыздырылған кілтпен жібітуге тырысыңыз. Күйіп қалмас үшін қыздырылған кілтті абайлап қолданыңыз.

Әйнекжуғыш жүйесіне қолдануға рұқсат берілген антифриз

Жуғыш қатып қалмауы үшін жуғыш бакта көрсетілген рұқсат етілген антифриз ерітіндісін қосыңыз. Әйнекжуғыштың қатып қалуына жол бермейтін ерітіндіні HYUNDAI ресми дилерінен және көптеген автокөлік дүкендерінен сатып алуға болады. Лак-бояу жабынына зақым келтірмеу үшін қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифриздің басқа түрлерін пайдаланбаңыз.

Алдыңғы әйнектазалағыштарды тексеріңіз

Келесі шарттарды бар-жоғын тексеріңіз:

- Мұз немесе қар алдыңғы және артқы әйнектен тазартылған.
- Әйнектазалағыштың жүздері әйнекке қатып қалмады және жабыспайды.

Тұрақ тежегішінің қатуына жол бермеңіз.

Кейбір жағдайларда тұрақ тежегіші қосылып тұрған күйінде қатып қалуы мүмкін. Бұл көбінесе артқы тежегіш аймағында қар немесе мұз жиналған кезде немесе тежегіштер суланған кезде орын алады. Егер тұрақ тежегішінің қатып қалу қаупі болса, оны беріліс қорабы «P» (Тұрақ) күйінде болғанда уақытша іске қосыңыз. Сондай-ақ, автокөлік домалап кетпеуі үшін артқы дөңгелектерді алдын ала бұғаттаңыз. Одан кейін тұрақ тежегішін жіберіңіз.

Түбіне қар мен мұздың жиналуына жол бермеңіз

Кейбір жағдайларда қар мен мұз қанаттардың астына жиналып, рульді басқаруға кедергі келтіруі мүмкін. Қыс мезгілінде қозғалу кезінде автокөліктің астына қарап, алдыңғы дөңгелектер мен руль жүйесінің бұғатталмағанын үнемі тексеріп отыру керек.

Апаттық жарақтандыру

Сізде әрқашан ауа-райына сәйкес келетін апаттық жарықтандыру жабдығы болуы керек. Басқа нәрселермен қатар, сапар кезінде дөңгелек шынжырлары, сүйреу сымарқандары немесе шынжырлары, шам, сигналдық шырақтар, құм, күрек, байланыстырушы кабельдер, терезе қырғыш, қолғап, брезент, комбинезон, көрпе және т. б. қажет болуы мүмкін.

Мотор бөлігіне бөгде заттарды не материалдарды қоймаңыз

Мотор бөлігіндегі бөгде заттар не материалдар қозғалтқыштың ақаулығына немесе тұтануына әкелуі мүмкін, себебі олар қозғалтқыштың салқындауына кедергі келтіруі ықтимал. Өндірушінің кепілдігі мұндай зақымдарға қолданылмайды.

Конденсация кезінде және газ шығаратын түтіктердің ішінде су буы жиналса, автокөлікті қозғалысқа келтіріңіз

Егер көлік қыста ұзақ уақыт пайдаланылмаса, қозғалтқыш оталғаннан кейін су буы конденсацияланып, газ шығаратын түтіктердің ішіне жиналуы мүмкін. Газ шығаратын түтіктердің ішіне судың жиналуы шу тудыруы мүмкін, бірақ орташа немесе жоғары жылдамдықпен жүрген кезде ылғал кетеді.

Тіркемені сүйреу

Егер сіз тіркемені автокөлікпен сүйретуді жоспарласаңыз, алдымен сіздің елде қолданылатын заңнама талаптарымен танысуыңыз керек. Тіркемелерді, автокөліктерді немесе көлік құралдары мен жабдықтардың басқа түрлерін сүйреуге қойылатын талаптар тұрғысынан заңдар әр түрлі болуы мүмкін. Егер сіз қыста қандай майды қолдану керектігін білмесеңіз, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Тіркемесі бар автокөлікті басқару тіркемесіз автокөлікті басқарудан өзгеше болатынын ескеріңіз. Сүйреу кезінде басқару мүмкіндігі, сапар ұзақтығы және отын шығыны өзгереді. Тіркемені қауіпсіз сүйреу үшін дұрыс пайдалануды қажет ететін тиісті жабдық керек. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері тіркемені дұрыс емес сүйреуден туындаған автокөліктердің зақымдалуына қолданылмайды.

Бұл бөлімде тіркемені сүйреу бойынша уақытпен сыналған кеңестер мен қауіпсіздік ережелері берілген. Бұл кеңестер сіздің қауіпсіздігіңіз үшін де, жолаушыларыңыздың қауіпсіздігі үшін де маңызды. Тіркемені сүйреуді бастамас бұрын, осы бөлімді мұқият оқып шығыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Егер сіз дұрыс таңдалмаған жабдықты және/немесе дұрыс емес жүргізу әдістерін қолдансаңыз, тіркемені сүйреген кезде автокөлікті басқару мүмкін болмауы мүмкін. Мысалы, егер тіркеме тым ауыр болса, тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін. Сіз және сіздің жолаушыларыңыз ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақат алуыңыз мүмкін. Осы бөлімде сипатталған барлық әрекеттерді орындағаннан кейін ғана тіркемені сүйрей бастаңыз.
- Сүйреу алдында тіркеменің толық массасы, GCW (автопойыздың толық массасы), GVW (автокөліктің толық массасы), GAW (көпірге түскен толық салмақ) және тіркеме жалғастырғышынан түсетін салмақ рұқсат етілген шектерде екеніне көз жеткізіңіз.
- Тіркемені сүйреген кезде стоп-старт жүйесінің өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

i Ақпарат

Европа үшін

- Артқы оське (осьтерге) түсетін техникалық рұқсат етілген максималды жүктеме 15%-дан аспауы керек, ал автокөлікке түсетін жүктеменің техникалық рұқсат етілген салмағы осы мәндердің қайсысы аз екеніне байланысты 10%-дан немесе 100 кг-нан (220,4 фунт) аспауы керек. Бұл жағдайда жылдамдықты M1 санатындағы автокөлік үшін 100 км/сағ (62,1 миль/сағ) немесе N1 санатындағы автокөлік үшін 80 км/сағ (49,7 миль/сағ) асырмау керек.
- M1 санатындағы автокөлік тіркемені сүйрегенде, тарту-ілінісу құрылғысына қосымша жүктеме артқы шиналарға түсетін максималды номиналды жүктемеден асып кетуі мүмкін, ол 15%- дан аспауы керек. Бұл жағдайда жылдамдықты 100 км/сағ (62,1 миль/сағ) асырмаңыз және шиналардағы қысымды аз дегенде 0,2 барға арттырыңыз.
  - M1: жолаушылар көлігі (9 орынға дейін)
  - N1: жүк көлігі (3,5 тоннаға дейін)

i Ақпарат

Тіркеме пайдаланылмаған кезде нөмір белгісі көрінуі үшін оны автокөліктен ажыратыңыз.


Тіркемені сүйреген кезде

Тіркемені сүйреу туралы шешім қабылданған жағдайда төменде бірнеше ықтимал кеңестер берілген.

- Көлденең тұрақтылықты қамтамасыз ету құралдарын қарастырыңыз. Көлденең тұрақтылықты қамтамасыз ету құралдарын тарту-ілінісу құрылғысының сатушысына хабарласыңыз.
- Қозғалтқышты жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін автокөлік алғашқы 2000 км (1200 миль) жол жүрген кезде сүйреуді орындамаған жөн. Осы сақтық шараны орындамау қозғалтқыштың не беріліс қорабының ауыр зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Тіркеме қолдануды жоспарлай отырып, қосымша талаптар, мысалы, сүйреу жинағын және т.с.с. пайдалану туралы ақпарат алу үшін міндетті түрде ресми HYUNDAI дилерлік орталығына хабарласқан жөн.
- Әрқашан тек орташа жылдамдықпен (100 км/сағ (60миль/сағ) кем) немесе сүйреу жылдамдығының ресми шегінде жүріңіз.
- Ұзақ өрлерде 70 км/сағ (45 миль/сағ) жылдамдығынан немесе жол белгісіндегі максималды сүйреу жылдамдығынан (қай мәннің кем екеніне қарай) аспаңыз.
- Келесі беттерде берілген масса мен салмақ бойынша шектеулер туралы ақпаратты мұқият оқыңыз.

Тіркеме массасы


Тарту-ілінісу құрылғысына түсетін жүктеме / Тіркеменің толық массасы



Тіркеменің максималды қауіпсіз массасы қандай? Ол тіркеме тежегіштері ұстай алатын максималды массадан аспауы керек. Бірақ бұл жағдайда да масса тым үлкен болуы мүмкін. Мұның бәрі тіркемені қалай пайдалануды жоспарлағаныңызға байланысты. Мысалы, қозғалыс жылдамдығы, теңіз деңгейінен жоғары биіктік, жолдың көлбеуі, қоршаған ортаның температурасы және автокөлік тіркемені сүйреу үшін қаншалықты жиі қолданылатыны сияқты параметрлер маңызды. Тіркеменің оңтайлы массасы автокөлікте орнатылған арнайы жабдықтың параметрлеріне де байланысты.

Тарту-ілінісу құрылғысына түсетін жүктеме

Көпірге толық жүктеме / автокөліктің толық массасы



Тарту-ілінісу құрылғысына түсетін жүктеме білуге тиіс маңызды параметр болып табылады, өйткені ол автокөліктің жалпы максималды массасына (GVW) әсер етеді. Тарту-ілінісу құрылғысына түсетін жүктеме тіркеменің толық массасының 10%-нан % аспауы тиіс және тарту-ілінісу құрылғысына түсіруге рұқсат етілген ең жоғары жүктеме шегінде болуы тиіс.

Тіркеме жүктелгеннен кейін оның массасын және тарту-ілінісу құрылғысына түсетін жүктемені бөлек олардың нормативтік мәндерге сәйкес келетінін не келмейтінін білу үшін анықтау қажет. Егер бұл көрсеткіштер асып кетсе, оларды тіркеме ішіндегі жүкті қайта бөлу арқылы түзетуге болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.


- Тіркеме жүктелген кезде массаның көп бөлігін оның артқы жағына таратпау керек. Жүктің жалпы массасының шамамен 60%-ы тіркеменің алдыңғы жағына, жүктің жалпы массасының шамамен 40%-ы тіркеменің артқы жағына орналастырылуы тиіс.
- Тіркеме жүктемеуге болатын максималды шекті массаны немесе тіркеменің тарту-ілінісу құрылғысында тиеуге болатын жүктемені асырмаңыз. Тиісінше жүктелмеген жүк автокөлікке зақым келтіруі немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Масса мен жүктемені өнеркәсіптік таразыларда немесе таразымен жабдықталған жол-бекет қызметі бекетінде тексеруге болады.

i Ақпарат

Теңіз деңгейінен жоғары биіктік жоғарылағанда қозғалтқыштың өнімділігі төмендейді. Теңіз деңгейінен 1000 м биіктіктен бастап және әрбір келесі 1000 м-ден кейін автокөлік/тіркеме салмағының 10%-ын (тіркеме салмағы + автокөліктің жалпы салмағы) шегеру керек.

Тіркемені сүйреуге арналған жабдық

Тарту-ілінісу құрылғысы



i Ақпарат

Фаркоптарды бекітуге арналған бекіту тесіктері артқы дөңгелектердің артында шанақ түбінің екі жағында орналасқан.

Тіркеу құрылғысын дұрыс таңдау аса маңызды. Бүйірлік жел, өтіп бара жатқан ауыр жүк көліктері және кедір-бұдыр жолдар — дұрыс тарту-ілінісу құрылғысының болуының кейбір себептері ғана. Төменде көрсетілген ережелерді сақтаңыз.

- Егер фаркопты орнату үшін автокөліктің шанағында тесіктер бұрғылау қажет болса, бұл құрылғыны алып тастағаннан кейін оларды герметикалық түрде жабуды ұмытпаңыз. Әйтпесе, салонға газ шығаратын түтіктен өлімге жетелейтін көміртегі тотығы (CO), сондай-ақ кір мен су кіруі мүмкін.

- Автокөлік бамперлері ілініс құрылғыларын бекітуге арналмаған. Оларға уақытша немесе басқа фаркоптарды бекітпеңіз. Бамперге емес, жақтауға ғана бекітілетін фаркоптарды қолданыңыз.
- Механикалық ілінісу құрылғысы автокөліктің артқы нөмір белгісінің немесе шамдарының бірде-бір бөлігін жасырмауы тиіс.

  Егер механикалық ілінісу құрылғысының кез келген бөлігі артқы нөмір белгісін және/немесе шамдарды ішінара жасыруы мүмкін болса, механикалық ілінісу құрылғымен бірге жеткізілетін ең қарапайым (яғни күш 20 Н м аспайтын) ығыстырма кілтінен басқа құралдарды қолданбай тез алып тастауға немесе жылжытуға болмайтын ілінісу құрылғыларын пайдалануға тыйым салынады.

  Орнатылатын және пайдаланылмайтын механикалық ілінісу құрылғысын, егер ол автокөліктің артқы нөмірлік белгісін немесе фараларын ішінара жасырса, әрқашан алып тастау немесе жылжыту керек екенін есте ұстаған жөн.
- HYUNDAI тіркемелерін сүйреуге арналған керек-жарақтарды ресми HYUNDAI дилерінен сатып алуға болады.

Сақтандыру шынжырлары

Автокөлік пен тіркеме әрқашан шынжырмен бекітілуі керек.

Шынжырларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты тарту-ілінісу құрылғысының өндірушісі немесе тіркеме өндіруші зауыт бере алады. Сақтандыру шынжырларын бекіту кезінде өндірушінің ұсыныстарын орындаңыз. Тіркемемен бұрылыс жасау үшін әрқашан шынжырды жеткілікті түрде бос салбыратып қойыңыз. Сонымен қатар, сақтандыру шынжырын жерде сүйретіп жүрмеңіз.

Тіркеменің тежеу жүйесі

Егер тіркеме тежеу жүйесімен жабдықталған болса, оның ұлттық заңнамаға сәйкес екенін, дұрыс орнатылғанын және жұмыс істейтінін тексеріңіз.

Егер тіркеменің массасы жүктелген тежегіш жүйесінсіз тіркеменің рұқсат етілген ең үлкен массасынан асып кетсе, тіркеме үшін оның сипаттамалары бойынша бөлек және жеткілікті тежегіш жүйесін қамтамасыз ету қажет. Тіркеменің тежегіш жүйесін орнатудың, реттеудің және техникалық қызмет көрсетудің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін оған қоса берілген нұсқаулармен танысып, оларды дәл орындау қажет. Автокөліктің тежеу жүйесіне өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автономды тежеу жүйесі бар тіркемені оның дұрыс бапталғанына сенімді болсаңыз ғана пайдаланыңыз. Тежеу жүйесін тәжірибелі және білікті мамандар баптауы керек. Ол үшін арнайы тіркеме жөндеу шеберханасына хабарласыңыз.

Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу

Тіркемені сүйреу белгілі бір дағдыларды қажет етеді. Қоғамдық жолға шықпас бұрын тіркеменің құрылымын зерттеу керек. Тіркеменің қосымша массасымен көлік жүргізу және тежеу ерекшеліктерімен танысыңыз. Сіз жүргізетін көлік құралы енді ұзынырақ екенін және автокөліктің өзі сияқты жүргізуге сезімтал емес екенін ұмытпаңыз.

Қозғалмас бұрын ілініс құрылғысы мен тіркеме платформасын, сақтандырғыш шынжырларды, электр қосылымдарды, жарық аспаптарын, шиналар мен тежегіштерді тексеріңіз.

Жүріс барысында жүктің сенімді бекітілгенін және де тіркеменің жарық аспаптары мен тежеу жүйесінің жұмысын ара-тұра тексеріп тұрыңыз.

Қашықтық

Алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық тіркемесіз сақталуы керек қашықтықтан екі есе көп болуы керек. Бұл күрт тежеуді және кенет бұрылуды талап ететін жағдайлардан аулақ болуға көмектеседі.

Басып өзу

Тіркемені сүйреу кезінде басып озу үшін қажет автокөліктің алдындағы қашықтық көбірек болуы керек. Сонымен қатар, көлік құралы ұзындығының ұлғаюына байланысты, сіз өзіңіздің жолағыңызға оралмас бұрын басып озған автокөліктің алдында әлдеқайда үлкен қашықтықты өтуіңіз керек.

Артқа қарай жүру

Рульдің төменгі жағын бір қолыңызбен ұстаңыз. Содан соң, тіркемені солға жылжыту үшін қолыңызды солға қарай жылжытыңыз. Тіркемені оңға жылжыту үшін қолыңызды оңға қарай жылжытыңыз. Артқа жүрген кезде әрдайым баяу жүріңіз және мүмкіндігінше көмекшінің нұсқауларын орындаңыз.

Бұрылыстарда қозғалу

Тіркемемен қозғалған кезде бұрылу радиусы әдеттегіден үлкен болуы керек. Бұрылысты тіркеме жол жиегіне, жиектерге, жол белгілеріне, ағаштарға немесе басқа заттарға тиіп кетпейтіндей орындаңыз. Күрт немесе кенет маневр жасаудан аулақ болыңыз. Алдын ала сигнал беріңіз.

Бұрылыс көрсеткіштері

Тіркемені сүйрейтін автокөлік басқа бұрылыс көрсеткіштерін пайдаланып, қосымша сымдары болуы керек. Көрсеткіш қосылған сайын, бұрылған немесе жолақты ауыстырған кезде аспаптар панелінде жасыл көрсеткілер жыпылықтайды. Тиісті түрде жалғанған тіркеменің жарықтандыру аспаптары басқа жүргізушілерге бұрылу, жолақты өзгерту немесе тоқтату ниетіңіз туралы ескертуі керек.

Тіркемені сүйреген кезде аспаптар панеліндегі жасыл көрсеткілер тіпті тіркемеде бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары жанып кеткен жағдайда да жыпылықтайды. Бұл жағдайда сіздің артыңыздан келе жатқан көліктердің жүргізушілері қосылған белгілерді көрмейді. Тіркеме шамдарының күйін ара-тұра тексеріп отыру керек. Сонымен қатар, бұрылыс көрсеткіштерін сымдарды ажыратқан және қосқан сайын тексеру керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тіркеменің жарықтандыру аспаптарын автокөліктің ұқсас жүйесіне тікелей қоспаңыз. Тіркемелерге арнап жасалған сымдарды пайдаланыңыз. Бұл талапты орындамау автокөліктің электр жабдығының зақымдалуына және/ немесе жарақаттарға әкелуі мүмкін. Көмек алу үшін рұқсаты бар HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

Автокөлікті еңісте жүргізу

Ұзақ немесе тік еңістен өтпес бұрын жылдамдықты төмендетіп, төмен беріліске ауысыңыз. Егер берілісті төмендетпесеңіз, жиі қолданудан қызып кететін және тиімді жұмыс істей алмайтын тежегіштерді қолдануға тура келеді.

Ұзақ көтерілу кезінде қозғалтқыш пен беріліс қорабының қызып кету мүмкіндігін азайту үшін берілісті төмендетіп, жылдамдықты шамамен 70 км/сағ (45 миль) дейін төмендету ұсынылады.

Егер тіркеменің массасы тежегішсіз тіркеменің рұқсат етілген максималды массасынан асып кетсе және автокөлік автоматты трансмиссиямен жабдықталған болса, онда тіркемені сүйреу үшін «D» (Алға жүру) режимін орнату керек.

Тіркемені сүйреген кезде автокөлікті «D» (Алға жүру) режимінде жүргізу тежегіштер температурасының жоғарылауын азайтып, трансмиссияның қызмет ету мерзімін ұзартады.

Ескертпе

Қозғалтқыш пен трансмиссия қызып кетпеуі үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- Тіркемені тік еңіспен (6%-дан асатын) сүйрету кезінде қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеу үшін қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температура көрсеткішін қадағалау қажет.

  Егер салқындатқыш сұйықтық температурасының көрсеткішіндегі көрсеткі H (қызып кету) белгісіне қарай жылжып кетсе, автокөлікті тоқтатыңыз, оны қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз және қозғалтқышты салқындағанша бос жұмыс істетіңіз. Қозғалтқыш айтарлықтай салқындаған кезде жүрісті жалғастыруға болады.
- Автокөліктің максималды толық массасымен және тіркеменің максималды массасымен сүйреу қозғалтқыштың немесе трансмиссияның қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда қозғалу кезінде қозғалтқышты салқындағанға дейін ара-тұра бос жұмыс істетіп қойыңыз. Қозғалтқыш немесе трансмиссия айтарлықтай салқындағаннан кейін жүрісті жалғастыруға болады.
- Тіркемені сүйреген кезде автокөліктің жылдамдығы жалпы қозғалыс легінің жылдамдығынан әлдеқайда төмен болуы мүмкін, әсіресе еңісте жоғары көтерілгенде. Тіркемені еңіспен жоғары сүйреген кезде оң жақ жолақты пайдаланыңыз. Тіркемелері бар автокөліктер үшін рұқсат етілген ең жоғары жылдамдықты, еңіс құламалығын және тіркеменің салмағын ескере отырып, автокөлік жылдамдығын таңдаңыз.

Автокөлікті еңісте тұраққа қою

Әдетте, егер тіркеме автокөлікке бекітілген болса, автокөлікті еңісте тұраққа қоюға болмайды.

Дегенмен, егер тіркемені еңісте тұраққа қоюыңыз керек болса, төменде мұны қалай жасау керектігі туралы ұсыныстар берілген:

1. Тұрақ орнына тұрыңыз. Рульді жиектас жағына бұрыңыз (егер бағыт еңіспен төмен қарай болса — оңға; егер бағыт өрмен жоғары қарай болса — солға)
2. Трансмиссияны «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
3. Тұрақ тежегішін қосып, қозғалтқышты сөндіріңіз.
4. Сырғытпайтын қалыптарды тіркеме дөңгелектерінің астына, еңістің бойымен төмен қарай қойыңыз.
5. Қозғалтқышты оталдырыңыз, тежегіш педалін басыңыз, бейтарап берілісті қосыңыз, тұрақ тежегішін жіберіңіз және тіркеменің сырғытпайтын қалыптары салмақты өзіне алатындай тежегіштерді ақырындап жіберіңіз.
6. Тежегіш педалін қайта басып, тұрақ тежегішін іске қосыңыз.
7. Егер автокөлік өрде тұрса беріліс қорабын «P» (Тұрақ) күйіне, ал еңісте тұрса «R» (Артқа жүру) күйіне ауыстырыңыз.
8. Қозғалтқышты сөндіріп, автокөлік тежегіштерін жіберіңіз, бірақ тұрақ тежегішін қосулы күйінде қалдырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақаттар мен өлім ықтималдығын жоққа шығару үшін:

- тұрақ тежегішін мықтап орнатпай, автокөліктен шықпаңыз. Егер қозғалтқыш қосулы болса, автокөлік күтпеген жерден орнынан қозғалуы мүмкін. Бұл сізге және басқаларға ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақат келтіруі мүмкін.
- Автокөлікті өрде ұстап тұру үшін акселератор педалін қатты баспаңыз.

Биік жерде тұрғаннан кейін автокөлікті жүргізу

1. «P» (Тұрақ) күйінде тежегіш педалін басып, оны жібермей төмендегі қадамдарды орындаңыз.
   - Қозғалтқышты оталдырыңыз.
   - Берілісті қосыңыз.
   - Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
2. Тежегіш педалінен аяғыңызды ақырын алыңыз.
3. Тіркемені сырғытпайтын қалыптардан босату үшін баяу ілгері жылжыңыз.
4. Қалыптарды алу үшін тоқтаңыз.

Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету

Тіркемені үнемі сүйрету жағдайында автокөлікке жиі техникалық қызмет көрсету қажет болады. Мотор майының, автоматты беріліс қорабындағы майдың, көпірдің майлау материалының және салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін үнемі тексеріп отыру қажет. Сонымен қатар тежегіштердің күйін жиі тексеру қажет. Тіркемесі бар автокөлікпен жүрмес бұрын, осы параметрлерді тексеру қажет. Тіркеме мен ілінісу құрылғысын жұмыс күйінде ұстауды ұмытпаңыз. Тіркемеге техникалық қызмет көрсету кестесін ұстаныңыз және ара-тұра оның күйін тексеріп тұрыңыз. Тексеруді күнде, жүрісті бастамай тұрып орындаған дұрыс. Ілінісу құрылғысының барлық сомындары мен болттарын бекіту керек.

Ескертпе

Автокөліктің зақымдалу ықтималдығын болдырмау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- Ыстық күндерде тіркемені сүйреу кезінде жүктеменің жоғарылауы нәтижесінде және көтерілу кезінде қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін. Егер салқындатқыш сұйықтық температурасының датчигі қызып кетуді көрсетсе, қозғалтқышты салқындату үшін ауа кондиционерін өшіріп, қауіпсіз жерде тоқтаңыз.
- Салқындатқыш сұйықтық датчигі қызып кетуді көрсетіп тұрған кезде қозғалтқышты сөндірмеңіз.

  (Қозғалтқышты салқындату үшін бос жұмыс істетіп қойыңыз.)
- Тіркемені үнемі сүйреу жағдайында беріліс қорабындағы сұйықтық деңгейін жиі тексеріп отыру керек.
- Егер автокөлік ауа кондиционерімен жабдықталмаған болса, тіркемені сүйреген кезде қозғалтқыштың өнімділігін жақсарту үшін конденсатор желдеткішін орнатыңыз.

Автокөлік массасы

Жүргізушің есігінің табалдырығында автокөліктің рұқсат етілген жүктеме массасы көрсетілген екі тақтайша, шиналар мен жүктеме туралы ақпараты бар тақтайша және сертификациялық тақтайша бар.

Автокөлікті жүктемей тұрып сертификациялық тақтайшадағы дерек бойынша автокөліктің массалық сипаттамаларын түсіруге мүмкіндік беретін келесі терминдермен танысыңыз:

Толық жарақталған автокөліктің жеке массасы.

Бұл отын бағы толы және барлық стандартты жабдығы бар автокөліктің салмағы. Жарақталған масса жолаушылардың, жүктің немесе қосымша жабдықтың салмағын есепке алмайды.

Автокөліктің жеке массасы.

Бұл кейбір қосымша жабдық орнатылған, дилерден алынған жаңа автокөлік массасы.

Жүк массасы.

Бұл масса жүк пен қосымша жабдықты қоса алғанда, толығымен жарақталған автокөліктің жеке массасына қосылған барлық массалардан тұрады.

Көпірге түсетін толық салмақ (GAW).

Бұл автокөліктің жеке массасы мен барлық қосымша жүктемені қоса алғанда әрбір (алдыңғы және артқы) көпірге түсетін толық масса.

Көпірге түсетін толық номиналды салмақ (GAWR).

Бұл бір ось (алдыңғы немесе артқы) көтере алатын максималды рұқсат етілген салмақ. Бұл параметр сертификациялық тақтайшада көрсетілген. Әрбір оське түсетін жалпы жүктеме ешқандай жағдайда GAWR мәндерінен аспауы керек.

Автокөліктің толық массасы (GVW).

Бұл жүк массасы мен жолаушылар массасы ескерілген, толығымен жарақталған автокөліктің жеке массасы.

Автокөліктің номиналды толық массасы (GVWR).

Бұл толығымен жүктелген автокөліктің рұқсат етілген максималды массасы (соның ішінде барлық қосымша жабдық, жабдық, жолаушылар мен жүк). Автокөліктің номиналды толық массасы (GVWR) жүргізуші есігінің табалдырығында орналасқан сертификациялық тақтайшада көрсетілген.

Шамадан артық жүк тиеу

⚠ ЕСКЕРТУ

Оське түсетін рұқсат етілген максималды жүктеме (GAWR) және автокөліктің рұқсат етілген максималды массасы (GVWR) жүргізушінің (немесе алдыңғы жолаушының) есігіне бекітілген сертификациялық тақтайшада көрсетілген. Осы мәндер асырылған жағдайда апат орын алуы немесе автокөлік зақымдануы мүмкін. Жүктемені заттарды (және адамдарды) автокөлікке салмас бұрын өлшеу арқылы есептеуге болады. Сақ болыңыз және автокөлікті шамадан тыс жүктемеңіз.

7. Жүргізушінің көмекші жүйесі

Жүргізушінің көмекші жүйесі бойынша ескертпе 7-4

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (FCA) (тек алдыңғы шолу камерасы) 7-4

- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің (FCA) баптаулары 7-5
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы 7-8
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-11

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (FCA) (датчиктер жиынтығы) 7-19

- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің (FCA) баптаулары 7-21
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы 7-23
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-29

Жолақты ұстап отыру жүйесі (LKA) 7-38

- Жолақты ұстап отыру жүйесінің баптаулары 7-38
- Жолақты ұстап отыру жүйесінің жұмысы 7-39
- Жолақты ұстап отыру жүйесінің шектеулері мен ақаулықтары 7-42

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (BCA) 7-45

- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің баптаулары 7-47
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы 7-49
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-53

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесі (SEW) 7-58

- Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің баптаулары 7-59
- Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің жұмысы 7-60
- Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-61

Жылдамдық шектеулерін қолмен бақылау жүйесі (MSLA) 7-64

- Жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесінің жұмысы 7-64

Зейінсіз жүргізу туралы ескерту (DAW) 7-67

- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің баптаулары 7-68
- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің жұмысы 7-68
- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің ақаулары мен шектеулері 7-70

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BVM) 7-73

- Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің баптаулары 7-74
- Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің жұмысы 7-74

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің ақаулықтары 7-75
Круиз-контроль (CC) 7-75
Круиз-контроль жүйесінің жұмысы 7-75
Интеллектуалды круиз-контроль (SCC) 7-79
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің баптаулары 7-80
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысы. 7-81
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-91
Қозғалыс жолағын бақылау жүйесі (LFA) 7-97
Қозғалыс жолағын бақылау жүйесінің параметрлері 7-97
Қозғалыс жолағын бақылау жүйесінің жұмысы 7-98
Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің шектеулері мен ақаулары 7-101
Артқы көрініс мониторы (RVM) 7-102
Артқы көрініс мониторының параметрлері 7-102
Артқы көрініс мониторының жұмысы 7-103
Артқы көрініс мониторының шектеулері мен ақаулары 7-106
Айнала шолу жүйесі (SVM) 7-107
Айнала шолу жүйесінің параметрлері 7-107
Айнала шолу жүйесінің жұмысы 7-109
Айнала шолу жүйесінің шектеулері мен ақаулары 7-114
Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі (RCCA) 7-115
Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің параметрлері 7-116
Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің жұмысы 7-117
Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің ақаулары мен шектеулері 7-121
Алдыңғы/кері жүріспен (PDW) тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі 7-127
Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің параметрлері 7-127
Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы 7-128
Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулары мен шектеулері 7-131

7. Жүргізушінің көмекші жүйесі

Тұраққа қою кезіндегі алдыңғы/бүйірлік/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW) 7-134

Тұраққа қою кезінде алдыңғы/бүйірлік/артқы қашықтық туралы ескерту параметрлері 7-135
Тұраққа қою кезіндегі алдыңғы/бүйірлік/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы 7-136
Тұраққа қою кезіндегі алдыңғы/бүйір/артқы арақашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулары мен шектеулері 7-140

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу қосалқы жүйесі (PCA) 7-143

Артқы тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің параметрлері 7-143
Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы 7-144
Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы функциясының ақаулары мен шектеулері 7-146

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесі (RSPA) 7-151

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесінің параметрлері 7-152
Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесінің жұмысы 7-153
Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің шектеулері мен ақаулары 7-159

Сәйкестік декларациясы 7-165

Алдыңғы радар 7-165
Артқы бұрыштық радар 7-170


Жүргізушінің көмекші жүйесі бойынша ескертпе

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің бағдарламалық құралының нұсқасына байланысты жүргізушінің көмекші жүйесінің әр функциясының сипаттамасы пайдалану нұсқаулығындағы сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін.

Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесі (түпнұсқа HYUNDAI құрылғысы) орнатылған болса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің қысқаша нұсқаулығында QR коды бойынша қол жетімді веб-нұсқаулықта оның параметрлері мен жұмыс қағидаттарымен танысыңыз.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (FCA) (тек алдыңғы шолу камерасы)

Бар болса



Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көлік құралдарын қозғалыс барысында анықтауға және қадағалауға, электржетекті екі дөңгелекті көліктерді, жол бойындағы жаяу жүргіншілерді немесе велосипедшілерді анықтауға көмектеседі және жүргізушіні ескерту хабарламасы, ескерту және шұғыл тежеу арқылы ықтимал соқтығысу туралы ескертеді.

Анықтау датчигі



(1) Алдыңғы шолу камерасы

Анықтау датчигінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Анықтау датчиктерін бөлшектеуге немесе зақымдауға тыйым салынады.
- Анықтау датчигін ауыстырғаннан немесе жөндегеннен кейін автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеру ұсынылады.
- Алдыңғы әйнекке ешқашан қандай да бір қосалқы керек-жарақты орналастырмаңыз және оны қараңғыламаңыз.
- Алдыңғы шолу камерасына су түспейтінін қадағалау өте маңызды.
- Аспаптар панелінің үстіне жарық шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз, айна) қоюға тыйым салынады.
- Алдыңғы әйнектің жанына ешқандай заттарды қоймаңыз және оған қосымша керек-жарақтарды қоймаңыз. Бұл климат-контроль жүйесінің аязды қырауды жою және булану функциясына теріс әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде жүргізушіге көмек көрсету жүйелерінің жұмысында ақаулар тудыруы мүмкін.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің (FCA) баптаулары

Алдыңғы соқтығысудың алдын алу



Қозғалтқыш қосылып тұрғанда ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүзгізу қауіпсіздігі** таңдаңыз да, қажетті функцияларды қосыңыз.

- Алдыңғы соқтығысудың **алдын алу таңдалып тұрғанда,** алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі жүргізушіні соқтығысу қаупінің дәрежесіне байланысты хабарлама мен дыбыс сигналы арқылы хабардар етеді. Тежеу кезіндегі көмек жүйесі соқтығысу қаупінің дәрежесіне байланысты қолданылады.

Егер алдыңғы соқтығысудың **алдын алу функциясы** өшірулі болса, алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі істемейді. Аспаптар панелінде ескерту индикаторы жанады (⚠).

⚠ ЕСКЕРТУ


Қозғалтқышты қайта оталдырғанда, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі әрқашан қосылады. Бірақ алдыңғы соқтығысудың **алдын алу жүйесі** өшіп тұрса, жүргізуші мұқият болып, көлікті қауіпсіз басқару ережелерін сақтауы керек.

Жүргізуші «Баптаулар» мәзірінен Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің қосылу күйін көре алады. Егер ескерту индикаторы (⚠) жанып тұра берсе, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қосылып тұрғанда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексерген жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқышты қайта оталдырғанда, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі әрқашан қосылады. Бірақ «Алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі» өшіп тұрса, жүргізуші мұқият болып, көлікті қауіпсіз басқару ережелерін сақтауы керек.

Соқтығысудың алдын алу сәті




Қозғалтқыш қосылып тұрған кезде ақпараттық ойын-сауық жүйесінің баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүргізу қауіпсіздігі** > **Соқтығысудың алдын алу сәтін таңдап,** бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі үшін ескертулердің бастапқы жылдамдығын баптаңыз. **Әдеттегідей** немесе **Кейінірек** сияқты ескерту жасау уақыты үшін осындай мәндерді орнатуға болады.

- Қалыпты жүргізу шарттары үшін **Әдеттегідей** мәнін таңдаңыз. Егер ескерту тым тез жасалса, **Кейінірек** мәнін таңдаңыз.
  - Егер **Кейінірек** таңдалса, алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі шығаратын ескертудің аралығы артады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ескертулердің ұзақтығы параметрі үшін **Әдеттегі** мәні таңдалса да, алда келе жатқан автокөлік кенеттен тежелген жағдайда, ескерту кешігіп берілетіндей сезінуі мүмкін.
- Егер жол қозғалысы қарқынды болмаса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймері үшін **Кейінірек** мәнін таңдаңыз.

Дыбыстық және тактильді ескертулер



Ескерту әдістерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильді ескертулер** таңдап, келесі баптауларды өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыс деңгейі**: ескертулердің дыбыс деңгейін реттеу.
- **Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік басымдығы**: көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесінен ескерту алған кезде барлық басқа жүйенің дыбыс деңгейін төмендету.

i Ақпарат

- Дыбыстық және тактильді ескертулер өзгерген кезде жүргізушіге көмек көрсетудің басқа жүйелерін ескерту тәсілдері де өзгертілуі мүмкін.
- Автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін ескертулерді беру тәсілдері үшін соңғы баптаулар қолданылады.
- Автокөліктің жинақтамасына байланысты баптаулар мәзірі болмауы мүмкін.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы

Негізгі функциялар

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің негізгі міндеті соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты автокөлікті жүргізуде ескерту және көмек көрсету болып табылады: «Соқтығысу қаупі», «Шұғыл тежеу» және «Автокөлікті тоқтату және тежеу арқылы басқару жүйесін өшіру».

Соқтығысу қаупі туралы ескерту



- Жүргізушіні соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «**Апат қаупі!**» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.
- Егер көлігіңіздің жылдамдығы 10-180 км/сағ (6-112 миль/сағ) аралығында болса, алдыда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік анықталса, функция жұмыс істейді.
- Алда келе жатқан жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталған кезде, функция автокөліктің жылдамдығы 10-80 км/сағ (6-49 миль/сағ) болған жағдайда жұмыс істейді.

Апаттық тежеу



Жүргізушіні тежеуді қолдану туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «**Апаттық тежеу**» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.

Апаттық тежеу келесі жағдайларда жұмыс істейді.

- Автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы:

	Жүріп бара жатқан автокөлік	Тоқтаған автокөлік
Әлсіз тежеу күші	Шамамен 10-60 км/сағ (6-37 миль/сағ)	
Қатты тежеу күші	Шамамен 10-60 км/сағ (6-37 миль/сағ)	Шамамен 10-60 км/сағ (6-37 миль/сағ)

- Жаяу жүргінші немесе велосипедші:

Функция көлігіңіздің жылдамдығы шамамен 10-60 км/сағ (6-37 миль) болғанда жұмыс істейді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Функцияның жұмыс ауқымы автокөліктің алдындағы жол жағдайына немесе қоршаған ортаға байланысты төмендеуі мүмкін.
- Қараңғы уақытта көлік жүргізу кезінде моторлы екі дөңгелекті көліктерді анықтау сапасы төмендейді және қосымша бетпе-бет соқтығысудың алдын алу функциясы уақытша шектелуі немесе жұмыс істемеуі мүмкін.

Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру



- Шұғыл тежеу нәтижесінде автокөлік тоқтаған аспаптар панелінде «**Абайлап жүріңіз**» деген ескерту хабары пайда болады.

  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші тежегіш педалін дереу басып, қоршаған ортаны тексеруі керек.

- Тежеуді басқару жүйесі төтенше шұғыл тежеу салдарынан автокөлік тоқтағаннан кейін шамамен 2 секундтан соң өшеді.

i Ақпарат

Соқтығысу немесе апаттық тежеу туралы дыбыстық ескертуді өшіру үшін апаттық сигнал беру жүйесі түймесін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін ғана баптауларды өзгертіңіз.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі кейбір жағдайларда жұмыс істемейді және барлық соқтығысудың алдын ала алмайды.
- Жүргізуші автокөлікті басқаруға жауапты болады. Тек бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесіне сенбеңіз. Қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтаңыз және қажет болған жағдайда көлік жылдамдығын төмендету немесе тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Адамдарда, заттарда және т.б. бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысын ешқашан тексермеңіз. Бұл ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

- Егер жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін басса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жұмыс істеп тұрғанда автокөлік кенеттен тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақаттанып, бос заттардың жылжып кетуіне әкелуі мүмкін. Әрқашан қауіпсіздік белбеуін тағып, заттарды бекітіңіз.
- Егер экранда ескерту көрсетілсе немесе кез келген басқа жүйенің дыбыс сигналы естілсе, экранда бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ескертуі көрсетілмеуі мүмкін және оның дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің дыбыстық ескертуі шулы ортада естілмеуі мүмкін.
- Жол жағдайлары мен шарттарына байланысты бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі өшіп, дұрыс жұмыс істемеуі немесе қажетсіз қосылуы мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінде қандай да бір ақаулар болса да, автокөліктің негізгі тежеу жүйесі жақсы жұмыс істейді.
- Шұғыл тежеу кезінде жүргізуші газ педалін қатты басса немесе рульді күрт бұрса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің тежеуді басқару функциясы автоматты түрде өшеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Автокөліктің, моторлы екі дөңгелекті көлік құралының, алдыңыздағы жаяу жүргіншінің және велосипедшінің жағдайына, сондай-ақ қоршаған ортаға байланысты, алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесінің жұмыс жылдамдығының диапазоны төмендеуі мүмкін. Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі тек ескертулер бере алады немесе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі белгілі бір жағдайларда іске қосылады, қарсы келе жатқан көлік құралының жағдайына, қозғалыс бағытына, жылдамдығына және қоршаған ортаға негізделе отырып, қауіп-қатер деңгейін бағалайды.
- Анықталатын қашықтыққа байланысты тек ескертулер беріліп, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі соқтығысулардың алдын алуы ғана мүмкін.

Ақпарат

- Егер соқтығысу қаупі туындаса және жүргізуші қолданған тежеу жеткіліксіз болса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қосымша тежеуді қолдануы мүмкін.
- Аспаптар тақтасында көрсетілген кескіндер немесе түстер баптаулар мәзірінде таңдалған аспаптар тақтасына немесе тақырыпқа байланысты өзгеруі мүмкін.


Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулығы



Егер бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, «**Жүргізуші көмекшісінің жүйелерін тексеріңіз**» ескерту хабары көрсетіледі және аспаптар панелінде ескерту индикаторы қосылады. Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің өшуі



Егер алдыңғы шолу камерасы немесе датчик орналасқан алдыңғы әйнекті қар немесе жаңбыр сияқты бөгде заттармен жабылған болса, анықтау сапасы төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл өнімділіктің уақытша шектелуіне немесе қосымша алдыңғы соқтығысудың алдын алу функциясының өшуіне әкелуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар панелінде «**Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Камера ластанған**» ескерту хабары, ал аспаптар панелінде ескерту индикаторлары көрсетіледі.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қарды, жаңбыр тамшыларын және ластануларды кетіргеннен кейін өз жұмысын қалыпты режимде қалпына келтіреді.

Егер тазалаудан кейін (қардан, жаңбыр тамшыларынан және басқа да ластанудан) бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аспаптар панелінде ескерту хабары немесе ескерту индикаторы пайда болмаса да, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қозғалтқыш оталғаннан кейін ешқандай объект табылмайтын жерлерде (мысалы, ашық жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер камера құлыптаулы немесе ақаулы болған кезде қозғалтқыш өшіп, қайта қосылса, күй сақталады. Осылайша, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің шектеулері

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін.

- Анықтау датчигі немесе оның айналасындағы аймақ ластанған немесе зақымдалған
- Алдыңғы шолу камерасы орнатылған орнындағы температура сыртқы ортаның сипаттамаларына байланысты тым жоғары немесе тым төмен.
- Камера объективі қараңғыланған, пленкамен қапталған немесе жабыны бар алдыңғы әйнекпен, зақымдалған әйнекпен немесе әйнекке жабысып қалған бөгде затпен (жапсырмалар, жәндіктер және т.б.) жабылған.
- Алдыңғы әйнекте ылғал немесе мұз қалдықтарының болуы.
- Әйнекжуғыш сұйықтық үнемі шашыратылады немесе әйнектазартқыш қосылып тұр.
- Нөсер жаңбырда немесе қалық тұманда жүру.
- Алдыңғы шолу камерасының алдындағы көрініс күн сәулесінің әсерінен көру
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде шағылысқанда, мысалы, шалшықтан.
- Аспаптар панелінде қандай да бір зат бар.
- Автокөлігіңізді сүйреу
- Тым жоғары жарық.
- Айналасы тым қараңғы, мысалы, туннельде және т. б.
- Жарықтың кенеттен өзгеруі, мысалы, туннельге кіргенде не одан шыққанда.
- Сыртта жарық төмен, ал фаралары қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Бумен, түтінмен немесе көлеңкемен жүру.
- Көлік құралының, жаяу жүргіншінің немесе велосипедшінің бір бөлігін ғана анықтау.

- Алдағы көлік құралы — автобус, ауыр жүк көлігі, пішіні стандартты емес жүк көлігі, тіркеме және т. б.
- Алда келе жатқан көлік құралының артқы шамдары жоқ, артқы шамдар стандартты емес күйде орнатылған және т.б.
- Сыртта жарық төмен, ал артқы шамдар қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Арттағы автокөліктің артқы жағы кішкентай немесе автокөлік әдеттен тыс көрінеді, мысалы, автокөлік қисайған, төңкерілген немесе көлік бүйіріне бұрылған және т. б.
- Алда келе жатқан көлік құралының жол саңылауы кішкентай немесе үлкен.
- Автокөлік, моторлы екі дөңгелекті көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші кенеттен сіздің алдыңызда тұрып қалады (пайда болады)
- Алда келе жатқан көлік құралы кеш анықталды.
- Алда келе жатқан көлік құралы кенеттен тосқауылмен жабылды.
- Алда келе жатқан көлік құралы кенеттен қозғалыс жолағын немесе жылдамдықты өзгертеді.
- Алда келе жатқан көлік құралы қисайып тұр.
- Алдағы көлік құралының бетіндегі қар.
- Сіз жолақтан шықтыңыз немесе оған оралдыңыз.
- Көлікті біркелкі емес жүргізу.
- Сіз айналмалы жол қиылысындасыз, ал басқа автокөлік көрінбейді.
- Сіз үнемі айналып жүресіз.
- Алдағы көлік құралының пішіні ерекше.
- Алдағы көлік құралы өрде немесе еңістe жүріп келеді.
- Жаяу жүргінші немесе велосипедші толық танылмайды, мысалы, егер ол еңкейсе немесе толық тік күйде болмаса.


- Жаяу жүргінші немесе велосипедші оны анықтауды қиындататын киім киеді.



Жоғарыдағы суретте алдыңғы шолу камерасы мен алдыңғы радар автокөлік, моторлы екі дөңгелекті автокөлік, жаяу жүргінші немесе велосипедші ретінде анықтай алатын сурет көрсетілген.


- сіздің алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші өте жылдам қозғалады.
- Сіздің алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші аласа немесе мүсіні төмен.
- Сіздің алдыңызда жаяу жүргінші немесе велосипедші арнайы құралдарсыз қозғала алмайды.
- Сіздің алдыңызда жаяу жүргінші немесе велосипедші сіздің қозғалыс бағытыңызды кесіп өтеді.
- Алда жаяу жүргіншілердің немесе велосипедшілердің үлкен тобы тұр.
- Жаяу жүргінші, велосипедші немесе мотоциклші фонмен оңай тұтасатын киім киеді, бұл оны камераны анықтау жүйесімен тануды қиындатады.
- Жаяу жүргіншіні немесе велосипедшіні қоршаған ортадағы ұқсас құрылымдардан ажырату қиын.
- Сіз жаяу жүргінші, велосипедші, бағдаршам, ғимараттар және т. б. маңындағы қиылысқа жақындайсыз.
- Автотұрақтағы қозғалыс.
- Ақылы жолдарда, құрылыс алаңында, асфальтталмаған жолда, жартылай асфальталған жолда, тегіс емес жолда, жолдағы шұңқырлармен және т. б. жүру.
- Еңіске түсу немесе еңістен шығу, ирек жолмен және т. б. жүру.
- Бойында ағаштар өсетін немесе көше шамдары бар жолдармен жүру.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді
- Автокөліктің биіктігі үлкен жүктеме, шиналардағы дұрыс емес қысым және т. б. салдарынан өзгереді.
- Шет жағында ағаштар немесе шөп қатты өскен тар автожолмен жүру.
- Электрмагниттік кедергілер, мысалы, күшті радио толқындары немесе электр шуы бар аймақта қозғалу кезінде
- Автокөлікке көктайғаққа қарсы шынжырлар, қосалқы дөңгелек немесе басқа өлшемді дөңгелек орнатылған.

- **Ирелең жолмен жүру.**



Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі ирелең жолмен жүру кезінде рельефі датчиктердің тиімді жұмысына теріс әсер ететін сіздің алдыңыздағы басқа көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтай алмауы мүмкін. Бұл ескертусіз автоматты тежеуге әкелуі мүмкін (қажет болса).


Ирелең жолмен жүрген кезде қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда қауіпсіз қашықтықты сақтау үшін қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін көлікті басқарып, тежегіш педалін басу керек.



«Forward Collision-Avoidance Assist» (Алдыңғы соқтығысуға қарсы көмек) жүйесі көлік құралын, жаяу жүргіншіні немесе велосипедшіні көрші жолақта немесе сіздің жолағыңыздан тыс жерде ирелең жолмен жүргенде анықтай алады.

Бұл жағдайда алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі жүргізушіге негізсіз ескерту беріп, тежеуді орындауы мүмкін. Автокөліктің айналасындағы жол жағдайларын үнемі қадағалаңыз.

- **Еңіске түсу немесе еңістен шығу**









Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі өрде немесе еңісте жүргенде рельефі датчиктердің тиімді жұмысына теріс әсер ететін сіздің алдыңыздағы автокөліктерді, электржетегі бар басқа екі дөңгелекті көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтай алмауы мүмкін.

Бұл жалған ескертулерге, тежеу немесе рульді басқару кезінде қажет емес көмекке (осы функциялар болған кезде) немесе қажетті ескертулердің болмауына және қажет болған жағдайда тежеу немесе рульді басқару кезінде көмекке (осы функциялар болған кезде) әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, егер автокөлік, моторлы екі дөңгелекті көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші кенеттен алда анықталса, автокөлік жылдамдықты күрт төмендетуі мүмкін.

Өрде көтерілген немесе түскен кезде жол жағдайын үнемі қадағалап отыру керек және қажет болса қауіпсіз қашықтықты сақтау мақсатында жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін қолдану қажет.


- **Қозғалыс жолағын ауыстыру.**



[A] Сіздің автокөлігіңіз

[B] Жолағын ауыстыратын автокөлік

Көлік құралы көрші жолақтан сіздің жолағыңызға ауысқаннан кейін ол сіздің датчиктің анықтау диапазонында болғанша датчик оны анықтамайды. Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қозғалыс жолағын күрт өзгертетін көлік құралын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда көлік құралын рульмен басқарып, қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу керек.



[A] Сіздің автокөлігіңіз

[B] Жолағын ауыстыратын автокөлік

[C] Сол бір қатардағы автокөлік

Егер алда келе жатқан автокөлік қайта басқа жолаққа ауысып жатса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі басқа жолаққа ауысуды бірден анықтай алмауы мүмкін.

Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда көлік құралын рульмен басқарып, қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу керек.

- **Көлік құралын анықтау**



Егер алда келе жатқан автокөліктің артындағы жүгі автокөлік шегінен тыс шығып тұрса немесе автокөліктің жол саңылауы тым жоғары болса, аса сақ болу керек. Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көлік құралының шегінен шығатын жүкті анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайларда шеткі нысаннан қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда көлік құралын рульмен басқарып, қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу керек.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Тіркемені немесе басқа автокөлікті сүйрегенде, қауіпсіздік мақсатында бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесін өшіріңіз.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі пішіні немесе сипаттамалары бойынша автокөліктерге, электр жетегі бар екі дөңгелекті автокөліктерге, жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге ұқсас объектілерді анықтаған кезде қосылады.
- Алдыңғы соқтығысудың алдын алуға арналған көмекші функция велосипедтерді, мотоциклдерді және чемодандар, дүкен арбалары немесе бесік арбалар сияқты дөңгелектермен жабдықталған шағын заттарды анықтауға арналмаған.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі күшті электрмагниттік толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөлікті оталдырғаннан немесе алдыңғы шолу камерасын инициализациялағаннан кейінгі алғашқы 15 секундта алдыңғы соқтығысулардың алдын алуға арналған көмекші функция жұмыс істемейді.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (FCA) (датчиктер жиынтығы)


Бар болса

Негізгі функциялар




Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көлік құралдарын қозғалыс барысында анықтауға және қадағалауға, электржетекті екі дөңгелекті көліктерді, жол бойындағы жаяу жүргіншілерді немесе велосипедшілерді анықтауға көмектеседі және жүргізушіні ескерту хабарламасы, ескерту және шұғыл тежеу арқылы ықтимал соқтығысу туралы ескертеді.

Қиылыста бұрылу функциясы



Қиылыста бұрылу функциясы бұрылыс сигналы қосылып тұрғанда қиылыста солға (сол жақ руль) немесе оңға (оң жақ руль) бұрылғанда көрші жолақта келе жатқан көлікпен соқтығыспау үшін шұғыл тежеуді қолданады.

Қарсы келе жатқан көлік құралы туралы ескерту функциясы



[A] Қарсы келе жатқан көлік құралы

«Direct Oncoming» (Қарсы келе жатқан көлік құралы) функциясы қарама-қарсы жақтан келе жатқан көлікпен соқтығысу қаупі анықталған кезде жылдамдықты қалпына келтіруге көмектеседі.

Анықтау датчигі



(1) Алдыңғы шолу камерасы
(2) Алдыңғы радар

Анықтау датчиктерінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Анықтау датчиктерін бөлшектеуге немесе зақымдауға тыйым салынады.
- Анықтау датчигін ауыстырғаннан немесе жөндегеннен кейін автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеру ұсынылады.
- Алдыңғы әйнекке ешқашан қандай да бір қосалқы керек-жарақты орналастырмаңыз және оны қараңғыламаңыз.
- Алдыңғы шолу камерасына су түспейтінін қадағалау өте маңызды.
- Аспаптар панелінің үстіне жарық шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз, айна) қоюға тыйым салынады.
- Алдыңғы әйнектің жанына ешқандай заттарды қоймаңыз және оған қосымша керек-жарақтарды қоймаңыз. Бұл климат-контроль жүйесінің аязды қырауды жою және булану функциясына теріс әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде жүргізушіге көмек көрсету жүйелерінің жұмысында ақаулар тудыруы мүмкін.
- Алдыңғы радар қақпағының жанындағы бамперге нөмір белгісінің жақтауын немесе жапсырмалар, пленка немесе торлар сияқты бөгде заттарды қоймаңыз.
- Әрқашан алдыңғы радар мен оның қақпағын таза ұстаңыз және оларды ластамаңыз.

  Автокөлікті жуу үшін тек жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Қысымдағы суды тікелей датчикке немесе оның қақпағына шашпаңыз.
- Егер радарға немесе ол орнатылған жердің айналасындағы аймаққа шамадан тыс күш қолданылса немесе олар зақымдалған болса, аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болмаса да, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.
- Зақымдалған алдыңғы радар қақпағын жөндеу үшін тек түпнұсқа бөлшектерді пайдаланыңыз. Алдыңғы радар қақпағына бояу жақпаңыз.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің (FCA) баптаулары

Алдыңғы соқтығысудың алдын алу




Қозғалтқыш қосылып тұрғанда ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүзгізу қауіпсіздігі** таңдаңыз да, қажетті функцияларды қосыңыз.

- Алдыңғы соқтығысудың **алдын алу таңдалып тұрғанда,** алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі жүргізушіні соқтығысу қаупінің дәрежесіне байланысты хабарлама мен дыбыс сигналы арқылы хабардар етеді. Тежеу кезіндегі көмек жүйесі соқтығысу қаупінің дәрежесіне байланысты қолданылады. Егер алдыңғы соқтығысудың **алдын алу функциясы** өшірулі болса, алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі істемейді. Аспаптар панелінде ескерту индикаторы жанады (🚗).

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқышты қайта оталдырғанда, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі әрқашан қосылады. Бірақ алдыңғы соқтығысудың **алдын алу жүйесі** өшіп тұрса, жүргізуші мұқият болып, көлікті қауіпсіз басқару ережелерін сақтауы керек.

Соқтығысудың алдын алу сәті




Қозғалтқыш қосылып тұрған кезде ақпараттық ойын-сауық жүйесінің баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүргізу қауіпсіздігі** > **Соқтығысудың алдын алу сәтін таңдап,** бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі үшін ескертулердің бастапқы жылдамдығын баптаңыз. **Әдеттегідей** немесе **Кейінірек** сияқты ескерту жасау уақыты үшін осындай мәндерді орнатуға болады.

- Қалыпты жүргізу шарттары үшін **Әдеттегідей** мәнін таңдаңыз. Егер ескерту тым тез жасалса, **Кейінірек** мәнін таңдаңыз.
  - Егер **Кейінірек** таңдалса, алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесі шығаратын ескертудің аралығы артады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ескертулердің ұзақтығы параметрі үшін **Әдеттегі** мәні таңдалса да, алда келе жатқан автокөлік кенеттен тежелген жағдайда, ескерту кешігіп берілетіндей сезінуі мүмкін.
- Егер жол қозғалысы қарқынды болмаса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймері үшін **Кейінірек** мәнін таңдаңыз.

Дыбыстық және тактильді ескертулер



Ескерту әдістерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильді ескертулер** таңдап, келесі баптауларды өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыс деңгейі**: ескертулердің дыбыс деңгейін реттеу.
- **Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік басымдығы**: көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесінен ескерту алған кезде барлық басқа жүйенің дыбыс деңгейін төмендету.

i Ақпарат

- Дыбыстық және тактильді ескертулер өзгерген кезде жүргізушіге көмек көрсетудің басқа жүйелерін ескерту тәсілдері де өзгертілуі мүмкін.
- Автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін ескертулерді беру тәсілдері үшін соңғы баптаулар қолданылады.
- Автокөліктің жинақтамасына байланысты баптаулар мәзірі болмауы мүмкін.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы

Негізгі функциялар

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің негізгі міндеті соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты автокөлікті жүргізуде ескерту және көмек көрсету болып табылады: «Соқтығысу қаупі», «Шұғыл тежеу» және «Автокөлікті тоқтату және тежеу арқылы басқару жүйесін өшіру».

Соқтығысу қаупі туралы ескерту



- Жүргізушіні соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «**Апат қаупі!**» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.
- Егер көлігіңіздің жылдамдығы 10-180 км/сағ (6-112 миль/сағ) аралығында болса, алдыда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік анықталса, функция жұмыс істейді.
- Алда келе жатқан жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталған кезде, функция автокөліктің жылдамдығы 10-80 км/сағ (6-53 миль) болған жағдайда жұмыс істейді.

Апаттық тежеу



Жүргізушіні тежеуді қолдану туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «**Апаттық тежеу**» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.

Апаттық тежеу келесі жағдайларда жұмыс істейді.

- Автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы:

	Жүріп бара жатқан автокөлік	Тоқтаған автокөлік
Әлсіз тежеу күші	Шамамен 10-180 км/сағ (6-112 миль/сағ)	
Қатты тежеу күші	Шамамен 10-85 км/сағ (6-53 миль/сағ)	Шамамен 10-75 км/сағ (6-46 миль/сағ)*

• Жаяу жүргінші немесе велосипедші:

Функция көлігіңіздің жылдамдығы шамамен 10-65 км/сағ (6-40 миль) болғанда жұмыс істейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жұмыс жылдамдығының диапазоны алдағы автокөліктің күйіне немесе қоршаған орта жағдайларына байланысты шектелуі мүмкін.
- Түнде жүрген кезде моторлы екі дөңгелекті көлік құралдарын анықтау қиындауы мүмкін және бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі немесе уақытша шектелуі мүмкін.

Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру



- Шұғыл тежеу нәтижесінде автокөлік тоқтаған аспаптар панелінде «**Абайлап жүріңіз**» деген ескерту хабары пайда болады.

  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші тежегіш педалін дереу басып, қоршаған ортаны тексеруі керек.
- Тежеуді басқару жүйесі төтенше шұғыл тежеу салдарынан автокөлік тоқтағаннан кейін шамамен 2 секундтан соң өшеді.

i Ақпарат

Соқтығысу немесе шұғыл тежеу туралы ескерту беру кезінде ескерту дыбысын апаттық сигнал беру жүйесінің түймесі арқылы өшіруге болады.

Қиылыста бұрылу функциясы

Қиылыста бұрылу функциясының негізгі міндеті соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты автокөлікті жүргізуде ескерту және көмек көрсету болып табылады: «Соқтығысу қаупі», «Шұғыл тежеу» және «Автокөлікті тоқтату және тежеу арқылы басқару жүйесін өшіру».

Соқтығысу қаупі туралы ескерту



- Жүргізушіні соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «**Апат қаупі!**» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.
- Жүйе автокөліктің жылдамдығы шамамен 10-30 км/сағ (6-19 миль/сағ), ал қарсы келе жатқан автокөліктің немесе электр жетегі бар екі дөңгелектің жылдамдығы шамамен 30-70 км/сағ (19-44 миль) болған жағдайда жұмыс істейді.

Апаттық тежеу



- Жүргізушіні тежеуді қолдану туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «**Апаттық тежеу**» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.
- Шұғыл тежеуді қажет ететін жағдай туындаған кезде, жүйе қарсы келе жатқан автокөлікпен соқтығысуды болдырмау үшін максималды тежеуді қолданады.
- Жүйе автокөліктің жылдамдығы шамамен 10-30 км/сағ (6-19 миль/сағ), ал қарсы келе жатқан автокөліктің немесе электр жетегі бар екі дөңгелектің жылдамдығы шамамен 30-70 км/сағ (19-44 миль) болған жағдайда жұмыс істейді.

i Ақпарат

Егер жүргізушінің орындығы сол жақта болса, Junction Turning (қиылыстағы бұрылыс) функциясы жүргізуші солға бұрылған кезде ғана жұмыс істейді.

Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру



- Шұғыл тежеу нәтижесінде автокөлік тоқтаған аспаптар панелінде «**Абайлап жүріңіз**» деген ескерту хабары пайда болады.

  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші тежегіш педалін дереу басып, қоршаған ортаны тексеруі керек.
- Тежеуді басқару жүйесі төтенше шұғыл тежеу салдарынан автокөлік тоқтағаннан кейін шамамен 2 секундтан соң өшеді.

i Ақпарат

Соқтығысу немесе шұғыл тежеу туралы ескерту беру кезінде ескерту дыбысын апаттық сигнал беру жүйесінің түймесі арқылы өшіруге болады.

Қарсы келе жатқан көлік құралы туралы ескерту функциясы

«Direct Oncoming» функциясының негізгі міндеті соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты автокөлікті жүргізуде ескерту және көмек көрсету болып табылады: «Соқтығысу қаупі», «Шұғыл тежеу» және «Автокөлікті тоқтату және тежеу арқылы басқару жүйесін өшіру».

Соқтығысу қаупі туралы ескерту



- Жүргізушіні соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «**Апат қаупі!**» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.
- Жүйе автокөліктің жылдамдығы шамамен 30-130 км/сағ (19-80 миль/сағ), ал қарсы келе жатқан көлік құралының жылдамдығы шамамен 10 км/сағ (6 миль/сағ) болған жағдайда жұмыс істейді.

Апаттық тежеу



- Жүргізушіні тежеуді қолдану туралы ескерту үшін аспаптар панеліне «Апаттық тежеу» ескерту хабары шығарылып, дыбыс сигналы беріледі.
- Шұғыл тежеуді қажет ететін жағдай туындаған кезде, жүйе қарсы келе жатқан автокөлікпен соқтығысуды болдырмау үшін максималды тежеуді қолданады.
- Жүйе автокөліктің жылдамдығы шамамен 30-130 км/сағ (19-80 миль/сағ), ал қарсы келе жатқан көлік құралының жылдамдығы шамамен 10 км/сағ (6 миль/сағ) болған жағдайда жұмыс істейді.

Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру



- Шұғыл тежеу нәтижесінде автокөлік тоқтаған аспаптар панелінде «Абайлап жүріңіз» деген ескерту хабары пайда болады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші тежегіш педалін дереу басып, қоршаған ортаны тексеруі керек.
- Тежеуді басқару жүйесі төтенше шұғыл тежеу салдарынан автокөлік тоқтағаннан кейін шамамен 2 секундтан соң өшеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер сіздің көлігіңіз немесе қарсы келе жатқан автокөлік түзу жүрмесе, ескертулер мен қарсы келе жатқан көлік туралы ескерту функциясының көлікті басқаруға көмектесу жүйесі кешігіп берілуі немесе жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жұмыс жылдамдығының диапазоны алдағы автокөліктің күйіне немесе қоршаған орта жағдайларына байланысты шектелуі мүмкін.
- Түнде жүрген кезде моторлы екі дөңгелекті көлік құралдарын анықтау қиындауы мүмкін және бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі немесе уақытша шектелуі мүмкін.
- Қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін ғана баптауларды өзгертіңіз.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі кейбір жағдайларда жұмыс істемейді және барлық соқтығысудың алдын ала алмайды.
- Жүргізуші автокөлікті басқаруға жауапты болады. Тек бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесіне сенбеңіз. Қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтаңыз және қажет болған жағдайда көлік жылдамдығын төмендету немесе тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Адамдарда, заттарда және т.б. бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысын ешқашан тексермеңіз. Бұл ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

- Егер жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін басса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жұмыс істеп тұрғанда автокөлік кенеттен тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақаттанып, бос заттардың жылжып кетуіне әкелуі мүмкін. Әрқашан қауіпсіздік белбеуін тағып, заттарды бекітіңіз.
- Егер экранда ескерту көрсетілсе немесе кез келген басқа жүйенің дыбыс сигналы естілсе, экранда бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ескертуі көрсетілмеуі мүмкін және оның дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің дыбыстық ескертуі шулы ортада естілмеуі мүмкін.
- Жол жағдайлары мен шарттарына байланысты бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі өшіп, дұрыс жұмыс істемеуі немесе қажетсіз қосылуы мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінде қандай да бір ақаулар болса да, автокөліктің негізгі тежеу жүйесі жақсы жұмыс істейді.
- Шұғыл тежеу кезінде жүргізуші газ педалін қатты басса немесе рульді күрт бұрса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің тежеуді басқару функциясы автоматты түрде өшеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Автокөліктің, моторлы екі дөңгелекті көлік құралының, алдыңыздағы жаяу жүргіншінің және велосипедшінің жағдайына, сондай-ақ қоршаған ортаға байланысты, алдыңғы соқтығысудың алдын алу жүйесінің жұмыс жылдамдығының диапазоны төмендеуі мүмкін. Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі тек ескертулер бере алады немесе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі белгілі бір жағдайларда іске қосылады, қарсы келе жатқан көлік құралының жағдайына, қозғалыс бағытына, жылдамдығына және қоршаған ортаға негізделе отырып, қауіп-қатер деңгейін бағалайды.
- Анықталатын қашықтыққа байланысты тек ескертулер беріліп, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі соқтығысулардың алдын алуы ғана мүмкін.

i Ақпарат

- Егер соқтығысу қаупі туындаса және жүргізуші қолданған тежеу жеткіліксіз болса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қосымша тежеуді қолдануы мүмкін.
- Аспаптар тақтасында көрсетілген кескіндер немесе түстер баптаулар мәзірінде таңдалған аспаптар тақтасына немесе тақырыпқа байланысты өзгеруі мүмкін.


Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері


Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулығы



Егер бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, «Жүргізуші көмекшісінің жүйелерін тексеріңіз» ескерту хабары көрсетіледі және аспаптар панелінде ескерту индикаторы (⚠) қосылады. Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің өшуі





Егер алдыңғы шолу камерасы орналасқан алдыңғы әйнек, алдыңғы радар қақпағы, бампер немесе датчик бөгде заттармен, мысалы, қармен жабылған болса немесе оларда жаңбыр тамшылары болса, анықтау сапасы төмендеуі немесе жұмыс уақытша шектелуі не болмаса бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар панелінде «Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Камера ластанған» немесе «Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Радар бұғатталды» ескерту хабары, ал аспаптар панелінде ескерту индикаторлары (⚠) көрсетіледі.

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қарды, жаңбыр тамшыларын және ластануларды кетіргеннен кейін өз жұмысын қалыпты режимде қалпына келтіреді. Егер кедергілерді (қар, жаңбыр тамшылары немесе басқа ластаушы заттар) (сонымен қатар артқы бамперден тіркеме, велосипед бекіткіші және т.б.) алып тастағаннан кейін бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болмаса да, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қозғалтқыш оталғаннан кейін ешқандай объект табылмайтын жерлерде (мысалы, ашық жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің шектеулері

Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін.

- Анықтау датчигі немесе оның айналасындағы аймақ ластанған немесе зақымдалған
- Алдыңғы шолу камерасы орнатылған орындағы температура сыртқы ортаның сипаттамаларына байланысты тым жоғары немесе тым төмен.
- Камера объективі қараңғыланған, пленкамен қапталған немесе жабыны бар алдыңғы әйнекпен, зақымдалған әйнекпен немесе әйнекке жабысып қалған бөгде затпен (жапсырмалар, жәндіктер және т.б.) жабылған.
- Алдыңғы әйнекте ылғал немесе мұз қалдықтарының болуы.
- Әйнекжуғыш сұйықтық үнемі шашыратылады немесе әйнектазартқыш қосылып тұр.
- Нөсер жаңбырда немесе қалық тұманда жүру.
- Алдыңғы шолу камерасының алдындағы көріністі күн сәулесінің әсерінен көру
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде шағылысқанда, мысалы, шалшықтан.
- Аспаптар панелінде қандай да бір зат бар.

- Автокөлігіңізді сүйреу
- Тым жоғары жарық.
- Айналасы тым қараңғы, мысалы, туннельде және т. б.
- Жарықтың кенеттен өзгеруі, мысалы, туннельге кіргенде не одан шыққанда.
- Сыртта жарық төмен, ал фаралары қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Бумен, түтінмен немесе көлеңкемен жүру.
- Автокөліктің, электр жетегі бар екі дөңгелекті көлік құралының , велосипедшінің немесе жаяу жүргіншінің бір бөлігі ғана анықталды
- Алдағы автокөлік немесе электр жетегі бар екі дөңгелекті көлік құралы — автобус, ауыр жүк көлігі, пішіні стандартты емес жүк көлігі, тіркеме және т. б.
- Алдағы автокөліктің немесе моторлы, екі дөңгелекті көлік құралының артқы шамдары жоқ, артқы шамдар стандартты емес күйде орнатылған және т.б.
- Сыртта жарық төмен, ал артқы шамдар қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Арттағы автокөліктің артқы жағы кішкентай немесе автокөлік әдеттен тыс көрінеді, мысалы, автокөлік қисайған, төңкерілген немесе көлік бүйіріне бұрылған және т. б.
- Алда келе жатқан көлік құралының жол саңылауы кішкентай немесе үлкен.
- Автокөлік, моторлы екі дөңгелекті көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші кенеттен сіздің алдыңызда тұрып қалады (пайда болады)
- Алдыңғы бұрыштық радар орнатылған жерде бамперді соғу немесе зақымдау немесе алдыңғы радардың ығысуы.
- Алдыңғы радар орнатылған орнындағы температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Туннель арқылы немесе металл көпір арқылы жүру
- Автköліктер немесе нысандар аз үлкен ашық кеңістіктерде жүру (мысалы, шөл, шалғын, қала маңы және т.б.).
- Автокөлік құрылыс алаңдары, теміржол және т. б. сияқты металл заттар бар жерлерде жүреді.
- Автокөлікке жақын жерде алдыңғы радарға қатты жарық түсіретін зат бар, мысалы, қоршау, басқа көлік құралы және т. б.
- Алдағы велосипедші алдыңғы радар сигналын шағылыстырмайтын материалдан жасалған велосипедпен қозғалады.
- Алда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы кеш анықталды

- Алда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік кенеттен тосқауылмен бұғатталды
- Алда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы кенеттен қозғалыс жолағын өзгертеді немесе жылдамдықты қалпына келтіреді
- Алда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы қисайып тұп
- Алда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы жылдам немесе баяу жүріп барады.
- Соқтығысудың алдын алу үшін алда жүріп бара жатқан автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы көлігіңізге қарама-қарсы бағытта бұрылады
- Алда автокөлік немесе моторлы екі дөңгелекті көлік құралы жүріп бара жатқан кезде сіздің автокөлігіңіз қозғалыс жолағын баяу өзгертеді
- Алдағы көлік құралының бетіндегі қар.
- Сіз жолақтан шықтыңыз немесе оған оралдыңыз.
- Көлікті біркелкі емес жүргізу.
- Сіз айналмалы жол қиылысындасыз, ал басқа автокөлік немесе екі дөңгелекті көлік құралы анықталмады.
- Сіз үнемі айналып жүресіз.
- Алдағы көлік құралының пішіні ерекше.
- Алдағы көлік құралы өрде немесе еңісте жүріп келеді.
- Жаяу жүргінші немесе велосипедші толық танылмайды, мысалы, егер ол еңкейсе немесе толық тік күйде болмаса.
- Жаяу жүргінші немесе велосипедші оны анықтауды қиындататын киім киеді.
- Артқы осьті басқару жүйесі (бар болса) өшірілген




Жоғарыдағы суретте алдыңғы шолу камерасы мен алдыңғы радар автокөлік, моторлы екі дөңгелекті автокөлік, жаяу жүргінші немесе велосипедші ретінде анықтай алатын сурет көрсетілген.

- сіздің алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші өте жылдам қозғалады.
- Сіздің алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші аласа немесе мүсіні төмен.
- Сіздің алдыңызда жаяу жүргінші немесе велосипедші арнайы құралдарсыз қозғала алмайды.
- Сіздің алдыңызда жаяу жүргінші немесе велосипедші сіздің қозғалыс бағытыңызды кесіп өтеді.
- Алда жаяу жүргіншілердің немесе велосипедшілердің үлкен тобы тұр.
- Жаяу жүргінші, велосипедші немесе мотоциклші фонмен оңай тұтасатын киім киеді, бұл оны камераны анықтау жүйесімен тануды қиындатады.
- Жаяу жүргіншіні немесе велосипедшіні қоршаған ортадағы ұқсас құрылымдардан ажырату қиын.
- Сіз жаяу жүргінші, велосипедші, бағдаршам, ғимараттар және т. б. маңындағы қиылысқа жақындайсыз.
- Автотұрақтағы қозғалыс.
- Ақылы жолдарда, құрылыс алаңында, асфальтталмаған жолда, жартылай асфальталған жолда, тегіс емес жолда, жолдағы шұңқырлармен және т. б. жүру.
- Еңіске түсу немесе еңістен шығу, ирек жолмен және т. б. жүру.
- Бойында ағаштар өсетін немесе көше шамдары бар жолдармен жүру.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді
- Автокөліктің биіктігі үлкен жүктеме, шиналардағы дұрыс емес қысым және т. б. салдарынан өзгереді.
- Шет жағында ағаштар немесе шөп қатты өскен тар автожолмен жүру.
- Электрмагниттік кедергілер, мысалы, күшті радио толқындары немесе электр шуы бар аймақта қозғалу кезінде
- Автокөлікке көктайғаққа қарсы шынжырлар, қосалқы дөңгелек немесе басқа өлшемді дөңгелек орнатылған.


⚠ ЕСКЕРТУ

- **Ирелең жолмен жүру.**



Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі ирелең жолмен жүру кезінде рельефі датчиктердің тиімді жұмысына теріс әсер ететін сіздің алдыңыздағы басқа автокөліктерді, моторлы екі дөңгелекті көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтай алмауы мүмкін. Бұл ескертулердің болмауына және қажет болған жағдайда тежеу немесе рульді басқару кезіндегі көмектің болмауына әкелуі мүмкін (бар болса).


Ирелең жолмен жүрген кезде қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда қауіпсіз қашықтықты сақтау үшін қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін көлікті басқарып, тежегіш педалін басу керек.



Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі ирелең жолмен жүргенде автокөлікті, моторлы екі дөңгелекті көлік құралын, жаяу жүргіншіні немесе велосипедшіні көрші жолақта немесе сіздің жолағыңыздан тыс жерде анықтай алады.

Егер бұл орын алса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жүргізушіге әрдайым ескерту бере алмайды және тежеуді немесе авто басқаруды қолдана алмайды (бар болса). Автокөліктің айналасындағы жол жағдайларын үнемі қадағалаңыз.

- **Еңіске түсу немесе еңістен шығу**









Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі өрде немесе еңісте жүргенде рельефі датчиктердің тиімді жұмысына теріс әсер ететін сіздің алдыңыздағы автокөліктерді, электржетегі бар басқа екі дөңгелекті көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтай алмауы мүмкін.

Бұл жалған ескертулерге, тежеу немесе рульді басқару кезінде қажет емес көмекке (осы функциялар болған кезде) немесе қажетті ескертулердің болмауына және қажет болған жағдайда тежеу немесе рульді басқару кезінде көмекке (осы функциялар болған кезде) әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, егер автокөлік, моторлы екі дөңгелекті көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші кенеттен алда анықталса, автокөлік жылдамдықты күрт төмендетуі мүмкін.


Өрде көтерілген немесе түскен кезде жол жағдайын үнемі қадағалап отыру керек және қажет болса қауіпсіз қашықтықты сақтау мақсатында жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін қолдану қажет.

- **Қозғалыс жолағын ауыстыру.**



[A] Сіздің автокөлігіңіз
[B] Жолағын ауыстыратын автокөлік


Көлік құралы көрші жолақтан сіздің жолағыңызға ауысқаннан кейін ол сіздің датчиктің анықтау диапазонында болғанша датчик оны анықтамайды. Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қозғалыс жолағын күрт өзгертетін көлік құралын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда қауіпсіз қашықтықты сақтау үшін қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін көлікті басқарып, тежегіш педалін басу керек.



[A] Сіздің автокөлігіңіз
[B] Жолағын ауыстыратын автокөлік
[C] Сол бір қатардағы автокөлік

Егер алда келе жатқан автокөлік қайта басқа жолаққа ауысып жатса, бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі басқа жолаққа ауысуды бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда қауіпсіз қашықтықты сақтау үшін қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін көлікті басқарып, тежегіш педалін басу керек.

- **Көлік құралын анықтау**



Егер алда келе жатқан автокөліктің артындағы жүгі автокөлік шегінен тыс шығып тұрса немесе автокөліктің жол саңылауы тым жоғары болса, аса сақ болу керек. Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көлік құралының шегінен шығатын жүкті анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайларда шеткі нысаннан қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау керек және қажет болған жағдайда қажетті қашықтықты сақтау үшін қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін көлікті басқарып, тежегіш педалін басу керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тіркемені немесе басқа автокөлікті сүйрегенде, қауіпсіздік мақсатында бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесін өшіріңіз.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі пішіні немесе сипаттамалары бойынша автокөліктерге, электр жетегі бар екі дөңгелекті автокөліктерге, жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге ұқсас объектілерді анықтаған кезде қосылады.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі велосипедтерді және чемодандар, дүкен арбалары немесе бесік арбалар сияқты дөңгелектері бар шағын заттарды анықтауға арналмаған.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі күшті электрмагниттік толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөлікті оталдырғаннан немесе алдыңғы шолу камерасын инициализациялағаннан кейінгі алғашқы 15 секундта алдыңғы соқтығысулардың алдын алуға арналған көмекші функция жұмыс істемейді.

i Ақпарат

Жүргізушінің көзден таса аймақтарының шектеулері және артқы бұрыштық радарға қатысты ескертулер туралы қосымша ақпаратты осы тараудың «Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алудың көмекші жүйесі (BCA)» бөлімінен қараңыз.

Жолақты ұстап отыру жүйесі (LKA)

Бар болса

Белгілі бір жылдамдықты асырып жүрген кезде жолақты ұстап отыру жүйесі жолақтың таңбалануын (немесе жолдың шетін) анықтайды және автокөлігіңіз бұрылыс сигналын қолданбай жолақтан шығып кетсе, сізге ескерту жасай алады, сонымен қатар автокөлік жолақтан кетпеуі үшін рульдеуге көмектеседі.

Анықтау датчигі



(1) Алдыңғы шолу камерасы

Алдыңғы көрініс камерасы жол таңбаларын (немесе жол жиегін) анықтау үшін анықтау датчигі ретінде пайдаланылады.

Анықтау датчигінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы шолу камерасына қатысты егжей-тегжейлі сақтық шараларын осы тараудың «Бетпе-бет соқтығысудың алдын« алу көмекші жүйесі (FCA) (тек алдыңғы «шолу камерасы)» бөлімінен қараңыз.

Жолақты ұстап отыру жүйесінің баптаулары

Қозғалыс жолағын ұстап отыру




Автокөлік қосылып тұрғанда ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүзгізу қауіпсіздігі** > **Қозғалыс жолағын ұстап отыру** таңдаңыз да, қажетті функцияларды қосыңыз.

Егер **Қозғалыс жолағын ұстап отыру** таңдалса, жолақты ұстап отыру жүйесі автокөлік жолақтан шығып кетпеуі үшін жолақтан ауытқу анықталған кезде рульді автоматты түрде туралайды. Егер **Қозғалыс жолағын ұстап отыру** өшірілген болса, жолақты ұстап отыру жүйесі өшірілген және аспаптар панелінде сары индикатор жанып тұрады (/).

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлік жолақтың ортасында жүріп бара жатқан кезде жолақты ұстау отыру жүйесі рульді басқармайды.
- Жүргізуші әрдайым жолдағы жағдайды мұқият қадағалап отыруы керек. Егер қозғалыс жолағын ұстап отыру өшірілсе, жолақты ұстап отыру жүйесі жұмыс істемейді.

Дыбыстық және тактильді ескертулер



Ескерту әдістерін қосулы автокөлікте баптауға болады.


- **Ескертулердің дыбыс деңгейі**: ескертулердің дыбыс деңгейін реттеу.
- **Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік басымдығы**: көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесінен ескерту алған кезде барлық басқа жүйенің дыбыс деңгейін төмендету.

i Ақпарат

- Дыбыстық және тактильді ескертулер өзгерген кезде жүргізушіге көмек көрсетудің басқа жүйелерін ескерту тәсілдері де өзгертілуі мүмкін.
- Автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін ескертулерді беру тәсілдері үшін соңғы баптаулар қолданылады.
- Автокөліктің жинақтамасына байланысты баптаулар мәзірі болмауы мүмкін.

Жолақты ұстап отыру жүйесінің жұмысы

Жолақты ұстап отыру жүйесін қосу/өшіру



Автокөлікті қосқан кезде әрдайым қозғалыс жолағын ұстап отыру жүйесі қосылады және аспаптар панелінде сұр индикатор (/\) көрсетіледі. Жолақты ұстап отыру функциясын өшіру үшін жолақты ұстап отыру түймесін басып, ұстап тұрыңыз (/\).

i Ақпарат

Жолақты ұстап отыру жүйесін рульдегі (/\) түймемен өшіргенде, қозғалыс жолағын ұстап отыру параметрлері де өшіріледі.

Ескерту және басқару

Жолақты ұста отыру жүйесі қозғалыс жолағынан тыс шығу туралы ескертудің ішкі жүйесін және жолақ ішінде көлікті басқаруға арналған ішкі жүйені қамтиды.

Сол жақтан



Оң жақтан



Қозғалыс жолағынан тыс шығу туралы ескерту жүйесі

- Жүргізушіге автокөліктің қозғалыс бағыты бойынша проекцияланған жолақтан тыс шығуы туралы ескерту үшін аспаптар панелінде жасыл индикатор жыпылықтай бастайды (), автокөлік қозғалатын бағыттағы таңбалау сызықтарының суреті жыпылықтайды және дыбыстық ескерту пайда болады.
- Қозғалыс жолағынан тыс шығу туралы ескерту жүйесі анықтау мақсатына байланысты келесі жағдайларда жұмыс істейді.
  - Жолақты таңбалау: Автокөлік жылдамдығы 45-200 км/сағ (28-120 миль/сағ)
  - Жолдың шеті: Автокөлік жылдамдығы 60-200 км/сағ (40-120 миля/сағ)

Жолақты ұстап отыру жүйесі

- Жүргізушіге автокөліктің қозғалыс бағыты бойынша проекцияланған жолақтан тыс шығуы туралы ескерту үшін аспаптар панелінде жасыл индикатор жыпылықтай бастайды және автокөлікті жолақта ұстау үшін рульді басқаруға түзетулер енгізіледі.
- Жолақты ұстап отыру жүйесі анықтау мақсатына байланысты келесі жағдайларда жұмыс істейді.
  - Жолақты таңбалау: Автокөлік жылдамдығы 45-200 км/сағ (28-120 миль/сағ)
  - Жолдың шеті: Автокөлік жылдамдығы 60-200 км/сағ (40-120 миля/сағ)

Рульді жіберу туралы ескерту



Егер жүргізуші рульден бірнеше секундқа қолын алып тастаса, аспаптар панелінде «**Қолыңызды рульде ұстаңыз**» деген ескерту хабары пайда болады және бірнеше дыбыс сигналы беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер руль қатты ұсталса немесе оның күйі белгілі бір деңгейден асып кетсе, рульді басқарудың көмекші жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін.

- Жолақты ұстап отыру жүйесі үнемі жұмыс істемейді. Жүргізуші қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, көлікті жүргізуі және оны тиісті жолақта ұстауы керек.
- Жол жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты рульді жіберу туралы ескерту хабары кейінірек пайда болуы мүмкін. Қозғалыс кезінде әрқашан қолыңызды рульде ұстаңыз.
- Егер рульді қатты ұстамасаңыз, жолақты ұстап отыру жүйесі рульде қолдың жоқтығы туралы ескертеді, өйткені жүргізуші қолын рульде ұстап тұрғанын анықтамауы мүмкін.
- Рульге әр түрлі заттарды бекіткен кезде рульді жіберу туралы ескертулер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

i Ақпарат

- Аспаптар панелінің баптаулары туралы толық ақпаратты 4-тараудың «Аспаптар панелінің дисплейі» бөлімінде қараңыз.
- Таңбалау сызықтары (немесе жол жиектері) анықталған кезде, аспаптар панеліндегі таңбалау сызықтарының суреті сұрдан ақ түске өзгереді және жасыл индикатор (🚗) жанады.

Таңбалау сызығы табылған жоқ




Таңбалау сызығы анықталды



- Аспаптар панелінде көрсетілген кескіндер немесе түстер аспаптар панелінің түріне немесе таңдалған аспаптар тақырыпқа байланысты өзгеруі мүмкін.
- Жолақты ұстап отыру жүйесі рульді басқаруға көмектессе де, жүргізуші рульді пайдалана алады.
- Рульді басқару әдеттегі басқарумен салыстырғанда жолақты ұстап отыру жүйесімен қамтамасыз етілген кезде рульді бұру күші жоғарылайды немесе төмендейді.


Жолақты ұстап отыру жүйесінің шектеулері мен ақаулықтары

Жолақты ұстап отыру жүйесінің ақауы



Егер жолақты ұстап отыру жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінде «**Жүргізуші көмекшісінің жүйелерін тексеріңіз**» деген ескерту хабары шығады және жолақты ұстап отыру жүйесінің сары индикаторы (/🚗\) жанады. Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Жолақты ұстап отыру жүйесі



Егер алдыңғы шолу камерасы орналасқан алдыңғы әйнекті қар немесе жаңбыр сияқты бөгде заттармен жабылған болса, анықтау сапасы төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл өнімділіктің уақытша шектелуіне немесе жолақты ұстап отыру жүйесінің өшуіне әкелуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар панелінде «**Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Камера бұғатталған**» хабары көрсетіліп, негізгі ескерту индикаторы (⚠) немесе жолақты ұстап отыру жүйесінің ескерту индикаторы (/🚗\) қосылады.

Жолақты ұстап отыру жүйесі қарды, жаңбыр тамшыларын және ластануларды кетіргеннен кейін өз жұмысын қалыпты режимде қалпына келтіреді.

Егер бөгде заттарды алып тастағаннан кейін жолақты ұстап отыру жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болмаса да, жолақты ұстап отыру жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер камера құлыптаулы немесе ақаулы болған кезде автокөлік өшіп, қайта қосылса, күй сақталады. Сондықтан жолақты ұстап отыру жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Жолақты ұстап отыру жүйесінің шектеулері

Жолақты ұстап отыру жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін.

- Таңба ластанған немесе ажырату қиын
- Оны (немесе жол жиегі) жаңбыр, қар, балшық, май және т. Б. жапқан
  - -Жол таңбасының (немесе жол жиегінің) түсі жолдың өзінен өзгешеленбейді
  - Жолдағы жол таңбасының (немесе жол жиегінің) жанында жолақ таңбасына (немесе жол жиегіне) ұқсас таңба (немесе жол жиегі) бар.
  - Жол таңбасы (немесе жол жиегі) бұлыңғыр немесе зақымдалған.
  - Бөлу жолағынан, ағаштардан, қоршаулардан, шу тосқауылдарынан және т. б. түсетін таңбадағы (немесе жол жиегіндегі) көлеңке.
- Қозғалыс жолағы санының артуы не азаюы не болмаса таңба сызықтарының (жол жиегінің) қиылысуы.
- Жолға жол таңбасының (немесе жол жиегін) екі немесе одан да көп нұсқалары салынған
- Жолақты (немесе жол жиегін) таңбалау күрделі немесе оны құрылымдар алмастырады (мысалы, құрылыс аймағында).
- Зигзаг жолақтары, жаяу жүргіншілер өткелінің таңбалары және жол таңбалары сияқты қосымша жол таңбаларының болуы.
- Қозғалыс жолағының кенеттен жоғалуы, мысалы, қиылыста
- Қозғалыс жолағы (немесе жол) тым кең не тым тар.
- Қозғалыс жолағы белгіленбеген жолдың шеті
- Автомагистральдың шекаралық құрылысы, мысалы жол ақысын жинау пункті, тротуар, жиек, және т. б.
- Алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық өте аз немесе ол жол таңбасын (жол жиегін) жабады

i Ақпарат

Алдыңғы шолу камерасының шектеулері туралы толық ақпаратты осы тараудың «Бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері» бөлімінен қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жолақты ұстап отыру жүйесін пайдалану кезінде төменде көрсетілген сақтық шаралары сақталуы керек.


- Жүргізуші автокөлікті қауіпсіз жүргізуге және басқаруға жауапты. Тек жолақты ұстап отыру функциясына сенбеңіз және қауіпті көлік жүргізуден аулақ болыңыз.
- Жолақты ұстап отыру жүйесі белгілі бір жол жағдайларына немесе қоршаған орта жағдайларына байланысты өшірілуі немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Рульдеген кезде әрқашан абай болыңыз.
- Егер жолақ дұрыс анықталмаса, «Жолақты ұстап отыру жүйесінің шектеулері мен ақаулықтары» бөлімін қараңыз.
- Тіркемені немесе басқа автокөлікті сүйрегенде, қауіпсіздік мақсатында жолақты ұстап отыру жүйесін өшіріңіз.
- Егер автокөлік жоғары жылдамдықпен қозғалса, көлікті рульді пайдаланып жүргізу орындалмайды. Жолақты ұстап отыру жүйесін пайдаланған кезде жүргізуші әрқашан белгіленген жылдамдық шектеулерін сақтауы керек.
- Егер басқа жүйенің ескертуі көрсетілсе немесе дыбыстық ескерту жасалса, жолақты ұстап отыру жүйесінің ескертуі көрсетілмеуі мүмкін және дыбыстық ескерту жасалмауы мүмкін.
- Жолақты ұстап отыру жүйесінің дыбыстық ескертуі шулы ортада естілмеуі мүмкін.
- Рульге әр түрлі заттарды бекіткен кезде рульді жіберу туралы ескертулер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөлікті оталдырғаннан немесе алдыңғы шолу камерасын инициализациялағаннан кейінгі алғашқы 15 секундта жолақты ұстап отыру жүйесі жұмыс істемейді.
- Жолақты ұстап отыру жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
  - Бұрылыс көрсеткіштерін немесе апаттық сигнал беру жүйесін қосқаннан немесе өшіргеннен кейін белгілі бір уақыт ішінде.
  - Жолақты ұстап отыру жүйесі қосылған кезде немесе жолақты қайта ауыстырғаннан кейін бірден автокөлік жолақтың ортасында жүрмеді.
  - Динамикалық тұрақтандыру (ESC) немесе автокөлік тұрақтылығын басқару (VSM) жүйесі іске қосылды.
  - Автокөлік күрт бұрылыс жасайды.
  - Автокөліктің жылдамдығы жолақты ұстап отыру жүйесінің жұмыс диапазонына сәйкес келмейді.
  - Автокөлік қозғалыс жолағын кенеттен өзгертті.
  - Автокөлік кенеттен тежелді.
- Жүктің рұқсат етілген массасынан асып кету немесе жүктің жүксалғыштың бір орнында шоғырлануы көлік жүргізу кезінде автокөліктің тұрақтылығын төмендетіп, жолақты ұстап отыру жүйесінің тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (BCA)

Бар болса

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі көзге көрінбейтін аймақта келе жатқан көліктерді анықтауға және жүргізушіге индикатор мен дыбыстық сигнал арқылы ықтимал соқтығысу туралы ескертуге арналған.


Егер соқтығысу қаупі болса, параллель тұрақ орнынан шыққан жағдайда, көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі соқтығысуды болдырмауға көмектесу үшін көлігіңізді тежеуге көмектеседі.



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі автокөлікті көзге көрінбейтін аймақта анықтайды және бұл туралы жүргізушіге ескертеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Анықтау ауқымы сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығына байланысты. Дегенмен, автокөлік көзден таса аймақта болса да, жоғары жылдамдықпен жүргенде көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі ескерту бермеуі мүмкін.



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көзден таса аймақта жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөлікті анықтайды және бұл туралы жүргізушіге ескертеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескерту уақыты жоғары жылдамдықпен келе жатқан автокөліктің жылдамдығына байланысты.



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу функциясы автотұрақтан алға қарай жүріп шыққан кезде соқыр аймақта келе жатқан көлікпен соқтығысу қаупі бар деп есептесе, ол тежеуді қолдану арқылы бұл соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.

Анықтау датчигі



(1) Артқы бұрыштық радар

Анықтау датчиктерінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Анықтау датчиктерін бөлшектеуге немесе олардың тұтастығын бұзуға тыйым салынады.
- Егер артқы бұрыштық радар немесе оның айналасы зақымдалған болса немесе оларға шамадан тыс күш түссе, аспаптап панелінде ескертудің жоқтығына қарамастан, көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.
- Артқы бұрыштық радарларды ауыстырған немесе жөндеген жағдайда жүйені ресми HYUNDAI дилерінде тексеру ұсынылады.
- Артқы бұрыштық радар орналасқан артқы бамперді жөндеу үшін тек түпнұсқа бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Артқы бұрыштық радарлары бар артқы бампердің түпнұсқа бөлшектері тиімді екендігін дәлелдеді. Артқы бамперді ауыстыру немесе бояу көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесінің нашарлауына әкелуі мүмкін. Бөлшектерді ауыстыру немесе өзгерту қажет болғанда, сертификатталған өнімдерді пайдалануды ұмытпаңыз.

- Артқы бұрыштық радардың жанындағы бамперге нөмір белгісінің жақтауларын немесе жапсырмалар, пленка немесе торлар сияқты бөгде заттарды қоймаңыз.
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі бамперді ауыстырған, артқы бұрыштық радардың айналасы зақымдалған немесе бояу жаққан жағдайда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Орнатылған тіркеменің, аспалы ұстағыштың немесе ұқсас құрылғылардың болуы артқы бұрыштық радардың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің істен шығуына әкелуі мүмкін.

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің баптаулары

«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау



Автокөлік қосылып тұрғанда баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүзгізу қауіпсіздігі** > **«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау** таңдаңыз да, қажетті функцияларды қосыңыз.

- Егер **«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау таңдалса**, көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жүргізушіге соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты хабарлама мен дыбыстық сигнал арқылы ескертеді. Тежеу кезіндегі көмек соқтығысу қаупінің дәрежесіне байланысты тұрақтан шыққан кезде қолданылатын болады.



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі өшірілген қозғалтқышты қайта оталдырған кезде аспаптар панелінде «**«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау өшірілген**» хабары пайда болады.

Егер сіз «көрінбейтін» аймақтарды бақылауды таңдасаңыз, сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор үш секунд ішінде жыпылықтайды. Сондай-ақ, **«көрінбейтін» аймақтарды бақылау** қосулы кезде автокөлікті қосқанда, сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор үш секунд ішінде жыпылықтайды.


⚠ ЕСКЕРТУ

Жүргізуші мұқият болуы керек және көлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтауы керек. Егер «көрінбейтін» аймақтарды басқару өшірілсе, көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жұмыс істемейді.

i Ақпарат

Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі соңғы баптауларды қолданады.

Дыбыстық және тактильді ескертулер



Ескерту әдістерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильді ескертулер** таңдап, келесі баптауларды өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыс деңгейі**: ескертулердің дыбыс деңгейін реттеу.
- **Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік басымдығы**: көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесінен ескерту алған кезде барлық басқа жүйенің дыбыс деңгейін төмендету.

i Ақпарат

- Дыбыстық және тактильді ескертулер өзгерген кезде жүргізушіге көмек көрсетудің басқа жүйелерін ескерту тәсілдері де өзгертілуі мүмкін.
- Автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін ескертулерді беру тәсілдері үшін соңғы баптаулар қолданылады.
- Автокөліктің жинақтамасына байланысты баптаулар мәзірі болмауы мүмкін.

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы

Соқтығысу қаупі туралы ескерту (қозғалыс кезінде)



- Жүргізушіге оң және сол жақ жолақта артқы жақта табылған автокөлік туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасы мен проекциялық дисплейде (бар болса) ескерту индикаторы жанады.
- Автокөлікті анықтау туралы ескерту жүйесі көлігіңіздің жылдамдығы 20 км/сағ (12 миль/сағ) асса және көзден таса аймақтағы көліктің жылдамдығы 10 км/сағ (7 миль) асса жұмыс істейді.

Соқтығысу қаупі туралы ескерту

- Соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі анықталған көлік бағытында бұрылыс сигналы қосылған кезде жұмыс істейді.
- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында және алдыңғы әйнекте проекцияланатын дисплейде сигнал шамы (бар болса) жыпылықтайды. Сол бір уақытта дыбыс сигналы беріледі.
- Көзден таса аймақтағы соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі автокөлігіңіздің жылдамдығы 40 км/сағ (24 миль/сағ) жоғары болса және көзден таса аймақтағы автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (7 миль) жоғары болса жұмыс істейді.
- Егер бұрылыс сигналы өшірілсе немесе автокөлігіңіз жолақтан шықса, соқтығысу қаупі туралы ескерту жойылып, жүйе автокөлікті анықтау режиміне оралады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Артқы бұрыштық радарды анықтау қашықтығы жолдың стандартты енімен анықталады, сондықтан тар жолда жүйе басқа көліктерді екі жолақта анықтап, ескерту жасай алады. Керісінше, кең жолда жүйе көрші жолақтағы көліктерді анықтамауы және ескерту жасамауы мүмкін.
- Егер апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтаса, соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі жұмыс істемейді.

i Ақпарат

Егер жүргізушінің орны сол жақта болса, солға бұрылған кезде соқтығысу туралы ескерту пайда болуы мүмкін. Сол жақ қатарда қозғалатын көліктерге дейін тиісті қашықтықты сақтаңыз. Егер жүргізушінің орны оң жақта болса, оңға бұрылған кезде соқтығысу туралы ескерту пайда болуы мүмкін. Оң жақ қатарда келе жатқан көліктермен дұрыс қашықтықты сақтаңыз.

Аспаптар панелінде көрсетілген кескіндер немесе түстер баптаулар мәзірінде таңдалған аспаптар тақтасына немесе тақырыпқа байланысты өзгеруі мүмкін.

Соқтығысудың алдын алу жүйесі (параллель тұрақ орнынан шыққан кезде)



- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында индикатор жанып, аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болады. Сонымен қатар дыбыстық ескерту естіле бастайды, ал проекциялық дисплейде (бар болса) жарық шамы жыпылықтай бастайды.
- Көрінбейтін аймақта көлік құралымен соқтығыспау үшін апаттық тежеу жүйесі қолданылады.

- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі автокөлігіңіздің жылдамдығы 3 км/сағ (2 миль/сағ) төмен болса және көзден таса аймақтағы автокөліктің жылдамдығы 5 км/сағ (3 миль/сағ) жоғары болса жұмыс істейді.



- Шұғыл тежеу нәтижесінде автокөлік тоқтаған аспаптар панелінде «**Абайлап жүріңіз**» деген ескерту хабары пайда болады.

  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші тежегіш педалін дереу басып, қоршаған ортаны тексеруі керек.
- Тежеуді басқару жүйесі төтенше шұғыл тежеу салдарынан автокөлік тоқтағаннан кейін шамамен 2 секундтан соң өшеді.
- Жүргізуші тежегіш педалін қатты басқан кезде көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA) тежегішті басқаруын тоқтатады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесін пайдаланған кезде төмендегі сақтық шараларын орындаңыз:

- Қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін ғана баптауларды өзгертіңіз.
- Егер экранда ескерту көрсетілсе немесе кез келген басқа жүйенің дыбыс сигналы естілсе, экранда көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ескертуі көрсетілмеуі мүмкін және оның дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің дыбыстық ескертуі шулы ортада естілмеуі мүмкін.
- Егер жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін басса, көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін.
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі белсенді болған кезде, жүргізуші газ педалін қатты басқанда немесе рульді күрт бұрған кезде тежегішті осы функциямен басқару автоматты түрде өшеді.

- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жұмыс істеп тұрса, автокөлік кенеттен тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақаттанып, бос заттардың жылжып кетуіне әкелуі мүмкін. Әрқашан қауіпсіздік белбеуін тағып, заттарды бекітіңіз.
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесінде ақаулар болса да, негізгі рульді басқару және тежеу жүйесі жақсы жұмыс істейді.
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі кейбір жағдайларда жұмыс істемейді және барлық соқтығысудың алдын ала алмайды.
- Жол жағдайлары мен көлік жүргізу мәнеріне байланысты көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі кешіктірілген ескертулер бере алады немесе ескертулерді мүлдем бермеуі мүмкін.
- Жүргізуші көлікті үнемі өзі басқаруы керек. Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесіне сенбеңіз. Қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтаңыз және қажет болған жағдайда жылдамдықты төмендету немесе көлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Адамдарда, жануарларда, заттарда және т.б. осы жүйенің жұмысын ешқашан тексермеңіз. Бұл ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


Тежеуді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) күйіне байланысты.

Төменде көрсетілген жағдайларда тек ескерту беріледі:

- Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің ескерту индикаторы (ESC) жанып тұр.
- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) қандай да бір функцияны орындайды.

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулары




Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінде бірнеше секундқа «**Жүргізуші көмекшісінің жүйелерін тексеріңіз**» деген ескерту хабары пайда болады және негізгі ескерту индикаторы қосылады (⚠). Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.



Егер сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінде бірнеше секундқа «Сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикаторды тексеріңіз» деген хабарлама пайда болады және негізгі ескерту индикаторы жанады (⚠). Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі өшіріледі



Егер артқы бампердің беті артқы бұрыштық радарға немесе датчикке жақын жерде қар немесе мұз қабаты сияқты қандай да бір затпен жабылған болса немесе автокөлікке тіркеме немесе аспалы ұстағыш орнатылған болса, нысандарды анықтау сапасы нашарлауы, сондай-ақ көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің функционалдылығы уақытша шектелуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар панелінде **«Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Радар бұғатталған»** ескерту хабары көрсетіледі.

Бөгде заттарды немесе тіркемені алып тастап, қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қалыпты режимде жұмыс істейді.

Егер бөгде заттарды алып тастағаннан кейін көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болмаса да, көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер қозғалтқыш оталғаннан кейін тікелей объектіні анықтау мүмкін болмаса немесе анықтау датчигі қозғалтқыш оталғаннан кейін бөгде затпен бұғатталып қалса, көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі анықтау аймағында (мысалы, ашық жерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіркемені орнату немесе ағыту, велосипед бекіткішін немесе басқа аспалы жабдықты шешіп алу үшін көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесін өшіріңіз. Жабдықты орнатып болғаннан/алып тастағаннан кейін «көзден таса аймақта» соқтығысудың алдын алу жүйесін қосыңыз.

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің шектеулері

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін.

- Нөсер жаңбыр, қар басу және т. Б. сияқты қолайсыз ауа-райы жағдайлары
- Артқы бұрыштық датчикті қар, балшық, жаңбыр және т. б. басқан
- Артқы бұрыштық радар орнатылған орындағы температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Автомагистральдағы жол айырығында жүру
- Жол жабыны (немесе шеткі жер) құрамындағы металл компоненттер мөлшерінің нормадан ауытқуы (мысалы, бәлкім, автомагистраль құрылысының салдарынан).
- Автокөліктің жанында шудан қорғайтын қоршау, қаққыш, жолақ бөлгіш, шлагбаум, көше шамдары, белгілер, туннельдер, қабырғалар және т.б. (қос құрылымды қоса алғанда) сияқты бекітілген нысан бар.
- Автқөліктер немесе нысандар аз үлкен ашық кеңістіктерде жүру (мысалы, шөл, шалғын, қала маңы және т.б.).
- Шет жағында ағаштар немесе шөп қатты өскен тар автожолмен жүру.
- Сулы жолмен жүру, мысалы, шалшықтармен.
- Автокөлігіңіздің артында қысқа қашықтықта басқа автокөлік қозғалады немесе жақын жерде басқа автокөліктер сіздің жаныңыздан өтеді.
- Басқа көлік құралы сіздің жаныңыздан өте қысқа уақыт ішінде өтіп бара жатқанда өте жоғары жылдамдықпен жүреді.
- Сіздің автокөлігіңіз басқа көлік құралын басып озады.
- Автокөлігіңіз қозғалыс жолағын өзгертті.
- Сіздің автокөлігіңіз жақын маңдағы көлікпен бір уақытта қозғалды және жылдамдығын үдетті
- Көлік құралдың іргелес жолақтан сіздің автокөліктен екі жолаққа алыс ауысуы немесе сіздің көлігіңізден екі жолаққа алыс орналасқан көлік құралының іргелес жолаққа ауысуы
- Артқы бұрыштық радардың жанында тіркеме, аспалы ұстағыш немесе ұқсас қондырғы бар
- Артқы бұрыштық радардың айналасындағы бамперде бөгде заттар бар (жапсырма, кенгурятник, велосипед бекіткіші және т. б.)
- Артқы бұрыштық радар орнатылған жерде бамперді соғу немесе зақымдау немесе радардың ығысуы.
- Автокөліктің биіктігі үлкен жүктеме, шиналардағы дұрыс емес қысым және т. б. салдарынан өзгереді.

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін.


- Егер мотоцикл немесе велосипед анықталса.
- Егер платформа тіркемесі сияқты көлік құралы анықталса.
- Автобус немесе жүк көлігі сияқты үлкен көлік құралы анықталса.
- Жаяу жүргінші, жануар, сауда арбасы немесе балалар арбасы сияқты қозғалмалы кедергі анықталса.
- Спорттық автокөлік сияқты төмен көлік құралы анықталса.

Тежеуді басқару жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жүргізуші ерекше сақ болуы керек:

- Автокөлік соқпалы жолда, ойлы-қырлы жолда не жол «жамауларында» қатты дірілдейді.
- Қар, шалшық, көктайғақ және т. б. бар тайғақ бетпен жүру.
- Шиналардағы қысым төмен немесе шина зақымдалған.
- Тежеу жүйесі жаңартылды.
- Автокөлік қозғалыс жолағын кенеттен өзгертті.


⚠ ЕСКЕРТУ

- **Ирелең жолмен жүру.**



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі ирелең жолмен жүру кезінде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Функция көрші жолақта автокөлікті анықтамауы мүмкін.


Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі ирелең жолмен жүру кезінде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Функция сіздің көлігіңізбен бір жолақта жүріп келе жатқан көлікті тани алады.


Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.

- **Еңіске түсу немесе еңістен шығу**



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі еңіспен жүру кезінде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Функция көрші жолақтағы көлікті анықтамауы немесе жерді немесе ғимаратты дұрыс анықтамауы мүмкін. Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


- **Жолдар бірігетін немесе бөлінетін жерлерде жүру**



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жолдар бірігетін немесе бөлінетін жерлерде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Функция көрші жолақта автокөлікті анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.

- **Әр түрлі биіктікте жолақтар болған жағдайда жүру**



Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі жолақтар әр түрлі биіктікте орналасқан жерлермен жүрген кезде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Функция жолақтары әртүрлі биіктіктегі жолдармен жүретін көліктерді анықтамауы мүмкін (теміржол көпірлерінің астындағы жолдар, көп деңгейлі жол айырықтары және т.б.).


Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тіркемені немесе басқа автокөлікті сүйреп апарған кезде көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесін өшіруді ұмытпаңыз.
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі күшті электрмагниттік толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі қозғалтқыш оталғаннан кейін немесе алдыңғы шолу камерасын немесе артқы бұрыштық радарларды инициализациялау кезінде шамамен 3 секунд жұмыс істемеуі мүмкін.

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесі (SEW)

Бар болса



Автокөлігіңіз тоқтап, көліктен шығу туралы ескерту жүйесі жолаушы есікті ашқан кезде көлігіңіздің артқы бұрышына жақындап келе жатқанын анықтаған кезде, жүйе соқтығысудың алдын алу үшін ескерту хабары мен дыбыс сигналын бере алады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескерту уақыты жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығына байланысты.

Анықтау датчигі



(1) Артқы бұрыштық радар


Анықтау датчиктерінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.

⚠НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сақтық шаралары турады қосымша ақпаратты осы тараудың «Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алудың көмекші жүйесі (BCA)» бөлімінен қараңыз.

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің баптаулары

Автокөліктен шығу туралы ескерту



Қозғалтқыш қосулы кезде автокөліктен шыққан кезде қауіпсіздік жүйесін қосу немесе өшіру үшін **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүргізу қауіпсіздігі** > **Қауіпсіз шығу** тармағын таңдаңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ

Жүргізуші әрдайым жолдағы жағдайды мұқият қадағалап отыруы керек. Егер «SEW (көліктен шығу туралы ескерту)» таңдалмаса, бұл функция жұмыс істемейді.

i Ақпарат

Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін қауіпсіз шығуды басқару жүйесі үшін соңғы баптаулар қолданылады.

Дыбыстық және тактильді ескертулер



Ескерту әдістерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильді ескертулер** таңдап, келесі баптауларды өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыс деңгейі**: ескертулердің дыбыс деңгейін реттеу.
- **Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік басымдығы**: көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесінен ескерту алған кезде барлық басқа жүйенің дыбыс деңгейін төмендету.

i Ақпарат

- Дыбыстық және тактильді ескертулер өзгерген кезде жүргізушіге көмек көрсетудің басқа жүйелерін ескерту тәсілдері де өзгертілуі мүмкін.
- Автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін ескертулерді беру тәсілдері үшін соңғы баптаулар қолданылады.
- Автокөліктің жинақтамасына байланысты баптаулар мәзірі болмауы мүмкін.

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің жұмысы

Автокөліктен шығу туралы ескерту





Автокөліктен шыққан кезде соқтығысу қаупі туралы ескерту

- Егер есік ашылған кезде артқы жақта келе жатқан көлік анықталса, аспаптар панелінде «Апат қаупі!» хабары пайда болып, дыбыстық ескерту беріледі.
- Егер сіздің көлігіңіздің жылдамдығы 3 км/сағ (2 миль/сағ) төмен болса және артқы жақтан келе жатқан көліктің жылдамдығы 6 км/сағ (4 миль) жоғары болса, автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесі жүргізушіні ескертеді,

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген сақтық шараларын қолдану қажет.


- Қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін ғана баптауларды өзгертіңіз.
- Ескерту хабары көрсетілсе немесе басқа функцияның дыбыс сигналы естілсе, қауіпсіз шығу жүйесінің хабары көрсетілмеуі және дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.
- Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесінің дыбыстық ескертуі шулы ортада естілмеуі мүмкін.
- Көліктен шығу туралы ескерту жүйесі кейбір жағдайларда жұмыс істемейді және барлық соқтығысудың алдын ала алмайды.
- Көліктен шығу туралы ескерту жүйесі жүргізушіге кешіктірілген ескерту жасай алады немесе оны жол жағдайлары мен көлік жүргізу тәсіліне байланысты мүлдем жасамауы мүмкін. Әрқашан айналаңызды бақылаңыз.
- Жүргізуші мен жолаушылар көліктен шыққан кезде болатын оқиғалар үшін жауап береді. Көліктен шықпас бұрын айналаны бағалау қажет.

i Ақпарат

- Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі шамамен 3 минут жұмыс істейді, бірақ есіктер құлыпталған кезде бірден өшеді.
- Аспаптар панелінде көрсетілген кескіндер немесе түстер аспаптар панелінде таңдалған аспаптар аспаптар тақтасына немесе тақырыпқа байланысты өзгеруі мүмкін.

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің ақаулары




Егер көліктен шығу туралы ескерту жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінде бірнеше секундқа «**Жүргізуші көмекшісінің жүйелерін тексеріңіз**» хабары пайда болады және негізгі ескерту индикаторы (⚠) жанады. Егер негізгі ескерту индикаторы жанса, автокөлікті тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне жолығу керек.



Егер сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінде бірнеше секундқа «**Бүйірлік көрініс айнасындағы индикаторды тексеріңіз» (немесе «Сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикаторды тексеріңіз**») деген хабарлама пайда болады және негізгі ескерту индикаторы жанады (⚠). Егер негізгі ескерту индикаторы жанса, автокөлікті тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне жолығу керек.

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің өшуі



Егер артқы бампердің беті артқы бұрыштық радарға немесе датчикке жақын жерде қар немесе мұз қабаты сияқты қандай да бір затпен жабылған болса немесе автокөлікке тіркеме немесе аспалы ұстағыш орнатылған болса, нысандарды анықтау сапасы нашарлауы, сондай-ақ көліктен шығу туралы ескерту жүйесінің функционалдылығы уақытша шектелуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар панелінде «**Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Радар бұғатталған**» ескерту хабары көрсетіледі.

Бөгде заттарды немесе тіркемені алып тастап, қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін қауіпсіз шығуды бақылау функциясы қалыпты режимде жұмыс істейді.

Егер олар жойылғаннан кейін жүйе қалпына келтірілмесе, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болмаса да, қауіпсіз шығуды бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер қандай да бір нысан қозғалтқыш қосылғаннан кейін тікелей анықталмаса немесе анықтау датчигі қозғалтқыш оталғаннан кейін бөгде затпен бұғатталып қалса, көзден таса аймақтағы соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі аймақта (мысалы, ашық жерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіркемені орнату немесе ағыту, велосипед бекіткішін немесе басқа аспалы жабдықты шешіп алу үшін көліктен шығу туралы ескерту жүйесін өшіріңіз. Жабдықты орнатып болғаннан/алып тастағаннан кейін көліктен шығу туралы ескерту жүйесін қосыңыз.

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің шектеулері

Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін.

- Егер сіз көліктен биік шөп немесе ағаштар өскен жерде шықсаңыз.
- Егер сіз көліктен дымқыл жолда шықсаңыз.
- жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы тым жоғары немесе тым төмен.


i Ақпарат

Артқы бұрыштық радарға қатысты шектеулер туралы көбірек білу үшін осы тараудың «Соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері бөлімін қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесі күшті электрмагниттік толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі автокөлікті оталдырғаннан кейін немесе артқы бұрыштық радарларды инициализациялағаннан кейін 3 секунд жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер камера құлыптаулы немесе ақаулы болған кезде автокөлік өшіп, қайта қосылса, күй сақталады. Сондықтан автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Жылдамдық шектеулерін қолмен бақылау жүйесі (MSLA)



(1) Жылдамдықты шектеу индикаторы

(2) Артқы жылдамдық


Қажет болса, жылдамдық шегін орнатуға болады.

Алдын ала орнатылған жылдамдық шегінен асып кетсе, көліктің жылдамдығы рұқсат етілген шектерге оралғанша жылдамдықты қолмен шектеу жүйесі (MSLA) (белгіленген жылдамдық шегі жыпылықтайды және дыбыс сигналы естіледі) жұмыс істейді.

Жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесінің жұмысы


Жылдамдық шегін орнату

1. Жүргізу кезіндегі көмек түймесін (🚗) басып, ұстап тұрыңыз. Аспаптар панелінде жылдамдықты шектеу индикаторы жанады (LIMIT).



2. Қажетті жылдамдықты орнату үшін «+» немесе «-» түймесін басып, қажетті мәнге жеткенде жіберіңіз.

   «+» немесе «-» басып, ұстап тұрыңыз. Бастапқыда жылдамдық 10-ға жақын санға дейін көтеріледі немесе төмендейді (миль/сағ өлшеу үшін 5), содан кейін 10 км/сағ (5 миль/сағ) дейін жоғарылайды немесе төмендейді.



3. Орнатылған жылдамдық шегі аспаптар панелінде көрсетіледі.


- Егер сіз белгіленген жылдамдық шегінен асып кеткіңіз келсе, төмендетілген берілісті қосу функциясын қосу үшін қысым нүктесіне дейін акселератор педалін басыңыз.
- Белгіленген жылдамдық шегі жыпылықтай бастайды және автокөліктің жылдамдығы рұқсат етілген шегіне жеткенше дыбыс сигналы беріледі.



i Ақпарат


- Егер акселератор педалі қысым нүктесіне дейін басылса, автокөліктің жылдамдығы жылдамдық шегінен аспайды.
- Орнатылатын максималды жылдамдық автокөліктің сипаттамаларына байланысты. Белгіленген жылдамдықты максимумнан жоғары арттыру мүмкін емес.

Жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату




Жылдамдық шектеуін уақытша өшіру үшін түймені басыңыз. Жылдамдық шектеуі өшіріледі, бірақ жылдамдықты шектеу индикаторы (LIMIT) сөнбейді.

Жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесінің жұмысын қалпына келтіру



Жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесінің жұмысын жалғастыру үшін «+» немесе «-» түймесін пайдаланыңыз. Егер сіз «+» немесе «-» түймесін бассаңыз, жүйе аспаптар панелінде көрсетілген ағымдағы қозғалыс жылдамдығын орнатады. Егер түймені бассаңыз, алдын ала орнатылған қозғалыс жылдамдығы қалпына келеді.

Қозғалыс жылдамдығын қолмен шектеу жүйесін өшіру



Жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесін өшіру үшін жүргізу кезіндегі көмек түймесін (🚗) басыңыз. Жылдамдықты шектеу индикаторы (LIMIT) сөнеді.

Егер жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесі қолданылмаса, оны әрқашан жүргізу кезіндегі көмек түймесімен (🚗) өшіріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жылдамдықты қолмен шектеу жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген шаралар қабылдануы тиіс.

- Әрқашан көліктің жылдамдығын белгілі бір елде қабылданған жылдамдық шектеуіне сәйкес орнатыңыз.
- Жылдамдықты кездейсоқ орнатпау үшін, пайдаланылмайтын жылдамдықты қолмен бақылау функциясы өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Жылдамдықты шектеу индикаторының (LIMIT) жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Жылдамдықты қолмен бақылау жүйесі дұрыс және қауіпсіз жүргізу дағдыларын алмастыра алмайды. Автокөлікті басқару қауіпсіздігі үшін жауапкершілік әрқашан жүргізушіге жүктеледі және ол күтпеген және қауырт жағдайларға дайын болуы керек. Жол жағдайларын үнемі қадағалаңыз.

Зейінсіз жүргізу туралы ескерту (DAW)

Бар болса

Зейінсіз жүргізу туралы ескерту жүйесі

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі сіздің жүргізу мәнеріңізді бақылайды.

Егер жүргізушінің зейіні белгілі бір деңгейден төмендесе, зейінді бақылау жүйесі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үзіліс жасауды ұсынады.

Алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы

Алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы жүргізушіге алда тұрған көліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлайды

Анықтау датчигі



(1) Алдыңғы шолу камерасы

Алдыңғы шолу камерасы автокөлікті жүргізу кезінде алдағы көлік құралының жүргізу мәнерін және кетуін анықтау датчигі ретінде пайдаланылады.

Анықтау датчигінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Зейінді басқару жүйесінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін әрқашан алдыңғы шолу камерасын жақсы күйде ұстаңыз.
- Алдыңғы шолу камерасына қатысты егжей-тегжейлі сақтық шараларын осы тараудың «Бетпе-бет соқтығысудың алдын« алу көмекші жүйесі (FCA) (тек алдыңғы «шолу камерасы)» бөлімінен қараңыз.

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің баптаулары

Алда жүріп бара жатқан автокөлік ұзап кетті

Автокөлік қосылып тұрғанда ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **DAW (Жүргізуші зейінін бақылау деңгейі)** таңдап, содан кейін осы функцияны пайдалану үшін **Алдағы ұзап кеткен автокөлік туралы ескертуді қосыңыз**.



Егер **Алдағы ұзап кеткен автокөлік туралы ескерту**.


қосулы болса, ол жүргізушіге алда тұрған көліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлайды.

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің жұмысы

Зейінсіз жүргізу туралы ескерту жүйесі

Зейінді бақылау жүйесінің негізгі функциясы — жүргізушіге «Үзіліс жасау ұсынылады» деген ескерту жасау.

Үзіліс жасау ұсынылады



Егер жүргізушінің назары белгілі бір деңгейден төмендесе, аспаптар панелінде «**Үзіліс жасау ұсынылады**» деген хабарлама пайда болады және зейінсіз жүргізу туралы ескерту индикаторы (☕) жыпылықтайды және дыбыс сигналы беріледі.

- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі көлік жүргізу уақыты 4 минуттан аспаса немесе соңғы үзілістен кейін 4 минут өтпесе, үзіліс ұсынбайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі жүргізуші шаршамаса да, жүргізушінің стилі мен жүргізу мәнеріне негізделген үзіліс ұсына алады.
- Жүргізушінің зейінін бақылау функциясы көмекші болып табылады және жүргізушінің зейінін бағалай алмайды.
- Шаршау сезімі пайда болған кезде, тіпті егер жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі тиісті ескерту бермесе де, жүргізуші көлік құралын қауіпсіз жерде тоқтату арқылы үзіліс жасауы керек.

Алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы



Алда тұрған көлік қозғала бастағанда, алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы жүргізушіге аспаптар панеліндегі «**Алда келе жатқан автокөлік ұзап барады**» хабарламасы арқылы және дыбыс сигналы арқылы хабарлайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер ескерту хабары көрсетілсе немесе басқа жүйенің дыбыс сигналы берілсе, алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясының хабары көрсетілмеуі мүмкін және дыбыстық ескерту ойнатылмауы мүмкін.
- Жүргізуші автокөлікті қауіпсіз жүргізуге және басқаруға жауапты.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы көмекші болып табылады және жүргізушіге алда тұрған көліктің қозғала бастағаны туралы хабарламауы мүмкін.
- Әрқашан автокөліктің алдындағы аймақты тексеріп, қозғала бастамас бұрын жол жағдайларын тексеріңіз.

i Ақпарат

Аспаптар панелінде көрсетілген кескіндер немесе түстер баптаулар мәзірінде таңдалған аспаптар тақтасына немесе тақырыпқа байланысты өзгеруі мүмкін.


Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің ақаулары мен шектеулері

Ақау Жүргізуші зейінін бақылау жүйесінің ақаулары (DAW)



Егер жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінде бірнеше секундқа «**Жүргізуші көмекшісінің жүйелерін тексеріңіз**» деген ескерту хабары пайда болады және негізгі ескерту индикаторы (⚠) мен зейінсіз жүргізу туралы ескерту индикаторы (☕) қосылады. Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Зейінді бақылау жүйесі өшірілген.



Егер алдыңғы шолу камерасы орналасқан алдыңғы әйнекті қар немесе жаңбыр сияқты бөгде заттармен жабылған болса, анықтау сапасы төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл өнімділіктің уақытша шектелуіне немесе зейінді бақылау жүйесінің өшуіне әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда аспаптар панелінде «**Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Камера бұғатталған**» хабары көрсетіліп, негізгі ескерту индикаторы (⚠) және зейінсіз жүргізу туралы ескерту жүйесінің индикаторы (☕) қосылады. Жолақты ұстап отыру жүйесі қарды, жаңбыр тамшыларын және ластануларды кетіргеннен кейін жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі өз жұмысын қалыпты режимде қалпына келтіреді. Егер бөгде заттарды алып тастағаннан кейін жүргізуші зейінін бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі автокөлікті қосқаннан кейін анықтайтын объектілері жоқ учаскелерде (мысалы, ашық жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер камера құлыптаулы немесе ақаулы болған кезде автокөлік өшіп, қайта қосылса, күй сақталады. Сондықтан жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің шектеулері

Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін:

- Автокөлікті агрессивті түрде жүргізу.
- Автокөлік жолақтарды әдейі кесіп өтеді.
- Автокөлік жүргізушінің көмекші жүйесімен, атап айтқанда қозғалыс жолағын ұстап отыру жүйесімен басқарылады.

Алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы

- **«Кесіп өту»**




[A] Сіздің автокөлігіңіз

[A] лда келе жатқан көлік құралы

Егер сіздің көлігіңіздің алдында басқа көлік құралы тұрып қалса («кесіп өтсе»), алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- **алда келе жатқан көлік күрт бұрылады**




[A] Сіздің автокөлігіңіз

[A] лда келе жатқан көлік құралы

Егер алда келе жатқан көлік құралы солға, оңға, кері бұрылу және т.б. сияқты күрт бұрылыс жасаса, алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- **Алда тұрған көліктің кенет жүруі**




Егер алда тұрған көлік кенеттен қозғала бастаса, алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- **Сіз бен алдағы көліктің арасында жаяу жүргінші немесе велосипедші бар**




Егер сіз бен алдыңғы көліктің арасында жаяу жүргінші немесе велосипедші болса, алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- **Тұрақта**



Сіздің жаныңызда тұрған көлік кетіп бара жатқанда, алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы сізге тұрақта тұрған көлік қозғала бастағанын ескертуі мүмкін.

- **Жол бажын жинау пункті, қиылыс және т. б. арқылы жүру кезінде.**



Жол бажын жинау пункті арқылы немесе көптеген көлік құралдары бар қиылыс арқылы, сондай-ақ жолақтар жиі қосылатын және бөлінетін жерлерде қозғалу кезінде алда тұрған көліктің кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлікті оталдырғаннан немесе алдыңғы шолу камерасын инициализациялағаннан кейінгі алғашқы 15 секундта жүргізуші зейінін бақылау жүйесі жұмыс істемейді.

i Ақпарат

Алдыңғы шолу камерасына қатысты егжей-тегжейлі сақтық шараларын осы тараудың «Бетпе-бет соқтығысудың алдын« алу көмекші жүйесі (FCA) (тек алдыңғы «шолу камерасы)» бөлімінен қараңыз.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BVM)

Бар болса

Сол жақтан




Оң жақтан



Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі қозғалыс жолақтарын өзгерту үшін бұрылыс сигналдары қосылған кезде көлігіңіздің көрінбейтін аймақтарын аспаптар панелінде көрсететін кең шолу өрісі бар камераларды пайдаланады.

Анықтау датчигі



(1) Кең бұрышты бүйірлік көрініс камерасы (айнаның төменгі бөлігінде орнатылған камера)

(2) Кең бұрышты бүйірлік көрініс камерасы (айнаның төменгі бөлігінде орнатылған камера)

Анықтау датчиктерінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.


Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің баптаулары

Функцияларды баптау

Қозғалтқыш қосулы кезде көзден таса аймақтарды бақылау функциясын қосу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жүргізу қауіпсіздігі** таңдап, **Көзден таса аймақтарды көрсету»**функциясын қосыңыз.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің жұмысы

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі бұрылыс сигналдары қосылған және өшірілген кезде қосылады және өшіріледі.



Жұмыс шарттары

Солға немесе оңға бұрылу сигналы қосылған кезде, аспаптар панелінде тиісті бағыттағы сурет көрсетіледі.

Өшіру шарттары

- Бұрылыс сигналы өшірілген кезде аспаптар панеліндегі сурет өшеді.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылған кезде көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі бұрылыс сигналының күйіне қарамастан өшіріледі.
- Аспаптар панелінде басқа маңызды хабарламалар көрсетілген кезде көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі өшірілуі мүмкін.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің ақаулықтары

Егер көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панеліндегі дисплей жыпылықтаса немесе камераның суреті дұрыс көрсетілмесе, көлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексерген жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аспаптар панеліндегі объектіге дейінгі қашықтық нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны тікелей бағалауды ұмытпаңыз.
- Әрқашан камера объективінің тазалығын қадағалаңыз. Егер объектив қандай да бір затпен жабылған болса, бұл камераның жұмысына теріс әсер етуі мүмкін және көзден таса аймақтарды көрсету мониторы дұрыс жұмыс істемейді.

Круиз-контроль (CC)

Бар болса



(1) Круиз-контроль индикаторы


(2) Артқы жылдамдық

Круиз-контроль жүйесі акселератор педалін баспай, 30 км/сағ (20 миль/сағ) тұрақты жылдамдықпен қозғалуға мүмкіндік береді.

Круиз-контроль жүйесінің жұмысы

Жылдамдықты орнату

1. Жылдамдықты қажетті жылдамдыққа дейін үдетіңіз. Жылдамдық 30 км/сағ (20 миль/сағ) жоғары болуы керек.




2. Жүргізу кезіндегі көмекші жүйе түймесін басып, қажетті жылдамдықта ұстап тұрыңыз. Аспаптар панелінде орнатылған жылдамдық пен круиз-контроль жүйесінің индикаторы жанады (CRUISE).

3. Акселератор педалін жіберіңіз. Акселератор педалін баспасаңыз да, автокөліктің жылдамдығы белгіленген мәнде сақталады.

i Ақпарат

- Тауға шыққанда немесе таудан төмен түскенде автокөлік сәл баяулауы немесе үдеуі мүмкін.
- Жүргізу кезіндегі көмекші түймесі таңбасының көрінісі белгілі бір көлікке байланысты.

Берілген жылдамдықты арттыру




- «+» түймесін басып, бірден жіберіңіз. Белгіленген жылдамдық әрбір осындай әрекет кезінде 1 км/сағ (1 миль/сағ) артады.
- Аспаптар панелінде берілген жылдамдықтың мәнін бақылай отырып, «+» түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Бастапқыда белгіленген жылдамдық 10-ға жақын санға дейін көтеріледі немесе төмендейді (мильде өлшеу үшін 5), содан кейін әр басқан сайын 10 км/сағ (5 миль/сағ) дейін жоғарылайды.

  Қалаған жылдамдықты белгілеп, түймені жіберіңіз. Автокөлік өзі белгіленген жылдамдыққа дейін жетеді.

i Ақпарат

Орнатылатын максималды жылдамдық автокөліктің сипаттамаларына байланысты. Белгіленген жылдамдықты максимумнан жоғары арттыру мүмкін емес.

Берілген жылдамдықты арттыру



- «-» түймесін басып, бірден жіберіңіз. Белгіленген жылдамдық әрбір осындай әрекет кезінде 1 км/сағ (1 миль/сағ) азаяды.
- Аспаптар панелінде берілген жылдамдықтың мәнін бақылай отырып, «-» түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Бастапқыда белгіленген жылдамдық 10-ға жақын санға дейін төмендейді (мильде өлшеу үшін 5), содан кейін әр басқан сайын 10 км/сағ (5 миль/сағ) дейін төмендейді.


  Ұстап отыру қажет жылдамдықта түймені жіберіңіз.

Жылдамдықты уақытша үдету

Егер сіз круиз-контроль қосулы болған кезде жылдамдықты уақытша арттырғыңыз келсе, акселератор педалін басыңыз.

Орнатылған жылдамдыққа оралу үшін акселератор педалін аяғыңызды алып тастаңыз. Жоғары жылдамдықта «+» немесе «-» ауыстырып қосқышын бассаңыз, берілген жылдамдық үшін ағымдағы жоғары жылдамдыққа тең мән орнатылады.

Круиз-контроль жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату



Круиз-контрольдің уақытша тоқтау себептері төменде келтірілген:


- Тежегіш педалінің басылуы.
- (II↻) түймесінің басылуы.
- Берілісті «N» (Бейтарап) күйіне ауыстыру.
- Автокөлік жылдамдығының 30 км/сағ (20 миль/сағ) төмен мәнге дейін төмендеуі.
- ESC (динамикалық тұрақтандырудың электрондық жүйесі) қосулы.
- Қолмен ауысу режимінде екінші берілісті қосу (төмендету).

Белгіленген жылдамдық қалпына келтіріледі, бірақ круиз-контроль индикаторы (CRUISE) сөнбейді.

Ескертпе

Егер круиз-контроль осы құжатта көрсетілмеген себептерге байланысты жұмысын тоқтатса, автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеру ұсынылады.

Круиз-контроль жүйесінің жұмысын қалпына келтіру



«+», «-» немесе (II↻) ауыстырып қосқышын басыңыз.

Егер сіз «+» немесе «-» ауыстырып қосқышын бассаңыз, жүйе аспаптар панелінде көрсетілген қозғалыс жылдамдығын орнатады.


Егер түймені бассаңыз II↻, алдын ала орнатылған қозғалыс жылдамдығы қалпына келеді.

Круиз-контрольді қайта қосу үшін автокөлік 30 км/сағ (20 миль) жоғары жылдамдыққа жетуі керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

(II↻) түймесін баспас бұрын қоршаған ортаны тексеріңіз. Егер (II↻) түймесін бассаңыз, қозғалыс жылдамдығы күрт артуы немесе төмендеуі мүмкін.

Круиз-контроль жүйесін өшіру



Круиз-контроль жүйесін өшіру үшін жүргізу кезіндегі көмекші түймесін басыңыз. Круиз-контроль индикаторы сөнеді. Қажет болмаған кезде круиз-контроль жүйесін өшіру үшін жүргізу кезіндегі көмекші түймесін басыңыз.

i Ақпарат

Егер автокөлік жылдамдықты қолмен басқару жүйесімен жабдықталған болса, круиз-контроль CRUISE жүйесін өшіру үшін жүргізу кезіндегі көмекші түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Дәл сол кезде жылдамдық шектеулерін қолмен басқару жүйесі қосылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Круиз-контроль жүйесін пайдалану кезінде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтау қажет.

- Әрқашан көліктің жылдамдығын белгілі бір елде қабылданған жылдамдық шектеуінен төмен етіп орнатыңыз.
- Жылдамдықты кездейсоқ орнатпау үшін пайдаланылмайтын круиз-контроль жүйесінің өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Круиз-контроль индикаторының (CRUISE) жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Круиз-контроль жүйесі дұрыс және қауіпсіз жүргізу дағдыларын алмастыра алмайды. Жүргізуші күтпеген және қауіпті жағдайды болдырмау үшін көлік жүргізу кезінде қауіпсіздікті үнемі қадағалап отыруға міндетті.
- Күтпеген және кенет болған жағдайлардың алдын алу үшін әрқашан жолға мұқият қараңыз. Жол жағдайларын үнемі қадағалаңыз.

- Круиз-контрольді тұрақты жылдамдықпен жүру қауіпті болған жағдайда қолданбаңыз:
  - Қозғалысы қарқынды жолда жүргенде немесе жол қозғалысының жағдайлары тұрақты жылдамдықпен жүруді қиындатқан кезде
  - Тайғанақ жолда жүргенде (жаңбырдан су болған, мұз не қар басқан)
  - Адыр-бұдырлы жерлерде не қатты жел кезінде жүргенде
  - Қатты жел соғатын аудандарда жүргенде
  - Шолу мүмкіндігі шектеулі жағдайда қозғалғанда (бәлкім, тұман, қар, жаңбыр немесе шаң дауыл сияқты қолайсыз ауа райы салдарынан).
- Тіркемені сүйрегенде круиз-контрольді қолданбаңыз.

Интеллектуалды круиз-контроль (SCC)

Бар болса

Интеллектуалды круиз-контроль алдағы автокөлікті анықтайды және алдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты және белгіленген жылдамдықты сақтауға көмектеседі.

Басып озу кезіндегі көмек жүйесі

Егер интеллектуалды круиз-контроль жүйесі сіздің алдағы көлікті басып озу әрекетіңізді анықтаса, бұл сіздің көлігіңізді жылдамдатуға көмектеседі.

Анықтау датчигі



(1) Алдыңғы шолу камерасы

(2) Алдыңғы радар

Алдыңғы шолу камерасы мен алдыңғы радар алда жүріп бара жатқан көлік құралдарын анықтау датчигі ретінде пайдаланылады.


Анықтау датчигінің нақты орнын жоғарыдағы суреттен қараңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін әрқашан алдыңғы шолу камерасы мен алдыңғы радарды жақсы күйде ұстаңыз. Алдыңғы шолу камерасы мен алдыңғы радарға қатысты егжей-тегжейлі сақтық шараларын осы тараудың «Бетпе-бет соқтығысудың алдын «алу көмекші жүйесі (FCA) («датчиктер жиынтығы)» бөлімінен қараңыз.


Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің баптаулары

Интеллектуалды круиз-контроль



Автокөлік қосылып тұрғанда ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Жайлы жүргізу** > **SCC (Интелл. круиз-контроль)** таңдап, қашықтықты, үдеуді және реакция жылдамдығын қолмен өзгертіңіз.

Дыбыстық және тактильді ескертулер



Ескерту әдістерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптаулар мәзірінде **Баптаулар** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильді ескертулер** таңдап, келесі баптауларды өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыс деңгейі**: ескертулердің дыбыс деңгейін реттеу.
- **Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік басымдығы**: көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесінен ескерту алған кезде барлық басқа жүйенің дыбыс деңгейін төмендету.

i Ақпарат

- Дыбыстық және тактильді ескертулер өзгерген кезде жүргізушіге көмек көрсетудің басқа жүйелерін ескерту тәсілдері де өзгертілуі мүмкін.
- Автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін ескертулерді беру тәсілдері үшін соңғы баптаулар қолданылады.
- Автокөліктің жинақтамасына байланысты баптаулар мәзірі болмауы мүмкін.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысы.

Жұмыс шарттары

Негізгі функциялар

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі келесі шарттар орындалған кезде жұмыс істейді.

- Трансмиссия «D» (алға жүру) режимінде тұр
- Автокөліктің жылдамдығы жұмыс ауқымында.
  - 10-180 км/сағ (5-112 миль/сағ): егер автокөліктің алдында басқа көлік құралы болмаса
  - 0-180 км/сағ (0-112 миль/сағ): егер автокөліктің алдында басқа көлік болса
- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) немесе тежегішті блоктау жүйесі (ABS) қосылған

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі келесі шарттар орындалған кезде жұмыс істемейді.

- Жүргізушінің есігі ашық.
- Қозғалтқыштың айналу жылдамдығы жоғары.
- Тұрақ тежегіші қосулы.
- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) немесе тежегішті блоктау жүйесі (ABS) автокөлікті басқармайды
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі үшін тежеуді басқару жұмыс істейді.

i Ақпарат

Басқа көлік құралының артында тоқтаған кезде жүргізуші тежегіш педалін басу арқылы интеллектуалды круиз-контроль функциясын қоса алады.

Басып озу кезіндегі көмек жүйесінің жұмыс шарттары

Басып озу кезіндегі көмек жүйесі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде және төмендегі шарттар орындалған кезде сол жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі сол жақта орналасқан автокөлік үшін) немесе оң жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі оң жақта орналасқан автокөлік үшін) қосқанда жұмыс істейді.

- Автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ (40 миль/сағ) асады.
- Автокөлігіңіздің алдында көлік құралы анықталды


Басып озу кезіндегі көмек жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда жұмыс істемейді.

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылған.
- Алда жүріп бара жатқан автокөлікпен қашықтықты сақтау үшін көліктің жылдамдығы төмендейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Сол жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі сол жақта орналасқан автокөлік үшін) немесе оң жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі оң жақта орналасқан автокөлік үшін) қосқанда және алда көлік құралы болса, автокөлік біраз уақытқа жылдамдауы мүмкін. Жол жағдайларын үнемі қадағалаңыз.
- Сіздің еліңіздегі қозғалыс бағытына қарамастан, басып озу кезіндегі көмек жүйесі шарттар орындалған кезде жұмыс істейді. Қозғалыс бағыты басқа елдерде функцияны пайдаланған кезде әрқашан жол жағдайларын қадағалаңыз.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің қосылуы




- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін қосу үшін жүргізу кезіндегі көмекші түймесін басыңыз. Жылдамдық аспаптар панеліндегі ағымдағы мәнге сәйкес орнатылады.
- Көлік құралдары болмаған жағдайда, автокөліктің алдында белгіленген қозғалыс жылдамдығы сақталады, бірақ олар болған жағдайда келесі алда жүріп бара жатқан көлікке дейін қажетті қашықтықты сақтау үшін қозғалыс жылдамдығын төмендетуге болады. Егер алда жүріп бара жатқан көлік құралы жылдамдаса, сіздің көлігіңіз белгіленген жылдамдыққа дейін жылдамдайды, содан кейін ол круиз-контроль жүйесінің тұрақты жылдамдығымен жүре береді.


i Ақпарат

Егер сіздің көлігіңіздің жылдамдығы 0-30 км/сағ (0-20 миль/сағ) болса, жүргізу кезіндегі көмекші түймесін басқан кезде интеллектуалды круиз-контроль жүйесі үшін 30 км/сағ (20 миль/сағ) жылдамдық орнатылады.

Автокөліктер арасындағы қашықтықты баптау



Қашықтық баптауларын ауыстыру үшін түймені қажетінше басыңыз:
4-қашықтық > **3-қашықтық** > **2-қашықтық** > **1-қашықтық** > **4-қашықтық**.




90 км/сағ (56 миль/сағ) жылдамдықпен жүру кезінде мұндай қашықтық сақталады:

- 4-қашықтық: шамамен 52,5 м (172 фут)
- 3-қашықтық: шамамен 40 м (130 фут)
- 2-қашықтық: шамамен 32,5 м (106 фут)
- 1-қашықтық: шамамен 25 м (82 фут)

i Ақпарат

Көлікті қайта қосқанда немесе интеллектуалды круиз-контроль жүйесін уақытша өшіргенде, қашықтық баптауы үшін соңғы орнатылған мән бапталады.

Берілген жылдамдықты арттыру




- «+» түймесін басып, бірден жіберіңіз. Белгіленген жылдамдық әрбір осындай әрекет кезінде 1 км/сағ (1 миль/сағ) артады.
- Аспаптар панелінде берілген жылдамдықтың мәнін бақылай отырып, «+» түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Белгіленген жылдамдық әрбір осындай әрекет кезінде 10 км/сағ (5 миль/сағ) артады. Қажетті жылдамдықты орнатқаннан кейін түймені жіберіңіз, сонда көлік өзі белгіленген жылдамдыққа жетеді. Жылдамдықты 180 км/сағ (112 миль) дейін арттыруға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ


«+» түймесін баспас бұрын қоршаған ортаны тексеріңіз. «+» түймесін басып, ұстап тұрсаңыз, қозғалыс жылдамдығы күрт артуы мүмкін.

Берілген жылдамдықты арттыру




- «-» түймесін басып, бірден жіберіңіз. Белгіленген жылдамдық әрбір осындай әрекет кезінде 1 км/сағ (1 миль/сағ) азаяды.
- Аспаптар панелінде берілген жылдамдықтың мәнін бақылай отырып, «-» түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Белгіленген жылдамдық әрбір осындай әрекет кезінде 10 км/сағ (5 миль/сағ) төмендейді. Ұстап отыру қажет жылдамдықта түймені жіберіңіз. Жылдамдықты 30 км/сағ (20 миль/сағ) дейін төмендетуге болады.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің уақытша өшіру



Түймені немесе Ⅱↄ тежегіш педалін басу интеллектуалды круиз-контроль жүйесін уақытша өшіреді.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысын қалпына келтіру



Өшіргеннен кейін интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысын жалғастыру үшін «+», «-» немесе (Ⅱↄ) түймесін басыңыз.


Егер сіз «+» немесе «-» ауыстырып қосқышын бассаңыз, жүйе аспаптар панелінде көрсетілген қозғалыс жылдамдығын орнатады.

Егер түймені бассаңыз Ⅱↄ, алдын ала орнатылған қозғалыс жылдамдығы қалпына келеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

(⟲) түймесін баспас бұрын қоршаған ортаны тексеріңіз. Егер (⟲) түймесін бассаңыз, қозғалыс жылдамдығы күрт артуы немесе төмендеуі мүмкін.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіру



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіру үшін жүргізу кезіндегі көмекші түймесін басыңыз (🚗).

i Ақпарат

Егер автокөлік жылдамдықты қолмен шектеу жүйесімен жабдықталған болса, жүргізу кезіндегі көмекші түймесін (🚗) басып, ұстап тұрып, интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіріңіз. Дәл сол кезде жылдамдықты қолмен шектеу жүйесі қосылады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ауыстырып қосқыштар мен түймелерді бір уақытта пайдаланбаңыз. Интеллектуалды круиз-контроль дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Дисплей және басқару

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмыс күйін аспаптар панеліндегі «Жүргізу кезіндегі көмек» көру режимінде тексеруге болады. Толығырақ 4-тараудың «Аспаптар панелінің дисплейі» бөлімін қараңыз.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің сигналдары функцияның күйіне байланысты төменде көрсетілгендей көрсетіледі.

Жұмыс



Уақытша жою



- Жұмыс кезінде

(1) Алда жүріп бара жатқан көлік құралы болған кезде және таңдалған қашықтық деңгейі сақталған кезде.

(2) Артқы жылдамдық

(3) Алда жүріп бара жатқан көлік құралы болған кезде және көлік құралдары арасында белгіленген қашықтық болған кезде

- Уақытша өшіру кезінде

(1) Сіздің көлігіңіз (сұр)

(2) Бұрын орнатылған жылдамдық (сұр)

i Ақпарат

- Алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық панельде сіздің көлігіңіз бен алдағы көліктің арасындағы нақты қашықтыққа сәйкес көрсетіледі.
- Мақсатты қашықтық көліктің жылдамдығына және белгіленген қашықтық деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін. Егер көлік құралының жылдамдығы төмен болса (тіпті көлік құралына дейінгі қашықтық өзгерген жағдайда да), көлік құралына дейінгі мақсатты қашықтық аздап өзгеруі мүмкін.
- Аспаптар тақтасында көрсетілген кескіндер немесе түстер баптаулар мәзірінде таңдалған аспаптар тақтасына немесе тақырыпқа байланысты өзгеруі мүмкін.

Жылдамдықты уақытша үдету




Егер интеллектуалды круиз-контроль жұмыс істеп тұрған кезде белгіленген жылдамдықты өзгертпестен жылдамдықты уақытша арттырғыңыз келсе, акселератор педалін басыңыз. Бұл жағдайда акселератор педалін басқанда, аспаптар панелінде белгіленген жылдамдық, қашықтық диапазоны және нысанаға дейінгі қашықтық параметрлері жыпылықтайды.

Алайда, егер акселератор педалін жеткіліксіз бассаңыз, автокөліктің жылдамдығы төмендеуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жылдамдықты үдеткен кезде өте мұқият болу керек, өйткені тіпті алдыңызда көлік құралы жүрсе де, жылдамдық пен қашықтық автоматты түрде басқарылмайды.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің уақытша өшіру



Төмендегі жағдайларда интеллектуалды круиз-контроль жүйесі уақытша автоматты түрде өшеді:

- Автокөлігіңіздің жылдамдығы 190 км/сағ (118 миль/сағ) асады.
- Автокөлікті белгілі бір уақытқа тоқтату.
- Акселератор педалі белгілі бір уақыт аралығында үнемі басылады.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмыс шарттары сақталмайды

Егер интеллектуалды круиз-контроль жүйесі автоматты түрде уақытша өшірілсе, аспаптар панелінде «SCC (Интелл. круиз-контроль) өшірілді» немесе «SCC (Интелл. круиз-контроль) бас тартылды» ескерту хабары пайда болып, жүргізушіге хабарлау үшін дыбыстық хабарлама беріледі.


i Ақпарат

Егер интеллектуалды круиз-контроль жүйесі уақытша өшіп қалса, автокөлік қозғалмай тұрғанда электронды тұрақ тежегіші (EPB) іске қосылуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер интеллектуалды круиз-контроль жүйесі уақытша өшсе, алда келе жатқан автокөлікке дейінгі тұрақты қашықтық сақталмайды. Қозғалған кезде жол жағдайын үнемі қадағалап отыру керек және қажет болса қауіпсіз қашықтықты сақтау мақсатында жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін қолдану қажет.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмыс шарттары сақталмайды



Егер жүргізу кезіндегі көмекші түймесін, (+), (-) немесе (RES) түймесін бассаңыз, интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмыс шарттары орындалмаса, аспаптар панелінде «Интелл. Круиз-контроль шарттары сақталмады» (немесе «Интелл. круиз-контроль шарттары (SCC) сақталмады» ескерту хабары пайда болып, дыбыстық сигнал беріледі.

Қозғалыс барысында



Кептелісте қозғалып бара жатқанда сіздің көлігіңіздің алдында көлік құралы тоқтаса, сіздің көлігіңіз тоқтайды. Сонымен қатар, егер сіздің алдыңызда тұрған көлік құралы қозғала бастаса, сіздің көлігіңіз де орнынан қозғалады. Сонымен қатар, егер автокөлік тоқтағаннан кейін белгілі бір уақыт өтсе, аспаптар панелінде «Үдеу үшін газ педалін немесе түймені басыңыз» деген хабарлама пайда болады. Қозғалысты бастау үшін акселератор педалін немесе «+», «-» немесе (II↻) түймесін басыңыз .

Қозғалыс барысы бойынша жол жағдайлары туралы ескерту



Келесі жағдайда аспаптар панелінде «**Айналадағы көліктерді қадағалаңыз**» деген ескерту хабары пайда болады және жүргізушіге қозғалыс барысы бойынша жол жағдайлары туралы хабарлау үшін дыбыстық хабарлама беріледі.

- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі белгілі бір жылдамдықтан төмен қозғалатын көлік құралынан қашықтықты сақтаған кезде, бұл көлік құралы жоғалып кетеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Мұқият болыңыз және сіздің алдыңызда кенеттен пайда болуы мүмкін көліктер мен нысандарды қадағалаңыз. Қажет болса, жылдамдықты төмендету және қауіпсіз қашықтықты сақтау үшін тежегіш педалін басыңыз.

Соқтығысу қаупі туралы ескерту

Интеллектуалды круиз-контроль жұмыс істеп тұрған кезде бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесін қосқанда, алдағы көлікпен соқтығысу қаупі жоғары болуы мүмкін. Бұл жағдайда жүргізу жағдайлары мен сіздің алдыңыздағы жол жағдайын дереу тексеріңіз. Қажет болса, жылдамдықты қолмен реттеу үшін тежегіш педалін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін пайдаланған кезде келесі сақтық шараларын орындау керек.

- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі дұрыс және қауіпсіз жүргізу дағдыларын алмастыра алмайды. Жүргізуші барлық уақытта алда келе жатқан көліктің жылдамдығы мен оған дейінгі қашықтықты қадағалап отыруға міндетті.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі күтпеген және қауіпті жағдайларды немесе қиын қозғалыс жағдайларын анықтамауы мүмкін, сондықтан көлік жүргізу кезінде жол жағдайларын қадағалаңыз және көлігіңіздің жылдамдығын бақылаңыз.
- Кездейсоқ жылдамдықты орнатпау үшін пайдаланылмайтын интеллектуалды круиз-контроль функциясын өшіріңіз.
- Егер көлік тоқтап қалса да, интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрса, есікті ашпаңыз немесе көліктен шықпаңыз.
- Әрқашан таңдалған жылдамдық пен қашықтық мәндерін ескеріңіз.
- Жол жағдайлары мен көліктің жылдамдығын ескере отырып, қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз. Егер жоғары жылдамдықпен жүру кезінде бұл қашықтық тым аз болса, бұл ауыр соқтығысуға әкелуі мүмкін.
- Егер алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық сақталса, ол жоғалған кезде интеллектуалды круиз-контроль жүйесі кенеттен автокөлікті белгіленген жылдамдыққа дейін үдете алады. Күтпеген және қауіпті жағдай орын алмауы үшін әрқашан мұқият болыңыз.
- Көліктің жылдамдығы көтерілу кезінде төмендеуі және түсу кезінде жоғарылауы мүмкін.
- Сіздің алдыңызда басқа көліктің кенеттен пайда болуы сияқты жағдайларды болжай отырып, әрқашан жолдағы жағдайды қадағалаңыз.
- Егер сіз тіркемені немесе басқа көлікті сүйретіп жатсаңыз, қауіпсіздік үшін интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіріңіз.
- Егер сіздің көлігіңіз сүйреліп жатса, интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіріңіз.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі күшті электрмагниттік толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жолда ешқандай кедергі анықтамай, бұл апатқа әкелуі мүмкін. Күтпеген және кенет болған жағдайлардың алдын алу үшін әрқашан жолға мұқият қараңыз.
- Алда жүріп бара жатқан және жолақты жиі өзгертетін көлік құралдары интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің кешігіп жауап қайтаруына немесе оның көршілес жолақтағы көлікке жауап беруіне әкелуі мүмкін. Күтпеген және кенет болған жағдайлардың алдын алу үшін әрқашан жолға мұқият қараңыз.
- Аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болмаса және дыбыстық сигнал шықпаса да, сіз мұқият болып, көлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтауыңыз керек.
- Егер ескерту хабары көрсетілсе немесе басқа жүйенің дыбыс сигналы берілсе, интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің хабары көрсетілмеуі мүмкін және дыбыстық ескерту ойнатылмауы мүмкін.
- Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің дыбыстық ескертуі шулы ортада естілмеуі мүмкін.
- Автокөлік өндірушісі жүргізушінің жол ережесін бұзғаны немесе соңғысының кінәсінен болған жол оқиғалары үшін жауап бермейді.
- Әрқашан көліктің жылдамдығын белгілі бір елде қабылданған жылдамдық шектеуінен төмен етіп орнатыңыз.

i Ақпарат

- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі автокөлікті оталдырғаннан, алдыңғы шолу камерасы немесе алдыңғы радар инициализациялағаннан кейінгі алғашқы бірнеше секундта жұмыс істемейді.
- Тежеуді интеллектуалды круиз-контроль жүйесі басқарған кезде дыбыс естілуі мүмкін.


Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің ақауы



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар панелінде «**Жүргізуші көмекшісінің жүйелерін тексеріңіз**» деген ескерту хабары пайда болады және негізгі ескерту индикаторы қосылады (⚠). Автокөлікті ресми HYUNDAI дилерінде тексеруге кеңес береміз.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіру



Егер алдыңғы радар қақпағын немесе датчикті қар немесе жаңбыр сияқты кез келген зат жапса, нысанды анықтау сапасының нашарлауы, сондай-ақ интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысы уақытша шектелуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар панелінде қысқа уақытқа «**Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Радар бұғатталған**» ескерту хабары көрсетіледі.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қарды, жаңбыр тамшыларын және ластануларды кетіргеннен кейін өз жұмысын қалыпты режимде қалпына келтіреді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Аспаптар панелінде ескерту хабары пайда болмаса да, интеллектуалды круиз-контроль жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі автокөлікті қосқаннан кейін анықтайтын объектілері жоқ жерлерде (мысалы, ашық жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің шектеулері

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжап болмайтындай жұмыс істеуі мүмкін.

- Анықтау датчигі немесе оның айналасындағы аймақ ластанған немесе зақымдалған
- Әйнекжуғыш сұйықтық үнемі шашыратылады немесе әйнектазартқыш қосылып тұр.
- Камера объективі қараңғыланған, пленкамен қапталған немесе жабыны бар алдыңғы әйнекпен, зақымдалған әйнекпен немесе әйнекке жабысып қалған бөгде затпен (жапсырмалар, жәндіктер және т.б.) жабылған.
- Алдыңғы әйнекте ылғал немесе мұз қалдықтарының болуы.
- Алдыңғы шолу камерасының алдындағы көріністі күн сәулесінің әсерінен көру
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде шағылысқанда, мысалы, шалшықтан.
- Алдыңғы шолу камерасы орнатылған орындағы температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Аспаптар панелінде қандай да бір зат бар.
- Тым жоғары жарық.
- Айналасы тым қараңғы, мысалы, туннельде және т. б.
- Жарықтың кенеттен өзгеруі, мысалы, туннельге кіргенде не одан шыққанда.
- Сыртта жарық төмен, ал фаралары қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Нөсер жаңбырда немесе қалық тұманда жүру.
- Бумен, түтінмен немесе көлеңкемен жүру.
- Көлік құралының бір бөлігін ғана анықтау.
- Алда келе жатқан көлік құралының артқы шамдары жоқ, артқы шамдар стандартты емес күйде орнатылған және т.б.
- Сыртта жарық төмен, ал артқы шамдар қосылмаған немесе жеткілікті жарық емес.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралының артқы жағы кішкентай немесе стандартты емес көрініске ие (мысалы, еңкейтілген, аударылған және т.б.).
- Алда келе жатқан көлік құралының жол саңылауы кішкентай немесе үлкен.
- Сіздің алдыңызда көлік құралының күрт пайда болуы.


- Автокөлігіңізді сүйреу
- Туннель арқылы немесе металл көпір арқылы жүру
- Автокөлік құрылыс алаңдары, теміржол және т. б. сияқты металл заттар бар жерлерде жүреді.
- Қоршау, көрші көлік және т. б. сияқты алдыңғы радар сигналы шағылысатын нысан.
- Алдыңғы бұрыштық радар орнатылған жерде бамперді соғу немесе зақымдау немесе алдыңғы радардың ығысуы.
- Алдыңғы радар орнатылған орнындағы температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Автköліктер немесе нысандар аз үлкен ашық кеңістіктерде жүру (мысалы, шөл, шалғын, қала маңы және т.б.).
- Алдағы автокөлік алдыңғы радар сигналын шағылыстырмайтын материалдан жасалған.
- Автомагистраль айырықтарының (немесе тас жолдың) немесе жол ақысын жинау пунктінің жанында жүру.
- Қар, шалшық, көктайғақ және т. б. бар тайғақ бетпен жүру.
- Ирелең жолмен жүру.
- Алда келе жатқан көлік құралы кеш анықталды.
- Алда келе жатқан көлік құралы кенеттен тосқауылмен жабылды.
- Алда келе жатқан көлік құралы кенеттен қозғалыс жолағын немесе жылдамдықты өзгертеді.
- Алда келе жатқан көлік құралы қисайып тұп.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құрады жылдам немесе баяу жүріп барады.
- Алда көлік құралы жүріп бара жатқан кезде сіздің автокөлігіңіз қозғалыс жолағын баяу өзгертеді.
- Алдағы көлік құралының бетіндегі қар.
- Көлікті біркелкі емес жүргізу.
- Сіз айналмалы жол қиылысындасыз, ал алда басқа көлік құралы анықталмады.
- Сіз үнемі айналып жүресіз.
- Автотұрақтағы қозғалыс.
- Құрылыс алаңында, асфальтталмаған жолда, жартылай асфальтталған жолда, тегіс емес жолда, жолдағы дөңестермен және т. б. жүру.
- Еңіске түсу немесе еңістен шығу, ирек жолмен және т. б. жүру.
- Бойында ағаштар өсетін немесе көше шамдары бар жолдармен жүру.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді
- Автокөліктің биіктігі үлкен жүктеме, шиналардағы дұрыс емес қысым және т. б. салдарынан өзгереді.
- Шет жағында ағаштар немесе шөп қатты өскен тар автожолмен жүру.
- Электрмагниттік кедергілер, мысалы, күшті радио толқындары немесе электр шуы бар аймақта қозғалу кезінде

- **Ирелең жолмен жүру.**



Қисықтағы интеллектуалды круиз-контроль жүйесі сіздің жолағыңызда қозғалатын көлікті анықтамауы мүмкін және қозғалысты белгіленген жылдамдыққа дейін жылдамдатады. Сонымен қатар, егер көлік құралы кенеттен алда анықталса, автокөлік жылдамдықты күрт төмендетуі мүмкін.


Қисықта тиісті жылдамдықпен қозғалу керек және оны жол мен қозғалыс жағдайына байланысты тежегіш педалімен немесе акселератормен реттеу керек.



Көршілес жолақтағы көлік құралын ескере отырып, автокөліктің жылдамдығын төмендетуге болады.

Акселератор педалін басып, тиісті жылдамдықты орнатыңыз. Жол жағдайлары интеллектуалды круиз-контроль жүйесін қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз.

- Еңіске түсу немесе еңістен шығу



Өрде немесе еңісте жүрген кезде интеллектуалды круиз-контроль жүйесі сіздің жолағыңызда қозғалатын көлікті анықтамауы мүмкін және қозғалысты белгіленген жылдамдыққа дейін жылдамдатады. Сонымен қатар, егер көлік құралы кенеттен алда анықталса, автокөлік жылдамдықты күрт төмендетеді.

Еңісте тиісті жылдамдықпен қозғалу керек және оны жол мен қозғалыс жағдайына байланысты тежегіш педалімен немесе акселератормен реттеу керек.

- **Қозғалыс жолағын ауыстыру.**




[A] Сіздің автокөлігіңіз

[B] Жолағын ауыстыратын автокөлік

Көлік құралы көрші жолақтан сіздің жолағыңызға ауысқаннан кейін ол сіздің датчиктің анықтау диапазонында болғанша датчик оны анықтамайды. Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қозғалыс жолағын күрт өзгертетін көлік құралын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтау және қажет болғанда қауіпсіз қашықтықты ұстану мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін тірелгенше басу керек.

- **Анықтау функциясы шектеулі жағдайлар**



Келесі жағдайларда сіздің жолағыңыздағы кейбір көліктерді, жаяу жүргіншілерді немесе жануарларды датчик анықтай алмайды:

- Жолақтың бір шетіне қарай ығысқан көлік құралдары.
- Баяу қозғалатын көліктер немесе кенеттен баяулаған көліктер.
- Жол саңылауы жоғары немесе артқа шығатын жүктерді тасымалдайтын көліктер.
- Алдыңғы бөлігі ауыр жүк салдарынан көтерілген көлік құралдары.


- Көлігіңізден шамамен 2 м (6 фут) қашықтықта орналасқан көліктер.
- Қарсы келе жатқан көлік құралы.
- Тоқтаған көлік құралдары.
- Тіркемелер сияқты шағын артқы профильді көліктер.
- Мотоциклдер немесе велосипедтер сияқты тар көлік құралдары.
- Арнайы автокөліктер.
- Жануарлар мен жаяу жүргіншілер.
- Жол мен қозғалыс жағдайына байланысты тежегіш педалін басу арқылы көліктің жылдамдығын реттеңіз.

• Жол мен қозғалыс жағдайына байланысты тежегіш педалін басу арқылы көліктің жылдамдығын реттеңіз.


Төмендегі жағдайларда датчик алда келе жатқан көлік құралын анықтай алмайды:

- Автокөлікті өзіңіз жүргізесіз.
- Тар жолдарда немесе күрт бұрылыстары бар жолдарда жүру.


• Егер алда келе жатқан көлік құралы қиылыста бұрылса, сіздің автокөлігіңіз жылдамдауы мүмкін. Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



• Егер алда келе жатқан автокөлік қозғалыс қатарын ауыстырса, интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қозғалыс қатарын ауыстыруды бірден анықтай алмауы мүмкін. Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



• Автокөлігіңіз алда келе жатқан көлікке дейінгі қашықтықты ұстап тұрғанда, әрқашан жаяу жүргіншілерге назар аударыңыз.



Қозғалыс жолағын бақылау жүйесі (LFA)

Бар болса

Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі жолақтың және/немесе автокөліктің жолда алдынан белгіленуін анықтайды және сіздің автокөлігіңізді жолақта орталықтандырады.

Анықтау датчигі



(1) Алдыңғы шолу камерасы

Алдыңғы шолу камерасы жол белгілеуін және алдында келе жатқан автокөліктерді анықтау датчигі ретінде пайдаланылады.


Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчигінің дәл орналасуын қараңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы шолу камерасына қатысты толық сақтық шараларын осы тараудың «Қосалқы бетпе-бет соғысудың алдын алу жүйесінің (FCA) (тек алдыңғы камера)» бөлімінен қараңыз.

Қозғалыс жолағын бақылау жүйесінің параметрлері

Дыбыстық және жанасулық ескертулер



Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:


- **Ескертулердің дыбыстық деңгейі**: ескертулердің дыбыстық деңгейін реттеу.
- **Жүргізу кезіндегі қауіпсіздік басымдығы**: жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесінен ескерту алған кезде қалған барлық жүйенің дауыс қабілетін төмендету.

i Ақпарат

- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.

Қозғалыс жолағын бақылау жүйесінің жұмысы

Қозғалыс жолағын бақылау жүйесін қосу/ажырату



Қозғалыс жолағын бақылау жүйесін қосу үшін автокөлік жұмыс істеп тұрған кезде рульдегі жолақ бойынша қозғалысты бақылау түймесін (/⊕\) басыңыз. Аспаптар тақтасында сұр немесе жасыл индикатор қосылады ⊕.

Функцияны өшіру үшін, түймені қайта басыңыз.

Қозғалыс жолағын бақылау жүйесі



Егер алда көлік құралы және/немесе қозғалыс жолағын белгілеудің екі сызығы анықталса, бұл ретте сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы сағатына 180 км (112 миль/сағ) төмен болса, аспаптар тақтасында жасыл индикатор (⊕) жанады, ал қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі рулді басқаруға көмектесу арқылы автокөлікке жолақтың ортасында қалуға көмектеседі.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Егер рульді басқаруда көмек көрсетілмесе, ақ индикатор (⊕) жыпылықтап, түсін сұр түске өзгертеді.

Рульді жіберу туралы ескерту



Егер жүргізуші қолын рульден бірнеше секундқа алса, «**Қолыңызды рульде ұстаңыз**» деген ескерту хабарламасы пайда болады және бірнеше ескерту дыбыс сигналдары соғылады.

- Бірінші кезең: Ескерту хабары
- Екінші кезең: Ескерту хабарламасы (қызыл түсті руль) және ескерту сигналы



Егер рульде қолдың жоқтығы туралы ескертуден кейін жүргізуші қолын рульге қайтармаса, «**LFA (Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі) өшірулі**» ескерту хабарламасы пайда болады және қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі автоматты түрде өшіріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер рульді өте қатты ұстаса немесе оның жағдайы белгілі бір деңгейден асып кетсе, рульмен басқарудағы көмек жүйесі қосылмауы мүмкін.
- Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі үздіксіз жұмыс істеп тұрмайды. Жүргізуші қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, автокөлікті басқаруға және оны тиісті қозғалыс жолағында ұстауға тиіс.
- Жол жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты рульді жіберу туралы ескерту хабарлама кейінірек пайда болуы мүмкін. Қозғалыс кезінде әрқашан қолыңызды рульде ұстаңыз.
- • Егер рульді өте әлсіз ұстаса, жолақты қадағалау жүйесі рульде қолдың жоқтығы туралы ескертеді, өйткені жүргізуші қолын рульде ұстап тұрғанын анықтай алмайды.
- Рульге әртүрлі заттарды бекіту кезінде рульді босату туралы ескертулер тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.

i Ақпарат

- Аспаптар тақтасының баптаулары туралы толығырақ 4-тараудағы «Аспаптар тақтасының дисплейі» бөлімінен қараңыз.
- Белгілеудің екі сызығы да байқалған кезде олардың аспаптар тақтасындағы бейнесі сұр түстен ақ түске өзгереді.

Белгілеу сызығы анықталмады




Белгілеу сызығы анықталды



- Аспаптар тақтасында көрсетілетін суреттер немесе түстер аспаптар комбинациясына немесе параметрлер мәзірінде таңдалған тақырыпқа байланысты ерекшеленуі мүмкін.
- Егер белгілеу сызықтары анықталмаса, қозғалыс бағыты бойынша алда көлік құралының болуын немесе осы көлік құралының қозғалыс шарттарын ескере отырып, қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі жағынан рульді басқару шектелуі мүмкін.
- Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі рульмен басқаруға көмек көрсетуді жүзеге асырса да, жүргізуші рульді басқара алады.
- Рульмен басқару жолақты бақылау жүйесінің қолдауында болған кезде, рульдің бұрылу күші қалыпты басқарумен салыстырғанда жоғарылайды немесе төмендейді.

Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің шектеулері мен ақаулары

Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің ақаулары



Егер қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында бірнеше секундқа **«Жүргізуші көмекшісінің жүйесін тексеріңіз»** ескерту хабарламасы пайда болады және басты ескерту индикаторы (⚠) қосылады. Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің шектеулері

Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің шектеулері туралы ақпаратты осы тарауда «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.

i Ақпарат

- Жүктің рұқсат етілген салмағының артуы не жүктің жүксалғыштың бір нүктесінде шоғырлануы жүріс кезінде автокөліктің орнықтылығын төмендетуі және қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі жұмысының тиімділігін нашарлатуы мүмкін.
- Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесіне қатысты ескертулер туралы ақпаратты осы тараудағы «Жолақты ұстап тұру жүйесінің шектеулері мен ақаулары» бөлімінен қараңыз.

Артқы көрініс мониторы (RVM)

Бар болса

Артқы көрініс камерасы автотұрақ маневрін орындау кезінде немесе қозғалыс кезінде көмек көрсету үшін автокөлік артындағы аймақты көрсетеді.

Ақпарат

Қосымша ақпараттық ойын-сауық жүйесі (Hyundai бірегей жүйесі) болған кезде артқы көрініс мониторының функциялары пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандардан ерекшеленуі мүмкін.

Мұндай жағдайда ақпараттық ойын-сауық жүйесінің қысқаша нұсқаулығында QR-код бойынша қолжетімді веб-нұсқаулықта артқы көрініс мониторының параметрлерімен және жұмыс қағидаттарымен танысыңыз.

Анықтау датчигі




(1) Кең бұрышты сыртқы артқы көрініс камерасы

Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчигінің дәл орналасуын қараңыз.

Артқы көрініс мониторының параметрлері

Дыбыстық және жанасулық ескертулер




Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:

- **Тұраққа қою кезіндегі қауіпсіздік жүйесінің басымдығы**: тұраққа қою кезіндегі көмекші жүйесінің белсенді шолуы кезінде барлық қалған жүйенің дыбысын азайту.

Ақпарат

- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.

Камера параметрлері



Артқы көрініс мониторының дисплей мазмұнының параметрлерін (**Мазмұнын көрсету**) өзгерте аласыз. Бұл үшін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде экрандағы (⚙) баптаулар белгішесін (артқы көрініс мониторы жұмыс істеп тұрған кезде) басыңыз немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесін ⚙**параметрлер** мәзіріндегі **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұраққа қою** > **Камера параметрлерін** таңдаңыз.

- Мазмұнды көрсету **бөлімінде** Артқы көрініс камерасын қосулы қалдыру **және** Тұрақ кезіндегі сызықтар, артқы көрініс **параметрлерін өзгертуге болады**.

Кең артқы көрініс мониторы

«R» күйінен (Кері жүріс) «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) күйіне ауыстыру кезінде артқы көріністі бейнелеуді жалғастырады. Белгілі бір жылдамдықты арттырған кезде артқы көрініс көрінбейді.

Тұраққа қою кезінде көмек, артқы көрініс


Егер **Көмекші сызықтар — артқы көрініс** параметрі таңдалса, артқы тұрақ бағыттағыштары мен артқы бағыттаушы сызықтар жоғарыдан қараған кезде ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында артқы көрініс аймағында көрсетіледі.

i Ақпарат

- Артқы көрінісі бар тұраққа қою кезінде көмек көрсету режиміндегі көлденең сызық көліктен 0,5 м (20 дюйм), 1 м (40 дюйм) және 2,3 м (91 дюйм) қашықтықты көрсетеді.
- Артпен тұраққа қою кезінде көмек режимінде жоғарыдағы көлденең сызық жүк бөлімшесінің ашық есігіне дейінгі арақашықтықты және автокөліктен 1,5 м (60 дюйм) қашықтықты көрсетеді.


Артқы көрініс мониторының жұмысы

Тұрақ/шолу түймесі



Артқы көрініс мониторын қосу үшін «P» (Тұрақ), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) беру таңдалған кезде «Тұрақ/шолу» (1) түймесін басыңыз.

Артқы көрінісі



Жұмыс шарттары

- Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.
- «Тұрақ/шолу» (1) түймесі «P» (Тұрақ), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған, ал автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспайтын кезде басылған.

Көріністі таңдау түймесі (2) арқылы артқы көріністі немесе артқы жоғарыдан көріністі таңдауға болады.

Ажыратылу шарттары

- Беріліс «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылған.
- «Тұрақ/шолу» түймесі (1) немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің түймесі (4) басылған.
- «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған, ал автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) асады.
- Артқы көрініс мәзірінде қайтару түймесі (⮜) (3) таңдалған.

i Ақпарат

Тұтқа «R» (Кері жүріс) жағдайында болғанда артқы көрініс камерасы ажыратылмайды.

Кеңейтілген артқы көрініс камерасы

Сізге тұраққа қоюды жеңілдету үшін экранда артқы камерадағы бейне көрсетіледі.


Жұмыс шарттары

Беріліс «R» (Кері жүріс) жағдайынан «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) жағдайына ауыстырылады, ал автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспайды.

Ажыратылу шарттары

- Егер автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) асса, артқы камерадағы сурет өшіріледі.
- Берілісті «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз; артқы камерадағы сурет өшіріледі.
- Артқы көрініс камерасын өшіру үшін «Тұрақ/шолу» түймесін басыңыз (1).

Жоғарыдан қарағандағы артқы көрінісі



Көріністі таңдау түймелерімен (2) жоғарыдан қарағандағы артқы көріністі [A] таңдаңыз.

Экранда жоғарыдан қарағандағы көрініс, ал автокөліктің артқы жағында арақашықтық көрсетіледі.

Қозғалыс кезінде артқы көріністі көрсету

Кері жүріс кезінде қауіпсіздікті арттыру мақсатында жүргізуші артқы көрінісін тексере алады.

Жұмыс шарттары

- «Тұрақ/шолу» (1) түймесі «P» (Тұрақ), немесе «N» (Бейтарап) не «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған, ал автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспайтын кезде басылған.

Ажыратылу шарттары

- Беріліс «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылған.
- «Тұрақ/шолу» (1) түймесі қайта басылған.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің бір түймесі (4) басылған.
- Артқы көрініс мәзірінде қайтару түймесі (<) (3) таңдалған.

Жұмыс істеп тұрғанда

Экранда қозғалыс кезіндегі артқы көрініс бейнеленген кезде беріліс «R» (Кері жүріске) күйіне ауысса, экран артқы көрініс бейнесіне ауысады.

i Ақпарат

- «R» (Кері жүріс) берілісі таңдалған кезде артқы көрініс режимге қарамастан өшірілмейді.
- Артқы көріністі қосқан кезде соңғы пайдаланылған қарау режимі көрінеді.
- Тұраққа арналған артқы бағыттаушы сызықтар артқы көрініс және жоғарыдан қарағандағы артқы көрініс режимінде көрінеді. (Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзірінде **Параметрлер** > **автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Камера параметрлері** > **Мазмұнын көрсету** > **Тұрақ кезіндегі сызықтар, артқы көрініс** таңдалса.) Алайда, қозғалыс кезінде артқы бағыттаушы сызықтар артқы көрініс режимінде көрінбейді.
- Көлік жылдамдығы 10 км/сағаттан (6 миль/сағ) төмен болса да, қозғалыс кезінде артқы көрініс өшірілмейді.
- Қозғалыс кезінде артқы көрініс қосылғанда, жоғарыдан қарағандағы артқы көрініс өшіріледі.

Артқы көрініс мониторының шектеулері мен ақаулары

Артқы көрініс мониторының ақаулары

Егер артқы көрініс мониторы дұрыс жұмыс істемесе, экран жыпылықтаса немесе камерадағы сурет қалыпты көрінбесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінен тексеру ұсынылады.

Артқы көрініс мониторының шектеулері

Егер автокөлік қысқы жағдайларда ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса немесе ол жабық паркингте тұраққа қойылса, пайдаланылған газдардың әсерінен экрандағы бейне уақытша бұлдыр болып қалуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Шолу аймағы кең артқы көрініс камерасы автокөліктің артындағы барлық аймақты қамтымайды. Жүргізуші автокөліктің тұраққа қою немесе кері жүріс алдында артындағы аумақты тікелей ішкі және сыртқы артқы көрініс айнасы арқылы тексеруге тиіс.
- Артқы көрініс мониторы артқы көріністің кең бұрышты камерасының суретін түзететіндіктен, экрандағы нысанға дейінгі көрінетін қашықтық іс жүзіндегі қашықтықтан ерекшеленуі мүмкін. Оның үстіне, егер автокөлік жүктің әсерінен еңкейсе, тұраққа қоюдың бағыттаушы сызықтары нақты қашықтыққа сәйкес келмеуі мүмкін. Қоршаған кеңістіктің қауіпсіздігін тексеріңіз.
- Шолу аймағы кең артқы көрініс камерасының объективінің тазалығын әрқашан қадағалаңыз. Егер объектив қандай да бір затпен жабылған болса, бұл камераның жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін және артқы көрініс камерасы тиісінше жұмыс істемейді. Объективті тазалау үшін химиялық еріткіштерді, мысалы, құрамында сілтілі немесе ұшпа органикалық қосылыстары бар күшті беттік-белсенді заттарды (бензин, ацетон және т.б.) пайдаланбаңыз. Олар камера объективін зақымдауы мүмкін.

Айнала шолу жүйесі (SVM)

Бар болса

Айнала шолу жүйесі кең бұрышты камералардың көмегімен ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында сіздің автокөлігіңіздің айналасындағы көріністі көрсетеді, бұл қозғалыс немесе тұрақ кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

Анықтау датчигі





(1) Кең бұрышты алдыңғы шолу камерасы

(2) Кең бұрышты бүйірлік камера (сыртқы артқы көрініс айнасының төменгі бөлігінде орнатылған)


(3) Кең бұрышты бүйірлік камера (сыртқы артқы көрініс айнасының төменгі бөлігінде орнатылған)

(4) Кең бұрышты сыртқы артқы көрініс камерасы

Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчиктерінің дәл орналасуын қараңыз.

Айнала шолу жүйесінің параметрлері

Дыбыстық және жанасулық ескертулер




Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:

- **Тұраққа қою кезіндегі қауіпсіздік жүйесінің басымдығы**: тұраққа қою кезіндегі көмекші жүйесінің белсенді шолуы кезінде барлық қалған жүйенің дыбысын азайту.

i Ақпарат

- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.

Камера параметрлері



Айнала шолу мониторының дисплей мазмұнының параметрлерін (**Мазмұнын көрсету**) өзгерте аласыз. Бұл үшін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде экрандағы (⚙) теңшелім белгішесін (айнала шолу мониторы жұмыс істеп тұрған кезде) басыңыз немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесін ⚙**теңшеу** мәзіріндегі **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұраққа қою** > **Камера параметрлерін** таңдаңыз.

- Мазмұнды көрсету **бөлімінде** Қашықтық туралы ескерту**,** Тұраққа қою кезіндегі сызықтар, жоғарыдан көрініс **және** Тұрақ кезіндегі сызықтар, артқы көрініс **параметрлерін өзгертуге болады**.

Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту

Егер **Қашықтық туралы ескерту** таңдалса, тұрақ кезіндегі қашықтық туралы ескерту айнала шолу экранының жоғарғы бөлігінде көрсетіледі.

Тұраққа қою сызықтары, жоғарыдан қарағандағы көрініс

Егер **Тұрақ кезіндегі сызықтар, жоғарыдан көрініс** таңдалса, тұраққа қою кезіндегі көмекші сызықтар айнала шолу жүйесінің экранында жоғарыдан қарағандағы алдыңғы көрініс және жоғарыдан қарағандағы артқы көрініс бейнеленеді.

i Ақпарат

Артпен тұраққа қою кезінде көмек режимінде жоғарыдағы көлденең сызық жүк бөлімшесінің ашық есігіне дейінгі арақашықтықты және автокөліктен 2 м (79 дюйм) қашықтықты көрсетеді.


Тұраққа қою сызықтары, артқы көрініс

Егер **Тұрақ кезіндегі сызықтар, артқы көрініс** таңдалса, тұрақ жөніндегі ұсынымдар артқы көрініс көрінетін болады.

i Ақпарат

Артқы көрінісі бар тұраққа қою кезінде көмек көрсету режиміндегі көлденең сызық көліктен 0,5 м (20 дюйм), 1 м (40 дюйм) және 2,3 м (91 дюйм) қашықтықты көрсетеді.

Айнала шолу жүйесінің автоматты түрде қосылуы




Қозғалтқыш қосылған кезде, ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде осы функцияны пайдалану үшін **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Айнала шолу жүйесін автоматты қосу** таңдаңыз.

i Ақпарат

Айнала шолу жүйесін автоматты түрде қосу туралы толығырақ осы тарауда «Айнала шолу жүйесінің жұмысы» бөлімінен қараңыз.

Айнала шолу жүйесінің жұмысы


Тұрақ/шолу түймесі



Айнала шолу жүйесін қосу үшін «Тұрақ/шолу» (1) түймесін басыңыз.

Функцияны өшіру үшін, түймені қайта басыңыз.

Алдыңғы көрінісі



«N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған кезде, тұраққа қоюға көмектесу үшін экранда алдыңғы шолу камерасының бейнесі көрінеді.

Көріністі таңдау түймесі (2) арқылы жоғарыдан қарағандағы көрініс, алдынан қарағандағы көрініс және бүйірінен қарағандағы көрініс таңдауға болады.

Жұмыс шарттары

- Беріліс «R» (Кері жүріс) жағдайынан «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) жағдайына ауыстырылады, ал автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспайды.
- «Тұрақ/шолу» (1) түймесі «P» (Тұрақ), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған, ал автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспайтын кезде басылған.
- Айнала шолу жүйесінің автоматты түрде қосылуы**функциясы пайдаланылады**

  Егер параметрлер мәзірінде **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Айналмалы шолу жүйесін автоматты қосу** тармағы таңдалса, тұраққа қою кезінде экранда алдыңғы көрініс көрінеді.

i Ақпарат

Алдыңғы көрініс қосылғанда, соңғы пайдаланылған қарау режимі көрінеді.

Ажыратылу шарттары

- Беріліс «P» (Тұрақ) немесе «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылады.
- «Тұрақ/шолу» түймесі (1) немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің түймесі (4) басулы.
- Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) жоғары болғанда.
- Айнала шолу мәзірінде қайтару түймесі (<) (3) таңдалған.

i Ақпарат

Айнала шолу жүйесі автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) асқанда ажыратылуы мүмкін. Алайда, егер автокөліктің жылдамдығы тағы да 10 км/сағаттан (6 миль/сағ) төмен түссе, айнала шолу жүйесі қосылмайды.

Қозғалыс барысында алдыңғы көрінісі

Қозғалыс кезінде қауіпсіздікті арттыру мақсатында жүргізуші экрандағы алдыңғы көріністі пайдалана алады.

Көріністі таңдау (2) түймесі арқылы қозғалыс кезінде алдыңғы көріністі таңдауға болады.

Жұмыс шарттары

- «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған, ал автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) асатын кезде «Тұрақ/шолу» (1) түймесі басылған.

Ажыратылу шарттары

- «Тұрақ/шолу» түймесі (1) немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің түймесі (4) басылған.
- Беріліс «P» (Тұрақ) немесе «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылады.
- Айнала шолу мәзірінде қайтару түймесі () (3) таңдалған.

i Ақпарат

- Қозғалыс кезінде алдыңғы көрініс қосылғанда, соңғы пайдаланылған қарау режимі көрінеді.
- Көлік жылдамдығы 10 км/сағаттан (6 миль/сағ) төмен болса да, қозғалыс кезінде алдыңғы көрініс өшірілмейді.
- Қозғалыс кезінде алдыңғы көрініс қосылғанда, жоғарыдан қарағандағы алдыңғы көрініс және бүйір көрініс кез келген жылдамдықта ажыратылады.

Артқы көрінісі



Артқы көрініс тұраққа қою процесінде экранда көрсетіледі.

Көріністі таңдау түймесі (2) арқылы жоғарыдан қарағандағы көрініс, арттан қарағандағы көрініс және бүйірінен қарағандағы көріністі таңдауға болады.

Жұмыс шарттары

- Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.
- Артқы көрініс «Тұрақ/шолу» (1) түймесін басқаннан кейін, «P» (Тұрақ), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған кезде және автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспағанда көріністі таңдау түймесін (2) басу арқылы таңдалады

Көріністі таңдау түймесі (2) арқылы артқы көріністі таңдауға болады.

Ажыратылу шарттары

«P» (Тұрақ), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) беру таңдалғанда:

- «Тұрақ/шолу» түймесі (1) немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің түймесі (4) басулы.
- Беріліс «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) жағдайынан «P» (Тұрақ) жағдайына ауыстырылса.
- Айнала шолу мәзірінде қайтару түймесі () (3) таңдалған.
- Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) жоғары болғанда.

«R» (Кері жүріс) берілісі таңдалған кезде:

- Беріліс «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылған.

i Ақпарат

«R» (Кері жүріс) берілісі таңдалған кезде, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің түймесі басылған болса да, артқы көрініс өшірілмейді (4).

Қозғалыс кезінде артқы көріністі көрсету

Кері жүріс кезінде қауіпсіздікті арттыру мақсатында жүргізуші артқы көрінісін тексере алады.

Жұмыс шарттары

- Артқы көрініс «Тұрақ/шолу» (1) түймесін басқаннан кейін, «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған кезде және автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) асқанда көріністі таңдау түймесін (2) басу арқылы таңдалады.

Көріністі таңдау түймесі (2) арқылы артқы көріністі таңдауға болады.


Ажыратылу шарттары

- Беріліс «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылған.
- «Тұрақ/шолу» түймесі (1) немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің түймесі (4) басулы.
- Айнала шолу мәзірінде қайтару түймесі () (3) таңдалған.

i Ақпарат

- Қозғалыс кезінде артқы көрініс қосылғанда, соңғы пайдаланылған қарау режимі көрінеді.
- Артқы көрініс режимінде қозғалыс кезінде тұраққа қоюдың артқы бағыттаушы сызықтары көрсетілмейді.
- Көлік жылдамдығы 10 км/сағаттан (6 миль/сағ) төмен болса да, қозғалыс кезінде артқы көрініс өшірілмейді.
- Қозғалыс кезінде артқы көрініс қосылғанда, жоғарыдан қарағандағы артқы көрініс және бүйірден қарағандағы артқы көрініс кез келген жылдамдықта ажыратылады.

3D view (Үш өлшемді көрініс)



3D view функциясы (Үш өлшемді көрініс) көліктің айналасын әртүрлі бұрыштарда көрсетеді.

Экранды түрту арқылы бұрышты өзгерте аласыз. Бастапқы бұрышқа қайту үшін 3D көрініс түймесін қайта басыңыз.

Жұмыс шарттары

3D көрінісі көрініс түрін таңдау түймесін (2) басу арқылы таңдалғанда:

- Берілісті ауыстырып қосу иінтіректері «P» (Тұрақ), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) күйінде болады және автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспайды.
- Айнала шолу жүйесі «R» (Кері жүріс) берілісі таңдалған кезде қосылады.

Ажыратылу шарттары

«P» (Тұрақ), «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) беру таңдалғанда:

- Беріліс «N» (Бейтарап) немесе «D» (Алға қозғалыс) жағдайынан «P» (Тұрақ) жағдайына ауыстырылған.
- «Тұрақ/шолу» түймесі (1) немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің түймесі (4) басулы.
- Айнала шолу мәзірінде қайтару түймесі (⮜) (3) таңдалған.
- Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) жоғары болғанда.

«R» (Кері жүріс) берілісі таңдалған кезде:

- Беріліс «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырылған.

i Ақпарат

Үш өлшемді көрініс режимінде бағыттаушылар көрсетілмейді.

Айнала шолу жүйесінің шектеулері мен ақаулары

Айнала шолу жүйесінің ақаулары

Егер айнала шолу жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, экран жыпылықтаса немесе камерадағы сурет қалыпты көрінбесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінен тексеру ұсынылады.

Айнала шолу жүйесінің шектеулері

- Егер автокөлік қысқы жағдайларда ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса немесе ол жабық паркингте тұраққа қойылса, пайдаланылған газдардың әсерінен экрандағы бейне уақытша бұлдыр болып қалуы мүмкін.
- Төменде көрсетілген жағдайларда бұл экран қалыпты көрінбеуі мүмкін, ал жоғарыдан көру аймағында экранда белгіше көрінуі мүмкін.
  - Жүксалғыш есігі ашық
  - Жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігі ашық.
  - Сыртқы артқы көрініс айналары жиылып тұр.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс басталар алдында автокөліктің жанында қандай да бір нысандардың немесе кедергілердің жоқтығына МІНДЕТТІ ТҮРДЕ көз жеткізу керек. Автокөліктің нақты жағдайы экранда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Экрандағы нысанға дейінгі көрінетін қашықтық нақты нысаннан ерекшеленуі мүмкін, өйткені айнала шолу мониторы камера суретін түзетеді. автокөлік багажды тиеу және т.б. нәтижесінде еңкейген кезде, тұраққа арналған бағыттаушы сызықтар дұрыс көрсетілмеуі мүмкін. Қоршаған кеңістіктің қауіпсіздігін тексеріңіз.
- • Айнала шолу жүйесі тегіс жолмен жүру кезінде пайдалануға арналған. Жүйені беті біркелкі емес жолдарда пайдаланғанда, мысалы, жиектемелер мен жасанды кедергілер бар жолдарда бейне дұрыс көрінбеуі мүмкін.
- Камера объективінің тазалығын әрдайым қадағалаңыз. Егер объектив қандай да бір затпен жабылған болса, бұл камераның жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін және айнала шолу камерасы тиісті түрде жұмыс істемейді. Объективті тазалау үшін химиялық еріткіштерді, мысалы, құрамында сілтілі немесе ұшпа органикалық қосылыстары бар күшті беттік-белсенді заттарды (бензин, ацетон және т.б.) пайдаланбаңыз. Олар камера объективін зақымдауы мүмкін.


ℹ Ақпарат

Айнала шолу жүйесі ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында автокөлік айналасындағы кеңістікті көрсету үшін автокөлікке орнатылған камераларды пайдаланады. Экранға шығарылатын кескін белгілі бір жағдайда табиғи емес көрінуі мүмкін.

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі (RCCA)

Бар болса

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі кері жүріс кезінде көліктің сол жағында немесе оң жағында жақындап келе жатқан автокөліктерді байқайды және хабарлама мен дыбыс сигналы арқылы ықтимал соқтығысу туралы ескертеді. Сондай-ақ, автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі соқтығысуды болдырмау үшін автокөлігіңізді тежеуге көмектеседі.



[A] Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысу қаупі туралы ескертудің жұмыс диапазоны

[B] Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесінің жұмыс диапазоны,

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескерту беру уақыты жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығына байланысты болады.

Анықтау датчигі



(1) Артқы бұрыштық радар


Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчиктерінің дәл орналасуын қараңыз.

i Ақпарат

Артқы бұрыштық радарға қатысты ескертулер туралы толық ақпаратты осы тараудағы «Көзден таса аймақта соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі (BCA)» бөлімінен қараңыз.

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің параметрлері

Кері жүріс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету




Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, автокөліктің артында көлденең бағытта жүріп келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясын қосу немесе сөндіру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің мәзіріндегі **Параметрлер** > **Жүргізушінің көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Артағы қиылысатын қозғалыс** таңдаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқышты қайта іске қосу кезінде автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы әрқашан қосылады. Алайда, егер «Арттағы қиылысатын қозғалыс» функциясы автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін өшірілсе, жүргізуші неғұрлым мұқият болып, автокөлікті қауіпсіз басқару қағидаларын сақтауы тиіс.

Дыбыстық және жанасулық ескертулер



Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыстық деңгейі**: ескертулердің дыбыстық деңгейін реттеу.

Ақпарат


- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің жұмысы

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің негізгі міндеті болып соқтығысу деңгейіне қарай алдын алу және автокөлікті басқаруда көмек көрсету табылады: «Соқтығысу қаупі», «Шұғыл тежеу» және «автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін ажырату».

Соқтығысу қаупі туралы ескерту







- Автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі бұдан әрі көрсетілген шарттар сақталған жағдайда жұмыс істейді.
- Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.
- Автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ (5 миль/сағ) төмен
- Жақындап келе жатқан көлік құралы сіздің автокөлігіңіздің сол жағында немесе оң жағында шамамен 25 м (82 фут) қашықтықта.
- Сол жақтан немесе оң жақтан жақындап қалған көлік құралының жылдамдығы 5 км/сағ (3 миль/сағ) құрайды.

i Ақпарат

- Егер жүйенің жұмыс шарттары орындалса, сол жақтан немесе оң жақтан көлік құралы жақындаған кезде көлігіңіздің жылдамдығы 0 км/сағ (0 миль/сағ) болса да, ескерту көрсетіледі.
- Аспаптар тақтасында көрсетілетін суреттер немесе түстер аспаптар түріне немесе таңдалған тақырыпқа байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Апаттық тежеу





- Жүргізушіні артынан сол/оң жағынан жақындап келе көлік құралыны туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор жыпылықтайды, ал аспаптар тақтасында ескерту пайда болады. Бір уақытта дыбыстық сигнал соғылады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында да ескерту пайда болады.
- Автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі бұдан әрі көрсетілген шарттар сақталған жағдайда жұмыс істейді.
  - Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.
  - Автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ (5 миль/сағ) төмен.
  - Жақындап келе жатқан көлік құралы сіздің автокөлігіңіздің сол жағында немесе оң жағында шамамен 1,5 м (5 фут) қашықтықта.
  - Сол жақтан немесе оң жақтан жақындап қалған көлік құралының жылдамдығы 5 км/сағ (3 миль/сағ) құрайды.
  - Сол және оң жақта жақындап келе жатқан көлік құралдарымен соқтығысуды болдырмау үшін авариялық тежеу жүйесі қолданылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тежеу мынадай жағдайларда өшіріледі:

- Жақындап келе жатқан көлік құралы анықтау диапазонынан тыс жерде.
- Жақындап келе жатқан көлік құралы сіздің автокөлігіңіздің артында.
- Көлік құралы сіздің автокөлігіңіздің бағытына келе жатқан жоқ.
- Жақындап келе жатқан көлік құралы жылдамдықты төмендетуде.
- Жүргізуші тежегіш педалін жеткілікті күшпен басуда.

Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін ажырату



- Автокөлікті шұғыл тежеу нәтижесінде тоқтату кезінде аспаптар тақтасында «**Ұқыпты айдаңыз**» ескерту хабарламасы пайда болады.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші тежегіш педалін дереу басуы және айналадағы жағдайды тексеруі тиіс.
- Тежеуді басқару жүйесі автокөлік шұғыл тежеу салдарынан тоқтағаннан кейін шамамен 2 секундтан кейін өшіріледі.
- Шұғыл тежеу, егер жүргізуші тежегіш басқышын қатты басса, автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесін тежеуді басқару функциясы автоматты түрде өшіріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесін пайдалану кезінде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтаңыз.

- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге қойғаннан кейін ғана баптауларды өзгертіңіз.
- Егер экранда ескерту көрінсе не кез келген басқа жүйенің дыбыстық сигналы естілсе, автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің ескертуі экранда көрінбеуі, ал оның дыбыстық сигналы естілмеуі мүмкін.

- Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің дыбыстық ескертуі шулы жағдайда естілмеуі мүмкін.
- Егер жүргізуші соқтығысуды болдырмау үшін тежегішті қолданса, автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұл жүйе жұмыс істеген кезде автокөлік кенеттен тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақаттануына және бекітілмеген заттардың орын ауыстыруына әкелуі мүмкін. Әрқашан қауіпсіздік белдігін тағып, заттарды бекітіңіз.
- Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінде қандай да бір ақаулар болса да, автокөліктің негізгі тежеу жүйесі қалыпты жұмыс істей береді.
- Егер автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі іске қосылғанда жүргізуші газ басқышын қатты басса, тежеуді басқару функциясы автоматты түрде өшіріледі.
- Бұл жүйе барлық жағдайларда іске қосыла бермейді және барлық соқтығысулардың алдын ала алмайды.
- Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы жол жағдайларына және автокөлікті басқару мәнеріне байланысты ескертуді кідіріспен беруі немесе мүлдем бермеуі мүмкін.
- Жүргізуші автокөлікті басқаруға жауапты болады. Тек автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесіне ғана сүйенбеңіз. Тежеудің қауіпсіз қашықтығын сақтаңыз және қажет болған жағдайда қозғалыс жылдамдығын төмендету немесе автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Ешқашан автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің жұмысын адамдарда, жануарларда, заттарда және т.б. тексермеңіз. Бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тежеуді басқару жүйесі жұмысының дұрыстығы динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) жай-күйіне байланысты.

Төменде санамаланған мән-жайларда тек ескерту беріледі:

- Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) ескерту индикаторы жанып тұрса.
- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) қандай да бір функцияны орындап тұрса.


Ақпарат

Егер тежеу көлденең бағытта автокөлік артында келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің іске қосылуымен қатар жүрсе, жүргізуші тежегіш басқышын дереу басуы және автокөлікті қоршаған жағдайды тексеруі тиіс.

- Тежегішті басқару жүргізуші тежегіш педалін жеткілікті күшпен басқанда тоқтатылады.
- Берілісті «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырғаннан кейін тежегіштерді басқару жүйесі сол немесе оң жақтан автокөлік жақындаған кезде бір рет іске қосылады.

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің ақаулары мен шектеулері

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесінің ақаулары




Егер автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында бірнеше секундқа «**Жүргізуші көмекшісінің жүйесін тексеріңіз**» хабарламасы пайда болады және негізгі ескерту индикаторы (⚠) жанады. Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.



Сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында бірнеше секундқа «**Сыртқы артқы көрініс айнасындағы ескерту белгішесін тексеріңіз**» немесе «**Сыртқы артқы көрініс айнасындағы ескерту индикаторын тексеріңіз**» хабарламасы пайда болады және негізгі ескерту индикаторы (⚠) жанады. Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі өшіріледі



Егер артқы бампердің беті артқы бүйірлік радардың немесе датчиктің жанында қандай да бір затпен, мысалы, қар немесе мұз қабатымен жабылған болса немесе автокөлікте тіркеме не аспалы ұстағыш орнатылса, нысандарды анықтау сапасы нашарлауы, сондай-ақ функционалдығы уақытша шектелуі немесе автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы ажыратылуы мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар тақтасында **«Жүргізуші көмекшісінің жұмысы шектеулі. Радар бұғатталған»** хабарламасы көрсетіледі.

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі ластану, тіркеме және т.б. жойылғаннан кейін өз жұмысын қалыпты режимде жалғастырады.

Егер кедергі келтіретін заттарды алып тастағаннан кейін автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінен тексеру ұсынылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы болмаса да, автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы қозғалтқышты қосқаннан кейін бірде-бір нысанды табу мүмкін болмайтын учаскелерде (мысалы, ашық жерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіркемені орнату немесе ағыту, велосипедке арналған бекітпені немесе басқа аспалы жабдықты алып тастау үшін көлденең бағытта автокөлік артында келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесін өшіріңіз. Жабдықты орнату/алу аяқталғаннан автокөлік артында келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесін қосыңыз.

Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесіне қатысты шектеулер

•Автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда болжаусыз жұмыс істеуі мүмкін.

- Қалың өсімдіктері бар учаскелерден шығу кезінде.
- Жолдың ылғалды учаскелерінен шығу кезінде.
- жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы жоғары немесе төмен болса.

Тежеуді басқару жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін. Жүргізуші мынадай жағдайларда ерекше мұқият болуға тиіс:


- Автокөлік соқпалы жолда, ойлы-қырлы жолда не жол «жамауларында» қатты дірілдейді.
- Қар, шалшықтар, көктайғақ және т.б. бар тайғақ бетпен қозғалу.
- Шиналардағы қысым төмен немесе шина зақымдалған.
- Тежеу жүйесі жаңартылған.
- Интеллектуалды автоматты тұраққа қою жүйесі (бар болса)

i Ақпарат

Артқы бұрыштық радарға қатысты шектеулер туралы толық ақпаратты осы тараудағы «Көзден таса аймақта соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі (BCA)» бөлімінен қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Көлік құралымен немесе құрылыс конструкциясымен қатар қозғалыс**




[A] Құрылыс конструкциясы

Автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы көлік құралының немесе құрылыс конструкциясының жанында қозғалу кезінде шектеледі және сол және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын байқамауы мүмкін. Егер бұл орын алса, функция жүргізушіні ескертпеуі немесе қажет болған кезде тежегішті қолданбауы мүмкін.

Кері жүріс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отырыңыз.


- **Күрделі паркингте қозғалу**



Автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі сіздің автокөлігіңіздің қасына тұрып жатқан немесе одан әрі кетіп бара жатқан көлік құралдарын (мысалы, егер сіздің автокөлігіңіздің қасында тұрған көлік құралы сіздің автокөлігіңіздің артындағы аймаққа кетіп, тоқтап немесе шығып жатса немесе егер көлік құралы сіздің бұрылып жатқан автокөлігіңізге жақындап қалса және т.б.) байқауы мүмкін. Егер бұл орын алса, функция әр кез жүргізушіге ескерту бере алмайды және тежегіш жүйесін қолдана алмайды.

Кері жүріс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отырыңыз.


- **Көлікті қиғаш бағытта тұраққа қою**



Автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясының мүмкіндіктері қиғаш бағытта кері жүріс кезінде шектелуі мүмкін және ол сол және оң жаққа жақындап келе жатқан көлік құралын байқамауы мүмкін. Егер бұл орын алса, функция жүргізушіні ескертпеуі немесе қажет болған кезде тежегішті қолданбауы мүмкін.

Кері жүріс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отырыңыз.


- **Автокөлік еңіс үстінде немесе оның қасында тұр**



Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы автокөліктің өрге немесе еңіске (немесе олардың жанында) қозғалысы кезінде шектелуі мүмкін және сол және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын байқамауы мүмкін. Егер бұл орын алса, функция жүргізушіні ескертпеуі немесе қажет болған кезде тежегішті қолданбауы мүмкін.

Кері жүріс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отырыңыз.

- **Құрылыс конструкциясы бар тұрақ орнына кіру**




[A] Құрылыс конструкциясы

[B] қабырға

Артқы немесе бүйірлік аумақтағы қабырғасы немесе құрылыс конструкциясы бар тұрақ орнына кері жүріспен тұраққа қою кезінде кезде автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі алдыңыздан өтіп бара жатқан көлік құралдарын байқай алады. Егер бұл орын алса, функция әр кез жүргізушіге ескерту бере алмайды және тежегіш жүйесін қолдана алмайды.

Кері жүріс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отырыңыз.

- **Автокөлікті тұраққа кері жүріспен қою**



Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау функциясы Кері жүріспен тұрақ орнына қою кезінде артыңыздан өтіп бара жатқан көлік құралдарын анықтай алады. Егер бұл орын алса, функция әр кез жүргізушіге ескерту бере алмайды және тежегіш жүйесін қолдана алмайды.

Кері жүріс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Егер тіркемені тіркеп сүйресеңіз, қауіпсіздік мақсатында автокөлік артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесін ажыратыңыз.
- Автокөліктің артында көлденең бағытта келе жатқан нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі күшті электромагниттік толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Ол автокөлік қозғалтқышын іске қосқаннан кейін немесе артқы бұрыштық радарларды жүктегеннен кейін 3 секунд бойы жұмыс істемеуі мүмкін.

Алдыңғы/кері жүріспен (PDW) тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі

Бар болса

Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі автокөлігіңіз тоқтаған немесе төмен жылдамдықпен қозғалған кезде белгілі бір қашықтықта адамдарды, жануарларды немесе заттарды тапқан жағдайда ескерту беру үшін артқы ультрадыбыстық датчиктерді пайдаланады.

Анықтау датчигі






(1) Алдыңғы ультрадыбыстық датчиктер

(2) Артқы ультрадыбыстық датчиктер

Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчиктерінің дәл орналасуын қараңыз.

Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің параметрлері

Дыбыстық және жанасулық ескертулер



Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыстық деңгейі**: ескертулердің дыбыстық деңгейін реттеу.

i Ақпарат

- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.

Авто PDW (Қашықтық туралы ескерту)


Авто PDW (Дистанция туралы ескерту) функциясын пайдалану үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде **Параметрлер** > **автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Авто PDW (Дистанция туралы ескерту)** таңдаңыз.

i Ақпарат

Авто PDW (қашықтық туралы ескерту) функциясы іске қосылғанда, қауіпсіз тұрақ түймесінің индикаторы (P) қосылған күйінде қалады.

Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы

Қауіпсіз тұрақ түймесі



Тұрақ кезінде алдыңғы/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесін қосу үшін қауіпсіз тұрақ (P) түймесін басыңыз. Функцияны өшіру үшін, түймені қайта басыңыз.

- «R» (Кері жүріс) берілісін қосқан кезде тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі автоматты түрде қосылады (қауіпсіз тұраққа қою түймесінің индикаторы жанады).

Алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі

Бар болса

Егер төменде көрсетілген шарттардың ең болмағанда біреуі орындалса, алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі жұмыс істейді.

- Беріліс «R» (Кері жүріс) жағдайынан «D» (Алға қозғалыс) жағдайына ауыстырылады.
- «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалып, қауіпсіз тұраққа қою түймесінің индикаторы жанады.
- Функция ажыратылғанда (егер ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Авто PDW (Қашықтық туралы ескерту) таңдалса ғана**) «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалады.

i Ақпарат

- Алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі автокөліктің 10 км/сағ (6 миль/сағ) жылдамдығында ғана жұмыс істейді.
- Егер автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ (18 миль/сағ) асса, алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі өшіріледі. Ол тіпті автокөліктің жылдамдығы сағатына 10 км-ден (сағатына 6 миль) төмен түссе де жұмысын жалғастырмайды.

  (Тек ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Авто PDW (Қашықтық туралы ескерту)** таңдалмаса).
- «R» (Кері жүріс) берілісінде датчик шолу шегінде автокөліктің алдындағы нысандар туралы ескертулер берілмейді. Тек алдағы 60 см (24 дюйм) шегіндегі нысандар туралы ескертулер беріледі.

Нысанға дейінгі қашықтық	Ескерту индикаторы		Ескертуші дыбыс сигналы
	Аспаптар тақтасы	Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	
60-120 см (24-48 дюйм)			Мезгіл-мезгіл зуммер қосылады (көліктің алдыңғы жағында датчиктің шолу шегінде)
30-60 см (12-24 дюйм)			Жиіленген сигнал
30 см шегінде (12 дюйм)			Үздіксіз сигнал

- Ультрадыбыстық датчиктердің кез келгені өзінің жұмыс диапазоны шегінде адамды немесе затты анықтағанда, тиісті индикатор қосылады. Сонымен бір уақытта дыбыстық сигнал соғылады.
- Егер бір мезгілде екеуден артық нысан табылса, жақынырақ орналасқан нысан туралы дыбыстық ескерту шығады.
- Егер нысанға дейінгі қашықтық 60 см (24 дюйм) немесе одан көп болса, аспаптар тақтасында алдынан кедергі туралы ескертулер көрсетілмейді.
- Автокөлікте орнатылған аспаптар тақтасының пішіні суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі төменде келтірілген жағдайларда жұмыс істейді.


- Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.

Нысанға дейінгі қашықтық	Ескерту индикаторы		Ескертуші дыбыс сигналы
	Аспаптар тақтасы	Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	
60-120 см (24-48 дюйм)			Мезгіл-мезгіл зуммер қосылады
30-60 см (12-24 дюйм)			Жиіленген сигнал
30 см шегінде (12 дюйм)			Үздіксіз сигнал

- Ультрадыбыстық датчиктердің кез келгені өзінің жұмыс диапазоны шегінде адамды немесе затты анықтағанда, тиісті индикатор қосылады. Сонымен бір уақытта дыбыстық сигнал соғылады.
- Егер бір мезгілде екеуден артық нысан табылса, жақынырақ орналасқан нысан туралы дыбыстық ескерту шығады.
- Автокөлікте орнатылған аспаптар тақтасының пішіні суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулары мен шектеулері


Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулығы



Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту дұрыс жұмыс істеген кезде, «R» (Кері жүріс) берілісін қосқанда автокөлікті іске қосқаннан кейін, тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмыс істейтінін көрсететін дыбыстық сигнал беріледі. Келесі белгілердің кез келгені пайда болғанда ультрадыбыстық датчиктердің зақымдануын немесе ластануын тексеріңіз. Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінде проблемалар туындаған кезде автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінен тексеру ұсынылады.

- Растау дыбыс сигналы жоқ
- Аспаптар тақтасында проблема туындаған жаққа бағытталған ескертулер бейнеленеді.

Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту функциясы ажыратылған



Егер аспаптар тақтасында тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескертудің жұмысын шектеу туралы ескерту көрсетілсе, ультрадыбыстық датчиктердің бетінің тазалығын тексеріңіз. Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жұмысы ультрадыбыстық датчиктердің бетіне қар, жаңбыр суы немесе басқа да бөгде материалдар түскен жағдайда бұзылуы мүмкін. Ультрадыбыстық датчиктер бетінің тазалығын үнемі қадағалаңыз.

i Ақпарат



Егер тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы кезінде функцияның жұмысында бұзушылықтар туындаса немесе ультрадыбыстық датчигі бұғатталса, тиісті датчиктің бағытында негізгі ескерту индикаторы (⚠) қосылады. Ескертуді аспаптар тақтасындағы сервистік ақпаратты қарау мәзірінен тексеруге болады.

Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің шектеулері

- Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі келесі жағдайларда дұрыс істемеуі мүмкін:
  - Ультрадыбыстық датчиктің бетіндегі қатқан қар немесе жаңбыр суы (ерігеннен кейін қалыпты жұмыс қалпына келеді).
  - Ультрадыбыстық датчиктің бетіндегі қар, жаңбыр суы немесе басқа да бөгде материалдар (тазалағаннан кейін жұмыс қалпына келеді).

- Тым жоғары немесе төмен температура.
- Ультрадыбыстық датчикті немесе іргелес компонентті бөлшектеу.
- Ультрадыбыстық датчиктің бетін қатты қысу немесе оған соққы беру.
- Ультрадыбыстық датчик бетіндегі сызаттар.
- Жоғары қысымдағы судың (көлік жууда) ультрадыбыстық датчиктің бетіне әсері.
- Жақын жерде ультрадыбыстық көздердің болуы, мысалы, басқа көліктің клаксоны, мотоцикл қозғалтқышының дыбысы, жүк көлігінің пневматикалық тежегіштері.

• Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысында мынадай жағдайларда ақаулар туындауы мүмкін.
- Қатты жауын немесе су шашу.
- Ультрадыбыстық датчик бетіндегі қар.
- Сіздің автокөлігіңіздің басқа автокөлікті тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі қолданылатын аймақта орналасуы.
- Ультрадыбыстық датчик бетіндегі су тамшылары.
- Асфальтталмаған жолдармен/сапасы нашар жолдармен, қиыршықтас жолдармен, баурайлармен, қалың өсімдікті аймақтарда қозғалу.
- Жақын жерде ультрадыбыс көздерінің болуы.
- Нөмірлік белгіні стандартты емес жерге орнату.
- Бампер биіктігін өзгерту және ультрадыбыстық датчикті орнату орнының ығысуын тудыратын басқа да жағдайлар.
- Ультрадыбыстық датчиктердің жанында аксессуарлардың болуы.

• Датчик келесі заттарды анықтамауы мүмкін.
- Өткір немесе жұқа заттар (тростар).
- Жіңішке зат, мысалы, шаршы бағанның бұрышы.
- Диаметрі 14 см (5 дюймнен) кіші және ұзындығы 100 м (39 дюймнен) қысқа нысандар.
- Мақта, губка және қар сияқты ультрадыбыстық толқындарды сіңіретін заттар.
- Ультрадыбыстық датчикке тым жақын орналасқан адамдар, жануарлар немесе заттар.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Тіпті тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі жұмыс істеп тұрғанда да жүргізуші алдыңғы және артқы жақтағы жағдайды мұқият және көзбен шолып қарауы тиіс. Қоршаған жағдайлар мен өзге де факторлар ескерту беруді болдырмауы мүмкін.
- Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулығынан туындаған жазатайым оқиғалардан немесе зақымданулардан келтірілген залал өтелмейді.
- Автокөлікті жүргізу кезінде қоршаған жағдайды қадағалаңыз және жолда заттармен немесе жаяу жүргіншілермен, әсіресе балалармен соқтығысуды болдырмаңыз. Ультрадыбыстық датчиктер шектеулі диапазонда жұмыс істейтіндіктен және барлық кедергілерді танымайтындықтан, ескертулер барлық жағдайларда берілмеуі мүмкін.
- Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескертуді көрсету автокөліктердің жылдамдығына немесе адамның, жануардың немесе нысанның пішініне байланысты.
- Егер тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

Тұраққа қою кезіндегі алдыңғы/бүйірлік/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW)

Бар болса

Тұраққа қою кезінде алдыңғы/бүйірлік/артқы арақашықтық туралы ескерту жүйесі автокөлігіңіз тоқтаған немесе төмен жылдамдықпен қозғалған кезде белгілі бір қашықтықта адамдарды, жануарларды немесе заттарды анықтаған жағдайда ескерту беру үшін алдыңғы, бүйірлік және артқы ультрадыбыстық датчиктерді пайдаланады.

Анықтау датчигі




(1) Алдыңғы ультрадыбыстық датчиктер
(2) Алдыңғы бүйірлік ультрадыбыстық датчиктер
(3) Артқы ультрадыбыстық датчиктер
(4) Артқы бүйірлік ультрадыбыстық датчиктер

Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчиктерінің дәл орналасуын қараңыз.

Тұраққа қою кезінде алдыңғы/бүйірлік/артқы қашықтық туралы ескерту параметрлері

Дыбыстық және жанасулық ескертулер



Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыстық деңгейі**: ескертулердің дыбыстық деңгейін реттеу.

Ақпарат

- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.

Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту — автоматты режим қосулы


Авто PDW (Дистанция туралы ескерту) функциясын пайдалану үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде **Параметрлер** > **автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Авто PDW (Дистанция туралы ескерту)** таңдаңыз.

Ақпарат

Авто PDW (қашықтық туралы ескерту) функциясы іске қосылғанда, қауіпсіз тұрақ түймесінің индикаторы (P) қосылған күйінде қалады.

Тұраққа қою кезіндегі алдыңғы/бүйірлік/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы

Қауіпсіз тұрақ түймесі



Тұрақ кезінде алдыңғы/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесін қосу үшін қауіпсіз тұрақ (P) түймесін басыңыз. Функцияны өшіру үшін, түймені қайта басыңыз.

- «R» (Кері жүріс) берілісін қосқан кезде тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі автоматты түрде қосылады (қауіпсіз тұраққа қою түймесінің индикаторы жанады).

Алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі

Алға қарай тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі төменде келтірілген жағдайларда жұмыс істейді.

- Беріліс «R» (Кері жүріс) жағдайынан «D» (Алға қозғалыс) жағдайына ауыстырылады.
- «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған, қауіпсіз тұраққа қою түймесінің индикаторы қосулы (P).
- Функция ажыратылғанда «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған

  (Тек ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Авто PDW (Қашықтық туралы ескерту)** таңдалса).

i Ақпарат

- Алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі автокөліктің 10 км/сағ (6 миль/сағ) жылдамдығында ғана жұмыс істейді.
- Егер автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ (18 миль/сағ) асса, алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі өшіріледі. Ол тіпті автокөліктің жылдамдығы сағатына 10 км-ден (сағатына 6 миль) төмен түссе де жұмысын жалғастырмайды.

  (Тек ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Авто PDW (Қашықтық туралы ескерту)** таңдалмаса).
- «R» (Кері жүріс) берілісінде датчик шолу шегінде автокөліктің алдындағы нысандар туралы ескертулер берілмейді. Тек алдағы 60 см (24 дюйм) шегіндегі нысандар туралы ескертулер беріледі.

Нысанға дейінгі қашықтық	Ескерту индикаторы		Ескертуші дыбыс сигналы
	Аспаптар тақтасы	Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	
60-120 см (24-48 дюйм)			Мезгіл-мезгіл зуммер қосылады (көліктің алдыңғы жағында датчиктің шолу шегінде)
30-60 см (12-24 дюйм)			Жиіленген сигнал
30 см шегінде (12 дюйм)			Үздіксіз сигнал

- Ультрадыбыстық датчиктердің кез келгені өзінің жұмыс диапазоны шегінде адамды немесе затты анықтағанда, тиісті индикатор қосылады. Сонымен бір уақытта дыбыстық сигнал соғылады.

- Егер бір мезгілде екеуден артық нысан табылса, жақынырақ орналасқан нысан туралы дыбыстық ескерту шығады.
- Егер нысанға дейінгі қашықтық 60 см (24 дюйм) немесе одан көп болса, аспаптар тақтасында алдынан кедергі туралы ескертулер көрсетілмейді.
- Автокөлікте орнатылған аспаптар тақтасының пішіні суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тұраққа қою кезінде бүйірінде орналасқан нысанға дейінгі қашықтық туралы ескерту

Тұраққа қою кезінде нысанның бүйірінде орналасқан арақашықтық туралы ескерту жүйесі төменде келтірілген жағдайларда жұмыс істейді.

- Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.
- Беріліс «R» (Кері жүріс) жағдайынан «D» (Алға қозғалыс) жағдайына ауыстырылады.
- «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған, қауіпсіз тұраққа қою түймесінің индикаторы қосулы (P).
- Функция ажыратылғанда «D» (Алға қозғалыс) берілісі таңдалған

  (Тек ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінде **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақ** > **Авто PDW (Қашықтық туралы ескерту)** таңдалса).

i Ақпарат

- Тұраққа қою кезінде бүйірден қашықтық туралы ескерту жүйесі автокөліктің 10 км/сағ (6 миль/сағ) алға қозғалысы кезінде ғана жұмыс істейді.
- Тұраққа қою кезінде бүйірінде орналасқан нысанға дейінгі қашықтық туралы ескерту жүйесі тек кері және алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі қосылған кезде ғана жұмыс істейді.

Нысанға дейінгі қашықтық	Ескерту индикаторы		Ескертуші дыбыс сигналы
	Аспаптар тақтасы	Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	
60-120 см (24-48 дюйм)			-
30-60 см (12-24 дюйм)			-
30 см шегінде (12 дюйм)			Үздіксіз сигнал

- Ультрадыбыстық датчиктердің кез келгені өзінің жұмыс диапазоны шегінде адамды немесе затты анықтағанда, тиісті индикатор қосылады.
- Автокөліктің бүйірінен 30 см (12 дюйм) шегінде орналасқан нысан анықталған кезде дыбыс сигналы шығады.
- Автокөлік қозғалысының траекториясынан тыс нысан байқалған кезде ескерту индикаторы көрсетіледі.
- Автокөлікте орнатылған аспаптар тақтасының пішіні суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі төменде келтірілген жағдайларда жұмыс істейді.

- Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.

Нысанға дейінгі қашықтық	Ескерту индикаторы		Ескертуші дыбыс сигналы
	Аспаптар тақтасы	Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	
60-120 см (24-48 дюйм)			Мезгіл-мезгіл зуммер қосылады
30-60 см (12-24 дюйм)			Жиіленген сигнал
30 см шегінде (12 дюйм)			Үздіксіз сигнал


- Ультрадыбыстық датчиктердің кез келгені өзінің жұмыс диапазоны шегінде адамды немесе затты анықтағанда, тиісті индикатор қосылады. Сонымен бір уақытта дыбыстық сигнал соғылады.
- Егер бір мезгілде екеуден артық нысан табылса, жақынырақ орналасқан нысан туралы дыбыстық ескерту шығады.
- Автокөлікте орнатылған аспаптар тақтасының пішіні суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тұраққа қою кезіндегі алдыңғы/бүйір/артқы арақашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулары мен шектеулері

Тұраққа қою кезіндегі алдыңғы/бүйірлік/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулары

Қозғалтқышты іске қосқаннан және берілісті «R» (Кері жүріс) күйіне қайта қосқаннан кейін, тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің дұрыс жұмыс істейтінін көрсететін дыбыстық сигнал беріледі.


Егер төменде көрсетілген бір немесе бірнеше оқиға орын алса, алдымен ультрадыбыстық датчиктің зақымданбағанын және оның бөгде заттармен жабылмағанын тексеріңіз. Егер жүйе әлі де дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.



Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту дұрыс жұмыс істеген кезде, «R» (Кері жүріс) берілісін қосқанда автокөлікті іске қосқаннан кейін, тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмыс істейтінін көрсететін дыбыстық сигнал беріледі. Келесі белгілердің кез келгені пайда болғанда ультрадыбыстық датчиктердің зақымдануын немесе ластануын тексеріңіз. Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінде проблемалар туындаған кезде автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінен тексеру ұсынылады.

- Растау дыбыс сигналы жоқ
- Аспаптар тақтасында проблема туындаған жаққа бағытталған ескертулер бейнеленеді.

Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту функциясы ажыратылған



Егер аспаптар тақтасында тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескертудің жұмысын шектеу туралы ескерту көрсетілсе, ультрадыбыстық датчиктердің бетінің тазалығын тексеріңіз. Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жұмысы ультрадыбыстық датчиктердің бетіне қар, жаңбыр суы немесе басқа да бөгде материалдар түскен жағдайда бұзылуы мүмкін. Ультрадыбыстық датчиктер бетінің тазалығын үнемі қадағалаңыз.

i Ақпарат



Егер тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы кезінде функцияның жұмысында бұзушылықтар туындаса немесе ультрадыбыстық датчигі бұғатталса, тиісті датчиктің бағытында негізгі ескерту индикаторы (⚠) қосылады. Ескертуді аспаптар тақтасындағы сервистік ақпаратты қарау мәзірінен тексеруге болады.

Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің шектеулері

- Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі келесі жағдайларда дұрыс істемеуі мүмкін:
  - Ультрадыбыстық датчиктің бетіндегі қатқан қар немесе жаңбыр суы (ерігеннен кейін қалыпты жұмыс қалпына келеді).
  - Ультрадыбыстық датчиктің бетіндегі қар, жаңбыр суы немесе басқа да бөгде материалдар (тазалағаннан кейін жұмыс қалпына келеді).
  - Тым жоғары немесе төмен температура.
  - Ультрадыбыстық датчикті немесе іргелес компонентті бөлшектеу.
  - Ультрадыбыстық датчиктің бетін қатты қысу немесе оған соққы беру.
  - Ультрадыбыстық датчик бетіндегі сызаттар.
  - Жоғары қысымдағы судың (көлік жууда) ультрадыбыстық датчиктің бетіне әсері.
  - Жақын жерде ультрадыбыстық көздердің болуы, мысалы, басқа көліктің клаксоны, мотоцикл қозғалтқышының дыбысы, жүк көлігінің пневматикалық тежегіштері.
- Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысында мынадай жағдайларда ақаулар туындауы мүмкін.
  - Қатты жауын немесе су шашу.
  - Ультрадыбыстық датчик бетіндегі қар.
  - Сіздің автокөлігіңіздің басқа автокөлікті тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі қолданылатын аймақта орналасуы.
  - Ультрадыбыстық датчик бетіндегі су тамшылары.
  - Асфальтталмаған жолдармен/сапасы нашар жолдармен, қиыршықтас жолдармен, баурайлармен, қалың өсімдікті аймақтарда қозғалу.

- Жақын жерде ультрадыбыс көздерінің болуы.
- Нөмірлік белгіні стандартты емес жерге орнату.
- Бампер биіктігін өзгерту және ультрадыбыстық датчикті орнату орнының ығысуын тудыратын басқа да жағдайлар.
- Ультрадыбыстық датчиктердің жанында аксессуарлардың болуы.

• Датчик келесі заттарды анықтамауы мүмкін.
- Өткір немесе жұқа заттар (тростар).
- Жіңішке зат, мысалы, шаршы бағанның бұрышы.
- Диаметрі 14 см (5 дюймнен) кіші және ұзындығы 100 м (39 дюймнен) қысқа нысандар.
- Мақта, губка және қар сияқты ультрадыбыстық толқындарды сіңіретін заттар.
- Ультрадыбыстық датчикке тым жақын орналасқан адамдар, жануарлар немесе заттар.
- Алдыңғы бүйірлік ультрадыбыстық датчигі мен артқы бүйірлік ультрадыбыстық датчигі арасындағы нысан немесе автокөлікке бүйірінен жақындап келе жатқан нысан.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тіпті тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі жұмыс істеп тұрғанда да жүргізуші алдыңғы және артқы жақтағы жағдайды мұқият және көзбен шолып қарауы тиіс. Қоршаған жағдайлар мен өзге де факторлар ескерту беруді болдырмауы мүмкін.

• Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулығынан туындаған жазатайым оқиғалардан немесе зақымданулардан келтірілген залал өтелмейді.

• Автокөлікті жүргізу кезінде қоршаған жағдайды қадағалаңыз және жолда заттармен немесе жаяу жүргіншілермен, әсіресе балалармен соқтығысуды болдырмаңыз. Ультрадыбыстық датчиктер шектеулі диапазонда жұмыс істейтіндіктен және барлық кедергілерді танымайтындықтан, ескертулер барлық жағдайларда берілмеуі мүмкін.

• Тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескертуді көрсету автокөліктердің жылдамдығына немесе адамның, жануардың немесе нысанның пішініне байланысты.


• Егер тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу қосалқы жүйесі (PCA)

Бар болса

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу жүйесі жаяу жүргіншілерді немесе көліктің артындағы заттарды анықтайды және кері қозғалыс кезінде көлігіңіздің соқтығысуын болдырмау үшін сізді ескертеді немесе тежеуге көмектеседі.

Анықтау датчигі




(1) Кең бұрышты сыртқы артқы көрініс камерасы

(2) Артқы ультрадыбыстық датчиктер
Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчиктерінің дәл орналасуын қараңыз.

Артқы тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің параметрлері

Дыбыстық және жанасулық ескертулер



Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыстық деңгейі**: ескертулердің дыбыстық деңгейін реттеу.

i Ақпарат

- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.


Қауіпсіз тұрақ

Параметрлер мәзіріндегі қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, әрбір функцияны пайдалану үшін **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Қауіпсіз тұрақты** таңдаңыз немесе болдырмаңыз.

- Егер «**Артқы қауіпсіздік**» пункті таңдалса, тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі жүргізушіні жаяу жүргіншімен немесе автокөліктен кейін тұрған нысанмен соқтығысу қаупі төнген кезде ескертеді және тежеуді қолданады.

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы

Тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесін қосу және өшіру



Тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесін өшіру немесе қосу үшін қауіпсіз тұрақ (P) түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.

Жұмыс шарттары

Егер кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі жаяу жүргіншімен немесе нысанмен автокөліктің артқы жағынан соқтығысу қаупін анықтаса, ол жүргізушіге дыбыстық сигнал мен аспаптар тақтасындағы ескерту хабарламасы арқылы ескертеді. Егер айнала шолу жүйесі іске қосылса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында ескерту пайда болады.

Егер соқтығысты болдырмау мүмкін болмаса, кері жүріспен тұрақ кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі тежеуге көмектеседі.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің «**Қауіпсіз тұрақ**» мәзіріндегі «**Артқы қауіпсіздік**» тармағын таңдаңыз. Төменде көрсетілген шарттар орындалса, тұрақ кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі қосылады.

- Багаж бөлімшесінің есігі және басқа есіктер жабық
- Тұрақ тежегіші сөндірулі.
- Тіркеме жоқ.
- Беріліс «R» (Кері жүріс) күйіне ауыстырылған.
- Автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) аспайды (жаяу жүргіншілерді анықтау)
- Автокөліктің жылдамдығы 4 км/сағ (2,4 миль/сағ) аспайды (кедергілерді анықтау)
- Жүйенің компоненттері, мысалы, артқы көріністің кең бұрышты камерасы және артқы ультрадыбыстық датчиктер қалыпты жағдайда.

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі қосылғанда, аспаптар панеліндегі автокөлік бейнесінің астында сызық пайда болады.



Ақпарат

«R» (Кері жүріс) берілісін таңдау кезінде кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі тек бір рет қосылады. Тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмайтын көмекші жүйені қайта қосу үшін «R» (Артқы) берілісіне ауысыңыз.

Ажыратылу шарттары

Егер соқтығысты болдырмау мүмкін болмаса, кері жүріспен тұрақ кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі тежеуге көмектеседі. Тежеу кезіндегі көмек жүйесі 5 минуттан кейін ажыратылады. Тежегіш педалін дереу басыңыз және жергілікті жерді қараңыз. Тежеу кезіндегі көмек жүйесі де төменде келтірілген жағдайларда ажыратылады.


- Беріліс «P» (Тұрақ) немесе «D» (Алға қозғалыс) күйіне ауыстырылған.
- • Тежегіш педалі жеткілікті күшпен басылған.

Ақпарат

Егер кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі іске қосылса, тежеуді басқару 5 минуттан кейін өшіріледі және тұрақ тежегіші қолданылады.


Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы функциясының ақаулары мен шектеулері


Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы функциясының ақаулары



Егер кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі немесе оған байланысты басқа да функциялар дұрыс жұмыс істемесе, құрал тақтасында «**Жүргізуші көмекшісінің жүйесін тексеріңіз**» деген ескерту хабарламасы пайда болады және жүйе автоматты түрде ажыратылады. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

Артқы тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесін ажырату





Келесі жағдайларда аспаптар тақтасында **«Жүргізуші ассистентінің жұмысы шектелген. Камера бұғатталған»** немесе «**Жүргізуші ассистентінің жұмысы шектелген. Ультрадыбыстық сенсор бұғатталған.**» хабарламасы көрінеді:

- Шолу аймағы кең артқы көрініс камерасы немесе артқы ультрадыбыстық датчиктеріне қар, жаңбыр тамшылары және т.б. түссе.
- Қатты жаңбыр, қар және т.б. сияқты қолайсыз ауа райы жағдайлары.

Егер ол орын алса, кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі өшірілуі немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Шолу аймағы кең артқы көрініс камерасы мен артқы ультрадыбыстық датчиктердің тазалығын тексеріңіз.

Артқы тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің шектеулері

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі мұндай жағдайларда жаяу жүргіншілер немесе нысандар болған кезде де тежеуді қолданбауы және жүргізушіге ескерту бермеуі мүмкін:

- Автокөліктің ақаулары
  - Қандай да бір стандартты емес жабдық немесе аксессуарлар орнатылған.
  - Сіздің автокөлігіңіз апаттан немесе басқа себептерден тұрақтылығын жоғалтқан.
  - Бампер немесе артқы ультрадыбыстық датчиктердің орнату биіктігі өзгертілген.
  - Шолу бұрышы кең камералар немесе ультрадыбыстық датчиктер зақымдалған
  - Шолу бұрышы кең камералар немесе артқы ультрадыбыстық датчиктер қар, лас және т.б. сияқты бөгде заттармен ластанған.
  - Жарық көзінен немесе ауа райының нашарлығынан, мысалы, қатты жаңбыр, тұман, қар және т.б. себептерден кең бұрышты камералардың нашар көруі.
- Сыртқы факторлардан туындайтын проблемалар
  - Жарықтандыру өте жоғары немесе өте төмен.
  - Сыртқы температура өте жоғары немесе өте төмен.
  - Күшті жел (20 км/сағ (12 миль/сағ) жоғары) немесе оның бағыты артқы бамперге перпендикуляр.
  - Автокөлік датчигінің әрекет ету шегінде артық шу тудыратын нысандар (автокөліктердің гудоктары, мотоциклдер немесе жүк көліктерінің пневматикалық тежегіштерінің қатты дауыстары) бар.
  - Жақын жерде сіздің автокөлігіңіздің датчигімен бірдей жиілікте жұмыс істейтін ультрадыбыстық датчик бар.
  - Тайғақ немесе еңісті жол.
  - Алдыңғы көрініс камерасынан жаяу жүргіншінің бейнесі фоннан ажыратылмайды.
- Жаяу жүргіншілерден немесе нысандардан туындайтын проблемалар
  - Жаяу жүргіншілерді анықтау қиын.
  - Сіздің автокөлігіңіз бен жаяу жүргіншінің орналасу биіктігінде айырмашылық бар.
  - Жаяу жүргінші автокөліктің артқы шетінде тұр.
  - Жаяу жүргінші тік тұрған жоқ.
  - Жаяу жүргіншінің бойы оны байқауға болмайтындай тым биік немесе тым төмен.
  - Жаяу жүргінші, велосипедші немесе мотоциклші фонымен оңай бірігетіндей киім киген, бұл камераның анықтау жүйесінің оны тануын қиындатады.

- Жаяу жүргіншінің киімі ультрадыбысты нашар шағылыстыратын матадан жасалған.
- Нысанның өлшемі, қалыңдығы, биіктігі немесе пішіні ультрадыбыстық толқындарды нашар шағылыстырады (мысалы, төмен нысан, тар нысан, дөңгелек бағаң, кішкентай бағаң, шаршы бағанның бұрыштары, бұта, жиектер, супермаркеттердің арбалары, қабырғаның шеті және т.б.).
- Жаяу жүргінші немесе нысан қозғалыста.
- Жаяу жүргінші немесе нысан автокөліктің артқы жағына өте жақын тұр.
- Жаяу жүргіншінің немесе нысанның артында ірі нысан, мысалы қабырға бар.
- Нысан автокөліктің алдыңғы немесе артқы бөлігінің ортасында тұрған жоқ.
- Нысан артқы бамперге параллель орналаспаған.
- Датчиктер жаяу жүргіншілер мен нысандарды анықтай алмайды.

- Қозғалыс жағдайларынан туындайтын проблемалар
  - Жүргізуші «R» (Кері жүріс) немесе «D» (Алға жүру) берілісін қосқаннан кейін бірден қозғалысты бастайды.
  - Жүргізуші жылдамдықты үдетеді немесе шеңбер бойымен қозғалады.
  - - Автокөлік оталғаннан кейін бірден қозғалысты бастайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесін пайдалану кезінде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтаңыз.

- Жүргізу кезінде барынша мұқият болу керек. Жүргізуші қауіпсіз жүргізу және тежеу үшін жауапты болады.
- Жүргізу кезінде жол жағдайларына және жолдағы жағдайға ескерту хабарламаларының болуына немесе болмауына қарамастан әрқашан назар аударыңыз.
- Қозғалыс басталар алдында жаяу жүргіншілердің немесе автокөліктің қасында нысандардың жоқтығына міндетті түрде көз жеткізген жөн.
- Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесінің жұмысы бірқатар жағдайларға байланысты. Егер автокөліктің жылдамдығы сағатына 4 км-ден (сағатына 2 миль) асатын болса, жүйе жаяу жүргіншілер анықталған жағдайда ғана соқтығысуды болдырмауға көмек көрсететін болады. Автокөліктің айналасындағы жағдайды міндетті түрде бағалаңыз және қозғалыс кезінде мұқият болыңыз.

- Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесінің жұмысы бірқатар жағдайларға байланысты. Егер автокөлік алға және артқа бірнеше қозғалыс жасаса, кері жүріс кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі тежеу кезінде көмектеспеуі не жүргізушіні ескертпеуі мүмкін. Рульде отырғанда әрқашан мұқият болыңыз.
- Нысандардың кейбір түрлері артқы ультрадыбыстық датчиктермен тіркелмеуі мүмкін. Бұл нысанның материалына немесе өлшеміне, сондай-ақ оған дейінгі қашықтыққа байланысты. Барлық көрсетілген фактор датчиктің тиімділігіне әсер етеді.
- Жол жағдайларына және ахуалға байланысты кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жөніндегі көмек жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі немесе қажетсіз қосылуы мүмкін.
- Тұраққа қою кезінде тек соқтығысуды болдырмаудың көмекші жүйесіне ғана сүйенбеңіз. Өйткені жарақат алу қаупі бар немесе автокөлік зақымдалуы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Соқтығысуды болдырмау мақсатында тежеуді кенеттен қолданған кезде шу естілуі мүмкін.
- Егер қандай да бір басқа ескерту сигналы шықса, мысалы қауіпсіздік белбеуі бекітілмегені туралы, тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесінің сигналы түрленбеуі мүмкін.
- Егер артқы бампер зақымдалған, ауыстырылған немесе жөнделген болса, тұрақ кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі күшті электромагниттік толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Дыбыс деңгейі жоғары автокөліктің аудиожүйесінің жұмысы тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесінің ескерту дыбыстарын жабуы мүмкін.
- Тіркемені сүйрету кезінде тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесін ажыратыңыз. Тіркемемен кері жүріс кезінде тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі қосылады, өйткені тіркемені байқайды.

- Тежеуді басқару жүйесі жұмысының дұрыстығы динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) жай-күйіне байланысты.

  Төменде санамаланған мән-жайларда тек ескерту беріледі:

  - Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) ескерту индикаторы жанып тұрса.
  - Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) қандай да бір функцияны орындап тұрса.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау датчиктерінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қолдау үшін төменде санамаланған сақтық шараларын сақтаңыз.

- Кең шолу бұрышты артқы көрініс камераларының және ультрадыбыстық датчиктердің тазалығын үнемі қадағалаңыз.
- Камераның объективін тазалау үшін құрамында қышқыл немесе сілті бар жуу құралдарын пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ сабынды немесе бейтарап жуғыш затты пайдаланыңыз және оны сумен мұқият шайыңыз.
- Жоғары қысымды жуу аппаратының ағынын тікелей кең шолу бұрышты артқы көрініс камерасына, ультрадыбыстық датчиктерге немесе жақын маңдағы аймақтарға бағыттауға болмайды. Бұл кең шолу бұрышты камералардың немесе ультрадыбыстық датчиктердің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Бампердің кең шолу бұрышты камералар немесе ультрадыбыстық датчиктер орнатылған жеріне жапсырмалар жабуға тыйым салынады. Бұл тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесінің жұмыс тиімділігіне қолайсыз әсер етуі мүмкін.
- Кең шолу бұрышты камераларды және ультрадыбыстық датчиктерді бөлшектеуге, сондай-ақ оларға соққы тигізуге тыйым салынады.
- Кең шолу бұрышты артқы көрініс камераларына және ультрадыбыстық датчиктерге шамадан тыс күш салмаңыз. Егер кең шолу бұрышты камералардың немесе ультрадыбыстық датчиктердің параметрлері орын ауыстыру нәтижесінде өзгерген болса, тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.

i Ақпарат


Кері жүріспен тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі жаяу жүргіншілер мен нысандарды мынадай жағдайларда анықтай алады:

- Жаяу жүргінші автокөліктің артында тұр.
- Сіздің автокөлігіңіздің артында ортада үлкен кедергі бар, мысалы, тұраққа қойылған көлік құралы.

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесі (RSPA)


Бар болса

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесі сіз көлікте болмаған кезде тұрақ орнына қашықтан кіру және одан шығу үшін тұрақ орындарын анықтау, рульді, жылдамдықты басқару және автокөліктің берілісін таңдау үшін алдыңғы, алдыңғы бүйірлік, артқы бүйірлік және артқы ультрадыбыстық датчиктерді пайдаланады.

Функция	Сипаттамасы
Қашықтықтан басқару	Алға немесе артқа қашықтықтан қозғалу 

- Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою және қашықтықтан жұмыс істеу функцияларын автокөліктен белгілі бір қашықтықта бола отырып, электрондық кілттің көмегімен іске қосуға болады.
- Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесі жұмыс істеп тұрған уақытта тұрақ қашықтығы туралы ескерту жүйесі мен айнала шолу жүйесі де жұмыс істейді. Толығырақ осы тараудың «Алдыңғы/кері жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW), Тұрақ кезіндегі алдыңғы/бүйір/артқы қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW)» және «Айнала шолу жүйесі (SVM)» бөлімдерінен қараңыз.

Анықтау датчиктері



(1) Алдыңғы ультрадыбыстық датчиктер
(2) Алдыңғы бүйірлік ультрадыбыстық датчиктер
(3) Артқы ультрадыбыстық датчиктер
(4) Артқы бүйірлік ультрадыбыстық датчиктер

Жоғарыдағы суреттегі анықтау датчиктерінің дәл орналасуын қараңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау датчиктерінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қолдау үшін төменде санамаланған сақтық шараларын сақтаңыз.

- Анықтау датчиктерін бөлшектеуге немесе оларды бүлдіруге тыйым салынады.
- Анықтау датчигін жөндеу қажет болған жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінен тексеру ұсынылады.
- Егер бампер биіктігі өзгерсе, датчиктерді орнату рәсімі сақталмаса немесе датчиктер зақымдалса, интеллектуалды автоматты тұраққа қою жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін. Зауыттық емес жағдайларда орнатылған кез келген жабдық немесе аксессуарлар да датчиктің жұмысына әсер етуі мүмкін.
- Егер ультрадыбыстық датчикті мұз басса немесе қармен, балшықпен немесе сумен жабылса, оны жұмсақ матамен ластануларды жоймайынша жұмыс істемеуі мүмкін.
- Ультрадыбыстық датчикті итермеңіз немесе соққыламаңыз және онда сызаттар пайда болуына жол бермеңіз. Бұл әрекеттер датчикті істен шығаруы мүмкін.
- Жоғары қысымды жуу аппаратының ағынын тікелей ультрадыбыстық датчиктерге немесе жақын маңдағы аймақтарға бағыттауға болмайды.

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесінің параметрлері

Дыбыстық және жанасулық ескертулер



Ескерту тәсілдерін қосулы автокөлікте баптауға болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесін баптау мәзірінен **Параметрлер** > **Автокөлік** > **Жүргізуші көмекшісі** > **Дыбыстық және тактильдік ескертулер** таңдаңыз және келесі параметрлерді өзгертіңіз:

- **Ескертулердің дыбыстық деңгейі**: ескертулердің дыбыстық деңгейін реттеу.

i Ақпарат

- Дыбыстық және жанасулық ескертулер өзгерген кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің ескерту тәсілдері де өзгеруі мүмкін.
- Автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін ескерту беру тәсілдері ретінде соңғы баптаулар пайдаланылады.
- Автокөліктің конфигурациясына байланысты параметрлер мәзірі болмауы мүмкін.

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесінің жұмысы

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесің түймесі

Тұрақ/шолу түймесі	Электрондық кілт
	

Орналасуы	Атауы	Символ	Сипаттамасы
Автокөлік ішінде	Тұрақ/шолу түймесі		Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесін қосу үшін «Тұрақ/Шолу» түймесін басыңыз және ұстап тұрыңыз. Алдыңғы/артқы тұрақ қашықтығы туралы ескерту функциясы автоматты түрде қосылады.
Электрондық кілт	Қашықтан іске қосу түймесі		• Қозғалтқышты өшіріп, автокөліктің есігін жапқаннан кейін қозғалтқышты қашықтықтан қосу үшін қашықтықтан іске қосу түймесін басыңыз. • Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою немесе қашықтықтан басқару функциясы жұмыс істеп тұрған кезде, функцияны аяқтау үшін қашықтықтан іске қосу түймесін басыңыз.
	Алға қозғалу түймесі		Қашықтықтан қозғалту функциясын пайдаланған кезде автокөлік басылған батырмада белгіленген бағытта қозғалады.
	«Артқа» түймесі		

Қашықтықтан басқару

Жұмыс тәртібі


Қашықтықтан басқару төменде сипатталғандай жұмыс істейді.

1. Алға және артқа қашықтықтан қозғалуға дайындық
2. Алға және артқа қашықтықтан қозғалу

1. Алға және артқа қашықтықтан қозғалуға дайындық


Қашықтықтан басқару функциясын басқарудың екі тәсілі бар. (1) нұсқасы Ажыратылған қозғалтқышпен

1. Автокөліктен белгілі бір қашықтықта тұрып, электрондық кілттегі есіктерді бұғаттау түймесін (🔒) басыңыз.



2. Осыдан кейін 4 секунд ішінде қозғалтқышты іске қосу сәтіне дейін қашықтықтан іске қосу (START) түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Қозғалтқышты қашықтықтан іске қосу туралы толығырақ 6-тараудың «От алдыру құлпы» бөлімінен қараңыз.




(2) нұсқасы Қосулы қозғалтқышпен

1. Қашықтан басқару функциясы қолданылатын жердің алдында автокөлікті тоқтатыңыз және «P» (Тұрақ) берілісін қосыңыз.
2. Интеллектуалды тұраққа қою жүйесін қосу үшін тұрақ/шолу (P) түймесін басыңыз және ұстап тұрыңыз.
   - Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында «Қашықтықтан басқару белсенді» хабарлама пайда болады.
3. Автокөліктен шығып, барлық есік пен багаж бөлімін электрондық кілтпен жабыңыз.

i Ақпарат

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында қашықтықтан басқару функциясын пайдалану үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі шартымен «Келісемін» тармағын таңдау қажет.

2. Алға және артқа қашықтықтан қозғалу



[A] Алға
[B] Артқа

- Электрондық кілтте «Алға»( ) немесе «Артқа» ( ) түймешігін басып, ұстап тұрыңыз. Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесі автоматты түрде рульді, автокөліктің жылдамдығын және трансмиссияны басқаратын болады. Автокөлік басылған түйме бағытында қозғалатын болады.
- Егер қашықтан басқару жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде түймені босатсаңыз, автокөлік тоқтап, автоматты басқару тоқтатылады. Түймені қайта басып ,ұстап тұру функцияны қайта іске қосады.
- Автокөлік мақсатты орынға жеткенге дейін «Алға» ( ) немесе «Артқа» ( ) түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
- Қашықтықтан басқару аяқталғаннан кейін автокөлікке электрондық кілтті алып отырыңыз немесе автокөліктің сыртындағы электрондық кілтте қашықтықтан іске қосу ( ) түймесін басыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында да хабарлама пайда болады. Автокөлік автоматты түрде «P» (Тұрақ) режиміне ауысады, тұрақ тежегіші қосылады.
- Қашықтықтан іске қосу ( ) түймесін басқанда автокөлік өшіріледі. Жүргізуші ішінде болғанда автокөлік өшпейді.
- Қашықтықтан басқару функциясының көмегімен автокөлікті автокөліктен тыс электронды кілт арқылы қашықтықтан басқаруға болады.

i Ақпарат

- Қашықтықтан жылжыту функциясын пайдаланар алдында барлық электрондық кілтті автокөліктен алып тастаңыз.
- Қашықтықтан басқару функциясы тек электрондық кілт автокөліктен 4 м (13 фут) шегінде болған жағдайда ғана жұмыс істейді. Егер электрондық кілтте «Алға» немесе «Артқа» түймелерін басқан кезде автокөлік қозғалмаса, қашықтықты тексеріп, түймені қайта басыңыз.
- Электрондық кілтті табу диапазоны радиотолқынның әсеріндегі қоршаған нысандарға, мысалы, электр беру желісінің тіректеріне, теле- және радиохабар станцияларына және т.б. байланысты өзгереді.

- (1) нұсқа бойынша жүйе алға қарай қашықтықтан қозғалуды шығу маневрі ретінде қабылдайды және 4 м (13 фут) қашықтыққа жылжып келе жатқан автокөлік айналасында жаяу жүргіншілердің, жануарлардың және нысандардың болуын тексереді. Тексеру аяқталғаннан кейін рульді басқару алдағы жағдайға сәйкес жүзеге асырылады.
- (2) нұсқа бойынша қашықтықтан алға қозғалысты жүйе тұрақ маневрі ретінде қабылдайды және дереу алдыңғы жағдайға сәйкес рульді басқаруды бастайды, тұрақ кеңістігін алуға және автокөлікті тегістеуге көмектеседі. Алайда жүйе жұмысының тиімділігі жаяу жүргіншілердің, жануарлардың немесе нысандардың болуына және автокөліктің айналасындағы жағдайға байланысты төмендеуі мүмкін.
- (1) нұсқа бойынша да, (2) нұсқа бойынша да алға қашықтан қозғалыс кезінде алдымен руль тураланады, содан кейін автокөлік тура қозғалысты бастайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қашықтықтан басқару функциясын пайдаланар алдында барлық жолаушының автокөліктен шыққанына көз жеткізіңіз.
- Егер тар кеңістікте тұраққа қою кезінде автокөліктің аккумуляторы отырып жатса немесе қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі істен шықса, қашықтықтан басқару функциясы жұмыс істемейді. Әрқашан автокөлікті одан еркін шығып, еркін отыруға болатын жерге қойыңыз.
- Тұрақ кеңістігіне байланысты қашықтықтан басқару функциясының көмегімен тұраққа қойылған автокөліктен шығу мүмкін болмай қалуын ескеріңіз.
- Тұрақ маневрі аяқталғаннан кейін қоршаған жағдай басқа автокөліктердің қозғалысы салдарынан өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда қашықтықтан басқару функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөліктен шығар алдында төбедегі терезелер мен люктерді жабыңыз, содан кейін қозғалтқышты сөндіріп, есіктерді құлыптаңыз.

Қашықтықтан басқару функциясы жұмысының күйі

Жұмыс күйі	Электрондық кілттің жарықдиодты индикаторы
Бақылауда	Жасыл жарықдиодты индикатор үздіксіз жыпылықтайды
Пауза	Қызыл жарықдиодты индикатор үздіксіз жыпылықтайды
Өшіру	Қызыл жарықдиодты индикатор 4 секунд бойы жанып, өшіріледі
Аяқталды	Жасыл жарықдиодты индикатор 4 секунд бойы жанып, өшіріледі

i Ақпарат

- Егер электрондық кілт жұмыс диапазонынан тыс болса (автокөліктен шамамен 4 м (13 фут)), кілттің жарықдиодты индикаторы жыпылықтамайды және жанбайды. Электрондық кілтті көрсетілген жұмыс ауқымында пайдаланыңыз.

Жұмыс істеп тұрған қашықтықтан басқару функциясын ажырату

- Ақпараттық ойын-сауық жүйесі жүргізушіге 2 тәсілмен ұсынымдар бергенде, «Тұрақ/шолу» (P) түймесін басыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесі жүргізушіге 2-тәсілді пайдалана отырып ұсынымдар берген кезде, берілісті «P» (Тұрақ) жағдайынан кез келген басқа жағдайға өзгертіңіз.
- Қауіпсіз тұрақ (P) түймесін басыңыз немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранынан «Бас тарту» түймесін басыңыз.
- Автокөлікті қашықтықтан басқару функциясы басқарғанда, электрондық кілтте қашықтықтан іске қосу () түймесін басыңыз. Қашықтықтан басқару функциясы ажыратылады. Бұл жағдайда қозғалтқыш өшіріледі.
- Қолыңызға электрондық кілтті алып автокөлікке отырыңыз. Қашықтықтан басқару функциясы ажыратылады. Бұл жағдайда қозғалтқыш жұмысын жалғастырады.

Функцияның жұмысы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- Автокөлік қозғалысы бағытында жаяу жүргінші, жануар немесе нысан бар.
- Жүксалғыш есігі немесе басқа есік ашық
- «Алға» (⛽) немесе «Артқа» (⛽) түймесін үздіксіз басу жоқ;
- Электрондық кілттегі бірнеше батырмалар бір уақытта басылған.
- Электрондық кілт автокөліктен 4 м (13 фут) астам қашықтықта.
- Бір уақытта басқа электрондық кілттегі батырма басылған.
- Автокөлік кері жүріспен қозғалғанда, тұраққа қою кезінде соқтығысуды болдырмаудың қосалқы жүйесі немесе автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалатын нысандармен соқтығысуды болдырмау жүйесі жұмыс істейді.
- Автокөлік электрондық кілтте қашықтықтан басқару түймесі басылған күйде 7 м (22 фут) жүріп өтеді (түймені басқан кезде қозғалудың ең үлкен қашықтығы)

Функцияның жұмысы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

Егер қашықтықтан басқару функциясын өшірсеңіз, автокөлік тоқтайды, трансмиссия автоматты түрде «P» (Тұрақ) режиміне ауысады және электрондық тұрақ тежегіші қосылады.


- Рульдің бұрылуы.
- Автокөлік қозғалысы кезінде берілістерді ауыстырып қосу.
- Автокөлік қозғалысы кезінде электронды тұрақ тежегішін қосу.
- Капот ашық болса.
- Есіктер жабық кезде тежегіш немесе газ педалі басылған.
- Тежегіш педалі басылған және жүргізуші есігі ашылған күйде электрондық кілт автокөліктің сыртында болса.
- Күрт жеделдету орын алса.
- Автокөлік жолдан сырғыса.
- Доңғалақ кедергіге байланысты айналмаса.
- Қашықтықтан басқару функциясын іске қосқаннан бері шамамен 3 минут 50 секунд өтсе.
- Жол еңісінің дәрежесі жұмыс үшін рұқсат етілген диапазоннан асса.

- Функцияның жұмысы 1 минуттан астам уақытқа тоқтатылса.
- Автокөлік қашықтан басқару функциясының жұмысы басталғаннан бастап 14 м (45 фут) астам қашықтыққа ауысса.
- Руль, берілістерді ауыстырып қосу және тежеу, сондай-ақ қозғалысты басқару тетіктері тиісінше жұмыс істемесе.
- Электрондық кілттің жұмысында ақау немесе оның батареясы отырған болса.
- Тайғанақ жолға байланысты бұғаттауға қарсы тежеу жүйесінің (ABS), тайғанауға қарсы жүйенің (TCS) немесе динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) жұмысы қосылса
- айдап әкетуге қарсы жүйенің дабылы естілсе

Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің шектеулері мен ақаулары


Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің ақаулары

Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесін тексеру




Егер интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында «**Парктроникті тексеріңіз**» хабарламасы пайда болады. Бұл жағдайда интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесін пайдалануды тоқтатыңыз және автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінен тексеріңіз.

Интеллектуалды қашықтықтан тұраққа қою жүйесінен бас тарту



Қашықтықтан тұраққа қою қызметін тоқтатуға болады. Бұл ретте экранда тұраққа қою кезеңіне қарамастан «**Парктроник ажыратылған**» ескерту хабарламасы пайда болады. Ахуалға байланысты басқа да хабарлар пайда болуы мүмкін. Қашықтықтан тұраққа қою жүйесінің көмегімен тұраққа қою кезінде, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы нұсқауларға сүйеніңіз. Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесін пайдаланған кезде айналадағы жағдайды үнемі бақылап, барынша мұқият болыңыз.

Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің күту режимі



Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесі күту режимінде болғанда «Тұрақ/шолу» (P) түймесін басып, ұстап тұрса «**Парктроник қол жетімсіз**» хабары пайда болады. Біраз уақыттан кейін «Тұрақ/шолу» (P) түймесін басу және ұстап тұру арқылы қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің жұмысын тексеріңіз.

Электрондық кілттің батареясы отырған жағдайда да хабар пайда болады. Электрондық кілттің батареясын тексеріңіз.

Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің шектеулері


Төменде сипатталған жағдайларда қашықтықтан тұраққа қоюдың немесе шығудың интеллектуалды жүйесінің жұмысы шектелуі, соқтығысу ықтималдығы туындауы немесе қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі ажыратылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда тұраққа қоюды немесе шығуды қолмен орындаңыз.

- Рульге бөгде аксессуарлар бекітілсе немесе рульмен басқару компоненттері түрлендірілсе.
- Автокөлікке тайғаққа қарсы шынжырлар, қосалқы дөңгелек немесе басқа өлшемдегі дөңгелек орнатылса
- Шиналардағы қысым стандартты мәннен төмен немесе жоғары болса
- Автокөлікке ұзындығы немесе ені автокөліктің габаритінен асатын жүк бекітілсе немесе тіркеме қосылса
- Тежегіш дискілері, суппорттар және басқалары сияқты тежегіш жүйесінің компоненттері өзгертілсе.
- Қозғалтқыш, трансмиссия және т.б. сияқты жетек компоненттері өзгертілсе.
- Дөңгелектердің құлау-түйісу бұрышы бұзылса немесе аспа түрлендірілсе.
- Автокөлік бір жаққа қатты қисайса.
- Автокөлікте тіркемеге арналған бекітпе орнатылса.
- Автокөліктің тіркеу белгісі стандартты емес жерде орнатылса.
- Егер интеллектуалды автоматты тұраққа қою жүйесі қосылған кезде адам, жануар немесе зат ультрадыбыстық датчикті орнату орнынан жоғары немесе төмен орналасса.
- Тұраққа қою орны бұрышта немесе қиғашынан орналасса.
- Тұрақ орнының жанында кедергі болса, мысалы, адам, жануар немесе зат (урна, велосипед, мотоцикл, дүкен арбасы, тар бағана және т.б.).
- Тұрақ орнының жанында дөңгелек тумба, тар бағана немесе оны қоршаған нысандары бар бағана болса.
- Егер жол тегіс болмаса (жиек тастар, «жасанды жол кедергілері» және т.б.).
- Жол тайғақ болса.
- Тұрақ орнының жанында жол жарығы ұлғайған жүк көлігі немесе автокөлік тұрса.
- Тұрақ орны еңіс орналасса
- Қатты жел.

- Қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі тегіс емес немесе қиыршық тас жолдарда, бұталарда және т.б. пайдаланылса.
- Ультрадыбыстық датчиктің жұмысы өте ыстық немесе суық ауа райына байланысты бұзылса.
- Ультрадыбыстық датчик қар немесе сумен жабылса.
- Жақын жерде ультрадыбыстық толқындар жасайтын нысан болса.
- Ультрадыбыстық датчиктің жанында тарату функциясы бар сымсыз құрылғы жұмыс істегенде.
- Сіздің автокөлігіңіздің басқа автокөлікті тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі қолданылатын аймақта орналасуы.
- Датчик дұрыс орнатылмаса немесе бамперге соққы нәтижесінде ығысса.
- Ультрадыбыстық датчик келесі нысандарды таба алмағанда:
  - Сымарқан, шынжыр және кішкентай бағандар сияқты өткір немесе жұқа заттар.
  - Ұзындығы 100 см (40 дюймнен) кіші және диаметрі 14 м (6 дюймнен) қысқа нысандар.
  - Мата, кеуек материалдар немесе қар сияқты датчиктен шығатын дыбыс сигналын жұтатын нысандар.
  - Жіңішке нысандар, мысалы, шаршы бағанның бұрыштары.
  - Ультрадыбыстық датчиктің жанындағы адам, жануар немесе нысан.

Қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі мынадай жағдайларда тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін:

- Еңіске қарай тұраққа қою



Еңіс қарай тұраққа қойған жағдайда маневрді қолмен орындаңыз.

- Тегіс емес жолда тұраққа қою




Егер автокөлік тайғанап жатса немесе жол жабынының жай-күйіне байланысты, мысалы қиыршықтас немесе тас учаскесінде қозғалысты жалғастыра алмаса, қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің жұмысы тоқтатылуы мүмкін.

- Жүк көлігінің артына тұраққа қою




Жол жарығы ұлғайған көлік құралдарының, мысалы автобустардың, жүк көліктерінің және т.б. жанында қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесін пайдаланбаңыз. Бұл апатқа әкелуі мүмкін.

- • Бағана жанына тұраққа қою




Егер тұрақтың жанында жіңішке бағана, дөңгелек тумба, төрт бұрышты бағана немесе оның айналасындағы нысандар бар бағана (мысалы, өрт сөндіру гидранты және т.б.) болса, қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі жұмысының тиімділігі төмендеуі мүмкін немесе соқтығысу болуы мүмкін. Жүргізуші автокөлікті өз бетінше тұраққа қоюы керек.

- Бір жағында ғана автокөлік болғанда тұраққа қою



Егер қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесін пайдаланған кезде басқа автокөлік бір жағында ғана болса, соқтығысуды болдырмау үшін сіздің автокөлік тұрақ сызығын кесіп өте алады.

- Тұраққа қиғашынан қою



Қашықтықтан басқару қиғаш тұрақ орнында тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.

- Қарда тұраққа қою



Қар тұраққа қою кезінде датчиктердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін, ал тайғақ жолда қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің жұмысы тоқтатылуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Интеллектуалды автоматты тұраққа қою жүйесін пайдалану кезінде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтаңыз.

- Қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесін пайдалану кезінде жүргізуші автокөлікті қауіпсіз тұраққа қою және тұрақтан шығу үшін жауапты болады.
- Интеллектуалды автоматты тұраққа қою жүйесін пайдаланғанда, қауіпсіздік мақсатында автокөлік жолында тұрмаңыз.
- Сонымен қатар, қоршаған кеңістікті әрдайым тексеріп отырыңыз. Автокөлік датчиктермен немесе датчиктердің көзден таса аймағында орналасқан жаяу жүргіншілермен, жануарлармен немесе нысандармен соқтығысуы мүмкін.
- Қашықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің жұмысы кезінде жаяу жүргінші, жануар немесе нысан кенеттен пайда болған жағдайда да соқтығысу болуы мүмкін.
- Мас күйде жүйені пайдаланбаңыз.
- Балалар мен бөгде адамдардың электрондық кілтті пайдалануына жол бермеңіз.
- Қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесін ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдалану оның жұмысына қолайсыз әсер етуі мүмкін.
- Егер дөңгелектердің құлау-түйісу бұрышын түзету қажет болса, мысалы, автокөлік бір жаққа қисайған жағдайда, қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынылады.
- Егер қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі тежеуді орындаса немесе жүргізуші тежегіш басқышын басқанда шу естілуі мүмкін.
- Соқтығысуды болдырмау үшін интеллектуалды қашықтан тұраққа қою жүйесі кенеттен тежегішті қосуы мүмкін.
- Қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесін тұрақ кеңістігі көліктің қауіпсіз қозғалысы үшін жеткілікті болса ғана пайдаланыңыз.

Ескертпе

- Егер қашықтықтан тұраққа қою интеллектуалды жүйесінің жұмысы кезінде үшінші деңгейлі алдында/артында орынтұрақтың арақашықтығы туралы ескерту (үздіксіз дыбыстық сигнал) дыбысы шықса, онда автокөліктің жанында кедергі байқалғаны. Бұл жағдайда қашықтықтан тұраққа қоюдың интеллектуалды жүйесі уақытша жұмысын тоқтатады. Автокөліктің жанында жаяу жүргіншілердің, жануарлардың және басқа да нысандардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Автокөлік қозғалысы кезінде тежегіш жүйесінің жұмыс режиміне байланысты стоп-сигналдар қосылуы мүмкін.
- Көшеде ұзақ уақыт бойы төмен температурада тұрған автокөлікті қашықтықтан іске қосқан жағдайда, интеллектуалды қашықтықтан тұрақ функциясы кідіріспен жұмыс істеуі немесе автокөліктің жағдайына байланысты ажыратылуы мүмкін.

Сәйкестік декларациясы

Алдыңғы радар

Бар болса

Радиожиілік компоненттері (алдыңғы радар) төменде санамаланған талаптарға сәйкес келеді.

- Тайван үшін

第十二條
經型式認證合格之低功率射頻電機，非經許可，公司、商號或使用者均不得擅自變更頻率、加大功率或變更原設計之特性及功能。

第十四條
低功率射頻電機之使用不得影響飛航安全及干擾合法通信；經發現有干擾現象時，應立即停用，並改善至無干擾時方得繼續使用。
前項合法通信，指依電信法規定作業之無線電通信。低功率射頻電機須忍受合法通信或工業、科學及醫療用電波輻射性電機設備之干擾。

- Тайланд үшін



- Индонезия үшін



- Малайзия үшін



- Сингапур үшін



- Европа үшін

Trade mark or Trade name : Hyundai Mobis
203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141,
Republic of Korea
Frequency : 76-77 GHz
Max EIRP (Peak):
- Long Distance: 35.32 dBm
- Short Distance : 28.97 dBm

The antenna(s) must be installed such that a minimum separation distance of at least 20 cm is maintained between the radiator (antenna) and all persons at all times. This device must not be co-located or operating in conjunction with any other antenna or transmitter.

Hereby, Hyundai Mobis Co.,Ltd declares that the radio equipment type MAR320 is in compliance with Directive 2014/53/EU.
The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address:
http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR320_Radar.pdf

- Украина үшін

UA.RF: 3MOBSR320

Hyundai Mobis Co.,ТОВ
Гангнам-гу 203, Тегеран-ро Сеул 06141
Республіка Корея
UNIT ASSY-FR RADAR
MAR320
Частотний діапазон: 76 – 77 ГГц
Потужність передачі: 35.32 дБм (макс.)
EIRP, 28.97 дБм (макс.) EIRP

справжнім Hyundai Mobis Co.,ТОВ заявляє, що тип радіообладнання MAR320 відповідає Технічному регламенту радіообладнання; повний текст декларації про відповідність доступний на вебсайті за такою адресою:
http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR320_Radar.pdf


- Молдова үшін

Prin prezenta, Hyundai Mobis Co.,Ltd. declară că tipul de echipamente radio MAR320 este în conformitate cu Reglementarea tehnică „Punerea la dispoziție pe piață a echipamentelor radio". Textul integral al declarației de conformitate este disponibil la următoarea adresă de Internet: http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR320_Radar.pdf

- Иордания үшін

Hyundai Mobis Co.,Ltd
UNIT ASSY-FR RADAR
MAR320

- Біріккен Араб Әмірліктері үшін



- Гана үшін

NCA Approved: SRO-1M-7E4-X0F

- Сербия үшін



- Оңтүстік Африка Республикасы үшін



- Замбия үшін



- Нигерия үшін

Connection and use of this communications equipment is permitted by the Nigerian Communications Commission

- Марокко үшін

AGREE PAR L'ANRT MAROC
Numéro d'agrément : MR 22383 ANRT 2020
Date d'agrément : 30/01/2020

- Ресей үшін

EAC
Model : MAR320
Hyundai Mobis
Rating : 12V DC, 1.5A
MADE IN KOREA
Hyundai Mobis Co.,Ltd
203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141, Republic of Korea
Local representative : Proxy
Local rep Address : Of. 216, bl.2, Obolenskoe road, Protvino, Moscow region, 142281
Local rep contact : Tel. 7 (495) 369-00-84 , E-mail: proxy.russia@gmail.com

- Оман үшін

Oman – TRA
D192564
TRA/TA-R/8981/20

- Израиль үшін



- Бразилия үшін




- Мексика үшін

IFETEL: RLVHYMA20-0936

"La operación de este equipo está sujeta a las siguientes dos condiciones:
(1) es posible que este equipo o dispositivo no cause interferencia perjudicial y (2) este equipo o dispositivo debe aceptar cualquier interferencia, incluyendo la que pueda causar su operación no deseada."


- Парагвай үшін



- Мавритания үшін



- Қытай үшін




- Аргентина үшін



- Пәкістан үшін



- Бенин үшін




Артқы бұрыштық радар

Бар болса

Радиожиілік компоненттері (артқы бұрыштық радар) төменде санамаланған талаптарға сәйкес келеді.

- Тайван үшін



- Таиланд



- Индонезия үшін



- Малайзия үшін



- Сингапур үшін



- Европа

Trade mark or Trade name : Hyundai Mobis
203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141, Republic of Korea
Frequency : 76-77 GHz
Max EIRP(Peak) :
Normal Resolution 28.17 dBm
High Resolution : 29.18 dBm

The antenna(s) must be installed such that a minimum separation distance of at least 20 cm is maintained between the radiator (antenna) and all persons at all times. This device must not be co-located or operating in conjunction with any other antenna or transmitter.

Hereby, Hyundai Mobis Co.,Ltd declares that the radio equipment type MAR120 is in compliance with Directive 2014/53/EU.
The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR120_Radar.pdf

- Украина үшін

UA RF : 3MOBSR120

Hyundai Mobis Co., ТОВ
Гангнам-гу 203, Тегеран-ро
Сеул 06141
Республіка Корея
UNIT ASSY-RR CORNER RADAR
MAR120
Частотний діапазон: 76 – 77 ГГц
Потужність передачі: 28.17 дБм (макс.) EIRP, 29.18 дБм (макс.) EIRP

справжнім Hyundai Mobis Co., ТОВ заявляє, що тип радіообладнання MAR120 відповідає Технічному регламенту радіообладнання; повний текст декларації про відповідність доступний на вебсайті за такою адресою:

http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR120_Radar.pdf

- Молдова

Prin prezenta, Hyundai Mobis Co.,Ltd. declară că tipul de echipamente radio MAR120 este în conformitate cu Reglementarea tehnică „Punerea la dispoziție pe piață a echipamentelor radio". Textul integral al declarației de conformitate este disponibil la următoarea adresă de Internet:

http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR120_Radar.pdf

- Иордания

Hyundai Mobis Co.,Ltd
UNIT ASSY-RR CORNER RADAR
MAR120

- Біріккен Араб Әмірліктері

TRA
REGISTERED
No: ER79466/20

DEALER No:
DA0038946/10

- Гана

NCA Approved: SRO-1M-7E4-X46


- Сербия және Черногория



- Замбия



- Нигерия




- Марокко




- Оңтүстік Африка Республикасы



- Ресей



- Оман



- Израиль



Approval # 51-72445

- Мавритания үшін

AGREE PAR L'ARE MAURITANIE
Numéro d'agrément : 0809/ARE/2020
Date d'agrément :10/06/2020

- Қытай үшін

车辆驾驶辅助雷达系统型号：MAR120
执行标准：信部无[2005]423号
频率范围：76-77 GHz
放射功率：≤55dBm（EIRP）
天线类型：集成型微带贴片阵列天线
用户控制：不可
使用温度：+24.1 °C
电压：DC 12.0 V

不得擅自更改发射频率、加发射功率（包括额外加装射频功率放大器），不得擅自外接天线或改用其它发射天线

使用时不得对各种合法的无线电通信业务产生有害干扰；一旦发现有干扰现象时，应立即停止使用，并采取措施消除干扰后方可继续使用

使用微功率无线电设备，必须耐受各种无线电业务的干扰或工业、科学及医疗应用设备的辐射干扰

机场等的电磁环境保护区域内使用微功率设备，应当遵守电磁环境保护及相关行业主管部门的规定

- Бразилия үшін

ANATEL
Agência Nacional de Telecomunicações
03238-20-04902

Este equipamento não tem direito à proteção contra interferência prejudicial e não pode causar interferência em sistemas devidamente autorizados

- Мексика үшін

IFETEL: RLVHYMA20-1152

"La operación de este equipo está sujeta a las siguientes dos condiciones:
(1) es posible que este equipo o dispositivo no cause interferencia perjudicial y (2) este equipo o dispositivo debe aceptar cualquier interferencia, incluyendo la que pueda causar su operación no deseada."

- Парагвай үшін



- Аргентина үшін




- Пәкістан үшін



- Бенин үшін



- Ұлыбритания үшін




8. Төтенше жағдайлар

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі 8-3
Қозғалыс кезінде күтпеген жағдай туындаса 8-3
Қозғалтқыш қозғалыс барысында тоқтап қалса 8-3
Қозғалтқыш жолдар қиылысында тоқтап қалса 8-3
Егер қозғалыс кезінде дөңгелектің ауасы шығып кетсе 8-4
Егер қозғалтқыш оталмай тұрса 8-4
Қозғалтқышты сыртқы оталдыру көзінен қосу 8-5
Қозғалтқыштың қызып кетуі 8-8
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) 8-10
Шиналардағы қысымды тексеру 8-11
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі 8-11
Шинадағы төмен қысым туралы ескерту индикаторы 8-12
Қысымы төмен шинаның орналасқан жерінің және шиналардағы қысымның көрсеткіші 8-13
TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы (шинадағы қысымды бақылау жүйесі) 8-14
TPMS жүйесімен жабдықталған шинаны ауыстыру 8-15
Егер дөңгелектің ауасы шығып кетсе (қосалқы дөңгелек болған жағдайда) 8-17
Домкрат және құрал-саймандар 8-17
Дөңгелекті ауыстыру 8-18
Домкраттың жапсырмасы 8-24
Домкраттың ЕО нормаларына сәйкестігі туралы декларация 8-25
Сүйреу 8-26
Эвакуатор қызметтері 8-26
Алмалы сүйреу ілгегі 8-27
Апаттық сүйреу 8-28
Апаттық жиынтық 8-30
Өртсөндіргіш 8-30
Дәрі қобдишасы 8-30
Апаттық аялдау белгісі 8-30
Шина манометрі 8-30
ЭРА-ГЛОНАСС ТӨТЕНШЕ ҚОҢЫРАУЫ 8-31
Дербес деректерді өңдеу туралы ақпарат 8-34
eCall жалпы еуропалық төтенше қоңыраулар жүйесі 8-36
Біріккен Араб Әмірліктеріндегі eCall төтенше қоңыраулар жүйесі (БАӘ үшін) ... 8-40

Дербес деректерді өңдеу туралы ақпарат (БАӘ үшін) 8-43
Біріккен Араб Әмірліктеріндегі eCall төтенше қоңыраулар жүйесі (БАӘ үшін) 8-45
Оқиға туралы автоматты түрде хабарлау (БАӘ үшін) 8-46
eCall сертификаттау тақтайшасы 8-49

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



Апаттық жарық сигналын беру жүйесі басқа жүргізушілерге осы көлік құралының жанында болған кезде аса сақ болу қажет екені туралы ескертеді.

Ол әрбір апаттық жөндеу жұмыстары жүргізілгенде немесе көлік құралы жол жиегіне тоқтаған кезде қолданылуы керек.

Апаттық жарық сигнализациясын қосу/сөндіру үшін апаттық сигнал беру түймесін басыңыз; бұл ретте «Engine Start/Stop» түймесі кез келген күйде болуы мүмкін. Жарықтық апаттық сигнал беру түймесі орталық алдыңғы панельде болады. Барлық бұрылыс көрсеткіші бір уақытта жыпылықтайды.

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі көлік құралының қозғалып не тоқтап тұрғанына қарамастан жұмыс істейді.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылып тұрған кезде, бұрылыс сигналдары жұмыс істемейді.

Қозғалыс кезінде күтпеген жағдай туындаса

Қозғалтқыш қозғалыс барысында тоқтап қалса

- Тура жүре отырып, жылдамдықты біртіндеп төмендетіңіз. Сақтықты сақтай отырып, жолдан қауіпсіз жерге бұрылыңыз.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз
- Қозғалтқышты қайта іске қосып көріңіз. Егер автокөліктің қозғалтқышын қосу мүмкін болмаса, HYUNDAI ресми дилеріне немесе білікті қызмет көрсететін басқа ұйымға жүгіну ұсынылады.

Қозғалтқыш жолдар қиылысында тоқтап қалса

Егер қозғалтқыш көше қиылысында немесе жол қиылысында тоқтап қалса, онда мүмкіндігінше берілісті «N» (Бейтарап) күйіне орнату және көлік құралын қауіпсіз жерге шығару керек.

Автокөлікті сөндіргеннен кейін «N» (Бейтарап) берілісте қалу үшін 6-тараудағы «Берілісті ауыстырып қосу диапазондары» бөлімін қараңыз.

Егер қозғалыс кезінде дөңгелектің ауасы шығып кетсе

Қозғалыс барысында шина босай бастаса:

- Аяғыңызды акселератор педалінен алып, автокөліктің тура алға жылжып, баяулауына жол беріңіз. Бірден тежемеңіз және жолдан кетуге тырыспаңыз, өйткені бұл автокөлікті басқаруды жоғалтуға және соның салдарынан апатқа әкеп соғуы мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жылдамдыққа дейін баяулатқаннан кейін абайлап тежеңіз және жолдан шығып кетіңіз. Жолдан мүмкіндігінше алысқа шығып, тегіс қатты алаңға тоқтаңыз. Егер бөлінген тас жолда болсаңыз, екі қозғалыс жолағы арасындағы ортаңғы аймақта тұраққа қоймаңыз.
- Автокөлік тоқтағаннан кейін апаттық сигнал беру түймесін басу, «P» (Тұрақ) берілісін (автоматты трансмиссиясы/қос ілінісі бар трансмиссиясы бар автокөліктер үшін) немесе бейтарап берілісті (механикалық трансмиссиясы бар автокөліктер үшін) таңдап, тұрақ тежегішін қолдану және «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшіру) күйіне ауыстыру қажет.
- Барлық жолаушы автокөліктен шығуға тиіс. Олардың бәрінің автокөліктен жолаушылар жағынан шығуын қадағалаңыз.
- Дөңгелекті ауыстырған кезде одан әрі осы бөлімде келтірілетін нұсқаулар орындалуы тиіс.

Егер қозғалтқыш оталмай тұрса

- Егер автокөлігіңіз автоматты трансмиссиялы/қос іліністі трансмиссиялы болса, берілісті ауыстырып қосу иінтірегін міндетті түрде «N» (Бейтарап) немесе «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз. Қозғалтқыш «N» (Бейтарап) немесе «P» (Тұрақ) берілісі таңдалған кезде ғана іске қосылады.
- Ішкі жарықты қосыңыз Егер стартер қосылғанда жарық күңгірттенсе немесе өшіп қалса, демек, аккумулятор отырғаны.

  Осы тарауда «Қозғалтқышты сыртқы оталдыру көзінен қосу» бөліміндегі нұсқаулықты қараңыз.
- Отын деңгейін тексеріп, қажетінше отын құйыңыз.

Егер автокөлік сонда да оталмаса, ресми HYUNDAI дилеріне хабарласуыңыз керек.

Ескертпе

Автокөлікті сүйреу немесе итеру жолымен қозғалтқышты іске қосу әрекеті каталитикалық бейтараптандырғыштың шамадан тыс жүктемесіне әкеледі, бұл пайдаланылған газдың уыттылығын төмендету жүйесінің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Қозғалтқышты сыртқы оталдыру көзінен қосу

Сыртқы оталдыру көзден дұрыс қосылмау қауіп төндіруі мүмкін. Ауыр жарақаттануды болдырмау немесе көлікке зақым келтірмеу үшін осы бөлімде сипатталған қозғалтқышты сыртқы оталдыру көзінен қосу процедурасын орындаңыз. Егер сіз қозғалтқышты сыртқы көзден қалай дұрыс қосуға болатындығына күмәндансаңыз, қызмет көрсету жөніндегі техникалық маманға немесе автоэвакуация қызметіне жүгінуді ұсынамыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген кезде немесе оған қызмет көрсеткен кезде ауыр жарақат алу немесе өліп кету ықтималдығын болдырмау үшін әрдайым бұдан әрі көрсетілген сақтық шараларын орындау керек:



Аккумулятор батареясымен жұмыс істеудің алдында төменде берілген нұсқаулықтарды оқыңыз.



Көзді электролиттің шашырауынан қорғау үшін қауіпсіздік көзілдірігін қолдану керек.



Аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде ашық отты пайдалануға немесе темекі шегуге тыйым салынады.



Аккумулятор батареясының элементтерінде әрдайым оңай тұтанғыш сутегі газы болады, ол жарылуы мүмкін.



Аккумуляторлар балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.



Аккумуляторлардың құрамында күкірт қышқылы бар, ол өте агрессивті. Қышқылдың көзге, теріге немесе киімге тиюіне жол бермеңіз.

Егер қышқыл көзге түссе, оны кемінде 15 минут бойы таза сумен жуып, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Қышқыл теріге түссе, зақымдалған жерді жақсылап жуыңыз. Егер ауру немесе күйік сезсеңіз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.


- Аккумуляторды көтерген кезде пластикалық корпусқа шамадан тыс қысым әсерінен аккумулятор қышқылы ағып кетуі мүмкін. Аккумуляторды тұтқасынан немесе қолмен қарама-қарсы бұрыштардан ұстап көтеру керек.
- Көлік құралында орнатылған аккумулятор батареясында электролит қатып қалса, қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыруға тырыспаңыз.
- Аккумулятор батареясы автокөлікке қосылған болса, оны зарядтауға тыйым салынады.
- Электрлі оталдыру жүйесі жоғары кернеуде жұмыс істейді. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде немесе (ON) «Engine Start/Stop» түймесі қосулы жағдайда бұл компоненттерге жанасуға тыйым салынады.
- Сыртқы көзден оталдыру үшін оң (+) және теріс (-) кабельдердің жанасуына жол бермеңіз. Бұл ұшқындар пайда болуына әкелуі мүмкін.

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен іске қосу процедурасы

1. Сыртқы қуат көзінен іске қосу кабельдердің ұзындығы жеткілікті болатындай етіп көлік құралдарын бір-бірінен жеткілікті қашықтықта орналастырыңыз.
2. Көлік құралының қозғалтқышы тоқтап қалса да, желдеткіштермен және мотор бөліміндегі кез келген басқа қозғалмалы бөлшектермен жанасудан аулақ болу керек.
3. Радиоқабылдағыштар, жарықтандыру, кондиционерлер және т.б. сияқты барлық электр құрылғысын өшіріңіз. Беріліс иінтірегін «P» (Тұрақ, беріліс қорабы автоматты/қосарланған іліністі автокөлік үшін) немесе «N» (Бейтарап, беріліс қорабы механикалық автокөлік үшін) күйіне ауыстырып қосыңыз және тұрақ тежегішін іске қосыңыз. Екі автокөліктің де қозғалтқыштарын өшіріңіз.
4. Капотты ашыңыз.
5. Мотор бөлігіндегі сақтандырғыш блогының қақпағын шешіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқышты сыртқы көзден оталдыру алдында дұрыс емес полярлықты болдырмау үшін оң (+) және теріс (-) шығу орнын тексеріңіз.



6. Қосқыш кабельдерді тура суретте көрсетілген кезектілікпен қосыңыз. Алдымен бір іске қосу кабелін автокөлігіңіздегі сыртқы көзден қосуға арналған қызыл (оң (+)) шықпаға қосыңыз (1).

7. Кабельдің екінші ұшы зарядталған аккумуляторлық батареясы бар көлік құралындағы аккумуляторлық батареяның қызыл (оң (+)) шықпасына/сыртқы оталдыру көзінен қосу шықпасына қосылады (2).
8. Екінші іске қосу кабелін аккумуляторлық батареясы зарядталған көліктегі қара (теріс (-)) батарея сымына/қосқыш ағытпасына қосыңыз (3).
9. Екінші іске қосу кабелінің екінші ұшын (4) аккумуляторлық батареясы отырған көлік құралының корпусының қара (теріс (-)) жерге тұйықталу шықпасына қосыңыз.

   Жалғау кабельдерінің аккумулятордың тиісті клеммаларынан, сыртқы көзден оталдыруға арналған шықпалардан немесе жерге тұйықтау орнынан басқа ештеңемен жанасуына жол бермеңіз. Қосылыстарды орнату кезінде аккумуляторлық батареяның үстіне еңкеймеңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Іске қосу кабелін қуаты отырған аккумулятордың сыртқы оталдыру көзінен іске қосуға арналған теріс шықпасына (-) қоспаңыз. Ұшқындау батареяның жарылуына және одан кейінгі жарақатқа немесе көліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

10. Батареясы зарядталған көлік құралының қозғалтқышын қосыңыз және оны 2000 айн/мин жылдамдықпен бірнеше минут жұмыс істетіңіз. Содан кейін автокөлігіңізді іске қосыңыз.
11. Көлікті өшіргеннен кейін аккумулятор өздігінен іске қосуға жеткілікті заряд алу үшін көлігіңізді кем дегенде 30 минут бос жүріспен немесе қозғалыста жұмыс істетіңіз. Толық отырған аккумуляторлық батареяны толық қайта зарядтау үшін 60 минутқа дейін уақыт қажет болуы мүмкін. Егер автокөлік аз жұмыс істесе, ол іске қосылмауы мүмкін.

Егер батарея бірнеше әрекеттен кейін іске қосылмаса, автокөлікке техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда білікті маманның көмегіне жүгініңіз. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексеру ұсынамыз.

Сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған кабельдерді кері кезектілікпен ажыратыңыз:

1. Іске қосу кабелін аккумуляторлық батареясы отырған көлік құралының корпусындағы қара (теріс (-)) жерге тұйықталу шықпасынан (4) ажыратыңыз.
2. Іске қосу кабелінің екінші ұшын аккумуляторлық батареясы зарядталған көлік құралындағы аккумуляторлық батареяның қара (теріс (-)) шықпасынан/корпустың жерге тұйықтау шықпасынан (3) ажыратыңыз.
3. Екінші кабельді аккумуляторлық батареясы зарядталған көлік құралындағы аккумуляторлық батареяның (2) қызыл (оң (+)) шықпасынан/сыртқы оталдыру көзінен қосу шықпасынан ажыратыңыз.

4. Кабельдің екінші ұшын аккумулятор батареясы (1) отырған көлік құралындағы сыртқы көзден оталдыруға арналған қызыл (оң (+)) шықпадан ажыратыңыз.

i Ақпарат



Дұрыс кәдеге жаратылмаған батарея қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Аккумуляторды жергілікті заңнамалық немесе нормативтік актілерге сәйкес кәдеге жарату қажет.

Ескертпе

Көлік құралының зақымдануын болдырмау үшін бұдан әрі көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Қозғалтқышты оталдыру үшін тек 12-вольтті қуат көзі (аккумулятор батареясы немесе басқа қуат көзі) пайдаланылуы керек.
- Қозғалтқышты көлік құралын сүйреу немесе итеру арқылы оталдыруға тырыспаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқышты сыртқы көзден оталдыру кезінде оң (+) және теріс (-) кабельдердің жанасуына жол бермеңіз. Ұшқындау жарақатқа әкелуі мүмкін.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

Егер температура индикаторы қызып кетуді көрсетсе, қуаттың төмендеуі байқалса, қатты ысқырық немесе соққы естілсе, онда бұл қозғалтқыштың қызып кеткенін білдіруі мүмкін.

Бұл жағдайда мыналарды жасаңыз:

1. Қауіпсіздікке қауіп төндірмей, бірінші мүмкіндікте жолдан шығып, көлікті тоқтатыңыз.
2. Беріліс иінтірегін «P» (Тұрақ, беріліс қорабы автоматты/қосарланған іліністі автокөлік үшін) немесе «N» (Бейтарап, беріліс қорабы механикалық автокөлік үшін) күйіне ауыстырып қосыңыз және тұрақ тежегішін іске қосыңыз. Егер ауа баптау жүйесі іске қосулы болса, оны өшіріңіз.
3. Егер автокөліктің астында қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының ағу іздері байқалса немесе капот астынан бу шықса, қозғалтқышты өшіріңіз. Салқындатқыш сұйықтықтың ағуы немесе будың бөлінуі тоқтамайынша капотты ашпаңыз.
4. Егер қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының ағуы және будың бөлінуі байқалмаса, қозғалтқышты өшірмей қозғалтқыштың салқындатқыш желдеткішінің жұмыс істейтінін тексеріңіз.

   1) Егер желдеткіш жұмыс істемесе, қозғалтқышты өшіріңіз.

5. Су сорғысының жетек белдігінің орнында екенін тексеріңіз.

   1) Егер белдік орнында болса, оның керілуін тексеріңіз.

   2) Егер жетек белдігі қалыпты болса, радиатордан, шлангілерден және автокөлік астынан салқындатқыш сұйықтықтың ағып кетуін тексеріңіз. (Егер автокөлік қозғалысы кезінде ауаны баптау жүйесі жұмыс істеген болса, онда тоқтау кезінде одан ағатын суық су ақаулық белгісі болып табылмайды).

⚠ ЕСКЕРТУ



Ауыр жарақаттың алдын алу үшін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде салқындату жүйесінің желдеткіші мен жетек белдіктері сияқты қозғалмалы бөліктерге қол тигізбеу керек.

6. Су сорғысының жетек белдігі үзілген немесе салқындатқыш сұйықтық ағып кеткен жағдайда дереу қозғалтқышты өшіріп, ең жақын HYUNDAI ресми дилерінен көмек сұраңыз.
7. Қызып кету себебі анықталмай жатса, қозғалтқыштың температурасы қалыпқа келгенше күтіңіз. Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі төмендеген жағдайда, салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі көлемнің жартысына жететін етіп бакке қажетті мөлшерін ақырын қосыңыз.
8. Қызып кетудің басқа белгілерінің пайда болуына назар аудара отырып, қозғалысты сақтықпен жалғастыру қажет.

   Егер қайтадан қызып кетсе, ең жақын HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.

⚠ ЕСКЕРТУ



Қозғалтқыш пен радиатор қызып тұрған кезде ешқашан резервуардың қақпағын немесе су төгетін тығынды шешпеңіз. Ыстық салқындатқыш сұйықтық пен қысымдағы бу сыртқа шығып, ауыр жарақаттар туғызуы мүмкін.


Қозғалтқышты сөндіріп, ол суығанша күте тұрыңыз. Салқындатқыш сұйықтықтың бағының қақпағын шешкенде өте сақ болыңыз. Оны қалың орамалмен орап, сағат тіліне қарсы бірінші тірекке дейін баяу бұрыңыз. Салқындату жүйесінде қысым түскенге шейін артқа шегініңіз. Қысымның түскеніне көз жеткізгеннен кейін қалың матаны пайдалана отырып, радиатор қақпағын басыңыз және сағат тіліне қарсы айналуды жалғастыра отырып, қақпақты шешіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Салқындатқыш сұйықтықтың айтарлықтай жоғалуы салқындату жүйесінде сұйықтықтың ағып кетуін білдіреді, сондықтан жүйені тексеру үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласу ұсынылады.
- Егер қозғалтқыш салқындатқыш сұйықтықтың төмен деңгейіне байланысты қызып кетсе, оны күрт қосу қозғалтқышта сызаттардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Зақымдануды болдырмау үшін салқындатқыш сұйықтықты кішкене бөліктермен баяу қосу керек. Қозғалтқышты салқындату жүйесін толығымен толтыру үшін бірнеше құю циклі қажет болуы мүмкін. Қажет болған жағдайда осы тапсырманы орындау үшін ресми HYUNDAI дилеріне жүгініңіз.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)

Бар болса



(1) Шиналардағы төмен қысым/TPMS ақаулығының индикаторы

(2) Төмен қысымды шинаның және шиналардағы қысымның орналасу көрсеткіші (аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі)

Шиналардағы қысымды тексеру



- Шиналардағы қысымды аспаптар тақтасындағы ескерту режимінде тексеруге болады.

  Толығырақ 4-тараудың «Қарау режимдері» бөлімінен қараңыз.
- Шиналардағы қысым қозғалтқышты алғашқы қосудан кейін бірнеше минуттан соң көрсетіледі.
- Егер автокөлік орнында тұрған кезде шиналардағы қысым көрсетілмесе, онда дисплейде «Қозғалыс кезінде көрсету» хабарламасы көрсетіледі. Сапардан кейін шиналардағы қысымды тексеріңіз.
- Шиналардағы қысымдының көрсетілетін мәндері манометрімен өлшенгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Шинадағы қысымды өлшеу бірліктерін құралдар тақтасындағы «Пайдаланушы параметрлері» режимінде өзгертуге болады.
  - - psi, кПа немесе бар (4-тараудағы «Қарау режимдері» бөлімін қараңыз).

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

⚠ ЕСКЕРТУ

Шамадан тыс немесе жеткіліксіз қысым шинаның жарамдылық мерзімін қысқартуы, көлік құралын басқаруға теріс әсер етуі және шинаның кенеттен жарылуына әкеп соғуы мүмкін, бұның салдарынан көлікті басқару мүмкін болмай, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Әрбір шинаны, оның ішінде қосалқы шинаны (бар болса) тексеру керек; шиналар айына бір рет салқын күйінде тексеріледі және қажет болған жағдайда автокөліктің сипаттамалары бар тақтайшада немесе шиналардағы қысымы бар заттаңбада көрсетілген автокөлік өндіруші ұсынған қысымға дейін толтырылады. (Егер автокөлікке өлшемі техникалық сипаттамалары бар тақтайшада немесе шинадағы қысымы бар заттаңбада көрсетілгеннен өзгеше шиналар орнатылған болса, олар үшін қандай қысым талап етілетінін анықтау қажет.)

Қосымша қауіпсіздік шарасы ретінде автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталған, соның арқасында бір немесе бірнеше шинадағы қысымның айтарлықтай төмендеуі кезінде тиісті индикатор жанады. Егер шиналардағы төмен қысым индикаторы жанса, алғашқы мүмкіндік кезінде тоқтап, шиналардың жай-күйін тексеру және оларды қажетті қысымға дейін толтыру қажет. Қысымы жеткіліксіз шиналармен қозғалыс кезінде олардың қызып кетуі және жыртылуы мүмкін.

Бұдан басқа, шиналардағы қысым жеткіліксіз болған кезде отын шығыны артады және протектордың қызмет ету мерзімі қысқарады, сондай-ақ автокөліктің басқарылуы мен тежеу сипаттамалары нашарлауы мүмкін.

TPMS жүйесін пайдалану TPMS жүйесінің шиналарындағы төмен қысым индикаторы іске қосылуы үшін қысымның төмендеуі жеткіліксіз болса да, шиналарға дұрыс қызмет көрсету немесе олардағы қысымды бір қалыпты сақтап тұру қажет емес дегенді білдірмейді.

Сондай-ақ, автокөлікте TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы бар, ол оның жұмысындағы ақаулар туралы сигнал береді. TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы шиналардағы төмен ауа қысымының сигналымен біріктірілген. Егер жүйе ақаулықты анықтаса, онда бұл сигнал шамамен бір минут жыпылықтайды, содан кейін үнемі жанып тұрады. Бұл реттілік ақаулық жойылғанша көлік құралын іске қосқан сайын қайталанады.

Бұл ақаулық индикаторы жанған кезде жүйе шиналардағы төмен қысымды анықтамауы немесе ол туралы хабарламауы мүмкін. TPMS жүйесіндегі ақаулар әртүрлі себептермен, соның ішінде автокөлікке TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтін ауыстырмалы немесе жаңа шиналарды немесе дискілерді орнату салдарынан туындауы мүмкін.

Автокөліктегі бір немесе бірнеше шинаны немесе дискіні ауыстырғаннан кейін, ауыстырмалы немесе жаңа шиналардың немесе дискілердің TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне әсер етпейтініне көз жеткізу үшін TPMS жүйесінің ақаулық индикаторының жай-күйін әрқашан тексеріп отырыңыз.

Ескертпе

Ең жақын жердегі уәкілетті HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз және төменде көрсетілген жағдайлардың бірі туындаған жағдайда жүйені тексеріңіз.

1. Шиналардағы төмен қысым индикаторы/TPMS жүйесінің ақаулығы «Engine Start/Stop» түймесін «ON» күйіне ауыстырғаннан кейін немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда 3 секунд ішінде жанбайды.
2. TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы шамамен 1 минут бойы жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жанып тұрады.
3. 3. Төмен қысымды шинаның орналасу сигналы үздіксіз жанып тұрады.

Шинадағы төмен қысым туралы ескерту индикаторы



Қысымы төмен шинаның орналасқан жерінің және шиналардағы қысымның көрсеткіші



Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің индикаторлары жанса, ал аспаптар тақтасының дисплейіне ескерту хабарламасы шығарылса, онда бір немесе бірнеше шинада қысымның едәуір төмендеуі байқалады. Төмен қысымды шинаның орналасу сигналы тиісті индикаторды қосу арқылы қандай шинада қысымның едәуір төмендеуі байқалатынын көрсетеді.

Егер индикаторлардың бірі жанса, дереу жылдамдықты бәсеңдетіңіз, қатты бұрылыстардан аулақ болыңыз және тежеу жолының ұлғаюын есепке алыңыз. Алғашқы мүмкіндікте тоқтап, шиналардың жай-күйін тексеріңіз. Шиналарды автокөлікті пайдалану ерекшеліктері тақтайшасында немесе жүргізуші жақтағы орталық тіреудің сыртқы панелінде орналасқан шиналардағы қысымы бар тақтайшада көрсетілген қысым деңгейіне дейін толтырыңыз.

Егер техникалық қызмет көрсету станциясына дейін алыс болса немесе шина қысымды ұстамаса, дөңгелекті қосалқы дөңгелекпен ауыстыру керек.

Шинадағы төмен қысым индикаторы жануды жалғастырады, ал TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы бір минут ішінде жыпылықтауы мүмкін (көлік шамамен 10 минут 25 км/сағ (15,5 миля/сағ) жылдамдықта қозғалғанда), содан кейін сіз шинадағы төмен қысымды жойғанша немесе оны ауыстырмайынша жануды жалғастырады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер шиналардағы қысым деңгейін реттеу жылы ауа райында орындалса, қыста немесе суық ауа райында, шиналардағы төмен қысым индикаторы жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің істен шыққанын білдірмейді, өйткені төмен температурада шиналардағы қысым да пропорционалды түрде төмендейді.

Автокөлік жоғары температура аймағынан төмен немесе керісінше аймаққа кірген кезде не қоршаған орта температурасы едәуір көтерілген немесе төмендеген кезде шиналардағы қысымды тексеріп, оны ұсынылған деңгейге дейін түзету қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

Төмен қысымның қауіптілігі

Шиналардағы тым төмен қысым автокөлікті басқара алмай қалуға және тежеу жолының ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін.

Қозғалысты шиналардағы қысым төмен болғанда жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы (шинадағы қысымды бақылау жүйесі)



Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі жарамсыз болған жағдайда жүйенің ақаулығының индикаторы шамамен бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін үздіксіз жана бастайды.

Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Ескертпе

TPMS жүйесінде ақау болған жағдайда төмен қысымды шинаның орналасу индикаторы автокөлік шиналарындағы қысымы жеткіліксіз болса да көрсетілмейді.

Ескертпе

Егер автокөлік полиция учаскелері, үкіметтік немесе мемлекеттік мекемелер, радиохабар тарату станциялары, әскери объектілер, әуежайлар, ретрансляциялық мұнаралар және т.б. сияқты электр беру желілеріне немесе радиотаратқыштарға жақын орналасқан болса, TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы шамамен бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін үнемі жанып тұрады.

Бұдан басқа, TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы сырғанауға қарсы шынжырларды немесе компьютерлер, зарядтау құрылғылары, қашықтықтан іске қосу құрылғылары, навигация жүйелері және т.б. сияқты электрондық құрылғыларды пайдалану кезінде жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.

TPMS жүйесімен жабдықталған шинаны ауыстыру

Егер дөңгелегіңіздің ауасы шықса, шинадағы төмен қысым сигналы және осы шинаның орналасу сигналы жанады. Тез арада ауасы шыққан дөңгелекті HYUNDAI ресми дилерінде жөндеу немесе қосалқы дөңгелек орнату ұсынылады.

Ескертпе

HYUNDAI-дің ресми дилері мақұлдамаған немесе сіздің автокөлігіңізге көрсетілген ұқсас емес тесіктерді жөндеу құралын төмен қысымды шинаны жөндеу немесе толтыру үшін пайдалану ұсынылмайды. HYUNDAI-ның ресми дилері мақұлдамаған немесе сіздің автокөлігіңіз үшін көрсетілген балама болып табылмайтын шина герметигі шинадағы қысым датчигіне зақым келтіруі мүмкін.

Қосалқы дөңгелек (бар болса) шинадағы қысымды бақылау датчигімен жабдықталмаған. Төмен қысымды шинаны немесе ауасы шыққан шинаны қосалқы шинаға ауыстырған кезде төмен қысым индикаторы қосылған күйінде қалады. Бұдан басқа, егер автокөлік шамамен 10 минут бойы 25 км/сағ (15,5 миля/сағ) жылдамдықпен жүрсе, TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы бір минут ішінде жыпылықтағаннан кейін жанады.

Қысымды бақылау датчигімен жабдықталған түпнұсқа шина ұсынылған қысым деңгейіне дейін толтырылып, автокөлікке орнатылғаннан кейін, шиналардағы төмен қысым индикаторы мен TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минут ішінде сөнеді.

- Көрсетілген кезең ішінде Еуропа нарығында сатылған барлық автокөлік TPMS жүйесімен жарақтандырылуы тиіс.
  - Жаңа үлгідегі автокөлік: 2012 ж. 01 қараша ~
  - Ағымдағы үлгідегі автокөлік: 2014 жылғы 1 қараша ~ (көлік құралдарын тіркеу негізінде)

Егер индикаторлар бірнеше минуттан кейін сөнбесе, ең жақын HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.

Әрбір дөңгелек (қосалқы дөңгелектен басқа) ниппельден кейін бірден шинаға орнатылған қысым датчигімен жабдықталған. TPMS жүйесі бар дөңгелектерді пайдалану қажет. Шиналарды ресми HYUNDAI дилерінде жөндету ұсынылады.

Шинадағы қысымның төмендеуін әрдайым көзбен шолып қарау арқылы анықтау мүмкін емес. Шиналардағы қысымды өлшеу үшін әрқашан сапалы манометрді пайдаланыңыз. Ыстық (жүрістен) шинаның қысым мәні суыққа қарағанда жоғары болатынын ескеріңіз.

«Суық шина» дегеніміз автокөліктің 3 сағат бойы тоқтап тұрғанын немесе осы 3 сағаттық кезеңде 1,6 км-ден (1 миля) аз жүріп өткенін білдіреді.

Шинаның қысымын өлшеу алдында оны суытыңыз. Шинаны ұсынылатын қысымға дейін толтырар алдында оның суық екеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- TPMS жүйесі жолдағы өткір заттар сияқты сыртқы факторлардың әсерінен шинаның кенеттен зақымдалғаны туралы ескерту жасауға арналмаған.
- Егер жолдағы автокөлік тұрақсыз болса, аяғыңызды газ педалінен дереу алып тастаңыз, тежегіш педалін жайлап және аздап күшпен басып, автокөлікті жол шетіндегі қауіпсіз жерде баяу тоқтатыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін өзгерту, түрлендіру немесе ажырату жүйенің жүргізушіні шинадағы төмен қысым туралы және/немесе TPMS жүйесінде ақаулардың бар екендігі туралы ескерту қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін. Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін өзгерту, түрлендіру немесе ажырату автокөліктің осы жүйесіне кепілдікті жоюға себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Еуропа үшін

- Көлік құралын өзгертуге тыйым салынады, өйткені бұл TPMS жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.
- Нарықта қолжетімді дөңгелектер TPMS сенсорларымен жабдықталмаған.

  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ресми HYUNDAI дилері ұсынған ауыстыру бөлшектерін пайдалану ұсынылады.
- Егер сіз дөңгелектерді бөлшек сауда желісінде сатып алған болсаңыз, оларға HYUNDAI ресми дилері мақұлдаған TPMS (шинаның қысымын бақылау жүйесі) датчиктерін немесе сіздің автокөлігіңіз үшін бекітілген аналогтарды орнатуды ұсынамыз. Егер автокөлік TPMS датчиктерімен жабдықталмаса немесе TPMS жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, сіз еліңізде техникалық тексеруден өтпеуіңіз мүмкін.

Егер дөңгелектің ауасы шығып кетсе (қосалқы дөңгелек болған жағдайда)

Бар болса


⚠ ЕСКЕРТУ

Шинаны ауыстыру қауіпті болуы мүмкін. Өлімге апаруы ықтимал ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін осы бөлімде келтірілген нұсқаулықтарды орындау керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Домкрат тұтқасын қолданған кезде абай болыңыз, тегіс бүйірін ұстамаңыз. Тегіс бүйірінің өткір жиектері бар, олар бір жеріңізді кесіп кетуі мүмкін.

Домкрат және құрал-саймандар



(1) Домкрат
(2) Домкраттың тұтқасы
(3) Дөңгелек гайкаларына арналған кілт

Домкрат, домкрат тұтқасы және баллон кілті жүксалғыш жәшігінің қақпағының астында жүксалғышта сақталады.

Домкрат дөңгелекті апаттық жағдайда ауыстыру үшін ғана арналған.

A түрі



B түрі




Қосалқы дөңгелекті шешіп алу үшін қысқыш құлақты болтты сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.


Құлақты болтты сағат тілінің бағытында бұрап, қосалқы дөңгелекті сол бөлікте сақтаңыз.

Қосалқы дөңгелек пен құралдардан дірілдеген дыбыс шықпауы үшін оларды тиісті жерлерде сақтаңыз.

A түрі



B түрі



Дөңгелектің қысқыш құлақты болтын қолмен бұрап алу қиынға соқса, оны домкраттың тұтқасымен оңай бұрап алуға болады.

1. Домкраттың тұтқасын (1) дөңгелектің қысқыш құлақты болтының бір жағына орнатыңыз.
2. Дөңгелектің қысқыш құлақты болтын домкраттың тұтқасымен сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Дөңгелекті ауыстыру


⚠ ЕСКЕРТУ

Домкратпен көтерген кезде көлік құралы тайып кетуі немесе аударылуы мүмкін, бұл ауыр жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін. Келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Домкратқа сүйеніп тұрған көлік құралының астында болуға тыйым салынады.
- ЕШҚАШАН дөңгелекті қозғалыс жолағында алмастыруға тырыспаңыз. Дөңгелекті ауыстыруға кіріспес бұрын, ӘРҚАШАН автокөлікті жолдан жол жиегіндегі тегіс жерге, қозғалыстағы көліктен алыс жерге толық шығарыңыз. Егер жолдан тыс тегіс қатты орын табу мүмкін болмаса, көмек алу үшін эвакуаторды шақыртыңыз.
- Автокөліктің жиынтығына кіретін домкратты ғана пайдалану қажет.
- Көлік құралын көтеруге арналған домкрат ТЕК осыған арналған арнайы орындарда орнатылуы тиіс және ЕШҚАШАН көлік құралының бамперлерінің немесе басқа да бөліктерінің астына орнатылмауы тиіс.
- Домкратпен көтерілген көлік құралының қозғалтқышы тоқтатылып тұруы тиіс.
- Домкратпен көтеріліп тұрған көлік құралында ешкім болмауы тиіс.
- Балалардың жолдан және көлік құралынан жеткілікті қашықтықта болуын қадағалау қажет.

Дөңгелектер келесі реттілікпен ауыстырылуы тиіс:


1. Көлік құралын тегіс, қатты жерде тоқтатыңыз.
2. «P» (Тұрақ) берілісін (автоматты трансмиссиясы/қосарланған ілінісі бар автокөліктер үшін) немесе бейтарап берілісті (механикалық трансмиссиясы бар автокөліктер үшін) қосыңыз, тұрақ тежегішін орнатыңыз және оталдыру жүйесін «LOCK/OFF» күйіне ауыстырып қосыңыз.
3. Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз.
4. Көлік құралынан баллонға арналған кілтті, домкратты, домкраттың тұтқасы мен қосалқы дөңгелекті шығарыңыз.




[A] Тірек

5. Ауыстырылатын дөңгелекке қарама-қарсы диагональ бойынша орналасқан алдыңғы және артқы дөңгелектерді бұғаттаңыз.


A түрі




B түрі



6. Суретте көрсетілген тәртіппен дөңгелектің бекітпесінің әрбір сомынын сағат тіліне қарсы бір айналымға айналдырыңыз, бірақ дөңгелек жерден көтерілгенше оларды толық бұрамаңыз.



7. Домкратты шанақтың астына (ауыстырылатын дөңгелекке жақын) қажетті көтеру жағдайына орнатыңыз. Көтеру жағдайлары болып шанаққа дәнекерленген екі тілігі бар пластиналар табылады. Домкратты автокөліктің басқа қалыптарына немесе бөліктеріне орнатпаңыз. Бұл бүйірлік тығыздағыш жапсырмалардың немесе автокөліктің басқа бөліктерінің зақымдануына әкелуі мүмкін.



8. Тұтқаны домкратқа салыңыз және дөңгелегі жерден көтерілгенге дейін автокөлікті көтеріп, оны сағат тілімен бұрыңыз. Домкратпен көтерілген көлік құралының нық тұрғанын тексеріңіз.
9. Дөңгелек сомындарын баллон кілтінің көмегімен шешіп, оларды қолмен алып тастаңыз. Дөңгелекті түйреуіштерден шешіңіз және оны жолдың шетіне жерге көлденең орналастырыңыз. Түйреуіштерден, отырғызу беттерінен және дөңгелектерден ластануларды немесе қоқысты алып тастаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Дөңгелек дискілерінің жиектері үшкір болуы мүмкін. Абайлаңыз, ауыр жарақат алу қаупі бар. Дөңгелекті орнына қояр алдында күпшекте немесе дискіде дөңгелек дискісінің күпшекке тығыз жанасуына кедергі келтіруі мүмкін ластану (кір, гудрон, қиыршық тас және т.б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ластанулар бар болса оларды алып тастаңыз. Отырғызу бетіндегі дөңгелек пен күпшектің арасында жақсы байланыс болмаған кезде дөңгелек сомындары әлсіреуі мүмкін, бұл дөңгелектің түсіп қалуына әкелуі мүмкін. Дөңгелектен айрылу көлік құралын басқаруды жоғалтуға себеп болуы мүмкін. Бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

10. Қосалқы шинаны күпшек түйреуіштеріне орнатыңыз.
11. Дөңгелекті бекіту сомындарын конустық бөліктерінен дөңгелекке қарай қолмен тартып бекітіңіз.
12. Домкраттың тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, көлік құралын жерге түсіріңіз.



13. Баллон кілтінің көмегімен дөңгелек сомындарын көрсетілген тәртіппен тартыңыз. Барлық гайканың тартылуын тағы да тексеріңіз. Шиналарды ауыстырғаннан кейін дөңгелек сомындарын тарту сәтінің қажетті мәніне дейін тарту үшін мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады. Дөңгелектерді бекіту сомындарын тарту сәті: 11-13 кгсм (79-94 фунт-күш-фут).

Шиналық манометр бар болса шинадағы ауа қысымын тексеру керек (шиналардағы қысымды өлшеу жөніндегі нұсқаулықты 2-тарауда «Шиналар мен дөңгелектер» бөлімінен қараңыз). Егер қысым ұсынылғаннан төмен немесе жоғары болса, автокөлікті төмен жылдамдықпен жақын жердегі техникалық қызмет көрсету станциясына жеткізіңіз және оның шиналарын қажетті деңгейге дейін реттеңіз. Қысымды тексергеннен немесе түзеткеннен кейін қақпақшаны әрқашан ниппельге қайта орнатыңыз. Егер қақпақша орнына қойылмаса, шинадан ауа шығып кетуі мүмкін. Егер сіз қалпақшаны жоғалтсаңыз, мүмкіндігінше тезірек жаңасын сатып алып, орнатыңыз. Дөңгелекті ауыстырғаннан кейін ауасы шыққан дөңгелекті бекітіңіз және домкрат пен құрал-саймандарды орнына қойыңыз.

Ескертпе

Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін мүмкіндік туа салысымен шинасындағы ауа қысымын тексеріңіз. Оны ұсынылған мәнге дейін реттеңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дөңгелекті бекіту түйреуіштері мен сомындарында метрикалық бұранда кесілген. Шиналарды ауыстыру кезінде шешілген гайкаларды ғана орнату қажет. Егер сізге дөңгелек сомындарын ауыстыру қажет болса, онда түйреуіштерді зақымдауды болдырмау үшін сомындарда метрикалық бұранданың болуына, сондай-ақ дөңгелектің күпшекте тиісті бекітілгеніне көз жеткізу керек. Көмек алу үшін рұқсаты бар HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

Дөңгелек түйреуіштері

Дөңгелектердің зақымдалған түйреуіштері ұстап тұру қабілетін жоғалтуы мүмкін. Бұл дөңгелектен айырылуға және соқтығысуға әкеп соғуы мүмкін, соның салдарынан ауыр жарақат алуға болады.

Егер домкрат, түйреуіш, сомын немесе кез келген басқа жабдық бүлінген немесе жарамсыз күйде болса, дөңгелекті ауыстыру әрекетін жасамаған жөн. Бұл жағдайда көмек шақыру қажет.

Шағын қосалқы дөңгелекті пайдалану

Бар болса

Шағын қосалқы дөңгелек тек апаттық пайдалануға арналған. Шағын қосалқы дөңгелекпен әрқашан абайлап және қауіпсіздік шараларын сақтай отырып айдау керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Шағын дөңгелектің зақымдамау және апатқа әкелуі мүмкін көлік құралын басқара алмай қалу қаупін болдырмау үшін:

- Шағын қосалқы дөңгелекті тек төтенше жағдайларда ғана пайдалану керек.
- Көлік құралының жылдамдығы 80 км/сағ (50 миля/сағ) аспауы тиіс.
- Шағын қосалқы дөңгелектің бүйірлік қабырғасында көрсетілген максималды жүктемеден немесе жүк көтергіштігінен асыруға болмайды.
- Шағын қосалқы дөңгелекті тұрақты түрде пайдалануға тыйым салынады. Шағын қосалқы дөңгелекті зақымдамау үшін түпнұсқа шинаны мүмкіндігінше тезірек жөндеу немесе ауыстыру керек.

Көлік құралында шағын қосалқы дөңгелекті пайдаланған кезде:

- Шағын қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін ондағы қысымды тексеріңіз. Жинақы қосалқы дөңгелекті 420 кПа (60 фунт/шаршы дюйм) қысымға дейін толтыру керек.
- Шағын қосалқы дөңгелекті орнатқан жағдайда автоматты жуу қызметтерін пайдаланбаған жөн.
- Шағын қосалқы дөңгелекті басқа көлік құралдарында қолдануға болмайды, өйткені ол тек осы көлік құралына арналған.
- Шағын қосалқы дөңгелектегі протектордың тозуына дейін жететін шина ресурсы әдеттегі шина ресурсынан қысқа. Шағын қосалқы дөңгелекті үнемі қарап-тексеріп отырыңыз, шинаның тозуы кезінде оны сол дискіге орнатылатын мөлшердегі және конструкциядағы шинамен ауыстырыңыз.
- Бір уақытта бір шағын қосалқы дөңгелектен артық пайдалануға тыйым салынады.
- Егер көлік құралында шағын қосалқы дөңгелек орнатылса, онымен тіркемені сүйреуіне тыйым салынады.

i Ақпарат

Түпнұсқа шиналар мен дөңгелектерді жөндегеннен және автокөлікке орнатқаннан кейін дөңгелек сомындарының тартылу сәтін дұрыс таңдау қажет. Дөңгелек сомындарын тартудың дұрыс сәті 11-13 кгсм (79-94 фунт-күш-фут) құрайды.

Ескертпе

Шағын қосалқы дөңгелектің және көлік құралының зақымдануын болдырмау үшін:

- Шұңқырлар немесе лай сияқты түрлі қауіптерге ұшырамау үшін жолдың жағдайына байланысты жеткілікті төмен жылдамдықпен қозғалу керек.
- Кедергілерден айдап өтпеңіз. Шағын қосалқы дөңгелек шинасының диаметрі әдеттегі дөңгелектің диаметрінен аз, нәтижесінде жол саңылауы шамамен 25 мм (1 дюйм) шамасына азаяды.
- Шағын қосалқы дөңгелекке сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз. Дөңгелектің өлшемі кішкентай болғандықтан шынжыр оған тығыз отырмайды.
- Шағын қосалқы дөңгелектің шинасын басқа дөңгелектерге орнатпаңыз. Шағын қосалқы дөңгелекке стандартты шиналарды, қысқы шиналарды, сәндік қақпақшаларды немесе өңдеу сақиналарын орнатуға болмайды.
- Кез келген қозғалыс режимінде кенеттен жеделдетуге немесе тежеуге (0-40 км/сағ) (0-25 миля/сағ) жүгінбеңіз. Бұл майдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Домкраттың жапсырмасы



(1) Модель
(2) Ең жоғары рұқсат етілген жүктеме.
(3) Домкратты пайдаланар алдында әрқашан тұрақ тежегішін қосыңыз.
(4) Домкратты пайдаланар алдында әрқашан қозғалтқышты өшіріңіз.
(5) Домкратпен көтерілген автокөліктің астында денеңіздің қандай да бір бөлігін ешқашан ұстамаңыз.
(6) Тек жақтауда белгіленген домкраттау нүктелерін пайдаланыңыз.
(7) Автокөлікті көтеру кезінде домкраттың негізі көтеру нүктесінің астындағы жерде тегіс тұруы тиіс.
(8) Автоматты трансмиссиясы/қос іліністі трансмиссиясы бар автокөліктерде «P» (Тұрақ) берілісін қосыңыз.
(9) Автокөлікті домкратпен еңісте көтермеңіз. Автокөлікті домкратпен тек берік және тегіс бетте көтеріңіз.
10) Домкратты өндіруші
(11) Шығарылған күні
(12) Өкілдіктің атауы және мекенжайы

Көлік құралындағы домкраттың жапсырмасы суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
Толығырақ ақпаратты домкратқа бекітілген жапсырмадан қараңыз.

Домкраттың ЕО нормаларына сәйкестігі туралы декларация



ATTESTATION

kiwa

Attestation of Conformity
according to Machinery directive (2006/42/EC)

Certificate No.
CA22P2092

Owner of Certificate	**FRONTEC CO., LTD.** 64 Huimanggongwon-ro, Siheung-si, Gyeonggi-do, Korea
Manufacturer	**FRONTEC CO., LTD.** 64 Huimanggongwon-ro, Siheung-si, Gyeonggi-do, Korea
Trademark	Frontec Co.,Ltd.
Product	JACK-ASSY
Type/Model	1200KG, 1000KG, 800KG, 700KG, 500KG
Reference Document	Technical construction file (Document No.: FTCE-130610-001 rev.4 / 22-04-2022)

The product described above complies with the requirements of the Machinery Directive (2006/42/EC). The details about the product conformity and applied standards are mentioned in the technical file referenced above. This certificate is subject to Kiwa Korea Ltd. regulations and it is valid only for the above mentioned equipment.

Issue date	13-10-2022
Last revised date	N/A
Expiry date	12-10-2027
Revision	0

Kiwa Korea Lead Auditor

Kiwa Korea General Manager

Kiwa Korea Ltd.
411, SJ Technoville, 278, Beotkkot-ro, Gumcheon-gu, Seoul, Korea
Tel: +82.2.3397.0101, Fax :+ 82.2.3397.0105
E-mail: info@kiwa.kr, Web: www.kiwa.kr

CE The CE marking may be used if all relevant and effective EC directives are complied with.


Сүйреу

Эвакуатор қызметтері

Платформада сүйреу



Дөңгелектері көтерілген күйде сүйреу



(1) Сүйреткіш арбалар

Егер автокөлікті сүйреу қажет болса, HYUNDAI компаниясының ресми дилеріне немесе эвакуациялық қызметке жүгіну ұсынылады.

Автокөліктің зақымдануын болдырмау үшін тиеу мен сүйреудің тиісті процедураларын сақтау қажет. Дөңгелекті арбаларды немесе бортсыз платформаны пайдалану ұсынылады.

Толық жетекті автокөлікті дөңгелекті көтергішпен және барлық дөңгелектер жерден жоғары көтерілуі үшін бортсыз платформамен сүйреу керек.


2WD жетегі бар көлік құралдарын артқы дөңгелектері жерде (жылжымалы арбаларсыз), ал алдыңғы дөңгелектері көтеріліп тұрғанда сүйреуге болады.

Дөңгелекті арбаларды немесе бортсыз платформаны пайдалану ұсынылады. Егер жүктелген дөңгелектердің қандай да біреуі немесе аспа компоненттерінің біреуі зақымдалса немесе автокөлік жерде алдыңғы дөңгелектерімен сүйретілсе, алдыңғы дөңгелектердің астына сүйреткіш арбасын пайдаланыңыз.


Ескертпе

Сүйреу кезінде зақымдану ықтималдығын болдырмау үшін:

- Автокөлікті тіркеу құрылғысынан немесе шанақ пен шассидің компоненттерінен көтеруге тыйым салынады.
- Егер алдыңғы дөңгелектер жерге жанасатын болса, автокөлікті сүйретпеңіз.



- Сымарқанмен сүйретпеңіз. Дөңгелекті көтергішті немесе бортсыз платформаны пайдаланыңыз.



Егер автокөлік дөңгелек арбаларынсыз сүйретілсе, бұдан әрі көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

1. Қозғалтқышты сөндіру алдында электрондық тұрақ тежегішін босатыңыз.
2. Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын өшіру («OFF») күйіне ауыстырыңыз.
3. Тежегіш педалін басқанда «N» (Бейтарап) берілісін қосыңыз.
4. Оталдыру жүйесін «ACC» күйіне орнатыңыз.


Ескертпе

Егер берілісті «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырмаса, беріліс қорабы бұзылуы мүмкін.


Алмалы сүйреу ілгегі

1. Жүк бөлімінің есігін ашыңыз және құрал-саймандарға арналған жәшіктен немесе шиналарға арналған жөндеу жинағынан сүйреу ілгегін шығарыңыз.

Алдынан




Артынан




2. Бампердегі қақпақтың төменгі бөлігін басып, қақпақты саңылаудан алып тастаңыз.
3. Сүйреу ілгегін саңылауға сағат тілі бағытымен тірелгенше бұрап, орнатыңыз.
4. Пайдаланып болғаннан кейін, сүйреу ілгегін бұрап шығарып, қақпақты орнына орнатыңыз.

Апаттық сүйреу

Алдынан



Артынан



Тіркеп сүйреу қажет болған жағдайда ресми HYUNDAI дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялайтын коммерциялық қызметке хабарласуға кеңес береміз.

Егер апаттық жағдайда эвакуаторды шақыру мүмкін болмаса, сымарқанды немесе шынжырды алдыңғы немесе артқы сүйреу ілгегіне бекітіп, автокөлікті уақытша құрал ретінде сымарқанмен немесе шынжырмен сүйреуге болады.

Автокөлікті тростың немесе шынжырдың көмегімен сүйреу кезінде барынша абайлаңыз. Автокөлікте рульді және тежегішті басқаратын жүргізуші болуы тиіс.

Мұндай тәсілмен сүйреуге тек қатты жабыны бар жолдарда, қысқа қашықтыққа және төмен жылдамдықта ғана жол беріледі. Бұдан басқа, дөңгелектер, өстер, күштік агрегат, рульдік механизм және тежегіштер жақсы жұмыс жағдайында болуы тиіс.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікті сүйреу кезінде рульді басқару және тежеу үшін көлік құралының ішінде жүргізуші болуы тиіс. Жүргізушіден басқа жолаушылар автокөлікте болмауы тиіс.

Апаттық сүйреу кезінде әрдайым келесі іс-әрекеттер орындалуы тиіс:

- Рульді блоктан шығару үшін оталдыру кілтін ACC күйіне орнатыңыз.
- Берілісті «N» (Бейтарап) күйіне орнатыңыз.
- Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
- Тежегіш педалін әдеттегіден көп күшпен басуға тура келеді, өйткені тежеу тиімділігі төмендейді.
- Рульді басқару үшін көбірек күш салу керек болады, өйткені рульдің гидрокүшейткіш жүйесі жұмыс істемей қалады.
- Тартқыш ретінде ауырлау көлік құралы пайдаланылуы тиіс.
- Екі көлік құралының жүргізушілері байланыс орнатып отыруы тиіс.

- Апаттық сүйреу алдында сүйреу ілгегінің жарамды болуына көз жеткізу қажет.
- Ілгекке сүйреу сымарқанын немесе шынжырын сенімді бекітіңіз.
- Кенеттен жұлқынуларға жол бермеңіз. Күшіңізді біркелкі салыңыз.



- Ұзындығы 5 м (16 фут) аспайтын сүйреу сымарқанын немесе шынжырды (1) пайдаланыңыз. Сымарқанның немесе шынжырдың ортасында қозғалыстың басқа қатысушыларына көрінетін ақ немесе қызыл матаның бір бөлігін (ені шамамен 30 см (12 дюйм)) бекітіңіз.
- Сүйреген кезде сымарқан не шынжыр тартылып тұруы керек.
- Тіркеп сүйреу алдында автоматты беріліс қорабын / қос ілінісуі бар беріліс қорабын автокөліктің астына қарап, ағып кетулердің бар-жоғын тексеріңіз. Егер автоматты трансмиссияда ағулар болса, онда бортсыз платформаны немесе сүйреу арбасын пайдалану керек.

Ескертпе

Автокөлік қозғалысының басында және процесінде сүйреу сымарқанының немесе шынжырының керілуін сақтай отырып, автокөлікті баяу және тегіс жылдамдатыңыз немесе баяулатыңыз, олай болмаған жағдайда тіркеп сүйреу ілмектері және автокөлікті өзі зақымдалуы мүмкін.

Ескертпе

Сүйреу кезінде көлік құралы зақымдалмауы үшін:

- Сүйреу ілмектерін пайдаланған кезде әрқашан тура алға тартыңыз. Бүйірлік немесе тік күш салуға болмайды.
- Көлік құралы өз бетінше шыға алмайтын балшықтан, құмнан және т.б. көлік құралын шығару үшін сүйреу ілмектерін пайдалануға болмайды.
- Трансмиссияның елеулі зақымдануын болдырмау үшін автокөліктің жылдамдығын 15 км/сағ (10 миля/сағ) дейін, ал тіркеп сүйреу қашықтығын — 1,5 км (1 миля) дейін (автоматты трансмиссиясы немесе қос ілінісі бар трансмиссиясы бар автокөліктер үшін) шектеу қажет.
- Автокөлікті 20 км-ден (12 миля) аспайтын қашықтыққа (механикалық трансмиссиясы бар автокөліктер үшін) 25 км/сағ (15 миля/сағ) жылдамдықпен сүйреу керек.

Апаттық жиынтық

Бар болса

Сіздің автокөлігіңізде төтенше жағдайда пайдалануға арналған апаттық жиынтық бар.

Өртсөндіргіш

Шамалы өрт болған кезде, оны сөндіру үшін өртсөндіргішті пайдалануға болады. Бұл үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындау керек.

1. Тұтқаны кездейсоқ басып қалмас үшін өрт сөндіргіштің жоғарғы жағындағы қауіпсіздік мұрындығын суырып алыңыз.
2. Шүмекті жалынның ортасына бағыттаңыз.
3. Оттан шамамен 2,5 м (8 фут) қашықтықта тұрып, өрт сөндіргішті босату үшін тұтқаны басыңыз. Егер сіз тұтқаны жіберсеңіз, өрт сөндіргіштің ағыны тоқтайды.
4. Саптаманы жалынның негізімен жан жаққа қозғалтыңыз. Өртті сөндіргеннен кейін өрт шыққан жерді мұқият қарап шығыңыз, өйткені ол қайтадан жануы мүмкін.

Дәрі қобдишасы

Алғашқы көмек көрсетуге арналған. Құрамына қайшы, таңғыш, лейкопластырь және т.б. кіреді.

Апаттық аялдау белгісі

Апаттық аялдау белгісі төтенше жағдайлар кезінде, мысалы, автокөлік ақаулыққа байланысты жол жиегінде тұрған кезде көлік құралдарының жақындауының алдын алу үшін жолға орнатылуы тиіс.

Шина манометрі

Бар болса

Күнделікті пайдалану нәтижесінде шиналардағы қысым аздап төмендейді және оны мерзімді түрде қалпына келтіріп отыру қажет. Әдетте ауа шығып кетуін білдірмейді және қалыпты тозу болып табылады. Суық шиналардағы қысымды әрдайым тексеріп отырыңыз, өйткені температураның көтерілуімен шиналардағы қысым артады.

Шиналардағы қысымды тексеру үшін келесі әрекеттер орындалуы керек:


1. Дөңгелектің жиектемесінде орналасқан ниппель қақпақшасын бұрып алыңыз.
2. Манометрді ниппельге қысыңыз. Манометрді тығыз қысыңыз, әйтпесе шинадағы ауа біртіндеп шыға береді.
3. Қатты басқан кезде (ауаны шығармай) өлшеу орындалады.
4. Манометр көрсеткіші бойынша шинадағы ауаның нақты қысымын анықтауға болады.
5. Көрсетілген мәндерге сәйкес шиналардағы қысымды реттеңіз. Толығырақ 2-тараудың «Шиналар мен дөңгелектер» бөлімінен қараңыз.
6. Ниппель қақпақшасын орнына орнатыңыз.

ЭРА-ГЛОНАСС ТӨТЕНШЕ ҚОҢЫРАУЫ

Бар болса

Автокөлік апаттық-құтқару қызметтерін шұғыл шақыруды орындау үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесіне қосылған құрылғымен* жабдықталған. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі — бұл Ресей Федерациясының жолдарында жол-көлік оқиғасы немесе басқа** да оқиғалар болған жағдайда белсендіру үшін құрылған автоматты шұғыл шақыру қызметі.

Жүйе Ресей Федерациясының жолдарында апат болған жағдайда бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметтің қызметкерімен байланысуға мүмкіндік береді. Пайдаланушы нұсқаулығында, сондай-ақ кепілдік және сервистік кітапта сипатталған шарттармен ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі деректерді орналасқан жері, автокөлік түрі, VIN-нөмірі (автокөліктің сәйкестендіру нөмірі) туралы деректерді қоса алғанда, бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке береді.




1. Жол оқиғасы
2. Сымсыз байланыс желісі
3. Жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пункті (PSAP) 4. Шұғыл көмек

* ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көлік құралына орнатылған және ЭРА-ГЛОНАСС жүйесімен қосылуды қамтамасыз ететін жабдықты білдіреді.

** «Өзге инциденттер» деп Ресей Федерациясының жолдарындағы жарақат алуға және/немесе көмек көрсету қажеттілігіне әкеп соққан кез келген оқиғалар түсініледі. Кез келген апат тіркелген жағдайда автокөлікті тоқтату, SOS түймесін басу қажет (түйменің орналасқан жері пайдаланушы нұсқаулығының «ЭРА-ГЛОНАСС ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУ (БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА)» тарауындағы суретте көрсетілген). Шақыруды жасау кезінде жүйе автокөлік туралы (шақыру орындалған) ақпарат жинайды, одан кейін автокөлікті бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметпен қосады, оның қызметкерлері шұғыл шақырудың себебін анықтайды. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінде сақталатын деректер жүргізушіге және жолаушыларға құтқару жөніндегі тиісті операцияларды жүзеге асыруға көмектесу үшін құтқару орталығына берілгеннен және құтқару операциясы жүргізілгеннен кейін деректер жойылады. ЭРА-ГЛОНАСС («ГЛОНАСС» АҚ) жүйесінің операторы "ЭРА-ГЛОНАСС" мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі туралы "28.12.2013 жылғы N 395-ФЗ федералдық заңына сәйкес ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің барлық құрамдас бөлігінің (автокөлікте орнатылған жабдықты қоса алғанда) жұмысына жауап береді.

eCall автокөліктік шұғыл шақыру жүйесінің сипаттамасы (Еуропа елдері үшін)



112 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесіне шолу, оның жұмысы және функционалдық мүмкіндіктері: осы бөлімді қараңыз. 112 қызметі базасындағы шұғыл шақыру қызметі жалпыға ортақ қызмет болып табылады және тегін қол жетімді.

112 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақыру жүйесі әдепкі бойынша іске қосылады. Елеулі апат болған жағдайда ол автокөлікке орнатылған датчиктердің көмегімен автоматты түрде қосылады.

Ол автокөлік елеулі апат болған жағдайда жұмыс істемейтін бөгде қызметтердің шұғыл шақыру жүйесімен жабдықталған кезде де автоматты түрде іске қосылады.

112 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесі қажет болған жағдайда қолмен де іске қосылуы мүмкін. Жүйені қолмен белсендіру жөніндегі нұсқаулықтар: Осы бөлімді қараңыз.

112-қызмет базасында автокөліктің шұғыл шақыру жүйесін өшіруге әкеп соғуы мүмкін жүйенің сыни істен шығуы жағдайында көлік құралының жүргізушілері мен жолаушылары мынадай ескерту алады: осы бөлімді қараңыз.

Дербес деректерді өңдеу туралы ақпарат

112 қызметінің базасында шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесімен кез келген дербес деректерді өңдеу Еуропалық Парламенттің және ЕО Кеңесінің 95/46/ЕС (1) және 2002/58/ЕС (2) Директиваларында көзделген дербес деректерді қорғау қағидаларына сәйкес келуі және атап айтқанда, 95/46/ЕС (3) Директивасының 7 (d) бабына сәйкес жеке тұлғалардың өмірлік маңызды мүдделерін қорғау қажеттілігіне негізделуі тиіс.

Мұндай деректерді өңдеу 112 бірыңғай еуропалық шұғыл көмек нөмірі бойынша шұғыл шақыруды өңдеу мақсатымен қатаң шектеледі.

Деректер түрлері және оларды алушылар

112 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақырулар жүйесі тек төменде көрсетілген деректерді ғана жинай және өңдей алады:

- Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі.
- Көлік құралының түрі (жеңіл немесе аз тонналы жүк автокөлігі).
- Автокөліктің электр станциясының энергия жинақтау түрі (бензин / дизель / сығылған табиғи газ / сұйытылған мұнай газы / электр / сутегі).
- Көлік құралының соңғы орналасқан жері мен қозғалыс бағыты.
- Жүйені автоматты түрде белсендіру журналының файлы және оның уақытша белгісі.
- Кез келген қосымша деректер (егер қолданылатын болса): Қолданылмайды

112 қызметінің базасында шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесімен өңделген деректерді алушылар болып 112 бірыңғай еуропалық шұғыл көмек нөмірі бойынша шұғыл шақыруды бірінші қабылдау және өңдеу үшін олар аумағында орналасқан елдің тиісті мемлекеттік билік органдары тағайындаған жалпы пайдаланудағы тиісті шұғыл байланыс пункттері табылады. Қосымша ақпарат (егер қолданылатын болса): Қолданылмайды

(1) Еуропалық Парламент пен ЕО Кеңесі 95/46/ЕС дербес деректерді өңдеуге қатысты жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау туралы және осындай деректердің еркін қозғалысы туралы 1995 жылғы 24 қазандағы Директивасы (OJ L 281, 23.11.1995, 31-б.).

(2) Дербес деректерді өңдеуге және электрондық байланыс құралдары секторындағы құпиялылықты қорғауға қатысты Еуропалық Парламент пен ЕО Кеңесі 2002/58/ЕС 2002 жылғы 12 шілдедегі Директивасы (Құпиялылық және электрондық байланыс құралдары туралы директива) (OJ L 201, 31.07.2002, 37-б.).

(3) 95/46/ЕС Директивасы Еуропалық Парламенттің (ЕО) 2016/679 және ЕО Кеңесінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі жеке тұлғаларды дербес деректерді өңдеуге қатысты қорғау туралы және осындай деректердің еркін қозғалысы туралы (Дербес деректерді қорғаудың жалпы регламенті) қаулысымен жойылды (OJ I 119, 04.05.2016, б.1). Регламент 2018 жылғы 25 мамырдан бастап қолданыста.

Деректерді өңдеу әдістері

112 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақыру жүйесі жүйелік жадтағы деректер шұғыл шақыру іске қосылғанға дейін жүйеден тыс қолжетімді болмайтындай етіп әзірленген. Қосымша жазбалар (егер қолданылса): Қолданылмайды 112 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесі онымен жабдықталған автокөлікті қалыпты жұмыс жағдайында қадағалау мүмкін болмайтындай етіп әзірленген. Қосымша жазбалар (егер қолданылса): Қолданылмайды

112 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесі жүйенің ішкі жадындағы деректер автоматты түрде және үздіксіз жойылып отыратындай етіп әзірленген.

Жүйенің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті автокөліктің ең көп дегенде соңғы үш өзекті орналасқан жері болу үшін автокөліктің орналасқан жері туралы деректер жүйенің ішкі жадына үнемі қайта жазылып отырады.

112 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақырулар жүйесіндегі қызмет туралы деректер журналы шұғыл шақыруды өңдеу мақсатына қол жеткізу үшін қажет болғаннан артық сақталмайды, және кез келген жағдайда шұғыл шақыруға бастамашылық жасалған сәттен бастап 13 сағаттан аспайды. Қосымша жазбалар (егер қолданылса): Қолданылмайды

Деректер субъектісінің құқықтарын іске асыру тәртібі

Деректер субъектісі (көлік құралының иесі) деректерге қол жеткізуге құқылы және қажет болған жағдайда 95/46/EC директивасының ережелеріне сәйкес келмейтін оған қатысты деректерді түзетуді, жоюды немесе бұғаттауды талап етеді. Деректер ашылған кез келген үшінші тұлғаларға, егер бұл мүмкін болмаса немесе мөлшерлес емес күш-жігерді қажет етпесе, осы директиваға сәйкес орындалған осындай түзету, жою немесе бұғаттау туралы хабарлау қажет. Деректер субъектісінің, егер оның құқықтары оның дербес деректерін өңдеу нәтижесінде бұзылды деп санаса, дербес деректерді қорғау жөніндегі құзыретті органға шағым беруге құқығы бар.


Қол жеткізуге арналған сұрауларды өңдеуге жауапты қызметтің байланыс ақпараты (егер бар болса): Қолданылмайды

eCall жалпы еуропалық төтенше қоңыраулар жүйесі

Еуропа үшін



Ресейге арналған



Автокөлік салонына орнатылған ЭРА ГЛОНАСС жүйесінің элементтері:

(1) SOS түймесі


(2) Жарықдиод

SOS түймесі: жүргізуші/жолаушы осы түймені басып бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметке шұғыл қоңырау шалады.

Жарықдиод: «Engine Start/Stop» түймешігі қосылу күйінде («ON») болғанда жарық диоды 3 секунд бойы жанады. Содан кейін жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде ол сөну керек.

Егер жүйеде ақаулар болса, аспаптар панелінде SOS индикаторы жанады.

Оқиға туралы автоматты түрде хабарлау (Еуропа елдері үшін)



ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы автокөліктік апат жағдайында құтқару операцияларын қамтамасыз ету үшін бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке шұғыл шақыруды автоматты түрде орындайды.

ЖКО анықталған кезде тиісті шұғыл қызметтер мен қолдау көрсету үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі оқиға туралы деректерді бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке автоматты түрде береді.

Бұл жағдайда шұғыл шақыруды SOS түймешігін басып аяқтау мүмкін емес және ЭРА-ГЛОНАСС жүйесімен байланыс шақыруды қабылдайтын шұғыл қызмет қызметкері оны өз тарапынан аяқтағанға дейін сақталады.


Кішігірім жол-көлік оқиғалары кезінде еуропалық шұғыл қоңырау жүйесі шұғыл қоңырауды орындамауы мүмкін. Алайда, SOS түймесін басу арқылы шұғыл қоңырауды қолмен жасауға болады.

Жеңіл жол-көлік оқиғалары болған кезде ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі қоңырау шалмауы мүмкін. Алайда, SOS ТҮЙМЕСІН БАСУ АРҚЫЛЫ ШҰҒЫЛ ҚОҢЫРАУДЫ ҚОЛМЕН ЖАСАУҒА БОЛАДЫ.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Мобильді байланыс пен GPS және Galileo сигналдары болмаған жағдайда жүйенің жұмыс істеуі мүмкін емес.

Апат туралы қолмен хабарлау (Еуропа елдері үшін)



Қажетті апаттық қызметтерді шақыру үшін жүргізуші немесе жолаушы SOS түймесін басу арқылы жалпы пайдаланудағы шұғыл байланыс пунктіне (PSAP) шұғыл шақыруды қолмен жасай алады.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі арқылы қосылым орнатылғанға дейін SOS түймесін қайта басу арқылы шұғыл қызметтерге шақыруды болдырмауға болады.

Шұғыл шақыру қолмен іске қосылғаннан кейін (тиісті шұғыл қызметтер көрсету және қолдау үшін) ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі SOS ТҮЙМЕСІН БАСУ АРҚЫЛЫ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ НЕМЕСЕ БАСҚА АПАТ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БІРЫҢҒАЙ КЕЗЕКШІ-ДИСПЕТЧЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ (ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУ КЕЗІНДЕ) БЕРЕДІ.

Егер жүргізуші немесе жолаушы кездейсоқ SOS түймесін басса, оның әрекетін 3 секундтан кейін түймені қайта басу арқылы болдырмауға болады. Осыдан кейін шақыруды болдырмау мүмкін емес.

ЖКО немесе басқа да апат жағдайында шұғыл шақыруды қолмен қосу үшін:

1. Өзіңіз және басқа жол қозғалысына қатысушылар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, көлік құралын жол қозғалысы ережелеріне сәйкес тоқтатыңыз.
2. SOS түймесін басыңыз. Оны белсендіру кезінде сымсыз телефон байланысы желілерінде құрылғыны тіркеу жүзеге асырылады; көлік құралы және оның орналасқан жері туралы ең аз деректер жинағы құрылғының техникалық талаптарына сәйкес жинақталады. Бұдан кейін шұғыл шақыру себептерін нақтылау үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің қызметкерімен байланыс орнатылады.
3. Жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пунктінің (PSAP) қызметкері шұғыл шақырудың себептерін анықтағаннан кейін оқиға орнына шұғыл қызметтерді жібереді және апаттық қоңырауды аяқтайды.

Егер шұғыл шақыру жоғарыда көрсетілген рәсімге сәйкес орындалмаса, онда бұл шұғыл шақыру қате деп есептеледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің аккумулятордан апаттық қорек көзі

- ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің аккумуляторы апаттық жағдайларда соқтығысқан жағдайда автокөліктің негізгі қорек көзі ажыратылған жағдайда 1 сағат бойы қоректендіруді қамтамасыз етеді.
- ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареясын 4 жыл сайын ауыстырып отыру керек. Толығырақ 9-тараудың «Кезеңдік техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар кешені» бөлімінен қараңыз.

Қызыл түсті жарықдиодты жарықтандыру (жүйенің ақаулығы)

Егер қызыл жарық диоды қалыпты жүргізу кезінде жанып тұрса, бұл ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің ақаулығын көрсетуі мүмкін. Бұл жағдайда дереу ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін HYUNDAI ресми дилерлік орталығындағы тексеріңіз.

Олай болмаса, автокөлігіңізде орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының дұрыс жұмысына кепілдік берілмейді. Жоғарыда сипатталған шарттарды сақтамау нәтижесінде туындайтын салдарлар үшін жауапкершілік автокөлік иесіне жүктеледі.


Өз бетінше алып тастау немесе түрлендіру ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі көмек көрсету үшін шұғыл жедел қызметтерді шақыруға арналған. Осылайша, ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің баптауларын кез келген өз еркімен алып тастау немесе өзгерту жүргізу қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа, бұл бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке қате шұғыл шақыруларға әкелуі мүмкін. Сондықтан біз автокөлікте орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің жабдықтарының баптауларына өз бетінше де, үшінші тұлғалардың көмегімен де ешқандай өзгеріс енгізбеуді сұраймыз.

Біріккен Араб Әмірліктеріндегі eCall төтенше қоңыраулар жүйесі (БАӘ үшін)

Автокөлік Біріккен Араб Әмірліктеріндегі шұғыл шақыру жүйесіне қосылған құрылғымен* жабдықталған, оның көмегімен апаттық-құтқару қызметтерін шұғыл шақыруды жүзеге асыруға болады. Біріккен Араб Әмірліктеріндегі шұғыл шақыру жүйесі — бұл апаттар немесе жолдардағы басқа** да тосын оқиғалар жағдайында орындалатын автоматты шұғыл шақыру қызметі (бұл жүйе заңды түрде тіркелген елдерде ғана).

Жүйе жол апаттары болған жағдайда Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметтің қызметкерімен байланысуға мүмкіндік береді (тек осы жүйе заңды түрде тіркелген елдерде).

Біріккен Араб Әмірліктеріндегі шұғыл шақыру жүйесі пайдалану жөніндегі нұсқаулықта, сондай-ақ сервистік кітапшада көрсетілген жағдайларда көлік құралының орналасқан жері, көлік құралының түрі, VIN (автокөліктің сәйкестендіру нөмірі) сияқты ақпаратты қоса алғанда, деректерді жалпы пайдаланудағы шұғыл байланыс пунктіне (PSAP) береді.




1. Жол оқиғасы
2. Сымсыз байланыс желісі
3. Жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пункті (PSAP)
4. Шұғыл көмек

* Біріккен Араб Әмірліктеріндегі шұғыл шақыру жүйесі — пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көлік құралында орнатылған және БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесімен қосылуды қамтамасыз ететін жабдықты білдіреді.

** «Өзге оқыс оқиғалар» деп БАӘ жолдарындағы жарақат алуға және/немесе көмек көрсету қажеттілігіне әкеп соқтырған кез келген оқиғалар (осы жүйе заңды түрде тіркелген елдерде ғана) түсініледі. Кез келген ЖКО тіркелген жағдайда көлік құралын тоқтатып, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Біріккен Араб Әмірліктеріндегі eCall шұғыл шақыру жүйесі (бар болса)» бөліміндегі суретте көрсетілген SOS батырмасын басу қажет. Шақыруды жасау кезінде жүйе көлік құралы (шақыру жасалған) туралы ақпарат жинайды, содан кейін шұғыл шақырудың себебі туралы хабарлау үшін автокөлікті жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пунктінің (PSAP) қызметкерімен байланыстырады.

БАӘ-де шұғыл шақыру жүйесінде сақталатын деректер тиісті құтқару операциялары барысында жүргізуші мен жолаушыларға көмек көрсету үшін құтқару қызметі орталығына берілетін болады. Құтқару операциясы аяқталғаннан кейін бұл деректер жойылады.

eCall автокөліктік шұғыл шақыру жүйесінің сипаттамасы (БАӘ үшін)



999 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесіне шолу, оның жұмысы және функционалдық мүмкіндіктері: осы бөлімді қараңыз. 999 қызметі базасындағы шұғыл шақыру қызметі жалпыға ортақ қызмет болып табылады және тегін қол жетімді.

999 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақыру жүйесі әдепкі бойынша іске қосылады. Елеулі апат болған жағдайда ол автокөлікке орнатылған датчиктердің көмегімен автоматты түрде қосылады.

Ол автокөлік елеулі апат болған жағдайда жұмыс істемейтін бөгде қызметтердің шұғыл шақыру жүйесімен жабдықталған кезде де автоматты түрде іске қосылады.

999 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесі қажет болған жағдайда қолмен де іске қосылуы мүмкін. Жүйені қолмен белсендіру жөніндегі нұсқаулықтар: Осы бөлімді қараңыз.

999-қызмет базасында автокөліктің шұғыл шақыру жүйесін өшіруге әкеп соғуы мүмкін жүйенің сыни істен шығуы жағдайында көлік құралының жүргізушілері мен жолаушылары мынадай ескерту алады: осы бөлімді қараңыз.

Дербес деректерді өңдеу туралы ақпарат (БАӘ үшін)

999 қызметінің базасында шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесімен кез келген дербес деректерді өңдеу Еуропалық Парламенттің және ЕО Кеңесінің 95/46/ЕС (1) және 2002/58/ЕС (2) Директиваларында көзделген дербес деректерді қорғау қағидаларына сәйкес келуі және атап айтқанда, 95/46/ЕС (3) Директивасының 7 (d) бабына сәйкес жеке тұлғалардың өмірлік маңызды мүдделерін қорғау қажеттілігіне негізделуі тиіс.

Мұндай деректерді өңдеу 999 бірыңғай БАӘ-дегі шұғыл көмек нөмірі бойынша шұғыл шақыруды өңдеу мақсатымен қатаң шектеледі.

Деректер түрлері және оларды алушылар

999 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақырулар жүйесі тек төменде көрсетілген деректерді ғана жинай және өңдей алады:

- Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі.
- Көлік құралының түрі (жеңіл немесе аз тонналы жүк автокөлігі).
- Автокөліктің электр станциясының энергия жинақтау түрі (бензин / дизель / сығылған табиғи газ / сұйытылған мұнай газы / электр / сутегі).
- Көлік құралының соңғы орналасқан жері мен қозғалыс бағыты.
- Жүйені автоматты түрде белсендіру журналының файлы және оның уақытша белгісі.
- Кез келген қосымша деректер (егер қолданылатын болса): Қолданылмайды

999 қызметінің базасында шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесімен өңделген деректерді алушылар болып 999 бірыңғай БАӘ-дегі шұғыл көмек нөмірі бойынша шұғыл шақыруды бірінші қабылдау және өңдеу үшін олар аумағында орналасқан елдің тиісті мемлекеттік билік органдары тағайындаған жалпы пайдаланымдағы тиісті шұғыл байланыс пункттері табылады. Қосымша ақпарат (егер қолданылатын болса): Қолданылмайды

(1) Еуропалық Парламент пен ЕО Кеңесі 95/46/ЕС дербес деректерді өңдеуге қатысты жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау туралы және осындай деректердің еркін қозғалысы туралы 1995 жылғы 24 қазандағы Директивасы (OJ L 281, 23.11.1995, 31-б.).

(2) Дербес деректерді өңдеуге және электрондық байланыс құралдары секторындағы құпиялылықты қорғауға қатысты Еуропалық Парламент пен ЕО Кеңесі 2002/58/ЕС 2002 жылғы 12 шілдедегі Директивасы (Құпиялылық және электрондық байланыс құралдары туралы директива) (OJ L 201, 31.07.2002, 37-б.).

(3) 95/46/ЕС Директивасы Еуропалық Парламенттің (ЕО) 2016/679 және ЕО Кеңесінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі жеке тұлғаларды дербес деректерді өңдеуге қатысты қорғау туралы және осындай деректердің еркін қозғалысы туралы (Дербес деректерді қорғаудың жалпы регламенті) қаулысымен жойылды (OJ I 119, 04.05.2016, б.1). Регламент 2018 жылғы 25 мамырдан бастап қолданыста.

Деректерді өңдеу әдістері

999 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақыру жүйесі жүйелік жадтағы деректер шұғыл шақыру іске қосылғанға дейін жүйеден тыс қолжетімді болмайтындай етіп әзірленген. Қосымша жазбалар (егер қолданылса): Қолданылмайды
999 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесі онымен жабдықталған автокөлікті қалыпты жұмыс жағдайында қадағалау мүмкін болмайтындай етіп әзірленген. Қосымша жазбалар (егер қолданылса): Қолданылмайды

999 қызметі базасындағы шұғыл шақырулардың автокөліктік жүйесі жүйенің ішкі жадындағы деректер автоматты түрде және үздіксіз жойылып отыратындай етіп әзірленген.

Жүйенің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті автокөліктің ең көп дегенде соңғы үш өзекті орналасқан жері болу үшін автокөліктің орналасқан жері туралы деректер жүйенің ішкі жадына үнемі қайта жазылып отырады.

999 қызметі базасындағы автокөліктік шұғыл шақырулар жүйесіндегі қызмет туралы деректер журналы шұғыл шақыруды өңдеу мақсатына қол жеткізу үшін қажет болғаннан артық сақталмайды, және кез келген жағдайда шұғыл шақыруға бастамашылық жасалған сәттен бастап 13 сағаттан аспайды. Қосымша жазбалар (егер қолданылса): Қолданылмайды

Деректер субъектісінің құқықтарын іске асыру тәртібі

Деректер субъектісі (көлік құралының иесі) деректерге қол жеткізуге құқылы және қажет болған жағдайда 95/46/EC директивасының ережелеріне сәйкес келмейтін оған қатысты деректерді түзетуді, жоюды немесе бұғаттауды талап етеді. Деректер ашылған кез келген үшінші тұлғаларға, егер бұл мүмкін болмаса немесе мөлшерлес емес күш-жігерді қажет етпесе, осы директиваға сәйкес орындалған осындай түзету, жою немесе бұғаттау туралы хабарлау қажет.

Деректер субъектісінің, егер оның құқықтары оның дербес деректерін өңдеу нәтижесінде бұзылды деп санаса, дербес деректерді қорғау жөніндегі құзыретті органға шағым беруге құқығы бар.

Қол жеткізуге арналған сұрауларды өңдеуге жауапты қызметтің байланыс ақпараты (егер бар болса): Қолданылмайды

Біріккен Араб Әмірліктеріндегі eCall төтенше қоңыраулар жүйесі (БАӘ үшін)



Жолаушылар бөлімшесінде орнатылған БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесінің элементтері:

(1) SOS түймесі


(2) Жарықдиод

SOS түймесі: жүргізуші/жолаушы осы түймені басып бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметке шұғыл қоңырау шалады.

Жарықдиод: «Engine Start/Stop» түймешігі қосылу күйінде («ON») болғанда жарық диоды 3 секунд бойы жанады. Содан кейін жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде ол сөну керек.

Егер жүйеде ақаулар болса, аспаптар панелінде SOS индикаторы жанады.

Оқиға туралы автоматты түрде хабарлау (БАӘ үшін)



Жол-көлік оқиғасы жағдайында БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесі тиісті құтқару операцияларын жүргізу үшін жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пунктіне (PSAP) автоматты түрде шұғыл шақыру жүргізеді. Тиісті апаттық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және қолдау үшін БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесі жол-көлік оқиғасы анықталған кезде ол туралы деректерді жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пунктіне (PSAP) автоматты түрде береді.


Бұл жағдайда шұғыл шақыруды SOS түймесін басу арқылы тоқтатуға болмайды, ал БАӘ-дегі шұғыл шақырулар жүйесі шақыруды қабылдайтын шұғыл көмек қызметінің қызметкері оны тоқтатқанға дейін қосылған болып қалады.

Кішігірім жол-көлік оқиғалары кезінде БАӘ-дегі шұғыл қоңырау жүйесі шұғыл қоңырауды орындамауы мүмкін. Алайда, SOS ТҮЙМЕСІН БАСУ АРҚЫЛЫ ШҰҒЫЛ ҚОҢЫРАУДЫ ҚОЛМЕН ЖАСАУҒА БОЛАДЫ.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Мобильді байланыс пен GPS және Galileo сигналдары болмаған жағдайда жүйенің жұмыс істеуі мүмкін емес.

Апат туралы қолмен хабарлау



Қажетті апаттық қызметтерді шақыру үшін жүргізуші немесе жолаушы SOS түймесін басу арқылы жалпы пайдаланудағы шұғыл байланыс пунктіне (PSAP) шұғыл шақыруды қолмен жасай алады.

БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесі арқылы апаттық қызметтерді шақыру қосылуды орнатар алдында ғана SOS түймесін қайта басу арқылы тоқтатылуы мүмкін.

Шұғыл шақыру қолмен іске қосылғаннан кейін (тиісті апаттық қызмет көрсету және қолдау үшін) БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесі SOS түймесін басқанда (шұғыл шақыру кезінде) жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пунктінің (PSAP) қызметкеріне жол-көлік оқиғасы немесе басқа да оқиға туралы деректерді автоматты түрде береді.

Егер жүргізуші немесе жолаушы кездейсоқ SOS түймесін басса, оның әрекетін 3 секундтан кейін түймені қайта басу арқылы болдырмауға болады. Осыдан кейін шақыруды болдырмау мүмкін емес.

ЖКО немесе басқа да апат жағдайында шұғыл шақыруды қолмен қосу үшін:

1. Өзіңіз және басқа жол қозғалысына қатысушылар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, көлік құралын жол қозғалысы ережелеріне сәйкес тоқтатыңыз.
2. SOS түймесін басыңыз. Оны белсендіру кезінде сымсыз телефон байланысы желілерінде құрылғыны тіркеу жүзеге асырылады; көлік құралы және оның орналасқан жері туралы ең аз деректер жинағы құрылғының техникалық талаптарына сәйкес жинақталады. Бұдан кейін шұғыл шақыру себептерін (мән-жайларын) анықтау үшін БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесінің қызметкерімен байланыс орнатылады.
3. Жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пунктінің (PSAP) қызметкері шұғыл шақырудың себептерін анықтағаннан кейін оқиға орнына шұғыл қызметтерді жібереді және апаттық қоңырауды аяқтайды.

Егер шұғыл шақыру жоғарыда көрсетілген рәсімге сәйкес орындалмаса, онда бұл шұғыл шақыру қате деп есептеледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесін аккумулятордан апаттық электрмен жабдықтау

- БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесінің аккумуляторы апаттық жағдайлар кезінде соқтығысу нәтижесінде автокөліктің негізгі қоректендіру көзі ажыратылған жағдайда 1 сағат бойы қоректендіруді қамтамасыз етеді.
- БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесінің аккумуляторын ауыстыру әрбір 4 жыл сайын жүргізілуі тиіс. Толығырақ 9-тараудың «» бөлімінен қараңыз.

Қызыл түсті жарықдиодты жарықтандыру (жүйенің ақаулығы)

Егер қозғалыстың қалыпты жағдайында қызыл жарық диоды жанып тұрса, бұл шұғыл шақыру жүйесінің ақаулығын көрсетуі мүмкін. Шұғыл шақыру жүйесін дереу HYUNDAI ресми дилерінен тексеру ұсынылады.

Олай болмаған жағдайда автокөлікте орнатылған БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесі құрылғысының дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік берілмейді. Көлік құралының иесі жоғарыда көрсетілген шарттарды сақтамау нәтижесінде туындаған салдарлар үшін жауапты болады.

Өз бетінше алып тастау немесе түрлендіру

БАӘ-дегі шұғыл шақыру жүйесі көмек көрсету үшін шұғыл қызметтерді шақырады. Осылайша, шұғыл шақыру жүйесінің параметрлерін кез келген ерікті түрде жою немесе өзгерту сіздің көлік жүргізу қауіпсіздігіңізге әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа, бұл жалпы пайдаланымдағы шұғыл байланыс пунктіне (PSAP) қате шұғыл қоңырау соғуға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, БАӘ-дегі eCall шұғыл шақыру жүйесі жабдығының баптауларын өз бетіңізбен немесе үшінші тұлғалардың көмегімен өзгертпеуіңізді сұраймыз.

eCall сертификаттау тақтайшасы







9. Техникалық қызмет көрсету

Мотор бөлімі 9-5
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені 9-9
Көлік иесінің жауапкершілігі 9-9
Автокөлік иесінің техникалық қызмет көрсету өткізуі кезіндегі сақтық шаралары 9-9
Көлік иесі орындайтын техникалық қызмет көрсету 9-10
Көлік иесі орындайтын техникалық қызмет көрсетудің кестесі 9-11
Мерзімдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені 9-13
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа үшін) 9-14
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа үшін) (жалғасы) 9-15
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа үшін) (жалғасы) 9-16
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа үшін) (жалғасы) 9-18
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа үшін) (жалғасы) 9-19
Қолайсыз пайдалану жағдайларында және аз жүрілген жолмен техникалық қызмет көрсету (Европа үшін) 9-20
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европаны қоспағанда) 9-22
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европаны қоспағанда) (жалғасы) 9-23
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европаны қоспағанда) (жалғасы) 9-25
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европаны қоспағанда) (жалғасы) 9-27
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европаны қоспағанда) (жалғасы) 9-29
Қолайсыз пайдалану жағдайларында және аз жүрілген жолмен техникалық қызмет көрсету (Европаны қоспағанда) 9-31
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету пункттерінің сипаттамасы 9-34
Мотор майы мен қозғалтқыштың май сүзгісі 9-34
Жетек белбеулері 9-34
Отын өткізгіш құбырлары, иілгіш құбыршектер мен қосылыстар 9-34
Отын сүзгісі (бензинді қозғалтқышқа арналған) 9-34
Отын сүзгісі (сүзгіш элемент) (дизельді қозғалтқыш) 9-34
Отын бағының бу өткізгіштерінің құбыршектері және құю аузының қақпағы 9-35
Картерді желдету вакуумдық құбыршектері 9-35
Ауа тазартқыш сүзгісі 9-35
Оталдыру білтелері (бензинді қозғалтқышқа арналған) 9-35
Салқындату жүйесі 9-35
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы 9-35

Механикалық трансмиссия сұйықтығы....9-36
АБҚ сұйықтығы....9-36
Қос ілініcті трансмиссия сұйықтығы....9-36
Тежеу жүйесінің өткізгіш құбырлары мен иілгіш құбыршектері....9-36
Тежеу жүйесінің/ілінісудің гидрожетегінің сұйықтығы....9-37
Тұрақ тежегіші....9-37
Тежегіш дискілері, қыспақтары, суппорттары және роторлары....9-37
Карданды білік....9-37
Аспаның монтаждық болттары....9-37
Картер, руль механизмінің жетегі және тысқаптары / астыңғы иінтіректің шарлы тіреуі....9-37
Дөңгелектердің жетектерінің біліктері мен тысқаптары....9-37
Кондиционер жүйесінің салқындату агенті....9-37
Мотор майы....9-38
Мотор майының деңгейін тексеру....9-38
Мотор майын және сүзгіні ауыстыру....9-41
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы....9-42
Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру....9-42
Салқындату сұйықтығын ауыстыру....9-45
Тежеу жүйесінің/ілінісудің гидрожетегінің сұйықтығы....9-45
Ілінісудің/тежеу жүйесінің гидрожетегіндегі сұйықтықтың деңгейін тексеру....9-45
Трансмиссия сұйықтығы....9-47
Әйнекжуғыш сұйықтығы....9-47
Жуу сұйықтығының деңгейін тексеру....9-47
Тұрақ тежегіші....9-48
Тұрақ тежегішін тексеру....9-48
Отын сүзгісі (дизельді қозғалтқыш)....9-49
Отын сүзгісінен суды төгу....9-49
Отын сүзгісінің картриджін ауыстыру....9-49
Ауа тазартқыш....9-49
Сүзгіні ауыстыру....9-49
Салонның ауа сүзгісі....9-51
Сүзгіні қарап тексеру....9-51
Сүзгіні ауыстыру....9-51
Әйнектазартқыш щеткалары....9-52


9. Техникалық қызмет көрсету

Щеткалардың күйлерін тексеру 9-52
Щеткаларды ауыстыру 9-53
Аккумулятор 9-55
Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту 9-56
Аккумулятор батареясының сыйымдылығы көрсетілген жапсырма 9-57
Аккумуляторды зарядтау 9-58
Аспаптар параметрлерін арылту 9-59
Шиналар және дөңгелектер 9-60
Шиналарға күтім жасау 9-60
Суық шиналардағы ауаның ұсынылатын қысымы 9-61
Шиналардағы ауа қысымын тексеру 9-62
Шиналардың айналуы 9-62
Дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру 9-63
Шиналарды ауыстыру 9-64
Дөңгелектерді ауыстыру 9-65
Шиналардың жолмен ілінісуі 9-65
Шиналарға техникалық қызмет көрсету 9-65
Шинаның бүйір бетіндегі таңбалама 9-66
Төмен профильді шина 9-69
Сақтандырғыштар 9-70
Аспаптар тақтасының сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштарды ауыстыру 9-71
Мотор бөліміндегі панельге орнатылған сақтандырғышты ауыстыру 9-72
Сақтандырғыштар/релелер панелінің сипаттамасы 9-73
Жарықтандыру шамдары 9-87
Фаралардың, габарит жарықтарының, бұрылыс көрсеткіштерінің, күндізгі жүріс жарықтарының (КЖЖ) шамдарын ауыстыру 9-89
Фараларды фокустау (Еуропа елдері үшін) 9-90
Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарын ауыстыру 9-95
Артқы құрама шамды ауыстыру 9-95
Үстіңгі стоп-сигналды ауыстыру 9-98
Нөмір белгісін жарықтандыру шамын ауыстыру 9-99
Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру 9-99
Сыртқы көрінісіне күтім жасау 9-101
Сыртқы беттерге күтім жасау 9-101
Салонға күтім жасау 9-108
Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 9-111


1. Қозғалтқыш картерінен шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі.....9-111
2. Отын багынан шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 9-112
3. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 9-112
Бензин күйе сүзгісі (GPF).....9-114
Дизель күйе сүзгісі (DPF).....9-115
Азот тотықтарын аулағыш (дизельді қозғалтқыш) 9-116
Іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесі (SCR) (дизельді қозғалтқыш)....9-117

Мотор бөлімі

Smartstream G1.6 T-GDi (Сол жақтағы руль)



Smartstream G1.6 T-GDi (Оң жақтағы руль)




Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.


1. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының бағы
2. Ілінісудің/тежеу гидрожүйесінің гидрожетегінің бағы*
3. Ауа тазартқыш
4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші
5. Мотор майына арналған құю аузының қақпағы
6. Алдыңғы әйнекжуғыштың бағы
7. Сақтандырғыштар блогы
8. Аккумулятор

*: бар болса

Smartstream G2.0 (сол жақтағы руль)



Smartstream G2.0 (оң жақтағы руль)




Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.


1. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының бағы
2. Ілінісудің/тежеу гидрожүйесінің гидрожетегінің бағы*
3. Ауа тазартқыш
4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші
5. Мотор майына арналған құю аузының қақпағы
6. Алдыңғы әйнекжуғыштың бағы
7. Сақтандырғыштар блогы
8. Аккумулятор

*: бар болса

Smartstream G2.5 GDi (сол жақтағы руль)



Smartstream G2.5 GDi (оң жақтағы руль)




Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.


1. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының бағы
2. Ілінісудің/тежеу гидрожүйесінің гидрожетегінің бағы*
3. Ауа тазартқыш
4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші
5. Мотор майына арналған құю аузының қақпағы
6. Алдыңғы әйнекжуғыштың бағы
7. Сақтандырғыштар блогы
8. Аккумулятор

*: бар болса

Smartstream D2.0 (сол жақтағы руль)



Smartstream D2.0 (оң жақтағы руль)



Автокөліктің нақты мотор бөлімі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

1. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының бағы
2. Ілінісудің/тежеу гидрожүйесінің гидрожетегінің бағы*
3. Ауа тазартқыш
4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші
5. Мотор майына арналған құю аузының қақпағы
6. Алдыңғы әйнекжуғыштың бағы
7. Сақтандырғыштар блогы
8. Аккумулятор

*: бар болса

Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені

Автокөлікті зақымдап алмау және өзіңізге жарақат келтірмеу үшін техникалық қызмет көрсету немесе тексеру бойынша кез келген жұмыстарды орындау кезінде барынша абай болу қажет.

Автокөлікке қызмет көрсету және жөндету үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес береміз. Клиенттердің қызмет көрсету сапасына қанағаттануының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін HYUNDAI ресми дилерлері HYUNDAI қызмет көрсету сапасының жоғары стандарттарына сәйкес келеді және HYUNDAI компаниясынан техникалық қолдау алады.

Көлік иесінің жауапкершілігі

Автокөлік иесі қызмет көрсетуден өтуге және құжаттаманың сақталуына жауапкершілік көтереді.

Сіз өз көлік құралыңыздың төмендегі беттерде келтірілген жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестелеріне сәйкес тиісті техникалық қызмет көрсетуден өткенін растайтын құжаттарды сақтауға тиіссіз. Бұл ақпарат автокөлікке кепілдікте белгіленген техникалық қызмет көрсету және қарап тексеру бойынша талаптардың орындалуын анықтау үшін қажет.

Кепілдік міндеттемелер туралы толық ақпарат автокөліктің техникалық қызмет көрсету паспортында келтірілген.

Кепілдік жосықсыз қызмет көрсетудің немесе талап етілген қызмет көрсетудің орындалмауының салдары болып табылған жөндеу және реттеу жұмыстарына таралмайды.

Автокөлік иесінің техникалық қызмет көрсету өткізуі кезіндегі сақтық шаралары

Сәйкес емес, толық емес немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету автокөліктің жұмысындағы проблемаларға, соның салдарынан оның зақымдалуына, апатқа немесе жарақаттарға алып келуі мүмкін. Бұл бөлімде техникалық қызмет көрсету бойынша ең қарапайым операцияларды орындау бойынша нұсқаулар келтірілген.
Қандай да бір түрде өз автокөлігіңізді қандай да бір жолмен өзгертуге тыйым салынады. Мұндай өзгерістер автокөліктің пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе сенімділігіне кері әсер етуі, сонымен қатар автокөліктің шектеулі кепілдігінің шарттарын бұзуы мүмкін.

Ескертпе

Кепілдік мерзімінің ішінде иесінің автокөлікке тиісінше техникалық қызмет көрсетпеу кепілдіктің әрекетіне әсер етуі мүмкін. Толығырақ ақпарат алу үшін автокөлікті сатып алу кезінде берілетін техникалық қызмет көрсетудің бөлек паспортымен танысыңыз. Егер автокөлікті жөндеу немесе оған техникалық қызмет көрсету бойынша кез келген жұмыс түрін орындау сізде қиындық туғызса, біз жүйеге қызмет көрсету үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

Көлік иесі орындайтын техникалық қызмет көрсету

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар денсаулық үшін қауіппен байланысты болуы мүмкін. Егер бұл жұмысты орындауға сіздің жеткілікті біліміңіз бен тәжірибеңіз немесе тиісті құрал-сайманыңыз бен жабдығыңыз болмаса, HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес беріледі. Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау кезінде ӘРДАЙЫМ төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Автокөлікті тегіс алаңға тоқтатыңыз, «P» берілісін (Автоматтық трансмиссиясы/қос іліністі трансмиссиясы бар автокөлік үшін тұрақ берілісі) немесе бейтарап берілісті (механикалық трансмиссиясы бар автокөлік үшін) қосыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK/ OFF» күйіне ауыстырыңыз.
- Автокөліктің жылжып кетуінің алдын алу үшін дөңгелектердің (алдыңғы және артқы) астына тіреу қойыңыз.

  Қозғалатын бөлшектер орап әкетуі мүмкін кең киіміңізді және әшекей бұйымдарыңызды шешіп қойыңыз.
- Егер техникалық қызмет көрсету кезінде қозғалтқышты оталдыру қажет болса, бұны далада немесе жеткілікті деңгейде желдетілетін үй-жай ішінде жасау қажет.
- Аккумулятордың және отын жүйесінің компоненттерінің жанында жалынның және ұшқындардың пайда болуына, сондай-ақ шегілетін бұйымдардың орналасуына жол бермеңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Металл бөлшектерге тию

Қозғалтқыш жұмыс істеп немесе қызып тұрғанда металл бөлшектерден (бағандарды қоса алғанда) ұстамаңыз. Бұл күрделі жарақат келтіруі мүмкін. Автокөлікке техникалық қызмет көрсетуді орындау үшін қозғалтқышты өшіріңіз және металл бөлшектердің суығанын күтіңіз.

Автокөліктің қауіпсіз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін келесідей тексерулерді өз бетіңізше немесе HYUNDAI ресми дилерінде көрсетілген мерзіммен орындап отыруға кеңес беріледі.

Кез келген келеңсіз жағдайлар туралы дилерге кідірместен хабарлау қажет.

Автокөліктің бұл техникалық тексерулеріне әдетте кепілдік таралмайды, және жұмыс, бөлшектер мен майлау материалдары үшін шот берілуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Дизель қозғалтқыш

Дизель қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда немесе оны өшіргеннен кейін 30 секундқа дейін ешқашан бүрку жүйесін модификацияламаңыз және онымен әрекеттер жүргізбеңіз. Дизель қозғалтқыш тоқтатылғаннан кейін артынан іле жоғары қысым сорғысы, жоғары қысымды құбырлар, рампа және инжекторлар жоғары қысыммен қалады.

Отынның жылыстауы ауыр жарақаттар келтіруі мүмкін. Имплантацияланған жасанды кардиостимуляторы бар адамдар дизель қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда электронды басқару блогынан немесе электр сымдарының шоғырынан кемінде 30 см (12 дюйм) қашықтықта орналасуы тиіс. Қозғалтқышты басқару электронды жүйесінің жоғары токтары елеулі мөлшерде магнитті өрістер туғызады.

Көлік иесі орындайтын техникалық қызмет көрсетудің кестесі

Құю үшін тоқтаған кезде:

- Қозғалтқышқа арналған салқындату сұйықтығының багындағы деңгейді тексеріңіз.
- Алдыңғы әйнек жуғышының багындағы сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз.
- Шиналардағы қысымның жеткілікті жоғары деңгейде екеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыш қызып тұрғанда салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру кезінде абай болыңыз. Саңылаудан салқындату сұйықтығы атқылап шығуы және ауыр күйік шалуы және басқа жарақаттар келуі мүмкін.

Автокөлікті пайдалану барысында бірқатар жайтқа назар аударыңыз.

- Пайдаланылған газды шығару дыбысының бүкіл өзгерістерін, сондай-ақ салон ішінде пайдаланылған газдардың иісінің пайда болуын байқаңыз.
- Руль дөңгелегінің діріліне қадағалаңыз. Руль дөңгелегін бұру үшін қажетті күштің кез келген ұлғаюына, люфттің пайда болуына, люфттің пайда болуына, оның бейтарап күйінің өзгеруіне назар аударыңыз.
- Тегіс түзу жолда жүрген кезде автокөлікті үнемі аздап бір жағына қарай тартып әкетудің бар-жоғына назар аударыңыз.
- Тежелу кезінде автокөлік жүйелерінің жұмысын тыңдаңыз, әдеттен тыс дыбыстардың пайда болуын, бір жаққа қарай тартып әкетудің, тежегіш педалінің жүрісінің ұлғаюын немесе оны басу күшінің көбеюін байқаңыз.
- Тайғанау немесе трансмиссия жұмысындағы қандай да бір өзгерістер жағдайында трансмиссия сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.
- «P» (Тұрақ) күйіндегі АБАҚ жұмысын тексеріңіз.
- Тұрақ тежегішінің жұмысын тексеріңіз.
- Автокөліктің түбінің астында сұйықтықтардың аққан іздерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз (жұмыс істеу барысында немесе өшіргеннен кейін ауаны кондициялау жүйесінен таматын су ақаулықтың белгісі болып табылмайды).

Айына бір реттен сиретпей бірнеше көрсеткіштерді тексеріп отыру қажет.

- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының багындағы деңгей.
- Стоп-сигналдарды, бұрылыс көрсеткіштерін және апаттық сигнал беру жүйесінің шамдарын қоса алғанда барлық сыртқы жарық аспаптарының жұмысын.
- Тозған шинасы, әркелкі тозған шинасы немесе зақымдалған шинасы бар дөңгелектің орнына орнатылатын қосалқы дөңгелекті қоса алғанда барлық шиналардағы қысым.
- Босаған дөңгелек сомындарының бар-жоғы.

Жылына екі реттен сиретпей: (мысалы, әр көктем және күз сайын)

- Радиатордың, жылытқыштың және кондиционердің иілгіш құбыршектерінде жылыстаудың және зақымдардың бар-жоғын тексеру.
- Алдыңғы әйнектің жуғышы мен тазартқышының жұмысын тексеру. Әйнектазартқыш щеткаларын жуғышқа арналған сұйықтыққа малынған таза шүберекпен тазалаңыз.
- Фаралардың реттелуін тексеріңіз.
- Бәсеңдеткішті, газ шығару құбырларын, қаптауыштар мен қамыттарды тексеру.
- Қауіпсіздік белбеулерінің тозуын және дұрыс жұмыс істеуін тексеру.
- Люктің жұмысын тексеру (бар болса). Люктің бағыттауыштарын таза шүберекпен тазалаңыз және бағыттауыштар мен қозғалмалы бөліктерді әмбебап жағармаймен майлаңыз.

Жылына бір реттен сиретпей әрмен қарай көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Автокөліктің шанағындағы және есіктеріндегі дренаждық саңылауларды тазалап жүріңіз.
- Есіктердің және капот қақпағының топсаларын майлаңыз.
- Есіктер мен капоттың құлыптары мен ілгектерін майлаңыз.
- Есіктердің резеңке тығыздауыштарын майлаңыз.
- Жылдың жылы мезгілі басталмас бұрын ауаны кондициялау жүйесін тексеріңіз.
- АБАҚ тартқышы мен басқару элементтерін тексеріңіз және майлаңыз.
- Аккумулятор батареясын мен оның клеммаларын тазалаңыз.
- Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.

Мерзімдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені

Егер автокөлік үнемі төменде келтірілген режимдердің бірінде пайдаланылмайтын болса, кәдімгі көлемдегі техникалық қызмет көрсету кестесін ұстаныңыз. Егер автокөлік төменде келтірілген режимдердің бірінде жүйелі түрде пайдаланылатын болса, ауыр пайдалану жағдайларындағы техникалық қызмет көрсету кестесін ұстаныңыз.

- Қалыпты температурада 8 км (5 миль) кем немесе нөлден төмен температурада 16 км (10 миль) кем қысқа қашықтықтарға қайта-қайта жол жүру
- Қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ уақыт жұмыс істеуі немесе төмен жылдамдықпен үлкен қашықтықтарға жол жүру.
- Тегіс емес, шаңды, батпақты жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық тас не тұз төселген жолмен қозғалу.
- Тұз немесе басқа коррозиялық материалдар қолданылатын жермен жүру немесе өте суық ауа райында жол жүру
- Ауасы қатты тозаңданған жағдайларда жол жүру.
- Көлік жүктемесі жоғары жолдармен қозғалу.
- Тауға қарай, таудан төмен немесе таулы жолдармен жиі жүру.
- Сүйрегіш көлік немесе автофургон ретінде пайдалану, сондай-ақ төбеге жүк салып тасымалдау.
- Патруль автокөлігі, такси, коммерциялық автокөлік немесе сүйрегіш көлік ретінде пайдалану.
- Жоғары жылдамдықпен немесе жылдамдықты тез үдетіп/шұғыл тежеп жиі жүру.
- Жиі аялдай отырып қозғалу
- Ұсынылмаған мотор майын (минералды, жартылай синтетикалық, тұтқырлық классы төменірек және т.б.) пайдалану.

Егер сіздің автокөлігіңіз жоғарыда көрсетілген жағдайларда пайдаланылатын болса, сұйықтықтарды қалыпты техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілгеннен жиірек тексеру, ауыстыру және қосымша құйып отыру қажет. Кестеде көрсетілген қашықтықты жүріп өткеннен немесе уақыт аралықтарынан өткеннен кейін техникалық қызмет көрсету интервалдарын сақтауды жалғастырыңыз.

i Ақпарат

- Қозғалыс кезінде мотор майы шығындалатындықтан оның деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет.
- Автокөлікті қалыпты пайдалану жағдайларында мотор майын ауыстыру интервалы тиісті сипаттамалары бар ұсынылған майдың пайдаланылуына байланысты. Ұсынылмаған мотор майын пайдаланған жағдайда ауыстыруды автокөлікті қатаң пайдалану жағдайларына арналған қызмет көрсету кестесі бойынша жүргізіп отыру қажет.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропа үшін)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	24	48	72	96	120	144	168	192
	мильдер x1000	20	40	60	80	100	120	140	160
	км × 1000	30	60	90	120	150	180	210	240
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Жетек белбеулері *1	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi, Smartstream G1.6 T-GDi	Бірінші тексеру 90 000 км (60 000 миль) немесе 72 айдан кейін, осыдан кейін — әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын.							
	Smartstream D2.0	Бірінші тексеру 90 000 км (60 000 миль) немесе 72 айдан кейін, осыдан кейін — әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын.							
Газды үлестіру механизмінің белбеуі	Smartstream D2.0	Тексеру 120 000 км (80 000 миль) жол жүрген сайын, ауыстыру 240 000 км (160 000 миль) сайын.							
Газ үлестіру механизмі белбеуінің жүйесі (ГҮМ белбеуі, май белбеуі, су помпасы, кергіш, бос шкив)	Smartstream D2.0	Ауыстыру 240 000 км (160 000 миль) сайын							

*1 Жетек белбеуінің кергішін, бағыттауыш дөңгелекті және генератор шкивін тексеріңіз. Қажет болса, жөндеу немесе ауыстыру жұмысын жүргізіңіз.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропа үшін) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	24	48	72	96	120	144	168	192
	мильдер x1000	20	40	60	80	100	120	140	160
	км × 1000	30	60	90	120	150	180	210	240
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Мотор майы және май сүзгісі *1	Smartstream D2.0*2*3	R	R	R	R	R	R	R	R
	Smartstream G1.6 T-GDi	Ауыстыру 15 000 км (10 000 миль) жол жүрген немесе 12 ай сайын							
	Smartstream G2.0	Ауыстыру 15 000 км (10 000 миль) жол жүрген немесе 12 ай сайын							
	Smartstream G2,5 GDi	Ауыстыру 15 000 км (10 000 миль) жол жүрген немесе 12 ай сайын							
Отынға қосылатын қоспалар *4*5	(Smartstream G2.5 GDi, Smartstream G1.6 T-GDi *4	15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын қосу							

*1 Қозғалыс кезінде мотор майы шығындалатындықтан оның деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Майдың жеткіліксіз мөлшерімен пайдаланған жағдайда қозғалтқышқа зақым келуі мүмкін; мұндай зақымға кепілдік таралмайды.

*2 Техникалық қызмет көрсету кестесі пайдаланылатын отынның сапасына байланысты. Кесте EN590 немесе осыған ұқсас сапалы отынды пайдаланған жағдайда жарамды. Егер дизел отынының сипаттамалары EN590 стандартына сәйкес келмейтін болса, ауыстыруды қатаң пайдалану жағдайларындағы қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізу қажет.

*3 Ұсынылған мотор майының маркасы болмаған жағдайда мотор майы мен сүзгіні 20 000 км немесе 12 ай сайын ауыстырып отыру қажет.

*4 Егер бензиндер еуропалық отын стандарттарына (EN228) немесе олардың баламаларына сәйкес жақсы сапалы болса, отын қоспаларын қосқан кезде қоспасы бар бір бөтелкені пайдалануға кеңес беріледі. Қоспаларды ресми HYUNDAI дилерінен сатып алуға болады. Сонымен қатар оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Қоспалардың басқа түрлерін қолданбаңыз.

*5 Ешқашан қозғалтқыш майына қоспалар қоспаңыз. Қоспалар қозғалтқыш майының қасиеттерін өзгерте алады және оның жұмысында елеулі ақаулар тудыруы мүмкін.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропа үшін) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	24	48	72	96	120	144	168	192
	мильдер x1000	20	40	60	80	100	120	140	160
	км × 1000	30	60	90	120	150	180	210	240
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Интеркулер, кіргізу/ шығару құбыршектері	Smartstream G1.6 T-GDi	Қарап тексеру 15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын							
Ауа қармауыш құбыршегі	Smartstream G1.6 T-GDi	Қарап тексеру 15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын							
Ауа тазартқыш сүзгісі		I	R	I	R	I	R	I	R
Оталдыру білтелері	Smartstream G1.6 T-GDi	Ауыстыру 75 000 км (50 000 миль) *1 немесе 60 ай сайын							
	Smartstream G2.0 / Smartstream G2.5 GDi	Ауыстыру 150 000 км (100 000 миль) *1 немесе 120 ай сайын							
Клапан саңылауы*2	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi, Smartstream G1.6 T-GDi			I			I		
Отын бағының бу өткізгіштерінің құбыршектері және құю аузының қақпағы			I		I		I		I
Отын сүзгісі **									
Отын бағының ауа сүзгісі			I		I		I		I
Отын өткізгіштер, құбыршектер мен қосылыстар			I		I		I		I

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	24	48	72	96	120	144	168	192
	мильдер x1000	20	40	60	80	100	120	140	160
	км × 1000	30	60	90	120	150	180	210	240
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Отын өткізгіштер, құбыршектер мен қосылыстар	Smartstream D2.0	I	I	I	I	I	I	I	I
Отын бағы аузының қақпағы			I		I		I		I
Несепнәр ерітіндісінің магистралі және қосылыстары		I	I	I	I	I	I	I	I
Несепнәр ерітіндісін құю аузының қақпағы			I		I		I		I

*1 Ыңғайлылық үшін ауыстыруды техникалық қызмет көрсетудің басқа пункттерін орындау кезінде жүргізуге болады.

*2 Клапанда шектен тыс шуылдың және/немесе қозғалтқыштың діріліннің болуына қатысты тексеріңіз және қажет болса, реттеңіз. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI өкілетті дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

** Отын сүзгісі техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді деп есептеледі, алайда отын сапасына байланысты мерзімді тексерістер өткізіп отыруға кеңес беріледі. Қауіпсіздікпен байланысты күрделі ақаулар туындаған жағдайда (мысалы, отынның берілуінің шектелуі, берілудің бақылаусыз күрт ұлғаюы, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру кезіндегі қиындықтар және т. б.), техникалық қызмет көрсету кестесіне қарамастан дереу сүзгіні ауыстырыңыз және HYUNDAI ресми дилерінің кеңесіне жүгініңіз.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропа үшін) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	24	48	72	96	120	144	168	192
	мильдер x1000	20	40	60	80	100	120	140	160
	км × 1000	30	60	90	120	150	180	210	240
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Отын сүзгісінің сүзгіш элементі *1	Smartstream D2.0	I	R	I	R	I	R	I	R
Салқындату жүйесі		I	I	I	I	I	I	I	I
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы *2		Бірінші ауыстыру 180 000 км (120 000 миль) немесе 10 жылдан кейін, осыдан кейін — әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын *3							
Барлық электр жүйелері		I	I	I	I	I	I	I	I
Аккумулятор батареясының күйі		I	I	I	I	I	I	I	I
Құбыршектер, отын құбыршектері және тежеу жүйесінің қосылыстары		I	I	I	I	I	I	I	I
Тұрақ тежегіші (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I
Ілінісу/тежегіш гидирожетегінің сұйықтығы (бар болса)		Тексеру 15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын, ауыстыру 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын							
Тежегіш дискілері мен қыспақтары		I	I	I	I	I	I	I	I
Руль механизмінің рейкасы, тартқышы және шаңнан қорғайтын тысқаптары		I	I	I	I	I	I	I	I

*1 Техникалық қызмет көрсету кестесі пайдаланылатын отынның сапасына байланысты. Кесте EN590 немесе осыған ұқсас сапалы отынды пайдаланған жағдайда жарамды. Егер дизель отынының сипаттамалары EN590 стандартына сәйкес келмесе, ауыстыруды жиірек орындау қажет. Қауіпсіздікпен байланысты күрделі ақаулар туындаған жағдайда (мысалы, отынның берілуінің шектелуі, берілудің бақылаусыз күрт ұлғаюы, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру кезіндегі қиындықтар және т. б.), техникалық қызмет көрсету кестесіне қарамастан дереу сүзгіні ауыстырыңыз. HYUNDAI ресми дилерінің кеңесін алу ұсынылады.

*2 Салқындату сұйықтығын қосқан кезде бұл автокөлік үшін тек ионсыздандырылған суды немесе жұмсартылған суды ғана пайдаланыңыз; өндіруші зауытта автокөлікке құйылған салқындату сұйықтығының үстіне кермек су қосып құюға тыйым салынады. Сәйкес келмейтін салқындату сұйықтығын пайдалану қозғалтқыштың күрделі ақаулығына немесе зақымдалуына алып келуі мүмкін.

*3 Ыңғайлылық үшін ауыстыруды техникалық қызмет көрсетудің басқа пункттерін орындау кезінде жүргізуге болады.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропа үшін) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	24	48	72	96	120	144	168	192
	мильдер x1000	20	40	60	80	100	120	140	160
	км × 1000	30	60	90	120	150	180	210	240
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Жетек білігі және шаңнан қорғайтын тысқаптар		I	I	I	I	I	I	I	I
Шиналардың орындарын ауыстырып салу (қысымын және протекторын тексерумен бірге)		Ауыстырып салуды әр 15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын орындаңыз							
Алдыңғы аспаның шарлы топсалары		I	I	I	I	I	I	I	I
Ауаны кондициялау жүйесінің салқындатқыш агенті		I	I	I	I	I	I	I	I
Кондиционер компрессоры		I	I	I	I	I	I	I	I
Салонның ауа сүзгісі		R	R	R	R	R	R	R	R
Механикалық трансмиссия сұйықтығы (бар болса) *1		Тексеру және сервистік қызмет көрсету қажет емес							
Қос іліністі трансмиссияның сұйықтығы (бар болса) *1		Тексеру және сервистік қызмет көрсету қажет емес							
Автоматты беріліс қорабына арналған сұйықтық (бар болса)		Тексеру және сервистік қызмет көрсету қажет емес							
Үлестіру қорабының майы (4WD) *1			I		I		I		I
Артқы дифференциал майы (4WD) *1			I		I		I		I
Карданды білік (4WD)		I	I	I	I	I	I	I	I
«ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесінің батареясы (бар болса)		Әр 4 жыл сайын ауыстырылуы тиіс							
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі		I	I	I	I	I	I	I	I

*1 Механикалық трансмиссияның/қос іліністі трансмиссияның сұйықтығын, үлестіру қорабының майын және дифференциал майын олар суға батырылғаннан кейін әрбір жолы ауыстыру қажет.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Қолайсыз пайдалану жағдайларында және аз жүрілген жолмен техникалық қызмет көрсету (Еуропа үшін)

Төменде көрсетілген техникалық қызмет көрсету операциялары көбіне қолайсыз жағдайларда пайдаланылатын және жүрілген жолы аз болған автокөліктерде жиірек орындалуы тиіс. Техникалық қызмет көрсетудің сәйкес мерзімділігін төмендегі тараудан қараңыз.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Техникалық қызмет көрсету элементі		Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі	Қозғалу жағдайлары
Мотор майы және сүзгі	Smartstream D2.0	R	15 000 км (10 200 миль) немесе 12 ай сайын	A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L
	Smartstream G1.6 T-GDi / Smartstream G2.0 / Smartstream G2.5 GDi		7500 км (4500 миль) немесе 6 ай сайын	
Ауа тазартқыш сүзгісі		R	Күйіне байланысты жиірек ауыстырыңыз	C, E
Оталдыру білтелері		R	Күйіне байланысты жиірек ауыстырыңыз	A, B, F, G, H, I, K
Руль механизмінің рейкасы, тартқышы және шаңнан қорғайтын тысқаптары		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G
Алдыңғы аспаның шарлы топсалары		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G, H, I
Тежегіш дискілері мен қыспақтары, суппорттары және роторлары		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, G, H, J, K
Тұрақ тежегіші (бар болса)		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, G, H
Жетек білігі және шаңнан қорғайтын тысқаптар		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G, H, I, J

Техникалық қызмет көрсету элементі	Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі	Қозғалу жағдайлары
Салонның ауа сүзгісі	R	Күйіне байланысты жиірек ауыстырыңыз	C, E, G
Механикалық трансмиссияға арналған сұйықтық (бар болса)	R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, E, F, G, H, I, J
Автоматты беріліс қорабына арналған сұйықтық (бар болса)	R	90 000 км (60 000 миль) сайын	A, C, D, E, F, G, H, I, J, K
Қос іліністі беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, F, G, H, I, J
Артқы дифференциал майы (4WD)	R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, E, G, H, I, J
Үлестіруші қорап майы (4WD)	R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, E, G, H, I, J
Карданды білік	I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G, H, I, J

Қолайсыз пайдалану жағдайлары

A. Қалыпты температурада 8 км (5 миль) кем немесе нөлден төмен температурада 16 км (10 миль) кем қысқа қашықтықтарға қайта-қайта жол жүру

B. Қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ уақыт жұмыс істеуі немесе төмен жылдамдықпен үлкен қашықтықтарға жол жүру.

C. Тегіс емес, шаңды, батпақты жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық тас не тұз төселген жолмен қозғалу.

D. Тұз немесе басқа коррозиялық материалдар қолданылатын жермен жүру немесе өте суық ауа райында жол жүру

E. Ауасы қатты тозаңданған жағдайларда жол жүру.

F. Көлік жүктемесі жоғары жолдармен қозғалу.

G. Тауға қарай, таудан төмен немесе таулы жолдармен жиі жүру.

H. Сүйрегіш көлік немесе автофургон ретінде пайдалану, сондай-ақ төбеге жүк салып тасымалдау.

I. Патруль автокөлігі, такси, коммерциялық автокөлік немесе сүйрегіш көлік ретінде пайдалану.

J. Жоғары жылдамдықпен немесе жылдамдықты тез үдетіп/шұғыл тежеп жиі жүру.

K. Жиі аялдай отырып қозғалу

L. Ұсынылмаған мотор майын (минералды, жартылай синтетикалық, тұтқырлық классы төменірек және т.б.) пайдалану.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропаны қоспағанда)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Жетек белбеулері *1	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi, Smartstream G1.6 T-GDi		I		I		I		I
	Smartstream D2.0 — Ресейді қоспағанда	Бірінші тексеру 80 000 км (50 000 миль) немесе 48 айдан кейін, осыдан кейін — әр 20 000 км (12 500 миль) немесе 12 ай сайын.							
	Smartstream D2.0 — Ресей үшін	Бірінші тексеру 90 000 км (60 000 миль) немесе 48 айдан кейін, осыдан кейін — әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын.							
Газды үлестіру механизмінің белбеуі	Smartstream D2.0	Тексеру 120 000 км (80 000 миль) жол жүрген сайын, ауыстыру 240 000 км (160 000 миль) сайын.							
Газ үлестіру механизмі белбеуінің жүйесі (ГҮМ белбеуі, май белбеуі, су помпасы, кергіш, бос шкив)	Smartstream D2.0	Ауыстыру 240 000 км (160 000 миль) сайын							

*1 Жетек белбеуінің кергішін, бағыттауыш дөңгелекті және генератор шкивін тексеріңіз. Қажет болса, жөндеу немесе ауыстыру жұмысын жүргізіңіз.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропаны қоспағанда) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Мотор майы және май сүзгісі [*1, *2]	Smartstream D2.0 — Ресейді қоспағанда	Ауыстыру 10 000 км (6 200 миль) немесе 12 ай сайын							
	Smartstream D2.0 — Ресей үшін	Ауыстыру 15 000 км (10 000 миль) жол жүрген немесе 12 ай сайын							
	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi — Орталық және Оңтүстік Американдан, Мексикадан өзге [*3]	R	R	R	R	R	R	R	R
	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi — Орталық және Оңтүстік Америка, Мексика үшін [*3]	Ауыстыру 10 000 км (6 200 миль) немесе 12 ай сайын							
	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi — Мексика үшін	Ауыстыру 10 000 км (6200 миль) жол жүрген немесе 6 ай сайын							
	Smartstream G1.6 T-GDi — Мексикадан өзге	Ауыстыру 10 000 км (6 200 миль) немесе 12 ай сайын							
	Smartstream G1.6 T-GDi — Мексика үшін	Ауыстыру 10 000 км (6200 миль) жол жүрген немесе 6 ай сайын							

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Отынға қосылатын қоспалар *4 *5	Smartstream G2.5 GDi , Smartstream G1.6 T-GDi	Ауыстыру 10 000 км (6 200 миль) немесе 12 ай сайын							

*1 Май деңгейін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз және қажет болса, оны қозғалтқышқа қосымша құйыңыз. Майдың жеткіліксіз мөлшерімен пайдаланған жағдайда қозғалтқышқа зақым келуі мүмкін; мұндай зақымға кепілдік таралмайды.

*2 Мотор майының деңгейін және жылыстаулардың болмауын 500 км (350 миль) сайын немесе ұзақ сапарға шығар алдында тексеріп отырыңыз. Қозғалыс кезінде мотор майы шығындалатындықтан оның деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Автокөлікті қалыпты пайдалану жағдайларында мотор майын ауыстыру интервалы тиісті сипаттамалары бар ұсынылған майдың пайдаланылуына байланысты. Ұсынылмаған мотор майын пайдаланған жағдайда ауыстыруды автокөлікті қатаң пайдалану жағдайларына арналған қызмет көрсету кестесі бойынша жүргізіп отыру қажет.

*3 Орталық және Оңтүстік Америка елдерінің тізбесі Бразилияны және т.б. қамтиды.

*4 Егер бензиндер еуропалық отын стандарттарына (EN228) немесе олардың баламаларына сәйкес жақсы сапалы болса, отын қоспаларын қосқан кезде қоспасы бар бір бөтелкені пайдалануға кеңес беріледі. Қоспаларды ресми HYUNDAI дилерінен сатып алуға болады. Сонымен қатар оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Қоспалардың басқа түрлерін қолданбаңыз.

*5 Ешқашан қозғалтқыш майына қоспалар қоспаңыз. Қоспалар қозғалтқыш майының қасиеттерін өзгерте алады және оның жұмысында елеулі ақаулар тудыруы мүмкін.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропаны қоспағанда) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Интеркулер, кіргізу/ шығару құбыршектері	Smartstream G1.6 T-GDi	Бірінші тексеру 10 000 км (6 500 миль) немесе 6 айдан кейін, осыдан кейін — әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын.							
Ауа қармауыш құбыршегі	Smartstream G1.6 T-GDi	I	I	I	I	I	I	I	I
Ауа тазартқыш сүзгісі	Таяу Шығыс елдерін қоспағанда*1	I	I	R	I	I	R	I	I
	Таяу Шығыс елдері үшін*1	R	R	R	R	R	R	R	R
Оталдыру білтелері	Smartstream G1.6 T-GDi	Ауыстыру 75 000 км (50 000 миль) сайын *3							
	Smartstream G1.6 T-GDi қозғалтқышынан өзге — Этилденбеген отын	Ауыстыру 150 000 км (100 000 миль) сайын *2							
	Smartstream G1.6 T-GDi қозғалтқышынан өзге — Этилденген отын	Ауыстыру 30 000 км (20 000 миль) сайын *2							
Отын багының бу өткізгіштерінің құбыршектері және құю аузының қақпағы	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi, Smartstream G1.6 T-GDi				I				I
Отын багының ауа сүзгісі			I		R		I		R
Отын сүзгісі *3									
Отын өткізгіштер, құбыршектер мен қосылыстар					I				I

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Отын багы аузының қақпағы	Smartstream D 2.0				I				I
Отын өткізгіштер, құбыршектер мен қосылыстар			I		I		I		I

*1 Таяу Шығыс елдерінің тізбесі Үндістанды, Иранды, Ливияны, Алжирді, Суданды, Марокконы, Тунисті және Египетті қамтиды.

*2 Орталық және Оңтүстік Америка елдерінің тізбесі Бразилияны және т.б. қамтиды.

*3 Ыңғайлылық үшін ауыстыруды техникалық қызмет көрсетудің басқа пункттерін орындау кезінде жүргізуге болады.

** Отын сүзгісі техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді деп есептеледі, алайда отын сапасына байланысты мерзімді тексерістер өткізіп отыруға кеңес беріледі. Қауіпсіздікпен байланысты күрделі ақаулар туындаған жағдайда (мысалы, отынның берілуінің шектелуі, берілудің бақылаусыз күрт ұлғаюы, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру кезіндегі қиындықтар және т. б.), техникалық қызмет көрсету кестесіне қарамастан дереу сүзгіні ауыстырыңыз. HYUNDAI ресми дилерінің кеңесін алу ұсынылады.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропаны қоспағанда) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Отын сүзгісінің сүзгіш элементі (Smartstream D2.0) *1	EN590 стандартынан өзге (дилерге хабарласыңыз)	Техникалық қызмет көрсету кестесі пайдаланылатын отынның сапасына байланысты							
	EN590 үшін	I	R	I	R	I	R	I	R
Салқындату жүйесі		I	I	I	I	I	I	I	I
Барлық электр жүйелері		I	I	I	I	I	I	I	I
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы *2		Бірінші ауыстыру 195 000 км (120 000 миль) немесе 120 айдан кейін, осыдан кейін — әр 30 000 км (25 000 миль) немесе 24 ай сайын *3							
Аккумулятор батареясының күйі	Таяу Шығыс елдерін қоспағанда	I	I	I	I	I	I	I	I
	Таяу Шығыс елдері үшін	Қарап тексеру 10 000 км (6200 миль) немесе 6 ай сайын							
Құбыршектер, отын құбыршектері және тежеу жүйесінің қосылыстары		I	I	I	I	I	I	I	I
Тұрақ тежегіші (бар болса)			I		I		I		I

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТІ									
Ілінісу/тежегіш гидирожетегінің сұйықтығы (бар болса)		I	I	R	I	I	R	I	I
Тежегіш дискілері мен қыспақтары		I	I	I	I	I	I	I	I

*1 Техникалық қызмет көрсету кестесі пайдаланылатын отынның сапасына байланысты. Кесте EN590 немесе осыған ұқсас сапалы отынды пайдаланған жағдайда жарамды. Егер дизель отынының сипаттамалары EN590 стандартына сәйкес келмесе, ауыстыруды жиірек орындау қажет. HYUNDAI тексеруді 7500 км сайын, ауыстыруды 15 000 км сайын орындап отыруға кеңес береді. Қауіпсіздікпен байланысты күрделі ақаулар туындаған жағдайда (мысалы, отынның берілуінің шектелуі, берілудің бақылаусыз күрт ұлғаюы, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру кезіндегі қиындықтар және т. б.), техникалық қызмет көрсету кестесіне қарамастан дереу сүзгіні ауыстырыңыз. HYUNDAI ресми дилерінің кеңесін алу ұсынылады.

*2 Салқындату сұйықтығын қосқан кезде бұл автокөлік үшін тек ионсыздандырылған суды немесе жұмсартылған суды ғана пайдаланыңыз; өндіруші зауытта автокөлікке құйылған салқындату сұйықтығының үстіне кермек су қосып құюға тыйым салынады. Сәйкес келмейтін салқындату сұйықтығын пайдалану қозғалтқыштың күрделі ақаулығына немесе зақымдалуына алып келуі мүмкін.

*3 Ыңғайлылық үшін ауыстыруды техникалық қызмет көрсетудің басқа пункттерін орындау кезінде жүргізуге болады.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Еуропаны қоспағанда) (жалғасы)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕТІН ЭЛЕМЕНТ									
Руль механизмінің рейкасы, тартқышы және шаңнан қорғайтын тысқаптары		I	I	I	I	I	I	I	I
Жетек білігі және шаңнан қорғайтын тысқаптар			I		I		I		I
Шиналардың орындарын ауыстырып салу (қысымын және протекторын тексерумен бірге)		Ауыстырып салуды әр 15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын орындаңыз							
Алдыңғы аспаның шарлы топсалары		I	I	I	I	I	I	I	I
Ауаны кондициялау жүйесінің салқындатқыш агенті		I	I	I	I	I	I	I	I
Кондиционер компрессоры		I	I	I	I	I	I	I	I
Салонның ауа сүзгісі		R	R	R	R	R	R	R	R
Механикалық трансмиссия сұйықтығы (бар болса) *1		Тексеру және сервистік қызмет көрсету қажет емес							
Қос іліністі трансмиссияның сұйықтығы *1		Тексеру және сервистік қызмет көрсету қажет емес							

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	мильдер x1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км × 1000	15	30	45	60	75	90	105	120
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕТІН ЭЛЕМЕНТ									
Автоматты беріліс қорабына арналған сұйықтық (бар болса)	Таяу Шығыс елдерін қоспағанда	Тексеру және сервистік қызмет көрсету қажет емес							
	Таяу Шығыс елдері үшін		I		I		I		I
Үлестіру қорабының майы (4WD) *1					I				I
Артқы дифференциал майы (4WD) *1					I				I
Карданды білік (4WD)			I		I		I		I
Клапан саңылауы	Smartstream G1.6 T-GDi *2						I		
«ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесінің батареясы (бар болса)		Әр 4 жыл сайын ауыстырылуы тиіс							
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі			I		I		I		I

*1 Механикалық трансмиссияның/қос іліністі трансмиссияның сұйықтығын, үлестіру қорабының майын және дифференциал майын олар суға батырылғаннан кейін әрбір жолы ауыстыру қажет.

*2 Клапанда шектен тыс шуылдың және/немесе қозғалтқыштың діріліне болуына қатысты тексеріңіз және қажет болса, реттеңіз. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI өкілетті дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

Қолайсыз пайдалану жағдайларында және аз жүрілген жолмен техникалық қызмет көрсету (Еуропаны қоспағанда)

Төменде көрсетілген техникалық қызмет көрсету операциялары көбіне қолайсыз жағдайларда пайдаланылатын автокөліктерде жиірек орындалуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсетудің сәйкес мерзімділігін төмендегі тараудан қараңыз.

R: Алмастыру немесе ауыстыру.

I: Тексеру және қажет болса, реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

Техникалық қызмет көрсету элементі		Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі	Қозғалу жағдайлары
Мотор майы және сүзгі	Smartstream D2.0 — Ресейді қоспағанда	R	5000 км (3000 миль) немесе 6 ай сайын	A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L
	Smartstream D2.0 — Ресей үшін		7500 км (4500 миль) немесе 6 ай сайын	
	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi — Марокконы, Египетті және Мексиканы қоспағанда		8000 км (5000 миль) немесе 6 ай сайын	
	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi — Марокко және Египет үшін		5000 км (3000 миль) немесе 6 ай сайын	
	Smartstream G2.0, Smartstream G2.5 GDi — Мексика үшін		5000 км (3000 миль) немесе 3 ай сайын	

Техникалық қызмет көрсету элементі		Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі	Қозғалу жағдайлары
Мотор майы және сүзгі	Smartstream G1.6 T-GDi — Мексиканы қоспағанда	R	5000 км (3000 миль) немесе 6 ай сайын	A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L
	Smartstream G1.6 T-GDi — Мексика үшін		5000 км (3000 миль) немесе 3 ай сайын	
Ауа тазартқыш сүзгісі		R	Күйіне байланысты жиірек ауыстырыңыз	C, E
Оталдыру білтелері		R	Күйіне байланысты жиірек ауыстырыңыз	A, B, F, G, H, I, K
Руль механизмінің рейкасы, тартқышы және шаңнан қорғайтын тысқаптары		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G
Алдыңғы аспаның шарлы топсалары		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G
Тежегіш дискілері мен қыспақтары, суппорттары және роторлары		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, G, H, J, K
Тұрақ тежегіші (бар болса)		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, G, H
Жетек білігі және шаңнан қорғайтын тысқаптар		I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G, H, I, K
Салонның ауа сүзгісі		R	Күйіне байланысты жиірек ауыстырыңыз	C, E, G
Механикалық трансмиссияға арналған сұйықтық (бар болса)		R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, E, F, G, H, I, J

Техникалық қызмет көрсету элементі	Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі	Қозғалу жағдайлары
Автоматты беріліс қорабына арналған сұйықтық (бар болса)	R	100 000 км (62 000 миль) сайын	A, C, F, G, H, I, J, K
Қос іліністі беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, F, G, H, I, J
Артқы дифференциал майы (4WD)	R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, E, G, H, I, J
Үлестіруші қорап майы (4WD)	R	120 000 км (80 000 миль) сайын	C, D, E, G, H, I, J
Карданды білік (4WD)	I	Күйіне байланысты жиірек тексеріңіз	C, D, E, F, G, H, I, J

Қолайсыз пайдалану жағдайлары

A. Қалыпты температурада 8 км (5 миль) кем немесе нөлден төмен температурада 16 км (10 миль) кем қысқа қашықтықтарға қайта-қайта жол жүру

B. Қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ уақыт жұмыс істеуі немесе төмен жылдамдықпен үлкен қашықтықтарға жол жүру.

C. Тегіс емес, шаңды, батпақты жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық тас не тұз төселген жолмен қозғалу.

D. Тұз немесе басқа коррозиялық материалдар қолданылатын жермен жүру немесе өте суық ауа райында жол жүру

E. Ауасы қатты тозаңданған жағдайларда жол жүру.

F. Көлік жүктемесі жоғары жолдармен қозғалу.

G. Тауға қарай, таудан төмен немесе таулы жолдармен жиі жүру.

H. Сүйрегіш көлік немесе автофургон ретінде пайдалану, сондай-ақ төбеге жүк салып тасымалдау.

I. Автокөлікті патрульдік-посттық қызметте, такси қызметінде, коммерциялық мақсаттарда немесе көлік құралдарын сүйреу үшін пайдалану.

J. Жоғары жылдамдықпен немесе жылдамдықты тез үдетіп/шұғыл тежеп жиі жүру.

K. Жиі аялдай отырып қозғалу

L. Ұсынылмаған мотор майын (минералды, жартылай синтетикалық, тұтқырлық классы төменірек және т.б.) пайдалану.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету пункттерінің сипаттамасы

Мотор майы мен қозғалтқыштың май сүзгісі

Мотор майын және сүзгіні техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзіммен ауыстыру қажет. Егер автокөлік қолайсыз жағдайларда пайдаланылатын болса, майды және сүзгіні ауыстыру жиірек орындалуы тиіс.

Жетек белбеулері

Барлық жетек белбеулерінде кесілген жерлерінің, жарықтарының, қатты тозу белгілерінің немесе майдың сіңген іздерінің бар-жоғын қарап тексеріңіз және қажет болса, оларды ауыстырыңыз.

Жетек белбеулерінің керілуінің дұрыстығын мезгіл-мезгілімен тексеріп отыру және қажет болса, оларды реттеу қажет.

i Ақпарат

Белбеуді қарап тексеру кезінде қозғалтқышты өшіріңіз.

Отын өткізгіш құбырлары, иілгіш құбыршектер мен қосылыстар

Отын өткізгіштерді, құбыршектер мен қосылыстарды жылыстауларының және зақымдарының бар-жоғына қатысты тексеріңіз. Зақымдалған немесе сұйықтығы ағып тұрған бөлшектерді кідірместен HYUNDAI ресми дилеріне ауыстыртуға кеңес беріледі.

Отын сүзгісі (бензинді қозғалтқышқа арналған)

Отын сүзгісі техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді деп есептеледі, алайда отын сапасына байланысты мерзімді тексерістер өткізіп отыруға кеңес беріледі. Қауіпсіздікпен байланысты күрделі ақаулар туындаған жағдайда (мысалы, отынның берілуінің шектелуі, берілудің бақылаусыз күрт ұлғаюы, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру кезіндегі қиындықтар және т. б.), дереу отын сүзгісін ауыстырыңыз. HYUNDAI ресми дилерінің кеңесін алу ұсынылады.

Отын сүзгісі (сүзгіш элемент) (дизельді қозғалтқыш)

Бітелген сүзгі автокөлік жылдамдығының төмендеуін, пайдаланылған газдарды тазалау жүйесінің зақымдалуына және басқа да проблемаларға, мысалы, қозғалтқыштың қиын оталуына алып келуі мүмкін. Егер отын багында бөтен заттардың шектен тыс мөлшері жиналып қалса, сүзгіні жиірек ауыстыру қажет болуы мүмкін. Жаңа сүзгіні орнатқаннан кейін қозғалтқышты бірнеше минут жұмыс істетіп қойыңыз және қосылыстарда жылыстаудың болмауын тексеріңіз. Отын сүзгісін HYUNDAI ресми дилеріне орнатқызуға кеңес беріледі.

Отын багының бу өткізгіштерінің құбыршектері және құю аузының қақпағы

Отын багының булар құбыршегі мен отын құятын аузының қақпағын техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзіммен қарап тексеру қажет. Отын багының булар құбыршегі мен отын құю аузының қақпағының дұрыс ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

Картерді желдету вакуумдық құбыршектері

Бар болса

Құбыршектердің бетінде жылудан болған және/немесе механикалық зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз. Резеңке жабынының қаттылығы мен сынғыштығы, сызаттары, жарықтары, кесілген жерлері, абразивті сипаттағы зақымдары және шектен тыс ісінуі құбыршек күйінің нашарлағанын көрсетеді. Жоғары температура көздерінің, мысалы, пайдаланылған газдарды шығару құбырының жанында орналасқан құбыршектердің бетіне ерекше назар аудару қажет.

Құбыршектердің жылудан болатын немесе механикалық тозуға алып келуі мүмкін жылу көздеріне, үшкір жиектерге немесе қозғалып тұрған бөлшектерге жанаспайтынына көз жеткізіңіз. Құбыршектердің барлық қосылыстарын тексеріңіз және олардың сенімді бекітілгеніне және жылыстаулардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Күйінің нашарлауының белгілері немесе зақымдары анықталған жағдайда құбыршектерді дереу ауыстыру қажет.

Ауа тазартқыш сүзгісі

Ауа сүзгісін ауыстыруды HYUNDAI ресми дилеріне орындатуға кеңес беріледі.

Оталдыру білтелері (бензинді қозғалтқышқа арналған)

Дұрыс жылу сипаттамалары бар жаңа оталдыру білтелерінің орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Конструкцияны жинаған кезде оқшаулағыштың ластануына жол бермеу үшін оталдыру шарғысының ұштығында төмендегі ішкі және сыртқы бөліктерін және білтенің оқшаулағышын жұмсақ шүберекпен міндетті түрде сүртіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыш қызып тұрғанда оталдыру білтелерін ажыратпаңыз және тексермеңіз. Күйік шалу қаупі бар.

Салқындату жүйесі

Салқындату жүйесінің радиатор, кеңейткіш бак, құбыршектер мен қосылыстар секілді компоненттерінде жылыстаулардың және зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз. Кез келген зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы

Салқындату сұйықтығын техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзіммен ауыстыру қажет.

Механикалық трансмиссия сұйықтығы

Бар болса

Механикалық беріліс қорабына арналған сұйықтықты техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тексеріңіз.

АБҚ сұйықтығы

Бар болса

Егер автокөлікті пайдалану қалыпты жағдайларда жүргізілетін болса, автоматты беріліс қорабындағы майдың күйін тексеру қажет емес.

Автоматты трансмиссиядағы сұйықтықты техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилеріне ауыстыртуға кеңес беріледі.

i Ақпарат

Жаңа кезінде АБАҚ-қа арналған сұйықтық қызыл түсті болады.

Автокөлік пайдаланылған сайын автоматты трансмиссиядағы майдың түсі қараяды.

Бұл қалыпты құбылыс. Оны түсінің өзгеруіне байланысты ауыстыру қажет емес.

Ескертпе

Талаптарға сай келмейтін трансмиссия сұйықтығын пайдалану трансмиссияның ақаулықтарына және оның істен шығуына алып келуі мүмкін.

Автоматтық трансмиссия үшін тек көрсетілген сұйықтықты ғана пайдаланыңыз. (Толығырақ 2-тараудың «Ұсынылған майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат» бөлімінен қараңыз).

Қос іліністі трансмиссия сұйықтығы

Бар болса

Қос іліністі беріліс қорабының сұйықтығын техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тексеріңіз.

Тежеу жүйесінің өткізгіш құбырлары мен иілгіш құбыршектері

Орнатылуының дұрыстығын, сырылған жерлерінің, жарықтарының, тозу іздерінің және жылыстаулардың бар-жоғын визуалды түрде тексеріңіз. Кез келген тозған немесе зақымдалған бөлшектерді дереу ауыстырыңыз.

Тежеу жүйесінің/ілінісудің гидрожетегінің сұйықтығы

Бар болса

Тежеу жүйесінің багындағы тежегіштің/ілінісудің гидрожетегі сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Деңгей бактың қабырғасына басылған «MIN» (Минимум) және «MAX» (Максимум) белгілерінің арасында орналасуы тиіс. Тек ілінісудің / тежеу жүйесінің гидрожетегіне арналған және DOT ерекшеліктеріне сәйкес келетін сұйықтықты ғана пайдаланыңыз 4.

Тұрақ тежегіші

Бар болса

Тұрақ тежегішін және сымарқандарын қоса алғанда тұрақ тежегіші жүйесін тексеріңіз.

Тежегіш дискілері, қыспақтары, суппорттары және роторлары

Қыспақтарды, дискілерді және роторларды шектен тыс тозуға қатысты тексеріңіз. Суппорттарда сұйықтықтың жылыстауының бар-жоғын тексеріңіз.

Қыспақтарды тексеру немесе қаптамалардың максималды рұқсат етілген тозуы туралы қосымша мәліметтерді HYUNDAI веб-сайтынан қараңыз.

(http://service.hyundai-motor.com)

Карданды білік

Карданды білікте, тозаңдықтарда, қамыттарда, резеңке муфталарда және орталық мойынтіректің тығыздауышында жарықтардың, тозу немесе зақымдану іздерінің бар-жоғын тексеріңіз. Зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз және қажет болса, толтырмасын алмастырыңыз.

Аспаның монтаждық болттары

Аспа қосылыстарында босаған немесе зақымдалған жерлерінің бар-жоғын тексеріңіз. Талап етілетін айналдыру сәтіне дейін бұрап қатырыңыз.

Картер, руль механизмінің жетегі және тысқаптары / астыңғы иінтіректің шарлы тіреуі

Автокөлікті тоқтатыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және руль дөңгелегінің шектен тыс люфтінің болмауын тексеріңіз. Жетекте майысқан немесе зақымдалған жерлерінің бар-жоғын тексеріңіз. Тозаңдықтар мен шарлы тіреулерде тозу іздерінің, жарықтардың немесе зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз.

Кез келген зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Дөңгелектердің жетектерінің біліктері мен тысқаптары

Жетек біліктерінде, тозаңдықтарда және қысқыштарда жарықтардың, тозу іздерінің немесе зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз. Зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз және қажет болса, толтырмасын алмастырыңыз.

Кондиционер жүйесінің салқындату агенті

Кондиционер жүйесінің желісі мен қосылыстарын жылыстаулардың және зақымдардың болуына қатысты тексеріңіз.

Мотор майы

Мотор майының деңгейін тексеру


Мотор майы қозғалтқыштың әртүрлі гидравликалық компоненттерін майлауды, салқындатуды және қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді Мотор майы әрдайым қозғалыс кезінде шығындалады, сондықтан оның деңгейін жүйелі түрде тексеріп және қажет болса, қосымша май құйып отыру қажет. Сонымен бірге майдың жұмыстық сипаттамаларының төмендеуінің алдын алу үшін майдың деңгейін тексеруді және қосымша құюды ұсынылған техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізу қажет.

Май деңгейін тексеруді төменде сипатталған рәсімге сәйкес жүргізу қажет.


Бензиндік қозғалтқыш

1. Май өндірушісі көрсеткен барлық сақтық шараларын сақтаңыз.
2. Автокөліктің тегіс бетте тұрақ тежегіші қосылып және дөңгелектері бұғатталып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Қозғалтқышты оталдырыңыз және салқындату агентінің температурасы қалыпты деңгейге жеткенше оны қыздырыңыз.
4. Қозғалтқышты өшіріңіз, май құю аузының қақпағын ашыңыз және май өлшейтін сүңгіні суырып алыңыз. Май картер табандығына қайтып шөккенге дейін 15 минут күтіңіз.
5. Сүңгіні тазалап сүртіңіз де, тірелгенше қайта сұғыңыз.


Smartstream G1.6 T-GDi



Smartstream G2.0




Smartstream G2,5 GDi




6. Сүңгіні қайта суырыңыз және май деңгейін тексеріңіз. Деңгей «F» (толы) және «L» (төмен) белгілерінің арасында тұруы тиіс.


Smartstream G1.6 T-GDi



Smartstream G2.0



Smartstream G2,5 GDi



7. Егер май деңгейі «L» (төмен) белгісінен төмен тұрса, деңгей «F» (толы) белгісіне дейін көтерілетіндей май мөлшерін құйыңыз.

Тек ұсынылған қозғалтқыш майын ғана қолданыңыз (2-тараудағы «Рұқсат етілген майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат» бөлімін қараңыз).


Ескертпе

Қозғалтқыштың зақымдануының алдын алу үшін:

- Қосымша құю немесе ауыстыру кезінде мотор майының төгілуіне жол бермеңіз. Төгілген майды дереу сүртіп алыңыз.
- Жаңа автокөліктегі мотор майының шығыны тежелген кезде көбеюі мүмкін және 6000 км (4000 миль) жол жүргеннен кейін тұрақтанады.
- Мотор майының шығынына жүргізу мәнері, климаттық жағдайлар, қозғалыс жағдайлары, майдың сапасы және т. с. с. әсер етуі мүмкін. Яғни мотор майының деңгейін жүйелі түрде тексеріп және қажет болса қосымша май құйып отыруға кеңес беріледі.

Дизель қозғалтқыш

Smartstream D2.0




диапазон	Қажетті шаралар
A	Ресми HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.
B	Мотор майын қосымша құймаңыз.
C	Мотор майын қосымша құюыңызға болады, алайда «C» диапазонының деңгейінен асырмаңыз.
D	Қосымша май құю және оның деңгейі «C» диапазонының шегінде тұрғанына көз жеткізу қажет.

Мотор майы майлау және салқындату үшін қолданылады, сондықтан автокөлік қозғалған кезде біртіндеп шығындалады. Төменде келтірілген рәсімді қолдана отырып май деңгейін жүйелі түрде тексеріп және бақылап отыру қажет.

1. Май өндірушісі көрсеткен барлық сақтық шараларын сақтаңыз.
2. Автокөліктің тегіс бетте тұрақ тежегіші қосылып және дөңгелектері бұғатталып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Қозғалтқышты қосыңыз және оны қалыпты жұмыс температурасына дейін қыздырыңыз.
4. Қозғалтқышты өшіріңіз, май құю аузының қақпағын ашыңыз және май өлшейтін сүңгіні суырып алыңыз. Май картер табандығына қайтып шөккенге дейін 15 минут күтіңіз.
5. Сүңгіні тазалап сүртіңіз де, тірелгенше қайта сұғыңыз.
6. Сүңгіні қайта суырыңыз және май деңгейін тексеріңіз. Деңгей «C» диапазонында болуы тиіс.

Smartstream D1.6



Егер деңгей «D» диапазонында болса, оны «C» диапазонына дейін көтеру үшін жеткілікті мотор майын қосымша құйыңыз.

Тек ұсынылған қозғалтқыш майын ғана қолданыңыз (2-тараудағы «Рұқсат етілген майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат» бөлімін қараңыз).

Ескертпе

Қозғалтқыштың зақымдануының алдын алу үшін:

- Қосымша құю немесе ауыстыру кезінде мотор майының төгілуіне жол бермеңіз. Төгілген майды дереу сүртіп алыңыз.
- Жаңа автокөліктегі мотор майының шығыны тежелген кезде көбеюі мүмкін және 6000 км (4000 миль) жол жүргеннен кейін тұрақтанады.

- Мотор майының шығынына жүргізу мәнері, климаттық жағдайлар, қозғалыс жағдайлары, майдың сапасы және т. с. с. әсер етуі мүмкін. Яғни мотор майының деңгейін жүйелі түрде тексеріп және қажет болса қосымша май құйып отыруға кеңес беріледі.

Мотор майын және сүзгіні ауыстыру



- Мотор майы мен сүзгіні кестесі осы тараудың басында келтірілген жоспарлы техникалық қызмет көрсету шеңберінде HYUNDAI ресми дилерінде ауыстыртуға кеңес беріледі.
- Егер мотор майын ауыстырудың жоспарлы мерзімі сақталмаса, майдың жұмыстық сипаттамалары төмендеуі мүмкін, бұл қозғалтқыштың күйіне әсер етеді. Яғни мотор майын техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырып отыру қажет.
- Қозғалтқыштың оңтайлы жұмыстық күйін сақтау үшін ұсынылған мотор майы мен сүзгіні қолдану қажет. Ұсынылмаған май мен сүзгіні қолданған жағдайда ауыстыруды қатаң пайдалану жағдайларына сәйкес келетін кесте бойынша жүргізу қажет.
- Мотор майын ауыстыру кестесі майдың тотығуының алдын алуға мүмкіндік береді, алайда оның шығындалуына әсер етпейді. Май деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру және қосымша құю қажет.

i Ақпарат

Қозғалтқыштағы майдың қысымы оның жетіспеушілігінен төмендегенде, май қысымының сигнал индикаторы (🛢) жанады. Бұл күйде ұзақ жүргенде қозғалтқыштың күшейтілген қорғаныс жүйесі іске қосылады, ол оның қуатын шектейді және ақау индикаторы жанады (🔧). Май қысымы қалпына келтірілгеннен кейін, қозғалтқыш қайта іске қосылған кезде индикатор мен қозғалтқыштың күшейтілген қорғаныс жүйесі өшеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қозғалтқышты өшірген сәтте мотор майының температурасы өте жоғары болады, нәтижесінде майды ауыстыру кезінде күйік шалуы мүмкін. Ауыстыруды қозғалтқыштағы май суығаннан кейін жүргізу қажет.
- Ешқашан қозғалтқыш майына қоспалар қоспаңыз. Қоспалар қозғалтқыш майының қасиеттерін өзгерте алады және оның жұмысында елеулі ақаулар тудыруы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


Егер ұзақ уақыт бойы тері жабынына тиетін болса, пайдаланылған мотор майы теріні тітіркендіруі немесе обыр ауруларын тудыруы мүмкін. Пайдаланылған мотор майының құрамында зертханалық жануарларда обыр ауруларын тудырған химиялық заттектер бар. Теріңізді әрдайым қорғаңыз және пайдаланылған май тигеннен кейін мүмкіндігінше тездетіп қолдарыңызды жылы сумен мұқият сабындап жуыңыз.

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы

Жоғары қысымды салқындату жүйесі бүкіл жыл бойы пайдалануға арналған антифриз толтырылған бакпен жабдықталған. Бак өндіруші зауытта толтырылады.

Антрифризділ қорғанышын және салқындату сұйықтығының деңгейін кемінде жылына бір рет, қыс маусымының басында және суық климаты бар өңірлерге жол жүрер алдында тексеріп отырыңыз.

Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру



Салқындату және жылыту жүйелерінің барлық құбыршектерінің күйі мен қосылыстарын тексеріңіз. Барлық ісінген немесе тозған құбыршектерді ауыстырыңыз.

Салқындату сұйықтығының деңгейі қозғалтқыш суып тұрған кезде бак қабырғасындағы «MAX» (Макс.) және «MIN» (Мин.) белгілерінің арасында тұруы тиіс.

Егер салқындату сұйықтығының деңгейі төмен болса, дистилденген (ионсыздандырылған) су қосып құйыңыз. Деңгейді «MAX» (Макс.) белгісіне дейін жеткізіңіз, алайда сұйықтықты тым көп мөлшерде құймаңыз. Егер сұйықтықты жиі қосымша құю қажет болса, салқындату жүйесін HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ



Ешқашан қозғалтқыш пен радиатор қызып тұрғанда бактың қақпағын немесе құйып алу саңылауының тығынын шешуші болмаңыз. Ыстық салқындату сұйықтығы мен бу қысыммен сыртқа атқылап шығуы және ауыр жарақаттар келтіруі мүмкін.

Қозғалтқышты өшіріңіз және суығанша күтіңіз. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының бағының қақпағын ашу кезінде ерекше абай болыңыз. Оны қалың орамалмен орап ұстаңыз және бірінші тірелгенге дейін сағат тіліне қарсы бағытта жайымен бұраңыз. Салқындату жүйесіндегі қысым босап шыққанша кері шегініп тұра тұрыңыз. Қысымның босатылғанына көз жеткізгеннен кейін қалың матамен жауып ұстап, радиатор қақпағын басыңыз және сағат тіліне қарсы бұрауды жалғастырып, қақпақты шешіп алыңыз.

i Ақпарат

Салқындату сұйықтығының деңгейіне қозғалтқыш температурасы әсер етеді. Салқындату сұйықтығын тексерер немесе құяр алдында қозғалтқышты өшіріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ




Қозғалтқышты салқындату желдеткішінің электрқозғалтқышы қозғалтқыш өшіп тұрғанда да жұмыс істеуін жалғастыруы немесе қосылуы мүмкін, бұл күрделі жарақаттарға алып келуі мүмкін. Қолдарыңызды, киіміңізді және құрал-саймандарды салқындату желдеткішінің айналып тұрған қалақтарынан алыс ұстаңыз.

Қосулы тұрған қозғалтқышымен қарап тексеруді қажет етпесе, әрдайым автокөлікті өшіріп жұмыс істеңіз. Абай болыңыз, себебі аккумулятордың теріс (-) шықпасы ажыратылмаған болса, салқындату желдеткіші жұмыс істеп кетуі мүмкін.


⚠ ЕСКЕРТУ

Салқындату сұйықтығын қосымша құйғаннан кейін құятын ауыздың қақпағының толық жабылғанына көз жеткізіңіз. Жабылмаса, жүрген кезде қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін.

Мотор бөлімінің алдынан қарағандағы көрінісі



1. Салқындату сұйықтығына арналған бактың қақпағындағы заттаңбаның алдыға қарай бағытталғанына көз жеткізіңіз.



2. Салқындату сұйықтығын құятын ауыз қақпағының ішіндегі шағын дөңестердің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Ұсынылатын салқындату сұйықтығы

- Салқындату сұйықтығын қосқан кезде бұл автокөлік үшін тек ионсыздандырылған, дистилденген немесе жұмсартылған суды ғана пайдаланыңыз; өндіруші зауытта автокөлікке құйылған салқындату сұйықтығының үстіне кермек су қосып құюға тыйым салынады.
- Дұрыс емес салқындату сұйықтығын пайдалану қозғалтқыштың күрделі ақаулығына немесе зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Автокөлік қозғалтқышының алюминий бөлшектерін коррозиядан қорғау және қатып қалудың алдын алу үшін фосфаттары бар этиленгликоль негізіндегі салқындату сұйықтығы қолданылуы тиіс.
- Метил және этил спирттерін қолдануға, сондай-ақ оларды ұсынылатын салқындату сұйықтықтарына қосуға тыйым салынады.
- Құрамындағы антифриздің мөлшері 60%-дан көп немесе 35%-дан аз ерітінділерді қолданбаған жөн, себебі олардың тиімділігі төмендеген.

Қоспаның компоненттерінің пайыздық мөлшері төмендегі кестеде келтірілген.

Айналадағы ауаның температурасы	Қоспа компоненттерінің пайыздық мөлшері (көлемі)	
	Антифриз	Су
-15 °C (5 °F)	35	65
-25°C (-13°F)	40	60
-35°C (-31°F)	50	50
-45°C (-49°F)	60	40

i Ақпарат

Пропорцияларға қатысты күдіктенген жағдайда ең жеңілі 50 % су мен 50 % антифризді араластыру, себебі әр сұйықтықтың үлесі тең болады. Бұл -35 °C (-31 °F) және одан жоғары температура диапазондарының көпшілігіне жарайды.

Салқындату сұйықтығын ауыстыру

Салқындату агентін кестесі осы тараудың басында келтірілген жоспарлы техникалық қызмет көрсету шеңберінде HYUNDAI ресми дилерінде ауыстыртуға кеңес беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын немесе антифризді жуғыш бағына құймаңыз.

Алдыңғы әйнекке бүріккен жағдайда қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы көру мүмкіндігін айтарлықтай нашарлатуы және автокөлік тізгінінен айырылуға алып келуі мүмкін, бұл өз кезегінде апатқа ұшыратуы мүмкін. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы сондай-ақ шанақтың лак-бояу жабынының және қаптауышының бүлінуіне алып келуі мүмкін.


Ескертпе

Қозғалтқыш бөлшектерінің зақымдалуының алдын алу үшін салқындату сұйықтығын қосымша құяр алдында бактың және/немесе қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының инверторының қақпағын қалың орамалмен ораңыз, әйтпесе салқындату сұйықтығы қозғалтқыш бөлшектеріне, мысалы, генераторға тиюі мүмкін.

Тежеу жүйесінің/ілінісудің гидрожетегінің сұйықтығы

Бар болса

Ілінісудің/тежеу жүйесінің гидрожетегіндегі сұйықтықтың деңгейін тексеру



Бактағы сұйықтық деңгейін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Сұйықтық деңгейі бактың бүйірлік бөлігіне басылған «MAX» (Макс.) және «MIN» (Мин.) белгілерінің арасындағы шекте орналасуы тиіс.

Бак қақпағын ашар және тежегіштердің/ілінісудің гидравликалық жүйесіне арналған сұйықтықты қосымша құяр алдында сұйықтықтың ластануының алдын алу үшін бак қақпағының айналасындағы орынды мұқият тазалап алыңыз.

Егер деңгей төмен болса, «MAX» белгісіне дейін қосымша сұйықтық құйыңыз. Сұйықтық деңгейі жүрілген жол ұлғайған сайын төмендейді. Бұл тежегіш қаптамаларының тозуымен байланысты қалыпты күй.

Егер сұйықтық деңгейі тым төмен болса, жүйені тексерту үшін HYUNDAI өкілетті дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

i Ақпарат

Тек көрсетілген тежегіш/ілінісу сұйықтығын ғана пайдаланыңыз. 2-тараудағы «Ұсынылған майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат» бөлімін қараңыз.

i Ақпарат

Тежеу жүйесі/ілінісу сұйықтығына арналған құю аузының қақпағын шешіп алмас бұрын қақпақтағы ескертуді оқыңыз.

i Ақпарат

Шешіп алар алдында құю аузының қақпағын тазалаңыз. Тек герметикалық контейнерде сақталып тұрған DOT4 тежеу жүйесіне/ілінісуге арналған сұйықтықты ғана пайдаланыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер тежегіш/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығын жиі қосып құюға тура келсе, бұл тежеу/ілінісу жүйесіндегі жылыстаудың бар екенін білдіруі мүмкін. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тежегіш сұйықтығының/ілінісу сұйықтығының көздерге тиюіне жол бермеңіз. Егер тежегіш сұйықтығы/ілінісу сұйықтығы көздеріңізге тисе, оларды кемінде 15 минут бойы таза сумен жуыңыз және кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

Ескертпе


- Тежегіш сұйықтығының/ілінісу сұйықтығының шанақтың лак-бояу жабынына тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл оның зақымдалуына алып келеді.
- ЕШҚАШАН ұзақ уақыт бойы ашық ауаның әсеріне ұшыраған тежегіш сұйықтығын/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығын пайдаланбаңыз, себебі оның сапасын кепілдендіру мүмкін емес. Оны тиісті түрде кәдеге жарату қажет.
- Сұйықтықтардың сәйкес келмейтін типін құймаңыз. Минералды майлар негізіндегі сұйықтықтың, мысалы, мотор майының бірнеше тамшысының ғана тежеу жүйесіне/ілінісу жүйесіне кіруі оны бөлшектерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Трансмиссия сұйықтығы

Механикалық/автоматтық трансмиссияның немесе қос іліністі трансмиссияның сұйықтығын тексертуді немесе ауыстыруды осы тараудың техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилерінде орындатуға кеңес беріледі.

Әйнекжуғыш сұйықтығы

Жуу сұйықтығының деңгейін тексеру



Жуғыш багындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз және қажет болса, сұйықтықты қосымша құйыңыз. Жуғыш сұйықтығы болмаған жағдайда таза суды пайдалануға болады. Алайда суық климаты бар аймақтарда қатпайтын жуғыш ерітінділерді қолдану қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ


Жуғыш сұйықтығын пайдалану кезінде ауыр жарақаттардан немесе кісі өлімінен сақтану үшін әрмен қарай көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын немесе антифризді жуғыш багына құймаңыз. Алдыңғы әйнекке бүріккен жағдайда қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы көру мүмкіндігін айтарлықтай нашарлатуы және автокөлік тізгінінен айырылуға алып келуі немесе шанақтың лак-бояу жабынын және қаптауышын зақымдауы мүмкін.
- Жуғыш сұйықтығына немесе сұйықтыққа арналған бакке ұшқындардың немесе ашық жалынның тиюіне жол бермеңіз. Жуғыш сұйықтығының құрамында спирт болуы және жеңіл тұтанғыш болуы мүмкін.
- Жуғыш сұйықтығын ішпеңіз және оның теріге тиюінен сақтаныңыз. Жуғыш сұйықтығы адамдар мен жануарларға зиян.
- Жуғыш сұйықтығын балалар мен жануарлардан алшақ ұстаңыз.

Тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегішін тексеру


Қолмен істейтін



Қайырылған күйінен толықтай түсіріңіз де, естілетін «сыртылдардың» санын санай отырып тұрақ тежегішінің жүрісін тексеріңіз. Сондай-ақ тұрақ тежегіші автокөліктің айтарлықтай тік беткейде өз бетінше ұсталып тұруын қамтамасыз етуі тиіс. Егер педальдің жүрісі техникалық сипаттамаларда көрсетілген мәннен үлкенірек немесе кішірек болса, жүйеге HYUNDAI ресми дилерінде қызмет көрсету жүргізуге кеңес беріледі.

Жүрісі: 20 кг күшпен(44 фунт, 196 Н) 5-6 сыртыл

Педаль



20 кг (44 фунт, 196 Н) күшпен басқан кезде тұрақ тежегіші педалінің жүрісінің техникалық сипаттамалар шегінде тұруын тексеріңіз. Сондай-ақ тұрақ тежегіші автокөліктің айтарлықтай тік беткейде өз бетінше ұсталып тұруын қамтамасыз етуі тиіс. Егер педальдің жүрісі техникалық сипаттамаларда көрсетілген мәннен үлкенірек немесе кішірек болса, жүйеге HYUNDAI ресми дилерінде қызмет көрсету жүргізуге кеңес беріледі.

Жүрісі: 3 қадам

Отын сүзгісі (дизельді қозғалтқыш)

Отын сүзгісінен суды төгу

Дизель қозғалтқышындағы отын сүзгісі отыннан суды бөледі және судың жинақталуының алдын алады.

Отын сүзгісінде су жиналған кезде «Engine Start/Stop» түймесі қосулы («ON») күйінде тұрғанда отын сүзгісінің ескерту индикаторы жанады ( ).

Бұл жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

Ескертпе


Егер бөлінген суды уақтылы төгіп отырмаса, ол сүзгі арқылы отын жүйесіне өтуі және оның негізгі компоненттерін зақымдауы мүмкін.

Отын сүзгісінің картриджін ауыстыру


Отын сүзгісінің картриджін осы тараудың басында келтірілген жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилерінде ауыстыртуға кеңес беріледі.

Ауа тазартқыш


Сүзгіні ауыстыру




Ауа сүзгісін тексеру үшін сығылған ауаның көмегімен тазалауға болады. Оны жууға немесе шаюға тырыспаңыз, себебі бұл сүзгінің зақымдалуына алып келеді. Қатты ластанған жағдайда ауа сүзгісін ауыстыру қажет.



1. Ауа сүзгісінің қақпағын көтеріңіз (1).



2. Иінтіректі төменге қарай тартыңыз және оны «UNLOCK» (Бұғаттан шығарылды) күйіне ауыстырыңыз (2).



3. Ауа сүзгісін ауыстырыңыз.
4. Ауа сүзгісінің қақпағын бөлшектеуге кері тәртіппен қайта жинаңыз.

i Ақпарат

Егер автокөлік шаң-тозаңы шектен тыс көп немесе құмды аймақтарда пайдаланылатын болса, бұл компонентті әдеттегі ұсынылған интервалдардан («Мерзімдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені» тармағын қараңыз) жиірек ауыстырыңыз.

Ескертпе


- Ауа сүзгісі шешіп алынған күйде жүрмеңіз. Бұл қозғалтқыштың шектен тыс тозуына алып келеді.
- Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін шешіп алған кезде шаң немесе балшықтың кіргізу коллекторына кірмеуін қадағалаңыз, себебі бұл қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Ауыстырылатын бөлшектерді HYUNDAI дилерінен сатып алуға кеңес береміз.

Салонның ауа сүзгісі


Сүзгіні қарап тексеру

Салонның ауа сүзгісін ауыстыруды техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізу қажет. Автокөлік ауасы қатты ластанған қалаларда немесе шаң басқан тегіс емес жолдарда ұзақ уақыт пайдаланған жағдайда қарап тексерулер мен ауыстыруларды жиірек жүргізу қажет. Салонның ауа сүзгісін төменде келтірілген рәсімді ұстана отырып ауыстырыңыз және басқа компоненттерді зақымдап алмау үшін абай болыңыз.

Сүзгіні ауыстыру



1. Ұсақ-түйек тартпасын ашыңыз және ұстап тұратын өзекшені бұрап шығарыңыз (1).



2. Ұсақ-түйек тартпасы топсаларында еркін салбырап тұруы үшін екі жағынан стопорларды шешіп алыңыз.



3. Қақпақтың оң жағындағы құлыпты басып тұрыңыз.
4. Қақпақты шығарып алыңыз.
5. Салонның ауа сүзгісін ауыстырыңыз.
6. Құрастыру бөлшектеуге кері тәртіппен орындалады.

Ескертпе



Шуылдың пайда болуына жол бермеу және жұмысының тиімділігін жоғарылату үшін салонның жаңа ауа сүзгісін Ц) көрсеткісінің таңбасы дұрыс бағытқа қарап тұратындай етіп орнатыңыз.

Әйнектазартқыш щеткалары

Щеткалардың күйлерін тексеру

Алдыңғы әйнектің немесе әйнектазартқыш щеткаларының бөтен заттектермен ластануы әйнектазартқыш жұмысының тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Кеңінен таралған ластау көздері жәндіктер, ағаш шырыны және кейбір коммерциялық автокөлік жуу орындарында қолданылатын ыстық балауызбен өңдеу рәсімдері болып табылады. Егер щеткалар тиісінше жұмыс істемей тұрса, әйнекті және щеткаларды сапалы тазартқыштың немесе жұмсақ жуғыш құралдың көмегімен тазалаңыз, содан кейін таза сумен мұқият жуыңыз.

Ескертпе

Әйнектазартқыш щеткаларының, иінтіректерінің немесе басқа компоненттерінің зақымдалуына жол бермеу үшін ары қарай көрсетілген әрекеттерді орындамаған жөн.

- Олардың бетіне немесе олардың жанында бензинді, керосинді, бояуға арналған сұйылтқышты немесе басқа еріткіштерді қолдану.
- Әйнектазартқыштарды қолмен жылжытуға әрекет жасау.
- Талаптарға сәйкес келмейтін әйнектазартқыш щеткаларын қолдану.

***i* Ақпарат**

Автоматты автокөлік жуу орындарында жағылатын ыстық өнеркәсіптік балауыздың алдыңғы әйнекті тазалауды қиындататыны белгілі.

i Ақпарат

Әйнектазартқыш щеткалары — бұл шығындалу материалдары. Әйнектазартқыштардың қалыпты тозуы автокөлігіңіздің кепілдігімен өтелмеуі мүмкін.

Щеткаларды ауыстыру

Егер әйнектазартқыштар әйнекті тиісінше тазаламаса, бұл щеткалардың тозғанын немесе бүлінгенін білдіруі мүмкін, және оларды ауыстыру қажет.

Ескертпе

Әйнектазартқыштардың иінтіректерінің немесе басқа компоненттердің зақымдалуын болдырмау үшін әйнектазартқыштарды қолмен қозғауға әрекет жасамаңыз.


Ескертпе

Ұсынылғандардан өзгеше әйнектазартқыш щеткаларын пайдалану олардың ақаулығына және істен шығуына алып келуі мүмкін.

Ескертпе

- Капоттың және әйнектазартқыштардың иінтіректерінің зақымдалуының алдын алу үшін оларды сүрту үшін тек жоғарғы күйінде ғана көтеру қажет.
- Қозғалысты бастамас бұрын әрдайым әйнектазартқыш иінтіректерін алдыңғы әйнекке түсіріңіз.


Алдыңғы әйнектазартқыштың жұмыстық күйі




Бұл автокөліктің конструкциясында әйнектазартқыш жасырылған. Бұл әйнектазартқыштарды төменгі күйінде тұрғанда көтеруге болмайтынын білдіреді.

1. Қозғалтқышты өшіргеннен кейін 20 секундтың ішінде әйнектазартқышты басқару иінтірегін «MIST» күйіне (немесе 1х күйінде) ауыстырыңыз да, әйнектазартқыштар үстіңгі тазалау нүктесіне жылжығанша 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
2. Осы кезде әйнектазартқыштарды алдыңғы әйнектен көтеруіңізге болады.
3. Әйнектазартқыштарды қайтадан абайлап алдыңғы әйнекке түсіріңіз.

4. Әйнектазартқыштарды төменгі күту күйіне қайтару үшін әйнектазартқыштарды кез келген «ON» (Қос.) күйіне қосыңыз.



1. Әйнектазартқыш иінтірегін көтеріңіз.




2. Әйнектазартқыш иінтірегіндегі стопорды (1) басыңыз, щетка жинағын жоғары қарай ысырыңыз (2) да, шешіп алыңыз.
3. Жаңа щетка жинағын шешіп алуға кері тәртіппен орнатыңыз.
4. Әйнектазартқыш иінтірегін алдыңғы әйнекке түсіріңіз.

Артқы әйнектазартқыш щеткасын ауыстыру



1. Қозғалтқышты өшіргеннен кейін 20 секунд ішінде әйнектазартқыш иінтірегін «MIST» күйіне ауыстырып, әйнектазартқыштар төменгі күйге жылжығанша 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
2. Әйнектазартқыш иінтірегін көтеріңіз.



3. Негізін басу арқылы әйнектазартқыш иінтірегін көтеріңіз (1).
4. Жаңа щетка торабын орнатыңыз. Ауыстыру аяқталғаннан кейін әйнектазартқыш иінтірегі бірінші қолданудан кейін бастапқы күйіне қайтып оралады.

Аккумулятор

⚠ ЕСКЕРТУ

Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген кезде немесе оған қызмет көрсеткен кезде АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІП КЕТУ ықтималдығын болдырмау үшін әрдайым әрмен қарай көрсетілген сақтық шараларын орындау керек.



Аккумулятор батареясымен жұмыс істеудің алдында төменде берілген нұсқаулықтарды оқыңыз.



Көзді электролиттің шашырауынан қорғау үшін қауіпсіздік көзілдірігін қолдану керек.



Аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде ашық отты пайдалануға немесе темекі шегуге тыйым салынады.



Аккумулятор батареясының элементтерінде әрдайым оңай тұтанғыш сутегі газы болады, ол жарылуы мүмкін.



Аккумуляторлар балардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.



Аккумуляторлардың ішінде өте агрессивті келетін күкірт қышқылы болады. Қышқылдың көздерге, теріге немесе киімге тиюіне жол бермеңіз. Егер қышқыл көздеріңізге тисе, оларды кемінде 15 минут бойы таза сумен жуыңыз және кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз. Қышқыл теріге тиген жағдайда зақымдалған жерді жақсылап жуыңыз. Егер ауырсыну немесе ашу белгілерін сезінсеңіз, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

- Аккумуляторды көтерген кезде пластик корпусқа шектен тыс қысым түсуден аккумулятор қышқылы ағып шығуы мүмкін. Аккумуляторды тұтқасынан немесе қарама-қарсы бұрыштарынан қолдарыңызбен ұстап көтеру қажет.
- Егер көлік құралына орнатылған аккумулятор батареясындағы электролит қатып қалған болса, қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыруға әрекет жасамаңыз.
- Автокөлікке жалғанып тұрған болса, аккумулятор батареясы зарядтауға тыйым салынады.
- Электрлі оталдыру жүйесі жоғары кернеумен жұмыс істейді. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда немесе «Engine Start/Stop» түймесі (ON) күйінде тұрғанда бұл компоненттерден ұстауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.


Ескертпе

- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы төмен температура жағдайларында пайдаланылмай тұратын болса, аккумулятор батареясын ажыратыңыз және оны үй-жайға кіргізіп сақтаңыз.
- Корпустың төмен температуралы жерлерінің зақымдалуының алдын алу үшін аккумулятор батареясы әрдайым толық зарядталған болуы тиіс.

Ескертпе

Аккумулятор батареясына рұқсат етілмеген электронды құрылғыларды жалғаған кезде аккумулятор батареясы разрядталуы мүмкін. Рұқсат етілмеген құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.


Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту



- Аккумулятор батареясының сенімді бекітіліп тұруын қадағалаңыз.
- Аккумулятор батареясы таза және құрғап болуы тиіс.
- Клеммалар мен ағытпалардың контактілері таза, тығыз жанасатын және техникалық вазелин немесе электр контактілеріне арналған арнайы майлағыш қабаты жағылған болуы тиіс.
- Аккумулятор батареясынан төгілген электролитті дереу ас содасының сулы ерітіндісімен шайып кетіру қажет.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, аккумулятор батареясының кабельдерін ажыратыңыз.

i Ақпарат

UPPER (үстіңгі) және LOWER (астыңғы) таңбаламасы бар аккумуляторлар үшін



Егер автокөлік бүйір қабырғасында LOWER (MIN) (Астыңғы деңгей (Мин.)) және UPPER (MAX) (Үстіңгі деңгей (Макс.)) белгілері бар аккумулятормен жабдықталған болса, ондағы электролит деңгейін тексеріп отыру қажет.

Электролит деңгейі LOWER (MIN) (Астыңғы деңгей (Мин.)) және UPPER (MAX) (Үстіңгі деңгей (Макс.)) белгілерінің арасында орналасуы тиіс. Электролит деңгейі төмен болған жағдайда дистилденген (немесе минералсыздандырылған) су құйыңыз. (Ешқашан күкірт қышқылын немесе өзге электролит қосушы болмаңыз.)


Дистилденген (немесе минералсыздандырылған) суды батареяның бетіне немесе басқа іргелес компоненттерге төгіп алмау үшін абай болыңыз.

Сондай-ақ аккумулятор банкаларын шектен тыс толтыруға болмайды.

Әйтпесе бұл батареяның немесе басқа компоненттердің коррозиясына алып келуі мүмкін. Соңында банканың қақпағын сенімді етіп жабыңыз. Әйтсе де біз АКБ-ға ең үздік қызмет көрсету үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

Аккумулятор батареясының сыйымдылығы көрсетілген жапсырма

A түрі



B типі



1. AGM70L-DIN: HYUNDAI аккумуляторы моделінің атауы
2. 12V : номиналды кернеуі
3. 70Ah (20HR): номиналды сыйымдылығы (ампер-сағаттармен)
4. RC 120mm: номиналды сыйымдылығы (ампер-сағаттармен)
5. 760A: SAE/EN бойынша төмен температуралардағы сынақтардың нәтижелері бойынша амперлермен көрсетілген ток

Аккумуляторды зарядтау

Аккумуляторды зарядтау құрылғысының көмегімен

Сіздің автокөлігіңізге кальций негізіндегі қызмет көрсетуді қажет етпейтін аккумулятор батареясы орнатылған.

- Егер аккумулятор батареясының разряды аз уақыттың ішінде орын алса (мысалы, қандай да бір уақыт пайдаланылмаған автокөліктің фараларын немесе салонын жарықтандыру шамдарын қосулы күйде қалдырудан), батареяны 10 сағат бойы баяу зарядтау әрекетін (шағын токпен) орындау қажет.
- Егер аккумулятор батареясы автокөлікті пайдалану барысында жоғары электр жүктемесіне байланысты біртіндеп разрядталған болса, оны 20-30 А токпен екі сағат бойы зарядтаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жарылыстардан немесе қышқылдан күйік шалудан КҮРДЕЛІ ЖАРАҚАТТАР немесе КІСІ ӨЛІМІ қаупінен сақтану үшін автокөлігіңіздің аккумуляторын зарядтаған кезде әрдайым бұдан әрі көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

- Аккумулятор батареясына техникалық қызмет көрсету немесе оны қосымша зарядтау операцияларын орындар алдында барлық электр жабдықтарын сөндіріңіз және қозғалтқышты өшіріңіз.
- Аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде ашық отты пайдалануға немесе темекі шегуге тыйым салынады.
- Әрдайым ашық ауада немесе жақсы желдетілетін үй-жайда жұмыс істеңіз.
- Аккумулятор батареясын зарядтау процессі кезінде тексеру әрекетін жүргізгенде қорғаныш көзілдірік тағыңыз.
- Аккумуляторды автокөліктен шешіп алу және оны жақсы желдетілетін жерге орналастыру қажет.
- Зарядтаған кезде аккумуляторды қадағалаңыз және батарея банкалары қатты қайнай бастаса, зарядтауды тоқтатыңыз немесе жылдамдығын азайтыңыз.
- Аккумулятор батареясының теріс клеммасына барып тұрған кабель бірінші болып ағытылуы және соңғы болып жалғануы тиіс. Аккумулятор батареясының зарядтау құрылғысын өшіруді әрмен қарай көрсетілген тәртіппен жүргізу қажет.
  1. Аккумулятор батареясын зарядтау құрылғысының бас ажыратқышын өшіріңіз.
  2. Аккумулятор батареясының теріс клеммасынан контактілі қысқышты ажыратыңыз.
  3. Аккумулятор батареясының оң клеммасынан контактілі қысқышты ажыратыңыз.
- Аккумуляторларды ауыстыруды HYUNDAI ресми дилеріне орындатуға кеңес беріледі.

Ескертпе

AGM аккумуляторы (бар болса)

- Absorbent Glass Mat (жұтқыш шыны талшық) (AGM) аккумуляторлары күтім жасауды қажет етпейді, және оларға қызмет көрсетуді HYUNDAI ресми дилеріне жасатуға кеңес беріледі. AGM аккумуляторын зарядтау үшін тек AGM аккумуляторларына арналған автоматты зарядтау құрылғыларын ғана пайдаланыңыз.
- AGM аккумуляторын ауыстырған кезде HYUNDAI ресми дилерінен сатып алынған қосалқы бөлшектерді қолдануға кеңес беріледі.
- Аккумулятордың үстіңгі тығынын ашпаңыз және шешіп алмаңыз. Бұл оның ішіндегі электролиттің төгілуіне алып келуі мүмкін, нәтижесінде күрделі жарақат келуі мүмкін.

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру

Қозғалтқышты жақсы сыртқы қуат көзінен оталдырғаннан кейін өшірмей тұрып автокөлікпен шамамен 20-30 минут жол жүру қажет. Егер аккумуляторы тиісінше зарядталмай тұрып автокөлікті өшірсеңіз, ол қайта оталмай қалуы мүмкін. Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру рәсімдері туралы қосымша ақпарат алу үшін 8-тараудағы «Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру» бөлімін қараңыз.

i Ақпарат



Дұрыс кәдеге жаратылмаған батарея қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Аккумуляторды жергілікті заңнамаға немесе нормативтік актілерге сәйкес утилизациялау қажет.

Аспаптар параметрлерін арылту

Аккумулятор батареясы разрядталғаннан немесе ажыратылғаннан кейін келесі элементтердің параметрлерін арылту қажет болуы мүмкін.

- Автоматты түрде ашылатын және түсірілетін терезе (5-тарауды қараңыз)
- Төбедегі люк (5-бөлімді қараңыз).
- Бағдар компьютері (5-тарауды қараңыз)
- Микроклиматты басқару жүйесі (5-бөлімді қараңыз).
- Жүргізуші орындығының күйін жадқа сақтау жүйесі (5-тарауды қараңыз)
- Сағат (5-тарауды қараңыз)
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесі (ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз).

Шиналар және дөңгелектер


⚠ ЕСКЕРТУ

Шинаның жарылуы автокөлік тізгінінен айырылуға және мұның салдарынан — апатқа алып келуі мүмкін. АУЫР ЖАРАҚАТ немесе КІСІ ӨЛІМІ ықтималдығын азайту үшін, бұдан әрі көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Шиналарды ай сайын жеткілікті ішкі қысымына, сондай-ақ тозу және зақымдану белгілерінің бар-жоғына қатысты тексеру қажет.
- Суық шинадағы ауа қысымының ұсынылған мәні осы нұсқаулықта, сондай-ақ жүргізуші жағындағы орталық бағанда орналасқан шиналар параметрлерінің заттаңбасында көрсетілген. Шиналардағы қысымды өлшеу үшін әрдайым манометрді пайдаланыңыз. Тым көп немесе тым аз қысымы бар шиналар әркелкі тозады, бұл басқарымдылықтың нашарлауына алып келеді.
- Автокөліктің қалған шиналарындағы ауа қысымын тексеру кезінде қосалқы дөңгелекті тексеріңіз.
- Тозған шиналар, әркелкі тозу іздері бар шиналар немесе зақымданған шиналар ауыстырылуы тиіс. Тозған шиналар тежелу тиімділігінің, рульмен басқарудың немесе жол төсемімен ілінісудің күрт нашарлауына түрткі болуы мүмкін.
- Шиналарды ӘРДАЙЫМ бастапқыда осы автокөлікпен жеткізілген әрбір шинаның өлшемімен, типімен, конструкциясымен және протектор бедерімен бірдей шиналарға ауыстырыңыз. Ұсынылған өлшемдерден өзгеше шиналар мен дөңгелектерді пайдалану автокөлігіңіздің басқарымдылығының стандарттан тыс сипаттамаларына, көлік құралының нашар бақылануына алып келуі немесе тежегішті блоктау жүйесі (ABS) жүйесіне кері әсер етуі мүмкін, бұл күрделі апатқа алып келеді.

Шиналарға күтім жасау

Тиісті техникалық қызмет көрсетуді, пайдалану қауіпсіздігін және минималды отын шығынын қамтамасыз ету үшін шиналарда үнемі ұсынылған қысымды ұстап отыруға және автокөлігіңіз үшін белгіленген дөңгелектердің шекті жүктемелерін және жүктеменің бөлінуін сақтауға кеңес беріледі.



Барлық техникалық сипаттамалар (өлшемдер мен қысым) жүргізуші жағындағы орталық бағанға бекітілген тақтайшада келтірілген.

Суық шиналардағы ауаның ұсынылатын қысымы

Барлық шиналардағы (қосалқы дөңгелектің шинасын қоса алғанда) қысымды шиналар суық күйінде тұрғанда тексеру қажет. Егер автокөлік бір орында кемінде үш сағат тұрған немесе 1,6 км (1 миль) кем жол жүрген болса, шиналар суық күйінде деп есептеледі.

Қызған шиналарда әдетте ауа қысымы суық күйдегі қысымнан 28-41 кПа-ға (4-6 фунт/шаршы дюйм) жоғары болады. Қысымды түзеу үшін қызып тұрған шиналардағы ауаны шығару қажет емес, себебі бұл жағдайда қысым жеткіліксіз болып қалады. Шиналардағы ұсынылған қысымды 2-тараудың «Шиналар және дөңгелектер» бөлімінен қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлікті жүргізу ыңғайлылығы мен қауіпсіздігі, басқарымдылық және шиналардың минималды тозуы үшін қысымның ұсынылған шамалары сақталып отыруы тиіс.

Шамадан тыс немесе жеткіліксіз қысым шинаның жарамдылық мерзімін қысқартуы, көлік құралын басқаруға теріс әсер етуі және шинаның кенеттен жарылуына әкеп соғуы мүмкін, бұның салдарынан көлікті басқару мүмкін болмай, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Шиналардағы ауа қысымы тым төмен болған жағдайда дөңгелектердің қатты қызып кетуі байқалуы мүмкін, бұл шиналардың жарылуына, протектордың ажырауына және басқа да ақаулықтарға алып келеді, нәтижесінде автокөлік басқарылмай қалады, бұл күрделі жарақаттарға немесе ЖКО-ға алып келуі мүмкін. Бұл қауіп ыстық ауа райында, сондай-ақ жоғары жылдамдықтармен ұзақ уақыт жүрген кезде жоғарылайды.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Шиналардағы төмен қысым сондай-ақ шектен тыс тозуға, автокөліктің басқарымдылығының нашарлауына және отын шығынының артуына алып келеді. Сондай-ақ дөңгелектер деформациялануы мүмкін. Шиналардағы қысымның талап етілген деңгейге сәйкес болуы қадағалау қажет. Егер шинаға жиі ауа үрлеуге тура келсе, оны HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.
- Шиналардағы жоғары қысым жолдың кедір-бұдырына сезімталдықтың артуына, шина протекторының ортаңғы бөлігінің шектен тыс тозуына және жол төсеміндегі ақаулардан шинаның зақымдалу ықтималдығының артуына алып келеді.

Шиналардағы ауа қысымын тексеру

Шиналарды, соның ішінде қосалқы шиналарды айына бір рет немесе одан жиі тексеріп отырыңыз.


Тексеру әдістемесі

Шиналардағы қысымды тексеру үшін сапасы жақсы шина манометрін қолданыңыз. Шиналарға ауа үрлену сапасын қарапайым визуалды қарап тексеру жолымен анықтау мүмкін емес. Радиалды шиналар ішіндегі ауа қысымы жеткіліксіз болса да, толық үрленген сияқты болып көрінуі мүмкін. Шина емігінен қалпақшасын шешіп алыңыз. Ауа қысымын өлшеу үшін емікке манометрді орнатыңыз және оны тығыз басып тұрыңыз. Егер суық шинадағы ауа қысымы шинада және жүктеме нормативтері бойынша ақпараттық заттаңбада көрсетілген қысымның ұсынылған мәніне сәйкес келсе, онда әрмен қарай ешқандай әрекет жасау қажет емес. Егер қысым төмен болса, ұсынылған мәнге жеткенге дейін шинаға қосымша ауа үрлеңіз. Шиналардың еміктеріне қалпақшалардың кигізілгеніне көз жеткізіңіз. Қалпақшасы болмаса, шұраға балшық немесе су кіруі мүмкін, олардың әсерінен герметикалық бүтіндік жойылады. Егер қалпақшасы жоқ болса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте емікке жаңа қалпақша орнатыңыз. Егер шинаға шектен тыс ауа үрленген болса, шина емігінің ортасындағы металл шұраны басып, артық ауаны шығарыңыз. Индикатордың көмегімен шинадағы ауаны қайталап тексеріңіз. Шиналардың еміктеріне қалпақшаларының кигізілуін қадағалаңыз. Қалпақшасы болмаса, шұраға балшық немесе су кіруі мүмкін, олардың әсерінен герметикалық бүтіндік жойылады. Егер қалпақшасы жоқ болса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте емікке жаңа қалпақша орнатыңыз.

Шиналардың айналуы

Протектордың тозуын теңгеру үшін HYUNDAI қызмет көрсету кестесіне сай немесе егер әркелкі тозу орын алып жатса, одан бұрын дөңгелектердің орындарын ауыстырып салуға кеңес береді. Орындарын ауыстырып салу кезінде дөңгелектердің теңгерілуінің дұрыстығын тексеріңіз.

Сондай-ақ орындарын ауыстыру кезінде шиналарды әркелкі тозу және зақымдану белгілеріне қатысты тексеріңіз. Тозудың жоғары деңгейінің себебі әдетте шиналардағы дұрыс емес ауа қысымы, дөңгелектердің дұрыс емес орнатылу бұрышы, дөңгелектердің теңгерімсіздігі, шұғыл тежеу немесе кілт бұрылу әрекеттері болып табылады. Шиналардың протекторлары мен бүйір беттерінде дөңестер мен кедір-бұдырлардың бар-жоғын тексеріңіз. Мұндай ақаулар анықталған жағдайда шинаны ауыстырыңыз. Сондай-ақ корд матасы немесе корды көрініп тұрған шинаны да ауыстыру қажет. Дөңгелектердің орындарын ауыстырып салғаннан кейін алдыңғы және артқы шиналардағы қысымның ұсынылған мәндерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз, сондай-ақ бекіту сомындарының бұралып қатырылу тығыздығын тексеріңіз (талап етілетін бұрап қатыру сәті 11-13 кгсм-ді (79-94 фунт күш-фут) құрайды).



Дөңгелектердің орындарын ауыстырғанда тежегіш қыспақтарының тозу белгілерін тексеру қажет.

i Ақпарат

Симметриялы емес шинаның сыртқы және ішкі бөліктерін ажыратуға болады.

Симметриялы емес шинаны орнатқан кезде Outside (сыртқы) сөзімен белгіленген жағының сыртқа қаратылғанына көз жеткізіңіз. Егер Inside (ішкі) сөзімен белгіленген жағы сыртына қаратылып орнатылса, бұл автокөліктің жұмысына кері әсер етеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Орындарын ауыстырып салу кезінде шағын қосалқы дөңгелекті қолданбаңыз.
- Ешбір жағдайда диагоналды және радиалды корды бар шиналарды бірге қолданбаңыз. Бұл басқарымдылықтың стандарттан тыс сипаттамаларына, ал олар көлік құралын басқарудан айырылуға алып келуі мүмкін, және нәтижесінде ЖКО орын алуы мүмкін.

Дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру

Өндіруші зауытта автокөлігіңіздегі дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын мұқият реттеу және шиналарды теңгеру жүргізіледі, бұл шиналардың максималды ықтимал ресурсын және автокөліктің жалпы сипаттамаларының үздік мәндерін қамтамасыз етеді.


Көп жағдайда дөңгелектерді қайта реттеуге қажеттілік болмайды. Алайда егер шиналардың жоғары тозу дәрежесін байқасаңыз немесе автокөлік қозғалыс кезінде бір жағына қарай ығысатын болса, дөңгелектерді қайталап реттеу қажет.

Егер тегіс жолмен қозғалу кезінде діріл пайда болса, дөңгелектерді қайталап теңгеру қажет болуы мүмкін.

Ескертпе

Талаптарға сәйкес келмейтін теңгеру жүктерін орнату автокөлігіңіздің алюминий дискілерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Тек ұсынылған теңгеру жүктерін ғана пайдаланыңыз.

Шиналарды ауыстыру



Шиналар біркелкі тозған жағдайда протекторға көлденеңінен тозу индикаторы тұтас жолақ түрінде көрініп тұрады. Бұл шинадағы протектордың қалдық қалыңдығы 1,6 мм-ден (1/16 дюйм) кем екенін білдіреді. Бұл жағдайда шинаны ауыстырыңыз.

Ауыстыруды жолақ бүкіл протектордың ені бойынша пайда болғанша күтпестен жүргізу қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

АУЫР ЖАРАҚАТТАР АЛУ немесе КІСІ ӨЛІМІНІҢ ОРЫН АЛУ қаупін төмендетуге мүмкіндік беретін сақтық шаралары әрмен қарай көрсетілген.

- Тозған шиналар, әркелкі тозу іздері бар шиналар немесе зақымданған шиналар ауыстырылуы тиіс. Тозған шиналар тежелу тиімділігінің, рульмен басқарудың және жол төсемімен ілінісудің күрт нашарлауына түрткі болуы мүмкін.
- Шиналарды ӘРДАЙЫМ бастапқыда осы автокөлікпен жеткізілген әрбір шинаның өлшемімен бірдей шиналарға ауыстырыңыз. Ұсынылған өлшемдерден өзгеше шиналар мен дөңгелектерді пайдалану автокөлігіңіздің басқарымдылығының стандарттан тыс сипаттамаларына, көлік құралының нашар бақылануына алып келуі немесе тежегішті блоктау жүйесі (ABS) жүйесіне кері әсер етуі мүмкін, бұл күрделі апатқа алып келеді.
- Шиналарды (немесе дөңгелектерді) ауыстырған кезде екі алдыңғы немесе екі артқы шинаны (немесе дөңгелекті) жұбымен ауыстырып қоюға кеңес беріледі. Тек бір шинаны ауыстыру автокөліктің басқарымдылығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.
- Уақыт өте тіпті қолданылмай тұрған жағдайда да шиналарды сапасы нашарлайды. Қалған протекторының биіктігіне қарамастан HYUNDAI шиналарды 6 (алты) жыл пайдаланудан кейін ауыстыруға кеңес береді.
- Тозу ыстық климатта жоғары температуралардың әсерінен немесе жүйелі түрдегі жоғары жүктемелердің салдарынан артуы көбеюі мүмкін. Бұл ескертуді елемеу шиналардың күтпеген жерде жарылуына және нәтижесінде көлік құралын бақылаудан шығарып алуға және апатқа алып келуі мүмкін.

Шағын қосалқы дөңгелекті ауыстыру

Бар болса

Қосалқы шинаның протекторының қызмет ету мерзімі қалыпты өлшемдегі шинамен салыстырғанда кемірек. Шинада протектордың тозуының индикатор жолақтары көрінген кезде оны ауыстырыңыз. Қосалқы шинаның өлшемі мен конструкциясы жаңа автокөлікпен жеткізілетін шиналармен бірдей болуы және ол дәл сол қосалқы шағын қосалқы шинаға арналған дөңгелекке орнатылуы тиіс. Шағын қосалқы шина қалыпты өлшемдегі дөңгелекке орнатуға арналмаған, ал шағын қосалқы шинаға арналған дөңгелек қалыпты өлшемдегі шинаны орнатуға арналмаған.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қосалқы дөңгелектің істен шығуына және көлік құралын басқарудан айырылуға және мұның салдарынан апатқа ұшырауға жол бермеу үшін түпнұсқа шинаны мүмкіндігінше тездетіп жөндеп немесе ауыстырып алу қажет. Шағын қосалқы дөңгелек тек төтенше жағдайларда пайдалануға арналған. Шағын қосалқы дөңгелекті пайдаланған жағдайда автокөлікті 80 км/сағ-тан (50 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен жүргізбеңіз.

Дөңгелектерді ауыстыру

Орындалу себебіне қарамастан дөңгелектерді ауыстырған кезде жаңа дөңгелектердің тоғындарының диаметрі, ені және дөңгелектің шығымы бойынша түпнұсқа зауыттық дөңгелектермен бірдей екеніне көз жеткізіңіз.

Шиналардың жолмен ілінісуі

Шиналардың тозуына, ауаның дұрыс үрленбеуіне немесе сырғанақ жол төсеміне байланысты шиналардың жол бетімен ілінісуі төмендеуі мүмкін. Протектордың тозу индикаторлары пайда болған жағдайда шиналарды ауыстыру қажет. Басқарудан айырылу ықтималдығын төмендету үшін әрбір жолы көктайғақта, сондай-ақ жаңбыр не қар жауып тұрғанда жылдамдықты тежеңкіреп жүріңіз.


Шиналарға техникалық қызмет көрсету

Ауа үрлеудің дұрыс қысымына қосымша шиналардың тозуын азайтуға дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын дұрыс реттеу де ықпал етеді. Егер шиналардың әркелкі тозғанын байқасаңыз, өз дилеріңізге дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын тексертіңіз.

Жаңа шиналарды орнатқаннан кейін олардың дұрыс теңгерілгеніне көз жеткізіңіз. Бұл автокөлікпен жүруді анағұрлым жайлы етуге мүмкіндік береді және шиналардың қызмет ету мерзімін ұлғайтады. Сонымен бірге шиналарды дискілерден шешіп алғаннан кейін қайталап теңгеру қажет.

Шинаның бүйір бетіндегі таңбалама

Бүйір бетіне сәйкестендіру ақпараты, шинаның негізгі сипаттамалары және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті сертификаттау үшін қажетті шинаның сәйкестендіру нөмірі (TIN) басылған. TIN нөмірі сондай-ақ кері қайтару жағдайында шиналарды сәйкестендіру үшін қолданылуы мүмкін.



1. Өндіруші немесе фирмалық атауы

Өндіруші немесе сауда маркасы көрсетілген.

2. Шиналардың өлшемінің белгілемесі

Шинаның бүйір бетінде шина өлшемінің белгілемесі көрсетілген. Бұл ақпарат автокөлік үшін ауыстырылатын шина таңдаған кезде қажет болады. Төменде шина өлшемінің белгілемесіндегі әріптер мен цифрлардың түсіндірмесі келтірілген.

Шина өлшемінің белгілемесі әрмен қарай келтірілген.

(Бұл цифрлар тек мысал ретінде ғана келтірілген: сіздің шиналарыңыздың өлшемінің белгілемесі автокөлік моделіне байланысты өзгеруі мүмкін.)

235/60R18 240V

235 — Миллиметрмен алынған шинаның ені.

60 — шина профилі биіктігінің оның еніне қатысы. Шина қимасының оның енінің пайызымен алынған биіктігі.

R — Шина типінің кодтық белгілемесі (радиалды).

18 — Тоғынның дюймдермен алынған диаметрі.

240 — Жүктеме индексі. Шина көтере алатын максималды жүктемеге сәйкес цифрлық код.

V — Шинаның жылдамдық санатын білдіретін таңба. Қосымша ақпарат осы бөлімдегі шиналардың жылдамдық индекстерінің кестесінде ұсынылған.

Дөңгелек өлшемінің белгілемесі

Дөңгелектерде де ауыстыру кезінде қажет болатын деректерді қамтитын таңбалама бар. Бұдан әрі дөңгелек өлшемінің әріптік және цифрлық белгілемелерінің түсіндірмесі келтіріледі.

Дөңгелек өлшемінің белгілемесі әрмен қарай келтірілген.

7.5J X 18

7,5 — Тоғынның дюймдермен алынған ені.

J — Дөңгелек тоғыны профилінің белгілемесі.

18 — Тоғынның дюймдермен алынған диаметрі.

Шиналардың жылдамдық санаттары

Төменде келтірілген кестеде қазіргі уақытта жолаушы тасымалдайтын автокөліктердің шиналарында қолданылатын кеңінен таралған жылдамдық санаттарының тізімі берілген. Жылдамдық санаты шинаның бүйір қабырғасындағы өлшем белгілемесінде болады. Бұл таңда шинаны қауіпсіз пайдаланудың максималды жылдамдығын көрсетеді.

Шинаның жылдамдық санатын білдіретін таңба	Максималды жылдамдық
S	180 км/сағ (112 миль/сағ).
T	190 км/сағ (118 миль/сағ)
H	210 км/сағ (130 миль/сағ)
V	240 км/сағ (149 миль/сағ)
W	270 км/сағ (168 миль/сағ)
Y	300 км/сағ (186 миль/сағ)

3. Шинаның қызмет ету мерзімін тексеру (TIN: шинаның сәйкестендіру нөмірі)

Жасалған сәтінен бастап алты жылдан көп уақыт өткен кез келген шиналар (қосалқы дөңгелектің шинасын қоса алғанда) жаңаларына ауыстыру қажет. Жасалған күнін шинаның бүйір қабырғасындағы DOT коды түрінде табуыңызға болады (дөңгелектің ішкі жағында болуы мүмкін). DOT коды — бұл шинадағы цифрлар мен ағылшын тілінің әріптерінен тұратын белгілер тізбегі. DOT кодының соңғы төрт цифры (таңбасы) жасалған күнін көрсетеді.

DOT: XXXX XXXX OOOO

DOT кодының бірінші бөлігінде өндіруші зауыттың кодтық нөмірі, шинаның өлшемі және протектор бедерінің типі берілген, ал соңғы төрт сан жасалған апта мен жылды көрсетеді.

Мысалы:

DOT XXXX XXXX 1524 шинаның 2024 жылдың 15 аптасында жасалғанын білдіреді.

4. Шина қабаттарының саны мен құрамы.

Шинадағы резеңкемен қапталған корд қабаттарының саны. Өндірушілер сондай-ақ шиналар жасалған материалдарды көрсетуі тиіс (болат, нейлон, полиэфир және басқалары). «R» әрпі корды радиалды бағытталған шинаны; «D» әрпі — диагоналды бағытталған шинаны, ал «B» әрпі диагоналды қаусырмалы қаңқаны білдіреді.

5. Шинадағы максималды рұқсат етілген қысым

Бұл параметр шинада рұқсат етілген ең жоғарғы ауа қысымын білдіреді. Шинадағы максималды рұқсат етілген қысымнан асырмау қажет. Шинадағы ұсынылған қысымды шинадан және шина және жүктеме туралы ақпараты бар тақтайшадан қараңыз.

6. Максималды номиналды жүктеме

Бұл сан килограммдармен және фунттармен шинаға түсірілетін максималды жүктемені көрсетеді. Автокөліктегі шиналарды ауыстырған кезде жаңа шиналардың номиналды жүктемесі өндіруші зауытта орнатылған шинаның номиналды жүктемесімен бірдей болуы тиіс.

7. Шиналардың сапасының бірдей классы

Сапа стандартын қажет болса, шинаның бүйір жағынан протектор ені мен камераның максималды енінің арасынан табуға болады. Мысалы:

TREADWEAR 200

TRACTION AA TEMPERATURE A

Tread wear (Протектордың тозуға төзімділігі)

Протектордың тозуға төзімділік классы — бұл бекітілген сынақтар сериясының барысында бақыланатын жағдайларда сынау кезінде шинаның тозу жылдамдығына негізделген салыстырмалы баға. Мысалы, 150 классының шинасы сынақтар жағдайларында 100 классының шинасымен салыстырғанда бір жарым (1,5) есе ұзағырақ тозатын болады. Шиналардың салыстырмалы сипаттамалары шынайы пайдалану жағдайларына байланысты, алайда олар жүргізу стиліндегі, техникалық қызмет көрсетудегі, жол төсемінің сипаттамаларындағы және климаттағы айырмашылықтарға байланысты стандартты жағдайлардан өзгеше болуы мүмкін.

Протектордың тозуға төзімділік классы жолаушылар тасымалдайтын автокөліктерге арналған шиналардың бүйір қабырғаларында көрсетілген. Сіздің автокөлігіңізде қолданылатын шиналар стандартты немесе қосымша жабдық ретінде классы бойынша өзгеше болуы мүмкін.

Жолмен ілінісу — AA, A, B & C

Бетпен ілінісуді мынадай кластарға бөледі: AA, A, B және C (жоғары кластан төменгі класқа қарай). Бұл кластар мемлекеттік органдар анықтаған асфальттан және бетоннан жасалған сынақтық беттерде бақыланатын жағдайларда өлшенген шинаның ылғал жабында тоқтау қабілетін білдіреді. «C» белгісі бар шиналардың бетпен ілінісу сипаттамалары ең нашар болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жолмен ілінісу дәрежесі шина үшін түзу бойымен қозғалу кезінде тежелу арқылы сынаулардың негізінде анықталады және үдеуді, бұрылыстарды, гидроқалықтауды немесе жолмен ілінісудің шыңдық сипаттамаларын есепке алмайды.

Temperature (Температура) — «A», «B» және «C»

Температура бойынша келесідей сапа санаттары бар: «A» (ең жоғарғы), «B» және «C». Бұл сапа санаттары талаптарға сәйкес келетін сынақтық дөңгелекте зертханалық жағдайларда сынақтар барысында шинаның жылудың бөлінуіне төзімділігін және оның жылуды шашырату қабылетін көрсетеді.

Жоғары температура шина материалының күйінің нашарлауына және шинаның қызмет ету мерзімінің төмендеуіне, ал шектен тыс жоғары температура шинаның күтпеген жерден жарылып кетуіне алып келуі мүмкін. «A» және «B» кластары заңнамада талап етілетін минималды мәндермен салыстырғанда сынақтық дөңгелекті қолдана отырып зертханалық жағдайларда алынған көрсеткіштердің анағұрлым жоғары деңгейлерін білдіреді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Температура классы қалыпты ауа қысымы бар және шектен тыс жүктемесі жоқ шина үшін анықталады. Бөлек-бөлек немесе бір-бірімен бірге әсер ететін тым жоғары жылдамдық, төмен, жоғары қысым немесе шектен тыс жүктеме жылудың түзілуіне және шинаның күтпеген жерден ықтимал жарылуына алып келуі мүмкін. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Төмен профильді шина

Бар болса

Төмен профильді шиналарда шина профилінің биіктігінің оның енімен қатынасы 50-ден төмен.

Төмен профильді шиналар басқаруға және тежелуге оңтайландырылғандықтан олардың бүйір беттері стандартты шинамен салыстырғанда біршама қаттырақ болады. Сонымен бірге төмен профильді шиналар әдетте ендірек келеді және сәйкесінше жол төсемімен үлкен ілінісу бетіне ие. Кейбір жағдайларда олар стандартты шиналармен салыстырғанда жолда көбірек шуыл шығаруы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Төмен профильді шинаның бүйір қабырғасы кәдімгі шинамен салыстырған аласарақ. Осылайша төмен профильді дөңгелек пен шина жеңіл зақымдалады. Төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз.


- Тегіс емес жолмен жүрген немесе одан түскен кезде шиналар мен дөңгелектерді зақымдап алмау үшін абай болыңыз. Жол жүргеннен кейін шиналар мен дискілерді тексеріңіз.
- Ой-шұңқырлардан, жасанды кедір-бұдырлардан, люктерден немесе жиектастардан өткен кезде шиналар мен дискілерді зақымдап алмау үшін жайымен қозғалыңыз.
- Шинаға соққы тиген жағдайда шинаны HYUNDAI ресми дилеріне немесе шиналарды жөндеу бойынша мамандандырылған шеберханаға тексертуге кеңес беріледі.
- Зақымдалуының алдын алу үшін шиналардың күйі мен қысымын 3000 км (1800 миль) сайын тексеріп отырыңыз.
- Шиналардың зақымдалғанын тек визуалды түрде ғана ажырату қиын. Егер шинаның зақымдалғанының кішігірім белгісі бар болса, ауаның жылыстауынан туындайтын зақымданудан сақтану үшін оны тексертіңіз және ауыстырыңыз.
- Егер шина тегіс емес жолмен, жолсыз жермен қозғалу кезінде немесе кедергілерден, мысалы, ойықтардан, люктерден немесе жиектастардан өткен кезде зақымдалған болса, сіздің кепілдігіңіз мұндай зақымдарға таралмайды.
- Шина туралы ақпарат оның бүйір қабырғасында көрсетілген.

Сақтандырғыштар


Пластиналы



Патронды



«Multi» типі



Шектен тыс электр жүктемесінің нәтижесінде автокөліктің электр жүйесін істен шығудан қорғау үшін балқығыш сақтандырғыштар қолданылады.

Бұл автокөлікте 2 (немесе 3) сақтандырғыштар панелі бар. Біреуі жүргізуші жағында панельдің астында, қалғандары — мотор бөлімінде орналасқан.

Егер жарық аспаптары, көмекші жабдық немесе автокөлікті басқару органдары жұмыс істемей тұрса, сәйкес электр тізбегінің сақтандырғышының ақаусыздығын тексеріңіз. Егер сақтандырғыш күйіп кеткен болса, онда ішіндегі элементі сынған немесе балқып кеткен болады.

Егер электр жүйесі жұмыс істемей тұрса, бірінші кезекте жүргізуші жағында орнатылған сақтандырғыштар панелін тексеріңіз. Күйіп кеткен сақтандырғышты ауыстырар алдында қозғалтқышты және барлық ажыратқыштарды өшіріңіз, содан кейін аккумулятордың теріс кабелін ағытыңыз. Күйіп кеткен балқығыш сақтандырғышты ауыстыру үшін әрдайым дәл осындай сипаттамалары бар сақтандырғышты пайдаланыңыз.

Егер ауыстырғаннан кейін жаңа сақтандырғыш күйіп кетсе, бұл электр тізбегінің ақаулы екенін көрсетеді. Бұл сақтандырғышпен қорғалып тұрған жүйені пайдаланбаңыз. Кеңес алу үшін кідірместен HYUNDAI өкілетті дилеріне хабарласу ұсынылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Балқығыш сақтандырғышты ауыстыру үшін ӘРДАЙЫМ дәл осындай сипаттамалары бар сақтандырғышты пайдаланыңыз.


- Үлкенірек номиналды тогы бар сақтандырғышты орнату тізбектің зақымдалуына және өрттің шығуына алып келуі мүмкін.
- Тіпті уақытша шара ретінде де толыққанды сақтандырғыштың орнына сымды немесе жұқалтырды орнатуға тыйым салынады. Бұл сымдардың елеулі зақымдарыну және олардың тұтануына алып келуі мүмкін.

Ескертпе

Сақтандырғыштарды шығарып алу үшін бұрауышты немесе кез келген басқа металл затты қолдануға тыйым салынады, себебі бұл қысқа тұйықталуға алып келуі және электр жүйесін бұзуы мүмкін.


Аспаптар тақтасының сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштарды ауыстыру

Жүргізуші жағында



1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Басқа барлық ауыстырып қосқыштарды ажыратыңыз.
3. Сақтандырғыштар панелінің қақпағын ашыңыз.
4. Сақтандырғыштың болжалды орналасқан жерін анықтау үшін сақтандырғыштар панелі қақпағының ішкі бетіндегі кестені қараңыз.

«Multi» типі



5. Болжалды ақаулы сақтандырғышты суырып алыңыз. Мотор бөлімінің сақтандырғыштар панелінің қақпағында қарастырылған суырып алуға арналған құрылғыны пайдаланыңыз.
6. Суырып алған сақтандырғышты тексеріңіз — егер ол күйіп кеткен болса, жаңасына ауыстырыңыз. Қосалқы сақтандырғыштар аспаптар панелінің сақтандырғыштар блоктарында (немесе мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогында) орналасқан.
7. Дәл сондай номиналды тогы бар жаңа балқығыш сақтандырғышты салыңыз және оның қысқыштарға сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Тығыз контакт болмаған жағдайда HYUNDAI өкілетті дилеріне хабарласуға кеңес береміз.


Апаттық жағдайда қосалқы сақтандырғыштар болмаса, автокөліктің жұмысы үшін міндетті болып табылмайтын құрылғылардың тізбектеріне (мысалы, шылымтұтатқыш) орнатылған дәл сондай сипаттамалары бар сақтандырғыштарды пайдаланыңыз.

Егер фаралар немесе басқа электр компоненттері жұмыс істемей тұрса және сақтандырғыштар зақымдалмаған болса, мотор бөліміндегі сақтандырғыштар панелін тексеріңіз. Егер сақтандырғыш күйіп кеткен болса, оны дәл сондай сипаттамалары бар басқа сақтандырғышпен ауыстыру қажет.


Мотор бөліміндегі панельге орнатылған сақтандырғышты ауыстыру

Пышақты/түтікшелі сақтандырғыш

Пышақты сақтандырғыш



Түтікшелі сақтандырғыш




1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Басқа барлық ауыстырып қосқыштарды ажыратыңыз.
3. Балқығыш сақтандырғыштар панелінің қақпағын басыңыз және оны шешіп алыңыз.
4. Суырып алған сақтандырғышты тексеріңіз — егер ол күйіп кеткен болса, жаңасына ауыстырыңыз. Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар панелінде орналасқан сақтандырғышты шығарып алу немесе салу үшін арнайы қысқышты пайдаланыңыз.
5. Дәл сондай номиналды тогы бар жаңа балқығыш сақтандырғышты салыңыз және оның қысқыштарға сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Тығыз контакт болмаған жағдайда HYUNDAI өкілетті дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Ескертпе

Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар панелін тексергеннен кейін панельдің қақпағын орнына салыңыз да, бекітіңіз. Егер қақпақ сенімді түрде ілмегіне ілінген болса, сырт еткен дыбыс естисіз. Егер ол ілмегіне ілінбесе, судың кіруінен электр жүйесі істемей қалуы мүмкін.

«Multi fuse» сақтандырғыштар блогы


«Multi» типі



Егер Multi немесе Midi сақтандырғышы күйіп кетсе, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Сақтандырғыштар/релелер панелінің сипаттамасы


Аспаптар панелінің сақтандырғыштар панелі



Релелер мен сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағында сақтандырғыштардың/релелердің атаулары және олардың номиналды сипаттамалары көрсетілген заттаңба орналасқан.

i Ақпарат

Бұл нұсқаулықтағы сақтандырғыштар панельдерінің барлық сипаттамалары бірдей сіздің автокөлігіңізде қолданылмауы мүмкін; ақпарат басып шығару сәтінде дәл болып табылады. Автокөліктегі сақтандырғыштар блогын қарап тексеру кезінде бұл блок туралы мәліметтері бар кестені қараңыз.



Аспаптар панелінің сақтандырғыштар панелі

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
DOOR LOCK		20 A	Есік құлпының релесі, есіктердің құлпын ашу релесі, толық құлыптау релесі
P/WINDOW RH		30 A	Артқы оң жақ есіктің электр әйнеккөтергішінің сақтандырғыш модулі, артқы (оң жақ) электр әйнеккөтергіштің релесі, жүргізуші/жолаушы есігінің электр әйнеккөтергішінің сақтандырғыш модулі, жолаушының электр әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы
P/WINDOW LH		30 A	Артқы оң жақ есіктің электр әйнеккөтергішінің сақтандырғыш модулі, артқы (оң жақ) электр әйнеккөтергіштің релесі, жүргізуші/жолаушы есігінің электр әйнеккөтергішінің сақтандырғыш модулі, жолаушының электр әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы
S/HEATER REAR		20 A	Артқы орындықтардың жылытқышын басқару модулі
S/HEATER FRT		20 A	Электржетекті жолаушы орындығының модулі, желдеткіші бар жолаушы орындығын басқару модулі
P/SEAT PASS		30 A	Электржетекті жолаушы орындығының ауыстырып қосқышы, электржетекті жолаушы орындығының модулі
BDC2		7,5 A	BDC
SUNROOF2		20 A	Люкті басқару ауыстырып қосқышы (тақтаның электржетегі)
BDC1		10 A	BDC
P/SEAT DRV		30 A	Электржетекті жүргізуші орындығының ауыстырып қосқышы, жүргізушінің IMS модулі


Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
AIR BAG2		10 A	SRS жүйесін басқару модулі
AMP	AMP	25 A	Күшейткіш, төмен вольтті тұрақты токты тұрақты токқа түрлендіргіш
MODULE9	9 MODULE	10 A	Ілінісудің бас цилиндрі, амортизациялаушы аралық төсемнің ауыстырып қосқышы, апаттық сигнал беру жүйесінің ажыратқышы, жүргізуші/жолаушы есігінің электронды кілтінің сыртқы тұтқасы, жаңбыр датчигі, ультрадыбысты күзет сигнал беру жүйесінің (UIP) сиренасы, технологиялық ағытпа
SUNROOF1		20 A	Люкті басқару ауыстырып қосқышы (әйнектің электржетегі)
MEMORY	MEMORY	10 A	Сыртқы айнаны жинау/жазу релесі, жүргізушінің IMS модулі, жүргізуші/жолаушы жағындағы электржетекті сыртқы айна, аспаптар панелі, кондиционер контроллері, кондиционерді басқару модулі, электржетекті жүксалғыш есігінің блогы, артқы орындықта жолаушының отырғанын бақылау датчигі (ROA), сәндік жарық модулі, алдыңғы панельдің сәндік жарығы, жүргізуші/жолаушы есігінің сәндік жарығы, консольдің сәндік жарығының модулі, төмен вольтті тұрақты токты тұрақты токқа түрлендіргіш
BRAKE SWITCH	BRAKE SWITCH	7,5 A	Стоп-сигналдар релесі, кіріктірілген шанақтың электр жабдығын басқару блогы (IBU)
MODULE7	7 MODULE	7,5 A	Кіріктірілген шанақтың электр жабдығын басқару блогы (IBU)
TAIL GATE OPEN		10 A	Жүксалғыш есігінің релесі

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
MULTIMEDIA	MULTIMEDIA	20 A	Аудио бас құрылғысы, аудио/видео және навигация, төмен вольтті тұрақты токты тұрақты токқа түрлендіргіш
ЖУҒЫШ		15 A	Көп функциялы ауыстырып қосқыш
MODULE8	8 MODULE	7,5 A	Алдыңғы орындықтардың желдетілуін басқару модулі, алдыңғы орындықтардың жылытқышын басқару модулі, артқы орындықтардың жылытқышын басқару модулі
AIR BAG1		15 A	SRS жүйесін басқару модулі
A/CON	3 A/C	7,5 A	E/R жалғағыш панелі (RLY.10/11)
MODULE2	2 MODULE	15 A	Алдыңғы/артқы USB зарядтау құрылғысының ағытпасы
MODULE1	1 MODULE	10 A	Жүргізушінің көмекші жүйелерінің басқару блогы (ADAS) (тұраққа қою), кіріктірілген шанақтың электр жабдығын басқару блогы (IBU), аудиожүйе пернетақтасы, күшейткіш, аудио/видео және навигация жүйесінің пернетақтасы, электржетекті сыртқы айналардың ауыстырып қосқышы, төмен вольтті тұрақты токты тұрақты токқа түрлендіргіш, E-Call төтенше қоңыраулар жүйесінің модулі, аудио, аудио/видео және навигация жүйесінің бас құрылғысы
MODULE6	6 MODULE	10 A	Консоль ауыстырып қосқышы, артқы кондиционердің бақылау ауыстырып қосқышы, электронды тұрақ тежегішінің (EPB) ауыстырып қосқышы, АБАҚ ауыстырып қосу иінтірегінің индикаторы

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
MODULE5	5 MODULE	10 A	Жүргізуші орнының жад жүйесінің (IMS) модулі, артқы орындықтардың жылытқышын басқару модулі, алдыңғы орындықтардың желдетілуін басқару модулі, күшейткіш, алдыңғы орындықтардың жылытқышын басқару модулі, диагностикалық ағытпа, аудио, аудио/видео және навигациясы жүйесінің бас құрылғысы, E-Call төтенше қоңыраулары жүйесінің модулі, аудионавигация жүйесінің пернетақтасы, төмен вольтті тұрақты токты тұрақты токқа түрлендіргіш, кондиционер контроллері, кондиционерді басқару модулі, электрхромды айна, алдыңғы жақтағы сымсыз зарядтағыш, C/O фара
MODULE4	4 MODULE	7,5 A	Кіріктірілген шанақтың электр жабдығын басқару блогы (IBU), алдыңғы камера, алдыңғы панель релесі, ECS модулі, жүргізушінің көмекші жүйелерінің басқару блогы (ADAS) (тұраққа қою), ілінісудің бас цилиндрі, толық жетектің электронды блогы, мөлшерлеуде бақылау блогы
E-SHIFTER3	3 E-SHIFTER	7,5 A	Электронды берілістерді ауыстырып қосқыш, жүйені басқару блогы (SCU)
CLUSTER	CLUSTER	7,5 A	Аспаптар панелі
MODULE3	3 MODULE	7,5 A	Стоп-сигнал релесі, үстіңгі консоль шамы, көп функциялы ауыстырып қосқыш, спорттық режим ауыстырып қосқышы
MDPS2	2	7,5 A	Рульдің электр күшейткішінің модулі (MDPS)
START		7,5 A	Күзет сигнал беру жүйесінің релесі, беріліс қорабы диапазонының ауыстырып қосқышы, кіріктірілген шанақтың электр жабдығын басқару блогы PCM/ECM, оталдыру жүйесінің ажыратқышы, жалғағыш панель E/R (RLY.3)

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
CCU	CCU	10 A	CCU (климат-контроль блогы)
wireless DCU	wireless DCU	7,5 A	DCU (есіктерді басқару блогы)
DDM	DDM	15 A	Жүргізушінің электржетекті сыртқы айнасы, жүргізушінің есік модулі
TRAILER3	3	20 A	Тіркеменің жалғағышы
A/BAG IND	IND	7,5 A	–
ADM	ADM	15 A	Жолаушының электржетекті сыртқы айнасы
USB CHARGER	USB CHARGER	15 A	Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің штекері, жүксалғыштағы зарядтау құрылғысының USB ағытпасы (оң жақ/сол жақ), жүргізушінің/жолаушының зарядтау құрылғысының USB ағытпасы
LDC	LDC	10 A	–


Мотор бөліміндегі балқығыш сақтандырғыштар панелі (мотор бөлімінің жалғағыш панелі)




Релелер мен сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағында сақтандырғыштардың/релелердің атаулары және олардың номиналды сипаттамалары көрсетілген заттаңба орналасқан.

i Ақпарат

Бұл нұсқаулықтағы сақтандырғыштар панельдерінің барлық сипаттамалары бірдей сіздің автокөлігіңізде қолданылмауы мүмкін; ақпарат басып шығару сәтінде дәл болып табылады. Автокөліктегі сақтандырғыштар панелін қарап тексеру кезінде сақтандырғыштар панелі туралы мәліметтері бар кестені қараңыз.



Мотор бөліміндегі сақтандырғыштары бар панель

Түрі	Сақтан-дырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
MULTI FUSE-1	MDPS		80 A	[80 A: колонка]: Рульдің электр күшейткішінің модулі (MDPS)
	COOLING FAN		60 A	[G4FP] Салқындату желдеткішінің контроллері
	B+1		60 A	ICU жалғағыш панелі (IPS01/IPS02/IPS03/IPS04/IPS05)
	B+3		60 A	ICU жалғағыш панелі (сақтандырғыш — F5, F6, F9, F11, F12, F15, F18, электр әйнеккөтергіш релесі)
	CVVD	CVVD	50 A	[G4FP] CVVD соленоиды
	E-CVVT	E-CVVT	50 A	[G4KN] E/R (RLY.4) жалғағыш панелі
	BLOWER		50 A	E/R жалғағыш панелі (RLY.10)
	ABS1, EPB1		30 A	ABS басқару модулі, ESC басқару модулі
	REAR HEATED		40 A	E/R жалғағыш панелі (RLY.14)
	ABS2		30 A	ABS басқару модулі, ESC басқару модулі

Түрі	Сақтан-дырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
MULTI FUSE-1	GLOW		80 A	[D4FE] GCU
	PTC HEATER1	1 PTC HEATER	50 A	[D4FE] E/R (RLY.13) жалғағыш панелі
	PTC HEATER2	2 PTC HEATER	50 A	[D4FE] E/R (RLY.11) жалғағыш панелі
	DCU1	1 DCU	50 A	[D4FE] E/R (RLY.9) жалғағыш панелі
	F/FILTER HEATER		30 A	[D4FE] E/R (RLY.6) жалғағыш панелі
САҚТАН-ДЫРҒЫШ	TRAILER1	1	30 A	[G4FP/G4NJ/D4FE] Тіркеменің жалғағышы
	B+4	4	50 A	ICU жалғағыш панелі (сақтандырғыш — F1, F4, F7, F13, F14, F17, F20, F21, F24, F27, ұзақ мерзімді жүктемесі бар жадқа сақтағыш реле)
	EPB2	2 (P)	25 A	ESC басқару модулі
	FUEL PUMP	FUEL PUMP	20 A	E/R жалғағыш панелі (RLY.8)
	4WD		20 A	Толық жетек ЭББ
	AMS	AMS	10 A	Аккумулятор датчигі
	ECU4	E4	10 A	[G4FP/D4FE] ECM



Түрі	Сақтан-дырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
САҚТАН-ДЫРҒЫШ	E-SHIFTE R2	2 E-SHIFTER	10 A	[G4FP/G4KN/D4FE] SCU, электронды берілістерді ауыстырып қосқыш
	TRAILER2	2 	20 A	[G4FP/G4NJ/D4FE] Тіркеменің жалғағышы
	A/CON1	1 A/C	10 A	E/R жалғағыш панелі (RLY.10), кондиционерді басқару модулі, [G4NJ] PCM
	DCU2	2 DCU	20 A	[D4FE] Мөлшерлеудің басқару блогы
	HEATED MIRROR		10 A	E/R жалғағыш панелі (RLY.14), жүргізуші/жолаушы есігінің электржетекті сыртқы айнасы, [G4FP/G4NJ] ECM/PCM
	DCU3	3 DCU	20 A	[D4FE] Мөлшерлеудің басқару блогы
	DCU4	4 DCU	20 A	[D4FE] Мөлшерлеудің басқару блогы
	B+2	2 	50 A	ICU жалғағыш панелі (IPS06/IPS07/IPS08/IPS09/IPS10/IPS11)
	DCT3/PTC HEATER3	3 DCT (!) (P) BRAKE 3 PTC HEATER	50 A	[G4FP/D4FE] SGA, [D4FE] E/R жалғағыш панелі

Түрі	Сақтан-дырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
САҚТАН-ДЫРҒЫШ	DCT1	1DCT	40 A	[G4FP/D4FE] TCM
	W/S HEATED GLASS LH	LH	50 A	Алдыңғы әйнек жылытқышы, C
	W/S HEATED GLASS RH	RH	50 A	Алдыңғы әйнек жылытқышы, O
	POWER TAILGATE		40 A	Электржетекті жүксалғыш есігінің блогы
	DCT2	2DCT	40 A	[G4FP/D4FE] TCM
	E-SHIFTE R1	1 E-SHIFTER	30 A	[G4FP/G4KN/D4FE] SCU
	EOP1	1EOP	40 A	Электронды май сорғысы

Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар панелі (баспа платасының блогы)

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыш номиналы	Қорғалған тізбек
IG1	IG1	30 A	PDM релесі (IG1)
IG2	IG2	15 A	PDM релесі (IG1), E/R жалғағыш панелі (RLY.3)
ECU3	E3	10 A	[G4FP] ECM, CVVD орындау механизмі [G4NJ/G4KN] PCM [D4FE] май деңгейінің датчигі
TCU2	T2	15 A	[G4FP/D4FE] TCM, трансмиссия диапазонының релесі, электронды ілінісу модулі [G4NJ] трансмиссия диапазонының релесі
ABS3	3 ABS	10 A	ABS жүйесін басқару модулі, ESP жүйесін басқару модулі
MODULE1	1 MODULE	7,5 A	[D4FE] GCU
FCA		10 A	Алдыңғы радар
SENSOR1	S1	20 A	[G4FP/G4NJ/G4KN] №1~4 оталдыру шарғысы [D4FE] Алдыңғы/артқы NOX датчигі
SENSOR2	S2	15 A	[G4FP/G4NJ/G4KN] Оттегі датчигі (Дейін/кейін) [D4FE] турбинаның айнымалы геометриясының электронды жетегі (VGT), оң темп. коэф. бар қыздырғыш
ECU1	E1	20 A	[G4FP/D4FE] ECM [G4NJ/G4KN] PCM
SENSOR4	S4	10 A	[G4FP/G4NJ/G4KN] E/R жалғағыш панелі (RLY.8) [D4FE] E/R жалғағыш панелі (RLY.6, 8)

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
SENSOR3	S3 	10 A	[G4FP] Майды бақылау клапаны (кіргізу/шығару), айнымалы көлем май сорғысының электрмагнитті клапаны, үрлеуді бақылау электрмагнитті клапаны, RCV реттеу электрмагнитті клапаны, салқындату желдеткішінің контроллері, кондиционер компрессорының релесі [G4NJ] майды басқару клапаны (кіргізу/шығару), айнымалы кіргізу электрмагнитті клапаны, үрлеуді бақылау электрмагнитті клапаны, RCV реттеу электрмагнитті клапаны, салқындату желдеткішінің контроллері, кондиционер компрессорының релесі [G4KN] майды басқару клапаны, айнымалы көлем май сорғысының электрмагнитті клапаны, айнымалы кіргізу электрмагнитті клапаны, үрлеуді бақылау электрмагнитті клапаны, салқындату желдеткішінің контроллері, кондиционер компрессорының релесі [D4FE] майды бақылау клапаны, салқындату желдеткішінің контроллері, кондиционер компрессорының релесі, E/R жалғағыш панелі (RLY.13)
A/C 2	2 A/C	10 A	Кондиционер компрессорының релесі
B/A HORN		15 A	Күзеттік сигнал беру жүйесінің дыбыс сигналының релесі
MDPS2	2 	10 A	Рульдің электр күшейткішінің модулі (MDPS)
SENSOR5	S5 	15 A	[G4FP] Жұмсақ гибридтің стартері және генераторы [G4NJ/G4KN] №1~4 бүріккіш [D4FE] Лямбда-зонд (Дейін/кейін), ауа шығынының датчигі, май қысымының электрмагнитті клапаны
SENSOR6	S6 	15 A	[G4FP] ECM[G4NJ] PCM[D4FE] Жұмсақ гибридтің стартері және генераторы

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтан-дырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
HORN		15 A	Дыбыс сигналының релесі
FR WIPER2		7,5 A	Алдыңғы әйнектазартқыштың релесі (аст.), ECM, IBU
RR WIPER		15 A	Әйнектазартқыштың бас релесі, ICU жалғағыш панелі (артқы әйнектазартқыш релесі)
FR WIPER1		25 A	Әйнектазартқыштың бас релесі, алдыңғы әйнектазартқыш релесі (аст.)
POWER OUTLET1		20 A	Жүксалғыштағы қоректендіру розеткасы
POWER OUTLET2		20 A	Алдыңғы қоректендіру розеткасы
ACC		20 A	ICU жалғағыш панелі (сақтандырғыш — F33, F36)
TCU1		15 A	[G4FP/D4FE] TCM, электронды ілінісу модулі [G4KN] PCM
ECU2		15 A	[G4FP/D4FE] ECM [G4NJ/G4KN] PCM
EOP2		10 A	Электронды май сорғысы

Жарықтандыру шамдары

Шамдардың көбін ауыстыру сұрақтары бойынша HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі. Автокөліктегі шамдарды ауыстыру белгілі бір қиындықтар тудырады, себебі шамға тек басқа бөлшектерді шешіп алу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Әсіресе бұл шамдарын ауыстыру үшін фараларды демонтаждауға қатысты.

Фараны шешіп алу/орнату автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің кенеттен қозғалып кетуіне жол бермеу және ықтимал электр тогының соғуының алдын алу үшін жарық аспаптарымен жұмысты бастамас бұрын берілістер иінтірегін «P» (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз, «Engine Start/Stop» түймесін «OFF» (Өшір.) күйіне ауыстырыңыз және автокөліктен шығар кезде кілтті алып шығыңыз.
- Шамдардың ыстық болуы және саусақтарды күйдіруі мүмкін екенін есте ұстаңыз.

Ескертпе

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты бірдей жаңа шамды орнатыңыз. Әйтпесе бұл сақтандырғыштың немесе электр сымдары жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Ескертпе

Зақымдалуынан сақтану үшін алдыңғы фаралардың шашыратқышын химиялық еріткіштердің немесе агрессивті жуғыш құралдардың көмегімен тазаламаңыз.

ℹ Ақпарат

Фаралардың ылғал жұтқышы (бар болса)

Бұл автокөлік ылғалдың болуының салдарынан фаралардың ішкі жағынан булануын азайту үшін ылғал жұтқышпен жабдықталған. Ылғал жұтқыш шығындалу материалы болып табылады, және оның сипаттамалары қолданылу кезеңіне немесе ортаға байланысты өзгеруі мүмкін. Егер ылғалдың болуының салдарынан фараның ішіндегі булану ұзақ уақыт бойы жалғасып тұрса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

ℹ Ақпарат

Егер автокөлік жүргізгеннен кейін жуылған болса немесе дымқыл ауа райында түнде жол жүрген болса, фаралар мен артқы шамдардың шашыратқыштары буланған болып көрінуі мүмкін. Бұл күй фаралардың ішіндегі және сыртындағы температуралардың айырмашылығынан туындаған және автокөліктің қандай да бір проблемасы бар екенін көрсетпейді. Ылғал конденсаты жиналған жағдайда ол қосулы фарамен қозғалғаннан кейін жойылады. Жою үшін қолжетімді деңгей фараның өлшеміне және орналасуына, сондай-ақ қоршаған орта жағдайларына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Алайда егер ылғал кетпей тұрса, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Ақпарат

- Электр жабдығын басқару жүйесін тұрақтандыру үшін қалыпты жұмыс істейтін шам аз уақытқа жыпылықтауы мүмкін. Әйтсе де егер шам лезде бір сәттік жыпылықтаудан кейін сөнсе немесе жыпылықтауын жалғастырса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.
- Габарит шамы сәйкес ажыратқышты басқан кезде қосылмауы мүмкін, алайда фараның ажыратқышын басқан кезде онымен бірге қосылуы мүмкін. Мұның себебі автокөліктің электр жабдықтарын басқару желісінің немесе жүйесінің ақаулығы болуы мүмкін. Бұл жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

Ақпарат


ЖКО-дан немесе фаралар торабын жаңадан орнатқаннан кейін фаралар жарығын реттеп алу қажет.

Ақпарат

Жол қозғалысы бағытының өзгерісіне бейімделу функциясы (Еуропа үшін)

Таяу жарық фаралары жарықты ассиметриялы түрде таратады. Жолдың қарсы бағытымен қозғалатын елдерде олар қарсы келе жатқан автокөліктердің жүргізушілерінің көздерін қарықтыратын болады. Көздерді қарықтырудың алдын алу үшін ECE ережелері бойынша кейбір әрекеттерді орындау қажет (мысалы, автоматты түрде өзгерту жүйесін пайдалану, жабысқақ үлдір жабыстыру, жарықты төмен бағыттау). Бұл фаралардың конструкциясы қарсы келе жатқан автокөліктердің жүргізушілерінің көздерін қарықтыруға жол бермейді. Сондықтан жолдың қарсы бетімен қозғалатын елде сізге фараларды реттеу қажет емес.


Фаралардың, габарит жарықтарының, бұрылыс көрсеткіштерінің, күндізгі жүріс жарықтарының (КЖЖ) шамдарын ауыстыру



(1) Фара (таяу жарық)
(2) Фара (шалғай жарық)
(3) Күндізгі жүріс жарықтары/Габарит шамдары/Бұрылыс көрсеткіштері
(4) Күндізгі жүріс жарықтары, габарит жарықтары


Фара/бұрылыс көрсеткіші

1. Тұрақ тежегішін қосыңыз және аккумулятордың теріс клеммасын ажыратыңыз.




2. Дөңгелек аркасының қаптамасының қысқыштарын шешіп алыңыз (алдыңғы бампердің астында: 6 д.).

Фаралар



Бұрылыс көрсеткішінің шамы



3. Дөңгелек аркасының қаптамасын басып, оны шетке қайырыңыз да, сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы шам патронын шығарып алыңыз.
4. Шамды басу және сағат тіліне қарсы бағытта дөңестері патрондағы ойықтармен беттескен күйге дейін бұрау арқылы патроннан шығарып алыңыз. Шамды патроннан суырып алыңыз.
5. Жаңа шамды патронға сұғыңыз және сырт еткен дыбыс естілгенше бұраңыз.
6. Патронды торапқа салыңыз, осыдан кейін патронды сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
7. Дөңгелек аркасының қаптамасын шешіп алуға кері тәртіппен қайта орнатыңыз.

Күндізгі жүріс жарықтары, габарит жарықтары (жарықдиодты)

Егер жарықдиодты шам жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі. Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, себебі олар кіріктірілген блоктың бөліктері болып табылады. Жарықдиодты шамдар блогымен бірге ауыстырылады. Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман орындауы тиіс, себебі бұрыс әрекеттер автокөліктің байланысты элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Жарықтандыру

Егер жарықдиодты шам жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, себебі олар кіріктірілген блоктың бөліктері болып табылады. Жарықдиодты шамдар блогымен бірге ауыстырылады. Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман орындауы тиіс, себебі бұрыс әрекеттер автокөліктің байланысты элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Фараларды фокустау (Еуропа елдері үшін)

A түрі



B ТҮРІ




1. Шиналарда тиісті қысым орнатыңыз және автокөліктен жүргізушіден, қосалқы дөңгелектен және құрал-саймандардан өзге жүктерді шығарыңыз.
2. Автокөлікті тегіс алаңға орналастыру қажет.
3. Экранда тік және көлденең (сәйкес фаралардың орталары арқылы өтіп тұратын) сызықтар сызыңыз.

4. Фаралардың ақаусыз күйіне және аккумулятор зарядының жеткілікті екеніне көз жеткізіп алып, фараларды максималды жарық аймағы тік және көлденең сызықтары бар орында орналастындай етіп реттеңіз.
5. Таяу және шалғай жарықты солға немесе оңға бағыттау үшін бұрауышты сағат тілінің бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

   Таяу және шалғай жарықты жоғары немесе төмен бағыттау үшін бұрауышты сағат тілінің бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Бағыттау нүктесі

Жарықдиодты шам



H1: Шам ортасынан жерге дейінгі қашықтық (таяу жарық)

H2: Шам ортасынан жерге дейінгі қашықтық (шалғай жарық)


W1: Шамдардың орталарының арасындағы көлденеңі бойынша қашықтық (таяу жарық)

W2: Шамдардың орталарының арасындағы көлденеңі бойынша қашықтық (шалғай жарық)

Автокөліктің күйі	Шам типтері	H1	H2	W/W2
Жүргізушісіз	HALOGEN Bi-Function	664 (26,14)	664 (26,14)	1436 (56,54)
мм (дюйм)	LED MFR.	660 (25,98)	589 (23,19)	1434 (56,46)
Жүргізушімен	HALOGEN Bi-Function	657 (25,87)	657 (25,87)	1436 (56,54)
мм (дюйм)	LED MFR.	683 (26,89)	582 (22,91)	1434 (56,46)

Алдыңғы таяу жарық фарасы (оң жақ)

10 метрлік экран негізінде




(1) алдыңғы сол жақ фараның ортасының тік сызығы
(2) автокөлік осі
(3) алдыңғы оң жақ фараның ортасының тік сызығы
(4) алдыңғы фараның ортасының көлденең сызығы
(5) Жарық пен көлеңке шекарасының сызығы
(6) 100
(7) W1 (таяу жарық)
(8) H1 (таяу жарық)
(9) жер

1. Жүргізушісі жоқ автокөлікте таяу жарықты қосыңыз.
2. Жарық пен көлеңке шекарасының сызығы суреттегі шекара сызығына сәйкес келуі тиіс.
3. Алдымен фараларды көлденеңінен, содан кейін тігінен реттеу орындалады.
4. Егер фаралардың еңкеюін түзеткіш бар болса, оның реттегішін 0-ге қойыңыз.

* Шалғай жарық фараларын реттеу таяу жарықты реттеумен бірге орындалады.

Алдыңғы таяу жарық фарасы (сол жақ)

10 метрлік экран негізінде




(1) алдыңғы сол жақ фараның ортасының тік сызығы
(2) автокөлік осі
(3) алдыңғы оң жақ фараның ортасының тік сызығы
(4) алдыңғы фараның ортасының көлденең сызығы
(5) Жарық пен көлеңке шекарасының сызығы
(6) 100
(7) W1 (таяу жарық)
(8) H1 (таяу жарық)
(9) жер

1. Жүргізушісі жоқ автокөлікте таяу жарықты қосыңыз.
2. Жарық пен көлеңке шекарасының сызығы суреттегі шекара сызығына сәйкес келуі тиіс.
3. Алдымен фараларды көлденеңінен, содан кейін тігінен реттеу орындалады.
4. Егер фаралардың еңкеюін түзеткіш бар болса, оның реттегішін 0-ге қойыңыз.

* Шалғай жарық фараларын реттеу таяу жарықты реттеумен бірге орындалады.

Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарын ауыстыру




Егер жарықдиодты шам (1) жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, себебі олар кіріктірілген блоктың бөліктері болып табылады. Жарықдиодты шамдар блогымен бірге ауыстырылады.


Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман орындауы тиіс, себебі бұрыс әрекеттер автокөліктің байланысты элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Артқы құрама шамды ауыстыру

A типі




(1) Артқы шам
(2) Артқы шам/стоп-сигнал
(3) Бұрылыс көрсеткішінің шамы
(4) Артқы жүріс шамы (бар болса) немесе тұман шамы (бар болса)




Стоп-сигнал/артқы шамдар (сыртқы)

1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Жүксалғыш есігін ашыңыз
3. Айқыш бұрауыштың көмегімен шам торабын ұстап тұрған бұрандаларды босатыңыз.

4. Артқы құрама фара торабын автокөлік шанағынан шешіп алыңыз.
5. Патрондағы дөңестер тораптағы ойықтармен сәйкес келгенше патронды сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, патронды шығарып алыңыз.




6. Шамды басу және сағат тіліне қарсы бағытта дөңестері патрондағы ойықтармен беттескен күйге дейін бұрау арқылы патроннан шығарып алыңыз. Шамды патроннан суырып алыңыз.
7. Жаңа шамды патронға сұғыңыз және сырт еткен дыбыс естілгенше бұраңыз.
8. Патрондағы дөңестерді тораптағы ойықтармен сәйкестендіріп, патронды торапқа орнатыңыз. Патронды торапқа салыңыз, осыдан кейін патронды сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
9. Шам торабын автокөлік шанағына орнатыңыз.



Артқы шам (ішкі)


1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Жүксалғыш есігін ашыңыз
3. Жалпақ бұрауыштың көмегімен сервистік қақпақты шешіп алыңыз.
4. Патрондағы дөңестер тораптағы ойықтармен сәйкес келгенше патронды сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, патронды шығарып алыңыз.



5. Шамды басу және сағат тіліне қарсы бағытта дөңестері патрондағы ойықтармен беттескен күйге дейін бұрау арқылы патроннан шығарып алыңыз. Шамды патроннан суырып алыңыз.
6. Жаңа шамды патронға сұғыңыз және сырт еткен дыбыс естілгенше бұраңыз.
7. Патрондағы дөңестерді тораптағы ойықтармен сәйкестендіріп, патронды торапқа орнатыңыз. Патронды торапқа салыңыз, осыдан кейін патронды сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
8. Шам торабын автокөлік шанағына орнатыңыз.


Бұрылыс көрсеткіші, артқы жүріс шамы, артқы тұман шамы

1. Аккумулятордың теріс кабелін ажыратыңыз.




2. Бампердің астындағы бекіткіштерді және дөңгелек аркасының қаптамасындағы бұрандаларды босатыңыз.
3. Бампер астындағы қамтамасы автокөлікке қарай ысырыңыз.

Бұрылыс көрсеткішінің шамы




Артқы жүріс шамы / артқы тұман шамы



4. Патрондағы дөңестер тораптағы ойықтармен сәйкес келгенше патронды сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, патронды шығарып алыңыз.
5. Патронынан суырып алып, шамды шығарыңыз.
6. Патронға жаңа шамды орнатыңыз.
7. Шам торабын автокөлік шанағына орнатыңыз.


B типі



(1) Артқы шам
(2) Артқы шам/стоп-сигнал
(3) Стоп-сигнал
(4) Бұрылыс көрсеткішінің шамы
(5) Артқы жүріс шамы (бар болса) немесе тұман шамы (бар болса)

Артқы шам/стоп-сигнал, артқы шам

Егер жарықдиодты шам жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі. Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, себебі олар кіріктірілген блоктың бөліктері болып табылады. Жарықдиодты шамдар блогымен бірге ауыстырылады. Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман орындауы тиіс, себебі бұрыс әрекеттер автокөліктің байланысты элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



Артқы тұман шамы

1. Аккумулятордың теріс кабелін ажыратыңыз.
2. Бампердің астындағы бекіткіштерді және дөңгелек аркасының қаптамасындағы бұрандаларды босатыңыз.
3. Бампер астындағы қамтамасы автокөлікке қарай ысырыңыз.
4. Патрондағы дөңестер тораптағы ойықтармен сәйкес келгенше патронды сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, патронды шығарып алыңыз.
5. Патронынан суырып алып, шамды шығарыңыз.
6. Патронға жаңа шамды орнатыңыз.
7. Шам торабын автокөлік шанағына орнатыңыз.


Артқы шам/стоп-сигнал, артқы шам, бұрылыс көрсеткіші, артқы жүріс шамы

Егер жарықдиодты шам жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, себебі олар кіріктірілген блоктың бөліктері болып табылады. Жарықдиодты шамдар блогымен бірге ауыстырылады.

Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман орындауы тиіс, себебі бұрыс әрекеттер автокөліктің байланысты элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Үстіңгі стоп-сигналды ауыстыру




Егер жарықдиодты шам (1) жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, себебі олар кіріктірілген блоктың бөліктері болып табылады. Жарықдиодты шамдар блогымен бірге ауыстырылады.

Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман орындауы тиіс, себебі бұрыс әрекеттер автокөліктің байланысты элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Нөмір белгісін жарықтандыру шамын ауыстыру



1. Жалпақ ұшты бұрауыштың көмегімен абайлап шашыратқыштың астынан көтеріп, оны корпустан суырып алыңыз.
2. Патронынан суырып алып, шамды шығарыңыз.
3. Жаңа шамды орнатыңыз.
4. Орнату кері тәртіппен орындалады.


Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру

Картаны жарықтандыру/жеке жарық шамы (жарықдиодты)

Картаны жарықтандыру шамы (жарықдиодты)



Салонды жарықтандыру шамы (жеке шам)




Егер жарықдиодты шам жұмыс істемей тұрса, жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, себебі олар кіріктірілген блоктың бөліктері болып табылады. Жарықдиодты шамдар блогымен бірге ауыстырылады.


Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман орындауы тиіс, себебі бұрыс әрекеттер көлік құралының сәйкес бөліктерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Картаны жарықтандыру шамы, салонды жарықтандыру шамы, күңқағар шамы және жүксалғышты жарықтандыру шамы (қыздыру шамы)

Салон жарығының шамы.




Бағытталған жарық шамы



Күңқағар шамы



Жүксалғышты жарықтандыру шамы



1. Жалпақ ұшты бұрауыштың көмегімен шашыратқыштың астынан абайлап көтеріңіз де, оны салондағы шамның корпусынан шығарып алыңыз.
2. Патронынан суырып алып, шамды шығарыңыз.
3. Патронға жаңа шам орнатыңыз.
4. Шашыратқыштардың дөңестерін шам корпусындағы ойықтармен беттестіріңіз де, шашыратқыштарды орнына орнатыңыз.

Ескертпе

Қақпақты, тілшіктерді және пластмасса корпусты зақымдап алмау үшін абай болыңыз.

Сыртқы көрінісіне күтім жасау

Сыртқы беттерге күтім жасау

Ескертпе

Егер автокөлікті тұраққа қоятын жердің жанында тот баспайтын болаттан жасалған жол белгілері немесе әйнектелген қасбеті бар ғимараттар бар болса, бұл беттерден шағылысқан жарық автокөліктің сыртқы пластмасса бөлшектерін (бампер, спойлер, сәндік қаптауыш, фаралар, артқы көрініс айнасы және т. б.) зақымдауы мүмкін. Сыртқы пластмасса бөлшектердің зақымдалуына жол бермеу үшін автокөлікті шағылысқан күн сәулесі түсетін орындарға тұраққа қоймау қажет немесе қорғаныш тысқап қолдану қажет. (Сыртқы пластмасса бөлшектердің жиынтығы автокөлік моделіне байланысты.)

Автокөлікке сыртқы жағынан күтім жасау кезіндегі жалпы сақтық шаралары

Тазалауға немесе жылтыратуға арналған химиялық құралдарды пайдаланған жағдайда заттаңбадағы нұсқауларды орындау қажет. Заттаңбада орналастырылған барлық ескертулер мен сақтандыруларды оқып шығыңыз.

Автокөліктің лак-бояу жабынына күтім жасау

Автокөлікті жуу

Лак-бояу жабынын коррозиядан және тозудан қорғау үшін айына бір реттен сиретпей автокөлікті сәл жылы немесе салқын сумен мұқият жуыңыз.

Автокөлікті жолсыз жер жағдайларында пайдалансаңыз, оны мұндай әрбір сапардан кейін жуыңыз. Тұздың, шаңның, балшықтың және басқа да бөтен заттектердің жинақталуын кетіруге ерекше назар аударыңыз. Есіктердің және табалдырықтардың астыңғы қырларындағы дренаждық саңылаулардың таза болуын қадағалаңыз.

Жәндіктер, шайыр және ағаштардың шырыны, құс саңғырығы, атмосфераға бөлінетін өнеркәсіптік шығарындылар және осыған ұқсас ластауыштар егер уақтылы кетірілмейтін болса, автокөлігіңіздің лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

Тіпті сумен бірден жуу да мұндай ластануларды толық кетірмеуі мүмкін. Жуудың көбірек тиімділігі үшін боялған беттер үшін қауіпсіз жұмсақ сабын ерітіндісін қолдану қажет.

Жуғаннан кейін автокөлікті жылы не салқын сумен мұқият шайыңыз. Сабынның лак-бояу жабынының бетінде тұрып кеуіп қалуына жол бермеңіз.

Жоғары қысыммен жуу

- Жоғары қысыммен жұмыс істейтін жуу құрылғыларын пайдаланған жағдайда автокөліктен жеткілікті қашықтықта тұру қажет.

  Қашықтықтың жеткіліксіздігі немесе шектен тыс қысым компоненттердің зақымдалуына немесе оларға судың кіруіне алып келуі мүмкін.
- Жоғары қысымды жуу аппаратының арынын тікелей камераларға, датчиктерге немесе жақын орналасқан аймақтарға бағыттамау қажет. Жоғары қысымды су арынының соққы әсерінің салдарынан бұл құрылғылар істен шығуы мүмкін.
- Шүмекті тозаңдықтарға (резеңке немесе пластик тысқаптарға) немесе ағытпаларға жақын ұстамаңыз, себебі жоғары қысымды су оларды зақымдауы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлікті жуғаннан кейін жолға шығар алдында төмен жылдамдықпен тежегіштердің жұмысын тексеріп алыңыз — оларға су тиген болуы мүмкін. Егер тежелу тиімділігі нашарлаған болса, автокөліктің төмен жылдамдықпен алдыға қозғалысы кезінде тежегіштерді кептіріңіз.

Ескертпе

- Сілтісінің мөлшері көп сабынды, химиялық жуғыш құралдарды немесе ыстық суды пайдаланбаңыз. Сондай-ақ автокөлікті тікелей түсетін күн сәулесінің астында немесе автокөлік шанағы қатты қызған жағдайда жумаған жөн.
- Бүйір әйнекті үлкен қысымы бар су арынымен жумаңыз.
- Су терезе арқылы салонға кіруі және ішін су қылуы мүмкін.
- Пластик бөлшектердің зақымдалуынан жол бермеу үшін тазалауға химиялық еріткіштер немесе агрессивті жуғыш құралдар қолданбаңыз.

Ескертпе



- Мотор бөлімін сумен, соның ішінде арынды сумен жуу мотор бөлімінде орналасқан электр тізбегінің істемей қалуына алып келуі мүмкін.
- Ешбір жағдайда судың немесе басқа сұйықтықтардың автокөлік ішіндегі электр/электронды элементтерге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл оларды зақымдауы мүмкін.

Ескертпе

Автокөлік әрлемесіндегі бұлыңғыр бояу (бар болса)

Айналып тұратын щеткалары бар автоматты жуу қондырғысын пайдаланбаған жөн, себебі бұл автокөлігіңіздің бетін зақымдауы мүмкін. Автокөліктің бетін жоғары температурамен жуатын бумен тазалағышты пайдалану майдың жабысып қалуына немесе кетуі қиын дақтардың пайда болуына алып келуі мүмкін.

Автокөлікті жуған кезде жұмсақ мата (мысалы, микроталшықтан тұратын орамалды немесе ысқышты) және оны кептіргенде микроталшықтан тұратын орамалды қолданыңыз. Автокөлікті қолмен жуған кезіңізге балауызы бар тазартқыш қолданбағаныңыз жөн. Егер автокөліктің беті тым қатты ластанған болса (құм, балшық, шаң, ластауыш заттектер және т. б.), автокөлікті жуар алдында оның бетін сумен тазалап алыңыз.

Балауызбен жылтырату

Балауыздың жақсы қабаты лак-бояу жабыны мен ластауыштар арасында тосқауыл қызметін атқарады. Автокөлік бетінде жеткілікті балауыз қабатын сақтау оны қорғауға көмектеседі. Балауызды судың автокөліктің боялған бетінде тамшы болып жиналуы тыйылған кезде жағу қажет.

Әрдайым балауыз жағар алдында автокөлікті жуып, кептіріп алыңыз. Сапасы жақсы сұйық немесе паста тәрізді балауызды пайдаланыңыз және өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қорғау және жылтырауын сақтау үшін балауызды әрлеменің барлық металл бөлшектеріне жағыңыз.

Дақ кетіргіштің көмегімен майды, шайырды және осыған ұқсас материалдарды кетіру әдетте лак бетіндегі балауызды алып кетеді. Тіпті қалған жағында автокөлікке әлі балауыз жағу қажет болмаса да осы жерлерге балауыздың қайтадан жағылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе

- Шанақ бетінен шаңды немесе балшықты құрғақ шүберекпен сүрту кезінде лак-бояу жабынында сызаттар қалады.
- Металл щеткаларды, абразивті тазартқыш құралдарды, құрамында күшті сілтілі немесе уытты заттектері бар агрессивті жуғыш құралдарды хромдалған бөлшектерге немесе анодталған алюминийден жасалған бөлшектерге пайдаланбаңыз. Бұл қорғаныш жабынды зақымдауы және бояудың оңып кетуіне немесе көмескі тартуына алып келуі мүмкін.

Ескертпе

Автокөлік әрлемесіндегі бұлыңғыр бояу (бар болса)

Ешқандай лак-бояу жабынын қорғайтын құралдар, мысалы, жуғыш құралдар, абразивтер және жылтыратқыш қолданбаңыз. Балауыз жаққан жағдайда оны силиконды еріткіштің көмегімен дереу сүртіп кетіріңіз, ал бетте гудрон немесе құрамында гудроны бар ластауыш заттектер болған жағдайда тазалау үшін гудронды кетіруге арналған құралды пайдаланыңыз. Әйтсе де абай болыңыз және боялған аймақты тым қатты басушы болмаңыз.

Лак-бояу жабынының зақымдарын қалпына келтіру

Боялған беттердегі терең сызаттарды немесе тастардан болған жарықтарды дереу жою қажет. Жалаңаш металл тез тот басады, бұл қымбатқа түсетін ауқымды жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне алып келуі мүмкін.

Ескертпе

Егер автокөлігіңіз зақымдалған болса немесе қандай да бір металл бөлшектерін жөндеуді немесе ауыстыруды қажет ететін болса, автошеберханада ауыстырылатын немесе жөнделетін бөлшектерге коррозияға қарсы өңдеу жүргізілетініне көз жеткізіңіз.

Ескертпе

Автокөлік әрлемесіндегі бұлыңғыр бояу (бар болса)

Көлік құралдарының бұлыңғыр лак-бояу жабыны жағдайында тек зақымдалған аймақты ғана түзету мүмкін емес, бүкіл бөлшекті жөндеу қажет болады. Егер автокөлік зақымдалған және оны бояу қажет болса, біз автокөлігіңізге қызмет көрсетуді және жөндеуді HYUNDAI ресми дилерінде жүргізуге кеңес береміз. Ерекше мұқият болыңыз, себебі жөндеуден кейін жабынның сапасын қалпына келтіру қиын.

Жылтыратылған металл элементтерге күтім жасау

- Жол гудронын және жәндіктердің іздерін кетіру үшін осыған арнайы арналған құралды пайдаланыңыз. Бұл мақсатта шпательді немесе басқа үшкір затты қолдануға болмайды.
- Металл бөлшектердің жылтыратылған беттерін коррозиядан қорғау үшін балауызды қорғаныш жабынын немесе құрамында хромы бар сақтандырғыш құрал жағыңыз және көбірек жылтырауы үшін ысқылаңыз.
- Қысқы ауа райында немесе теңіз жағалауындағы аймақтарда жылтыратылған металл бөлшектердің бетіндегі балауыздың немесе консерванттың қабаты қалыңырақ болуы тиіс. Қажет болса, бөлшектерге агрессивті емес техникалық вазелин қабатын немесе басқа қорғағыш құрамдарды жағыңыз.

Шанақтың астыңғы бөлігіне күтім жасау

Қарды, мұзды және шаңды кетіру үшін қолданылатын коррозиялық материалдар көліктің түбіне жинақталуы мүмкін. Егер бұл материалдарды кетірмесеңіз, тіпті коррозиядан қорғайтын құралмен өңделген болса да, отын өткізгіш, рама, түп және пайдаланылған газдарды шығару жүйесі секілді корпустың астыңғы бөлігінде жеделдетілген коррозия жүруі мүмкін.

Автокөлік шанағының астыңғы бөлігін және дөңгелектердің қуыстарын сәл жылы немесе салқын судың күшті арынымен кемінде айына бір рет, сондай-ақ жолсыз жермен жүріп өткеннен және қыс маусымы аяқталғаннан кейін мұқият жуып отырыңыз. Автокөліктің осы бөлігіне ерекше назар аударыңыз, себебі ондағы жиналып қалған бүкіл шаң мен балшықты көру қиын. Жабысып тұрып қалған балшықты кетірместен жай ғана сумен жібіту пайдасынан көрі көбірек зиянын тигізеді. Бұл аймақтарға ерекше назар аударыңыз, себебі олардың ластанғанын көру қиын. Жол балшығын кетірместен жай ғана сумен жібіту пайдасынан көрі көбірек зиянын тигізеді. Есіктердің астыңғы жиектерінің, табалдырықтардың және рама элементтерінің дренаждық саңылаулары бар, оларға балшық тығылып қалмауы тиіс; бұл аймақтарда іркіліп қалған су коррозияға алып келуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Автокөлікті жуғаннан кейін төмен жылдамдықпен тежегіштердің жұмысын тексеріп алыңыз — оларға су тиген болуы мүмкін. Егер тежелу тиімділігі нашарлаған болса, автокөліктің төмен жылдамдықпен алдыға қозғалысы кезінде тежегіштерді кептіріңіз.

Алюминий дөңгелектерге қызмет көрсету

Алюминий дөңгелектердің мөлдір қорғаныш жабыны болады.

- Алюминий дөңгелектерге абразивті тазартқыштар, жылтыратқыш құрамдар, еріткіштер немесе металл щеткалар қолдануға тыйым салынады.
- Дөңгелектерді суығаннан кейін тазалау қажет.
- Тек жұмсақ сабынды немесе бейтарап жуғыш құралды ғана пайдаланыңыз және оны сумен мұқият шайыңыз. Сондай-ақ дөңгелектерді тұз себілген жолдармен жүргеннен кейін тазалаңыз.
- Дөңгелектерді автокөліктерді жууға арналған жоғары жылдамдықты щеткалармен жумаңыз.
- Сілтілі және қышқылды тазартқыш құралдарды қолдануға тыйым салынады.

Коррозиядан қорғау

Автокөлікті коррозиядан қорғау

Коррозияға қарсы күрес бойынша ең заманауи конструкторлық шешімдерді қолдана отырып, HYUNDAI компаниясы аса жоғары сапалы автокөліктер өндіреді. Алайда бұл тек істің жартысы ғана. Автокөліктің ұзақ мерзімді коррозияға қарсы тұрақтылығына қол жеткізу үшін көлік иесінің қатысуы және сәйкес әрекеттері қажет.

Коррозияның пайда болуының негізгі себептері

Автокөлікте коррозияның пайда болуының ең көп таралған себептері төмендегілер болып табылады.

- Автокөліктің түбіне жинақталуы мүмкін жолға себілетін тұз, балшық және ылғал.
- Бояудың немесе қорғаныш жабындардың тастармен, қиыршық тастармен жарылуы, сондай-ақ қорғалмаған металды коррозияның әсеріне ашық қалдыратын мардымсыз жарықтар мен ойылған ішіне қарай майысулар.

Белсенді коррозия аймақтары

Егер сіз автокөлік коррозиялық заттектердің әсеріне жүйелі түрде ұшырайтын аймақта тұратын болсаңыз, коррозиядан қорғау әсіресе үлкен маңызға ие болады. Жеделдетілген коррозияның кең таралған себептеріне жолға себілетін тұз, шаң-тозаңды бақылауға арналған химиялық заттектер, теңіз ауасы және өнеркәсіптік ластауыштар жатады.

Ылғал — коррозия көзі

Ылғал коррозияның туындауы әбден ықтимал болатын жағдайлар тудырады. Мысалы, коррозиялық процестер жоғары ылғалдылық жағдайында, әсіресе қоршаған орта ауасының нөлден сәл жоғары температурасында үдейді. Мұндай жағдайларда баяу буланатын ылғал коррозиялық материалдардың автокөлік бөлшектерінің беттерімен үнемі жанасуын қамтамасыз етіп тұрады.

Коррозияның ерекше белсенді көзі балшық болып табылады, себебі ол баяу кебеді және автокөлік бетінде ылғалды ұстап тұрады. Тіпті балшық құрғақ болып көрінсе де, оның құрамында әлі де ылғал болуы және ол коррозиялық процестерге ықпал етуі мүмкін.

Жоғары температуралар да автокөліктің ылғал отыруы мүмкін нашар желдетілетін бөліктерінің коррозиясының пайда болуына ықпал ете алады. Осы себептерге байланысты автокөлікті таза ұстау және ондағы балшықты және жиналып қалған басқа материалдарды жүйелі түрде кетіріп отыру қажет. Бұл тек сыртқы беттерге ғана емес, автокөліктің түбіне де қатысты.

Коррозияның алдын алу

Автокөлікті таза ұстаңыз Коррозияның алдын алудың ең жақсы тәсілі — бұл автокөлігіңізді таза ұстау және коррозиялық белсенді заттектерді жүйелі түрде тазалап кетіру. Автокөліктің түбіне ерекше көңіл бөлу қажет.

- Егер автокөлігіңіз үнемі коррозия тудыратын заттектердің (жолға себілетін тұз, теңіз ауасы, өнеркәсіптік ластауыштар, қышқылды жаңбырлар және т. б.) әсеріне ұшырайтын аймақта тұратын болсаңыз, автокөлікті қорғауға ерекше көңіл бөлу қажет. Қыс мезгілінде кемінде айына бір рет көліктің түбін құбыршектен атқылаған сумен жуып шаю қажет. Қыз маусымы аяқталғаннан кейін де дәл осы әрекетті жасау қажет.
- Автокөлік түбін тазалаған кезде дөңгелек қуыстарында және басқа да қолжетімсіз жерлерде орналасқан конструкциялық элементтерге ерекше көңіл бөлу қажет. Тазалауды мұқият жүргізіңіз — балшықты жібітіп, алайда жуып кетірмей қойсаңыз, коррозияға бөгет болмай, керісінше оның дамуына ықпал етесіз. Балшық қатпарларын немесе коррозиялық белсенді заттектерді кетіру үшін күшті арынмен атқылаған буды немесе суды қолданған ерекше тиімді.
- Есіктердің астыңғы бөлігін, аспа элементтерін және күштік конструкцияларды тазалаған кезде дренаждық саңылаулардың ылғалдың буланып кетуіне және коррозияның пайда болуын тездетіп ішке жиналмауына мүмкін беріп, ашық болуын қадағалаңыз.

Гаражда ылғалдың болмауын қамтамасыз етіңіз

Автокөлікті ылғал, нашар желдетілетін гаражға тұраққа қоймаңыз. Бұл коррозия үшін қолайлы орта тудырады. Бұл автокөлікті гараж ішінде жуған немесе әлі су не бетін қар, мұз немесе балшық басқан күйінде онымен гаражға кірген кезіңізде әсіресе маңызды. Егер ылғалдың буланып кетуіне кедергі келтіретіндей жақсы желдетілмейтін болса, тіпті жылытылатын гараждың ішінде де коррозияның дамуына қолайлы жағдайлар болуы мүмкін.

Лак-бояу жабынын және сәндік панельдерді жақсы күйінде ұстаңыз.

Коррозия ықтималдығын барынша азайту үшін әрлеу жабынындағы сызаттарды немесе жарықтарды кейінге қалдырмастан бояу қажет. Егер металл жалаңаштанып қалса, мамандандырылған шанақ бояу шеберханасына жүгінуге кеңес беріледі.

Құс саңғырығының жоғары коррозиялық белсенділігі бар және небәрі бірнеше сағатта боялған беттерді зақымдауы мүмкін. Құс саңғырығын кейінге қалдырмастан кетіру қажет.

Салонға күтім жасау

Салонға күтім жасау бойынша жұмыстарды орындау кезіндегі жалпы сақтық шаралары

Салон элементтеріне әтір және косметикалық май секілді күйдіргіш ерітінділердің тиюіне жол бермеу қажет, себебі олар бетті зақымдауы және түсін оңдырып жіберуі мүмкін. Мұндай заттектер салон элементтеріне тиген жағдайда дереу оларды сүртіп алыңыз. Автокөліктің ішкі беттерін дұрыс тазалау бойынша нұсқаулықтармен танысыңыз.

Ескертпе

- Ешбір жағдайда судың немесе басқа сұйықтықтардың автокөлік ішіндегі электр/электронды элементтерге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл оларды зақымдауы мүмкін.
- Былғары беттерді (руль дөңгелегі, орындықтардың қаптауышы және т. б.) тазалау үшін бейтарап тазартқыш құралдарды немесе спиртінің мөлшері төмен ерітінділерді қолданыңыз. Спиртінің мөлшері жоғары ерітінділерді немесе қышқылды/сілтілі тазартқыш құралдарды қолдану түсінің көмескіленуіне немесе былғары жабынның үстіңгі қабатының жойылуына алып келуі мүмкін.

Ішкі әрлеме қаптауышын және элементтерін тазалау

автокөліктің ішкі беттері

Бар болса

Автокөліктің ішкі беттерінен шаңды және жабыспаған кірді щетканың немесе шаңсорғыштың көмегімен кетіріңіз. Қажет болса, ішкі беттерді жылы судың және құрамында белсенді компоненттері жоқ жұмсақ тазартқыш құралдың қоспасымен тазалаңыз (қолданар алдында барлық тазартқыш құралдарды көзге көрінбейтін жерлерге қолданып байқап көріңіз).

Мата

Бар болса

Мата беттерден шаңды және жабыспаған кірді щетканың немесе шаңсорғыштың көмегімен кетіріңіз. Тыстаманы немесе кілемшелерді әлсіз сабын ерітіндісімен тазалауға кеңес беріледі. Жаңадан түскен кір дақтарын бірден матаға арналған дақ кетіргіштің көмегімен кетіруге кеңес беріледі. Егер жаңадан түскен дақтарды бірден өңдемесеңіз, олар мата тыстамада қалып қоюы және оның түсін өзгертуі мүмкін. Сондай-ақ тиісті күтім болмаған жағдайда материалдың отқа төзімділік қасиеттері төмендеуі мүмкін.

Ескертпе

Ұсынылған тазартқыш құралдар мен әдістерді пайдаланудан ауытқу матаның сыртқы түріне және оның отқа төзімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

Былғары тыстама

Бар болса

- Орындықтардың былғары қаптауышының қасиеттері
- Былғары қаптауыш пайдалануға жарамды ету үшін арнайы өңдеуден өткен жануарлардың терісінен жасалған. Табиғи материал болғандықтан оның кейбір бөліктері қалыңдығымен және тығыздығымен ерекшеленеді.
  Температураға және ылғалдылыққа байланысты табиғи созылудың және шөгудің салдары ретінде жиырықтар пайда болуы мүмкін.
  - Жайлылықты жоғарылату мақсатында орындық созылмалы матадан жасалған.
  - Денеге жанасатын бөлшектердің пішіні иілген, сондай-ақ орындықтың биік бүйірлік тіреуіші бар, бұл көлікті жүргізген кезде жайлылықты және тұрақтылықты қамтамасыз етеді.
  - Пайдалану барысында жиырықтар пайда болуы мүмкін — бұл қалыпты құбылыс. Бұл бұйымның кемшілігі болып табылмайды.

Ескертпе

- Кепілдік автокөлікті пайдалану кезінде табиғи жолмен туындайтын жиырықтарға және қажалуға таралмайды.
- Металл бөлшектері бар белбеулер, сыдырмалар немесе шалбардың артқы қалтасына кілттерді салу орындықтардың тыстамасын зақымдауы мүмкін.
- Орындыққа сұйықтық тигізбеуге тырысыңыз. Бұл табиғи былғарының қасиеттерін өзгертуі мүмкін.
- Түсі оңатын джинс немесе киім орындықтың тыстау матасының бетін бүлдіруі мүмкін.

- Табиғи былғарыдан жасалған тыстамасы бар орындықтарға күтім жасау
  - Орындықтардан шаңды және құмды кетіру үшін орындықтарды мезгіл-мезгілімен шаңсорғышпен тазалаңыз. Бұл орындықтардың былғарысының қажалуын немесе зақымдалуын болдырмайды және оларды жақсы күйінде сақтайды.
  - Орындықтардың қаптауышының былғарысын құрғақ немесе жұмсақ матамен жиі сүртіңіз.
  - Былғарыға күтім жасауға арналған тиісті құралдарды пайдалану орындықтардың тыстамасының қажалуының алдын ала және түсін сақтай алады. Былғарыға арналған жабынды немесе былғарыны қорғауға арналған құралды қолданар алдында міндетті түрде нұсқаулығымен танысыңыз немесе мамандардың кеңестерін алыңыз.
  - Ашық түсті (сарғыш, ақсары-сарғыш) былғары жеңіл ластанады, ал ондағы дақтар көзге көрініп қалады. Орындықтарды жүйелі түрде тазалап отырыңыз.
  - Орындықтарды дымқыл шүберекпен сүртпеңіз. Бұл беттің жарылып кетуіне алып келуі мүмкін.
- Былғары орындықтарды тазалау
  - Барлық ластанған жерлерді кідірместен кетіріңіз. Әртүрлі ластануларды кетіру кезінде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.
  - Косметика (күннен қорғайтын крем, крем-далап және т. б.) Тазартқыш кремді шүберекке жағыңыз және ластанған жерді сүртіңіз. Кремді ылғал шүберекпен кетіріңіз, содан кейін суды құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
  - Сусындар (кофе, алкогольсіз сусындар және т. б.) Бейтарап еріткіштің аз мөлшерін жағыңыз және дақтың жайылып жағылуы тыйылғанша сүртіңіз.

- Май
  Майды дереу жақсы сіңіретін шүберекпен сүртіп алыңыз және тек табиғи былғарыға арналған дақ кетіргішпен сүртіңіз.
- Сағыз
  Сағыз қатайғанға дейін оның бетіне мұз басып ұстаңыз, содан кейін біртіндеп кетіріңіз.

- Наппа былғарысына күтім жасау (болған жағдайда)
  Шектен тыс күннің және жылудың әсерінен сақтауға тырысыңыз. Күн жарығының және жылудың шектен тыс әсері табиғи түрде наппа былғарысының түсінің оңуына және кеуіп қалуына, сондай-ақ жиырықтардың пайда болуына және түссізденуіне алып келеді. Егер наппа былғарысына сұйықтық тисе, зақымдарын барынша азайту үшін оны дереу түксіз матамен тазалап алыңыз. Наппа былғарысының бетін үшкір заттармен қырнамаңыз. Егер наппа былғарысымен қапталған орындығыңыз ашық бояумен боялған болса, ол боялған материалдардан, мысалы, джинстан ластануы немесе бүлінуі мүмкін.

Ішкі ағаш әрлеме

- Ішкі ағаш әрлемені тазалау үшін ағаш жиһазды қорғауға арналған құралдарды (мысалы, балауыз, жабынға арналған құрам) пайдаланыңыз.
- Бірегей ағаш текстураларын ұзағырақ уақыт бойы сақтау үшін салонның ағаш әрлемесін түгі жоқ таза матамен жиі сүртіп отырыңыз .
- Егер салонның ағаш әрлемесіне сусын (мысалы, су, кофе) төгіп алсаңыз, оны дереу таза құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
- Үшкір заттар (мысалы, бұрауыш, пышақ), жабысқақ материалдар немесе таспалар салонның ағаш әрлемесін зақымдауы мүмкін.
- Кез келген күшті соққылар салонның ағаш әрлемесін зақымдауы мүмкін.
- Егер салонның ағаш әрлемесіндегі жабын кетіп қалатын болса, ылғал ағашты зақымдау немесе оның қасиеттерін өзгертуі мүмкін.
- Егер салонның ағаш әрлемесі зақымдалатын болса, оның бетінен теріңізге шөгір кіріп кетуі мүмкін. Сондықтан зақымдалған ішкі ағаш әрлемені HYUNDAI ресми дилеріне ауыстыртуға кеңес беріледі.

Қауіпсіздік белбеулерін тазалау

Белбеудің таспасын тыстаманы немесе кілем жабындарын тазалауға ұсынылған кез келген жұмсақ сабын ерітіндісінің көмегімен тазалауға болады. Сабынды пайдалану бойынша нұсқауларды орындаңыз. Белбеу таспасын ағартпаңыз және қайтадан боямаңыз, себебі мұның нәтижесінде ол беріктігінен айырылуы мүмкін.

Әйнектерді ішкі жағынан тазалау

Егер автокөлік әйнектерінің ішкі беті буланып кетсе (яғни майлы немесе балауыз тәрізді үлдірмен жабылса), онда терезелерді әйнектерге арналған жуғыш құралдың көмегімен тазалау қажет. Әйнектерге арналған жуғыш құралдың қаптамасында келтірілген нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе

Артқы әйнектің ішкі бетін қырғыштың көмегімен тазаламаңыз және оны қырнамаңыз. Осылайша артқы әйнек жылытқышының торын зақымдап алуыңызға болады.

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Автокөлігіңіздің пайдаланылған газдарының уыттылығын төмендету жүйесіне шектеулі кепілдік таралады. Кепілдік міндеттемелер туралы толық ақпарат автокөлікпен бірге жеткізілетін техникалық қызмет көрсету паспортында келтірілген.

Сіздің автокөлігіңіз зиянды заттектер шығарындыларын шектеу бойынша талаптарға сәйкес келетін пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесімен жабдықталған. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі үш элементтен тұрады.

(1) Қозғалтқыш картерінен шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

(2) Отын багынан шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

(3) Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Уыттылықты төмендету жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін автокөлікке осы нұсқаулықта келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилерінде тексеру және техникалық қызмет көрсету жүргізуге кеңес беріледі.

Ескертпе

Техникалық қызмет көрсету барысында тексерулер мен сынақтар жүргізу кезіндегі сақтық шаралары (электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесімен (ESC))

- Динамометриялық сынақ барысында оталдырудың өткізіп жіберуіне жол бермеу үшін ESC жүйесінің ауыстырып қосқышын басу арқылы динамикалық тұрақтандыру жүйесін (ESC) өшіріп қойыңыз («ESC OFF» (ESC өшірулі) индикаторы жанып тұрады).
- Динамометриялық сынақ аяқталғаннан кейін ESC ауыстырып қосқышын қайта басу арқылы ESC жүйесін қосыңыз.

1. Қозғалтқыш картерінен шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Картерді мәжбүрлеп желдету жүйесі ауаның картерден шығатын газдармен ластануына жол бермеу үшін қолданылады. Бұл жүйе ауа қармайтын құбыршек арқылы картерге сүзілген таза ауаның ағып келуін қамтамасыз етеді. Картердің ішінде таза ауа кіріп кеткен газдармен араласады, кейін олар картердің мәжбүрлеп желдету клапаны арқылы кіргізу жүйесіне өтеді.

2. Отын багынан шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Отын багынан шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі отын буларының атмосфераға бөлінуінің алдын алады.

Жинақтағыш

Отын багының ішінде түзілетін отын булары жұтылады және борттық жинақтағышта сақталады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда жинақтағыштағы отын булары үрлеуді басқару электрмагнитті клапаны арқылы теңгергіш бакке жіберіледі.

Отын буларын жинақтағыштың үрлеуді басқару электрмагнитті клапаны

Отын буларын жинақтағыштың үрлеуді басқару электрмагнитті клапаны (PCSV) қозғалтқышты басқару блогы (ECM) арқылы бақыланады; бос жүріс кезінде қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы төмен болса, PCSV жабылады, осының арқасында буланған отын қозғалтқышқа келмейді. Әдеттегі қозғалыс кезінде қозғалтқышты қыздырғаннан кейін қозғалтқышқа буланған отынды кіргізу үшін PCSV ашылады.

3. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі жоғары тиімділікпен шығарындылардың құрамын бақылап тұрады және сонымен бірге автокөліктің жақсы жүріс сипаттамаларын сақтайды.

Егер қозғалтқыш сөнсе немесе отала алмай тұрса, қозғалтқышы оталдыруға бағытталған әрекеттердің шектен тыс саны шығарынды газдарды тазалау жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

Қозғалтқыштың шығарынды газдарына (иіс газы) қатысты сақтық шаралары

- Шығарынды газдардың арасында иіс газы болуы мүмкін. Егер автокөлікте кез келген шығарынды газдардың иісін сезсеңіз, көлікті толық ашылған терезелерімен жүргізіңіз. Дереу жақын жердегі автосервиске барыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыштың шығарынды газдарының құрамында иіс газы (CO) бар. Оның түсі мен иісінің болмайтынына қарамастан ол өте қауіпті және онымен тыныстаған жағдайда кісі өліміне алып келуі мүмкін. Уланудан сақтану үшін төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз.

- Жабық үй-жайларда (гараждар секілді) қозғалтқышты үй-жайға кіріп-шығуға қажетті уақыттан ұзақ қосулы күйінде ұстамаңыз.
- Егер автокөлік ашық кеңістікте жеткілікті ұзақ уақыт бойы қосулы қозғалтқышымен тұрған болса, желдету жүйесін (қажеттілігіне қарай) салонға сыртқы ауа берілетіндей етіп баптаңыз.
- Қосулы қозғалтқышымен тұраққа қойылған немесе аялдаған автокөлікте ұзақ уақыт бойы отырмау қажет.
- Егер қозғалтқыш сөнсе немесе отала алмай тұрса, қозғалтқышы оталдыруға бағытталған әрекеттердің шектен тыс саны шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

Каталиттік бейтараптандырғышпен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары

Бар болса

⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда және оталдырғаннан кейін бірден пайдаланылған газдарды шығару жүйесі мен каталиттік бейтараптандырғыш қатты қызады. КҮРДЕЛІ ЖАРАҚАТТАР мен КІСІ ӨЛІМІ қаупінен сақтану үшін:

- шөптер, өсімдіктер, қағаз, жапырақтар және т. б. секілді жеңіл тұтанатын заттардың жанына тұраққа тұруға, қозғалтқышты бос жүріспен істетіп қоюға, жанынан жүріп өтуге тыйым салынады. Қызып тұрған пайдаланылған газдарды шығару жүйесі автокөлігіңіздің астындағы жеңіл тұтанатын заттардың жануына алып келуі мүмкін.
- Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі мен каталиттік бейтараптандырғыштан аулақ болыңыз, әйтпесе күйіп қалуыңыз мүмкін.

  Сонымен қатар пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің айналасындағы ыстыққа төзімді корпусты шешіп алуға, автокөліктің түбін герметизациялауға және автокөлікке коррозияға қарсы күресу жабынын жағуға тыйым салынады. Белгілі жағдайларда бұл өртену қаупін тудыруы мүмкін.

Сіздің автокөлігіңіз шығарындылардың уыттылығын төмендетуге арналған каталиттік бейтараптандырғышпен жабдықталған. Каталиттік бейтараптандырғыштың және автокөліктің зақымдануының алдын алу үшін әрмен қарай көрсетілген сақтық шараларын қабылдаңыз.

- Тек ЭТИЛДЕНБЕГЕН БЕНЗИНДІ ғана пайдаланыңыз (бензинді қозғалтқышы бар автокөліктер үшін).
- Оталдыруды өткізіп жіберу секілді қозғалтқыштың ақаулығының белгілері болған немесе автокөліктің сипаттамалары елеулі түрде төмендеген жағдайда автокөлікті пайдалануды доғарыңыз.
- Қозғалтқыштың жұмыс режимдерін арналған мақсатынан тыс пайдаланбаңыз. Мысалы, қозғалтқышты өшірген күйде еркін жүріспен жүрмеген және тік беткейлерден қозғалтқышты өшірген күйде қосулы беріліспен түспеген жөн.
- Қозғалтқышты ұзақ уақыт бойы (бес минуттан артық) бос жүріс режимінде істетіп қалдырмаңыз.
- Қозғалтқыштың немесе шығарынды газдарды бақылау жүйесінің ешқандай бөліктерін модификацияламаңыз және өзгертпеңіз. Барлық тексерулер мен реттеулерді HYUNDAI ресми дилеріне орындатуға кеңес беріледі.
- Өте төмен отын деңгейімен көлікті жүргізбеңіз.

  Отынды толық тауысу оталдыру жүйесінің ақауына және каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Бензин күйе сүзгісі (GPF)

Бар болса

Бензин күйе сүзгісі жүйесі (GPF) пайдаланылған газдардың күйесін жояды.

GPF жүйесі қозғалыс жағдайларына байланысты жинақталған күйені автоматты түрде өртейді (немесе тотықтырады) (бір реттік ауа сүзгісімен салыстырғанда).

Басқаша айтқанда, жинақталған күйе қалыпты/жоғары қозғалу жылдамдығында пайдаланылған газдардың жоғары температурасының әсер етуі жолымен қозғалтқышты басқару жүйесі арқылы жойылады.

Алайда автокөлікті қысқа қашықтықтарға жүру үшін жиі пайдаланған немесе төмен жылдамдықпен ұзақ пайдаланған жағдайда күйені автоматты түрде жою процессі төмен температураның салдарынан бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда жинақталған күйе күйенің тотығуы процессіне қарамастан белгілі бір мөлшерге жетуі мүмкін, осыдан кейін бензин күйе сүзгісінің (U) индикаторы жанады.

GPF жүйесінің индикаторы шамамен 30 минут бойы қозғалтқыштың 1500-4000 айн/мин айналымдарында және 3-ші берілістен төмен болмағанда қозғалыс жылдамдығы 80 км/сағ-тан (50 миль/сағ) асқан кезде жануын доғарады.

Егер GPF шамы жыпылықтай бастаса немесе «**Пайдаланылған газдарды шығару жүйесін тексеріңіз**» хабарламасы пайда болса, тіпті автокөлік жоғарыда сипатталған режимде қозғалған болса да, GPF жүйесін HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

Егер GPF жүйесінің индикаторы ұзақ уақыт бойы жыпылықтап тұрса, бұл күйе сүзгісі жүйесін зақымдауы және отын шығынын ұлғайтуы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Күйе сүзгісі жүйесімен жабдықталған көлік құралдары үшін тек талаптарға сай келетін отынды пайдалануға кеңес беріледі.

Бензиннің техникалық шарттарға сәйкес келмейтін қоспалары бар басқа түрлерін пайдалану күйе сүзгісі жүйесін зақымдауы және пайдаланылған газдар шығарындыларымен байланысты проблемалар тудыруы мүмкін.

Дизель күйе сүзгісі (DPF)

Бар болса

Дизель күйе сүзгісі жүйесі (DPF) пайдаланылған газдардың күйесін жояды.

DPF жүйесі қозғалыс жағдайларына байланысты жинақталған күйені автоматты түрде өртейді (немесе тотықтырады) (бір реттік ауа сүзгісімен салыстырғанда). Басқаша айтқанда, жинақталған күйе қалыпты/жоғары қозғалу жылдамдығында пайдаланылған газдардың жоғары температурасының әсер етуі жолымен қозғалтқышты басқару жүйесі арқылы жойылады.

Алайда автокөлікті қысқа қашықтықтарға жүру үшін жиі пайдаланған немесе төмен жылдамдықпен ұзақ пайдаланған жағдайда күйені автоматты түрде жою процессі төмен температураның салдарынан бұзылуы мүмкін.

Мұндай жағдайда жинақталған күйенің мөлшері анықталу диапазонынан асып кетеді, күйені тотықтыру процессі орындалмайды және дизель күйе сүзгісінің индикаторы (DPF) жанады ().

DPF жүйесінің индикаторы шамамен 25 минут бойы қозғалтқыштың 1250-2500 айн/мин диапазонындағы айналымдарында және 2-ші берілістен төмен болмағанда қозғалыс жылдамдығы 60 км/сағ-тан (37 миль/сағ) асқан кезде жануын доғарады.

Дизель күйе сүзгісінің индикаторы жыпылықтай бастаған немесе «**Пайдаланылған газдарды шығару жүйесін тексеріңіз**» хабарламасы пайда болған кезде автокөліктің жоғарыда көрсетілгендей басқарылғанына қарамастан күйе сүзгісі жүйесін тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы жыпылықтап тұрған DPF индикаторымен пайдаланылып жүрсе, бұл күйе сүзгісі жүйесінің зақымдалуына және отын шығынының жоғарылауына алып келуі мүмкін.

⚠НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Күйе сүзгісі жүйесімен жабдықталған көлік құралдары үшін тек талаптарға сай келетін дизель отынын пайдалануға кеңес беріледі.

Күкіртінің мөлшері жоғары (50 промилледен жоғары) немесе техникалық шарттарға сәйкес келмейтін қоспалары бар басқа дизель отынын пайдаланған жағдайда ақ түтін бөлініп, күйе сүзгісі жүйесі зақымдануы мүмкін.

Азот тотықтарын аулағыш (дизельді қозғалтқыш)

Бар болса

Азот тотықтарын аулағыш (LNT) пайдаланылған газдардан азот тотықтарын жояды. Шығарынды газдардың иісінің пайда болуы отын сапасына байланысты, ол сондай-ақ азот тотықтарының жойылу тиімділігін төмендетуі мүмкін. Белгіленген нормаларға сәйкес келетін автокөлік дизель отынын пайдаланыңыз.

Іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесі (SCR) (дизельді қозғалтқыш)

Бар болса

Іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесі (SCR) қалпына келтіргіштің, несепнәр ерітіндісінің көмегімен азот тотықтарын азотқа және суға каталиттік түрлендіру қызметін атқарады.

Дизель шығарынды газдарын тазалауға / шығарындыларды азайтуға арналған сұйықтықтың (DEF) деңгейі






DEF (дизель шығарынды газдарын тазалауға арналған сұйықтық) деңгейінің датчигінің дисплейінде бактағы қалған несепнәр ерітіндісінің шамамен алынған мөлшері көрсетіледі.

DEF деңгейін аспаптар панелінде сервистік ақпаратты қарап көру мәзірінен тексеруге болады.

Толығырақ 4-тараудың «Қарап көру режимдері» бөлімінен қараңыз.

Несепнәр ерітіндісінің төмен деңгейі туралы ескерту хабарламасы

Ескерту хабарламасы резервуардағы несепнәр ерітіндісінің деңгейіне сәйкес аспаптар панелінде төрт кезеңмен пайда болады.



Бірінші ескерту

Несепнәрдің төмен деңгейінде аспаптар панелінде SCR ескерту индикаторы қосылады (⚠) және «**Несепнәрдің төмен деңгейі**» хабарламасы пайда болады. Несепнәр ерітіндісін мүмкіндігінше тезірек құйыңыз.



Екінші ескерту

Егер бірінші ескертуден кейін несепнәрді қосымша құймасаңыз, несепнәрдің төмен деңгейінде аспаптар панелінде SCR ескерту индикаторы қосылады (🚘) және «**Несепнәрді қосымша құйыңыз**» хабарламасы пайда болады. Несепнәр ерітіндісін мүмкіндігінше тезірек құйыңыз.



Үшінші ескерту

Несепнәр ерітіндісін құятын бак іс жүзінде босап қалған кезде SCR жүйесінің индикаторы (🚘) жанады және «**000 км кейін несепнәр құйыңыз, немесе автокөлік оталмайды/000 км кейін несепнәр құйыңыз. Әйтпесе автокөлік оталмайды**» ескерту хабарламасы пайда болады. Дереу несепнәр құйыңыз.

Көрсетіліп тұрған қозғалыс қашықтығы (000 км) мен нақты қозғалыс қашықтығы жүргізу стиліне және жағдайларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.



Төртінші ескерту

Несепнәр ерітіндісін құятын бак босаған кезде SCR жүйесінің индикаторы (🚘) жанады және «**Несепнәр құйыңыз, немесе автокөлік оталмайды/Несепнәр құйыңыз. Әйтпесе автокөлік оталмайды**» ескерту хабарламасы пайда болады. Қозғалтқышты өшіргеннен кейін автокөлік қайта іске қосыла алмайды. Дереу несепнәр құйыңыз.

Іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесінің ақаулығы

Іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесімен проблемалар туындаған жағдайда, мысалы, электр компоненттердің өшіп қалуы, сәйкес келмейтін несепнәр ерітіндісін пайдалану және т.б., аспаптар тақтасында келесі ескерту хабарламасы пайда болады. Мұндай жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

Егер проблеманы шешпестен қозғалысты жалғастырсаңыз, бұл жүйенің өнімділігіне кері әсер етуі мүмкін немесе қозғалтқышты өшіргеннен кейін автокөлік оталмай қалады.


	Ақау	Ақаулықтан кейін 50 км жол жүру
Несепнәр ерітіндісін беру жүйесінің істемей қалуы (= несепнәр бүркілмейді)	Дизель шығарынды газдарын тазалауға арналған сұйықтықты (DEF) беру жүйесінің бұзылуы / шығарындыларды азайту жүйесі ақаулы	Несепнәр ерітіндісін беру жүйесін тексеру
Несепнәрдің қате ерітіндісі анықталды (= дұрыс емес несепнәр)	Несепнәрдің қате ерітіндісі анықталды	000 км кейін несепнәрдің сәйкес келетін ерітіндісін құйыңыз немесе автокөлік оталмайды / 000 км кейін несепнәрдің сәйкес келетін ерітіндісін құйыңыз. Әйтпесе автокөліктің қозғалтқышы оталмайды
Несепнәр ерітіндісінің әдеттен тыс шығыны (= шығарынды газдарды өңдеудің бұзылуы)	Несепнәр ерітіндісін беру жүйесін тексеру	000 км кейін несепнәр ерітіндісін беру жүйесіне қызмет көрсету жүргізіңіз, немесе автокөлік оталмайды / 000 км кейін несепнәр ерітіндісін беру жүйесіне қызмет көрсету жүргізіңіз Әйтпесе автокөліктің қозғалтқышы оталмайды

Автокөлікті қайта оталдыру

Автокөлікті қайта оталдыру кезіндегі шектеулер	
Несепнәр ерітіндісінің төмен деңгейі	Несепнәр ерітіндісіне арналған бакке ерітінді құйыңыз, немесе автокөлік оталмайды / несепнәр ерітіндісіне арналған бакты толтырыңыз. Әйтпесе автокөліктің қозғалтқышы оталмайды
Несепнәр ерітіндісін беру жүйесінің істемей қалуы (= несепнәр бүркілмейді)	000 км кейін несепнәр ерітіндісін беру жүйесіне қызмет көрсету жүргізіңіз, немесе автокөлік оталмайды / 000 км кейін несепнәр ерітіндісін беру жүйесіне қызмет көрсету жүргізіңіз Әйтпесе автокөліктің қозғалтқышы оталмайды
Несепнәрдің қате ерітіндісі анықталды (= дұрыс емес несепнәр)	000 км кейін қажетті несепнәр ерітіндісін құйыңыз немесе автокөлік оталмайды / 000 км кейін қажетті несепнәр ерітіндісін құйыңыз. Әйтпесе автокөліктің қозғалтқышы оталмайды
Несепнәр ерітіндісінің әдеттен тыс шығыны (= шығарынды газдарды өңдеудің бұзылуы)	000 км кейін несепнәр ерітіндісін беру жүйесіне қызмет көрсету жүргізіңіз, немесе автокөлік оталмайды / 000 км кейін несепнәр ерітіндісін беру жүйесіне қызмет көрсету жүргізіңіз Әйтпесе автокөліктің қозғалтқышы оталмайды

Автокөліктің қозғалтқышын проблема шешілгеннен кейін қайта оталдыруға болады. Егер «**Несепнәр құйыңыз, немесе автокөлік оталмайды/Несепнәр құйыңыз. Әйтпесе автокөлік оталмайды**» хабарламасы көрсетіліп тұрса, бакке несепнәр ерітіндісін құйыңыз. Бакке ерітінді құйғаннан кейін «Engine Start/Stop» түймесін «ON» (Қос.) күйіне ауыстырыңыз да, хабарламаның өшуін күтіңіз. Егер несепнәр ерітіндісін қосып құйғаннан кейін автокөлік қозғалтқышын қайта оталдыру мүмкін болмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Несепнәр ерітіндісін қосымша құю



Несепнәр ерітіндісін құю құбыршегінің көмегімен құю

1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Несепнәр ерітіндісі бар бактың қақпағын ашу үшін оны сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
3. Құю құбыршегін толықтай сұғыңыз және несепнәр ерітіндісін құйыңыз. Тым көп құюшы болмаңыз.
4. Несепнәр ерітіндісі бар бактың қақпағын жабу үшін оны сағат тілінің бағытымен бұраңыз.

Несепнәр ерітіндісін құятын ыдыстан құю

1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Несепнәр ерітіндісі бар бактың қақпағын ашу үшін оны сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
3. Несепнәр ерітіндісін қосып құйыңыз. Тым көп құюшы болмаңыз.
4. Несепнәр ерітіндісі бар бактың қақпағын жабу үшін оны сағат тілінің бағытымен бұраңыз.

Тек ұсынылған несепнәр ерітіндісін ғана қолданыңыз (2-бөлімдегі «Рұқсат етілген майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат» тақырыбын қараңыз).

Ескертпе

Көлік құралының зақымдалуының алдын алу үшін бұдан әрі көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Тек көрсетілген несепнәр ерітіндісін пайдаланыңыз. Ешқашан көрсетілгеннен өзге несепнәр ерітіндісін қосып құюшы болмаңыз.
- Несепнәр ерітіндісін отын бағына құйып алмау үшін абай болыңыз.
- Несепнәрді қосып құйған кезде несепнәр ерітіндісі құйылатын бакке бөтен заттардың түсіп кетуіне жол бермеу үшін абай болыңыз.
- Несепнәр ерітіндісіне су немесе қоспалар араластырмаңыз.
- Несепнәр ерітіндісінің резервуарын шектен тыс толтырмаңыз. Суық ауа райында егер несепнәр ерітіндісі қатып қалса, бак кеңейеді.

Несепнәр ерітіндісін сақтау

- Несепнәр ерітіндісін тек төменде көрсетілген материалдардан жасалған ыдыстарда ғана сақтаңыз.
  - DIN EN 10 088-1-/-2-/-3- сәйкес келетін хром-никельді болат.
  - Хром-никель-молибденді болат.
  - Полипропилен.
  - Полиэтилен.
- Несепнәр ерітіндісін келесі материалдардан жасалған контейнерлерде сақтауға тыйым салынады:
  - алюминий, мыс, мыс қорытпасы, қоспасыз және мырышталған болат.

Несепнәр ерітіндісі металл материалдарды ерітіп, шығарынды газдарды тазалау жүйесін қатты зақымдайды.

i Ақпарат

Несепнәр ерітіндісі — жеңіл тұтанатын, уытты емес, түсі мен иісі жоқ суда еритін заттек.

Ескертпе

- Ары қарай көрсетілген жағдайларда күйе сүзгісі жүйесі зақымдалуы мүмкін.
  - Несепнәр ерітіндісінің багіне отын немесе қарастырылмаған сұйықтықтар қосылып кеткен.
  - Несепнәр ерітіндісіне қоспалар қосылған.
  - Несепнәр ерітіндісіне су қосылған.
- Тек көрсетілген несепнәр ерітіндісін пайдаланыңыз.

  Бакке кез келген қарастырылмаған несепнәр ерітіндісін құйған жағдайда HYUNDAI ресми дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
- Несепнәр ерітіндісіне арналған бакке кез келген бөтен заттектер түскен жағдайда әрмен қарай көрсетілген проблемалар туындауы мүмкін.
  - Шығарынды газдардағы зиянды заттектердің көбеюі.
  - Күйе сүзгісі жүйесінің ақаулығы.
  - Қозғалтқыштың істемей қалуы.
- Ешқашан пайдалануда болған несепнәр ерітіндісін қосып құймаңыз, себебі оның сапасына кепілдік беріле алмайды. Әрдайым жаңа несепнәр ерітіндісін қосып құйыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Күйе сүзгісі жүйесіне сырттан әсер етуші болмаңыз. Бұл күйе сүзгісі жүйесіне салынған катализатордың бүлінуіне алып келуі мүмкін.
- Газ шығару құбырының конструкциясын немесе ұзындығын өз еркіңізше өзгерту жолымен күйе сүзгісі жүйесін модификацияламаңыз. Бұл күйе сүзгісі жүйесінің жұмысына кері әсер етуі мүмкін.
- Газ шығару құбырынан ағып жатқан суды денеңізге тигізуден аулақ болыңыз. Судың әлсіз қышқылды құрамы болады және ол тері үшін зиян. Денеңізге тиген жағдайда мұқият жуып тастаңыз.

- Күйе сүзгісі жүйесін кез келген өз еркіңізбен модификациялау оның ақаулығына алып келуі мүмкін. Күйе сүзгісі жүйесі күрделі басқару құрылғысымен бақыланады.
- Қызмет көрсетер алдында күйе сүзгісі жүйесінің суығанын күтіңіз, себебі жылудың бөлінуінен ол қызады. Әйтпесе күйік шалуы мүмкін.
- Іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесі (мысалы, несепнәр ерітіндісінің шүмегі, несепнәр ерітіндісінің сорғысы және дизельді басқару блогы (DCU)) тіпті қозғалтқышты өшіргеннен кейін де ішінде қалған несепнәр ерітіндісін кетіру үшін

шамамен 2 минутқа ұзағырақ жұмыс істейді. Автокөлікпен жұмыс жүргізуді бастамас бұрын іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесінің толықтай өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

- Сапасы төмен несепнәр ерітіндісі немесе қарастырылмаған сұйықтықтар күйе сүзгісі жүйесін қоса алғанда автокөлік компоненттерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Несепнәр ерітіндісіндегі кез келген тексерілмеген қоспалар іріктеп каталиттік бейтараптандыру (SCR) катализаторын бітеп тастауы және күйе сүзгісі жүйесінің қымбатқа түсетін ауыстыру жұмысын талап етуі мүмкін басқа да ақаулықтар тудыруы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Несепнәр ерітіндісі көздерге немесе теріге тиген жағдайда терінің ластанған аймағын мұқият жуу қажет.
- Несепнәр ерітіндісін жұтып қойған жағдайда ауыз қуысын мұқият шайқаңыз және көп мөлшерде ауыз су ішіңіз. Содан кейін дәрігерге көрініңіз.
- Егер несепнәр ерітіндісі киіміңізге тисе, оны дереу шешіңіз.
- Несепнәр ерітіндісіне аллергиялық реакция туындаған жағдайда дереу дәрігерге жүгініңіз.
- Балаларды несепнәр ерітіндісіне жолатпаңыз.
- Жоғары температураларда несепнәр ерітіндісі бар бактың қақпағын ашқан кезде аммиак булары бөлінуі мүмкін. Аммиак буларының ащы иісі бар және олар негізінен келесі мүшелердің тітіркенуін қоздырады:
  - терінің;
  - шырышты қабықтардың;
  - көздердің.

  Көздеріңіздің, мұрныңыздың және тамағыңыздың ашығанын сезінуіңіз, сондай-ақ жөтелуіңіз және көзіңіз жасаурауы мүмкін. Аммиак буларымен тыныстамаңыз. Несепнәр ерітіндісінің теріге тікелей тиюіне жол бермеңіз. Бұл денсаулығыңыз үшін қауіпті. Зақымдалған аймақтарды таза судың көп мөлшерімен жуыңыз. Қажет болса, дәрігердің кеңесін алыңыз.
- Несепнәр ерітіндісімен жабық кеңістікте жұмыс істеген жағдайда жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз. Несепнәр ерітіндісі құйылған ыдысты ашқан кезде булардың өткір иісі сезілуі мүмкін.

Ескертпе

- Төгілген несепнәр ерітіндісін судың немесе ылғалданған шүберектің көмегімен кетіріңіз. Егер несепнәр ерітіндісі кристалданса, оны салқын суға малынған ысқыштың немесе шүберектің көмегімен жуып кетіріңіз. Егер төгілген несепнәр ерітіндісі ұзақ уақыт бойы ауаның әсеріне ұшырайтын болса, ол көлік құралының бетін зақымдайтын ақ түсті шөгіндіге айналып кристалданады.
- Коррозияның алдын алу үшін несепнәр ерітіндісі автокөлік бетіне тиген кезде оны таза сумен жуып жіберіңіз.
- Несепнәр ерітіндісі бар бакті тек жақсы желдетілетін орындарда сақтаңыз. Егер несепнәр ерітіндісі ұзақ уақыт бойы шамамен 50°C (122°F) жоғары температураның (мысалы, тікелей түскен күн сәулелерінің) әсеріне ұшырайтын болса, аммиак булары бөлінетін химиялық ыдырау процессі орын алуы мүмкін.
- Егер автокөлік қоршаған ортаның өте төмен температурасында (-11 °C (12 °F) төмен) ұзақ уақытқа тұраққа қойылған болса, бактағы несепнәр ерітіндісі қатып қалады. Несепнәр мұз болып қатып қалғанда бак ішіндегі деңгей несепнәр ерітіндісі мұздан толық ерімейінше дұрыс анықталмауы мүмкін. Дұрыс таңдалмаған немесе ерітілмеген несепнәр қату температурасын көбейтуі мүмкін, сондықтан несепнәрдің тек көрсетілген ерітіндісін ғана пайдаланыңыз.

  Несепнәр ерітіндісін мұздан еріту уақыты пайдалану және сыртқы температура жағдайларына байланысты әртүрлі болады.

Қосымша

ҚОСЫМША A-2
Аудиожүйе A-7

A

ҚОСЫМША

Бұл қосымша пайдаланушыға HYUNDAI автокөлік модельдерінің негізгі терминдерін түсіндіруге арналған. Кейбір терминдер сіздің автокөлігіңізде қолданылмаған болуы мүмкін.

Жанармайға қатысты талап

DPF: Дизель қозғалтқыштың күйе сүзгісі

Орындық

- ACTIVE: Белсенді бассүйегіш
- HIGH: Жоғ.
- MIDDLE: Орт.
- LOW: Төм.
- OFF: Өшір.

Қауіпсіздік белдігі

- Барлық қауіпсіздік белддігінде қауіпсіздік белдігінің заттаңбасы орналасқан. Бұл заттаңба автокөліктің БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы әзірлеген қауіпсіздік белдіктерінің қауіпсіздігі жөніндегі директиваның талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді. Онда нормативтің нөмірі, норматив түзетуінің нөмірі, растау нөмірі, өндірушінің аты, жасалған күні, бөлшектің нөмірі, модельдің нөмірі және т.б. көрсетілген.
- Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белдігінде қауіпсіздік белдігін қалай дұрыс тағу керек екені көрсетілген.

Баланы бекіту құрылғысы

- ISOFIX: FIX халықаралық стандарттар ұйымы
- TOP TETHER: Үстіңгі байлау бекіткіші

Қауіпсіздік жастығы

- AIRBAG: Қауіпсіздік жастығы
- SRS AIRBAG: Пассивті қауіпсіздік жүйесінің қауіпсіздік жастығы
- PASSENGER: Жолаушы
- ON: Қос.
- OFF: Өшір.

Кілтсіз кіру жүйесі

HOLD: Түймені басып, 1 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Электронды кілт

HOLD: Түймені басып, 1 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі

- WARNING: Ескерту
- SECURITY SYSTEM: Қауіпсіздік жүйесі

Иммобилайзер жүйесі

ECU: Қозғалтқышты басқару блогы

Есік құлыптары

LOCK: Құлыптау

Жүксалғыш

OPEN: Құлпы ашық

Жүксалғыш қақпағы

OPEN: Ашық

Отын

- DIESEL: Дизель
- WARNING: Ескерту

Әйнектер

- AUTO: Автоматты:
- AUTO DOWN: Автоматты түрде түсіру

Руль

EPS: Электрқозғалтқышы бар руль күшейткіші

Айналар

MIRROR: Айна

Аспаптар тақтасы

- RPM: Бір минуттағы айналымдар
- H: Ыстық
- C: Суық
- F: Толы
- E: Бос
- LCD: Сұйық кристалды дисплей
- TFT: Жұқа үлдірлі транзистор
- A/V: Аудио немесе бейне
- TBT: Бұрылыстарды көрсететін навигация

Артқы көрініс камерасы

Warning! Check surroundings for safety: Ескерту! Айналаның қауіпсіздігін тексеріңіз

Ішкі көрінісінің ерекшеліктері

- CUP: Тостаған
- ASH TRAY: Күлсауыт
- BOTTLE ONLY: Тек бөтелкеге
- USB: Әмбебап реттік шина
- AUX: Көмекші құрылғы
- iPod®: Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі болып табылады

Кілттің күйі

- LOCK: Құлыптау
- ACC: Қосымша жабдық
- ON: Қос.
- START: Оталдыру

Төбе рейкасы

FRT: Алды

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы

- PUSH: Басыңыз
- LOCK: Құлыптау
- ACC: Қосымша жабдық
- ON: Қос.
- START: Оталдыру

Автоматты беріліс қорабы

- SHIFT LOCK RELEASE: Ауыстырып қосу бұғаттағышын босату
- S/Lock: Берілісті ауыстыруды бұғаттау

Тұрақ тежегіші (педаль)

PUSH ON ↔ OFF: Тұрақ тежегішін іске қосу үшін тұрақ тежегішінің педалін түбіне дейін басыңыз. Тұрақ тежегішін босату үшін педальді қайта басыңыз, содан кейін педаль автоматты түрде толық жіберілген күйге қайтып оралады.

Тұрақ тежегіші (электрлі тұрақ тежегіші (EPB))

PULL: Тартыңыз

Авт. пневматикалық аспа

AIR SUSPENSION: Авт. пневматикалық аспа

Круиз-контроль жүйесі

- /CRUISE: Круиз-контроль жүйесін қосады немесе өшіреді
- ON, OFF: Круиз-контроль жүйесін қосады немесе өшіреді
- O/CANCEL: Круиз-контроль жүйесінің жұмысын тоқтатады
- RES+/RES ACCEL: Круиз-контрольдің жылдамдығын қалпына келтіреді немесе ұлғайтады
- SET-/COAST SET: Круиз-контрольдің жылдамдығын белгілейді немесе азайтады
- SCC (Smart cruise control): Интеллектуалды круиз-контроль

Жылдамдықты реттеу жүйесі

- : Жылдамдық шектеуін бақылау жүйесін қосады немесе өшіреді.
- ON, OFF: Жылдамдық шектеуін бақылау жүйесін қосады немесе өшіреді.
- O/CANCEL: Белгіленген жылдамдық шектеуінің күшін жояды
- RES+: Жүйе тарапынан бақыланатын жылдамдық шектеуін қалпына келтіреді немесе ұлғайтады
- SET-: Жүйе тарапынан бақыланатын жылдамдық шектеуін белгілейді немесе азайтады

Жетілдірілген автокөлікті қауіпсіз басқару жүйесі (AVSM)

AVSM: Автокөлікті қауіпсіз басқарудың жетілдірілген жүйесі

Қосалқы шина

- OPEN: Ашу
- CLOSE: Жабу
- SPARE TIRE: Қосалқы шина

Қозғалтқыш

- DOHC 16V: 16 клапанның екі үстігін үлестіру білігі
- GDI: Отынды тікелей бүрку жүйесі
- T-GDI: Отынды тікелей турбо-бүрку жүйесі
- CRDI 16V: 16 клапан тікелей бүркетін «Отын рампасы» жүйесі
- CRDI: Тікелей бүркетін «Отын рампасы» жүйесі

- CRDI 24V: 24 клапан тікелей бүркетін «Отын рампасы» жүйесі
- V6: Алты цилиндрлі V пішінді қозғалтқыш
- V8: 8 цилиндрлі V пішінді қозғалтқыш
- 2,5 TCI: 2,5 л турбоайдауышы бар интеркулер
- HOT: Ыстық! Ұстамаңыз

Мотор майы

- : Мотор майы
- ENG OIL: Мотор майы
- OPEN: Құлпы ашық
- F: Толы
- L: Төм.

Салқындату сұйықтығы

- COOLANT: Салқындату сұйықтығы
- ENGINE COOLANT: Қозғалтқышты салқындату жүйесінің сұйықтығы
- F: Толы
- L: Төм.
- OPEN: Құлпы ашық
- CLOSE: Жабық



-  Кеңейткіш бак

Тежегіш сұйықтығы/ілінісу сұйықтығы

- MAX: Максимум
- MIN: Минимум

Гидрокүшейткіш багы

- OPEN: Құлпы ашық
- CLOSE: Жабық
- COLD: Суық
- HOT: Ыстық
- MAX: Максимум
- MIN: Минимум
- POWER STEERING FLUID: Рульмен басқару күшейткішінің жұмыс сұйықтықтығы
- USE ONLY APPROVED POWER STEERING FLUID FILL TO PROPER LEVEL: Тиісті деңгейге дейін толтыру үшін тек руль гидрокүшейткішінің бекітілген сұйықтығын ғана пайдаланыңыз

АБҚ сұйықтығы

- C: Суық
- HOT: Ыстық

Әйнекжуғыш сұйықтығы

WASHER ONLY: Тек әйнекжуғыш

Аккумулятор батареясы

- 

: Дұрыс жойылмаған батарея қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсерін тигізеді. Батареяны жергілікті заңдар мен нормаларға сәйкес утилизациялаңыз.
- 

: Батареяның құрамында қорғасын бар. Пайдаланғаннан кейін оны тастамаңыз. АКБ-ны HYUNDAI өкілетті дилеріне қайтарып өткізуге кеңес береміз.

Сақтандырғыштар

- OBD: Борттық диагностика жүйесі
- FUSE: Сақтандырғыш

Жарықтар

- OPEN: Ашу
- CLOSE: Жабу
- LOCK: Құлыптау
- HLLD: Фаралар көлбеу бұрышының түзегіші
- U: Жоғары
- D: Төмен

және т.с.с.

- MAX ? ? Kgf: Жүктемені асырмаңыз ? ? Kgf
- Шамдағы, бампердегі, дөңгелек қаптауышындағы және кірқалқандағы мәтін бөлшектердің жасалған материалын көрсетеді және автокөлікке қызмет көрсету кезінде қажет болады.
- Салқындату агентінің заттаңбасы автокөліктерде қозғалтқыш капотының астында немесе автокөліктерде радиатордың үстіңгі қақпағында орналасады. Бұл заттаңба салқындату агентінің жіктемесі және мөлшері, сондай-ақ компрессор майының жіктемесі туралы мәліметтерді қамтиды.

Аудиожүйе

Атауы	Сипаттамасы
FM1	FM1
FM2	FM2
FMA	FM радио (автосақтау)
AM	AM
AMA	AM радио (Автосақтау)
P1~P6	1~6 түймелерін алдын ала белгілеу
ST	Стерео
SCAN	СКАНЕРЛЕУ
Auto Store	Автоматты түрде сақтау
AST	Автоматты түрде сақтау
P. SCAN	Станцияларды іздеу
PTY	Хабар тарату бағдарламасының типі
PTY Search	Бағдарлама типі бойынша іздеу
PT Search	Бағдарлама типі бойынша іздеу
No Station	Станция жоқ
ST	Стерео
AF (Alternative Frequency)	Баламалы жиілік
TA	Жол қозғалысының тығыздығы туралы хабарлау функциясы
LO	Жергілікті
REG	Аймақ
SCAN	СКАНЕРЛЕУ
DISC RPT	Дискіні қайта ойнату
RPT	Қайталау
FLD. RPT	Қалтадағы барлық тректі қайта ойнату
ALL RDM	(Барлық) композицияны еркін тәртіппен ойнату
FLD.RDM	Қалтадағы барлық тректі еркін тәртіппен ойнату
AUX	Қосымша
RSE	Артқы орындықтың ойын-сауық жүйесі
Loading iPod®	iPod® жүктеу
RDM	(Барлық) композицияны еркін тәртіппен ойнату

Атауы	Сипаттамасы
ALB.RDM	Альбом тректерін еркін тәртіппен ойнату
ALB.RDM RPT	Альбом тректерін еркін тәртіппен ойнату + қайталау
RDM RPT	Еркін тәртіппен қайталау
None	ЖОҚ
News	ЖАҢАЛЫҚТАР
Affairs	ОҚИҒАЛАР
Info	АҚПАРАТ
Sport	СПОРТ
Educate	БІЛІМ БЕРУ
Drama	ДРАМА
Culture	МӘДЕНИЕТ
Science	ҒЫЛЫМ
Varied	ӘРТҮРЛІ
Pop M	Поп-музыка
Rock M	Рок-музыка
Easy M	Жеңіл музыка
Light M	Жеңіл классика
Classics	Салмақты музыка

Атауы	Сипаттамасы
Other M	Басқа музыка
Weather	АУА РАЙЫ
Finance	ҚАРЖЫ
Children	Балаларға арналған бағдарламалар
Social	Қоғамдық оқиғалар
Religion	ДІН
Phone-In	ТЕЛЕФОН КІРІСІ
Travel	ҚОЗҒАЛЫС
Leisure	ДЕМАЛЫС
Jazz	Джаз
Country	Кантри музыкасы
Nation M	Этникалық музыка
Oldies	Ескі музыка
Folk M	Халық музыкасы
Document	Деректі бағдарламалар
PTY None	Хабар тарату бағдарламасының типі ЖОҚ

Атауы	Сипаттамасы
RDS Search	Еркін тәртіппен қайталау
TMC	Жол хабарламаларының арнасы
CD	КОМПАКТ-ДИСК
Reading Error	Оқу қатесі
Deck Unit	Компакт-дискілер ойнатқышын қайта баптау
Disc Checking	Дискіні тексеру
Wait	Күту
No Disc	Диск жоқ
Disc Full	Диск толы
Reading CD	Компакт-дискіні оқу
Loading CD	Компакт-дискіні жүктеу
Changing CD	Компакт-дискіні ауыстыру
Insert CD	Компакт-дискіні салу
Ejecting CD	Компакт-дискіні шығарып алу
Audio Track 00	Аудио-трек 00
Audio CD	Дыбыстық компакт-диск
Track	Трек
Disc Title	Дискінің атауы
Disc Artist	Дискінің орындаушысы
Track Title	Тректің атауы

Атауы	Сипаттамасы
Track Artist	Тректің орындаушысы
Total Track	Тректер жиыны
No Disc Title	Дискінің атауы жоқ
No Disc Artist	Дискінің орындаушысы жоқ
No Track Title	Тректің атауы жоқ
No Track Artist	Тректің орындаушысы жоқ
File Name	Файлдың атауы
Title	Атау
Artist	Орындаушы
Album	Альбом
Folder	Қалта
Total File	Файлдар жиыны
No Title	Атауы жоқ
No Artist Name	Орындаушының аты жоқ
No Album Name	Орындаушының аты жоқ

Атауы	Сипаттамасы
Root	Қалта түбірі
Connected	Жалғанды
No Media	Ақпарат тасымалдағыш жоқ
Reading USB	USB құрылғысын оқу
Empty USB	Бос USB құрылғысы
File Name	Файлдың атауы
Title	Атау
Folder	Қалта
Total File	Файлдар жиыны
No Title	Атауы жоқ
No Artist Name	Орындаушының аты жоқ
No Album Name	Орындаушының аты жоқ
Root	Қалта түбірі
Reading iPod®	iPod® құрылғысын оқу
Not Support	Қолдамайды
Empty iPod	Бос iPod®
Reading Error	Оқу қатесі
Title	Атау
All	Бәрі
Albums	Альбомдар
Artists	Орындаушылар

Атауы	Сипаттамасы
Playlists	Ойнату тізімдері
Songs	Композициялар
Genres	Жанрлар
Composers	Композиторлар
Root	Түбір
Rear Seat Entertainment Not Ready	Артқы орындықтың ойын-сауық жүйесі дайын емес
Battery Discharge Warning	Батареяның қуаты таусылғаны туралы ескерту
Battery Discharge Start the Engine	Батареяның қуаты таусылған, қозғалтқышты оталдырыңыз
Start the Engine	Қозғалтқышты оталдырыңыз
Scroll	Мәтінді айналдыру
SDVC	Жылдамдыққа байланысты дыбыс деңгейін реттеу / Дыб. деңгейін жылдамдыққа байланысты реттеу
Sound	Дыбыстық әсер
P.Bass	Төмен жиіліктерді күшейту

Атауы	Сипаттамасы
Low	Төмен
Mid	Орташа
High	Жоғары
V-EQ	Бапталатын эквалайзер
Normal	Қалыпты
Dynamic	Динамикалық
Surround	Көлемді дыбыс
Phone	Телефон баптаулары
Pair	Телефонмен жұптастыру
Select	Телефонды таңдау және қосу
Delete	Телефонды өшіру
Priority (change Priority)	Басымдықты өзгерту
Music	Bluetooth арқылы ағындық таратылым
BT Off	Bluetooth-ті өшіру
BT Setup	Bluetooth-ті баптау
BT Vol.	Bluetooth дыбыс деңгейі
Bluetooth Vol. MAX	Bluetooth максималды дыбыс деңгейі
Bluetooth Vol. MIN	Bluetooth минималды дыбыс деңгейі
Clock	Сағатты баптау

Атауы	Сипаттамасы
12/24 Hr.	Уақыт форматы (12/24 сағ)
Time	Уақытты белгілеу
Use Tuning Knob	Баптау тұтқасын пайдаланыңыз
Automatic RDS Time	Радиотрансляция арнасы бойынша деректер тарату автоматты жүйесінің уақыты
Manual Setting	Қалтаны қолмен баптау
Display	Дисплейді баптау
Temp.	Температураның көрсетілуін баптау
Radio	Радионы баптау
SAT	SIRIUS жерсеріктік радиосы
Cat./Ch.	САНАТ/АРНА
Artist/Title	Орындаушы/Атауы
Language	Тілді таңдау
RDS	RDS (радиотрансляция арнасы бойынша деректер тарату жүйесі)
Radio Data System News	Радиотрансляция арнасы бойынша деректер тарату жүйесінің жаңалықтары
AF	Баламалы жиілік

Атауы	Сипаттамасы
TA Vol.	Жол хабарламаларының дыбыс деңгейі/ Жол хабарламаларының дыб. деңгейі
	Жол хаб-ның дыб. деңг.
TA Volume	Жол хабарламаларының дыбыс деңгейі/ Жол хабарламаларының дыб. деңгейі
	Жол хаб-ның дыб. деңг.
Region	Аймақ
On / Off	On/Off (қос/өшір)
Auto	Автоматты
Return	Қайтару
Main	Негізгі баптаулар
Media	MP3 ойнату ақпараты
German	Неміс тілі
English (UK)	Ағылшын тілі (UK)
French	Француз тілі
Italian	Италиян тілі
Spanish	Испан тілі
Dutch	Нидерланд тілі

Атауы	Сипаттамасы
Swedish	Швед тілі
Danish	Дат тілі
Russian	Орыс тілі
Portuguese	Португал тілі
Sound	Аудионы баптау
Bass	Төмен жиіліктер
Middle	Орташа
Treble	Жоғары жиіліктер
Fader	Микшер
Balance	Теңгерім
Incoming Call	Кіріс қоңырауы
Private Mode	Жасырын байланыс режимі
Call Ended	Қоңырау аяқталды
System Not Ready Please Wait a Moment	Жүйе дайын емес, күте тұрыңыз
Searching --- Passkey 0000	Іздеу --- Кіру кілті 0000
Pairing Over	Жұптастыру аяқталды
Connecting	Қосылыс
Phone slot is full	Телефон ағытпасы бос емес

Атауы	Сипаттамасы
CONN	ҚОСЫЛЫС
Connection Complete	Қосылыс аяқталды
Connection Failed	Қосылыстың бұзылуы
Pairing Failed	Жұптастырудың бұзылуы
Priority	Басымдық
DEL PHONE	ӨШІР. ТЕЛЕФОН
BT ON	BT ҚОС
BT OFF	BT ӨШІР
Deleted	Өшірілді
Listening	Тыңдау
Back	Артқа
Vehicle is moving Not available	Қолжетімсіз — автокөлік қозғалып келеді
Call Ended	Қоңырау аяқталды
Active Call	Белсенді қоңырау
Phone Number	Телефон нөмірі
Redial	Қайталау
Pairing Complete	Жұптастыру аяқталды
Select Phone	Телефонды таңдау
Connection Complete	Қосылыс аяқталды
Connection Failed	Қосылыстың бұзылуы
Connecting	Қосылыс
Delete Phone	Телефонды өшіру
Deleted	Өшірілді

Атауы	Сипаттамасы
Transfer Complete	Тарату аяқталды
Pairing Over	Жұптастыру аяқталды
Pair Phone	Телефонмен жұптастыру
Searching --- Passkey 0000	Іздеу --- Кіру кілті 0000
Priority	Басымдық
Phone Priority	Телефон басымдығы
Phonebook	Телефон кітабы
Bluetooth System ON	Bluetooth жүйесі қос
Bluetooth System OFF	Bluetooth жүйесі өшір
Downloading Phonebook	Контактілер тізімін жүктеу
Please say a command	Команданы дауыстап айтыңыз

Атауы	Сипаттамасы
No Phone paired Please pair a phone	Телефон жұптастырылмаған, телефонды жалғаңыз
Help	Анықтама
Call Transferred	Қоңырауды басқа мекенжайға бағыттау
Please Wait	Өтінеміз, күте тұрыңыз
MP3 Play	MP3 Pla
Mic Mute Off	Микрофон бұғаттағышын өшір
Mic Mute On	Микрофон бұғаттағышын қос
Mute (AUDIO MUTE)	Дыбысты өшір. (АУДИО ӨШІР.)
Volume	Дыбыс деңгейі
Min	Минимум
Max	Максимум
Incoming Volume	Кіріс дыбыс деңгейі
Max	Максимум
R	ОҢҒА

Атауы	Сипаттамасы
L	СОЛҒА
F	АЛДЫҢҒЫ
R	АРТҚЫ
SETUP	БАПТАУ
Text Scroll	Мәтінді айналдыру
On	Қос
Off	Өшір.
MP3 Play Info.	MP3 ойнату ақпараты
Power Bass	Төмен жиіліктерді күшейту
UK ENGLISH	АҒЫЛШЫН ТІЛІ (UK)
POLISH	ПОЛЯК ТІЛІ
"Call" Say "By number" or "By name"	Нөмірді теру үшін «... нөмірі бойынша» «Аты бойынша» деп дауыстап айтыңыз

Пәндік көрсеткіш

I

Н

НВА (шалғай жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу) 5-81
НВА (шалғай жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу) жүйесінің баптаулары 5-82
Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 5-83
Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің жұмысы 5-82
HYUNDAI Motor Company 1-2

I

ISG жүйесі (стоп-старт) 6-98
ISG ақаулығы 6-103
ISG жүйесін өшіру 6-102
ISG жүйесінің жұмысы 6-99
АКБ датчигін калибрлеу 6-103
Қозғалтқышты өшіріп-қосу шарттары 6-102
ISG интеллектуалды жүйесі 6-104
ISG интеллектуалды жүйесінің шектеулері 6-105
Алдыдағы автокөлік жүріп кеткенде автоматты түрде қайта оталдыру 6-104

А

Автокөлік баптаулары (ақпараттық ойын-сауық жүйесі) 4-42
Автокөлігіңізді баптау 4-42
Автокөлік жүйесін сымсыз жаңарту 5-69
Бағдарламалық құралды жүктеу 5-69
Бағдарламалық құралдың жаңартуын дайындау 5-70
Бағдарламалық құралды жаңартуды растау 5-70
Бағдарламалық құралды жаңарту 5-71
Автокөлік массасы 6-132
Шамадан артық жүк тиеу 6-133
Автокөлік туралы деректерді жинау және оқиғалар туралы деректерді тіркегіш 1-11
Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесі (SEW) 7-58
Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-61
Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің баптаулары 7-59
Автокөліктен шығу туралы ескерту жүйесінің жұмысы 7-60
Автокөлікті модификациялау 1-9
Автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулар 1-10
Автокөлікті сынап жүргізу 1-10
Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілермен соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA) 7-115
Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілермен соқтығысудың алдын алу жүйесінің баптаулары 7-116
Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілермен соқтығысудың алдын алу функциясының ақаулықтары мен шектеулері 7-121

Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілермен соқтығысудың алдын алу жүйесінің жұмысы 7-117
Автокөліктің сериялық нөмірі (VIN) 2-31
Автокөліктің сертификациялық тақтайшасы 2-31
Автокөліктің толық массасы 2-23
Автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі 5-108
Ауаны автоматты жылыту және кондициялау жүйесі 5-109
Жүйеге техникалық қызмет көрсету 5-118
Қолмен басқарылатын ауаны жылыту және кондициялау жүйесі 5-111
Автоматтық трансмиссия 6-26
Автоматтық трансмиссияның қолданылуы (берілістерді ауыстыру бұралмалы тұтқасы) 6-32
Автоматтық трансмиссияның қолданылуы (берілістерді ауыстыру тұтқасы бар жинақтама) 6-26
Аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарламалар 6-37
Қауіпсіз жүргізу амалдары 6-41
Руль астындағы ауыстырып қосқыш (қолмен ауыстырып қосу режимінде) 6-40
Тұраққа қою 6-41
Айнала шолу жүйесі (SVM) 7-107
Айнала шолу жүйесінің баптаулары 7-107
Айнала шолу жүйесінің жұмысы 7-109
Айнала шолу жүйесінің шектеулері мен ақаулықтары 7-114
Айналар 5-37
Ішкі артқы көрініс айнасы 5-37
Сыртқы артқы көрініс айналары 5-39
Аккумулятор 9-55
Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту 9-56
Аккумулятор батареясының сыйымдылығы көрсетілген жапсырма 9-57
Аккумуляторды зарядтау 9-58
Аспаптар параметрлерін арылту 9-59
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-143
Bluetooth® сымсыз технологиясы 5-146
USB порты 5-145
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 5-145
Антенна 5-143
Дауысты анықтап тану 5-147
Руль дөңгелегіндегі қашықтан басқару элементтері 5-144
Алдыңғы әйнектегі қырауды және буланууды кетіру 5-120
Автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі 5-122
Алдыңғы әйнек жылытқышы 5-123
Буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі 5-123
Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі 5-121
Алдыңғы/артқы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW) 7-127
Алдыңғы/артқы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің баптаулары 7-127
Алдыңғы/артқы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-131

Алдыңғы/артқы жүріспен тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы 7-128
Апаттық жарық сигналын беру жүйесі 8-3
Апаттық жиынтық 8-30
Апаттық аялдау белгісі 8-30
Өртсөндіргіш 8-30
Дәрі қобдишасы 8-30
Артқы жүріспен тұраққа кіру кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (PCA) 7-143
Артқы жүріспен тұраққа кіру кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің баптаулары 7-143
Артқы жүріспен тұраққа кіру кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-146
Артқы жүріспен тұраққа кіру кезінде соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы 7-144
Артқы көрініс мониторы (RVM) 7-102
Артқы көрініс мониторының баптаулары 7-102
Артқы көрініс мониторының жұмысы 7-103
Артқы көрінісі мониторының шектеулері мен ақаулықтары 7-106
Артқы орындықта жолаушының отырғаны туралы хабарлайтын жетілдірілген жүйе (ROA) 5-24
Жүйені баптау 5-24
Жүйенің жұмысы 5-25
Жүйені пайдалану кезіндегі сақтық шаралары 5-26
Сәйкестік декларациясы 5-28
Аспаптар панелі 4-2
Аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарламалар 4-32
Аспаптар панелін басқару 4-3
Берілісті ауыстыру индикаторы 4-8
Датчиктер және өлшеу аспаптары 4-3
Сигнал шамдары және индикаторлар 4-9
Аспаптар панелінің дисплейі 4-38
Аспаптар панелінің дисплейін басқару 4-38
Қарау режимдері 4-38
Ауа тазартқыш 9-49
Сүзгіні ауыстыру 9-49
Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал туралы хабарлама 2-37

Ә

Әйнекжуғыш сұйықтығы 9-47
Жуу сұйықтығының деңгейін тексеру 9-47
Әйнектазартқыш щеткалары 9-52
Щеткалардың күйлерін тексеру 9-52
Щеткаларды ауыстыру 9-53
Әйнектазартқыштар мен жуғыштар 5-92
Алдыңғы әйнектазартқыштар 5-93
Алдыңғы әйнекжуғыштар 5-95
Артқы әйнектазартқыштар 5-96

Б

Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ) 3-35
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату 3-39
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау 3-37
Біздің кеңесіміз: балалар әрдайым артқы орындықтарда отыруы тиіс..... 3-35
Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (FCA) (датчиктер жиынтығы) 7-19
Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің (FCA) баптаулары 7-21
Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-29
Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы.....7-8, 7-23
Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (FCA) (тек алдыңғы шолу камерасы) 7-4
Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің (FCA) баптаулары.... 7-5
Бетпе-бет соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-11
Бұл нұсқаулықты қалай пайдалануға қажет 1-3
Біріккен Араб Әмірліктеріндегі eCall төтенше қоңыраулар жүйесі (БАӘ үшін) 8-40
Біріккен Араб Әмірліктеріндегі eCall төтенше қоңыраулар жүйесі (БАӘ үшін)..... 8-45
Дербес деректерді өңдеу туралы ақпарат (БАӘ үшін)..... 8-43
Оқиға туралы автоматты түрде хабарлау (БАӘ үшін) 8-46
eCall сертификаттау тақтайшасы..... 8-49

Г

Габариттік өлшемдер 2-19

Е

Егер дөңгелектің ауасы шығып кетсе (қосалқы дөңгелек болған жағдайда).....8-17, 8-18, 8-24
Домкрат және құрал-саймандар 8-17
Домкраттың ЕО нормаларына сәйкестігі туралы декларация 8-25
Егер қозғалтқыш оталмай тұрса 8-4
Ерекше қозғалыс жағдайлары 6-113
Автокөлікті жауында жүргізу 6-115
Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу..... 6-115
Автокөлікті тербелту 6-113
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу..... 6-114
Автомагистральдерде қозғалу..... 6-116
Аударылу қаупін азайту 6-116
Бірқалыпты бұрылу..... 6-114
Қауіпті жүргізу шарттары..... 6-113
Есік құлыптары..... 5-19
Артқы орындықта жолаушының отырғанын ескерту жүйесі (ROA)..... 5-23

Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бекіту құрылғысы 5-23
Есік құлыптарын автокөлік сыртынан басқару 5-19
Есіктердің құлыптарының ашылуын автокөлік ішінен басқару 5-20
Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциясы 5-22

Ж

Жарықтандыру шамдары 9-87
Артқы құрама шамды ауыстыру 9-95
Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарын ауыстыру 9-95
Нөмір белгісін жарықтандыру шамын ауыстыру 9-99
Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру 9-99
Үстіңгі стоп-сигналды ауыстыру 9-98
Фараларды фокустау (Еуропа елдері үшін) 9-90
Фаралардың, габарит жарықтарының, бұрылыс көрсеткіштерінің, күндізгі жүріс жарықтарының (КЖЖ) шамдарын ауыстыру 9-89
Жол жүру алдында 6-5
Автокөлікке отырар алдында 6-5
Қозғалтқышты оталдырар алдында 6-5
Жолақты ұстап отыру жүйесі (LKA) 7-38
Жолақты ұстап отыру жүйесінің баптаулары 7-38
Жолақты ұстап отыру жүйесінің жұмысы 7-39
Жолақты ұстап отыру жүйесінің шектеулері мен ақаулықтары 7-42
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету пункттерінің сипаттамасы 9-34
АБАҚ арналған сұйықтық 9-36
Аспаның монтаждық болттары 9-37
Ауа тазартқыш сүзгісі 9-35
Дөңгелектердің жетектерінің біліктері мен тысқаптары 9-37
Жетек белдіктері 9-34
Карданды білік 9-37
Картер, руль механизмінің жетегі және тысқаптары / астыңғы иінтіректің шарлы тіреуі 9-37
Картерді желдету вакуумдық құбыршектері 9-35
Кондиционер жүйесінің салқындату агенті 9-37
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы 9-35
Қос іліністі трансмиссияға арналған сұйықтық 9-36
Механикалық трансмиссия сұйықтығы 9-36
Мотор майы және қозғалтқыштың май сүзгісі 9-34
Оталдыру білтелері (бензинді қозғалтқышқа арналған) 9-35
Отын багінің бу өткізгіштерінің құбыршектері және құю аузының қақпағы 9-35
Отын өткізгіш құбырлары, иілгіш құбыршектер мен қосылыстар 9-34
Отын сүзгісі (бензинді қозғалтқышқа арналған) 9-34
Отын сүзгісі (сүзгіш элемент) (дизельді қозғалтқыш) 9-34
Салқындату жүйесі 9-35
Тежегіш дискілері, қыспақтары, суппорттары және роторлары 9-37
Тежеу жүйесінің өткізгіш құбырлары мен иілгіш құбыршектері 9-36
Тежеу жүйесінің/ілінісудің гидрожетегінің сұйықтығы 9-37
Тұрақ тежегіші 9-37

Жүксалғыш көлемі..... 2-25
Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы..... 5-61
Анықтау аймағы..... 5-63
Жүксалғышты автоматты түрде ашу жүйесін өшіру..... 5-62
Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуын пайдалану..... 5-61
Жүксалғыштың электржетекті есігі..... 5-54
Жүксалғыш есігінің құлпын апаттық жағдайда ашу құрылғысы..... 5-60
Жүксалғыштың электржетекті есігін баптау..... 5-59
Жүксалғыштың электржетекті есігін пайдалану..... 5-57
Жүксалғыштың электржетекті есігінің баптауларын бастапқы күйге келтіру..... 5-60
Жүксалғыштың электржетекті есігінің жұмыс істеу шарттары..... 5-54
Жүргізушінің көмекші жүйесі бойынша ескертпе..... 7-4
Жылдамдық шектеулерін қолмен бақылау жүйесі (MSLA)..... 7-64
Жылдамдық шектеуін қолмен бақылау жүйесінің жұмысы..... 7-64

З

Зейінсіз жүргізу туралы ескерту (DAW)..... 7-67
Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің ақаулары мен шектеулері..... 7-70
Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің баптаулары..... 7-68
Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің жұмысы..... 7-68

И

Интеллектуалды алдыңғы жарықтандыру жүйесі (IFS)..... 5-85
Жүйе баптаулары..... 5-85
Жүйенің ақаулығы мен шектеулері..... 5-86
Жүйенің жұмысы..... 5-86
Интеллектуалды круиз-контроль (SCC)..... 7-79
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері..... 7-91
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің баптаулары..... 7-80
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысы..... 7-81
Интеллектуалды қашықтан тұраққа қою жүйесі (RSPA)..... 7-151
Интеллектуалды қашықтан тұраққа қою жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері..... 7-159
Интеллектуалды қашықтан тұраққа қою жүйесінің баптаулары..... 7-152
Интеллектуалды қашықтан тұраққа қою жүйесінің жұмысы..... 7-153

К

Капот..... 5-53
Капотты ашу..... 5-53
Капотты жабу..... 5-53
Климат-контроль жүйесінің қосымша функциялары..... 5-124
Алдыңғы әйнектің булануының автоматты түрде алдын алу жүйесі..... 5-125
Жуғыш сұйықтығын қолданған кездегі ауаны рециркуляциялау..... 5-127
Жуғыш сұйықтығын қолдану кезіндегі ауаны рециркуляциялау..... 5-128
Климат-контрольдің баптауларын қолданатын автоматты басқару органдары (жүргізуші орындығында)..... 5-129
Кондиционердің автоматты түрде кептіруі..... 5-124

Люк күйіне байланысты ауа циркуляциясы 5-127
Ылғалды автоматты түрде кетіру 5-127
Кондиционер жүйесі 2-22
Кондиционер компрессорының тақтайшасы 2-32
Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (BCA) ... 7-45
Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-53
Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің баптаулары 7-47
Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесінің жұмысы 7-49
Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BVM) 7-73
Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің ақаулықтары 7-75
Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің баптаулары 7-74
Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің жұмысы 7-74
Көлік иесі орындайтын техникалық қызмет көрсету 9-9
Көлік иесі орындайтын техникалық қызмет көрсетудің кестесі 9-10
Көлік құралына кіру 5-6
Иммобилайзер 5-15
Қашықтан басқарылатын кілт 5-6
Электрондық кілт 5-10
Көлікті қыста жүргізу 6-117
Қар мен мұзда жүргізу 6-117
Қыс мезгіліндегі сақтық шаралары 6-120
Круиз-контроль (CC) 7-75
Круиз-контроль жүйесінің жұмысы 7-75
Кіріктірілген жад жүйесі 5-30
Жүйе көрсеткіштерін ысыру 5-31
Күйлерді жадқа сақтау 5-30
Күйлерді жадтан қалпына келтіру 5-31
Ыңғайлы кіру функциясы 5-32
Кіріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD) 6-106
Кіріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (4WD) 6-109
Бетті таңдау жүйесі 6-112
Жүргізу режимі 6-109
Кіріспе 1-2

Қ

Қауіпсіздік белдіктері 3-24
Қауіпсіздік белдігінің ескерту шамы 3-25
Қауіпсіздік белдіктерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары 3-32
Қауіпсіздік белдіктерін қолданған кездегі сақтық шаралары 3-24
Қауіпсіздік белдіктерін тиісті түрде күту 3-35
Қауіпсіздік белдіктерінің жүйесі 3-28
Қауіпсіздік жастықтарының жүйесі 3-49
Баланы ұстап тұрушы құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаған жөн 3-63
Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін не болады 3-62

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қалай жұмыс істейді? ... 3-58
Қауіпсіздік жастықтары қайда орналасқан? ... 3-52
Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін заттаңбалар ... 3-70
Қосымша сақтық шаралары ... 3-70
Пассивті қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау ... 3-69
Соқтығыс кезінде неліктен қауіпсіздік жастығы ашылмады? ... 3-63
Қауіпсіздік шараларын сақтау туралы хабарламалар ... 1-4
Қозғалтқыш нөмірі ... 2-32
Қозғалтқыш ... 2-19
Қозғалтқышты сыртқы оталдыру көзінен қосу ... 8-5
Қозғалтқыштың қызып кетуі ... 8-8
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы ... 9-42
Салқындату сұйықтығын ауыстыру ... 9-45
Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру ... 9-42
Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі (LFA) ... 7-97
Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің баптаулары ... 7-97
Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің жұмысы ... 7-98
Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесінің шектеулері мен ақаулықтары ... 7-101
Қозғалыс кезінде күтпеген жағдай туындаса ... 8-3
Егер қозғалыс кезінде дөңгелектің ауасы шығып кетсе ... 8-4
Қозғалтқыш жолдар қиылысында тоқтап қалса ... 8-3
Қозғалтқыш қозғалыс барысында тоқтап қалса ... 8-3
Қолданылған автокөліктерді қайтару (Еуропа үшін) ... 1-11
Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі ... 5-97
Ауаны жылыту және кондициялау ... 5-98
Жүйеге техникалық қызмет көрсету ... 5-105
Жүйенің жұмысы ... 5-103
Қос іліністі трансмиссия ... 6-43
Қауіпсіз жүргізу амалдары ... 6-58
Қос іліністі трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыру бұралмалы тұтқасымен) ... 6-49
Қос іліністі трансмиссияны пайдалану (берілістерді ауыстыру тұтқасы бар жинақтама) ... 6-45
Қос іліністі трансмиссияның ескертулері ... 6-54
Руль астындағы ауыстырып қосқыш (қолмен ауыстырып қосу режимінде) ... 6-57
Тұраққа қою ... 6-58
Қосымшасы ... A-1, A-2
Аудиожүйе ... A-7

М

Маңызды сақтық шаралары ... 3-2
Автокөліктің жылдамдығын бақылау ... 3-3
Автокөліктің қауіпсіз күйін сақтау ... 3-3
Баланы ұстап тұрушы жүйені пайдалану ... 3-2
Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы ... 3-2
Қауіпсіздік белдігін тағу ... 3-2
Қауіпсіздік жастықтарының қауіптілігі ... 3-2

Мерзімдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені 9-12
Қолайсыз пайдалану жағдайларында және аз жүрілген жолмен техникалық қызмет көрсету (Европа үшін) 9-20
Қолайсыз пайдалану жағдайларында және аз жүрілген жолмен техникалық қызмет көрсету (Европа мен Мексиканы қоспағанда) 9-31
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа мен Мексиканы қоспағанда) 9-22
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа мен Мексиканы қоспағанда) (жалғасы) 9-23, 9-25, 9-27, 9-29
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа үшін) 9-14
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (Европа үшін) (жалғасы) 9-15, 9-16, 9-18, 9-19
Механикалық трансмиссия 6-21
Қауіпсіз жүргізу амалдары 6-24
Механикалық трансмиссияның жұмысы 6-22
Мотор бөлімі 2-15, 9-4
Мотор майы 9-38
Мотор майын және сүзгіні ауыстыру 9-41
Мотор майының деңгейін тексеру 9-38

О

Орталық консольге шолу (оң жағынан басқарылатын көлікте) 2-10
Орталық консольге шолу (сол жағынан басқарылатын көлікте) 2-6
Орындықтар 3-4
Алдыңғы орындық 3-7
Артқы орындық 3-13
Бассүйегіш 3-16
Орындық желдеткіші 3-23
Орындық жылытқышы 3-20
Сақтық шаралары 3-6
Оталдыру жүйесінің құлпы 6-6
Оталдыру жүйесінің құлпы 6-7
«Engine Start/Stop» қозғалтқышты оталдыру/тоқтату түймесі 6-12
Отын багы аузының қақпағы 5-64
Отын багы аузының қақпағын жабу 5-65
Отын багы мойнының қақпағын ашу 5-64
Отын сүзгісі (дизельді қозғалтқыш) 9-49
Отын сүзгісінен суды төгу 9-49
Отын сүзгісінің картриджін ауыстыру 9-49
Отын туралы ақпараты бар заттаңба 2-34
Бензинді қозғалтқыш 2-34
Дизельді қозғалтқыш 2-36
Отынға қойылатын талаптар 1-5
Бензинді қозғалтқыш 1-5
Дизельді қозғалтқыш 1-8

П

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 9-111

1. Қозғалтқыш картерінен шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 9-111
2. Отын багінен шығатын шығарынды газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 9-112
3. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 9-112
Азот тотықтарын аулағыш (дизельді қозғалтқыш) 9-116
Бензин күйе сүзгісі (GPF) 9-114
Дизель күйе сүзгі (DPF) 9-115
Іріктеп каталиттік бейтараптандыру жүйесі (SCR) (дизельді қозғалтқыш) . 9-117
Проекциялық дисплей (HUD) 5-67
Проекциялық дисплейдегі ақпарат 5-68
Проекциялық дисплейді қолданған кездегі сақтық шаралары 5-68
Проекциялық дисплейдің баптаулары 5-67

Р

Руль 5-33
Дыбыс сигналы 5-37
Руль дөңгелегінің жылытқышы 5-35
Руль электркүшейткіші (MDPS) 5-33
Рульді еңкейту/Жылжытып шығару 5-34
Рульдегі басқару элементтеріне шолу 2-14

С

Сақтандырғыштар 9-70
Аспаптар тақтасының сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштарды ауыстыру 9-71
Мотор бөліміндегі панельге орнатылған сақтандырғышты ауыстыру 9-72
Сақтандырғыштар/релелер панелінің сипаттамасы 9-73
Сақтауға арналған бөлім 5-130
Алдыңғы жолаушы орындығының қалтасы 5-131
Жүксалғыш бөлімге арналған астау 5-131
Қолғап жәшігі 5-130
Орталық консольдегі ұсақ-түйек сақтауға арналған бөлім 5-130
Салқындату агентінің тақтайшасы 2-33
Салон керек-жарақтары 5-131
USB зарядтау құрылғысы 5-135
Бүйір перде 5-140
Жүксалғыш қалқасы 5-141
Жүксалғыш торының ұстағышы 5-140
Киім ілгек 5-139
Күлсауыт 5-132
Күнқағар 5-133
Кілемше бекіткіштері 5-139
Розетка 5-134
Сағат 5-139
Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі 5-136
Стақан қойғыш 5-131
Салонға шолу (оң жағынан басқарылатын көлікте) 2-5

Салонға шолу (сол жағынан басқарылатын көлікте) 2-4
Салонның ауа сүзгісі 9-51
Сүзгіні ауыстыру 9-51
Сүзгіні қарап тексеру 9-51
Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесі 5-16
Жүйе шектеулері 5-18
Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесінің баптаулары 5-16
Саусақ ізі бойынша анықтап тану жүйесінің жұмысы 5-17
Ұсталған автокөлік сатып алған жағдайда 5-18
Сәйкестік декларациясы 2-33, 7-165
Алдыңғы радар 7-165
Артқы бұрыштағы радар 7-170
Сүйреу 8-26
Алмалы сүйреу ілгегі 8-27
Апаттық сүйреу 8-28
Эвакуатор қызметтері 8-26
Сыртқы жарық аспаптары 5-73
Аккумулятор батареясының зарядын үнемдеу функциясы 5-76
Артқы тұман шамы 5-76
Бұрылыс және қозғалыс қатарын ауыстыру көрсеткіштері 5-75
Жарық аспаптарын басқару 5-73
Күндізгі жүріс жарықтары (КЖЖ) 5-79
Қарсы алу жүйесі 5-79
Фаралардың еңкею бұрышын реттеу құрылғысы 5-77
Фаралардың өшірілуін кідірту 5-78
Шалғай жарық фараларын басқару 5-75
Сыртқы көрінісіне күтім жасау 9-101
Салонға күтім жасау 9-108
Сыртқы беттерге күтім жасау 9-101
Сыртқы элементтер 5-142
Төбедегі жүксалғыш 5-142

Т

Тежеу жүйесі 6-60
Автоматты ұстау 6-69
Бүйірден жел соғып тұрғандағы тұрақтылық жүйесі (CSC) 6-82
Дискілік тежегіштер тозуының индикаторы 6-61
Екінші соқтығысулардың алдын алуға арналған шұғыл тежеу жүйесі (MCB) 6-83
Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі (VSM) 6-78
Күшейткіштері бар тежегіштер 6-60
Өрге қарай орыннан қозғалу көмекші жүйесі (HAC) 6-80
Рұқсат етілген тежеу тәсілдері 6-86
Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) 6-73
Тұрақ тежегіші 6-62
Тіркемені тұрақтандыру жүйесі (TSA) 6-80
Шұғыл тежеу жүйесі (BAS) 6-81
Шұғыл тежеу туралы ескерту жүйесі (ESS) 6-81

Ылдиға қарай түсу көмекші жүйесі (DBC) 6-84
Электр тұрақ тежегіші (EPB) 6-64
Электронды тұрақтылық бақылауы (ESC) 6-75
Тежеу жүйесінің/ілінісудің гидрожетегінің сұйықтығы 9-45
Ілінісудің/тежеу жүйесінің гидрожетегіндегі сұйықтықтың деңгейін тексеру 9-45
Терезелер 5-42
Әйнеккөтергіштер 5-44
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені 9-8
Автокөлік иесінің техникалық қызмет көрсету өткізуі кезіндегі сақтық шаралары 9-9
Көлік иесінің жауапкершілігі 9-8
Толық жетек (4WD) 6-87
Апаттық жағдайлардың алдын алу шаралары 6-95
Аударылу қаупін азайту 6-96
Толық жетек бетін таңдау режимі (4WD) 6-93
Толық жетек жүйесінің жұмысы 6-89
Төбедегі панорамалық люк 5-48
Бағытты автоматты түрде өзгерту 5-50
Көлбеу күйге ашу және жабу 5-49
Төбедегі жабылмаған люк туралы ескерту 5-52
Төбедегі люктің параметрлерін бастапқы күйге келтіру 5-51
Ысырып ашу және жабу 5-50
Электр күнқағар қалқа 5-49
Трансмиссия сұйықтығы 9-47
Тұрақ тежегіші (тұрақ тежегішін тексеру) 9-48
Тұрақ тежегіші 9-48
Тұраққа қою кезінде алдыдағы/қапталдағы/арттағы қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW) 7-134
Тұраққа қою кезінде алдыдағы/қапталдағы/арттағы қашықтық туралы ескерту жүйесінің баптаулары 7-135
Тұраққа қою кезінде алдыдағы/қапталдағы/арттағы қашықтық туралы ескерту жүйесінің жұмысы 7-136
Тұраққа қою кезінде қашықтық туралы ескерту жүйесінің ақаулықтары мен шектеулері 7-140
Тіркемені сүйреу 6-123
Тіркемені сүйреген кезде 6-124
Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету 6-131
Тіркемені сүйреуге арналған жабдық 6-126
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу 6-128

Ұ

Ұрлап әкетуден қорғау жүйесі 5-29
Ұсынылған майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат 2-26
Ұсынылған SAE тұтқырлық коэффициенті 2-29

Ш

Шамның қуаты 2-20

Шиналар және дөңгелектер 2-21, 9-60
Дөңгелектерді ауыстыру..... 9-65
Дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру ... 9-63
Суық шиналардағы ауаның ұсынылатын қысымы 9-61
Төмен профильді шина 9-69
Шиналарға күтім жасау..... 9-60
Шиналарға техникалық қызмет көрсету 9-65
Шиналардағы ауа қысымын тексеру 9-62
Шиналарды ауыстыру 9-64
Шиналардың айналуы..... 9-62
Шиналардың жолмен ілінісуі 9-65
Шинаның бүйір бетіндегі таңбалама 9-66
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)..... 8-10
TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы (шиналардағы қысымды бақылау жүйесі) 8-14
TPMS жүйесімен жабдықталған шинаны ауыстыру 8-15
Қысымы төмен шинаның орналасқан жерінің және шиналардағы қысымның көрсеткіші..... 8-13
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі..... 8-11
Шиналардағы қысымды тексеру 8-11
Шиналардағы төмен қысым туралы ескерту индикаторы 8-12
Шиналардың жүккөтергіштік индекстері мен жылдамдық индекстері (Еуропа үшін)..... 2-22
Шиналардың сипаттамалары мен қысымы көрсетілген тақтайша 2-31

І

Ішкі жарық..... 5-88
Артқы шамдар 5-90
Бағытталған жарық шамы 5-89
Жүксалғышты жарықтандыру шамы 5-91
Күнқағардағы айнаның жарықтандыру шамы..... 5-90
Салон жарығының шамы..... 5-88
Сәндік жарық..... 5-91
Ұсақ-түйек тартпасының шамы..... 5-90
Ішкі жарықтың автоматты түрде өшуі..... 5-89

Э

Экстерьерге шолу (алдыңғы жағынан қарағандағы көрініс)..... 2-2
Экстерьерге шолу (артқы жағынан қарағандағы көрініс) 2-3
Электронды басқарылатын аспа 6-98
Жүйе ақаулығы..... 6-98
ЭРА-ГЛОНАСС ТӨТЕНШЕ ҚОҢЫРАУЫ 8-31
eCall жалпы еуропалық төтенше қоңыраулар жүйесі..... 8-36
Дербес деректерді өңдеу туралы ақпарат 8-34